

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Шығатын айы - жылы: 31 шілде, 2011 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Құдай былай деген!»
Реттік саны: № 01

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.
Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман! Құдайдың көрсеткен әділдік жолы туралы сіздің білгіңіз келе ме? Олай болса, «Шындық Жолы» бағдарламасы сізге арналады. Біз осы бағдарлама арқылы пайғамбарлардың жазбаларын оқып, сізбен бірге зерттейтін боламыз. Бүгінгі тақырып: «Құдай былай деген!». Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Хабарымызды сұрақ қоюдан бастағанды жөн көрдім! Сіз қай жолда жүрсіз? Әділдікке апаратын жолда ма, әлде әділетсіздікке апаратын жолда ма? *“Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты: олар қанағат табатын болады”* –деген Құдай сөзінде.

Иә, бәлкім, “Мен әділдік жолына әлдеқашан түсіп алғанмын. Ежелгі заманда өмір сүрген пайғамбарлардың жазбаларына басымды қатырмай-ақ қоюыма болады. Маған өзімнің білетінім де жеткілікті!” дейтін шығарсыз. Егер сіз де осылай ойлайтын болсаңыз, онда Құдайдың пайғамбары Сүлеймен патшаның мына сөздеріне құлақ асқаныңыз жөн: *“Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастар”*-деген. Забур жырларында сол Сүлейменнің әкесі Дәуіт пайғамбар Құдай бекіткен әділдік жолын білуіміз керектігі туралы көп айтады: *“Бірде-бір әділ кісі жоқ. Бәрі тура жолдан тайып, бірге азғындыққа салынды. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да жоқ”*. Сондықтан Дәуіт пайғамбар дұғасында мынандай сөздер жазған: *“Уа, Ием ақ жолыңды көрсете гөр, еркіңе сәйкес жүруге үйрете гөр, шындығыңа сай бағыттап нұсқай гөр”*, Забур жыр. 23:4,5. Егер Жаратқан Ие сізді шындық жолына бағыттама, сіз ешқашан әділдік жолына түсе алмас едіңіз.

\\.....Музыка.....\\

Сіз үлкен қалада адасып қалған бала немесе айдалада адасып қалған қойға ұқсап, қайда барарыңызды білмей жүретін едіңіз.

Құдай *“...бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес... барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды”*. Қымбатты бауырым, өзіңіздің Құдайға апаратын тура жолмен жүріп келе жатқаныңызға сенімді болудан артық не бар дейсіз! Біз, “Шындық жолы” радио бағдарламасында Киелі Жазбаны хронологиялық ретпен зерттеп, Құдайдың барлық пайғамбарларының еңгімелерін рет-ретімен зерттемекпіз. Құдай сөзінің басы мен соңы бар. Демек, Киелі Жазбадағы оқиғаларды зерттеуді Құдайдың Өзі бастаған жерден, яғни жаратылыстан бастап қараймыз.

Ал сіз осы хабардан, Құдай Сөзі және пайғамбарлар туралы көптеген маңызды нәрселерді білетін боласыз.

\\.....Музыка.....\\

Киелі кітапты көптеген пайғамбарлар жазғанымен, оларды рухтандырған Бір Автор. Ол—Құдайдың Өзі. Пайғамбардың жазбалары көптеген әңгімелерге толы, бірақ олардың бәрінде бір басты жолдама бар: осы жолдама - Құдайдың алдында адамдардың әділ бола алатыны туралы Ізгі Хабар. Сондықтан «Шындық жолы» атты бағдарламамызды зер сала тыңдауыңызды өтінеміз. Құдайдың сөзінде: “*Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдай жарылқайды*” деп айтылған, (Еврей. хат 11:6). Ал Өзін шынайы іздегендерге Құдай мынандай уәде береді: “*Егерде Маған шын жүректен бет бұрып, мінажат етіп Мені іздесеңдер, табасыңдар*” – дейді Еремия пайғамбар жазбасында, 29:13.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын! Сіз Құдайдың қандай екенін білесіз бе? Немесе шайтан қайдан пайда болды? Құдай адамды не үшін жаратты? Құдай жаратқан тамаша әлемде күнә қайдан пайда болды? Сіз Нұх пайғамбар және топан су туралы бұрын естіп пе едіңіз? Құдайдың пайғамбарлары не туралы жазғандарын білесіз бе? Ыбырайым атаны адамдар неліктен Құдайдың Досы деп атайтынын білесіз бе? Пайғамбарлардың айтқысы келгенін достарыңызға немесе балаларыңызға түсіндіріп бере аласыз ба? Мыңдаған жылдар бұрын Аюб пайғамбар: “*Адам Құдай алдында қалай ақталады?*” деген сұрақ қояды (Аюб 9:2). Құдайдың Аюбтың сұрағына қалай жауап бергенін, ал өзіңіз, Құдай алдында қалай ақтала алатыныңызды білесіз бе? Осы сынды басқа да көптеген сұрақтарға Құдайдың жауабын білгіңіз келсе, “Шындық жолы” радио бағдарламасын тыңдаңыз!

\\ ----- Музыка ----- \\

Расында да Құдай сөзі – мағынасы терең, тамаша, тірі және құдіретті ақиқат. Құдай сөзі еш нәрсені жасырмайды. Ол адамның қандай екенін анық көрсетеді. “*Құдайдан жасырын жатқан ешбір жан иесі жоқ, Оның көз алдында барлығы ашық та айқын көрініп тұр. Біз Оның алдында есеп беруге тиіспіз*” деп айтылған Киелі жазбаларда (Еврей. хат 4:13). Сіз қазір бір маңызды шындықты білуіңіз керек: Құдай сөйлейді! Яғни Жаратқан Ие бұрыннан бері адамдарға сөйлейді! Құдай сізбен де сөйлескісі келеді!

Егер сіз еліңізден шет жүргеніңізде елбасыдан хат алсаңыз, оны оқитын ба едіңіз? Елбасының сөздеріне назар аударар ма едіңіз? Олай болса, Жаратқан Иенің сізге жазғандарына қаншалықты зор назар аударуыңыз керек! Құдай адаммен бұрын қалай сөйлесті? “*Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған*” дейді Киелі жазба (Евр. 1:1).

Иә, Құдайдың Өз сөздерін адамдарға жеткізудің басты әдістерінің бірі - пайғамбарлар арқылы сөйлеу. Өткен заманда Құдай Өзінің сөзін жариялайтын және оларды кітапқа жазып отыратын арнайы адамдарды тағайындаған. *“Ең бастысы, Киелі Жазбалардағы пайғамбарлар сөздерінің ешқайсысы да пайғамбардың жеке түсінігі бойынша туындамағанын біліңдер. Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес, қайта, Құдайға бағышталған қасиетті адамдарға Оның хабарларын айтуға Құдайдың Киелі Рухы қозғау салып отырған”*, дейді Құдай Сөзі (Пет. 2-хат 1:20,21).

Құдай Киелі жазбаны Өзі-ақ жаза алар еді немесе бұл мақсатқа періштелерін жұмсауына болар еді. Алайда Ол бұлай істеген жоқ. Құдай бұл істі атқаруға қарапайым адамдарды таңдады. Біз осындай адамдарды пайғамбар деп атаймыз. Құдайдың пайғамбарлары Оның хатшылары секілді болды. Құдай не туралы жазу керек екенін олардың ойларына салды, ал олар Құдай үшін соны жазып отырды. Дегенмен, Құдай әрбір пайғамбарға өз сөзімен жазуға мүмкіндік берді. Ол әрбір сөзді рухтандырып отырды, алайда пайғамбардың жеке тұлғасының ерекшеліктерін назардан тыс қалдырған жоқ. Сондықтан Киелі жазбада Құдайдың сөздері ғана емес, сондай-ақ сіз және мен сияқты адамдардың ойлары, дұғалары және мәселелері көрсетіледі. Құдай Өзінің адамдармен қалай араласып, қарым-қатынаста болғанын көрсетіп, осы арқылы бізге Өзінің қандай екенін және Оған қалай жақындауға болатынын түсіндіргісі келеді. Қымбатты бауырым, сіз қалай ойлайсыз? Құдай неліктен пайғамбарларды рухтандырып, оларға Киелі Жазбаны жазғызды?

\\ -----Музыка----- \\

Иә, Құдай осы арқылы Адам-атаның ұрпақтарының әрқайсысына Өзінің еркін білдірді, сонымен қатар, пайғамбарларға жазғызған сөздері арқылы сізге және маған сөйлегісі келеді. Осы сөздер қазіргі заманда да біз үшін маңызды. Құдай біздің әрқайсымыздың пайғамбарлар жеткізген жолдамадарын білгенімізді қалайды. Кейбіреулер былай ойлауы мүмкін: “Ә, алғашқы пайғамбарлардың не жазғанын білудің маған қажеті жоқ. Олардың сөздері мен үшін маңызды емес. Әр пайғамбардың өзінің атқаруға тиісті міндеті болған. Бір пайғамбар келді, міндетін атқарды, кетті, екіншісі келді, міндетін атқарды кетті, одан кейін тағы біреуі... осылай жалғаса берді. Қазіргі заманда өмір сүріп жатқан бізге алғашқы пайғамбарлардың сөздерін білудің қажеті жоқ!” Сіз де осылай ойлайсыз ба? Олай болса, сіздің ойларыңыз Құдайдың ойына қайшы келеді! Құдайдың не айтқанын тыңдаңызшы: *Сендерге шындығын айтайын: аспан мен жер жойылып кетпейінше Таурат заңының бірде-бір әрпі, тіпті бір кішкентай сызығы да күшінен айырылмайды, әуелі бәрі де жүзеге асады. Сондықтан кімде-кім ондағы өсиеттердің тіпті ең кішкентайын да бұзып, басқаларды мұнысына үйретсе, соның Құдай*

Патшалығындағы адамдардың арасында жолы ең кішкентай болады. Ал өсиеттерді орындап, жұртты соған үйреткендердің Құдай Патшалығындағы жолы үлкен болды. “Киелі Жазбалардың барлығы Құдай Рұхының жетелеуімен жазылып, тәлім беру, әшкерелеу, түзету, әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді” (Матай 5:18-19; Тімоте. 2-хат 3:16).

\\.....Музыка.....\\

Бүгін өзіңізбен қоштаспастан бұрын тағы бір жайтқа назар аудара кеткенді жөн көрдік. Бұл бағдарламада Құдайдың пайғамбарларының Жазбаларына ғана сілтеме жасалады. Бағдарламаны дайындаушылар, Құдайдың Киелі жазбасында жазылған шындықтан басқа ешқандай шындықты білмейміз. Інжілде Зәкәрияның ұлы Жақия пайғамбар: *“Құдай бермесе, ешкім еш нәрсе ала алмайды”* деп айтқан (Жохан 3:27). Біз өзіміздің жеке білімімізге сүйенбейміз, Құдайдың сөзіне ғана сүйенеміз. Біз сізге Құдайдың Өз пайғамбарлары арқылы жариялаған сөзін жеткізгіміз келеді. Құдайдың пайғамбарлық Жазбаларда не айтқанын білесіз бе? Сіз Құдайдың сөзі мен шынайы әділдікті аңсайтын адамдардың қатарындасыз ба?

\\.....Музыка.....\\

Құдай Киелі сөзінде Өзін және құтқарылу жолын көрсетеді. Біз сізді “Шындық жолы” бағдарламасымен бірге Киелі жазбаны зерттеуге шақырамыз. *“Киелі жазбалардағылардың бәрі бізге тәлім болсын деп баяғыда жазылып қалдырылды. Керемет болашағымыздан үмітімізді үзбеу үшін олар арқылы табандылық пен жігерлілікке үйренеміз”* дейді Құдай сөзі (Рим. хат 15:4). Біз бір нәрсеге нық сенімді бола аламыз: Құдай сөйлейді және әрбір адамның Оны тыңдап, Оған мойынсұнып өмір сүргенін қалайды! Құдай біздің әрқайсымызға, кәріге де жасқа да, ер адамға да әйелге де, байға да кедейге де тіл қатады. Құдайдың мына керемет шақыруы туралы ойланып, толғаныңыз да, бізге хат жазыңыз: *“Маған жақындап, айтқандарыма құлақ түріңдер! Сонда шынайы өмірге ие боласыңдар”* (Ишая 55:3). Осымен бүгінгі хабарымызды аяқтаймын. Жалғасын келесі сенбіде дәл осы уақытта тыңдайтын боласыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазып жіберіңіз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 16 мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,
Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын айы - жылы: мамыр, 2011 жыл,
Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,
Хабардың тақырыбы: «Құдай неге ұқсайды?» Жар. баст.
Реттік саны: № 02.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

Өткен хабарымызда пайғамбарлар жазған сөздердің бәрі аса құнды болып табылатындығы айтылды. Өйткені олар әр түрлі жастағы адамдарға Құдайдың бекіткен құтқарылу жолын ұқтыру үшін жазылған. Құдайдың пайғамбарларының не жазғандарын оқып па едіңіз? Құдай сіздің Оның Сөзін білгеніңізді, Оған сенгеніңізді және Оның сөзіне мойынсұнғаныңызды қалайды! Бүгін: «Құдай неге ұқсайды?» деген тақырыпта әңгімеле қозғалады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Біз кейде Құдай сөзіне, яғни Киелі жазбаға қарсы сөйлейтін адамдарды кездестіреміз. Олар: “Бұл кітапқа сенуге болмайды! Онда қате көп. Ол өзгертілген!”-дейді. Алайда Шындық сөзіне қарсы шыққан адам Құдайдың Өзіне қарсы шыққан адам. Құдай сөзі шындық, адам оны өзгерте алмайды, ал Құдайдың шынайы Сөзі адамды өзгерте алады!

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдай - ұлы, Ол өзінің мәңгілік сөзін қорғай алады! “Аспан мен жер жойылатын болады, бірақ Менің сөздерім еш жойылмайды” дейді Құдай өзінің “Інжіл” деп аталатын кітабында. Көптеген адамдардың Құдай сөзіне қарсы шығуының себебі, Құдай сөзі олардың жүректерінің жағдайын анық көрсетеді. Жаратқан Ие Өз сөзі туралы былай дейді: *“Құдайдың сөзі тірі, әсерлі де күшті. Ол екі жүзі өткір семсердің қайсысынан да өткір, бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буынмен жұлынға жеткендей, ішкі дүниеміздегі ой-ниетімізді әшкерелеп, бағалайды”* (Еврей. хат 4:12).

Иә, Құдай сөзі тірі, әсерлі де күшті; ол жүрекке жетеді. Киелі жазба дүние жүзіндегі ең көне жазба. Ал ондағы Құдайдың жетелеуімен жазылған сөздердің күні бүгінге дейін әрбір адамға қатысы бар. Құдай сөзінен артық ештеңе жоқ. Құдай сөзі нан сияқты. Нанның сіздің тәніңізге қажетті екенін білесіз.

Сондай-ақ жүрегіңізге нәр беретін Құдай сөзінен қажетті үлесіңізді алмасаңыз, сізге одан еш пайда болмайды. Сондықтан да Құдай: *“Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді”* дейді (Матай 4:4). Ал *“шындықты аңсап зарыққандар*

бақытты: Олар қанағат табатын болады” (Матай 5:6). Құдай сөзін аңсап шөліркеуді сезінесіз бе? Бұл өте дәмді тамақ.

Бұл сіздің тәніңізді тойдыратын тағам емес, ол жан-жүрегіңізді тойындырады. Біз Құдайдан қорқып Оның сөзін құрметтеушілерге мынаны айтамыз: “Шындық жолы” бағдарламасын жүйелі түрде, зер сала тыңдауға тырысыңыз. Осылайша сіз Құдайдың осыдан көп жылдар бұрын Өз пайғамбарлары арқылы не айтқаны туралы көбірек біліп, жалғыз Киелі Құдайдың алдында қалай шынайы болуды үйренесіз. Құдай әрқашан адамдарға сөйлеген және сізге де сөйлегісі келеді!

\\ ----- Музыка ----- \\

Киелі жазбаны көптеген пайғамбарлар жазған, алайда туындыгер біреу-ақ. Осы туындыгер – Құдайдың Өзі. “Құдай адамдарға сөйлейді” деген бір маңызды ой бар. Құдай пайғамбарлар арқылы адамзатпен сөйлеседі және әркімнің Оны тыңдағанын қалайды. Құдай бізге пайғамбарлардың Жазбалары арқылы сөйлегісі келеді. Құдай да, Оның сөзі де ешқашан өзгермейді. Адам-атаның ұрпақтары жер бетіне келіп кетіп жатыр, алайда Құдай Өз сөзін қорғап келеді. “*Киелі жазбалардың күшін жоюға болмайды*” - деп жазылған Жохан жазған Ізгі хабарда.

“... *Осы дүние мен оның ләззаты өткінші... ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады*”. Сіз Киелі жазбаның бірінші бөлімі Таурат деп аталатынын білетін боларсыз. Құдай бұл кітапты Мұса деген кісінің ойына салды, ал Мұса оны жазып алды. Содан бері 3,5 мыңдай жыл өтті. Таурат 5 кітаптан тұрады. Бірінші бөлім: “Жаратылыстың басталуы” деп аталады: бұл кітапта 50 тарау бар. Сонда әуел баста не болғаны туралы айтады. Таураттың бірінші кітабын жақсылап зерттеуіміз керек, өйткені ол Құдай қалаған негіз. Бұл кітапта жазылған нәрселер Киелі жазбаның келесі кітаптарында айтылғанды түсінуге көмектеседі. Осы кітапты зерттеу барысында көптеген маңызды рухани ақиқаттар жайлы біліміңізді тереңдетесіз.

\\.....Музыка.....\\

Сіз періштелер мен шайтан, аспан мен жер, найуандар мен адамдар жайлы жаңа нәрселер білесіз. Құдайдың кім және Оның қандай екенін, күнәның қалай осы дүниеге келіп, қайғы мен апаттар әкелгенін көресіз. Күнәкарларды Өзіне қайтарып, олармен тамаша қарым-қатынаста болу үшін Құдайдың адамзатқа қандай әдіспен құтқару жолын ашып бергенін білесіз. Алғашқы әңгімелерді қараған кезде алғашқы адамдардың, алғашқы күнәның, алғашқы кісі өлтірушінің қалай пайда болғанын, алғашқы жалған ілімдер мен жалған пайғамбарлар туралы, алғашқы халықтар туралы оқи аласыз. Адам-ата, Хауа-ана, Қабыл, Әбіл, Нұх пен топан су, Ыбырайымның неліктен Құдайдың досы деп аталғаны жайлы әңгімелерді оқып, олар туралы ойланатын боласыз. Сондай-ақ Ысмағұл мен Ысқақ, Есау мен Жақып және Жүсіп пен оның

зұлым бауырлары туралы оқисыз. Таурат деген бірінші кітапта осының бәрі және басқа да көп нәрселер туралы жазылған.

Сондықтан ардақты бауырым, сізден біздің айтқанымызды мұқият тыңдауыңызды өтінеміз, өйткені біз Пайғамбарлар жазбаларын хронологиялық түрде зерттеуді сізбен бірге бастаймыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Таураттың алғашқы кітабының 1-тарауының 1-аятында: “әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты” деген сөздерді оқимыз. Құдай Өз кітабын осы сөздермен бастағандықтан біз де Киелі жазбаны зерттеуімізді осы жерден бастаймыз. Бұл аятта назар аудартын бір жайт бар. Әлем жаратылмастан бұрын не бар болған? Киелі жазбада әлемде Құдайдан басқа ештеңе болмағанын айтады. Сондықтан Киелі Кітап “әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты” деп басталады. Біз көзімізбен көріп, қолымызбен ұстауға болатын нәрселердің бәрінің басталуы бар. Сондықтан әуел баста бір кезде жер де, аспан да, теңіз де, ағаштар да әлі жоқ болған. Құдай аспан мен жерді жаратпастан бұрын күн мен ай да, жұлдыздар да болмаған. Тіпті адамдар мен періштелер де жоқ еді. Сол кезде Құдайдан басқа еш нәрсе болған жоқ. Киелі Жазбаның бірінші кітабының бірінші аятында “әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты” деп оқимыз. Киелі жазбада “әуел баста Құдай мен періштелер” немесе “әуел баста Құдай мен адамдар болған” деп айтылмаған. Керісінше, Киелі жазба “әуел баста Құдай ...” деп басталады. Әуел баста, демек әлі еш нәрсе жаратылмаған кезде, періштелер мен адамдар әлі болмаған кезде бір ғана тіршілік Иесі болған. Ол - Құдай! Қазір осы дүниедегі кейбіреулер: “Мен Құдайды көре алмаймын, сондықтан Құдай жоқ деп санаймын” десе, Құдайдың бар екенін мойындамайтын осындай адамдарға біз бірнеше сұрақ қойғымыз келеді. Ардақты ағайын, сіз атомды көрдіңіз бе? Ауаны ше? Ал желді ше?

\\.....Музыка.....\\

Иә, сіз желді көре алмайсыз. Желмен майысқан ағаштарды көресіз, бірақ желдің өзін көре алмайсыз. Сіз желді қолыңызда ұстап тұра алмайсыз, бірақ оның салқын лебін сезінесіз. Құдаймен де осылай. Біз Құдайды көре алмаймыз, өйткені ол адамның көзіне көрінбейді. Осылай болса да біз Құдайдың бар екенін білеміз, өйткені Оның жаратқан нәрселерін көреміз. *“Өйткені, Тәңірдің көзге көрінбейтін қасиеттері - Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды”-делінген Римдіктерге арналған хатта 1:20 аятында.*

\\.....Музыка.....\\

Осы бірінші аяттан біз үйренетін тағы бір жайт - Құдайдың ешқашан басталмағаны. Әуел баста Құдай басталмаған, яғни Оны ешкім жаратқан жоқ. Ол мәңгі бар болған. Құдай - мәңгіліктің Иесі. Осы

әлемде көретін нәрселеріміздің бәрінің пайда болған уақыты бар. Ал Құдайдың пайда болған уақыты жоқ. Құдайға теңдес ештеңе жоқ. Әуел баста Ол ғана бар болған. Оны ешкім туған жоқ. Оны ешкім жаратқан жоқ және Ол Өзін Өзі де жаратқан жоқ. Сондықтан Киелі Кітапта: “әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты” деп жазылған. Тек Құдай ғана ешқашан басталмаған. Ол үнемі бар болған және мәңгі бар бола береді. Оның аты – Жаратқан Ие. Ол бүгін қандай болса, кеше де сондай болған. Кеше қандай болса, мәңгі сондай болып қала береді. Құдай ешқашан да өзгермейді.

\\ ----- Музыка ----- \\
“Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты” деген аяттан тағы қандай нәрсені білеміз?. Құдай - ұлы! Барлық нәрсені жаратқан Құдай бәрінен де ұлы. Ол - Жаратылыстың Иесі. Оған теңдес ешкім жоқ. Ол дүниедегі кез келген нәрседен, мұхиттан, желден, күннен, жұлдыздардан артық! Ол рухтар мен адамдардың барлығынан да дана және құдіретті. Ол мәңгі даңққа лайықты! Үй салушының үйден артық болғанындай, Құдай да бәрінен артық, өйткені бәрін жаратқан Құдайдың Өзі! Құдай - ұлы! Ол Өзінің күшімен өмір сүреді! Ол еш нәрсеге де, ешкімге де тәуелді де мұқтаж да емес. Құдай бәрінен ұлы! Адамдарда әр түрлі мұқтаждықтар бар. Мысалы, сізге әр күні ауа, ұйқы, су мен тамақ, киім, үй, әке-шеше, достар, ақша және басқа да көптеген нәрселер керек. Сізге қажетті нәрселерді атай берсе, олар бітпейді! Ал бәрін жаратқан Тәңір Ие аштық пен шөлдеуді де білмейді. Ол ешқашан шаршамайды. Онда адамдікіндей тән жоқ. Оның шегі жоқ. Ол-мәңгі Құдай. Ол-құдіретті.

\\.....Музыка.....\\
Ардақты ағайын, сіз Құдайды жақсы танысыз ба? Әлде Ол сіз үшін алыс жердегі қол жетпес ұлы Жаратушы ғана ма? Құдай сіздің Оны танып біліп, Онымен бірге мәңгілік өмір сүргеніңізді қалайды! Пайғамбарлар жазбалары Құдаймен тамаша және жақсы қарым-қатынаста бола алатыныңызды айтады. Алайда сіз Құдайдың айтқандарына көз-құлағыңызды, ақыл-санаңызды және жүрегіңізді ашуыңыз қажет. Киелі жазбадан *Ишая пайғамбардың жазбасы 45:22* аят туралы ойланып, бізге өз пікіріңізді жазып жіберіңіз! Онда былай делінген: *“Ей, жердің түкпір-түкпіріндегілер, Маған бет бұрып, құтқарылыңдар! Жалғыз Құдай Менмін, өзге құдай жоқ!”* Хабарымызды осы жерден тамамдаймын. Жалғасын келесі сенбіде тыңдайтын боласыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка ----- ӘН ----- Музыка ----- \\
Диктор:

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Шығатын айы - жылы: 2011 жыл,

Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,

Хабардың тақырыбы: «Шайтан мен періштелер; Ишая 14, Иезекил 28»

Реттік саны: № 03.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

Егер сізге «Құдай неге ұқсайды?» деген сұрақ қойса, не деп жауап берер едіңіз! Иә, әрине, сіз: «Құдай ешқашан шаршамайды, Онда адамдікіндей тән жоқ. Оның шегі жоқ. Ол-мәңгі Құдай. Ол-құдіретті» дейсіз. Бірақ осы жерде бір маңызды сұрақ туады. Егер Құдай адамға ұқсамайтын болса және Оның тәні болмаса, онда Ол неге ұқсағаны?...

Сонымен бүгін «Шайтан мен періштелер» туралы сөз болады...

Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Шынында да Құдай неге ұқсайды?. Киелі жазба бұл сұраққа “*Құдайдың өзі-Рух. Сондықтан Оған сиынатындар Оның Рухына кенеліп, шындықпен сиынуға тиіс*”, деп анық жауап береді. Байқадыңыз ба, сонда Құдай Рухқа ұқсайды. Адам тән мен рухтан тұрады, ал Құдай болса - Рух. Құдайдың Рухы шексіз. Ол бір сәтте барлық жерде бар. Құдай барлық тіршілік атаулыдан жоғары. Ол бар нәрсені толтырады. Ол бәрін көреді. Ол үшін күн мен түннің айырмашылығы жоқ. Сіз өз бөлмеңізге тығылып қалсаңыз да, Құдай сол бөлмеде болады және сізді көреді. Ол сіздің ой-ниеттеріңіздің барлығын біледі. Құдай – ұлы!

\\.....Музыка.....\\

Сонымен Құдай неге немесе кімге ұқсайды? Біз бүгін білгенімізге сүйеніп мынандай қорытындыға келеміз: Құдай ешкімге ұқсамайды. Құдай – Ол Құдай, Оған теңдес ешкім жоқ. Ал енді Құдайдың мінез-құлқы жайындағы түсінігімізді тереңдетеміз. Киелі жазбада Құдайдың жүздеген есімдері бар. Ол – Жаратқан Ие. Ол - Ең Жоғары. Құдіретті күшті Жаратушы. Нұр. Әділдіктің Құдайы. Киелі. Сүйіспеншілік Құдайы. Тірі әрі шынайы Құдай. Шынында, әуел баста аспан мен жерді жаратқан Ұлы Құдай болатын. Киелі жазбада Ол туралы былай айтылған: “*О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты! ...Себебі әлемнің бәрі Құдайдан, Ол арқылы, Ол үшін пайда болған*”. “*Бірден-бір қуатты Билеуші, патшалардың Патшасы, иелердің Иесі, мәңгіліктің жалғыз Иесі! Ол ешкім жақындай алмайтын нұрда тұрады, ешбір адам баласы Оны көрген де емес, көре де алмайды. ...Қадір-құрмет пен билік мәңгі Онiкi! Аумин.*

\\.....Музыка.....\\

Басқа бір тарауда Құдайдың пайғамбары Мұса Құдайды әсем әнмен былай мадақтайды: *“Бүкіл әлемнің Иесі – Құдай, Сенің істерің ұлы да керемет! Халықтардың Патшасы, Сенің жолдарың шынымен әділ де дұрыс! Жаратқан Ие, кім Сенен қорықпас? Сенің атыңның ұлылығын жариялаудан кім бас тартпақ? Жалғыз Сен ғана толықтай қасиеттісің!”* (Аян 15:3,4).

Иә, Құдайдың ұлылығында шек жоқ! Біз осыны “Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты!” деген аяттан білеміз. О, баста Құдай ғана бар болған, сондықтан әуел баста не болғаны туралы шындықты тек Құдай ғана айта алады. Болашақта сізді не күтіп тұрғанын Құдай ғана айта алады. Өзі туралы шындықты сізге Құдайдың Өзі ғана ашып береді. “Құдайдың қандай екенін және болашақта не болатынын ешкім біле алмайды!” – дейтіндер де жоқ емес.

\\ ----- Музыка ----- \\

Алайда, сіз Құдайды тани алатыныңызды және өлгеннен кейін мәңгілікте қайда болатыныңызды Пайғамбарлар жазбаларынан біле аласыз. Өйткені Құдай сөзінде былай айтылған: *“Сендер... мәңгілік өмірге иесіңдер. Соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын”, “Біздің шынайы Құдаймен танысуымыз үшін Ол көзімізді ашты... Ол - шынайы Құдай және мәңгілік өмір”* (Жохан. 1-хаты 5:13,20). *“Көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай өзін сүйетіндерге дайындап қойған болатын”. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рух арқылы анық білдірді. Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар”* (Қор.1хат 2:9,10).

Ардақты ағайын сіз, Құдайдан басқа нәрселердің бәрі бір кезде басталғанын көрдіңіз. Демек, әуел баста, яғни ештеңе жоқ болған кезде жалғыз Құдай ғана бар болған. Ол-мәңгіліктің Иесі. Ол-ұлы және Оған теңдес ештеңе де, ешкім де жоқ! Құдай ешқашан басталмаған және ешқашан аяқталмайды да. Ол ештеңеге мұқтаж емес. Оның құдіретіне шек жоқ. Құдай рух болғандықтан бір сәтте барлық жерде бола алады. Ол бәрінен жоғары. Ол бәрін көреді, бәрін біледі. Ол ерекше. Ол ұлы. Сондықтан Киелі жазбада былай деп айтылған: *“Құдай...–мәңгіліктің жалғыз Иесі! Ол ешкім жақындай алмайтын нұрда тұрады, ешбір адам баласы Оны көрген де емес, көре де алмайды. Қадір-құрмет пен билік мәңгі Онікі. Аумин”* (Тимоте. 1-хат 6:16). Ал енді Пайғамбарлар жазбаларынан Құдайдың сөзі періштелер мен шайтан туралы не айтатынын қарастырып көрейік.

\\-----Музыка-----\\

Осы періштелер қайдан шықты? Ал шайтан мен жындар ше? Құдай бізге олар туралы айтпаса, біз ештеңе білмейтін едік. Алайда, Құдай Өзінің сөзінде олар жайында айтады. Періштелер мен шайтан туралы шындықты білу үшін Киелі жазбаны мұқият оқып, Пайғамбарлар жазбаларын хронологиялық ретпен зерттемекші екенімізді сізге ескертеміз. Адамдар мен әлемді жаратпастан бұрын Құдай періштелерді жаратқан болатын.

Құдайдың сөзінде періштелер туралы көп айтылады. Бүгін осы тұлғалар жайындағы ең маңызды ақиқаттарды айтамыз. Өзі рух болған Құдай баяғыда періштелер деп аталатын өзге де рухтарды жаратты. Киелі жазбада былай айтылған: *“Періште атаулы - қызмет көрсететін рухтар”* (Еврей. хат 1:14) *“Ол періштелерін жел секілді етеді, нөкерлері де от жалыны іспетті”* (Еврей. хат 1:7). Осылайша Киелі жазба сізге періштелердің де Құдай сияқты рухтар екенін білдіреді. Олар жел мен отқа ұқсастырылады. Сіз желді көре алмайсыз. Отқа тисе алмайсыз. Құдайдың періштелерімен де дәл солай. Құдай оларды сіз сияқты тәнде жаратпаған. Сіздің тәніңіз бен рухыңыз бар. Ал періштелерде рух қана бар. Сондықтан сіз оларды көре алмайсыз. Құдай неше періште жаратқанын, Киелі жазбада осы туралы не айтылғанын сіз білесіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Онда Құдай сан жетпейтін көптеген рухтарды жаратты делінген. Аян кітабының бесінші тарауының он бірінші аятында көкте, Құдайдың қасында: *“мыңдаған, миллиондаған періштелер”* бар – деп жазылған. Біздің Жаратқан Иеміз Құдай - ұлы! Құдіреті шексіз Құдай Өзі үшін мыңдаған, миллиондаған әдемі, мейірімді, дана періштелерді жаратқан болатын. Киелі жазба Құдайдың періштелерінде үлкен билік бар дейді. Олар бізден әлдеқайда күшті. Алайда олар жаратылыс болғандықтан да, шегі бар. Олардың құдіреті шексіз емес. Олар бір сәтте барлық жерде болып, барлық нәрсені біле бермейді. Олар да Құдайдың жаратқан тұлғалары. Құдіреті шексіз Біреу ғана, – Ол Құдай. Сіз періштелер туралы тағы бір нәрсе білуіңіз керек.

\\.....Музыка.....\\

Құдай періштелерді жаратқан кезде олардың бәрі киелі болатын. Әуел баста зұлым періштелер, зұлым рухтар да, шайтан да болған жоқ. Құдай бірде-бір өзезіл-жынды жаратқан жоқ. Құдайдың қолынан бәрі келеді, Ол бір нәрсе ғана, яғни жамандық істей алмайды. Осыны есіңізден шығармаңыз. Құдай зұлымдық жасамайды, өйткені Ол - рақымды. Құдай қателеспейді, өйткені Ол - мінсіз. Одан күнәның шығуы мүмкін емес, өйткені Ол - таза және киелі. Құдайдың жасағанының бәрі жақсы және кемелденген. Сондықтан Киелі жазбада *“Құдай күнәға еш елікпейді де, ешкімді еліктірмейді де”* деп айтылған (Жақып. хаты 1:13). Ондай болса, шайтан қайдан шықты? Құдай ол жайында не дейді?

\\ ----- Музыка ----- \\

Ал бұған Құдайдың жауабын айтпас бұрын, алдымен Құдай періштелерді не үшін жаратты? Осы туралы біліп алыңыз!. Киелі жазба Құдай періштелерді Оны мәңгі сүйіп, мадақтап, Оған көкте қызмет ету үшін жаратты дейді. Олардың бәрі Құдайдың меншігі болған, өйткені олардың бәрін жаратқан Құдай еді. Періштелердің барлығы Ай, Күн және жұлдыздардан биік жерде орналасқан Құдайдың “үйінде” тұрған. Құдай мекендейтін бір арнайы орын бар екенін білесіз бе? Өткен хабарда Құдайдың барлық жерде бар болатынын айтқанбыз. Дегенмен Киелі жазба Құдай мекендейтін арнайы орын туралы да айтады.

Сол киелі орын Оның нұрлы даңқы мен сұлулығына толы. Құдай сол жерді мекендеп, Өзінің барлық ұлылығын көрсетеді. Бұл орынды Құдайдың пайғамбарлары Аспан патшалығы, пейіш немесе жұмақ деп атайды. Құдай Өзінің киелі періштелерімен сол жерде тұрады. Періштелер туралы білуіңіз керек тағы бір нәрсе: Періштенің бәрі бірдей емес. Біреулері өзгелеріне қарағанда сұлу және дана. Кейбіреулері Құдайдың көктегі тағын қоршап тұрады. Өзгелері адамдарға көмектесіп, оларды қорғайды. Өзірейіл мен Жебірейіл сияқты басқалар Құдайдың қасында болып, жерге ерекше тапсырмаларды орындауға келеді. Кейбір періштелер өзгелердің үстінен қарайды.

\\.....Музыка.....\\

Сіз Люцифер туралы естідіңіз бе? Құдайдың сөзін оқып жүрген болсаңыз, Люцифердің бір кезде барлық періштелердің бастығы болғанын білесіз. Егер Люцифер туралы білсеңіз, онда шайтанның қайдан шыққаны сізге белгілі. Киелі жазба Люцифердің барлық періштелердің ішіндегі ең әдемі және данасы болғанын айтады. Люцифер “Таң нұры” дегенді білдіреді. Өзге періштелерге қарағанда Люцифердің даналығы, білімі, құдіреті көбірек болған. Құдай оның бойына керемет сұлулық пен данышпандық дарытты. Люцифер Құдайды мадақтауға, сүйеге, Оған бағынуға тиіс еді, өйткені Құдай оны жаратып, молынан жарылқаған болатын.

\\.....Музыка.....\\

Бірақ, Киелі жазбадан бір күні Люцифердің Құдайды менсінбей, тәкаппарланып кеткенін оқимыз. Ишая пайғамбардың жазбасында люцифер өз-өзіне былай деді: *“Мен аспанға көтеріліп, тағымды Құдайдың жұлдыздарынан да жоғары орнатамын! Қиыр солтүстікте орналасқан, жалған тәңірлер жиналатын таудың басындағы тағыма жайғасамын. Биік бұлттардан да жоғары көтеріліп шығамын, өзімді Құдай Тағаламен бірдей қыламын!”* (13:13,14). Қандай сұмдық! Құдай жаратқан Люцифер Жаратушының даңқын ұрлағысы келді! Көктегі періштелердің үштен бірі Люцифермен бірге күнәға батып, Құдайға қарсы шықты, (Аян 12:4 қараңыз). Келесі хабарда бұл туралы жалғастыратын боламыз. Ал сіз Құдайдың мына керемет уәдесі туралы ойланып, бізге хат жазып жіберіңіз. *“Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді”*, Жохан жазған ізгі хабар 8:32 аят. Хабарымызды осы жерден аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор:

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Хабардың тақырыбы: «Құдай әлемді қалай жаратты?, Жар бас 1»
Реттік саны: № 04.

Диктор: Эфирде Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Назарыңызға «Шындық Жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Бүгінгі «Құдай әлемді қалай жаратты?» деген тақырыптағы бағдарламада пайғамбарлардың жазбаларын зерттейміз. Таураттың бірінші кітабы, Жаратылыстың басталуы кітабынан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Амансыз ба, ардақты ағайын!

Біз өткен хабарымызда Люцифер жайында сөз еткенбіз. Алайда Құдай Люцифер мен оның періштелерінің не істемек болғанын алдын ала толық білген. Құдайдан еш нәрсе жасырын қалмайды, өйткені Ол бір нәрсе болмастан бұрын оның бәрін алдын ала біледі! Құдай Люцифердің және Оның соңынан ерген періштелердің жүрегіндегі күнәні көрді. Сонда Құдай не істеді? Құдай Оған қарсы шыққан Люциферге орнын берді ме? Құдай бұл күнәні кешірді ме? Құдай Оған қарсы шыққан тәкаппар тұлғаға төзе алды ма?

\\.....Музыка.....\\

Жоқ! Ол мұндайды ешқашан кешірмейді. Пайғамбарлар жазбаларынан Құдайдың киелі екенін және зұлымдықты жек көретінін білеміз. Киелі Құдай зұлымдықты жек көрді. Ол Өзінің даңқын өзгеге бермейді. Құдай - ерекше тұлға, Оның орнын ешкім ала алмайды! Сондықтан Киелі жазбада Құдай Люцифер мен оның періштелерін Өзінің қасынан қуып жіберді деп айтылған. Жаратқан Иенің орнын алғысы келіп күнәға батқан Люцифер мен оның періштелері енді Құдайдың көктегі үйінде тұра алмады. Құдай оларды сол жерден қуып жіберді. Киелі Құдай Өзіне қарсы шыққандарды соттап жазалайды. Күнәға батқаннан кейін Люцифердің есімі де өзгерді. Енді ол Люцифер, яғни “Таң нұры” емес, шайтан деп аталатын. Шайтан “дұшпан” немесе “қарсылас” дегенді білдіреді. Сөйтіп Люцифер Құдайдың жауына айналды. Шайтан мен жындар Құдайға және жақсылыққа қарсы екенін білетін боларсыз. Олар Құдайды менсінбейді және Оның сөзін мойындамайды. Шайтан үнемі Құдайға қарсы күресіп, Оның жоспарын бұзғысы келеді. Бірақ ұлы соттаушы Құдайды ешкім жеңе алмайды.

\\.....Музыка.....\\

Құдай шайтан мен жындарды көктен қуып жібергеннен кейін оларға арнап тозақ отын дайындап қойды. Құдай шайтанды және шайтанның соңынан ергендердің барлығын осы отқа тастайтын күн келе жатыр. Аян кітабының 20-тарауының 10-аятында “Олар сонда күні-түні мәңгілік азап шегетін болады” деп жазылған. Бірақ біз Киелі

жазбадан шайтанның тозаққа әлі тасталмағанын білеміз. Шайтан жер бетінде Құдайға қарсы күліп жүр.

Ол Құдайдың еңбегін құртқысы келеді. Шайтан - құртушы. Ол Құдай жаратқан адамдардың рухани өліп, онымен бірге тозаққа кеткенін қалайды. Құдай сөзі көптеген адамдардың өздері білмей шайтанның билігінде жүргенін айтады, өйткені шайтан–өтірікші. Сондықтан Киелі кітапта: *“Мұнда таң қалатын ештеңе жоқ: шайтанның өзі өңін айналдырып нұрлы періште болып көрінеді”* делінген. Шайтан адамдарды әр түрлі жолмен алдап, оларға Құдайдың сөзін оқытпауға тырысады. Сондықтан Құдайдың пайғамбарларының біреуі былай деген: *“Салауатты да сергек болыңдар! Сендердің қос жауларың шайтан, ақырған арыстандай қауымды шарлап, кімді жалмасам деп торуылдап жүр”* (Петір. 1-хаты 5:8).

Шайтан сізді мәңгілікке жоқ қылғысы келеді! Сақ болыңыз! Дегенмен Құдайға шүкір! Ол сізге шайтанға қарсы тұра алуыңыз үшін Өзінің сөзін берді. Киелі жазбада *“Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді”* делінген (Жохан 8:32). Сізді шайтанның құлдығынан құтқаратын ақиқатты білесіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Қымбатты бауырым, шайтанның сізден де ақылды екенін ұмытпаңыз. Алайда шайтанның даналығы Құдайдікіне жетпейді. Шайтан сізден күшті. Бірақ Құдай одан да күшті. Сіз шайтанның билігінен құтқаратын Шындық сөзін білесіз бе? Неліктен көптеген адамдар Құдайдың шындығын тыңдаудан бас тартады? Өйткені оларды шайтан алдап жүр. Шайтан адамдарды Құдайдың сөзі шындық емес деп нандыруға тырысады. Оның үстіне сіз шындықтың барлық кезде жағымды бола бермейтінін белесіз ғой. Халықтардың бірінде *“Шындық ащы бұрыштай”* деген мақал бар. Дегенмен, Құдай сөзіндегі шындықты біліп, оған сенсеңіз шайтанның билігінен азат боласыз. Құдайдың шындығы адамдарды шайтанның өтірігінен құтқарады. Бірақ сіз шындықты біліп, оған сенуіңіз керек! Құдайдың сөзін тыңдаңызшы: *“Сүйікті бауырластарым! Кез-келген рухтарға сене бермеңдер, олар Құдайдан келген бе, жоқ па - алдымен соны анықтаңдар! Өйткені көптеген жалған пайғамбарлар жер жүзіне тарады”* (Жох. 1-хат 1:1). *“Оның пайғамбарлық нұсқауларын құрметтеңдер! Бәрін сынап, жақсысын ғана қабыл алыңдар! Жамандықтың қай түрінен де аулақ жүріңдер!”* (Салоника. 1-хат 5:20-22). Қадірлі тыңдарман, сіз шындық сөзін түсінесіз бе? Оған сенесіз бе?

\\ ----- Музыка ----- \\

Енді Құдай әлемді қалай жатарқандығына тоқталайық. Таураттағы Жаратылыстың басталуы деп аталатын кітабының 1-тарауының алғашқы екі аятында былай делінген: *“Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты. Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты, суға толы тұңғыықтың үстін қара түнек жауып тұрды. Ал Құдай Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді”* (Жара. бас. 1:1,2).

Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратқанда жер бетінде ештеңе болған жоқ. Барлық жер ретсіз және қараңғы болған.

Сол кезде жер бетінде шайтан мен оның періштелері ғана болған. Алайда Құдай Өзін танып сүйетін, Өзіне мойынсұнатын адамды жаратқысы келеді. Құдай адамдарды жаратпастан бұрын оларға шынымен сүйсініп өмір сүретін тамаша әлемді жасап бергісі келді. Бүгін сіз Құдайдың адамға арналған сол әлемді қалай жаратқанын көресіз. Әлемнің жаратылысы туралы Киелі жазбада не айтылған? *“Алты күн ішінде Жаратқан Ие аспан, жер, теңізді және олардағы күллі нәрселерді жаратты”*.

\\.....Музыка.....\\

Енді Жаратылыстың басталуынан бірінші тарауын қарап, Құдайдың алты күнде не жаратқанын көрейік. 1). Бірінші күн туралы Киелі жазбада былай делінген:

“Құдай Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді. Сонда Құдай: “Жарық пайда болсын”, - деді. Сөйтіп жарық пайда болды. Құдай жарықтың жақсы екенін көрді. Ол жарықты қара түнектен бөліп, жарықты күн,, ал түнекті түн деп атады. Кеш түсіп таң атты: бұл бірінші күн еді” (Жаратылыс. баст. 1:2-5). Сөйтіп Құдай бірінші күні *“Жарық пайда болсын”* деп бұйырды. Құдай ғарыштағы үлкен доп тәрізді жерге 24 сағат айналуды бұйырды. Сондықтан бізде 12 сағаттай жарық, 12 сағаттай түн болады. Жарықты түнектен бөлген Құдай қандай ұлы іс істеді десеңші!

2) Екінші күн туралы былай делінген: *“Содан кейін Құдай: “(Айнала тұманданып тұрған) суды ортасынан бөліп тұрған әуе кеңістігі пайда болсын!”-деп бұйырды. Осылай Ол әуе кеңістігін жасап, астындағы суды үстіндегі судан бөлді. Солай болды да, Құдай әуе кеңістігін аспан деп атады. Кеш түсіп, таң атты, бұл екінші күн еді”* (Жарат. 1:6-8).

\\.....Музыка.....\\

Екінші күні Құдай біз әуе кеңістігі деп атайтын Жердің айналасындағы аспанды жасады. Атмосфера - бұл әлемді қоршап тұрған біз демалатын ауадан тұратын аспан. Атмосфера бізді ыстық күннің нұрынан және басқа да қатерлерден қорғайды. Құдай екінші күні осы аспанды жаратпаған болса адам жер бетінде өмір сүре алмас еді.

3) Үшінші күні Құдай мұхиттар мен құрлықтарды және жасыл өсімдіктерді жаратты. *“Мұнан соң Құдай. “Аспан астындағы су бір жерге жиналып, құрлық көрініп тұратын болсын!” - деді. Бұл солай болды да. Құдай құрлықты жер, ал жиналған суды теңіз деп атады, Ол жасағанына қарап жақсы екенін көрді. Құдай енді: “ Жер жасыл өсімдіктерді: тұқым шашатын өсімдіктерді және дәнегі бар алуан түрлі жеміс ағаштарын өсіріп шығарсын!” - деп бұйырды. Солай болды да, тағы да кеш түсіп таң атты, бұл үшінші күн еді”,* (Жар. 1:9-12,13). Осылайша, Ұлы көркемдеуші Құдай үшінші күні өзендер мен мұхиттарды, жемістері мен дәндері бар ағаштарды, жасыл

өсімдіктердің мыңдаған түрлерін жаратты. Құдай әр түрлі дәмді жемістер мен көкөністерді жаратты: алма, алмұрт, жүзім, қауын-қарбыз, қызанақ, асқабақ, қырыққабат, күріш, арпа, жаңғақ, кокос және басқа да дәмді нәрселердің мыңдаған түрлері! Құдай Өзінің жаратқан нәрселерінің “жақсы екенін көрді”. Құдайдың кез келген жаратылысы керемет және мінсіз. Құдайдың қолынан бір нәрсенің ғана келмейтінін көреміз. Ол жамандық істей алмайды, өйткені Ол жақсылықты жүзеге асырушы. Біреу: “Егер Құдай жақсы болса, осы әлемде неліктен жамандық пен ұрыс-жанжал көп?” деп сұрауы мүмкін. Менің егінім биыл неге өнім бермеді? Менің балам неге ауырады? Құдай жақсы болса, неліктен адамнан жамандық шығады?. Бұл өте маңызды сұрақтар, сіз келесі хабарымыздан Киелі жазбадан осы сұрақтарға қанағаттандыратын жауаптар алатын боласыз. Ал қазір ең қажетті шындықты есіңізде сақтаңыз: Құдай - жақсы және Оның жаратқан нәрселерінің барлығы да - жақсы.

\\ -----Музыка----- \\

Құдайдың мейірімділігі жайында ойланып көрдіңіз бе?. Біз қазір ғана Құдайдың үшінші күні ағаштарды жаратқаны туралы естідік. Құдайдың жемісті ағаштарды не үшін жаратқанын білесіз бе? Олар Оған керек пе еді? Ашыққан кезде жемістерін жемекші болды ма? Жоқ! Жаратушы Ие ешқашан ашықпайды және ештеңеден тарықпайды! Олай болса Ол ағаштарды не үшін жаратты? Киелі жазбада Құдай мейірімді болғандықтан осының барлығын алтыншы күні жаратылған адамға арнап жасаған деп айтылған. Бұдан Құдайдың қандай мейірімді екенін көресіз. Шырынды алманы жеген кезде немесе гүлдің жұпар иісін сезінгенде Құдайдың мейірімділігін неге мойындамасқа? Ағаштарды көргенде олар үшін Жаратушыға шүкіршілік неге білдірмеске? Ағаштар болмағанда өмір қиын болар еді! От жағып тамақ пісіре алмас едік, тіпті үй немесе қайық та сала алмас едік. Біз күннің ыстығынан ағаштың көлеңкесіне жасырынамыз, ағаштардан әр түрлі дәрі-дәрмектер жасаймыз. Ағаштар болмағанда біз, сірә, өмір сүре алмас едік. Алайда ағаштар Құдайдың біздің игілігіміз үшін жаратқан мыңдаған нәрселерінің тек біреуі ғана. Құдай біздің Оның мейірімділігін мойындағанымызды қалайды. Дәуіт пайғамбар Забур жырында: *«Жаратқан Иенің мейірімділігін сезін әрі көр»* дейді. Ал сіз Құдайдың мына сөзі туралы өз пікіріңізді білдіріп бізге хат жазыңыз. *“Жаратқанның ізгілігіне көз жеткізіңдер, қандай бақытты Оған сенімін жүктегендер!”*, Забур жыр. 33:9.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка ----- ӘН ----- Музыка ----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазып жіберіңіз. Сіз аты-жөніңізді, толық мекен-жайыңызды көрсетіп жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы,

пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз,
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,

Хабардың тақырыбы: «Құдай адамды не үшін жаратты?» Жар.1, 2.

Реттік саны: № 05.

Диктор: Эфирде Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, тыңдарман! «Шындық Жолы» бағдарламасын назарыңызға ұсынып отырғанымызға қуаныштымыз.

Біз осы бағдарлама «Құдай адамды не үшін жаратты?» деген сұраққа жауап іздейміз. Жаратылыстың басталуы кітабынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Бағдарламыздың өткен санында, алғашқы үш күнде Құдайдың аспан мен жерді, мұхиттарды және олардың ішіндегі барлық нәрселерді қалай жаратқандығы туралы оқыған едік. Бүгін соны одан әрі қарай жалғастырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Сонымен, төртінші күні Құдай: *“Аспанда күндіз бен түнді бір-бірінен ажырататын, күндер мен жылдарды белгілейтін жарықтар орнасын”*- деді. Яғни Құдай бұйрық берген кезде аспанда Күн, Ай және жұлдыздар пайда болды. Құдай тағы бір рет бұйырғанда Жер шары Күнді айнала бастады. Құдай тағы бір бұйрық берген кезде Ай Жерді айнала бастады. Жер бетіндегі нәрселердің бәрін жарату үшін Құдай нені пайдаланғанын білесіз бе? Бұл туралы Киелі кітапта былай айтылған: *“Құдай әлемді айтқан сөзімен жаратып, ретке келтіргенін, яғни көз алдымыздағы жаратылысты көзге көрінетін заттан емес, ғайыптан жасап шығаратын сенімімізбен ұғынамыз”* (Еврей. хат 11:3). *“Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын. Сөз Құдай еді. Сөз әуелден-ақ Құдайда болатын. Құдай бәрін сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған”*(Ж. 1:1-3).

\\.....Музыка.....\\

Құдай әдемді жатарқанда бірінші күні: *“Жарық пайда болсын!”* дегенде жарықтың пайда болғанын оқығанбыз. Екінші күні Құдай: *“Құрлық пайда болсын!”* дегенде, құрлық пайда болды. Құдай үшінші күні де сөзін айтты және оның айтқаны орындалды. Ары қарай да солай бола берді. Сонымен осы әлемдегі барлық нәрселерді жарату үшін Құдай Өз сөзінен басқа ештеңені де пайдаланған жоқ! Оның *“Былай болсын, солай болсын”* деп айтқан сөздерінен кейін айтқанының бәрі іске асып жатты. Құдай бәрін Өз Сөзімен жаратып қана қойған жоқ, сондай-ақ бәрін мұқият тәртіпте ұстады. Ай мен жұлдыздар аспандағы өз орындарында Құдайдың бұйрығымен тұрды.

Құдайдың бұйрығы бойынша әр күні белгіленген уақытта таң атып, күн батады. Ертең таң ататынын не атпайтынын білмесеңіз сіздің өміріңіз не болар еді? *“Құдай уәделеріне берік”*–деп жазылған Киелі жазбада. Сондықтан, Құдайға сенім арта аласыз. Ол ешқашан Өзінің Сөзін өзгертпейді, Өзі де өзгермейді. *“Жаратқанның сөзі мәңгі қалады!”* (Петір. 1-хаты 1:25).

\\.....Музыка.....\\

5) Бесінші күні Құдай мыңдаған құстар мен балықтарды жаратты. Киелі жазбада былай жазылған: *“Сонан соң Құдай: “Теңіздер, өзендер мен көлдер су жәндіктеріне толып, әуе кеңістігінде құстар ұшып жүрсін” - деп бұйырды. Осылай Ол суды мекендейтін алып жануарларды, суда қаптап жүрген басқа да жануарлар мен жәндіктердің барлық түрін, сонымен бірге қанаттыларды да түр-түрімен жаратты. Құдай жасағандарына қарап, жақсы екенін көрді. Оларға оң батасын беріп: “Өсіп-өніп көбейіңдер, теңіздерді толтырыңдар, құстар да жер бетінде көбейсін!”-деп бұйырды. Тағы да кеш түсіп, таң атты, бұл бесінші күн еді”* (Жар. баст. 1:20-23). Біз бүгін, Құдайдың пайғамбары Дәуіттің: *“Жаратқан Иенің мейірімділігін сезін әрі көр!”* – деген сөздерін есімізге түсірейікші!

\\ ----- Музыка ----- \\

Ардақты ағайын! Сіз Құдайдың мейірімділігін сезінесіз бе? Құдайдың сізге берген әр түрлі тамағын күнде жегеніңізбен Оның мейірімділігін сезініп, мойындайсыз ба? Егер Құдайдың ізгі екеніне көз жеткізгіңіз келсе, Оның сөзін тыңдап, оған сенуіңіз керек. Киелі кітапта: *“Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді”* –деп жазылған, (Матай 4:4).

Сіздің жаныңыз Құдайдың сөзімен көректенеді. Құдайдың сөзі ізгі әрі керемет болғандықтан сіз оны білуге ұмтылып, ашығуыңыз керек. Сіздің құрсағыңыз тамаққа ашыққандай жаныңыз да Құдайдың мәңгілік сөзіне ашығады ма? Егер Құдайдың сөзін білуге ұмтылсаңыз, сіз ақиқатты білетін боласыз. Ал осы ақиқат сізді Құдаймен татуластырып, сізге көкте мәңгілік мұра жинауға мүмкіндік береді! Ал біз мұның шындық екенін білеміз, өйткені Құдайдың Өзі: *“Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты: олар қанаған табатын болады”* дейді.

\\.....Музыка.....\\

6) Ал алтыншы күн туралы Киелі жазбада, Құдай жануарлар мен адамды жаратты дейді. Құдай адамды не үшін жаратты?-деген сұраққа сіз не дер едіңіз?. Ал мен бұл сұраққа жауап ретінде: Құдай Өзінің даңқы үшін адамдарды жаратты. Адамдарға арнап сондай әдемі әрі керемет орын жасаған Құдай қандай мейірімді-дер, едім!

Енді Киелі кітапты оқып, Құдайдың алғашқы адамды қалай жаратқанын білейік. Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабының 1-тарауының 26-аятында былай айтылған: *“Құдай енді: “Біз өзімізге рухани жағынан ұқсас адамдарды жаратайық, Олар теңіздегі балықтар мен*

аспандағы құстарға, малға, жабайы аңға, бүкіл жер бетіне және онда жорғалап жүрген барлық жануарларға иелік етсін!” - деді.

Осылайша Құдай адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты” (Жарат. баст. 1:26, 27). Әркім түсінуге тиісті терең де таң қаларлық шындықтың біріншісі: Құдай алғашқы еркек пен әйелді Өзіне ұқсас етіп жаратқан. Осы туралы ойланып көрейікші! Құдай алғашқы адамды Өзіне ұқсас етіп жаратты! Олай болса, адам Құдайдың жаратылысының ең маңызды бөлігі болғаны емес пе? Адамнан басқа ешкім және ештеңе Құдайға ұқсас етіп жаратылмаған. “Құдай адамды өзіне ұқсас етіп жаратты” дегеннің мағынасы қандай?

\\.....Музыка.....\\

Жаратылыстың басталуы 2-ші тараудың 7-аятында былай айтылған: *“Сонда Құдай Ие жердегі топырақтан адамды жасап, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі. Адам осылай тірі жан болып шыға келді” (2:7). Бұл аяттан сіз Құдайдың алғашқы адамға екі нәрсені, яғни тән мен рухты бергенін байқай аласыз. Адамда тән ғана емес, рух та бар. Құдай оны екі қадаммен жасады. Киелі жазбадан жаңа ғана оқыған аятқа назар аударыңызшы: “Құдай Ие жердегі топырақтан адамды жасап, мұрнына тіршілік лебін үрледі. Адам осылай тірі жан болып шыға келді”. Осы жерде Құдайдың адамды жаратқанда бірінші тәнін жасағанын түсінеміз. Құдай неліктен бірінші тәнді жасады? Өйткені адамның тәні – оның жаны мекендейтін жер. Құдай адамның жанын оның тәніне орналастырды.*

\\ ----- Музыка ----- \\

Ардақты ағайын, сіз денеңіздің өз жаныңыз мекендейтін үй екенін білесіз бе? Сіздің рухыңыз осы уақытша “шатырда” тұрады. Киелі кітапта: *“Жер бетіндегі ‘шатырымыз’, яғни тәніміз, күйрегенде...”* деген сөздер бар. Құдай адамға тәнді оның жаны тұратын үй ретінде берді. Құдай алғашқы адамның тәнін неден жасады? Киелі жазбада Құдай адамды топырақтан жасады делінген. Қазіргі кезде біз топырақтың 20 химиялық элементтен тұратынын білеміз. Ғалымдар осы 20 химиялық элементтің бәрінің адамның денесінен табылғанын айтады. Сондықтан Забур жырларында Дәуіт пайғамбар Құдай туралы былай деген: *“Неден жаратылды, соны біледі, топырақтан екеніміз Оның есінде”*, (Забур 102:14). Алайда тән топырақтан жаратылғанмен бұл оның құнсыз екенін білдірмейді! Адамның денесінде біз клеткалар деп атайтын миллиондаған бөліктер бар. Бұл бөліктердің бәрі бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеу үшін жасалған. Адамның денесі – ғажайып жаратылыс! Құдай біздің денемізге жүрек, ми, өкпе, бауыр, асқазан, ішек, көз, құлақ, мұрын, ауыз сияқты көптеген бөліктерді орналастырды. Олардың әрқайсысы өзінің атқаратын міндетін біледі. Осындай кереметті Құдай ғана істей алады! Сондықтан Дәуіт пайғамбар тағы былай деген:

“Тамаша жаралдым, Сені мақтаймын, керемет ғажап - жасаған істерің, мұны мен шын жүректен мойындаймын” (Забур 138:14).

Иә, адамның денесі-таң қаларлықтай ғажап жаратылыс! Қалай ойлайсыз, сонда Құдай адамды тәндік жағынан Өзіне ұқсас етіп жаратты ма? Жоқ, бұл мүмкін емес, өйткені Құдайда дене жоқ. Құдай – рух. Олай болса, Киелі жазбадағы “Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп жаратты” деген сөзін қалай түсінуге болады?

\\ ----- Музыка ----- \\

Бұл Құдайдың адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас етіп жаратқанын білдіреді. Құдай адамды топырақтан жаратқан кезде, оның жаны болмағынын айтып өттік. Бұл әншейін өлі болатын. Құдай адамның рухын жаратпай тұрып неліктен бірінші тәнін жаратты екен? Ол неліктен адамды бірден жаратпады? Мүмкін Құдай бізге адамның өз күшімен өмір сүре алмайтынын білдіргісі келген шығар. Адам өз-өзіне өмір бере алмайды және жаны бар ештеңені жарата алмайды. Құдай Тіршіліктің Иесі және өмірді беретін тек Ол ғана. Өмір адамнан келмейді, өмір - Құдай беретін сый. “Құдай Оның мұрнына өмір лебін үрледі, адам осылай тірі жан болып шыға келді” – деп айтылған сөзді Киелі жазбадан оқыдық. Құдай жансыз денеге жан берген кезде адам неліктен өмір сүре бастады? Өйткені Құдай өлі тәнге өмір лебін үрледі. Құдайдағы өмір адамға берілді. Осылайша адам тірі тұлға болып шыға келді.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, мына сұрақтар төңірегінде ойланып көріңіз: Құдай адамның қай жерін Өзіне ұқсас етіп жаратты. Әрине, адамның жанын. Ал Құдайдың Рухының қандай қасиеттерін адамның рухынан табуға болады? Біз келесі хабарда Құдай мен адамға тән 3 қасиетті қарастыратын боламыз. Біздің толқындағы хабарларды үнемі тыңдай жүріңіз! Құдай Өзінің ең ұлы өсиетінің маңыздылығын сізге түсіндірсін, ал мына аят туралы ойланып, өз пікіріңізді жазып жіберіңіз!

“Құдайымыз Жаратқан Ие - жалғыз Құдай! Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниенмен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй”, Марқа 12:29,30. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Хабардың тақырыбы: «Адам мен Хауа, Пейіш бағы» Жар 2
Реттік саны: № 06.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.
Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық Жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Біз осы бағдарлама арқылы пайғамбарлардың жазбаларын оқып, зерттеу жасаймыз. Бүгінгі тақырып: «Пейіш бағындағы Адам мен Хауа».
Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Біз бағдарламыздың өткен санында, Құдай алтыншы күні адамды жаратқандығы жайында айтқан едік. Бүгінгі әңгімені адамның бойындағы Құдайдан келген 3 қасиеттен бастағанды жөн көрдік. “Құдай адамды өзіне ұқсас етіп жаратты” деген Киелі жазбадағы сөздердің мағынасын түсінесіз бе?

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдайдың адамның рухына енгізген 3 қасиеті мынандай:

Бірінші: Құдайды танып білу үшін Ол адамға ақыл-сана, рух берді.

Екінші: Құдайды сүйу үшін, Ол адамға жүрек, сезімдер берді.

Үшінші: Құдайға мойынсұну үшін, Ол адамға еркіндік, таңдау берді.

Құдайда ақыл-сана, сезім, еркіндік болғандықтан, Ол адамның жанына да ақыл-сана, сезім мен еркіндік берді. Сіз, бұлардың не екенін түсінесіз бе?

1. Біріншіден, Құдайды танып, Оның ойын білсін деп Құдай адамға ақыл-сана берді. Құдай адаммен жақын қарым-қатынаста болғысы келгендіктен адамды ақылды етіп жаратты. Ыбырайым пайғамбар туралы оқыған болсаңыз, сіз оның Құдайдың досы деп аталғанын білесіз. Ыбырайым Құдайды жақсы білді және Онымен жақын қарым-қатынаста болды. Алайда Құдаймен дос болу деген артықшылыққа ие болған жалғыз Ыбырайым ғана емес. Сіз де Құдаймен дос бола аласыз. Құдай сізбен де, жақын қарым-қатынаста болғысы келеді. Сондықтан сізбен бір ойда болу үшін Ол сізге де, ақыл-сана берді. Мен жеткізгім келген ойымды бір сұрақ арқылы анықтап алайын. Адамның жануардан қандай айырмашылығы бар?

\\.....Музыка.....\\

Әрине, ақыл-сана. Адамның ақыл-санасы мен рухы жануардың санасынан мүлдем өзгеше. Жануарлар біздің осы бағдарламамызды неліктен түсіне алмайды? Өйткені олардың санасы біздікіндей емес. Ардақты ағайын, дәл қазір, сіз менің сөздерімді түсініп отырсыз ба? Сізде адами ақыл-сана бар. Дәл осылай адамның рухы да Құдайдың Рухымен үйлесімдікте болу үшін жаратылған. Алайда біз өзімізді Құдай сияқты дана деп санамауымыз керек. Құдайдың даналығы шексіз, адамның даналығы Оған ешқашан жетпейді. Тірі Құдай адамдармен жақын қарым-қатынаста болу үшін оларға рух берді.

Құдай сіздің хайуанға ұқсап Құдайды танымағаныңызды қаламайды. Хайуанның миы бар болғанымен ол Құдай туралы ойлай алмайды. Оның аузы бар болғанымен Құдайдың күнделікті беретін тамағына алғыс айта алмайды. Оның көзі болғанымен Киелі жазбаны оқи алмайды. Оның құлағы бар, алайда ол Құдайдың сөзін тыңдап түсіне алмайды. Ал адам Құдайға ұқсас болып жаратылғандықтан Құдайды танып біле алады. Яғни мені қазір тыңдап отырған әрбір тыңдарман, сіз де Құдайды танып біле аласыз! Жаратушының бекіткен құтқарылу жолына сеніп, оны қабылдасаңыз, Онымен тамаша қарым-қатынаста бола аласыз. Өйткені ақыл-сана адамға Құдайды танып білу үшін берілді.

\\-----Музыка-----\\

Сонымен, екіншіден: Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп жаратқанда оның жанына тағы бір қасиетті орналастырды. Құдай адамға жүрек, Оны сүюі үшін сезімдер, яғни эмоциялар берді. Мұнда қан айналымын реттейтін кәдімгі жүректі емес, жаныңызды, ой-санаңызды толтыратын сезімдерді сіздің жүрегіңіздегі ойларды айтып отырмын. Құдай алғашқы адамды Өзі сияқты эмоцияларды сезінуге қабілетті етіп жаратты. Құдай сүйе алады, жек көре алады, қуанып қайғыра алады. Құдай адамның жанына сүю мен жек көруді сезінетін қабілетті де дарытты. Құдай: “Адам мен сүйгенді сүйіп, мен жек көргенді жек көрсін” – деп қалады. Құдай сіздің Оны бар жан-жүрегіңізбен сүйгеніңізді қалайды. Сондықтан Ол адамды Өзіне ұқсас етіп жаратып, оған жүрек берді.

\\.....Музыка.....\\

Үшіншіден: Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп жаратқанда, адамның жанына еркіндік берді. Яғни, Құдай адамға өз жолын таңдауға ерік береді. Құдайдың Өзі не істегісі келетінін таңдай алады. Осылайша, Құдай адамды да өзінің әрбір таңдауына ерікті және жауапты етіп жаратты. Құдай адамды таңдауға құқығы жоқ, әншейін айтқанды істейтін пенде етіп жарата алатын еді. Құдайда осындай билік бар. Алайда Ол мойынсұну немесе мойынсұнбау жайлы таңдау жасауды адамның өзіне берді. Құдай айтқанынан шықпайтын роботты жаратуды қаламады. Адамды әр күні таңертең дағдылы түрде аспанға шығатын, таңдауы жоқ Күнге ұқсас етіп жаратқысы келмеді. Күн әрдайым Құдайдың еркін орындайды. Ал адам басқаша, Ол - ерекше жаратылыс. Құдай сіз бен бізді Өзі үшін жаратты. Құдай сіздің Оны сүйіп мадақтағаныңызды қалады. Құдай адамға үлкен жауапкершілік жүктеді! Адам шайтанның соңынан ереді ме, Құдайдың сөзін таңдайды ма немесе Оған қарсы шығады ма – осының бәрін өзі шешуі керек. Құдай сізден Оның сөзіне сенуіңізді талап етеді. Алайда Ол сізді ешқашан зорлықпен Өзіне қаратып бағындырғысы келмейді. Зорлықпен сүю, сүю емес. Құдай әркімге осы өмірдегі өз жолын таңдауға ерік берді. Алайда ақыр соңында Оның Патшалығына кіруден бас тартқан барлық адамдарды соттап жазалайды,

өйткені Жаратқан Ие адамды Өзі үшін жаратты. Киелі жазбада осылай айтылған.

\\.....Музыка.....\\

Сондықтан, осы дүниеде өзіңіз немесе ақша және басқа біреулер үшін емес, Құдай үшін өмір сүретініңізді білгейсіз!. Құдай сізді Өзі үшін, Өзінің даңқы мен қуанышы үшін жаратты. Құдай сізді әрқашан Оны тыңдап, танып білуге, сүйуге және мойынсұнуға қабілетті етіп жаратты! Мәңгілік Құдай сіздің әрқайсыңызға мәңгілік рух сыйлады. Құдай бүгін де, ертең де және мәңгі-бақи сізбен терең әрі керемет қарым-қатынаста болғысы келеді. Ал келесі аяттан сіз Құдайдың адамнан не тілейтінін білесіз: *“Құдайымыз Жаратқан Ие - жалғыз Құдай! Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй”*, Марқа 12:29,30.

\\ -----Музыка----- \\

Ардақты ағайын, сіз Таураттан мына сөздерді: *“Алты күн ішінде Жаратқан Ие аспан, жер, теңізді және олардағы күллі нәрселерді жаратты”* дегенді оқиған шығарсыз. Құдай алтыншы күні алғашқы адамды жаратып, оған тән мен рух берді. Тәнін топырақтан жасап, ішіне мәңгілік бар болатын жанды орналастырды. Құдай адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас етіп, Құдайды танып білсін деп, оған ақыл-сана берді. Адам Құдайды сүйсін деп, Құдай оған жүрек, яғни сезімдер берді. Сонымен бірге Құдай адамға таңдау жасауға еркіндік берді, сондықтан адам Құдайға мойынсұнуды немесе мойынсұнбауды өзі шешеді. Сөйтіп, Тәңір Ие адамды жаратқаннан кейін тағы басқа жұмыстарды бітірген соң, жетінші күні демалды. Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабының екінші тарауы жетінші аятта былай жазылған: *“Сонда Құдай Ие жердегі топырақтан адамды жасап, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі. Адам осылай тірі жан болып шыға келді. Құдай Ие шығыста, Едем деген жерге пейіш бағын орнатып, Өзі жасаған адамды сонда орналастырды”*.

\\.....Музыка.....\\

Міне, көрдіңіз бе, Құдайдың Өзі жаратқан адамға қандай керемет бақ дайындап берді. Осы Бақ Едем немесе Пейіш бағы деп аталады. Кейбіреулер Құдай адамды орналастырған осы бақ көкте болған деп ойлайды. Ал Киелі жазба осы бақтың шығыста, Едемде, мүмкін қазіргі Ирак мемлекеті тұрған жерде болғанын айтады. Пайғамбарлар жазбаларында пейіш бағының жерде, ал Құдай мекендейтін жұмақтың көкте екені әрқашан анық айтылған.

Киелі жазбаның келесі аяттарында: *“Содан соң Құдай Ие көз тартарлық, жеуге жақсы жемістер беретін түрлі ағаштарды жерден өсіріп шығарды. Бақтың ортасында “мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаш” және “жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш” та өсіп тұрды. Бақты суландыратын үлкен өзен Едемнен ағып жатты, ол әрі қарай төрт өзенге бөлініп кететін.*

Құдай Ие пейішті өңдеп-күту үшін адамды сонда орналастырды”- делінген, Жарат. баст. кітабы 2:9,10,15.

\\.....Музыка.....\\

Осылайша, сіз Құдайдың алғашқы адамға ештеңеден қысылмай өмір сүрсін деп тамаша орын жасап бергенін көресіз. Құдай Адам-атаны дәмді әрі әдемі жемістерді молымен беретін ағаштарға толы жап-жасыл баққа орналастырды. Осы жер таза және ғажайып болатын. Адам-атаның көздері сұлулыққа сүйсінді, құлақтары құстардың әндерін тыңдады, мұрны бақта өсіп тұрған гүлдердің жұпар иісін сезді. Құдай Адам-атаға қуанышпен өмір сүруге қажеттің барлығын берді. Мейірімді Құдай Адам-атаға осы бақты күтіп-баптауды сеніп тапсырды, ал Адам-ата осыны қуанышпен істеді.

Ал ең кереметі, күн батып баққа салқын түскен кезде, Құдайға рухани жағынан ұқсас болып жаратылған Адам-атамен сөйлесу үшін Құдайдың Өзі келетін. Құдай Адам-атаға не үшін келді?

\\ -----Музыка----- \\

Біз бұрын айтқандай Құдай адамды өзімен қарым-қатынаста болу үшін жаратты. Құдай адаммен бірге сөйлесіп, бірге қуанып, мәңгі бірге болып, бірдей ойда жүруді, тығыз қарым-қатынаста болуды қалады. Алғашқы адамды орналастырған бақ туралы тағы бір нәрсе айта кеткенім жөн. Құдай бақтың ортасына өте маңызды 2 ағаш өсірді. Біреуі мәңгілік өмір беретін ағаш, ал екіншісі жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш болған. Құдай баққа мәңгілік өмір беретін ағашты өзінің мәңгі өмірін адаммен бөліскісі келетінін білдіру үшін отырғызды. Ал жақсылық пен жамандықты танытатын ағашқа келсек, Құдай оны Адамды сынау үшін өсірді. Киелі жазбадағы мына аятты тыңдаңыз: *“Оған бұйрық беріп: Саған бақтағы күллі ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі, оны жеген кезде өлесің, - деді”*, Жаратылыс. баст. 2:16,17.

Қадірлі бауырым, сіз осы аят жайында не ойлайсыз? Ойланып, бізге өз пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,
Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі
Хабардың тақырыбы: «Күнә әлемге қалай келді?», Жар 3.
Реттік саны: № 07.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.
Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық Жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Біз сізбен бірге пайғамбарлардың жазбаларын оқып, зерттеу жасаймыз. Бүгін жемісін жеуге тиым салған ағаш және күнәнің бұл әлемге келуі туралы әңгімеленеді. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ -----Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!
Өткен хабарымызда Құдайдың екі ағашты бақтың ортасына орналастырғанын айтқан едік. Біреуі мәңгілік өмір ағашы, екіншісі жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш. Бірақ Құдай неліктен Адам-атаға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеуге тиім салды?

\\ -----Музыка ----- \\

Қадірлі тыңдарман, бұл жайында сіз ойланып көрдіңіз бе? Құдайдың сараң болғаны ма? Жоқ, әрине, Құдай сараң емес! Құдай Адам-атаға: *“Саған бақтағы күллі ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің!”* - деген. Рақымды Құдай Адам-атаға қуанышпен өмір сүруге қажеттің барлығын берді, одан ештеңені ұстап қалған жоқ. Алайда адамның Оны қаншалықты сүйетінін және Оның өсиеттерін қалай орындайтынын көру үшін Құдай адамға осындай оңай сынақ жіберді. Құдай сөзінде былай айтылған: *“Кім Мені сүйсе, айтқандарымды берік ұстанады.... Мені сүйгендер сөзімді берік ұстанады....”* , Жохан жазған ізгі хабар 14:23,24. Құдай адамның сүйіспеншілігі мен сенімділігін тексермек болғандықтан оған осындай бұйрық берді. Ол адамды робот сияқты етіп жасаған жоқ, Құдайды сүюді және оған мойынсұнуды таңдай алатын, жүрегі, ақыл-ойы, ерік-жігері бар адамды жаратты. Тыйым салынған ағаштың жемісін жесе не болатынын Құдай Адам-атаға неліктен айтты? Көнекей, Киелі жазбаға қарайық: *“Жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің, Оны жеген кезде өлесің!”* Осылайша Құдай адамға мойынсұнбаушылықтың өлімге апаратынын айтып ескертті. Құдай Өзі жаратқан адамды сүйді. Сондықтан Құдай адамға былай ескертті: *“Адам, Маған мойынсұнбасаң құрисиың, өйткені Менің Киелі Заңым бойынша ‘күнәкар жан’ өледі”* деген, Иезекил пайғамбардың жазбасы 18:20 аятта .

\\.....Музыка..... \\

Кейбір адамдар: “Күнә деген не?” - деп сұрауы мүмкін. Киелі жазбада былай айтылған: “Күнә Құдайдың заңын бұзғандық”, “Әділетсіздіктің бәрі - күнә”, “Кім жасауға тиісті жақсылықты біле тұра жасамаса, сол күнәлы”, “Барлығымыз адасқан қойдай тентіреп өз бетімізбен жүрдік”. Күнә-Құдайға қарсы келушілік. Құдайға қарсы шыққандарға не болады? “Күнәкар жан өледі” - дейді Жаратқан Ие. “Күнәнің жазасы - өлім”. Өлім деген не? Біреулер өлгеннен соң бәрі бітеді, адам ештеңені сезбейтін болады деп ойлайды. Алайда сіз Киелі жазбаға қарасаңыз, өлімнің басқаша екенін түсінесіз. Еврейше жазылған Киелі жазбада өлім - бөліну, яғни өмірден ажырау дегенді білдіреді.

Сонымен, Құдай Адамға “жақсылық пен жамандықты білдіретін ағаштың жемісін жесең өлесің” дегенде осының мағынасы мынандай болған: “Адам, сен тыйым салған ағаштың жемісін жеген күні өлесің, демек Менен бөлінесің. Егер мені тыңдамасаң, Менімен қарым-қатынаста болмайсың. Мен Нұрмын, Мен күнәға және Менен бас тартқандарға шыдай алмаймын. Мен Өзәзіл мен оның періштелерін күнәға батқандары үшін қасымнан қуып жібергенмін, күнә жасасаңдар сендерді де қуамын. Сендер тиым салынған ағаштың жемісін жесеңдер, қартайып, ақырында өлесіңдер, яғни рух тәнді тастап кетеді. Күнәның зардабы осымен ғана бітпейді. Маған мойынсұнбасаңдар тәндеріңнен ғана айырылмайсыңдар, ең сұмдығы - рухтарың шайтанға арналған орынға барады. Осылайша Менен мәңгілікке алыстайсыңдар”.

\\-----Музыка-----\\

Осылайша күнә үш түрлі бөлінуді тудырады. Бірінші, сіздің жаныңыз Құдайдан алыстайды. Демек, сіздің жүрегіңіздегі күнәның кесірінен сіз Құдаймен байланыста бола алмайсыз. Екінші, өлген күні жаныңыз тәніңізден бөлінеді. Тәніңіз өледі де, ал жаныңызды Құдай жазалайды. Үшінші, сіздің жаныңыз бен тәніңіз Құдайдан мәңгі жанып тұрған отпен бөлінеді. Өлімнің не екенін Құдайдың сөзінен біле аласыз. Қысқаша айтқанда, өлім - тірі Құдайдан, яғни шынайы өмірдің бұлағынан бөліну. Киелі Құдай күнә бар жерде тұра алмайды. Күнәкардың жаны – ағаштан кесіліп, лақтырып тасталған жарамсыз бұтақ секілді. Ағаштан кесілген бұтақ тірі ме? Жоқ, ол өлі және оның жапырақтары да өле бастайды. Құдай жіберген құтқарылу жолын таңдамасаңыз сізбен де солай болады, сіз тірімін деп ойлағаныңызбен, жағдайыңыз Пайғамбарлар жазбасында сипатталғандай: “Сендер Құдайдың бұйрығын бұзып, күнә жасай бергендіктен рухани өлі едіңдер” (Ефес. хат 2:1). “Өздеріңнің әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді. Сондықтан да Тәңір Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды” (Ишайа 59:2). “Кім Менімен байланыста тұрмаса, сол кесіліп тасталған сабақтар іспетті “сыртқа лақтырып, кеуіп қалады”. Кепкен сабақтар кейін жиналып отқа жағылып кетеді” , Жохан жазған ізгі хабар 15:6 аят.

Иә, шынында да, ағашпен байланысы үзілген бұтақ жеміс бермейді. Күнәкар жан да Құдайдың алдында солай. Құдаймен қарым-қатынаста болмағандықтан күнәкар енді Құдайға ұнамды ештеңе істей алмайды. Құдай - мәңгілік өмір Иесі, демек “Шындық ағашы”. Ал күнәкарларға Құдайдың сотын күтуден басқа ештеңе қалмайды. Алайда Пайғамбарлар жазбаларында Құдайдың алдында тәубеге келіп, күнәміздің кешірілгенін біле аламыз деп айтылған.

\\-----Музыка-----\\

Енді Жаратылыстың басталуы кітабының екінші тараудың соңында не айтылғанын оқиық. Онда Құдайдың алғашқы әйелді қалай жаратқаны туралы айтады. Тыңдаңыз: *“Содан кейін Құдай Ие: Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас. Мен оған өзіне сай көмекші жасап берейін, - деді. Сонда Құдай Ие Адамды терең ұйқыға батырып, ұйықтап жатқанда оның бір қабырғасын алып, орнын етімен жауып тастады. Тәңір Ие сол қабырғадан әйел жасап, оны Адамға алып келді. Риза болған Адам былай деді: “Міне бұл өз сүйегімнен шыққан сүйек, өз етімнен шыққан ет! Ол әйел деп аталсын, себебі ол еркектен алынып жасалған”. Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады. Адам мен оның әйелі жалаңаш еді, ал олар бұған ұялған жоқ”, 2:18,21-25 аяттар.*

Міне, осылайша некені де, Құдай жаратқанын білдіңіз. Құдай әйел мен еркекті олар бір-бірін сүйіп, бірге өмір сүріп, Құдайды даңқтайтын бақытты отбасын құру үшін жаратты. Адамды сүйген Құдай оның бақытты болуы үшін керемет сыйлық, яғни әйелді жаратып берді. Құдай еркек пен әйелдің Онымен терең қарым-қатынаста болып, Оны сүйіп, Оған мәңгі мойынсұнғанын қалады (Еф. 5:21-33; 6:1-4 қараңыз). Сөйтіп, Құдай өз жұмысын аяқтады. Киелі жазбада: *“Құдай Өзінің жасағандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді. Тағы да кеш түсіп, таң атты, бұл алтыншы күн еді. Жетінші күнге оң батасын беріп, оны қасиетті деп белгіледі. Себебі Ол бұл күні Өзінің жарату жұмысының бәрін бітірген соң тынықты”* деп,-айтылған Жарат. баст. кітабы 1:31; 2:3.

\\.....Музыка.....\\

Ал сіз қалай ойлайсыз, Құдай неге жетінші күні демалды? Шаршағандықтан ба? Жоқ, Құдай ешқашан шаршамайды! Киелі жазбада: *“Құдай жарату жұмысының бәрін бітірген соң тынықты”* деп айтылған. Құдай жұмысын мінсіз істегендіктен жетінші күні тынықты. Сондықтан бір аптада жеті күн бар. Киелі жазбадағы мына сөздер туралы ойланып толғаныңыз: *“Күнәның беретіні – (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы өмір”* (Рим. хат 6:23). Сонымен, радио толқын арқылы Құдайдың екі алғашқы адамдарды қалай жаратқаны туралы білдіңіз. *“Құдай адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты”*—деп айтылған Жаратылыстың басталуы 1:27 аятта.

Еркек пен әйелдің жанына Құдайды тануға және Құдайды сүйуге қабілет, сондай-ақ, оларға Құдайға мойынсұнуды немесе мойынсұнбауды таңдауға еркіндік берді. Құдай оларды осы әлемдегі Едем деген ғажайып Пейіш бағына орналастырды. Құдай Адам-ата мен алғашқы әйел Хауа-анаға бақытты өмір сүруге қажеттің барлығын берді. Құдай адамдардың Оны танып біліп, Оны сүйіп, Оған мәңгі табынғанын қалады. Сонымен қатар, Құдайдың мінсіз жоспар құрып, Өзі жаратқан адамды оңай сынақтан өткізгенін де көрдік. Құдай Пейіш бағына жақсылық пен жамандықты танытатын ағашты отырғызып, адамға мынандай бұйрық берді: *“Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандық танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жеген кезде өлесің”*. Құдай неліктен Адам-атаны осындай сынақтан өткізді?

Оның жүрегін тексергісі келді. Құдай Адам-атаны күнәға батыру үшін сынақтан өткізген жоқ, Құдай оны жарылқап, оның күшін нығайтқысы келді. Адам-ата жаратылғаннан кейін күнәсыз болған, алайда оның жетілгендігі мен Құдайға деген сүйіспеншілігі әлі кемелді болған жоқ.

\\.....Музыка.....\\

Сондықтан Құдай Адам-атаның сүйіспеншілігін тексергісі келді. Егер Адам-ата Құдайға мойынсұнып, осы сынақтан өткенде, онда оның Құдайға деген сүйіспеншілігінің кемелділігі дәлелденетін еді. Яғни Адам-ата күнә істеуден бас тартқанда, онда оның күші нығаяр еді, өйткені Киелі кітапта Римдіктерге арналған хат 5:4 аятта: *“Шыдамдылықтан сенімділік туады”* деп айтылған. Сіз осы аят жайында не ойлайсыз? Ойланып, бізге өз пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. Осымен хабарымызды аяқтаймын.

Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз,

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы
Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,
Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Күнә әлемге қалай келді?» Жар. 3
Реттік саны: № 08.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.
Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман! Сізді «Шындық Жолы»
бағдарламасын тыңдауға шақырамыз. Бүгін: Жаратылыстың
басталуы кітабының 3-тарауынан үзінділер оқылады. Бұл тараудан
күнәның осы әлемге қалай келгенін, адамның жүрегінің неліктен
зұлым екенін және осы әлемнің неге азап пен қайғыға толы екенін
түсінетін боласыз. Сонымен, «Күнә әлемге қалай келді?» деген
тақырыптың жалғасын тыңдаңыз. Студияда хабарды жүргізуші
Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Әуел баста Адам-ата мен Хауа-ана Пейіш бағында сүйсініп өмір сүріп
жүргенін еді. Оларда қажеттінің бәрі болды. Жарылқаулардың ең
кереметі: кешкі салқын түскен кезде баққа Адам-атамен, Хауа-анамен
сөйлесу үшін Жаратқан Иенің Өзі келетін. Құдайдың баққа келу
себебі: Ол алғашқы адамдармен қуанышқа толы әрі мағыналы
қарым-қатынаста болғысы келді. Алайда сіз Киелі жазбадан сол бақта
тағы бір кейіпкердің бар болғанын білесіз бе?

\\ ----- Музыка ----- \\

Бұл жағымсыз кейіпкер - Құдайдың дұшпаны шайтан болған. Құдай
әлем мен ондағының бәрін жаратқанда шайтан бәрін бақылап жүрген.
Құдай адамға жамандық пен жақсылықты танытатын ағаштың жемісін
жеме деп бұйырғанда шайтан осыны да естіді. Бірақ ол әншейін
қарап және тыңдап қана тұрған жоқ, ол Құдайдың жасағанын құртуды
жоспарлады. Шайтан адамды Құдайға қарсы қойып, күнәға батырып,
Құдайдан ажыратып, өлтірмекші болды. Құдай шайтанның зұлым
жоспарын алдын ала білген, бірақ Адам-ата мен Хауа-ана осы
туралы ештеңе білмеді.

Бір күні олар тиым салынған ағаштың қасында тұрғанда, шайтан
жыланға айналып олармен сөйлесе бастады.

Киелі жазбада былай деп айтылған: *“Құдай Ие жаратқан жабайы
хайуанаттардың ішіндегі ең қуы жылан еді. Ол әйелге сұрақ қойып:
Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп
шынымен айтты ма?” – деді”* (Жарат. баст. 3:1).

Осы жерде, шайтан неліктен жыланға айналып келді?-деген сұрақ
тууы мүмкін. Бұның жауабын Киелі жазбадан табасыз: “Жылан Құдай
жаратқан хайуанаттардың ішіндегі ең қуы болатын”.

Шайтан адамды азғыру үшін өзін бәрін білетін ақылды тұлға қылып көрсеткісі келеді. Ол үлкен қызыл айдаһардың кейпінде келіп: *“Сәлеметсіздер, Адам және Хауа, мен Құдайдың дұшпаны шайтанмын. Бүгін сендерді азғырып, Өмір Иесі Құдайдан бездірмекпін. Сендер сонда өлесіңдер”*, - деген жоқ. Қайта шайтан ақылды, әдемі тұлғаға айналды. Олармен сөйлесу үшін жылан кейпінде келді. Өйткені дүниеге күнә келгенге дейін, жылан хайуанаттардың ішіндегі ең қуы болды. Шайтан әліге дейін қу. Ол өзінің ұсынған нәрселерін әдемі қылып көрсеткісі келеді. *“Шайтанның өзі өңін айналдырып, нұрлы періште болып көрінеді”* дейді Киелі кітапта.

\\.....Музыка.....\\

Сондықтан Құдай Өз сөзінде сізге мынадай ескерту жасайды: *“Жалған пайғамбардан сақтанып жүріңдер! Олар сендерге қой терісін жамылып келеді, бірақ олар жыртқыш қасқырлар”*.

Шайтан - өтірікші. Сондықтан ол Адам мен Хауаға ақылды да қу жылан кейпінде келгенде Адаммен емес Хауамен сөйлескісі келді. Өйткені ол Адамнан гөрі Хауаны азғыру оңайырақ деп ойлады. Құдай тиым салынған ағаштың жемісін жеуші болма деп Адамға Хауаны әлі жаратпай тұрып ескерткен. Шайтан осыны естіген. Бірақ Құдайдың бұйрығы туралы Хауа да білген. Алайда шайтан өзінің мақсатына қол жеткізу үшін бәрін қулықпен жоспарлап қойған болатын. Ол әйелді жамандық пен жақсылықты білдіретін ағаштың жемісін жеп көруге көндіруді ойлады. Сонда Адамның Құдайды тыңдамай әйелінің соңынан еріп кетуі мүмкін екенін шайтан алдын ала сезді. Киелі жазбада былай айтылған: *“Жылан әйелге: Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма? - деді”* Жарат. баст. 3:1 аят.

\\ ----- Музыка ----- \\

Міне, сіз шайтанның Хауаға не айтқанын естідіңіз бе? Ол: *Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма? - деп сұрады*. Шайтан не істегісі келді? Ол Хауаның көңіліне Құдай сөзі жайында күдік туғызғысы келеді. Сондықтан, ол: *“Құдай шынымен айтты ма”* деп қосты. Шайтан әліге дейін осы тәсілді қолданады. Ол Құдайдың сөзіне, яғни шындыққа қарсы күреседі, өйткені Құдай сөзі оның өтірігін шығарып, қарусыздандырады. Шайтан жарықтың түнекті қуатынындай шындықтың өтірікті жоятынын біледі. Енді әйел мен жыланның арасындағы қалған әңгімені тыңдап көріңіз: *“Әйел жыланға: Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай: бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісін жемеңдер, тіпті оған тиіспеңдер, әйтпесе өлесіңдер, деп айтқан болатын, - деп жауап берді. Сонда жылан әйелге: Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, сендер осы жемісті жеген кезде көздерің ашылып, ненің жақсы, ненің жаман екенін айырып,*

Құдай сияқты болатындарыңды Ол жақсы біледі - деді”, Жаратылыстың басталуы 3:2-5 аяттар.

Қандай сұмдық! Құдай Адам мен Хауаға тиым салынған ағаштың жемісін жесе не болады деді? Сендер өлесіңдер! - деді. Ал шайтан: Өлмейсіңдер! - деді. Осылайша шайтан Құдай сөзіне күмән келтіріп қана қойған жоқ, ары қарай оны жоққа шығарды.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, осы туралы сіз не ойлайсыз? Шындықты айтқан кім? Құдай ма, шайтан ба? Киелі жазба Құдай - шындық, Ол өтірік айтпайды дейді. Ал шындықты айтпайтын шайтанда “...ақиқат жоқ. Ол өтірікті өз болмысына сай айта береді, себебі ол өтірікші, өтіріктің бастауы”, Жохан 8:44.

Алайда, шайтанның өтірікші ғана емес қу екенін де есіңізде сақтауыңыз керек. Ол өтірікті шындықпен араластырып айтады. Сіз мұны оның Адам мен Хауаға айтқан сөздерінен көре аласыз: “Сендер осы жемісті жегенде көздерің ашылып ненің жақсы, ненің жаман екенін біліп Құдай сияқты боласындар”. Бұны айтқанда шайтан: “Сендер Құдай сияқты боласындар” дегенде өтірік айтты, өйткені күнәкар жандар Құдай сияқты емес, шайтан сияқты болады. Ал “Ненің жақсы, ненің жаман екенін білесіңдер” дегенде ол шындықты айтты, өйткені Адам мен Хауа күнә жасағаннан кейін ненің жаман екенін білді. Шайтан бұл білімнің олардың өміріне қайғы әкелетінін айтқан жоқ. Құдай осы жемісті жесеңдер өлесіңдер десе, шайтан өлмейсіңдер деді, өйткені ол өтірікші.

Адам мен Хауаның Құдай сөзі мен шайтанның сөзінің арасында таңдау жасайтын уақыты келді. Олар шындықты таңдай ма, әлде өтірікті ме? Нұрдың Патшасына ере ме, әлде түнек патшасына ма? Енді олардың қандай таңдау жасағаны туралы оқиық. Киелі жазбада былай жазылған: “Әйел ағаштың қасына барып, жемістің жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көріп, жемісті алып жеді. Оны қасындағы күйеуіне де берді, ол да жеді (Жаратылыс. баст. 3:6).

\\ ----- Музыка ----- \\

Қандай өкінішті! Құдай адамды Оны танып білуі, сүйі, Оған мойынсұнуы үшін Өзіне ұқсас етіп жаратты. Ал адам не істеді?. Ол Құдайды тыңдамай Құдайдың және адамдың дұшпаны шайтанның соңынан ерді. Қандай қайғылы күн десеңші! Адам-ата мен Хауа-ана тиым салынған жемісті жеп Құдайдан бас тартты. Киелі жазбада: “Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады” делінген, Рим. арн. хат 5:12. Сізге ұнаса да, ұнамаса да, ақиқат осы! Біз Адам-атаның ұрпағы болғандықтан бәріміз күнәкар болып туыламыз және өлуге тиіспіз. Алғашқы адам Құдайды тыңдамай, күнәкар болды, біз де сол сияқтымыз.

Біздің арамыздағы қайсымыз Құдайдың өсиеттерінің бәрін бұлжытпай орындап жүрмін деп айта алады? Ешқайсымыз!

Міне, Құдайға бағынбаушылық біздің болмысымызға Адам-атадан келді. Күнә ауру сияқты Адам-атадан бәрімізге жұқты.

Дегенмен, үмітіңіз үзілмесін, өйткені Құдай сөзінде былай деп айтылған: *“Сонымен, бір кісінің күнәсы бүкіл адамзатқа өлім жазасын алып келсе, өзге бір Кісінің әділетті ісі (Оған сенушілердің) бәрін ақтап, мәңгілік өмір сыйлады”*, Рим. хат 5:18.

\\.....Музыка.....\\

Келесі хабарда осыны жалғастырамыз. Сонда сіз Адам-ата мен Хауананың әділдік жолынан тайып, әділетсіздік жолына түскендерінен кейін не болғанын көресіз. Ал мына маңызды ақиқат жайында сіз не ойлайсыз? Ойланып, бізге өз пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз.: *“Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады”* Римдіктерге арналған хат 5:12.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Хабардың тақырыбы: «Адамның күнәсінің зардабы қандай болды?»

Реттік саны: № 09.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

Өткен хабарымыздан Құдай адамдардың Оны барлық жанымен және күшімен сүйгенін қалағанын, осы арқылы олармен тамаша әрі терең қарым-қатынаста болғысы келгенін білдік. Бүгін: «Адамның күнәсінің зардабы қандай?» деген сұраққа жауап іздейміз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын! Бүгін біз, Жаратылыстың басталуы кітабының 3-тарауында Адам-ата мен Хауа-ананың Құдайға қарсы күнә жасағанынан кейін не болғанын 7-аяттан оқимыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

“Сол кезде екеуінің көздері ашылып, өздерінің жалаңаш екенін білді. Содан олар інжір ағаштың жапырақтарын біріктіріп тігіп, алжапқыштар жасап алды”.

Адам-ата мен Хауа-ананың Құдайға бағынбағанының бірінші зардабы, өздерінің ұяты мен кінәсын жасырғысы келді! Бұрын, жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін әлі жемеген кезде олар өздерінің жалаңаш екеніне ұялмайтын (Жарат. баст. 2:25). Ал күнәға батқаннан кейін олардың өз тәндері туралы түсінігі өзгерді. Киелі Жаратушының алдында кінәлы екендерін сезіп, Одан ұялатын болды. Өздерінің жалаңаш тәндерін мен ұяттарын жабу үшін олар інжір ағашының жапырақтарынан өздеріне алжапқыштар жасап алды. Бірақ жалаңаш тәндерін жапырақпен жапқанымен өз жүректерін күнәдан тазарта алмады. Киелі жазбада: *“Күн батып жел соққан кезде олар Құдай Иенің бақ ішінде жүрген дыбысын естіді. Адам мен әйелі Оның көзінен тасаланып бақтағы ағаштардың арасына жасырынып қалды”* айтылған, Жаратылыстың басталуы 3:8. Енді Адам-ата мен Хауа-ана үшін жағдайдың барлығы өзгерді. Құдайға бағынып жүрген кезде олар Құдай Ие баққа келген сайын Онымен сөйлесу үшін алдынан қуанып шығатын.

\\.....Музыка.....\\

Ал қазір Оның жақындағанын сезінген кезде оларды ұят пен қорқыныш билеп, бақтағы ағаштардың арасына тығылды! Адам-ата неліктен ұялып қорықты? Мұны түсіну қиын емес. Егер біреу өзгенің бақшасына ұрлыққа түссе, иесінің дауысын естігенде не істейді? Ол тығылуға тырысады.

Дәл сол сияқты Адам-ата да Құдай тиым салған нәрсені жасап, енді тығылуға тырысты. Адам-ата Құдайға қарсы күнә жасағанын түсінді. Құдайға мойынсұнбағанына Адам-атаның қорқуы керек пе еді? Әрине. Неліктен? Өйткені Құдай оған жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеген кезде өлесің деп айтты. Құдай Өзінің айтқанын орындады ма? Адам шынымен өлді ме? Сіз қалай ойлайсыз? Құдай өзі жаратқан адамдарды шынымен жазалады ма? Осы сұраққа сұрақпен жауап берейік. Шайтан мен оның соңынан ерген періштелер Құдайға қарсы шыққаннан кейін Құдай оларға не істеді? Оларды ақтады ма? Жоқ, ақтаған жоқ. Құдай оларды пейіш бағынан қуып жіберді. Сонымен бірге олар болашақта тозақтың мәңгі отына жанатын болады. Ал Құдай адамды: “Ештеңе етпейді” деп ақтай салуға болар ма еді? Жоқ, өйткені Құдай - киелі, Ол күнәні міндетті түрде жазалайды. Бізге дейін өмір сүрген ұлы адамдардың бірі Леонардо да Винчи: “Күнәні жазаламаған оның жүзеге асуына жол береді” дейді. Құдай ешқашан күнәмен келіспейді, Ол оны жазалайды, Аббақұқ пайғамбар былай дейді: *“Қасиетті Құдай Ие, Өзіңнің таза көздеріңмен күнәға қарай алмайсың”* (Аббақұқ 1:13). *“Жаратқан Ие Өз халқына сот жүргізбек, мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп сотталу қандай қорқыныш”* (Еврей. хат 10:30,31). Киелі Құдайдың болмысы күнәны соттап жазалауды қалады. Сондықтан Адам мен Хауа күнәлары үшін жазалануға тиіс болды. *“Құдай Ие Адамды дауыстап шақырып: -Сен қайдасың? - деді”*.

\\ ----- Музыка ----- \\

Ардақты ағайын, адам күнә жасаса да, Құдай оны шақырып, іздеді. Бірақ Адам Құдайға келді ме? Жоқ, Ол Құдайдан жасырынуға тырысты. Құдай Адамды неге шақырды? Ол оның қайда екенін білмеді ме? Әрине, бәрін көріп-біліп отырған Құдай Адамның қайда тығылғанын білді. Бірақ Ол Адамның өз күнәсын мойындағанын қалады. Адам Құдайға бағынбаса да, Құдай оны әлі де сүйеді. Құдай Адамды: *Сен қайдасың? - деп шақырғанда Адам: “Сенің бақта жүргеніңді естіп қорқып кеттім. Себебі мен жалаңашпын, сондықтан жасырынып қалдым, - деп жауап берді”*. Құдай Ие Адамнан: *“Саған жалаңашсың деп кім айтты? Әлде Мен жеуге тиым салған ағаштың жемісін жедің бе? - деп сұрады”*. Ол *“Қасыма Өзің жіберген әйел маған сол ағаштың жемісін берді, мен жедім” - деді*. Құдай Ие әйелден *“Неге сен олай істедің?” - деп сұрады*. Әйел: *“Мені жылан азғырған соң жедім” - деді* (Жарат. баст 3:10-13). Адам-ата мен Хауа-ананың Құдайға қалай жауап бергенін естідіңіз бе? Әркім өзгені кінәлады. Адам: *“Мен кінәлы емеспін, маған жемісті берген - Өзің жіберген әйел, сол кінәлы”* деп Құдайды да, Хауаны да кінәлады.

Ал Хауа: *“Мені жылан азғырған соң жедім”* деп жыланды кінәлады. Бірақ адамның жүрегін білетін Құдай, олардың екеуінің де күнәкар екенін түсінді. Ағаштың жемісін же деп оларды Құдай да, шайтан да, зорлаған жоқ. Шайтан азғыруы мүмкін, бірақ зорлықпен күнә жасатқыза алмайды. Шайтан Хауаны азғырды, ал Хауа Құдайдың алдында күнә

жасады. Киелі жазба Адамды ешкім де алдаған жоқ дейді. Ол өзінің жолын өзі таңдады. Адам Құдайдың айтқанын жақсы түсінсе де, шындық жолынан ауытқып, басқа жолмен кетті. Ол Құдайға мойынсұнбай ғана қойған жоқ, өз күнәсін өзгеге жабумен күнәсін көбейтті. Қазіргі кезде де адамдар өз күнәлары үшін өзгені айыптауға тырысады. Бірақ Құдай шындықты біледі. Құдай әр адамға “Қайдасың? Не істедің? Менің Сөзіме неге сенбейсің? Жауап бер!” дейді. *“Жаратқан Ие былай дейді: Менің алдымда барлық адамдар тізелерін бүгіп, тіл біткен пенде Құдай екенімді мойындайтын болады деп Өз атымнан ант етемін! Демек әрқайсысымыз Құдай алдында іс-әрекетіміз үшін есеп береміз”* (Рим. хат 14:11,12).

\\ ----- Музыка ----- \\

Қадірлі тыңдарман, енді Құдайдың жыланды, Адам мен Хауаны қалай жазалағанын білу үшін мына үзіндіге назар салыңыз: “Сонда Құдай Ие жыланға үкім шығарып: - Осылай істегенің үшін барлық мал мен жабайы аңдардың ішіндегі сені қарғыс атты. Өмір бақи жер бауырлап, топырақ жеп өт! Әйел екеуінді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйелдің ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесің шағатын боласың, - деді. Ал әйелге Құдай мынаны айтты:

- Құрсақ көтерген кезде көретін бейнетіңді ауырлатамын, балаларыңды қиналып босанатын боласың. Сен күйеуіңе құштар боласың, ал ол саған билігін жүргізеді. Адамға Құдай Ие былай деді: - Әйеліңнің тілін алып, Мен тиым салған ағаштың жемісін жеген сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты! Бұдан былай тамағыңды өмір бақи бейнет шегіп топырақтан өсіріп жейтін боласың. Жердің топырағы саған арам шөп пен тікенектер қаулатып, сен даланың өсімдіктерімен қоректенетін боласың. Өзің жаратылған жердің қойнына қайтып кіргенше, жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың. Сен, топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың” , Жарат. баст 3:14-19.

\\.....Музыка.....\\

Міне, олардың күнәсінің зардабын көріп отырсыз. Күнәның кесірінен олардың өмірінде қайғы мен қасірет, маңдай терін төккізетін еңбек, ауру мен өлім пайда болды. Римдіктерге арналған хаттың 6-тарауының 23-аятында айтылғандай: “күнәның беретіні – (мәңгілік) өлім”. Өлім – Құдайдан бөліну дегенді білдіреді. Тиым салынған ағаштың жемісін жегенде Құдай Адам-ата мен Хауа-анаға: “Жеген күні өлесіңдер” деді. Олар сол күні кәдімгідей, өліп жерленді ме? Жоқ, алайда олар сол күні рухани өлді, өйткені Құдаймен байланысы үзілді де, өздерін Құдайдан, өмір көзінен алыстатты. Олар шайтанға сеніп, оның соңынан ерген кезде, Құдайдың қарсыласы шайтанның жағына өтті. Сөйтіп олардың Құдаймен қарым-қатынасы тоқтады.

\\ ----- Музыка ----- \\

Мысалы, сізбен дос болып жүрген біреу дұшпаныңызға сатылып кетсе, бірден сізге дұшпан болмай ма? Сіз сол адаммен қарым-қатынасыңызды тоқтатасыз.

Сол сияқты шайтанға бағынған адам да Құдайға дұшпан болады. Күнә адамды Құдайдан алыстатады. Біз бәріміз бұл дүниеге “*рухани өлі*” және күнәкар болып келдік (Ефес. хат 2:1) және “*Құдай беретін шынайы өмірден құр қалдық*” (Ефес. хат 4:18). Адам Құдайға мойынсұнбаған күні оның бүкіл ұрпағы күнәкар болды. Адамзаттың түп-атасы Құдайдың ұсынған жолынан бас тартты. Осының нәтижесі ретінде оның бүкіл ұрпағы Құдайдан алыс болып туылды. “*Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады*”, Рим. хат 5:12.

Арғы атамыз Адам Құдайдан ажыраған соң ағаштың кесілген бұтағы іспетті болып қалды. Кесіліп тасталған бұтаққа не болады? Ол қурап өліп қалады. Ал кесіліп тасталған бұтақтың кішірек бұтақтарына не болады? Олар көктеп, көгереді ме? Жоқ. Олар да өлі, өйткені олардың негізгі бұтағы қурап кеткен. Одан тараған біз де рухани өліміз. Арғы атамыз Адамның күнәлы болмысы бізге де тарады. Забур кітабында Дәуіт пайғамбар: “*Мен күнәкар боп дүниеге келдім, құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім*” деп жазды (50:7). Күнәны СПИД яғни ЖҚТБ сияқты әлемге тарап жатқан жаман ауруға ұқсатуға болады. Ол адамның денесіне бір еніп алғаннан кейін ешқашан кетпейді. Тіпті балаларына да тарайды. Осы ауруға қарсы ем әлі табылмағандықтан одан көптеген адамдар өліп жатыр. Күнә да солай. Ол бүкіл әлемді жаулап алған. Күнә адамдарды мәңгілік өлімге апарады, адам осы обадан өз күшімен ешқашан емделе алмайды.

\\..... Музыка.....\\

Ал сіз бүгін қуанып Құдайды мадақтаңыз, өйткені Ол Өзі сізге күнәның билігінен және жазадан құтқаратын ем береді. Алайда сіз Құтқарушыға сеніп, осы емді қабылдасаңыз, Ол шайтаннан және тозақтың билігінен азат ететін болады. Қадірлі бауырым, мына сөздер туралы ойланыңыз, өз пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. “*Мен күнәкар боп дүниеге келдім, құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім*”. Забур жыр. 50:7. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Хабардың тақырыбы: «Керемет уәде, Жар. 3»

Реттік саны: № 10.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз. Бағдарламамыздың өткен санында Адам-атаның Құдай жеуге тиім салған ағаштың жемісін жеп, Жаратушының жолынан тайғанын айтқанбыз. Құдайға рухани жағынан ұқсас болып жаратылған адам Құдайдың дұшпаны шайтанның соңынан еруді таңдаған. Бүгін: «Керемет уәде» деген тақырыпта әңгіме қозғалады. Жаратылыстың басталуы кітабы, үшінші тараудан үзінділер оқылады. Хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Адам-ата мен Хауа-ана әлі күнәға батпаған кезде Құдайдың олармен сөйлесу үшін баққа келуін қуана күтетін. Алайда күнәға батқаннан кейін олар Құдайдан қорқып, ағаштардың арасында жасырынып қалса да, Жаратқан Ие оларды тауып алып, сөйлескенде күнә: азап, қайғы, ауру мен өлім әкелетінін айтты. Ал бүгінгі қарастыратын тақырып: «Керемет уәде» деп аталады.

\\ ----- Музыка ----- \\

Шынында да, адамның ұрпақтарының барлығын осы күнге дейін өлім билеп келе жатыр. Адам баласы осы дүниеге күнәкар болып келеді. Сізге ұнасын, ұнамасын, бойыңызда Адам-атаның болмысы болғандықтан күнәкарсыз. Сол күнәңіз сізді Құдайдан алыстатады. Киелі жазбада былай айтылған: *“Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады”* (Рим. 5:12); *“Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды”* (Рим.3:23); *“Қайта, өздеріңнің әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді”,* (Ишая 59:2). Міне, осы жолдама аса жағымды естілмегенімен шындық. Құдайға мойынсұнбаған күні Адам ата және барлық туылуға тиіс адамзат жарық патшалығынан түнек патшалығына өтті. Істеген күнәсының нәтижесінде олар шайтанның құлы мен тұтқыны, тіпті үміті де болмады.

Олар күнәның құлдығына түсіп, өлімнен және тозақтың мәңгілік отынан қорықты. Киелі жазба осымен аяқталғанда, мұхиттың ортасында қалған үмітсіз пенде сияқты зар жылар едік. Құдай Адамның ұрпағына құтқарылу жолын көрсетпегенде мәңгі күнәның құлдығында қалар едік!

Мейірімі шексіз Құдай Адамның ұрпағына құтқарылу есігін ашты!
Құдай сөзінде: “Күнә қаншалықты көбейсе, Құдайдың рақымы одан да асып түсті” (Рим. хат 5:20). “Қорықпаңдар! Мен сендерге үлкен қуаныш жариялаймын, ол қуаныш барлық халыққа да ортақ” (Лұқа 2:10) “Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсынатын рақымы анық білінді” (Тит. 2:11) делінген. Құдай киелі, әділ, күнәны “ұмыта” алмайды. Сондықтан Ол күнәкарларды жазалайды. Күнәның жазасы - өлім және Құдайдан мәңгілікке алыстау. Күнәның жазасы ешқашан өзгермейді. Алайда сіз бүгін Құдайдың киелі ғана емес, рақымды екенін де білесіз! Соттаушы Құдай сіздің Құтқарушыңыз болмақшы. Адам-ата мен Хауа-ана күнәға батқан күні-ақ Құдай күнәкарларды құтқару жайындағы керемет жоспарын білдірді. Қадірлі бауырлас, енді осы жақсы жаңалық жайлы көбірек білу үшін Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабын оқиық.

\\ ----- Музыка ----- \\

3-тараудың 15-аятыда жылан бейнесіндегі шайтанға Құдай былай айтқан: “Әйел екеуіңді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйел ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың”. Бұл аяттың мағынасы өте терең болғандықтан оны түсіну оңай емес шығар. Бірақ, мазмұнын былай тұжырымдауға болады: Құдай Адамның ұрпақтарын шайтанның құлдығынан азат ету үшін осы әлемге Құтқарушыны жібереді. Бұнда Құтқарушы туралы бірінші рет айтылады. Осы Құтқарушы туралы 4 ақиқат бар. Оларды қарап шығайық:

Бірінші ақиқат-Құдай Құтқарушының пәк қыздан туылатынын айтты. Сіздің ата-анаңыздың біреуі еркек, біреуі әйел. Бірақ Құтқарушы Құдайдың құдіретімен әйелден ғана туылуға тиіс болған. Оның жердегі әкесі болмайды. Адамның ұрпағы Құтқарушының әкесі бола алмайды, өйткені Адамның ұрпағы күнәмен ластанған. Күнәкарларды азат ететін Құтқарушы күнәсіз әрі мінсіз болу керек. Ол көктегі Құдайдан келуге тиіс. Осылайша, бұл аяттан білетін бірінші ақиқат: Құдай уәде еткен Құтқарушы әйелден ғана туылуы керек.

Екінші ақиқат – Адам-ата мен Хауа-ана күнә жасаған күні Құдай: уәде етілген Құтқарушы туралы айтып, шайтанға: “Сен оның өкшесін шағатын боласың” деді. Шайтанның Құдайдың көктен жіберген Құтқарушысын ұрып-соғып, қинауы Құдай жоспарының бір бөлігі болған. Сіз бен бізді Құдайға қайтару үшін Құтқарушы біздің күнәміз үшін қиналып өлуге тиіс болды. Ал күнәдан құтқаруға Ол өз өмірін қиды.

Құтқарушы туралы үшінші ақиқат - Құдай шайтанға: Құтқарушы басыңды мыжиды деді. Бұл шайтан үшін өте жаман хабар болғанымен, біз үшін, яғни шайтанның, өлімнің, тозақтың құлдығынан азат болғысы келетіндер үшін жақсы хабар. Құдай Құтқарушының ақыр соңында шайтанды жеңіп, Адам-атаның ұрпақтарын күнәнің құлдығынан құтқаратынын айтты. Төртінші ақиқат - Құдай жер жүзінде адамдардың екі түрі болатынын айтты, яғни шайтанға бағынатын және Құдайға

бағынатын. Құдайға сенбейтін, Оған мойынсұнғысы келмейтіндер шайтанның адамдары, ал Құдайға сеніп Оның Құтқарушысын сеніммен күтетіндер Құдайдың адамдары. Міне, сөйтіп, сіз Адам мен Хауа күнә жасаған күні Құдайдың оларға күнәкарларды құтқару жайындағы керемет жоспарын жариялағанын көрдіңіз. Ардақты ағайын! Егер біздің үйреткенімізді әлі толық түсіне алмай жатқан болсаңыз, абыржып уайымдамай-ақ қойыңыз. Құдайдың сөзін хронологиялық ретпен зерттегендіктен болашақта барлық нәрселер анықталатын болады.

\\ ----- Музыка ----- \\

Енді Таураттың бірінші кітабының 3-тарауының соңғы аяттарын оқып, осы тарауды тамамдайық. Киелі жазбада былай айтылған: *“Құдай Ие Адам мен оның әйеліне хайуандардың терілерінен киім жасап, оларды киіндірді. Сонан соң былай деді: ‘Міне, адам ненің жақсы, ненің жаман екенін біліп, Біз сияқты болды. Енді ол қолын созып, мәңгілік өмір сыйлайтын ағаштың жемісін алып жеп, мәңгі өмір сүріп жүрмесін’.* Сонымен Құдай Адамды пейіш бағынан қуып шығып, оған өзі жаратылған жердің топырағын өңдетіп қойды. Адамды қуып шыққаннан кейін мәңгілік өмірді сыйлайтын ағашқа апаратын жолды күзету үшін пейіштің шығыс жағына керуб деген періштелерді және жүзінен от шашып, әрі-бері қозғалып жарқылдап тұрған бір семсерді қойды” (Жаратылыс. баст. 3:21-24). Осы аяттарда ең қажетті бірнеше шындық бар. Адам-ата мен Хауа-ана жақсылық пен жамандықты білдіретін ағаштың жемісін жеген соң не істеді? Олар Құдайдың алдында жалаңаш тұруға ұялып інжір ағашының жапырақтарынан алжапқыштар жасап алды. Құдай олардың жапырақтан жасаған киімдерін қабылдады ма? Жоқ. Неліктен? Өйткені Құдай Адам-ата мен Хауа-анаға Өзінің мінсіз екенін көрсеткісі келді және адам баласының әділетсіз істерін қабылдамайтынын үйреткісі келеді.

\\.....Музыка.....\\

Осыған байланысты Киелі жазбада былай айтылған: *“Бәріміз де күнәға батып ластанып кеттік! Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиіркенішті!”* (Ишая 64:6). Адам не істесе де Құдайдың алдында күнәсын жасыра алмайды. Бірақ Құдай адам үшін бір нәрсе істеді. Құдай хайуандарды өлтіріп, олардың терісінен Адам мен Хауаға киім жасап берді. Осылайша хайуандар бірінші рет құрбандыққа шалынды. Адам-ата мен Хауа-ана Құдай өлтірген хайуандардың қанын көріп қорқып кетті! Хайуандардың қаны арқылы Құдай Адам мен Хауаға *“Күнәнің жазасы - өлім”* деген ақиқатты үйреткісі келді, (Рим. хат 6:23). Біз бұл ақиқатты бүгін толық түсіндіре алмаймыз, алайда Құдайдың негізгі заңында *“Қан төгілмей Құдай күнәні кешірмейді”* (Еврей. хат 9:22) делінгенін, күнә үшін тиісті құн төлену керек екенін біліп алыңыз. *“Күнәнің жазасы өлім”*. Құдай құны төленген күнәні ғана кешіреді. Күнәкар үшін таза әрі пәк тұлға құрбандыққа шалынып өлуге тиіс. Әділ Құдай адамның күнәсін осы жолмен ғана кешіре алады.

Жануарларды құрбандыққа шалу – осы әлемге келіп, Өзінің қанын күнәкарлар үшін төгетін Құтқарушы жайындағы нышан болған.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сөйтіп, Адам-ата мен Хауа-ананы Жаратқан Ие Едем бағынан қуып жіберіп, мәңгілік өмір сыйлайтын ағашты күзетуге керуб деген періштені және жүзінен от шашып тұрған семсерді қойды. Адам-ата мен Хауа-ана тиым салынған жемісті жеп, өздеріне өлім тілеп алды. Құдайдың жарылқауынан құр алақан қалған олар енді пейіш бағында қала алмады. Сіз Құдайдың күнәға батқан шайтанды өзінің қасынан қалай қуғанын көріп отырсыз.

Ардақты ағайын, мына екі нәрсені есте сақтауыңыз керек:

1. Құдай - әділ. Ол күнәні жек көреді. Сондықтан Ол Адам-ата мен Хауа-ананы пейіштен қуып жіберді.

2. Құдай - рақымды. Адам-ата мен Хауа-ана оның рақымына лайық болмады, Олар жазалануға тиіс болды. Алайда Құдай адамдардың өлгенін қаламады. Сондықтан Ол күнәкарларды шайтанның қара-түнек патшалығынан босатып, Құдайдың нұрлы патшалығына апаратын Құтқарушыны жіберуге уәде берді. Алайда бір нәрсені дұрыс түсінейік: Құдайдың рақымы Оның әділдігіне ешқашан қайшы келмейді. Оның осы екі қасиеті бірге жұмыс істейді. Ардақты ағайын, біз бүгін, Адам мен Хауа күнәға батқан кезде Құдайдың оларға қандай керемет уәде бергені туралы сөйлестік. Құдайдың Құтқарушы жайында берген керемет уәдесін толық түсінгенше, бізбен бірге болсаңыз деп үміттенеміз.

Ал мына аят жайындағы сіздің пікіріңізді күтеміз: *“Күнә қаншалықты көбейсе, Құдайдың рақымы одан да асып түсті”*, (Рим. хат 5:20). Осымен хабарымызды аяқтаймын. Хат жазып хабарласыңыз! Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Хабардың тақырыбы: «Қабыл мен Әбіл: Құрбандық әкелу жолы» Жар 4.

Реттік саны: № 11.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Бүгінгі тақырып: «Қабыл мен Әбіл: Құрбандық әкелу жолы» деп аталады.

Бағдарламада Жаратылыстың басталуы кітабынан төртінші тараудан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен бағдарламада Құдайдың осы әлемге Құтқарушыны жіберуге уәде бергенін оқыдық. Құтқарушы Адам атаның ұрпақтарын шайтан мен күнәның билігінен және тозақтан құтқаруға тиіс болған. Адамдар не істесе де, өз жаман істерін Құдайдың алдында жасыра алмайды. Күнәкарларды Құдай ғана ақтай алады. Құдай бірнеше хайуандарды құрбандыққа шалып, олардың терісінен киім жасап, Адам-ата мен Хауа-ананы киіндірді. Ең бірінші қанды-құрбандықты шалған Құдай болатын. Жаратқан Ие жер жүзінде екі түрлі адамдардың, болатынын жариялады: біріншісі - Құдайдың сөзіне сенуден бас тартатындар, екіншісі – Құдайдың сөзін қабылдап, Оған сенетіндер. Ал бүгін, сіз, Адам-ата мен Хауа-ананың тұңғыш ұлдары туралы білетін боласыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сонымен Адамның бірінші ұлы – Құдайға сенуден бас тартқан Қабыл, екіншісі – Құдайға сенген Әбіл екенін біліп алыңыз. Адам-ата мен Хауа-ана Едем бағынан қуылып, сыртта өмір сүріп жатқан. Құдай оларды күнәлары үшін қасынан қуап жіберді. Өздерінің күнәларының кесірінен олар енді пейіштегі жарылқауларға лайықсыз болған, өйткені олардың Құдаймен қарым-қатынастары бұзылды. Дегенмен, Құдай әлі де оларды сүйіп, жағдайын ойлады. Енді Тауратты бірге оқиық. Жаратылыстың басталуы кітабының 4-тарауында былай айтылған: *“Адам әйелімен жақындасқан соң оның бойына бала бітіп, Қабылды туды. Сонда Хауа: “Жаратқан Иенің жарылқауымен дүниеге ер бала әкелдім”, - деді. Бұдан кейін оның інісі Әбілді туды”*. (Жарат. 4:1,2). Олар өздерінің ата-анасы сияқты күнәкар еді. Адамның күнәсі жұқпалы ауру сияқты балаларына да тарады. Киелі жазбада: *“Адам өзіне ұқсас ұлды болды”* деп жазылған. (Жар. баст. 5:3). Әкесі қандай болса, баласы да сондай болды. Осы екі бала дені сау әрі білімді болып өсті. Қабыл жердің топырағын өндейтін егінші еді, ол ауыр жұмыстан қорықпайтын. Ал Әбіл мал бағатын.

Екеуі де Құдайдың бар екенін және Оның киелі болғандықтан күнәні жек көретінін, Құдайға жақындау үшін құрбандық қанын төгу керек

екенін білген. Қабіл мен Әбіл бір күні Құдайға құрбандық шалып сиынбақшы болды. Киелі жазбада: *“Біраз уақыт өткен соң Қабыл Жаратқан Иеге арнап жерден жинап алған өнімінен тарту ұсынды. Әбіл де малының алғашқы төлдерінен әкеліп, құрбандыққа шалып, ең майлы, семіз жерлерін тарту етті. Жаратқан Ие Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның ұсынған тартуына риза болмады”* деп жазылған, Жар. баст. 4:3-5 аяттарда. Ардақты ағайын, осы болған жағдай туралы сіз не ойлайсыз?

\\.....Музыка.....\\

Екі адам Құдайға сиынбақшы болып, Құдайға құрбандықтарын әкелді. Алайда *“Жаратқан Ие Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның ұсынған тартуына риза болмады”*. Құдай неліктен Әбілдің құрбандығын қабылдап, Қабылдың құрбандығын қабылдамады? Осы екі құрбандықтың арасында қандай айырмашылық бар? Қабылдың тартуы мен Әбілдің тартуы бір-бірінен өзгеше болды. Қабыл Құдайға әдемі әрі дәмді көкөністер мен жемістер әкелді. Ал Әбіл Құдайға төлдердің қанын ұсынды. Құдай Әбілдің күнәсын кешірді, ал Қабылдың күнәсын кешірмеді. Құдай неліктен төлдердің қанын ұсынған Әбілдің күнәсін кешіріп, ал жеміс пен көкөніс әкелген Қабылдың күнәсын кешірмеді? Құдайға жеміс пен көкөністің ұнамағаны ма? Жоқ, олай емес! Ондай болса Құдай неліктен Әбілді ақтап, Қабылды күнәкар күйінде қалдырды? Өйткені Әбіл Құдай талап еткен құрбандықты әкелді, ал Қабыл басқа нәрсені ұсынды. Құдай Өз әділдігіне қайшылық тудырмай олардың күнәларын қалай кешіре алады? Құдай күнәсыз жануардың қанын, яғни өмірін талап етті. Әбіл Құдайға сенді және Құдай талап еткен тартуды әкелді. Сондықтан Киелі жазбада былай жазылған: *“Құдайға сенгендіктен Әбіл Оған арнап Қабылдікінен көрі тиімді құрбандық жасады. Сенімі арқылы Әбіл ақталды, өйткені Құдай оның ұсынған сый-тартуларын ұнатып қабылдады”*(Еврей. хат 11:4). Әбіл Құдайға сенді, ал Қабыл сенген жоқ. Құдайға сену - деген не?

\\----- Музыка ----- \\

Бұл – Құдайдың сөзіне сенім артып, Оған бағыну, Оның айтқанын шындық деп қабылдау. Егер сіз “Мен Құдайға сенемін” дей тұра Киелі жазбадағы Оның айтқандарына сенбесеңіз, онда сіз Құдайға сенбейсіз. Құдай мен Оның сөзі - бір. Ал сіз Құдайға сенсеңіз - онда Оның сөзіне де мойынсұнып, сенесіз. Егер сіз Құдайдың айтқанына сенбесеңіз, онда Құдайдың Өзінен бас тартасыз. Құдай Әбілді ақтады, өйткені ол Оның сөзіне сеніп Оның айтқанындай малдың қанын төкті. Құдай Қабылды ақтамады, өйткені оның Құдайдың Сөзіне деген сенімі шынайы болмады. Қабыл Құдайға сенемін деді, бірақ оның ісі керісінше болды, ол Құдай айтқанындай құрбандыққа қан төккен жоқ.

Біреулер: “Құдай неліктен құрбандыққа жануардың қанын талап етті? Құдай неліктен “Қан төгілмей күнә кешірілмейді” деді?” деп сұрауы мүмкін. Мұның себебі мынандай: Құдайдың қасиетті заңы бойынша күнәның құнын өлім ғана өтейді! Сондықтан қан төгілу керек. Құдай “күнәны жеміс-жидектермен өтеуге болады” -демейді. Сондай-ақ, “күнәні дұғамен, оразамен және жақсы жұмыспен өтеуге болады” – деп те айтпайды. Жоқ! Құдай киелі болғандықтан “күнәның құны - өлім” дейді. Пайғамбарлар жазбалары бізге әрбір адамның, яғни Адам-атаның әрбір ұрпағының күнәкар екенін және әрбір күнәкардың Құдайдың алдында қарыздар екенін көрсетеді. Күнәкар өлуге тиісті, өлгеннен кейін ол тозаққа түсіп, күнәның құнын мәңгілік өтейтін болады. Күнәның құны өте жоғары, сіз қанша игі істер жасасаңыз да, Құдайдың алдында ақтала алмайсыз. Күнә үшін берілетін жаза - өлім мен тозақ.

\\ ----- Музыка ----- \\

Ардақты ағайын, көз алдыңызға бір жағдайды елестетіп көріңізші. Мен біреуден қарызға көп ақша алдым дейік. Сол адамға барып: “Мен саған көп ақша қарызбын, бірақ соны қайтара алмаймын, ақшам жоқ. Мен сенімен былай келісейін: Қарызымнан құтылғанша күнде сенің үйіңнің алдын сыпырайын”, - деймін. Қарыз берген адам маған не деп жауап береді? Ол айтқаныма ренжитін немесе күлетін болар. Ол менің ұсынысымды қабылдамайды. Неліктен? Өйткені, өзімнің азғантай еңбегіммен үлкен қарызды өтей алмаймын. Дәл осылай ешкім де күнәсын игі істерімен өтей алмайды. Құдай Қабыл мен Әбілді күнәның қарызынан еңбектеріне бола емес, құрбандық қаны арқылы құтқаруды жоспарлады. Яғни күнәсыз жан күнәкар үшін өлу керек. Күнәны кешіру жайындағы жоспарды адам емес, Құдай жасады. Құрбандық арқылы Құдай Адамның ұрпағына кешірім мен құтқарылуға есік ашты. Ерте заманда Құдай әрбір күнәкардың күнәсі үшін жануарды құрбандыққа шалу керек екенін көрсетті. Күнәсыз жануар күнәкар үшін өлуге тиіс болған. Құрбандықтың қаны адамдардың күнәсын Құдайдың алдында уақытша жуып шаятын. Бірақ малдың қаны адамдарды күнәның қарызынан толық азат етпеді, себебі малдың құны адамның құнымен тең емес. Сондықтан Киелі жазбада жануарлардың құрбандық қаны *“Жарылқаудың өзі емес, оның күңгірт жобасы ғана. Өйткені құрбандыққа шалынған бұқалар мен қошқарлардың қаны адамның күнәсін өтеп, тазарта алмайды”* – деп жазылған (Евр.10:1,4). Ал мына маңызды ақиқатты есте сақтаңыз: жануарларды құрбандыққа шалу - Адамның ұрпағын күнәның құлдығынан құтқару үшін дүниеге келетін Құтқарушы жайлы берілген үлгі. Құдай уәде еткен осы Құтқарушы *“Әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола өмірін қиды”* (Петір. 1-хаты 3:18). Інжіл Шарифте айтылғандай барлық пайғамбарлар осы Құтқарушы туралы:

“Оған сенген әркімнің күнәлары Оның арқасында кешіріледі” деп алдын-ала куәлік келтірген,(Елші.ісі. 10:43). Дегенмен бұрынғы заманда Құдайдың жоспары бойынша адамдар құтқарылу үшін жануарларды құрбандыққа шалуға тиіс еді, бірақ, Қабыл Құдайдың талабын елемей, басқа жолмен кетіп, алғашқы жалған дін жасап алды. Ол Құдайға өзінің жасаған нәрселерін, яғни қарғыс атқан жерден шыққан өнімдерді алып келді. Оның құрбандығында қан болған жоқ. Құдай осындай қансыз тартуды қабылдады ма? Жоқ. Ал Әбілге келсек, ол Құдайға мінсіз тоқтыны құрбандыққа шалып, өртеп жіберді. Осындай құрбандықтан соң Әбілдің ар-ұжданы Құдайдың алдында таза болды. Әбіл өзінің өлуге тиіс екенін білді, алайда оның орнына мінсіз тоқты өлді. Осылайша Әбіл дүниеге күнәкарлар үшін келіп, олардың күнәсі үшін жазаланатын Құтқарушыға сенетінін білдірді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сонымен бауырым, Құдай неліктен Қабылдың құрбандығын қабылдаған жоқ? Әбілге қарағанда Қабыл көбірек күнәкар болғаны ма? Жоқ, себеп мұнда емес. Адамдардың ойымен қарағанда Қабылдың құрбандығы тіпті Әбілдікінен жағымдырақ болған сияқты. Жеміс-жидек пен көкөніс көзге тартымды көрінеді. Ал тоқтының бауыздалғаны жағымды көрініс деп айту қиын. Дегенмен, күнә Құдайды ренжітіп, қаһарландыратын нәрсе. Сондықтан Құдай, “Қан төгілмей күнә кешірілмейді” деп құтқарылудың жалғыз жолын көрсетті. Қабыл Құдайдың ақиқат жолын құрметтемегендіктен оның ұсынған құрбанығы қабылданған жоқ. Адам шындық жолымен жүрмесе, ешқашан Құдайға келе алмайды. Құдай жолы – мінсіз әрі тура! Оның жолын есеп ғылымына ұқсатуға болады. “Екіге екіні қосса қанша болады?” деген сұрақтың бір ғана дұрыс жауабы бар: “Төрт”. Ал “үш” немесе “төрт жарым” деген - қате жауаптар. Құдайдың күнәкарлармен татуласуының бір ғана жолы-мінсіз құрбандық. Құрметті бізді тыңдап отырған ағайын, сіздің күнәңызды кешіріп, жүрегіңізді тазарту үшін Құдай осы әлемге Құтқарушыны жіберді. Мына аят жайында сіздің пікіріңізді күтеміз: “Қан төгілмей Құдай күнәні кешірмейді” деген негізгі заң туралы не ойлайсыз?, Евр. 9:22. Хабарымызды осымен аяқтаймын. Хат жазып хабарласыңыз! Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Тәубеге келмеген Қабыл, Жар. 4».
Реттік саны: № 12.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Бүгінгі бағдарламадан Жаратылыстың басталуы кітабынан «Тәубеге келмеген Қабыл» жайында білетін боласыз. Біздің толқыннан алыстап кетпеңіз! Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ -----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Біз бағдарламыздың өткен санында Адам-ата мен Хауа-ананың Қабыл және Әбіл деген екі ұлы туралы білдік. Олардың әрқайсысы Құдайға сиынып, Оған құрбандық шалды. Қабыл Құдайдың алдына өзі өңдеген жерінің өнімдерін алып келді, ал Әбіл кінәратсыз тоқтыны бауыздады. Құдай неліктен Әбілдің құрбандығын қабылдап, Қабылдікін қабылдамады? Өйткені Құдайдың әділдік жолы қанның төгілуін талап етеді. Әбіл Құдайдың сөзіне сеніп, Оның талабын орындағандықтан Құдай оны ақтады. Ал Құдайға өз істері арқылы ұнамақ болған Қабылды қабылдамады. Бүгін біз Қабыл мен Әбіл туралы әңгімені одан әрі жалғастырамыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдай Қабылдың құрбандығын қабылдамағаннан кейін не болғанын білесіз бе? Жаратылыстың басталуы кітабының 4-тарауының 5-аятында: *“Қабыл қатты ашуланып, қабағын түйіп безеріп алды”* - делінген. Қабыл неге ашуланды? Мұны түсіну қиын емес. Мәселен, мен бір жаман нәрсе істеп жүрсем, маған біреу: *“Мұның дұрыс емес! Қоймайсың ба! Дұрыс жүрсеңші!”* десе, менің серпілісім қандай болмақ? Мен осы адамның сөзін кішіпейілділікпен қабылдап, өзгеруге тырысамын не оған қатты ренжіп, қырсығып, істегенімді ары қарай жалғастыра беремін. Құдай Қабылға оның әкелген құрбандығының дұрыс емес екенін түсіндіргісі келіп, оны біраз сөкті. Қабылдың тәубеге келіп, Әбіл сияқты дақсыз төлді әкелгенін қалап, дұрыс жолға түсіріп құтқарғысы келді. Бірақ Қабыл тәкаппар болғандықтан Құдайдың алдында қатесін мойындығысы келмеді. Оның орнына ашуланып, түңіліп кетті. Енді Киелі жазбаны оқиық: *Сонда Тәңір Ие Қабылға: “Сен неге ашуланасың? Неге қабағыңды түйіп безересің? Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім. Ал істегенің дұрыс болмаса, онда босағанды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек”*-деп сөзін арнады (Жаратылыс. баст. 4:6,7). Құдай Қабылға неліктен осындай сұрақтар қойды?

\\.....Музыка.....\\

Өйткені Ол Қабылдың өлгенін қаламады. Құдай Қабылдың дұрыс жолмен жүріп, күнәсына өкініп, тәубеге келгенін қалады. Құдай оны және оның ұрпақтарын күнә деген өте қауіпті жаудан сақтандырғысы келді. Күнә деген не? Күнә - бүкіл әлемнің мәселесі. Бұл сіздің ең қауыпты дұшпаныңыз. Күнә улы жылан сияқты, тіпті, үлкен орманды жалмап қоятын отқа ұқсайды. Күнә шайтанның осы әлемді өртеу үшін қолданатын жалыны. Құдай сөзінде айтылғандай: *“Кім жасауға тиісті жақсылықты біле тұра жасамаса, сол күнәлы”* (Жақып 4:17), *“күнә - Құдай заңын бұзғандық... Ал кім күнә жасай берсе, сол шайтанның баласы, себебі шайтан әлем жаратылғаннан бері күнә жасап келеді”* (Жохан. 1-хаты 3:4,8). Күнә деген сіздің тәніңіздің мүшелері арқылы жақсылық пен шындыққа қарсы күресетін күш. Құдайдың еркіне қарсы келудің барлығы күнә болып табылады. Күнә - Құдайдың сөзіне сенбей, Оған қарсы шығу. Адамның өз бетімен жүруі де - күнә дейді Ишая пайғамбардың жазбасында. Құдайға сенбей, Оған мойынсұнбай өз жолымен жүргендердің соңы не болады? *“Сол адамдар мәңгі-бақи Иеміздің алдын көрмей, Оның салтанатты ұлы құдіретінен аластатылып, шексіз қасірет шегетін болады”* (Салоника. 2-хат 1:9). Құдай көрсеткен құтқарылу жолымен жүргендер мәңгілік өмірге ие. Ал жүректерін қасарыстырып, шындықты қабылдамағандар Құдайдың қаһары мен сотына ұшырайды. Алайда Киелі жазбада: Құдай *“ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды”* деп айтылған (Петір. 2-хаты 3:9). Құдай Қабылдың күнәкар болып өлгенін қаламады. Ол Қабылдың теріс жолдан қайтып, күнәсына өкініп, дұрыс жолға түскенін қалады.

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдай Адамға күнәкарларды құтқару туралы жоспарын білдірді. Өз сөзінде: *“Күнәның беретіні – мәңгілік өлім... Қан төгілмей Құдай күнәні кешірмейді”* деп жазылған (Рим. хат 6:23; Еврей. хат 9:22). Әбіл дақсыз тоқтының қанын төгу арқылы Құдайдың алдында ар-ұжданын тазартты. Өзінің Құдайдың жазасына лайықты күнәкар екенін білді, сондықтан Құдайдың талабы бойынша құрбандыққа тоқтыны әкелді. Ал Қабыл Құдайға сенетін сияқты болып көрінгісі келді. Оның қылықтары Құдаймен байланысы жоқ екенін білдірді. Қабыл аузымен Құдайды құрметтегенімен, жүрегі Құдайдан алыс еді. Құдай тоқтының қанын талап етсе де, Қабыл Оған өз еңбегінің жемісін әкелді. Қабылдың әкелгені Құдайдың алдында түкке тұрмады, өйткені ол Құдайдың жолын мойындамады. Құдай оның тартуына риза болмай, оны сөккеннен кейін Қабылдың не істегенін білесіз бе? Ол: *Қабыл інісі Әбілге “Далаға барайық” - деді. Олар далаға шыққан соң, Қабыл інісін бас салып, ұрып өлтірді”* (Жарат. 4:8). Қабыл тәубеге келді ме? Ол Құдайға сеніп, құрбандыққа тоқты әкелді ме? Жоқ. Қабыл інісін өлтіріп, күнәсының үстіне тағы да күнә қосып алды. Қандай сұмдық жағдай!

Тоқтыны құрбандыққа шалып, күнәсы үшін кешірім алудан бас тартқан Қабыл туған інісінің қанын төкті. Ардақты ағайын, сіз бұл туралы не ойлайсыз?

\\.....Музыка.....\\

Елші Жоханның жазған 1-хатының 3-тарауының 12-аятында: Қабыл “шайтанның адамы” деп айтылған. Себебі ол шайтанды тыңдады, сондықтан інісін өлтірді. Әлемде адамдар екі түрге: Құдайдың және шайтанның адамдары болып бөлінеді. Әбіл Құдайдың адамы, өйткені ол Құдайдың сөзіне сеніп, оған мойынсұнды. Ал Қабыл шайтандікі, өйткені ол Құдайдың сөзіне сенбеді. Енді өз інісін өлтірген соң Құдайдың оған не дегенін тыңдаңыз: *“Жаратқан Ие Қабылдан: - Інің Әбіл қайда? - деп сұрады. Ол: - Білмеймін, мен інімнің күзетшісі ме едім? - деп жауап қайырды. Тәңір Ие: - Сен не істедің? Ініңнің төгілген қаны Маған жерден үн қатып, кегін алуды сұрап тұр! Сені қарғыс атқан! Енді өз қолыңмен өлтірген ініңнің қаны сіңген жердің топырағынан аулақ жүресің. Сен оны өңдегенде, түк өнім ала алмайсың. Сондықтан жер бетінде тұрағы жоқ кезбеге айналасың, - деді”* (Жарат. 4:9-12). Осылайша Құдай Қабылды жазалағанда, істеген күнәсына өкіндіріп, тәубеге келтіргісі келді. Құдай Қабылдың шындыққа сеніп, құтқарылғанын қалады. Ал Қабыл күнәсына өкініп, тәубеге келген жоқ. Киелі жазбада былай айтылған: *“Қабыл Жаратқан Иенің көз алдынан кетіп, Едемнің шығысында орналасқан Нод (яғни кезбелік) деген жерге қоныстанды”,* Жаратылыс. баст. 4:16). Құдайдың сөзін елемеген ол Құдайдан кетіп қалды. Құдай Қабылдан алыстаған жоқ, Қабыл Құдайдан алыстады.

\\ -----Музыка----- \\

Қазіргі кезде көптеген адамдар Қабылға ұқсайды, яғни Құдайдың даусына құлақ салмай өз бетімен жүреді. Олар ауыздарымен: “Алла керемет, Құдай жақсы” - дегенімен, іштерінен: “Құдай алыс, Оны ешкім де танып біле алмайды”-деп ойлайды. Алайда Құдайдың сөзі әрқашан сіздің қасыңызда екенін біліңіз. Құдай сізге жүрегіңіздің соғуынан да жақын. Неліктен көптеген адамдар Құдайды танымайды? Бұл сұраққа Құдайдың сөзі жауап береді. *“Құдайдың Нұры’ жерге келді, бірақ адамдар Одан гөрі түнекті жақсы көрді, себебі олардың істері жаман еді. Жамандық істеген әркім Нұрды жек көріп, жасаған істері әшкереленбес үшін Нұрға жоламайды”*, Жохан 3:19-20.

Дәуіт пайғамбар: *“Қадамдарымды сөздерің жарқыратады, өмір жолыма шырақтай нұрын шашады”* деп айтқан, Забур жыр. 118:105.

Егер сіз Құдай сөзінен сырт қалсаңыз, күнәнің қара түнегінде қалып, Құдайды ешқашан білмейтін боласыз. Сіз Құдайдан бас тартқан және жүрегі қасарысқан Қабыл сияқты болмаңыз. Ал бүгін, Жаратқан Ие сіздің тәубеге келіп, Оған және Оның Сөзіне сенгеніңізді қалайды. Сіз, тәубеге келудің не екенін түсінесіз бе?

Музыка.....\\

Бұл - сіздің ойыңыз бен қылықтарыңызды өзгерту. Тәубеге келу деген - Құдайдың сотынан өз күшіңізбен қорғала алмайтыныңызды Оның алдында мойындап, Оған бет бұрып, Оның құтқарылу жолын таңдау. Яғни: Жаратушы, мен Сенің бекіткен құтқарылу жолыңды дұрыс түсінбей жүріппін!” – деп айту. Тәубеге келген адамды поезбен Астанадан Алматыға саяхатқа шыққан адамға ұқсатуға болады. Ол билет алып вагонға отырып жарты жолға келгенде поездің Ақтауға бара жатқанын біледі? Енді оған Алматыға жетуі үшін не істеу керек? Ол әрине біріншіден өкінеді, ал кейін, өзінің дұрыс жолды таңдамағынын мойындап, келесі бекеттен түсіп, Алматыға баратын поезге отырады. Сіз енді тәубеге келудің екі қадамнан тұратынын білдіңіз: теріс жолдан бас тартып, дұрыс жолға түсу. Біріншіден, сіз өзіңіздің өзімшіл болмысыңыздан, жалған құдайлардан және күнәларыңыздан бас тартып, өз әрекеттеріңізбен Құдайға ұнауға тырысуыңызды тоқтатуыңыз керек. Екіншіден, Құдайға бет бұрып, құтқарылу жолын түсіндіретін Оның сөзін қабылдауыңыз керек. Шынымен тәубеге келу деген осы. Ал Қабыл ешқашан тәубеге келмеді. Ол Құдайдың көрсеткен құтқарылу жолына түспей, өз бетімен жүре берді. Киелі жазбада: “Қабыл таңдаған жолмен жүргендерге тамұқтың ең қараңғы қапастары дайын тұр” деп айтылған, Яһуда. хаты 11,13.

\\ ----- Музыка ----- \\

Ардақты ағайын, “Егер теріс жолдарыңнан қайтпасаңдар, бәрің де осылай құрисыңдар” (Лұқа 13:3), деген Құдайдың ескертуіне құлақ салыңыз. Күнәсына өкініп тәубеге келмегендердің барлығын Құдай соттап жазалайтын болады. Көп адамдар Қабыл сияқты діннің ережелерін сақтау арқылы Құдайдың сотынан құтылуға болады деп сенеді. Діни болу әділ болу емес қой.

Қадірлі бауырлас, мына аят жайында сіздің пікіріңізді күтеміз: “Ол бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды!.. Егер теріс жолдарыңнан қайтпасаңдар, бәрің де осылай құрисыңдар!” , Петір. 2-хаты 3:9; Лұқа 13:3. Хат жазып хабарласыңыз! Хабарымызды осымен аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,

Хабардың тақырыбы: «Енох пайғамбар, Жар. 4»

Реттік саны: № 13.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз. Өткен хабарымызда Адам-ата мен Хауа-ананың Қабыл мен Әбіл деген екі ұлы туралы айтылған. Бүгінгі бағдарламадан «Енох пайғамбар» туралы білетін боласыз. Жаратылыстың басталуы кітабынан бесінші тараудан үзінділер оқылады. Біздің толқыннан алыстап кетпеңіз!

Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Өткен хабарларда Қабыл мен Әбіл екеуі Құдайға сиынып, құрбандық шалды деген едік. Құдай Әбілдің құрбандығын қабылдады, ал Қабылдың құрбандығынан бас тартты. Құдай Қабылды сөгіп, оны тәубеге келтіргісі келді, алайда Қабыл ашуланып өзінің інісі Әбілді өлтіріп тастады. Бүгін Таураттан Жаратылыстың басталуы кітабының 4 және 5 тарауларын оқуды жалғастырамыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Адам-ата мен Хауа-ана “басқа да ұл-қыздарға әке-шеше болды” дейді Құдай сөзінде. Сондай ақ, Адамнан екі әулет яғни Қабылдан және Қабылдың інілерінің біреуі Сеттен тұған ұрпақтар туралы айтады. Ал Қабылдың әулетіне қарасақ, ол өзінің туысқандарының ішінен әйел таңдап, балалы болды. Бірақ ұрпақтары әкесінің ойлау, сөйлеу, әрекет ету әдеттерінен арылмады. Әкесіне ұқсағандықтан олар Құдайдың сөзін құрметтемеді. Білімді және ақылды болса да, Құдайды танымады. Олар осы әлемдегі нәрселерді ғана бағалады, қалалар салып, аспаптар жасады, ішекті аспаптар мен сыбызғыда ойнап, басқа да нәрселер істеді. Қабылдың осындай ұрпақтарының бірінің есімі Тұбалқабыл болған. Ол мыс пен темірден әртүрлі құрал-жабдықтар жасап шығарды. Оның қолдары әдемі заттар жасағанмен жүрегі жақсы болмады! Қабылдың тағы бір ұрпағының аты Ләмех еді. Ол Адамнан кейінгі он жетінші буын болған. Ләмех өзінің атасы Қабылдың ізімен кетіп, одан да жаман болды. Ләмех екі әйел алушылардың алғашқысы және Киелі жазбада Ләмехтің екі адамды өлтіріп оған мақтанғаны туралы жазылған. Қабылдың ұрпақтарына ұқсап Ләмех Құдайдың еркі туралы ойламады. Ол өркөкірек, ақшақұмар пенде еді, Құдайдан гөрі ләззатты көбірек жақсы көргендіктен, оны Өзәзіл билеп алған болатын. Ардақты ағайын, Ләмехтің атын есіңізде сақтаңыз, өйткені хабардың соңында оған қайта ораламыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдайға шүкір, Киелі жазба Қабыл және оның ұрпақтарымен шектеліп қалмады. Құдай сөзінен Сеттің жанұясы туралы оқып білеміз. Құдай Адам мен Хауаға Қабыл өлтірген Әбілдің орнына басқа ұл берді (Жаратылыс. баст. 4:25). Оның аты Сет, яғни “таңдалған” деген мағынаны білдіреді. Құдай неліктен Сетті Әбілдің орнына сыйлады. Өйткені Құдай пейіш бағында дүниеге әзәзілді жеңіп, Адамның ұрпақтарын күнәның құлдығынан азат ететін Құтқарушыны жіберемін деп уәде етті. Құтқарушы Құдайға сенетін Әбілдің ұрпағынан ғана шыға алатын еді. Шайтанның соңынан ерген Қабыл Әбілді өлтіргенін білесіз. Шайтан Құдайдың Құтқарушы туралы жоспарын бұзбақ болды. Алайда Құдайдың даналығы шайтандікінен жоғары! Жаратушының Адамның ұрпақтарын күнәдан құтқаратын тамаша жоспары болған, бұған ешкім де, тіпті әзәзіл де қарсы тұра алмады. Осылайша Құдай өзінің жоспарын орындау үшін Адам мен Хауаға Қабыл өлтірген Әбілдің орнына Сетті берді. Сөйтіп, Құдайдың құтқару жоспары орындала бастады. Сет шын жүректен Жаратқан Иеге сенуші еді. Өзінің үлкен ағасы Әбілге ұқсап Сет Құдайдың құтқарылу жолын таңдады. Дегенмен Адамның барлық ұрпақтары сияқты Сет те күнәкар боп туылса да, ол Құтқарушының келетініне сеніп, күнәның құнын өтеу үшін сеніммен құрбандыққа тоқты әкелді. Көңіл аударатын нәрсе, Сет балаларын Құдай туралы шындыққа үйретті. *“Сет те ұлды болып, атын Енос деп қойды. Сол кезден адамдар Жаратқан Иеге сиына бастады”* дейді Жаратылыстың басталуы 4:26 аятта.

\\.....Музыка.....\\

Міне, Адамнан тараған Қабыл мен Сеттің тармағын көріп отырсыз. Бұл Адам атадан бастап осы кезге дейін дүниеде екі түрлі адамдардың өмір сүретінін көрсетеді. Жаратқан Ие ақ немесе қара нәсілді адамдардың, еркектер мен әйелдердің, байлар мен кедейлердің арасында айырмашылық жасамайды. Бірақ адамдарды екі топқа ғана бөлді: Құдайға сенетіндер және сенбейтіндер, нұрда жүргендер және түнекте жүргендер, күнәсі кешірілгендер және күнәкарлар. Құдайға сенгендер Құдайдың көрсеткен шындық жолын таңдап, Сет пен оның отбасы сияқты құтқарылып, көкке барады. Ал дұрыс жолмен жүрмегендер Қабыл және оның отбасына ұқсап өлгенде тозаққа түседі. Киелі жазбада Адам ата 930 жыл өмір сүріп қайтыс болды делінген. Ерте кезде адамдар өте ұзақ өмір сүретін, алайда ақыр соңында қайтыс болатын. Құдай Адам мен Хауаға өлесіңдер деп айтқаннан кейін олар өлетін болды. Жаратушы Иеміз алғашқы адамдарды жаратқанда олардың өлгенін емес, мәңгі өмір сүргенін қалаған. Дегенмен, Адам-ата мен Хауа-ана неліктен өлді? Өйткені олар Құдайға қарсы күнә жасады, ал күнәның зардабы өлім болды.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сеттің тармағынан шыққан, Құдайға сенген адамның өміріне қараңызшы. Бұл адам - Құдайдың пайғамбары Енох.

Біреулер оны Құрандағы Ыдырыс деген есімі арқылы біледі. Енохтың шыққан тегін Жаратылыстың басталуы кітабының 5-тарауынан оқысаңыз білесіз. Адам Сеттің әкесі болды, Сеттен Енос туылды, Еностан Қайнан, Қайнаннан Мақалалел, Мақалелден Иәрет, Иәреттен Енох туылды дейді Киелі жазба. Осылайша Енох Адамның Сеттен тараған 17-ші ұрпағы. Өзге адамдар сияқты Енох та күнәкар болып туылды. Алайда 65 жасқа келгенде ол күнәларын мойындап Құдайға бет бұрды және Құдай уәде еткен Құтқарушының адамзаттың күнәлары үшін құрбандық болатынына сенді. Енох өзінің сенімін Құдайға жануарларды құрбандыққа шалу арқылы көрсетті. Құдай Енохтың сеніміне қарай күнәларын кешіріп, оның жүрегін тазалады. Киелі жазбада: *“Енох 300 жыл бойы Құдаймен тығыз байланыста болды”* деп айтылған (Жаратылыс. 5:22). Қазіргідей азғындалған, жын-шайтан билеген заманда Енохтың Құдаймен бірге жүруі оңай болмады. Көпшілік ләззат іздеп, күнәға батып өмір сүрді. Енох Құдайдың адамзатты азғындық үшін емес, киелі өмір сүру үшін жаратқанын білген. Сондықтан Енох өзінің Құдайды танымайтын көршілері сияқты ашкөздік пен дүниеқоңыздыққа салынбады. Енох Құдай сияқты әділдікті сүйді және әділетсіздікті жек көрді. Адамдар оны әділ өмір сүргені үшін қуғындап қорлады, алайда Енох бұған бола қайғырмады, өйткені ол Құдайдың жан тыныштығынан басқа ештеңені керек етпеді. Жаратушы Иеміз сол зұлымдыққа толы заманда Енохты Өзінің қызметшісі және пайғамбары етіп таңдады. Өзге пайғамбарлар сияқты Енох та Құтқарушының Оған сенбегендерді жазалау үшін келетінін жариялады. Енох: *“Тыңдаңдар, Иеміз Өзінің он мыңдаған қасиетті нәкерлерін ертіп көктен түспек! Ол бәрін де соттап, әділетсіздердің зұлымдықпен істеген барлық жаман істерін де, арсыз күнәкарлардың Оған қарсы айтқан бүкіл кәрлі сөздерін де әшкерелеп, жазаларын тартқызатын болады”* деп уағыздады, Яһуда. хаты 14,15. Енох пайғамбар жайында сіз бір ғажап нәрсе білуіңіз керек - ол өлген жоқ. Оның өлмегені туралы Құдай сөзінде: *“Енох Құдаймен тығыз байланыста жүрді. Кейін ол жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіне алып кеткен еді”*- делінген, (Жарат. баст. 5:24). Құдай Өзінің құдіретімен Енохты өлім қақпасынан өткізбей-ақ тіке көкке алып кетті.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сіз Құдай неліктен осылай істеді деп ойлайсыз? Өйткені, Енохтың өмірі арқылы Құдай Оған шынымен сеніп, Оны риза қылдырғандарды қалай бағалайтынын адамдарға көрсеткісі келді. Киелі кітапта былай айтылған: *“Енох Құдайға сенгені үшін ажалға жолықтырылмай бұ дүниеден әкетілді. ‘Ол жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіне алып кеткен еді’. Енохтың бұған дейінгі өмірінің Құдайға ұнамды болғаны туралы да Киелі жазбада айтылған. Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Оған келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді*

Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс” (Евр.хат 11:5,6).

Сонымен, Енох 300 жыл бойы Құдайды риза етіп жүрді, өйткені көп адамдар Құдайдың не қалайтыны туралы ойламаған кезде ол Оған сенді, мойынсұнды, Оны сүйді. Бір күні Құдай оның атын атап шақырғанда, Енох өзінің пейіште, Құдайдың керемет үйінде жүргенін байқады. Құдай бұл арқылы бір өте маңызды нәрсені көрсеткісі келеді. Егер сізде Енохтікіндей сенім болмаса, сіз ешқашан Құдайға ұнамды бола алмайсыз. Ал Енох сияқты сенетін болсаңыз, Құдай сізді әділ деп ақтайды, сонда сізге өлімнен қорқудың қажеті жоқ. Құдайдың өлімді жеңгенін білу үшін Оның сөзін тыңдап, Оған сенуіңіз керек, сонда жердегі өміріңіз біткен кезде Енох сияқты Құдайдың қасында мәңгі өмір сүретін боласыз! Сіз Құдайдың күнәкарларға көрсеткен шындық жолын түсініп, оған сенуіңіз керек. Мысалы, өзіңіз Адамның екі ұрпағы Ләмех пен Енохты салыстырып көріңізші. Бұл екеуі де Адамның 17-ші ұрпағына жатады. Ләмех Қабылдың ұрпағы, ал Енох Сеттің ұрпағы. Екеуі бір уақытта өмір сүрсе де, әр түрлі көзқараста болды. Олардың өмірлері күн мен түндей бір-біріне қарама-қайшы. Ләмех Құдайға, Оның Сөзіне сенбеді, ал Енох Құдайға сенді және Оны сүйді. Ләмех шайтанмен бірге азғындық жолымен жүрді, әділдік жолды менсінбеді, ал Енох Құдаймен бірге Оның киелі жолымен жүрді, өзінің күнәлары үшін құрбандық шалды. Ләмех ақшаны, әйелдерді, жақсы тамақты, әдемі киімді және ләззатты жақсы көрді. Ал Енох Өмір беруші Құдаймен тығыз байланыста болуға ұмтылды. Ләмех күнәкар болып өліп, тозаққа тасталды, ал Енохты Құдайдың Өзі жұмаққа алып кетті.

Ардақты ағайын, сіз кімге көбірек ұқсайсыз? Енох сияқты Құдайға сеніп, әділдік жолына түсесіз бе, әлде Ләмехке ұқсап өз бетіңізбен жүре бересіз бе? Сіздің күнәңызды кешіріп, жүрегіңізді тазарту үшін Құдай осы әлемге Құтқарушыны жіберді. Мына аят жайында сіздің пікіріңізді күтеміз: *“Сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Оған келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс”*, Еврейлерге арналған хат 11:6 аят. Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Нұх пайғамбар, Құдайдың шыдамдылығы мен қаһары»

Реттік саны: № 14.

Диктор: Әуе толқынында Трансдүниежүзілік радиосы.

Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

«Шындық жолы» бағдарламасын сіздің назарыңызға ұсынамыз.

Өткен хабарымызда Адам атадан тараған екі ұрпақ: Қабыл мен Сеттің ұрпақтары туралы айтылған. Бүгінгі бағдарламада Құдайдың шыдамдылығы мен қаһары» туралы сөз қозғалады. Жаратылыстың басталуы кітабынан алтыншы тараудан үзінділер оқылады.

Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\----- Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Иә, өткен хабардан білгеніміздей, Қабылдың ұрпақтары Құдайдың сөзіне сенбеген еді. Алайда Сеттің ұрпақтарының арасында Құдайдың сөзіне сенгендер болды, сондықтан Құдай олардың күнәларын кешірді. Соның бірі-Сеттің тармағынан шыққан Енох. Оның заманында адамдардың көбі шайтанның соңынан еріп, азғындықта өмір сүріп жатса да, Енох Құдайдың киелі жолында жүрген. Ал бүгін, азғындық пен зұлымдыққа толы, сол заманда Құдаймен бірге болған тағы бір адам туралы айтамыз. Ол адамның кім екенін білесіз бе?

Ол Енохтың немересі Нұх пайғамбар. Ежелде адамдардың бізден гөрі ұзағырақ өмір сүргенін білеміз. Әлемде ең ұзақ өмір сүрген Енохтың ұлы Мәтусала. Ол 969 жыл өмір сүрді. Мәтусала Ләмехтің әкесі, ал Ләмех Нұхтың әкесі, ол сіз білетін Қабылдың ұрпағындағы Ләмехтен мүлде басқа адам. Адам атаның оныншы ұрпағы Нұх 500 жасқа келгенде Шам, Хам, Япші деген ұлдарға әке болды. Нұх туралы білгеніңіз өте маңызды, өйткені бұл біздің өмір сүріп жатқан заманымызға ұқсас. Нұхтың кезінде әлем күнәға толып кетті. Киелі жазбада: *“Жаратқан Ие жер бетінде адамдар жасаған зұлымдықтардың тым зор екенін көрді: жүрек қалаулары бойынша істегендерінің бәрі де жауыздыққа толы еді”* делінген, (Жарат. 6:5). Адамдардың жүректері мен өмірлері арам ойлар, ашкөздік, өтірік, азғындық, қызғаныш, өсек, жала жабу, тәкаппарлық, дау жанжал, төбелес, неке адалдығын бұзу, ұрлық, кісі өлтіру, жүгенсіздік пен ақымақтыққа толы болды, (Марқа 7:21, 22). Адамдар Құдай жаратқан әлемді құртып, діншілсымақ болып, тәндік құмарлықтарын қанағаттандыруды Құдайдан артық көрді. Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабының 6-тарауында не айтылғанын тыңдаңыз:

\\.....Музыка.....\\

“Сонда Жаратқан Ие: ‘Бұдан былай Менің Рухым адам үшін арпалысқа түспейді, себебі адам әбден бүлінген.

Сондықтан ол жүз жиырма жылдан артық өмір сүрмесін'. Жаратқан Ие жер бетінде адамдар жасаған зұлымдықтардың тым зор екенін көрді: жүрек қалаулары бойынша істегендерінің бәрі де жауыздыққа толы еді. Сонда Тәңір жер бетінде жаратып шығарған адамдардың осындай күнәлы болып кеткеніне қайғырып, қасірет шекті. Сондықтан Ол: 'Мен Өзім жаратқан адамды да, онымен қоса малдарды, бауырымен жорғалаушыларды және аспандағы құстарды да жер бетінен құртып жібермекпін. Өзім жаратқандардың күнәкарға айналғандарына қайғырамын' - деді" (6:3,5-7). Міне, Адам атаның ұрпақтарының барлығын жер бетінен Құдайдың жойып жібермек болғанын көріп тұрсыз. Алайда Құдай рақымды болғандықтан күнәкарларға тәубеге келуге 120 жыл берді. Осы уақыт біткеннен кейін Құдай Өз жолын қабылдамағандардың бәрін жазаламақшы болды. Құдай - шыдамды, бірақ шыдамның да шегі бар. Жаратқан Ие адаммен сөйлесіп, оның өмірі үшін күресуі мүмкін, бірақ мәңгі бақи оның артынан жүгіре бермейді. Құдай: "Менің Рухым адам үшін арпалысқа түспейді, себебі адам әбден бүлінген. Сондықтан да ол 120 жылдан артық өмір сүрмесін"-деді. Бұдан Құдайдың күнәкарға уақытша ғана шыдамдылық танытатынын, ал ол күнәларын мойындамаса, жазалайтынын көресіз. Тәңір Иенің мейірімді әрі қаһарлы екі қасиеті барын білгейсіз!.

Кейбіреу Құдайды қолына үлкен таяқ ұстап, адамның үстінен ұшып жүретін тұлға ретінде көз алдына елестететінін естіп пе, едіңіз?. Осындай адамдар Құдай біреуді ұрып соғып жарақаттауды ұнатады деп ойлайды. Бірақ бұл қате түсінік. Ал біреу Құдай ешқашан ашулануды білмейді, Ол адамды мейірімділікпен кешіріп, оның күнәсін тез ұмытып кетеді дейді. Осындай адам: "Құдай жақсы! Құдай жақсы!" деп, Оның мейірімділігінен басқа қасиеттерін мойындағысы келмейді. Бұл да дұрыс емес. Киелі жазба Құдайдың мінезі туралы шындықты айтады. Құдай әділ және киелі болғандықтан адамның күнәларына қаһарланады. Құдай – Құтқарушы және Соттаушы. Пайғамбарлар Құдайдың шыдамдылығы мен қаһары жайында былай деп жазды: *"Жаратқан Иенің алдында бір күн мың жылдай, ал 'мың жыл бір күндей' екенін жақсылап ұғып алыңдар. Кейбіреулер 'кешігіп, келмей қалды' деп санағанмен, Иеміз уәдесін орындауын кешіктірмейді! Керісінше, Ол бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды! Ұрының табан астынан түсетіні сияқты, Иеміздің қайта оралатын күні де білдіртпей кенеттен келмек"* (Петір. 2-хаты 3:8-10). *"Жаратқан Ие өз халқына сот жүргізбек. Мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп, сотталу қандай қорқынышты!.. Абай болыңдар, енді өздеріңе сөйлеп тұрған Тәңірді тыңдаңдар!..*

Біздің сиынатын 'Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті" (Евр. хат 10:30,31; 12:25,29). Ал Забур жырынан мынаны оқимыз: *"Құдай - әділ*

Соттаушы, Ол тәубеге келмеген күнәкарларға қарсы күнде қаһарын білдіруде” (7:12). Сондай ақ, Інжіл Шарифте былай жазылған: “Құдай көктен адамдардың барлық азғындығы мен әділетсіздігіне қарсы Өз қаһарын білдіреді. Себебі, олар әділетсіз істері арқылы шындықты аяққа басады... Ал сондай істермен айналысатындарды Құдай әділдікпен соттайтынын білеміз. Ей, пенде, егер өзің де айналысқан жаман істер үшін басқаларды айыптасаң, сонда қалай, Құдай сотынан құтылам деп ойлайсың ба? Әлде сен Құдайдың мейірім көрсетіп, өзіңді теріс жолдан қайтарғысы келетінін ұқпай, Оның мол мейірімділігін, сабырлылығын және шыдамдылығын менсінбейсің бе? Бірақ сен қасарысып, теріс жолдан қайтудан бас тартасың. Осылай Құдайдың қаһары төгіліп, әділ үкімі жарияланатын күні тартатын жазаңды ауырлатасың. Құдай әркімге істеген ісіне қарай есесін қайтаратын болады” (Рим. хат 1:18: 2:2-6). Құдайдың қаһары адамның қаһарына ұқсамайды. Адам қатты ренжісе де ашуы біртіндеп азайып, ақырында не үшін ренжігенін ұмытып кетеді. Ал Құдай әділ соттаушы, Ол ештеңені ұмытпайды! Күнәсын мойындамаған және тәубеге келмеген адамға Құдайдың қаһары ешқашан басылмайды. Керісінше, одан бетер өсе береді!

\\ ----- Музыка ----- \\

Алайда Құдайды шын жүрегімен сүйетін, Оның сөзіне сенетін Нұх есімді бір адам болған. *“Жаратқан Иенің рақымына Нұх қана ие болды. Нұх замандастарының арасында әділ, мінсіз, Құдаймен байланысып өмір сүрген адам еді”*-дейді Киелі жазба (Жаратылыс. баст. 6:8,9).

Ардақты ағайын, Құдай неліктен Нұхқа рақымын көрсетті деп ойлайсыз? Ол Құдайдың рақымына лайықты болатындай еңбек етті ме? Жоқ. Еңбекпен алынған рақым – рақым емес. Рақым сыйға берілген ықылас дегенді білдіреді. Құдай неліктен Өзінің рақымын басқаларға емес, Нұхқа жаудырды? Киелі жазба бұл туралы не дейді?

Өзгелер Құдайға сенбеген кезде Нұх пайғамбар Құдайға сенді. Құдай күнәкарларды құтқаратын Құтқарушыны жіберемін деп уәде берді. Нұх Құдайдың осы уәдесіне сенді. Адамның ұрпақтарының барлығы сияқты Нұх та күнәкар болған. Бірақ өз күнәлары үшін сеніммен Құдайға құрбандық әкелгендіктен Құдай оны әділ жан деп санады. Сондықтан Киелі жазбада: *“Нұх замандастарының арасында әділ, мінсіз, Құдаймен байланысып өмір сүрген адам еді”* деп жазылған. Бір күні Құдай Нұхқа былай деді: *“Мен күллі тіршілік иелерінің өмір сүруін тоқтатамын. Жер беті солардың кесірінен зұлымдыққа толды, сол себепті оларды жермен қоса құртып жіберемін. Сен мықты ағаштан сандық тәрізді кеме тұрғыз,*

оны бірнеше бөлімдерден тұратын етіп жасап, іші-сыртын қара шайырмен майла. Оны былай жаса: ұзындығы үш жүз, ені елу, биіктігі отыз шынтақ болсын. Кеменің үстіне шатыр тұрғыз...

Біліп ал: Мен аспан астындағы жанды мақұлықтардың бәрін құрту үшін жер бетіне топан су қаптатамын. Жер бетіндегінің барлығы құруға тиіс. Алайда сенімен келісімді жасамақпын. Өзің де, ұлдарың, әйелің және келіндерің де кемеге кіресіңдер. Тірі жануарлардың әрқайсысынан екі-екіден кемеге бірге ала баруың керек, біреуі еркек, біреуі ұрғашы болсын... Ал сен өзіңді және оларды тамақтандыру үшін жеуге жарайтын тағамдардың барлығынан қор жасап ал”, Жар 6:13-19, 21. Құдай Нұхқа тәубеге келмегендерді, шындыққа сенбегендерді құрту үшін жер бетіне топан су қаптататынын айтты, ал одан аман қалу үшін үлкен кеме жасауға бұйырды. Сөйтіп Нұх кеме жасай бастады. Нұх өзінің үш ұлымен жүздеген үлкен ағаштарды құлатып, оларды кесіп, бір-біріне қағып, қара шайырмен майлады. Нұхтың әйелі мен келіндері осы ауыр жұмысты істеуге көмектесті. Жүз жыл бойы Нұх пен оның отбасы күні-түні осы кемені жасаумен айналысты. Нұх жұмысын істеп жүріп, адамдарға уағыз айтты. Бәлкім ол адамдарға былай деген шығар: “Тыңдаңдар, Құдай маған Оның сендерге қаһарланғанын айтуды тапсырды. Сендердің күнәларыңның кесірінен Құдайдың қаһары күннен күнге өсіп жатыр. Ол күнәкарларды жоқ қылу үшін жер бетіне топан су қаптатпақ. Бірақ Құдай рақымды болғандықтан Оған сенетіндер мен күнәсына өкініп тәубеге келетіндерді аман алып қалғысы келеді. Ол маған осы кемені сол үшін салуды бұйырды”. Осылайша Нұх адамдарды теріс жолдарынан қайтуға үгіттеді.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты ағайын, сіз қалай ойлайсыз? Нұхтың заманындағы адамдар Құдайдың Өз пайғамбары арқылы айтқан осы сөздерін тыңдады ма? Мына аят жайында сіздің пікіріңіз қандай?: *“Кейбіреулер ‘кешігіп, келмей қалды’ деп санағанмен, Иеміз уәдесін орындауын кешіктірмейді! Керісінше, Ол бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды!”* Петірдің 2-хаты 3:9.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз,

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,
Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Нұх және топан су» Жар. баст. 7.
Реттік саны: № 15.

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

Азғындық пен зұлымдыққа толы Нұх пайғамбардың заманында да, Құдай Адам атаның ұрпақтарының күнәға батқанын көріп қайғырды. Бүгінгі бағдарламада: «Нұх және топан су» туралы айтылады. Жаратылыстың басталуы кітабынан жетінші тараудан үзінділер оқылады. Біздің толқында болыңыз! Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Киелі жазбада: *“Жаратқан Ие жер бетінде адамдар жасаған зұлымдықтардың тым зор екенін көрді: жүрек қалаулары бойынша істегендерінің бәрі де жауыздыққа толы еді”* деп жазылған, (Жар. 6:5). Міне, осы себеппен Жаратқан Ие тәубеге келмеген күнәкардың барлығын жер бетінен жоймақ болды. Өткен хабарымызда Адам атаның оныншы ұрпағы Нұх пайғамбар туралы керемет әңгімені бастағанбыз. Ал бүгін Нұқтың топан судан құтқарылғаны жайында айтамыз.

Дегенмен, Құдай Нұхқа рақымын көрсетті, неге? Өйткені Нұх Құдайға және Оның сөзіне сенді. Басқа адамдар Құдайдың оларға Нұх пайғамбар арқылы айтқан сөзіне сенбеді. Олар күнәлары үшін Құдайдан кешірім сұрап, тәубеге де келмеді. Алайда топан судан құтқарылу үшін Нұх пайғамбар Құдайдың бұйрығы бойынша кеме жасады. Адам атаның мыңдаған ұрпақтарының ішінен, тәубеге келіп кемеңіз ішіне кірген неше адам екенін есіңізде ме? Киелі жазбада: *“Тек азғана – сегіз-ақ кісі кемеге кіріп, топан судан құтқарылды”* делінген Петірдің 1-хаты 3:20. Көрдіңіз бе, неше адам Құдайға сенді? Сегіз-ақ адам: Нұх, оның әйелі, үш ұлы және келіндері. Басқалар Құдайға сенбеді. Кейбіреулер Нұхтың сөзін елемеді, ал басқа жұрт Нұхты есінен адасты деп ойлады, өйткені ол кемеңіз су жоқ құрғақ жерде салып жатты: “Келіңдер, құрғақ жерде кеме салып жатқан мына есалаңға қараңдар! Мынаның басы істемейді! Мына шөл далаға топан су қаптайды дейді! Бұл мүмкін емес! Құдай Өзі жаратқан тіршілікті құртып несі бар? Әй, есі ауысқан неме!”-деп мазақ етті. Алайда Нұх пайғамбар бұны көңіліне алмады, өйткені Құдайдың айтқанына нық сенді. Ол адамдарға: “Тәубеге келіңдер! Әділ Құдай осы әлемді соттайды!

\\.....Музыка.....\\

Нұх пайғамбар Құдайдың сөзіне неге сенбейсіңдер? Неге өлгілерің келеді?” деп уағыздап, кеме салуды жалғастыра берді.

Ақыры Нұхтың отбасымен бірге жасаған кеме дайын болды. Жаратылыстың басталуы кітабының 6-тарауының соңғы аятын оқиық: *“Нұх барлығын Құдай оған қалай бұйырса, солай істеді”* (Жар. 6:22). Осылай барлық жұмыс бітті. Енді Нұхтың отбасымен кемеге кіруі ғана қалды. Нұх соңғы рет: *“Құдайды тыңдаңдар! Күнәларың үшін кешірім сұрап Құдайдың сөзіне сеніңдер! Топан су қаптайды! Уақыт барда кемеге кіріңдер. Есік ашық, кім кірсе сол құтқарылады. Кірмесеңдер Құдайдың жазасынан қалай құтылмақсыңдар?”* деп адамдарды нандырғысы келді. Ол қанша айтқанымен, олар оны тыңдамады. Киелі жазбада былай айтылған: *“Сонан кейін Жаратқан Ие Нұхқа былай деді: ‘Үй ішіңмен бірге кемеге кір! Себебі Мен сенің замандастарыңның арасында әділ екеніңді көрдім. Жер бетіндегі жануарлардың әр түрлері өмірлерін жалғастыру үшін адал жануарлардың әрқайсысынан жеті жұптан ал. Арам жануарлардан екеуден ал, бір еркек, бір ұрғашы болсын және аспандағы құстардың әр түрінен де жеті жұптан ал. Жеті күн өткен соң Мен жер бетіне қырық күн, қырық түн бойы жауын жауғызамын, жер бетіндегі Өзім жаратқан жаны барлардың бәрін жоқ қыламын’. Нұх бәрін де Жаратқан Ие бұйырғандай істеді”* Жаратылыстың басталуы 7:1-ден 5-ке дейінгі аяттар.Қадірлі бауырлас, сіз қалай ойлайсыз, Нұхтың отбасы неге кемеге кірді?

Олар аспанның бұлттанып бара жатқанын көрді ме? Жаңбыр себелей бастады ма? Жоқ. Олар кемеге кіргенде аспан ашық болатын. Онда олар неге кірді? Осының бір ғана себебі бар. Олар Құдайдың айтқанына сенгендіктен кірді. Бәлкім сыртта қалғандардың арасында: *“Мен Құдайға сенемін, бірақ осы кемеге кірмеймін! Мен Құдайға сенемін, бірақ Нұхтың сөздеріне сенбеймін!”* дегендер болған шығар. Бірақ бұл адамдар Құдайға Оның пайғамбарына сенбеді. Өз күнәларын мойындамады және Құдайдың Нұх пайғамбар арқылы көрсеткен құтқарылу жолын қабылдамады. Ауыздарымен Құдайды дәріптегенімен жүректері Құдайдан алыс болған. Киелі жазбада былай айтылған: *“Нұх өзінің ұлдары, әйелі және келіндерімен жерге топан су жайылмас бұрын кемеге кіріп алды. Жұпталып алынған адал және арам жануарлар, құстар мен жер бетінде жорғалаушылардың барлығы бір еркек, бір ұрғашыдан Құдай Нұхқа бұйырғандай оның қасына кемеге кірді... Содан кейін Жаратқан Ие есікті жауып тастады”*, Жар. 7:7-9,16 аяттар.

\\ ----- Музыка ----- \\

Мұнда: Нұх пен оның отбасы кемеге кіргеннен кейін. *“Жаратқан Ие есікті жауып тастады”* деп айтылған. Адамзатқа Құдайдың қаһары төгілетін күн келді. Құдай ұзақ уақыт шыдап келді, енді Оның шыдамдылығы таусылды! Оның қаһары ғана қалды. Құдай есікті жапқан соң ешкім оны қайтып аша алмады.

Сөйтіп, Тәңір Иеміз айтқанындай жерге топан су қапталды. Қара бұлттар қаптап, найзағай жарқылдап, жер сілкінді. Сол кезде Адамның ұрпақтары шоши бастады. Бұрын, бәрі тыныш болған кезде олар өз балағат сөздерімен және сүйкімсіз әрекеттерімен Құдайдың шыдамдылығын сескенбей сынай беретін. Ал енді Құдайдың әлемді жазалайтын уақыты келгенде олар тіпті ауыздарын аша алмай, тығылатын жер таппай қалды. Аспаннан жауын шелектеп құйды, өзен-көлдер арнасынан асып, тасып жатты. Тасқын су ауылдар мен қалаларды жалмады. Бірден мерт болмағандар тауға қашып, Нұхтың сөзіне күлгендер пайғамбардың айтқанының шындық екеніне көздері жетті. Бірақ тым кеш болды, күнә үшін кешірім сұрап, құтқарылатын уақыт өтіп кетті. Бәлкім сыртта қалғандар: “Нұх! Нұх! Ағатай, есікті ашшы! Құтқаршы бізді! Дұрыс айтыпсың! Сенеміз! Сенеміз!” деп айқайлаған шығар. Алайда Адамзат жазаланатын күн келді. Жалыну, көз жасын төгу, есікті қағу, тіпті шындықты мойындау – бұлардың ешқайсысы Құдайдың шешімін өзгерте алмады. Құдай құтқарылу есігін жапса, оны ешкім де аша алмайды. Сөйтіп қырық күн жаңбыр жауып, судың көтерілгені соншалық, таулар көрінбей кетті. Ал кеме қалқып жүрді. Киелі жазбаны ары қарай оқиық:

“Сонда жер бетінде қыбырлап жүрген күллі тірі мақұлықтар: құстар, малдар, жабайы аңдар, жер бетінде қаптап жүрген жәндіктер түгелімен және барлық адамзат та суға батып кетті. Тек Нұхпен бірге кемеңіз ішінде болғандар ғана аман қалды”, Жарат. баст. 7:21,23 аяттар.

Ал, сіз қалай ойлайсыз, Құдай айтқанын орындады ма? Әрине, орындады. Тәубеге келуден бас тартқандарды жазалады. Өзінің айтқанындай Құдай кемеге кірмегендердің барлығын қырып тастады.

\\ ----- Музыка ----- \\

Құрметті радио тыңдаушы бауырым, сіз топан су туралы әңгімеден қандай маңызды нәрсені үйрендіңіз. Құдай адамзатты жазалайтын тағы басқа бір күнді жоспарлап қойған. Ол – Қиямет соты күні. Сол күн Нұх заманындағы күннен де үрейлі болмақ! Құдайдың пайғамбарларының осы Қиямет соты күні туралы айтқан сөздерін тыңдаңызшы: *“Бұдан кейін мен үлкен ақ тақты және оның үстінде отырғанды көрдім. Жер мен көк Оның қасынан қашып, оларға орын табылмады. Үлкенді-кішілі өлген адамдардың тақ алдында тұрғандарын байқадым. Кітаптар ашылып, ерекше бір кітап - Мәңгілік өмір кітабы да ашылды. Өлгендер сол кітаптарда жазылған, өздері тірі кездерінде жасаған істеріне сай сотталды. Кімнің есімі Мәңгілік өмір кітабында жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды”*, Аян кітабы 20:11,12,15 аяттар.

Енді сіз сол күн келгенде аман қалатыныңызға сенімдісіз бе? Атыңыз Мәңгілік өмір кітабына енгізілді ме? Құдай ашқан құтқарылу есігінен кірдіңіз бе? Киелі жазбада жазылғандай: *“Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!”* (Қорынт. 2-хат 6:2).

Нұхтың кезінде Құдай шыдамдылықпен адамдарды тәубеге келуге, Оған сенуге, құтқарылуға шақырған, алайда ақырында Ол құтқарылу есігін жауып қойды. Кемеге кіргісі келмегендер қатаң жазаланды. Әділ Құдай Қиямет соты күні әлемді жазалайды. Осы туралы Киелі жазбада былай айтылған: *“Иеміздің қайта оралатын күні ұрының түнде түсетініндей кенеттен келетінін өздерің анық білесіңдер. Жұрт ‘Бәрі тыныш, қауіпсіз’ деп жүргенде апат аяғы ауыр әйелдің толғағындай табан астынан болады. Сонда ешкім қашып құтыла алмайды”* (Салониқа. 1-хат 5:2-3). Демек, Адам атаның ұрпақтарына арнап ашқан құтқарылу есігінен кірмеген әркім Құдайдың жазасынан құтыла алмайды. Бүгін сіз Құдайдың күнәкарға ашқан құтқарылу есігі туралы естідіңіз. Ал Құдайдың жазасынан қалай аман қалуға болатынын білесіз бе? Нұхтың заманында кім Құдайдың жазасынан құтылды? Кеменің ішінде болғандар ғана! Киелі жазбада Қиямет соты күні де Құдайдың күнәлы адамзатқа құтқарылу есігін дайындап қойғаны туралы айтылған. Осы құтқарылу есігі Құдайды адамзатпен татуластыратын Киелі Арашашының Өзінің не айтқанын тыңдайық: *“Мен ‘қақпамын’, Менен кіргендер құтқарылады”* (Жохан 10:9); *“Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті”* (Жохан 5:24).

\\ ----- Музыка -----\\

Ардақты ағайын, енді келесі аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *“Егер біз сондай Құдай ұсынған керемет құтқарылуды елемесек, онда жазадан қалайша құтылмақпыз?”* Еврейлерге арналған хат 2:3. Осы туралы ойланып, хат жазуды ұмытпаңыз! Бағдарламаның келесі санында: *“Мен ‘қақпамын’, Менен кіргендер құтқарылады”* деп айтқан Құдайдың жерге жіберген Құтқарушысы туралы білетін боласыз. Осымен маған берілген уақыт өз мәресіне жетті. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жөшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Біз өзіңізбен келесі сенбіге дейін қоштасамыз, Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Нұх және Құдайдың уәдеге беріктігі» Жар.8:9.
Реттік саны: № 16.

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

Өткенде адамдардың жүректері мен өмірлері зұлымдыққа толы екені айтылған еді. Жаратушының жолына бет бұрғысы келмеген күнәкардың барлығын жер бетінен жойып тастау үшін осы әлемге Нұхтың заманында топан су жіберді. Бүгін: «Құдайдың уәдеге беріктігі» деген тақырыпта хабарымызды жалғастырамыз. Жаратылыстың басталуы кітабынан сегізінші тараудан үзінділер оқылады. Хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Иә, көне замандағы азғын ұрпақтардың арасында Нұх пайғамбар ғана Құдайға ұнамды болған. Ол Құдайды сүйді, Оған сенді. Нұх пен оның отбасы 100 жыл бойы кемені салып, адамдарды Құдайдың сөзіне сеніп тәубеге келуге шақырды. Алайда Нұхтың топан су туралы айтқан сөздеріне ешкім де сенген жоқ!

\\ -----Музыка----- \\

Сонымен Құдайдың әлемді жазалайтын уақыты келді. Ол талай уақыт бойы Оны мазақтап қорлағандарға шыдамдылық танытты, енді оның шыдамдылығы шегіне жетті. Құдайдың бұйрығы бойынша Нұх отбасымен өзі жасаған алып кемеге кірді. *“Содан кейін Жаратқан Ие есікті жауып тастады”* делінген Киелі жазбада. Құдайдың рақымдылық көрсететін уақыты өтіп кетті, енді Оның қаһары ғана қалды. Қырық күн бойы жаңбыр құйып, жер бетіндегі қайнар көздерден су атқылағаны соншалық тіпті биік таулар судың астында қалды. Алайда кеме су бетінде қалқып жүрді. Киелі кітапта былай айтылған: *“Сонда жер бетінде қыбырлап жүрген күллі тірі мақұлықтар: құстар, малдар, жабайы аңдар, жер бетінде қаптап жүрген жәндіктер түгелімен және барлық адамзат та түгелімен суға батып кетті. Жер бетіндегінің барлығы жойылды: адамнан бастап малға дейін, бауырымен жорғалаушылардан бастап аспандағы құстарға дейін бәрі де жер бетінен құрып кетті. Тек Нұхпен бірге кеменің ішінде болғандар ғана аман қалды”*, Жаратылыстың басталуы 7:21, 23 аяттар.

\\.....Музыка..... \\

Осылайша Құдай Өзі айтқанындай адамдарды жазалады. Кемеге кірмей сыртта қалғандардың бәрі өлді. Құдай айтқан сөзінде тұрды. Ал кеменің ішіндегілердің жағдайын, Нұх пен оның отбасы туралы Құдай ұмытып кетті ме? Тіпті аспанда ұшып жүрген құстарды ұмытпай, олардың әрқайсысына азық беретін Құдай, әрине, Нұхты да ұмытқан жоқ.

Жаратылыстың басталуы кітабының 8-тарауынан 1 мен 4-ші аятты оқиық: *“Құдай Нұхты және онымен бірге кемедегі барлық жабайы аңдар мен малдарға мейірімділік көрсетіп, жер бетінде жел тұрғызды. Осылай су тартыла бастады... Содан жетінші айдың он жетінші күні болғанда, кеме Арарат тауының үстіне тоқтады”*. Жаратқан Ие жерге жел жіберді, су тартыла бастады. Құдай кемені бағыттап Арарат тауына апарып тоқтатты. Жер бетіндегі су кепкенше Нұх пен оның отбасы бір жыл бір апта кемеден болды. Бір күні Құдай Нұхқа: *“Әйелің екеуің кемеден шығыңдар, ұлдарың мен келіндерің де шықсын”* деді. Осылайша, Нұх отбасымен және жануарлармен кемеден шықты. Содан соң Нұх Құдайға құрбандық беретін орын жасады да, мал мен құстың адалынан алып, құрбандыққа шалып, өртеп жіберді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Міне, Нұхтың кемеден шыққаннан кейін не істегенін көрдіңіз бе? Ол кінәсіз жануарларды бауыздап, құрбандық шалатын орынға апарып, өртеп жіберді. Демек, Жаратушы Өзінің *“Қан төгілмей Құдай күнәны кешірмейді”*-деген заңын өзгертпеді. Алайда топан су күнәкарларды жойғанымен, Адамның ұрпақтарының жүрегіндегі күнәның тамырын жойған жоқ. Сондықтан Нұх пен оның балалары күнәлары үшін Құдайға құрбандық шалуды жалғастыра берді. Көріп тұрғаныңыздай жануарларды құрбандыққа шалу Құдай көрсеткен құтқарылу жолының іргетасы. Ертеде өмір сүрген ата-бабаларымыздың құрбандық шалу дәстүрі Адам ұрпағының күнәсі үшін Өзінің пәк қанын төгетін Құтқарушының нышаны болған. Сондықтан Нұх кемеден түсе сала малдың қанын төгіп, оның балалары мен немерелері үшін Құдайдың Заңының өзгертілмегенін көрсетті. Киелі жазбада айтылғандай: *“Күнәның әкелетіні өлім”* (Рим. хат 6:23), *“Қан төгілмей күнә кешірілмейді”* (Еврей. хат 9:22). Ал енді Киелі кітаптан Жаратылыстың басталуы 8:21 аят және 9:1-ші, 9-шы, 11-ден 15-ке дейінгі аяттарды оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Шалынған құрбандықтың жағымды иісі Иемізге жеткенде, Ол іштей мынадай ой түйді: ‘Адамның ішкі ниеті бала кезден-ақ зұлымдыққа бейім болса да, Мен бұдан былай еш уақытта жерді адамдарға бола қарғамаймын. Енді ешқашан да Өзім жасағандай барлық тіршілік атаулыны құртып жібермейтін боламын. Құдай Нұх пен оның ұлдарына былай деп бата берді: ‘Өсіп-өніп, ұрпақтарың көбейіп, жерді толтырыңдар. Осылай Мен сендермен, келешек ұрпақтарыңмен... келісім жасаймын. Бұдан былай еш уақытта барлық тіршілік атаулы топан судан құрымайды және жерді бүлдіретін топан су ешқашан қайтып болмайды деп, сендермен келісім жасаймын. Мұнан соң Құдай тағы былай деді: Менің сендермен және қастарыңда жүрген бүкіл тіршілік иелерімен барлық болашақ ұрпақтар үшін де жасаған келісімімнің белгісі

мынау: Мен садаққа ұқсас кемпірқосағымды бұлтқа орнатамын, бұл - Менімен жердің арасындағы келісімнің белгісі. Мен жерге жаңбырдың бұлттарын жібергенде, олардың арасынан кемпірқосақ көрінетін болады. Сол кездерде Мен Өзімнің сендермен және барлық тіршілік иелерімен жасаған келісімді есіме түсіремін: су бұдан былай ешқашан да барлық тіршілік иелерін құртатын топан суға айналмайды”.

\\.....Музыка.....\\

Осы үзіндіде Құдай Нұхқа бес рет қайталап айтқан бір сөз бар. Ол қандай сөз? Бұл “келісім” деген сөз. Демек, Құдайдың сөзі – Оның адаммен жасаған келісімі, Оның адамға берген ерекше уәдесі. Құдай келісімді сақтаушы. Ол Адамның күллі ұрпақтарына Өзінің уәдеге берік екенін көрсеткісі келеді. Құдай рақымды болғандықтан Нұх пен оның ұрпақтарына: “Су бұдан былай ешқашан да барлық тіршілік иелерін құртатын топан суға айналмайды” деп сөз берді. Ол Өзінің келісімін сөзбен шектеп қоймай, аспанға кемпірқосақты да орнатты. Жаңбырдан кейін аспанда пайда болатын кемпірқосақтың Құдайдың адамзатпен жасаған келісімінің нышаны екенін біліп алыңыз, ардақты ағайын! Аспандағы кемпірқосақ арқылы Құдай ұрпақтан ұрпаққа Өзінің уәдесінің беріктігін көрсеткісі келеді. Бұлттардың арасындағы түрлі-түсті жаратылысы арқылы Құдай енді қайтып топан су қаптатып, тіршілікті жоймайтынын сізге ескертеді. Расында да, Құдай келісімді сақтаушы. Ол айтқанын орындайды! Нұхтың өмірінде басқа да оқиғалар болған, бірақ оларды талқылауға біздің уақытымыз бүгін аз. Алайда көбірек білгіңіз келсе, өзіңіз Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабының 9-тарауынан оқи аласыз. Топан судан кейін Нұх 350 жыл өмір сүрді. Ал қартайғанда Құдаймен бірге болу үшін өмірден кетті. Өңгімені тұжырымдай келе, айтарым: мына сұрақ туралы ойланыңызшы! Нұхтың өз замандастарынан қандай айырмашылығы болды? Құдай Нұхты неліктен ұнатты?

\\ -----Музыка-----\\

Әрине, мұның жауабы: Нұх Құдайдың сөзіне сенді. Сондықтан ол өз замандастары сияқты топан суда құрып кеткен жоқ. Құдайдың Нұх туралы не айтқанын тыңдаңыз: “Нұх пайғамбар әлі де көзге көрінбеген топан су туралы ескертілгенде Құдайға сеніп, Оны терең қастерлегендіктен отбасын құтқару үшін кемесін жасап дайындады. Осы сеніммен ол дүниенің қиқарлығын әшкерелеп, сенім арқылы болатын ақталуға қолы жетті. Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес” –деп жазылған Еврейлерге арналған хат 11:7, 6 аяттарда. Енді мына екі шындықты есіңізге сақтаңыз. Біріншісі: Құдай Нұхты өзіне сенгендіктен ұнатты. Айналасындағы барлық адамдар Құдайдың сөзін жоққа шығарған жағдайда да, Нұх Құдайдың сөзіне сенген еді.

Құдай Нұхты сеніміне бола азғындалған ұрпақтың арасынан аман алып қалды. Ал сіз Құдайдың айтқанына шынымен сенесіз бе? Құдай сіздің Оған Нұх пайғамбардай сенгеніңізді қалайды.

Екінші шындық: Нұхтың сенімінен де маңызды нәрсе Құдайдың сөзінде тұратыны. Құдайдың сенімділігі Нұхтың сенімінен де маңызды. Неліктен? Өйткені, Құдай Өз уәдесінде тұрып келісімін сақтамаса, Нұхтың сенімінен еш пайда болмас еді. Сіз біреуге сеніп, ол уәдесінде тұрмаса не істейсіз?. Ондай адамға әрине сенбейсіз. Мәселен, бір досыңыз сізге: “Мен саған ертең бір қап ұн әкеп беремін” дейді. Сіз оған сеніп қаласыз. Ал егер ол сол ұнды әкелмесе, досыңыздан көңіліңіз қалады. Тіпті аш қалуыңыз да мүмкін!. Досыңыз сөзінде тұрмағандықтан сіз оған сене алмайсыз. Алайда Құдай ондай емес.

\\-----Музыка-----\\

Енді тағы да, Киелі жазбаны оқиық:

“Біз айтқанымызға адал болмасақ, Ол айтқанына адал болып қала береді, Өз болмысымен келіспейтінді Ол істемейді” (Тимоте. 2-хат 2:13), *“Күллі пенде атаулы шөп секілді, бар салтанаты да дала гүлдері іспетті, шөп сарғайып қурап гүлдер мәңгілік солады, ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады!.. «Оған сенімін артқан ешкім, енді ұятқа қалмайтын болады»,* (Петір. 1-хаты 1:24, 25; 2:6), *“Құдай уәделеріне берік”* (Қорынт. 1-хат 1:9). Құдай айтқанын орындайды!

Сонымен сіз де Құдайдың уәдесіне берік екенін есіңізде сақтаңыз. Ол Өзінің сөзінен қайтпайды. Ол уәдесін орындайды. Киелі жазбада айтылғандай: *“Құдай уәделеріне берік”* (Қорынт. 1-хат 1:9), *“Енді ұятқа қалмайтын болады Оған сенімін артқан ешкім”* (Петір. 1-хаты 2:6). Сондықтан Оның сөзін кішіпейілділікпен қабылдап, Оған сенетін болыңыз. Нұх пайғамбар мен топан су туралы әңгімеден өз өміріңізге сабақ алғайсыз!. Нұхтың замандастары Құдайға сенбегендіктен барлығы құрып кетті. Ал сіз Нұхқа еліктеп, шындық жолына түсіңіз.

\\ ----- Музыка -----\\

Ардақты ағайын, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *“Құдай уәделеріне берік”,* Қорынттықтарға арналған 1-ші хат 1:9 аят, *“Енді ұятқа қалмайтын болады Оған сенімін артқан ешкім”* Петірдің 1-ші хаты 2:6 аят. Осы туралы ойланып, хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен маған берілген уақыт өз мәресіне жетті. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка----- \\

Диктор:

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Нұқтың ұлдары, Бабыл мұнарасы, Жар.9-10.
Реттік саны: № 17.

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірменді тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

Сіз халықтардың шығу тегі туралы Таураттан, Жаратылыстың басталуы кітабынан 10-шы, 11-ші тарауларынан оқиған шығарсыз. Бүгін, «Нұх пайғамбардың ұлдары: Шам, Хам және Япшінің тарихын және Бабыл мұнарасының салынуы» жайында хабар тыңдайсыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Осы дүниеге келетін Құтқарушы Шамның ұрпағынан туылмақ болған. Сондықтан Киелі жазбада Шамның ұрпағы туралы көбірек айтылады. Құдайдың пайғамбарлары мен Құтқарушысы осы тармақтан шыққан.

\\ -----Музыка-----\\

Сонымен, Нұхтың Шам, Хам, Япші деген үш ұлдары болған. Киелі жазба осы үшеуінен жер бетіндегі күллі адамзат тараған дейді. Шамнан еврейлер мен арабтар, Хамнан - африкандықтар мен қытайлар, Япшіден европалықтар тараған. Сөйтіп, сіз де, біз де, қазақ халқы және жер жүзіндегі күллі адамзат Нұхтың ұрпағы болып табылады. Сондықтан Нұх Құдайға сеніп, Оның айтқанын орындап, кеме жасап, өз отбасын топан судан аман алып қалмағанда біз де қазір өмір сүріп жатпас едік. Құдай Нұх пен оның ұлдарына “*өсіп-өніп көбейіп, жерді толтырыңдар*” деп ақ батасын берді (Жаратылыс. баст. 9:1). Топан судан соң бірнеше жүз жыл өткеннен кейін жер беті қайтадан адамдарға толып, олар тағы да күнәға батты. Нұх пен оның ұлдары Адам атаның ұрпағы болғандықтан, кемеге мінген кезде олардың болмыстары күнәкар болып қала берді. Кемеден шыққанда да олардың жүректері күнәлы болған. Топан су адамның күнәкар болмысын өзгерте алмады. Осылайша, жер бетіндегі адамдар әлі күнге дейін күнәкар болып келе жатыр, өйткені олардың түп атасы Нұх Адам атаның ұрпағы еді. Топан судан соң бірнеше жүз жыл өткеннен кейін, Нұхтың ұрпақтары Құдай мен Оның еркін елемейтін болды. Олар арғы аталары Сет, Енох және Нұх сияқты Құдайды сүймеді және Оған мойынсұнбады. Олар өмір сүруге қажетті барлық нәрселерді беретін Құдайға алғыс айтуды ұмытты. Сондай-ақ Құдайдың уәдеге беріктігін білдіретін кемпірқосақтың мағынасын да білмеді. Енді, Құдайдың сөзінде олардың жағдайы туралы не айтылғанын тыңдаңыз: Римдіктерге арналған хат 1:21, 22, 25 аяттар.

“Олар Құдай туралы білсе де, оны Құдай деп дәріптеп, шүкіршілік еткен жоқ. Керісінше, адамдар түкке тұрғысыз ойға беріліп, надан көңілдерін қара түнек басты. Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шықты. Өйткені адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынып, Жаратушы Иеге бас ұрып ғибадат етудің орнына жаратылған нәрселерге құлшылық етті. Ал Жаратушы Құдай мәңгілік мадақталуға лайық! Аумин”

*\\Музыка..... *

Қабыл мен оның ұрпақтары сияқты Нұхтың ұрпақтары да шындықтан бас тартып, теріс жолмен кетті. Олар өздеріне жалған дін жасап алды, осы қылықтары Құдайдың шындық жолына қарсы келді. Олар Құдайдың шындық Сөзін емес, шайтанды тыңдап жүрді. Нұхтың екінші ұлы Хамның тармағынан шыққан Нымрод деген адам мықты аңшы болған. Ол топан судан кейін 500 жылдай өмір сүрді. Оның аты “бүлік шығарушы” дегенді білдіреді. Нымрод өте ақылды болғанымен Құдайды танымады. Ол Құдайдың сөзін менсінбей, Қабыл және Нұхтың заманындағы адамның көбісі сияқты шайтанның соңынан ерді. Нымрод бірнеше үлкен қала салды. Сонымен бірге ол жер бетіндегі барлық адамдар бірге тұратын өте үлкен бір қала салмақшы болды. Киелі жазбада осы қала туралы былай делінген: *“Жер бетіндегі бүкіл адамзат бір тілді, бірдей сөздерді қолданды. Адамдар шығыста көшіп жүргенде Шинар жерінде бір жазық алқапты тауып, соған орналасты. Олар бір-біріне: ‘Келіңдер, кірпіш құйып, оны отқа күйдірейік!’ - деді де, тас орнына күйген кірпіш, әк орнына қарамай алды. ‘Өзімізге қала және төбесі көкке жететін зәулім мұнара тұрғызайық. Осылайша өз атымызды шығарайық, сонда біз жердің түпкір-түпкіріне бытырап кетпейміз’, - десті”*, Жаратылыстың басталуы 11:1- ден 4-ке дейінгі аяттар. Сөйтіп біз Адамның ұрпақтарының үлкен қала мен аспанға жететін биік мұнара салмақ болғанын көреміз. Олар биік мұнараны не үшін салмақ болды?

*\\Музыка..... *

Нымрод пен оны жақтаушылар жер бетіне жайылған адамдардың бәрін бір жерге жиып, аттарын шығарып, мықты болғысы келді. Алайда олардың жоспарлағаны Құдайға ұнамады. Құдай Нұхтың ұрпақтарына жер бетін толтырыңдар деген. Ол Өзі адамзатты жаратқандықтан адамға ненің дұрыс болатынын біледі. Бірақ Нұхтың ұрпақтарының көбісі Құдайдың еркін елемеді. Адамдар өздерін Құбайдан ақылдымыз деп санады. Шайтанға ұқсап олардың жүректері менмендікке толып, Құдайға қарсы шығуға бейім болған. Ал Киелі жазбада былай айтылған: *“Өзін-өзі жоғарылатқан әркім төмендетіледі, ал өзін төмен ұстаған жоғарылатылады”*, Матай жазған ізгі хабар 23:12 аят, және *“Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол – жексұрындық”* дейді,

Лұқа жазған ізгі хабар 16:15 аятта. Адамға табыну да, адамның өзін-өзі мақтап, атаққұмар болуы да Құдайдың алдында күнә болып табылады, өйткені мадақ пен даңққа лайық бір ғана Тұлға бар, Ол – көк пен жерді жаратқан Құдай! Киелі жазбада айтылғандай: *“Мақтанған әркім Құдайды айтып мақтансын! Өзін-өзі мақтаған емес, тек Иеміз мадақтаған ғана шынымен қадірленуге лайық”*, Қорынттықтарға арналған 2-хат 10:17-18 аят. Алайда Нымродтың заманында адамдар Құдайды құрметтемеді. Олар Құдай және Оның сөзі бізге керек емес деп ойлады. Оларды тәуелсіздік және қарсыластық рухы билеп алған болатын. Мұны қазір де Адам атаның ұрпақтарының жүрегінен көруге болады. Кішкентай балалар қырсығып ата-анасын абыржытуды қайдан біледі дейсіз? Ал ересектердің бойынан осы қарсыластық рухы тіпті анық көрінеді! *“Мен өзімді-өзім асырай аламын. Менің салт-дәстүрім мен мәдениетім ең дұрыс. Өзімнің дінім өзіме жетеді. Менің руым ең мықты. Менің істегенім, менің еркім... Мен өзім білемін! Мен... мен...”* дейтіндердің бәрін тәуелсіздік пен өзімшілдік рухтары билеп алған.

\\.....Музыка.....\\
Адам баласы қандай тәкаппар десеңші! Бәрін өзіне қарай тарқылайды! Дүниенің соғысқа, ұрыс-керіске, жанжалға толы болуы да осы өзімшілдік рухының ықпалы. Құдай мұндай рухтарды жек көреді, өйткені Жаратушының есімінен басқа осы дүниеде мадақталуға лайықты ештеңе жоқ. Сондықтан Ол Ишая пайғамбар арқылы: *“Жаратқан Иемін - бұл Менің есімім. Даңқымды басқаға бере салмаймын”* деген, 42 тарау 8-ші аятта. Алайда сол биік мұнараны салғандар Құдайдың даңқы туралы ойлаған да жоқ. Олардың өз аттарын ғана шығарғысы келді. Себебі, олар Жаратушының қасиетті есімін атауды білмейтін. Сол замандағы адамдардың көбісі діншілсымақ болғандықтан, Құдайдың сөзіне сенбейтін. Олар жұмаққа өз еңбегімен барамыз деп ойлаған. Өзіңіз ойлаңызшы! Топан судан соң бес жүз жыл өткеннен кейін адамдар өмір беруші Құдайды менсінбей, өз бетімен жүріп, қайтадан күнәға батты. Олар жуылғаннан кейін батпаққа қайтып аунайтын доңыз сияқты болды. Құдай мен Оның сөзінен бас тартып өмір сүргісі келген адам қандай ақымақ десеңші! Сонымен Құдай не істеді? Адамдардың білгенін істеп жүргеніне қарап отырды ма? Олардың Өзіне қарсы шыққанына шыдады ма? Жоқ! Киелі жазбадан Құдайдың не істегенін көрейік. Жаратылыстың басталуы кітабы 11:5-тен 9-ға дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\
“Ал Жаратқан Ие көктен түсіп, адамдар тұрғызып жатқан қала мен мұнараға көз салды: «Олар біртұтас халық болып, бірдей тілде сөйлеп, мынаны істей бастады. Бұдан былай олар ойындағыларын жүзеге асырмай қоймайтын болады.

Енді Біз жерге түсіп, бірін-бірі түсінбеулері үшін олардың тілін шатастырып жіберейік' – деді. Осылайша Жаратқан Ие оларды сол жерден бүкіл жер бетіне бытыратып жіберіп, қала құрылысын тоқтатты. Сондықтан қалаға Бабыл деп ат қойылды, өйткені Жаратқан Ие сол жерде бүкіл әлемдегі тілді шатастырып, адамдарды жер бетіне бытыратып жіберді»

Сонда Құдай адамдардың тілдерін шатастырып жібергеннен кейін олар бірін-бірі түсіне алмады.

\\ ----- Музыка -----\\

Ардақты ағайын, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *“Өзін-өзі мақтаған емес, тек Иеміз мадақтаған ғана шынымен қадірленуге лайық”* Қорынттықтарға арналған 2-хат 10:18 аят. Осы туралы ойланып, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған: Рахия, мамыр айы, 2011 жыл, Алматы қ.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Реттік саны: № 18.

Хабардың тақырыбы: «Жаратылыстың басталуы кітабынан үйренгенімізге шолу жасау»

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірменді тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

Ең алғаш жаратылыстың басталуы кезінде жер бетіндегі халықтар бір-ақ тілде сөйлегенін Киелі кітаптан оқып білдік. Бүгінгі хабарымызда: «Жаратылыстың басталуы» кітабынан осы кезге дейін үйренгенімізге шолу жасалады. Хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Алайда Құдай адамдардың тілдерін шатастырып жібергенде олар бірін-бірі түсбей қиналды. Киелі жазбада сонда Жаратушы Ие Еремия пайғамбар арқылы былай деген: *“Ақылды адам ақылымен, мықты адам күшімен, бай адам байлығымен мақтанбасын. Мақтанған мыналарға мақтасын: Мені танып білетініне, Менің Жаратушы екенімді түсінетініне, жер бетіндегі адамдарға мейірімділік, адалдық танытатынына. Өйткені осының бәрі Маған ұнамды”* – дейді Жаратушы Ие” Еремия пайғамбардың жазбасы 9:23-24 аят.

Есіңізде болса, Құдай Нұхтың ұрпақтарына “жерді толтырыңдар” деп бұйырған болатын. Ал Нымрод пен оның ізбасарлары бәрін өз қалауынша істегісі келді, яғни барлық халықтарды бір жерге жинамақ болды. Құдай жаңа тілдер жаратып олардың жоспарын жоққа шығарды, адамдарды жер бетіне бытыратып жіберді. Сол себептен қазір дүниеде мыңдаған ұлттар мен тілдер бар. Құдайдың тілдерді шатастырғаны бір керемет жағдай болды! Қазақстанның өзінде қазақ тілінен басқа қаншама тілдер бар! Біздің Құдайымыз күдіретті әрі дана! “Жұмыртқа жартаспен күресе алмайды” дегендей, адамдар Құдаймен күреспек болып, ақыр соңында жеңілді. Адамдар салғысы келген сол үлкен қаланың атын білесіздер ме? Ол қаланың аты Бабыл болған. Бабыл деген сөздің маңынасы “шатасу”. Сөйтіп, біз де Құдайдың сөзін білмесек, өмірімізде шатасып жүреміз.

Адамдар Бабыл қаласын салып, өздерінің аттарын шығарғысы келген. Біз кейде Бабылдың тұрғындары сияқты болып жүрген жоқпыз ба? Өзімізді мадақтаймыз ба? Құдай осы қылықты күнә деп санайды.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі радиотыңдаушы достар, сіздер кімді мадақтайсыздар? Өздеріңізді ме? Басқа біреуді ме? Әлде бір әулиені немесе бақсыны ма? Жаратушы Иеден басқа ешкім мадақталуға лайықты емес! Адамдардың сізге табынып, сізді мадақтағанын күтесіз бе, әлде Құдайдан мақтау күтесіз бе?

Адамнан келетін мақтаудың әсері уақытша, ал Құдайдан келетін мақтаудың әсері мәңгілік. Құдайдың сөзінде айтылғандай: *“Күллі пенде атаулы шөп секілді, бар салтанаты да дала гүлдері іспетті: шөп сарғайып қурап, гүлдер солады, ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады!”*, Петірдің 1-хаты 1:24 аят. Енді Жаратылыстың басталуы кітабынан 1-ден 11-ші тарауға дейін не үйрендік, соған шолу жасайық.

Таурат Пайғамбарлардың киелі жазбаларының бірінші бөлімі болып табылады. Бұл бөлім Құдайдың Өзі салған ірге тасы болғандықтан өте маңызды. Осыдан үйренгеніміз арқылы біз естігендеріміздің бәрін Құдайдан ба, әлде Одан емес пе ажырата аламыз. Таурат бес бөлімнен немесе бес кітаптан тұрады. Бірінші бөлім Жаратылыстың басталуы деп аталады. Жаратылыстың басталуы бөлімі елу тараудан тұрады. Біз хронологиялық шолу жасап, осы бөлімнің он бірінші тарауына дейін зерттеп шықтық.

\\.....Музыка.....\\

Қымбатты бауырым, Құдай сөзінің бірінші аятында не жазылғаны есіңізде ме? Кәне, қайталап көрейік: *“Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты”*. Құдай Мәңгіліктің Иесі. Әуел баста әлем болмай тұрған кезде Құдай ғана бар болған. Құдай ешқашан басталған емес, өйткені Ол - мәңгілік Рух. Сондықтан Киелі жазба: *“Әуел баста Құдай...”* деп басталады. Әрі қарай біз Құдайдың әлемді жаратпастан бұрын мындаған күдіретті рухтарды жаратып, оларды періштелер деп атағанын көреміз. Періштелердің біреуі басқаларына қарағанда ақылдырақ және әдемірек болды. Ол Құдай періштелердің басшысы етіп тағайындаған Люцифер еді. Киелі жазбада күндердің күнінде Люцифер өзінің жеке басын дәріштеп, Құдайды менсінбей кетті делінген. Ол Құдайдың орнын алғысы келіп, Оны жек көріп кетті. Сол кезде күнәға батқан Люциферге басқа да көптеген періштелер қосылды. Сондықтан күнәны жек көретін Құдай Люцифер мен зұлым періштелерді қасынан қуып жіберіп, Люцифердің есімін *“қарсылас”* дегенді білдіретін *“шайтан”* деген есімге өзгертті. Құдай шайтан мен оның періштелерін қуып шыққаннан кейін, оларға арнап мәңгі сөнбес тозақ отын жаратты. Киелі жазбада ақыр заман келген кезде әділ Құдай шайтан мен оның соңынан ерушілердің барлығын осы отқа лақтырады делінген.

Әрі қарай біз Құдайдың көк пен жерді және ондағы барлық нәрсені алты күннің ішінде Өз сөзінен басқа ештеңені де қолданбай жаратқанын оқимыз! Құдай барлық нәрсені адам үшін жаратты. Ол адамды Өзінің рахаты мен даңқы үшін жаратпақ болған.

Адам - Құдайдың жаратылысының ең маңызды бөлігі, өйткені адам Құдайға рухани ұқсас етіп жаратылды. Құдай адаммен терең және мағыналы қарым-қатынаста болғысы келді. Сондықтан Құдай адамның жанына Өзін танып білу үшін сана мен рух берді, Құдайды сүйу үшін жүрек берді, Құдайға бағынуды немесе бағынбауды тандай алу үшін ерік берді.

Жаратылыстың басталуы кітабының екінші тарауында біз Құдайдың жерде Пейіш бағын орнатып, онда Өзі жаратқан Адамды орналастырғанын оқимыз.

Құдай рақымды да ізгі болғандықтан Адамға тыныштық пен молшылықта өмір сүруге қажеттінің барлығын берді.

Сонымен қатар Құдай адамды жаратқан күні оған былай деді: *“Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жеген кезде өлесің”*, Жаратылыстың басталуы кітабы 2:16,17 аят. Міне, осылайша біз Құдайдың адамды қарапайым сынақтан өткізгенін көреміз.

\\.....Музыка

Бірақ, Құдай Өзі жаратқан адаммен мағыналы қарым-қатынаста болғысы келгендіктен оның сүйіспеншілігін тексермек болды. Адам Құдайға бағыну немесе бағынбау жайында таңдау жасау керек болған.

Сонымен бірге біз Құдайдың адамды жаратқан күні оған тамаша сый, демек әйелді бергенін оқимыз! Құдай әйелді Адамның қабырғасынан жаратып, оның алдына әкелді. Құдай әйелді Хауа деп атады. Сонымен Құдай алты күнде жұмысының бәрін аяқтады. Киелі жазбада: *“Құдай Өзінің жасағандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді”* – деп айтылған, Жаратылыстың басталуы 1:31 аятта. Жетінші күні Құдай жаратылыс жұмыстарын тоқтатып, демалып, өзінің жасағандарына қарап қуанды.

Үшінші тарауда біз әлемге күнәның қалай келгенін көреміз. Бір күні Адам ата мен Хауа-ана Құдай тыйым салған ағаштың жанында болғанда шайтан қу жыланға айналып олардың қасына келді. Киелі жазбаны оқиық: *“Құдай Ие жаратқан жабайы хайуанаттардың ішіндегі ең қуы жылан еді. Ол әйелге сұрақ қойып: - Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма? – деді. Әйел жыланға: - Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай: бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісін жемеңдер, тіпті оған тиіспеңдер, әйтпесе өлесіңдер деп айтқан болатын, - деп жауап берді”*. Сонда жылан әйелге: *- Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, сендер осы жемісті жеген кезде көздерің ашылып, ненің жақсы, ненің жаман екенін айырып, Құдай сияқты болатындарыңды Ол жақсы біледі,- деді”* Жаратылыстың басталуы 3:1-ден 5-ке дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....

Сөйтіп, шайтан Құдайдың айтқан сөзін бұрмалады! Құдай Адам мен Хауаға олар тыйым салынған ағаштың жемісін жесе не болады деп еді? Ол: *“Өлесіңдер!”* - деген. Ал шайтан не деді? Ол: *“Сендер өлмейсіңдер!”*, - деді. Радио тыңдап отырған бауырым, сіз қалай ойлайсыз? Хауа ана мен Адам ата кімнің сөзіне сенді: Құдайдың сөзіне ме? Әлде шайтанның сөзіне ме? Иә, өкінішке орай, Киелі жазбада Адам мен Хауа шайтанның сөзіне сеніп, Құдай тыйым салған жемісті жеді деп жазылған! Шайтан Хауаны алдап, оны күнәға батырды. Адам өз еркімен Құдайға бағынбауды тандап, шайтанның айтқанын істеді. Бір адам арқылы дүниеге күнә келді деген сөздің мағынасы осы. Киелі кітапта айтылғандай: *“Бұдан шығатын қорытынды мынау: бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады”*, Римдіктерге арналған хат 5:12 аят.

Сонымен, күнәнің зардабы болды ма?. Әрине, Құдай Адам-ата мен Хауа-ананы Өзі айтқандай-ақ Пейіш бағынан қуып шықты. Бірақ оларды қуып шықпастан бұрын Құдай оларға болашақта осы әлемге Адамның ұрпақтарын шайтанның, күнә мен өлімнің құлдығынан құтқаратын Құтқарушыны жіберуге уәде берді! Өзінің уәдесін растау үшін Құдай бірнеше жануарды өлтіріп, олардың терілерінен киім жасап, Хауа мен Адамды киіндірді. Жануардарды құрбандыққа шалу арқылы Құдай Хауа мен Адамға екі ақиқатты үйретті: “Күнәның беретіні – (мәңгілік) өлім” (Рим. хат 6:23) және “Қан төгілмей Құдай күнәны кешірмейді” (Еврей. хат 9:22).

\\ ----- Музыка -----\\

Ардақты ағайын, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *«Киелі жазбалардағылардың бәрі бізге тәлім болсын деп баяғыда жазылып қалдырылды. Керемет болашағымыздан үмітімізді үзбеу үшін олар арқылы табандылық пен жігерлілікке үйренеміз»*, Римдіктерге арналған хат 15:4 аят. Осы туралы ойланып, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 20 мамыр, 2011жыл, Алматы қ.

Транс дүниежүзілік радиосы

Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»

Эфирге шығатын күні: сенбі,

Хабардың тақырыбы: «Ыбрайым пайғамбар туралы».

Реттік саны: № 19.

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірменді тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

Адам атаның алғашқы екі баласы Қабыл мен Әбіл туралы оқып білдік. Құдайдың Адам мен Хауаның күнәсы үшін жануарларды құрбандыққа шалғанын білген Әбіл өзінің күнәлары үшін Құдайға құрбандық шалды. Бүгінгі хабарымызда: «Жаратылыстың басталуы» кітабынан төртінші тараудан бастап, он бірінші тарауға дейін шолу жасалады. Ыбрайым пайғамбардың өмірі туралы әңгімелейтін боламыз. Хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ -----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз ба, ардақты ағайын!

Бүгін өткен хабарымызда айтқандай, құрбандық шалу туралы хабарымызды жалғастырамыз. Әбілдің бауыры Қабыл Құдайға өз жолымен жақындауға тырысып, өзі өңдеп жүрген қарғыс атқан жерінен өнімін құрбандыққа әкелді. Киелі жазбада былай жазылған: *“Жаратқан Ие Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның құрбандығына риза болмады”*, Жаратылыстың басталуы 4:5 аят.

\\.....Музыка.....\\

Құдай Қабылдың тәубеге келіп, Құдайдың әділеттілік жолын қабылдасын деп оны есеп беруге шақырды, алайда Қабыл ашуланып, өзінің інісі Әбілді өлтіріп тастады. Бұдан кейін Құдай Адам мен Хауаға басқа ұл берді. Оның аты Сет болатын. Сет Әбіл сияқты Құдайға сеніп, Оған қан төгу жолымен құрбандық шалды. Осылайша біз Адамнан тараған екі тармақты көреміз, біреуі Сеттікі, екіншісі Қабылдың әулеті. Сеттің ұрпағынан Енох есімді бір адам Құдайға сенетін. Ол азғындыққа батқан халықтың арасында Құдаймен бірге жүрген адам еді. Енохтың Нұх есімді бір шөбересі дүниеге келді. Сол заманында Құдай Адамның ұрпақтарын жасаған зұлымдықтарына бола топан су арқылы жер бетінен құртып жібермекші болды. Осындай зұлымдыққа толы қиын кезде жалғыз Нұх қана Құдайға сеніп жүргендіктен, Құдай оған өзінің жанұясына, көптеген жануарларға және күнәсынан қайтып, Құдайдың сөзіне сенген әркімге пана болатын үлкен кеме жасауды бұйырды.

Құдай жүз жыл бойы Нұхтың кемесі салынып біткенше күнәкәрларға шыдады. Алайда Нұх пен оның жанұясынан басқа ешкім Құдайдың хабарына сеніп, күнәсына өкініп, тәубеге келген жоқ.

\\.....Музыка.....\\

Сонымен ақырында Құдай Өзінің айтқанын орындады. Ол шындыққа сенбегендердің барлығын жазалады. Нұх пен оның жанұясынан басқа барлығы топан суда қырылып қалды. Нұхтың Шам, Хам және Япші деген үш ұлы болған. Жер бетіндегі барлық адамдар осы үшеуінен тарады. Алайда біз олардың ұрпақтарының көпшілігі Құдай мен Оның сөзін қаншалықты тез ұмытып кеткенін көреміз. Өткен хабарымызда біз Нымрод пен оған ерген адамдардың әлемдегі барлық халықтарды бір жерге жинап, Құдайға өздерінің мықты екенін көрсетпек болып, биік мұнарасы бар ұлы қала салуды жоспарлағанын көрдік. Алайда Құдай олардың тілдерін шатастырып, жер бетінің жан-жағына бытыратып жіберді. Бұл қала шатасу деген мағынаны білдіретін Бабыл деген атқа ие болды. Міне, бұл Жаратылыстың басталуы кітабының бірінші тарауынан он екінші тарауына дейін оқып-зерттегеніміздің қысқаша шолуы. Енді осы әңгімелердің барлығынан түсінгенімізді қалай қорытындылаймыз? Құдай бізге әуел баста болған оқиғалар арқылы не үйреткісі келеді?

\\.....Музыка.....\\

Қымбатты бауырым, бұдан үйренетін сабақ: адам әділ емес, екіншісі: ақиқат - Құдай әділ! Киелі жазбаны зерттеу барысында біз адамның әділ емес екенін көрдік. Бұны әуел баста Адамның Пейіш бағында Құдай тыйым салған ағаштың жемісін жегенінен байқаймыз. Адамның тұңғыш ұлдарының біреуі Қабылдың Құдайға тиісті құрбандықты беруден бас тартқанынан көреміз. Біз адамның әділетсіздігін Қабылдың ұрпағынан да, Нұхтың ұрпағынан да және Бабыл мұнарасын тұрғызбақ болғандардан да көре аламыз. Қысқаша айтқанда адамның ұрпақтары әбден бүлінген! Киелі жазбада жазылғандай: *"Басқа ұлттың адамдары да бірі қалмай күнәның билігінде... бірде бір әділ кісі жоқ... Бәрі тура жолдан тайып, бірге азғындыққа салынды. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да жоқ"*, Римдіктерге арналған хат 3:9,10,12 аяттар.

Алайда біз адамның әділетсіздігін көргендей, Құдайдың әділдігін де көреміз. Киелі жазбада *"Құдай – Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ"* делінген, Жоханның 1-хаты 1:5 аятта. Құдай әділ болғандықтан Люциферді тәкәппарлығы мен қарсылығы үшін Өзінің қасынан қуып жіберді. Адам мен Хауаны Оған бағынбағандары үшін Пейіш бағынан қуып шықты. Сондай-ақ Құдай әлемге адамзаттың күнәсының құнын төлейтін Киелі Құтқарушыны жіберемін деп уәде бергенде тағы да Өзінің әділдігін көрсетті. Біз Оның әділ мінезін *"қан төгілмей, Құдай күнәны кешірмейді"* деген, Еврейлерге арналған хат 9:22 аятынан көре аламыз. Құдай әділ болғандықтан Әбілді тоқтының қаны үшін қабылдады, ал Құдайдың кешіру жолын менсінбеген Қабылдан бас тартты. Құдай әділ болғандықтан Нұхтың заманында адамдарға тәубеге келуге жүз жыл уақыт бергеннен кейін, әлемге топан су жіберіп, Оның жолынан бас тартқандардың бәрін жер бетінен жойып жіберді.

\\.....Музыка.....\\

Соңғы хабарымызда әділ Құдайдың Оған қарсы шыққан Бабыл қаласының тұрғындарының тілдерін шатастырып жібергенін айтқанбыз.

Құдай шынымен әділ, сондықтан Өзінің шынайы талаптары бойынша адамзатқа сот жүргізеді! Әділетсіз күнәкарлар Оған өздерінің игі-сымақ істерінің арқасында жақындай алмайды. Құдай күнәның кесірінен бүлінген әркімді соттап, үкім шығаруға тиіс. Киелі жазбада былай айтылған: *”Біздің сиынатын ‘Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!’ ‘Жаратқан Ие өз халқына сот жүргізбек’ деп те жазылған. Мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп, сотталу қандай қорқынышты!”*, Еврейлерге арналған хат 12:29; 10:30, 31 аяттарды қараңыз.

Осылайша Таураттың алғашқы он бір тарауында Құдай бізге Өзінің шынайы әділдігі жайындағы маңызды ақиқатты білдірді.

Ардақты бауырым, сіз қалай ойлайсыз, бұл әділетсіз адамдардың Құдайдың алдында үміті жоқ екенін білдіреді ме? Жоқ, олай емес. Құдайға шүкір, күнәкарларда үміт бар. Құдай рақымды болғандықтан Адам-атаның ұрпақтарына Оның алдында ақталудың жолын көрсетті!

Сіз Құдайдың күнәкарларға ашқан құтқарылу жолын білесіз бе? Егер сіз әлі Құдайдың әділдік жолын түсінбеген болсаңыз, онда Құдайдың досы деп аталған Ыбырайым пайғамбар туралы айтатынымызға құлақ түріңіз. Жаратқан Ие Ыбырайымды неге шақырды? Жаратылыстың басталуы кітабы 11:12 аятты қараңыз.

\\.....Музыка.....\\

Сонымен, Құдай сөзінде есімі көп аталатын, Құдайдың адамзатты күнәдан құтқару жоспарында маңызды орны бар адам туралы сөйлеспекпіз. Бұл адам Киелі жазбада “Құдайдың досы” және “барлық сенушілердің түп атасы” деп аталады. Оның кім екенін білесіз бе?

Ол - Ыбырайым пайғамбар. Киелі жазбада Ыбырайым пайғамбар туралы көп айтылады. Оның есімі Пайғамбарлар жазбаларында 300 рет қайталанады. Ыбырайымның бұрынғы аты Ыбырам болатын. Алдағы хабарымыздың бірінде пайғамбардың есімін неге Ыбырайым деп өзгерткенін білетін боласыз. Қазір оны Ыбырам деп атайық. Жаратылыстың басталуы кітабының 11-тарауынан Ыбырамның Шамның ұрпағынан тарағанын көреміз. Нұхтың Шам, Хам және Япші есімді үш ұлы есіңізде ме? Ыбырам Шамның оныншы, ал Нұх та, Адамның оныншы ұрпағы болған. Ыбырамның әкесінің аты Тарах. Киелі жазбада: *“Тарахтан Ыбырам, Нахор, Харон дүниеге келді”* делінген, Жаратылыстың басталуы 12:27 аятта.

\\.....Музыка.....\\

Ал Лут Ыбырамның үлкен ағасының ұлы. Луттың әкесі дүниеден кеткен еді. Ыбырамның әйелінің аты Сарай болды. Сарай құрсақ көтермегендіктен Ыбырамның балалары болмады. Ыбырам мен Сарайдың әкелері бір, бірақ шешелері бөлек еді. Ыбырам Халдей елінің Ур қаласында (қазіргі Иракта) тұрды. Бұл қала Нымрод мұнара тұрғызбақ болған Бабыл қаласынан алыс емес еді. Бұл жердің адамдары пұттарға табынатын.

Адам атаның барлық балалары сияқты Ыбырам да күнәкар болып туылды. Ыбырамның әкесі де, Ыбырамның өзі де Құдайды білмеген болатын.

Алайда Киелі жазбадан біз Құдайдың бір күні Өзін Ыбырамға танытып, онымен сөйлескенін көреміз. Ол кезде Пайғамбарлар жазбалары болмағандықтан Құдай адамдармен тікелей сөйлесетін. Қазіргі кезде Құдай адамдармен Киелі жазба арқылы сөйлеседі. Біз Құдайдың сөзі туралы ойланғанда Оның дауысын естиміз. Құдайдың Ыбырамға не айтқанын тыңдау үшін он екінші тарауды оқиық: *“Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді: - Сен еліңді, туған-туысқандарыңды және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш!”*, Жаратылыстың басталуы 12:1 аят. Құдай Ыбырамға әкесінің үйін, елін тастап, туысқандарымен қоштасып, Ол көрсеткен елге көшіп баруын бұйырды. Адамның тұрғысынан қарағанда Құдай Ыбырамға өте қиын нәрсе істеуді бұйырған сияқты. Алайда Жаратқан Ие болашақта оны жарылқамақ болған еді. Ал келесі үзінді жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. Жаратылыстың басталуы 12:1-ден 3-ке дейінгі аяттарды оқимын:

\\ ----- Музыка ----- \\

“Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап, былай деп бұйырған еді: - Сен еліңді, туған-туысқандарыңды және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш! Мен сен арқылы ұлы халық жасаймын, сені жарылқаймын да атыңды шығарамын. Менің ақ батам сен арқылы басқаларға да жететін болады. Саған ақ батасын бергендерге Мен де ақ батамды беремін, ал сені кім қарғаса, соны Мен де қарғаймын. Сен арқылы Мен жер бетіндегі барлық ұлттарды жарылқаймын”.

Осы туралы ойланып, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен хабарымызды аяқтаймын. Әуе толқынында жүздескенше, аман-есен болыңыз! Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз.

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 20 мамыр, 2009 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ыбырайым пайғамбар туралы».
Реттік саны: № 20.

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірменді тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

Өткен хабарда Құдай: «Ыбырамға басқа елге көш» деп бұйырғанын естіген едік. Неге Құдай оған осындай бұйрық берді? Себебі, Ол Ыбырамнан Құдайдың пайғамбарлары мен Құтқарушы шығатын ұлы халық тарататуды жоспарлады. Бүгін: «Ыбырайым пайғамбар Құдайдың досы» деп аталды деген хабарымызды назарыңызға ұсынамыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сондықтан Құдай Ыбырамға: *“Сен арқылы ұлы халық жасаймын, Сен арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарды жарылқаймын”* деп уәде берді. Бұл бір керемет шындық еді. Құдай Ыбырамды уәде етілген Құтқарушыны дүниеге әкелетін ұрпақтың әкесі болу үшін таңдады. Осы Құтқарушы әлемдегі Оған сенетін адамдардың бәрін күнәның құлдығынан, шайтаннан және тозақ отынан құтқаратын болады. Құдай Ыбырамды шақырғанда Оның күнәкарларды азат ету үшін Құтқарушыны жіберу жайындағы жоспары тағы алға жылжыды. Ыбырамның өзі Құтқарушы болған жоқ. Ол Құтқарушы шығатын халықтың түп атасы болуға тағайындалды. Бұл уәдені Құдай Ыбырамға елін тастап, Ол көрсеткен жерге баруды бұйырған кезде берді. Ыбырам Құдайға бағынды ма? Сіз қалай ойлайсыз? Құдайдың сөзінде былай айтылған: *“Сондықтан Ыбырам Жаратқан Иенің айтуымен жолға шықты. Қасына Лут ілесті. Хараннан көшіп кеткен кезде Ыбырам жетпіс бес жаста еді. Осылайша Ыбырам әйелі Сарайды және туған інісінің баласы Лутты ертіп, бар жисан-тергендері мен Харанда өздері иемденген қызметшілерін де алып, сапарға шығып, Қанахан еліне барды”* Жаратылыстың басталуы 12:4-5 аяттар.

Ыбырамның Құдайдың айтқанына құлақ асып, әкесінің үйін және дінін тастауына бір ғана себеп болды: ол Құдайға сенді. Ыбырам қайда баратынын білмеді, бірақ Құдайдың: “Бар, Мен сені жарылқаймын” - дегеніне сенді. Сөйтіп ол Құдай айтқандай елін тастап, басқа жерге көшті. Құдай Ыбырамды Қанахан жеріне (яғни қазіргі Палестина немесе Израил орналасқан жерге) ертіп әкелді. Енді әрі қарай оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Ыбырам сол елді кезіп, Сихем қаласының қасындағы алып емен ағашы өсіп тұрған Море деген жерге дейін жетті. Ол кезде елді қанахандықтар мекендеуші еді. Ал Жаратқан Ие Ыбырамға аян беріп: Мен сенің ұрпағыңа осы елді сыйлаймын, -деп уәде етті”,

Жаратылыстың басталуы 12:6-7 аят. Бұл жерден сіз Құдайдың Ыбырамға ұлы халықтың түп атасы болуды ғана емес, оған бір жаңа елді сыйлауға уәде бергенін көресіз. Құдай сондықтан оған: *“Мен сенің ұрпағыңа осы елді сыйлаймын”* – деді. Адам тұрғысынан қарағанда тағы бір мүмкін емес нәрсе көресіз. Қанахан жерінде сол кезде адамдар тұрып жатқан. Ыбырам мен оның ұрпақтары осы жерді қалай иемденбек болатын? Ол кезде Ыбырам жетпіс бесте, ал әйелі алпыс бесте болатын және олардың балалары жоқ еді. Екі қарт адам осы жерді қандай халықпен толтыра алатын еді? Олардың жағдайын жақсырақ түсіну үшін мына мысалды келтірейік. Балалары жоқ екі қарт ерлі-зайыпты басқа бір мемлекетке көшті дейік. Қарт әйел құрсақ көтере алмайды. Олар көшіп келгеннен кейін біреу: *“Бір күні сіздердің ұрпақтарыңыз осы мемлекетті иемденіп, оны толтырады”* - дейді. Қарт ер адам күліп, былай деуі мүмкін: *“Менің ұрпақтарым осы елді иемденеді дейсің бе? Сенің есің дұрыс па? Мен қартайдым, әйелім құрсақ көтере алмайды. Сен не деп тұрсың өзің?”*

\\.....Музыка.....\\

Міне, бұдан сіз Ыбырамның қалай сезінгенін жақсырақ түсіне аласыз. Енді Құдайдың Ыбырамға он үшінші тарауда қандай уәде бергенін көрейік:

“Жаратқан Ие Ыбырамға: - Мен көрініп тұрған мына жердің бәрін саған және сенің ұрпағыңа мәңгілікке беремін. Мен үрім-бұтағыңды сансыз көп етемін. Кім жер бетіндегі құм түйіршіктерін санай алса, ол сенің үрім-бұтағыңды да санай алғаны. Тұр да, жолға жиналып, бүкіл жердің түкпір-түкпірін кезіп шық, өйткені оны саған беремін, - деді”

Жаратылыстың басталуы 13:15-17 аят. Қалай ойлайсыз, Құдай Өз уәдесін орындады ма? Ыбырамнан ұлы халық жаратты ма? Палестинаның жерін Ыбырамның ұрпақтарына берді ме? Иә, әрине, берді! Ыбырамға берілген жер қазір Израиль деп аталады. Киелі жазбада былай жазылған:

“Ыбырам сол жерде өзіне аян берген Тәңір Иеге арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызды. Содан соң ол Бетел қаласының шығыс жағындағы тауға қарай бет алып, батыс жақтағы Бетел қаласы мен шығыс жақтағы Ай қаласының ортасына шатырын тікті. Сол жерде де Жаратқан Иеге арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, Оған сиынды”, Жаратылыстың басталуы 12:7,8 аят.

Ыбырам Құдайдың уәде еткен еліне келгенде ең алдымен құрбандық ұсынатын орын жасап, сол жерде малды сойып, оны өртеп жіберді. Әбіл, Сет, Енох және Нұх сияқты Ыбырам да жануарды құрбандыққа шалды. Ол неге солай істеді? Өйткені Құдайдың *“қан төгілмей күнә кешірілмейді”* деген заңы өзгерген жоқ.

Ыбырам да Адамның барлық ұрпақтары сияқты күнәкар болған. Құдайдың оның күнәсын кешіруінің жалғыз себебі мынада: Ыбырам Құдайға сенді және күнәкарлар үшін өлуге дүниеге келетін Құтқарушыны бейнелейтін құрбандық қанын төкті.

Сонымен, Құдай неге Ыбырамға әкесінің үйін тастап, басқа елге көшуін бұйырды?

Құдай Ыбырамнан адамзатқа жарылқау болатын жаңа халық шығармақ болды. Адам ата мен Хауа ана Пейіш бағында күнә жасаған күні Құдай оларға Құтқарушыны жіберуге уәде берді. Ыбырам осы керемет жоспардың маңызды бөлігі болып табылады. Екі мың жыл өтсе де Құдай Өз уәдесін ұмытқан жоқ. Сөйтіп, бұдан Құдайдың Ыбырамды Құтқарушы шығатын халықтың түп атасы етіп тағайындағанын көресіз.

Сонымен, хабарымызды Ыбырамды неліктен “Құдайдың досы” деп атады деген сұрақпен әрі қарай жалғастырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Сіз Таураттағы Жаратылыстың басталуы кітабының он үшінші тарауында Ыбырам мен оның жиені Луттың арасында болған жағдай туралы білесіз:

“Ыбырам малға, күміс пен алтынға өте бай болатын. Ол оңтүстік аймақтан шығып, Бетелге бағыт алып, жер-жерді аралап көшіп-қонып жүрді. Осылайша Бетел мен Айдың ортасында орналасқан, өзі алғаш шатыр тігіп, құрбандық беретін орын тұрғызған жерге жетіп, Жаратқан Иеге сиынып, тағзым етті. Ыбыраммен бірге көшіп-қонып жүрген Луттың да ірілі-ұсақты малдары және шатырлары болды. Екеуінің мал-мүліктері көбейіп кеткендіктен бір орынға қоныстануларына жер аздық жасап, олар енді бір жерде бірігіп тұра алмады. Сол себепті Ыбырам мен Луттың малшыларының арасында дау-жанжал туа бастады. Бұның үстіне сол кезде қанахандық және перездік тайпалар да сол елді мекендейтін. Сонда Ыбырам Лутқа: Екеу ара, сондай-ақ малшыларымыздың арасында да дау-жанжал туғызбай-ақ қояйық, ағайынды адамдармыз зой. Бір-бірімізден бөлінейік, қалаған жеріңді таңдап ал: сен сол жақты таңдасаң, мен оң жаққа, сен оң жақты таңдасаң мен сол жаққа кетейін, - деп ұсыныс жасады. Лут айналасына көз тастап, бүкіл Иордан өзені аңғарының Сигорға дейін сулы жер екенін көрді. Себебі бұрын, Жаратқан Ие Содом мен Гомораны құртпай тұрғанда, бұл жер Едем бағы немесе Ніл бойындағы Мысыр елі сияқты суы мол жер болатын. Лут өзіне Иордан бойындағы бүкіл аймақты таңдап алып, шығысқа қарай көшті. Осылайша, екі туысқан бір-бірінен бөлініп, Лут Иордан бойындағы қалалардан бастап, Содомға дейін шатыр тігіп, қоныстанып жатқанда, Ыбырам Қанахан жерінде тұра берді. Ал Содомның тұрғындары Жаратқан Иенің көз алдында ауыр күнәға батқан зұлым адамдар еді”, Жаратылыстың басталуы 13:2-ден 13-ке дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Біз Луттың суы мол жерді таңдап, ағасы Ыбырамды сусыз жерде қалдырғанын көреміз. Алайда Луттың таңдаған жері күнәға әбден батқан Содом қаласының айналасында орналасқан болатын. Лут өз еркі бойынша таңдау жасап, әрекет етті, ал Ыбырам Құдайдың еркін таңдады. Соңында Лут бәрінен: байлығынан, әйелінен, отбасынан және бақытынан айрылды. Ал бәрін Құдайдың қолына тапсырған Ыбырам молынан жарылқанды. Ал Ыбырам мен Лут туралы әңгімеден сіз қандай сабақ ала аласыз?

Өзіңізден: “Мен осы екеуінің қайсысына ұқсаймын?” – деп сұрақ қойыңызшы. – “Лут сияқты дүниеге қызығамын ба? Әлде Ыбырам сияқты мәңгілік игіліктерді бағалаймын ба?”. Осы екі адам сияқты сіз де таңдауыңызды жасауыңыз керек. Даналығы бар адам Құдайдың еркін таңдайды. Киелі жазбада: “Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті өмірінен айрылса, бұдан оған не пайда?” деп, Інжілде Марқа жазған ізгі хабар 8:36 аятта айтылған.

“Лут бөлініп кеткеннен кейін, Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап: “Айналаңа көз тастап, тұрған жеріңнен бастап солтүстік пен оңтүстікке, шығыс пен батысқа қара: Мен көрініп тұрған мына жердің бәрін саған және сенің ұрпағыңа мәңгілікке беремін. Мен үрім-бұтағыңды сансыз көп етемін. Кім жер бетіндегі құм түйіршіктерін санай алса, оның сенің үрім-бұтағыңды да санай алғаны. Тұр да, жолға жиналып, бүкіл жердің түпкір-түпкірін кезіп шық, өйткені оны саған беремін”,-деді. Ыбырам шатырларын көліктеріне артып, Хеbron қаласының түбіндегі алып емес ағаштары өсіп тұрған Мамре орманына барып, қоныстанды. Сол жерде ол Жаратқан Иеге арнап құрбандық беретін орын тұрғызды”, Жаратылыстың басталуы 13:14-тен 18-ге дейінгі аят.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, бүгінгі хабарда айтылғанның бәрін түсіндіңіз бе? Сіз нені бәрінен жоғары қоясыз? Осы әлемнің өткінші нәрселерін бе, әлде Құдай сыйлайтын мәңгілік игіліктерді ме?

Енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді.

“Осы күнәкар дүниені және ондағы еш нәрсені сүймеңдер! Осы дүние мен оның ләззаты өткінші, ал Құдайдың еркін орындаушы мәңгі өмір сүреді” Жоханның 1-хаты 2:15, 17 аяты. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Транс дүниежүзілік радиосы
Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, п\ж 366,
Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ыбырайым пайғамбар туралы».
Реттік саны: № 21.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынып отырғанымызға қуаныштымыз. Әркімнің әділдік жолын түсініп, мәңгі татулық пен тыныштықты алса екен деп тілейміз. Бүгін Ыбырам туралы әңгімені жалғастырамыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ -----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгінгі хабарды Таураттан Жаратылыстың басталуы 15:1-ден 6-ға дейінгі аяттарды оқудан бастайын:

\\.....Музыка.....\\

“Осы оқиғалардан кейін Жаратқан Ие Ыбырамға аян беріп:

- Ыбырам, қорықпа! Мен сенің қорғаныңмын, саған берілер сыйлық өте жоғары болады, - деді. Бірақ Ыбырам:

- Уа, құдіретті Жаратқан Ием, Сен маған қандай сыйлық бермексің? Мен дүниеден баласыз өтетін болармын, үйіме дамаскілік қызметшім Елиезер иелік етпек, - деді де, - Сен маған бала сыйламадың, сондықтан мұрагерім үйімдегі бір қызметшім болады, - деп мұңын шақты. Ал Жаратқан Ие оған:

- Мұрагерің ол емес, сенен туатын ұл болады! - деді де, оны сыртқа алып шығып: - Аспанға қарап жұлдыздарды санашы! Сен оларды санай алар ма екенсің? Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады! - деп уәде берді. Ыбырам Тәңір Иеге сенді, сондықтан Тәңір оны Өзінің алдында ақтады”.

Былай ойлап қарасаңыз, адам сенбес жағдай! Ыбырам мен оның әйелі қарт адамдар болатын және олардың балалары жоқ. Ал Құдай болса, Ыбырамнан жаңа халықты шығарамын деп уәде беріп тұр. Осы қалай болмақ еді? Бұған бір ғана жауап бар. Құдайдың қолынан бәрі келеді. Ол берген уәдесін орындайды. Ал Ыбырам ше? Мүмкін емес болып естілсе де, ол Құдайдың уәдесіне сенді ме? Киелі жазбада: *“Ыбырам Тәңір Иеге сенді, сондықтан Тәңір оны Өзінің алдында ақтады”*–жазылған. Қандай керемет! Құдай Ыбырамға адам тұрғысынан болуы мүмкін емес нәрсені уәде етсе де, Ыбырам оған сенді. Құдай Ыбырамды оның сеніміне бола ақтады.

\\.....Музыка.....\\

Иә, Құдайдың алдында ақталғысы келгендерге бұл шындық қуаныш әкелуге тиіс. Құдай неліктен Ыбырамды ақтады? Ыбырам күнәсыз әділ адам болғаны ма? Жоқ!

Ыбырамның Адамның ұрпақтарының барлығы сияқты күнәкар болғанын көреміз. Құдай Ыбырамды оның сеніміне бола ақтады. Құдайға сену деген не? Сіз Пайғамбарлар жазбаларының еврей тілінде жазылғанын білесіз бе?. Еврей тілінде сену деген “аман” деп айтылады. “Аумин” деген сөз осыдан шыққан. Біз “Аумин” дегенде: иә, бұл шындық, бұған сенемін деп айтылған сөзбен келісеміз. Құдай Ыбырамға уәде берген кезде, Ыбырам Құдайға шын жүректен “аумин” деп жауап берді, ал Құдай оны ақтады.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, ал сіз не дейсіз? Ыбырамды ақтағанындай Құдайдың сізді де ақтағанын қалайсыз ба? Ондай болса сіз де Ыбырам сияқты Құдайға сенуіңіз керек. Туысқандарыңыз бен достарыңыз сенбесе де, сіз Құдайдың шындық сөзіне сенуіңіз керек. Құдай сізді Өзінің әділдігімен киіндіріп, яғни ақтап, Өзімен бірге мәңгі өмір сүргеніңізді қалайды. Ал сіз Оның Сөзіне сенуіңіз керек! Киелі жазбада былай айтылған:

“Сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес”, Еврейлерге арналған хат 11:6 аят, *“Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар! Бұл - өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын”*, Ефестіктерге арналған хат 2:8, 9 аят, *“Ал енді түп атамыз Ыбырайым туралы не дейміз? Ол осы мәселеде не тапты? Егер Ыбырайым өз игі істері арқылы ақталған болса, онда ол мақтана алар еді: бірақ Құдай алдында емес. Киелі Кітапта “Ыбырайым Тәңір Иеге сенді, сондықтан Иеміз оны Өзінің алдында ақтады” деп жазылған”* Римдіктерге арналған хат 4:1-ден 3-ке дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Ыбырайым Құдайдың айтқанына сенді, сондықтан Құдай оны әділ деп ақтады. Осындағы ең керемет нәрсе мынандай: “Ыбырайым Тәңір Иеге сенді, сондықтан Иеміз оны Өзінің алдында ақтады” деген сөздер бізге де қатысты. Біз Ізгі хабарда айтылған адамзатты құтқаратын Құтқарушыға сенгенде Жаратушының алдында ақталамыз.

Сіз Құдайдың айтқанына сенесіз бе? Мен сізден Құдайдың бар екеніне және Ол жалғыз екеніне сенесіз бе, деп сұрап тұрған жоқпын. Ондай “сенім” туралы Киелі жазбада былай айтылған: *“Сен жалғыз Құдай бар деп сенесің. Мұның дұрыс, алайда жындар да соған сеніп, Оның қаһарынан қорқып, дірілдейді”*, Жақыптың хаты 2:19 аят. Жалғыз Құдай бар екенін шайтан да біледі. Сіз бір ғана Құдай бар деп сену арқылы күнәңыздан кешіріліп, Оның алдында ақталмайсыз. Құдай сіздің Оның Сөзіне сеніп, Оны қабылдағаныңызды қалайды. Құдай сізбен Пайғамбарлар жазбалары арқылы сөйлескісі келеді. Сіз құтқарылу туралы Ізгі хабарға сенгенде ғана Құдайдың алдында мәңгілікке ақталасыз!

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Құдай сізді Өзінің киелі әділдігімен киіндірді ме? Әлде сіз өзіңіздің дініңізді жамылып, Оның қаһарынан құтыламын дейсіз бе? Құдайдың сөзін тұрақты тыңдап жүрсіз бе?

Әлде адамның сөзін тыңдайсыз ба? Киелі жазбада Құдайдың бекіткен әділдік жолы туралы не айтылғанын білесіз бе? Оған сенесіз бе?

Ыбырайым әкесімен және туысқандарымен қоштасуға және өз елінің дінінен кетуге мәжбүр болса да Құдайға сенді. Киелі жазбада былай айтылған: *“Ыбырайым Құдайға сенді, сондықтан Оның алдында ақталды және ол Құдайдың досы деген атаққа да ие болды”*, Жақыптың хаты 2:23 аят. Ардақты бауырым, енді хабарымызды Жаратылыстың басталуы кітабы 16-17-ші тараудан Ыбырайым мен Ысмағұл туралы әңгімемен одан әрі жалғастырамын.

\\.....Музыка.....\\

Сіз Ыбырамның да Құдайға ұнамайтын бір іс жасағанын көресіз. Кейбіреулер Құдайдың пайғамбарлары ешқашан күнә жасамаған деп ойлайды. Алайда Киелі жазбада былай айтылған: *“Бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ: бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды”*, Римдіктерге аранлған хат 3:22, 23 аят, *“Ал егер еш күнә жасаған жоқпыз десек, Құдайды өтірікші етіп көрсетеміз, әрі Оның сөзі жан дүниемізден орын алмағаны”*, Жоханның 1-хаты 1:10 аят. Бұдан сіз Адам атаның күнәсының бүкіл адамзатқа, кәрілерге де, жастарға да, еркектерге де, әйелдерге де, сенбеушілерге де, пайғамбарларға да жұққанын көресіз. Бір ғана Кісінің бойында Адам атаның күнәлы болмысы болған жоқ. Ол – Құдайдың күнәкарларды құтқару үшін осы әлемге жіберген Құтқарушысы еді. Осы Құтқарушы көктен, яғни Құдайдан келгендіктен Оның бойында ешқандай күнә болған жоқ.

\\.....Музыка.....\\

Ыбырам мен оның әйелі қарт адамдар болатын және олардың балалары болмады. Алайда Ыбырам Құдайдың уәдесіне әлі де күмәнданған жоқ. Бірақ Құдайдың уәде бергенінен кейін он жыл өткен соң Ыбырам Құдайға көмектескен сымақ болып, осы уәдені өз күшімен іске асыруға тырысты. Ыбырамның шыдамсыздықпен жасаған осы әрекеті көптеген қиыншылықтар туғызды.

Таураттан біз Ыбырам мен Сарайдың өздерінің жолымен ұлды болғысы келгендерін көруге болады. Енді Жаратылыстың басталуы кітабының 16-тарауын оқийн:

\\.....Музыка.....\\

“Ыбырамның әйелі Сарай бала көтермеген еді. Ал оның Ажар атты мысырлық күңі болатын. Сонда Сарай күйеуіне: -Жаратқан Ие маған ана болуды сыйламаған екен. Ал енді, күңіммен жақындас, мүмкін, соның арқасында балалы болармын, - деп ұсынды. Ыбырам бұған көніп, Сарай оған мысырлық күңін қосты. Бұл Ыбырамның Қанахан жерінде тұрғанына он жыл болған кезде еді.

Ыбырам онымен жақындасқаннан кейін Ажардың бойына бала бітті. Мұнысын білген күң қожайын әйеліне менсінбей қарай бастады. Сонда Сарай Ыбырамға: - Менің жәбір көруіме сен кінәлысың. Күңімді сенің қойныңа өзім салдым.

Ал енді ол бала көтергенін білгеннен бері мені менсінбей жүр. Сен екеуміздің арамыздағы дауды Жаратқан Иенің Өзі шешсін, - деді. Ыбырам: - Күнің өз қолыңда, не істеуді дұрыс десең, соны істе, - деп жауап берді.

Бұдан былай Сарай Ажарға қысымшылық көрсете бастады. Сондықтан Ажар оның қасынан қашып кетті”, 16:1-ден 6-ға дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Сөйтіп, Ыбырамның күнәсы арқылы отбасында реніш пен ұрыс-керіс туғанын көреміз. Сарай күні Ажардың жүкті болғанын қызғанып оны ренжіте бастады. Сондықтан Ажар Сарайдан қашып кетеді.

Киелі жазбаны ары қарай оқиық:

“Жаратқан Иенің періштесі оны ен даладағы бір су көзінің қасында - Шурға баратын жолдағы құдық басынан тауып алды. Періште одан:

- Сарайдың күңі Ажар, қайдан келе жатырсың, қайда бет алдың? - деп сұрады. Ол:

- Мен қожайын әйелім Сарайдан қашып келе жатырмын, - деп жауап берді. Сонда Иеміздің періштесі оған:

- Сен қожайын әйеліңе қайтып бар, оның айтқанына көн! - деді. Сөзін ары қарай жалғастырып:

- Мен сенің үрім-бұтағыңды сансыз көбейтемін, - деді. Жаратқан Иенің періштесі оған тағы: - Сен жүктісің, ұл туасың, оның атын Ысмағұл (яғни, “Құдай құлақ асады”) деп қоясың. Өйткені Жаратқан Ие сенің зарыңа құлақ асты. Ысмағұл асау құлан сияқты болып, бәріне қарсы, бәрі де оған қарсы күреседі. Ол барлық бауырларымен жауласып өмір сүретін болады, - деді”, Жаратылыстың басталуы 16:7-ден 12-ге дейінгі аят. Ажар Құдайдың періштесі айтқандай қожайын әйелі Сарайға қайтып барды.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. “Қайтып келгеннен кейін Ажар Ыбырамға ұл туып беріп, Ыбырам оған Ысмағұл деп ат қойды. Сол кезде Ыбырам сексен алтыда еді”, Жаратылыстың басталуы 16:15, 16 аят.

Осы туралы ойланып, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор:

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ыбырам мен Ысмағұл».
Реттік саны: № 22.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз. Өткен хабарда Таураттан Жаратылыстың басталуы 16-шы тарауда Сараның күні Ажардан Ысмағұл туылғаны айтылған. Осылай Ысмағұл дүниеге келіп, кейін ол барлық арабтардың түп атасы болды. Енді «Ыбырам мен Ысмағұл» туралы хабар тыңдайсыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Иә, Құдай Ысмағұлдың қамын ойлағандықтан, оған арналған жоспары болған. Алайда Ыбырамға уәде етілген ұл ол емес еді. Құдайдың Ыбырам арқылы жаңа халық шығару жайындағы жоспары өзгерген жоқ. Құдай Ыбырам сияқты асыққан жоқ. Кейде тым баяу әрекет ететін сияқты болып көрінгенімен Жаратқан Ие айтқанын үнемі орындайды. Киелі жазбада Ысмағұл туылған соң Құдай 13 жыл бойы Ыбырамға ештеңе айтпады делінген. Алайда ақыр аяғында бір күні Құдай Ыбырамға сөйледі.

Құдайдың он үш жылдан кейін Ыбырамға не айтқанын көру үшін Жаратылыстың басталуы 17 тарау 1-ден 21-ге дейінгі аяттарды оқиық. Мұқият тыңдаңыз, бұл таңғаларлық әрі керемет әңгіме:

\\ ----- Музыка ----- \\

“Ыбырам тоқсан тоғыз жасқа келгенде Жаратқан Ие оған аян беріп:

- Мен құдіреті шексіз Құдаймын. Менің көз алдымда мінсіз жүр. Мен екеуміздің арамыздағы келісімді бекітіп, сенің үрім-бұтағыңды сансыз көбейтемін, - деді. Сонда Ыбырам Оған жерге бас ұрып зибадат етті. Құдай сөзін одан ары қарай жалғастырды:

- Айтқаным айтқан: Менің сенімен жасасқан келісімім бойынша сен көп ұлттың түп атасы боласың. Бұдан былай сен Ыбырам (“Ұлық ата”) емес, Ыбырайым (“Көптің атасы”) деп аталасың, өйткені Мен сені көптеген халықтардың түп атасы етіп тағайындадым. Сенің тұқымыңды сансыз көбейтіп, көптеген халықтарды өрбітемін, сенен патшалар да шығатын болады.

Мен бұл келісімді Менімен сенің араңдағы және кейінгі үрім-бұтағыңның арасындағы мәңгілік келісім ретінде бекітемін; ол ұрпақтан ұрпаққа созылатын болады. Мен сенің және үрім-бұтағыңның Құдайы боламын.

Қазір өзің жат жерлік кірме ретінде тұрып жатқан бүкіл Қанахан елін саған және келер ұрпақтарыңа мәңгі иеленуге беріп, олардың Құдайы боламын. Бірақ сен де Менің келісіміме адал бол! Оны өзің де, үрім-бұтағыңның барлық ұрпақтары да сақтауға тиіссіңдер! Менің сенімен және келешек ұрпағыңмен бекіткен бұл келісімімнің ережелерін жүзеге асырып, еркек кіндіктің бәрін де сүндеттеңдер!

Сүндет рәсімін орындауларың Менің сендермен жасаған келісімімнің белгісі болады. Болашақ ұрпақтарыңның әрбір жаңа туған ер баласы туғанына сегіз күн толысымен сүндеттелсін. Бұған әулеттеріңе жатпайтын ер адамдар да кіреді, үйлеріңде дүниеге келген құл-қызметшілерің болсын, не сатып алынғандары болсын, бәрі де сүндеттелуге тиіс. Сонымен үйде туды ма, жоқ әлде құл ретінде сатып алынды ма, барлық еркек атаулы міндетті түрде сүндеттелсін. Менің келісімімнің белгісі сендердің тәндеріңде мәңгі қалуға тиіс. Әрбір сүндеттелмеген еркек кіндікті өз халқынан аластату керек, өйткені ол Менің келісімімді бұзды!

Сен әйеліңді енді Сарай емес, Сара деп ата. Мен оны жарылқап, саған Сарадан да бір ұл сыйлаймын. Оған ұлттардың түп анасы болсын деп ақ батамды беремін. Сарадан халықтардың патшалары да тарайтын болады. Сонда Ыбырайым Құдайдың алдына жерге бас ұра тағзым етіп: “Жүзге келген адам ұлды болып, тоқсанға келген Сара да бала таба алар ма екен?” - деп іштей күлді. Бұдан кейін Құдайдан:

- Ысмағұл Сенің алдыңда тірі жүргей, - деп өтінді. Ал Құдай:

- Әйелің Сара саған ұл тауып береді, оның атын Ысқақ деп қоясың. Мен Ысқақпен келісім жасап, оны үрім-бұтағы үшін мәңгілікке бекітемін. Ал сенің Ысмағұл туралы айтқаныңды да орындаймын. Оны жарылқап, үрім-бұтағын көбейтемін. Ысмағұлдан он екі рубасы шығатын болады. Мен одан бір үлкен халықты өрбітемін. Бірақ Менің келісімімді Сара келесі жылы осы уақытта дүниеге келтіретін Ысқақпен бекітемін, - деп жауап берді”.

*\\ ----- Музыка ----- *

Ыбырам әйелі Сараны тыңдап, Ажармен жақындасқаны дұрыс болмады. Алайда адам сенімсіз болса да, Құдай сенімді болып қала береді. Ыбырайым 99-ға келгенде Құдай онымен уәдесін бекітті. Құдай былай деді: “Мен құдіреті шексіз Құдаймын... Сен көп ұлттың түп атасы боласың. Бұдан былай сен Ыбырам емес, Ыбрайым деп аталасың, өйткені Мен сені көптеген халықтардың түп атасы етіп тағайындадым”. Құдай Өзінің жоспарын орындай отырып Ыбырамның атын Ыбырайым яғни “көптің атасы” деп, ал Сарайдың атын Сара яғни “ханшайым” деп өзгертті. Бұл керемет жағдай. Көз алдыңызда балалары жоқ Ыбырам және Сарай есімді қарт ерлі-зайыптылар. Енді Құдай жағдайдың өзгергенін білдіру үшін оларға жаңа есімдер берді.

Құдай Ыбырайым мен Сараға ұл сыйлауға және сол ұлдан халық шығаруға уәде берді. Бұл халықтан көптеген пайғамбарлар мен патшалар, ақырында әлемнің Құтқарушысы шықпақ болған. Құдай шынымен ұлы және мәңгілік мадаққа лайық. Ол Ыбырайымға берген уәдесін ұмытқан жоқ. Құдай Өз уәдесін орындайтынын айтқан кезде қартайған Ыбырайым не істеді? Киелі жазбада былай жазылған: “Сонда Ыбырайым Құдайдың алдына жерге бас ұра тағзым етіп: “Жүзге келген адам ұлды болып, тоқсанға келген Сара да бала таба алар ма екен?” – деп іштей күлді”

Естiдiңiз бе? Ыбырайым кiлiптi! Дегенмен ол сенбегендiктен емес, куаныштан кiлдi. Киелi жазбада тағы былай жазылған:

\\.....Музыка.....\\

“Үмiттенетiн еш шара қалмаған кездiң өзiнде Ыбырайым үмiтiн үзбей, сенiмiнде берiк тұра бердi. Сондықтан да ол “Сенiң үрiм-бұтағың да осындай сансыз көп болады” деген уәде бойынша көптеген халықтардың рухани түп атасы болды. Жасы жүзге келiп қалған Ыбырайым өз денесiнде ешқандай күш қалмағанын, әйелi Сараның да құрсағында бала бiтпейтiнiн жақсы бiлгенiмен, уайымдап, сенiмiн әлсiретпедi. Қайта, Ыбырайым Құдайдың уәдесiне күмәнданбай, Оған деген сенiмiнен қуат алды. Осылай Тәңiрдiң өз уәдесiн орындай алатынына қалтқысыз сенiп, Оған құрмет көрсеттi”, Римдiктерге арналған хат 4:18-ден 21-ге дейiнгi аяттар.

Алайда, Ыбырайым күнi Ажардан туған ұлы Ысмағұлмен не болатынын бiлгiсi келдi. Құдай оған былай жауап бердi:

“Ал сенiң Ысмағұл туралы айтқаныңды да орындаймын. Оны жарылқап, үрiм-бұтағын көбейтемiн. Мен одан бiр үлкен халықты өрбiтемiн. Бiрақ Мен келiсiмiздi Сара келесi жылы осы уақытта дүниеге келтiретiн Ысқақпен бекiтемiн”, Жаратылыстың басталуы 17:20-21 аяттар.

Құдай пайғамбарлар мен Құтқарушының Ысқақтың ұрпағынан шығатынын осылай бекiттi. Құдай осылай шынымен сөзiнде тұрады. Ол берген уәдесiн орындайды. Құдайға ештеңе қиын емес. Киелi кiтаптағы мына сөздердi тыңдаңыз: *“О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның бiлiк-парасаты! Шешiмдерiне адам ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкiм зерттеп бiтпес! Кiм Тәңiрдiң ақыл-парасатын ұққан, кеңесшiсi боп бағыт бердi Оған? Есесiн қайтарып алам деп Құдайдан, кiм алдымен бiр нәрсесiн берген Оған? Себебi әлемнiң бәрi Құдайдан, Ол арқылы, Ол үшiн пайда болған. Лайым Құдай мәңгiлiк мадақталсын! Аумин”, Римдiктерге арналған хат 11:33-ден 36-ға дейiнгi аяттар.*

\\ ----- Музыка ----- \\

Жаратылыстың басталуы кiтабының 18-тарауы 1-ден 15-ке дейiнгi аяттарда былай жазылған:

“Бұдан кейiн Тәңiр Ие Ыбырайымға тағы да Мамредегi емен орманының қасында келiп кеткен болатын. Ыбырайым түске таман күн ысығанда шатыр аузында отырған едi. Ол айналасына көз тастағанда өзiнiң алдында үш еркектiң тұрғанын көрдi. Ыбырайым оларды көре сала, отырған жерiнен ұшып түрегелiп, алдарынан шығып, илiп сәлем бердi. Ыбырайым: - Мырза! Рақымыңыз маған түссе, мендей құлыңыздың қасынан өте шықпаңыз. Қазiр аяқтарыңызды жуу үшiн су әкелiнедi. Ағаштың саясына жайғасып алыңыздар.

Құлдарыңыздың үйiнен дәм татпай өтiп кетпеңiздер. Сiздерге тамақ әкелейiн, әлденiп тынығып алыңыздар. Содан кейiн әрi қарай жылжи берерсiздер, - деп қолқа салды. Олар: - Жарайды айтқаның болсын, - деп келiстi...

Мұнан кейін Ыбырайым айран, сүт және пісірілген баспақ етін алып, қонақтардың алдына тартты. Қонақтар ағаш саясында тамақтанып жатқан кезде Ыбырайым қастарында болып, өзі қызмет етті. Олар:

- Әйелің Сара қайда? - деп сұрады. Ол:

- Осында, шатырдың ішінде, - деді. Иеміз: - Келесі жылы осы уақытта Мен саған тағы да келемін. Сол кезде әйелің Сараның ұлы болады! - деп уәде берді.

Осы сөздерді Оның артында, шатырдың аузында, тұрған Сара да естіді. Ал Ыбырайым мен Сара егде адамдар еді. Сара бала туудан қалған жаста болатын. Сол себепті ол: “Мен әбден қартайған шағымда осындай қуанышқа кенеле алар ма екенмін?” - деп іштей күлді.

Ал Иеміз Ыбырайымға:

- Сара неліктен күліп тұр? Ол неге “мен енді қартайған шағымда бала туа алар ма екенмін” деп сұрайды? Жаратқан Ие орындай алмайтындай іс бар ма? Келесі жылы осы уақытта Мен саған тағы да келемін. Сол кезде Сараның ұлы болады! - деп уәдесін бекітті. Сара сасып қалып:

- Мен күлген жоқпын, - деп мойындамады. Бірақ Иеміз оған:

- Жоқ, сен күлдің, - деді...

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. “Біз айтқанымызға адал болмасақ, Ол айтқанына адал болып қала береді. Өз болмысымен келіспейтінді Ол істемейді”, Тимотеге арналған 2-хат 2:13 аят. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ысқақтың туылуы және Содомның қирауы».
Реттік саны: № 23.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!
Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынып отырғанымызға қуаныштымыз. Сіз біздің бағдарлама арқылы Құдайдың Ыбырайымды жаңа халықтың түп атасы етуге уәде бергенін естідіңіз. Осы жаңа халықтан Құдайдың пайғамбарлары мен адамзаттың Құтқарушысы шықпақ болған. Бүгін: «Содомның қирауы және Ысқақтың туылуы» деген хабар тыңдайсыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Киелі кітапты оқып жүрген болсаңыз, Ыбырайым мен Сара туралы біраз мәліметті білесіз деп ойлаймын. Олар өте қарт кісілер еді. Оның үстіне Сара қуырсақ көтермейтін. Таңғаларлығы сол, Ыбырамның үйіне қонаққа үш ер адам келеді. Алайда олар жай ғана адамдар емес еді. Екеуі періште, ал біреуі Жаратушының Өзі болған. Кейбір адамдар Құдайдың Ыбырайымға адам кейіпінде келуі мүмкін емес деп ойлар. Бірақ мұндай адамдар құдіреті шексіз Құдайдың қолынан бәрінің келетінін ұмытқан болар. Құдай жамандықтан басқаның бәрін істей алады. Жаратылыстың басталуы кітабының 18-тарауы, 20-дан 33-ке дейінгі аяттарда былай жазылған:

\\.....Музыка.....\\

(Иеміз) Ыбырайымға тіл қатып:

- Менің атыма Содом мен Гомора қалаларының үстінен өте көп шағым түсіп жатыр, сол жерде жасалған күнәлар тым ауыр. Сондықтан Мен жерге түсіп, сол жердегі әділетсіздік Маған жеткен шағым туғызатындай дәрежеде ме, жоқ па, соған көз жеткізбекпін, - деді.

Содан кейін еркектер бұрылып алып, Содом жаққа беттеді. Бірақ Ыбырайым Жаратқан Иенің алдына тұра қалды. Оған жақындап былай деп өтінді: - Уа, Жаратқан Ием, сонда жауызбен бірге әділді де құртпақсың ба? Мүмкін, қалада елу әділ адам бар шығар. Сен оларды шынымен құртпақсың ба? Сол жерге ондағы елу әділ үшін рақым еткің келмей ме? Сен осылай істеп, әділ адамды жауызбен бірге өлтіріп, оған арам кісіге қарағандай қараудан аулақсың зой. Бүкіл әлемнің Қазысы әділетті шешім қабылдамаушы ма еді? - Сонда Тәңір Ие:

- Егер Мен Содом қаласынан елу әділ адамды тапсам, солар үшін ол жерге рақым етемін, - деді. Ыбырайым:

- Мен күл мен топырақтан жаралған пенде болсам да, Иеммен сөйлесіп тұрмын. Мүмкін, әділ адамдардың саны елу емес, одан бесеуі кем шығар, сол бесеуіне бола бүкіл қаланы құртпақсың ба? - деп сұрады. Тәңір оған:

- Егер Мен одан қырық бес әділ кісі тапсам, ол қаланы құртпаймын, - деді. Ыбырайым сөзін әрі қарай жалғастырды:

- Мүмкін ол жерде қырық әділ кісі болатын шығар.

- Мен қырық әділ адам үшін де оларға тиіспеймін, - деп Тәңір жауап берді. Ыбырайым сонда:

- Ием, мен тағы да айтамын, ашулана көрме. Мүмкін, ол жерде отыз гана әділ адам бар болса ше? - деп сұрады. Иеміз оған:

- Ол жерде отыз әділ адам болса да, Мен оған тиіспеймін, - деп жауап берді. Ыбырайым айтты:

- Мен Тәңіріммен пендешілікпен сөйлесіп тұрмын. Мүмкін, ол жерде тек жиырма әділ кісі болатын шығар. - Иеміз:

- Жиырма әділ кісі үшін де Мен қаланы қиратпаймын, - деді. Ыбырайым Одан: - Уа, Тәңірім, мен тағы бір рет қана айтсам, ашулана көрме. Егер ол жерден не бары он-ақ табылса ше? - деп сұрады. Иеміз:

- Мен ол жерді он әділ кісі үшін де құртпаймын, - деп жауап берді.

Ыбырайыммен сөйлесіп болған соң, Тәңір Ие кетіп қалды, ал Ыбырайым үйіне қайтты”.

Енді Жаратылыстың басталуы 19 тарау 1-ден 5-ке дейінгі аяттарды оқимын.

\\ ----- Музыка ----- \\

Кешке қарай Жаратқан Иенің екі хабаршысы Содом қаласына келді. Лут сол кезде қала қақпасының алдында отырған еді. Ол хабаршыларды көргенде оларға сәлем беру үшін орнынан тұрып, жерге дейін басын иіп тағзым етті де:

- Мырзалар, құлдарыңыздың үйіне кіріп, жуынып-шайынып, қонақ болып қоныңыздар. Ертең ертемен тағы да жолға шығасыздар, - деп үйіне шақырды. Хабаршылар оған: - Рақмет, біз базар алаңында түнеп шығамыз, - деп жауап берді.

Лут қиыла өтініп қоймаған соң, екеуі оған еріп, үйіне келді. Тамақ дайындалып, ашытқысыз қамырдан нан пісіріліп, хабаршылар тамақтанды. Олардың бастары жастыққа тимей тұрып-ақ, жасы бар, кәрісі бар, қаланың түпкір-түпкірінен жиналып келген ер адамдарының бәрі үйдің сыртын айнала қоршап алды. Лутты айғайлап шақырып:

- Саған кешқұрым келген еркектер қайда? Бізге алып шық, олармен жақындасып көңіл көтерейік, - деді, Содомның көптеген адамдары табиғи жыныс қатынасты табиғи емес қатынаспен ауыстырып, бір-бірімен әдепсіздік жасап, күнәға батып жүрген. Осы жағдай туралы Римдіктерге арналған хаттың 1-тарауында 26 және 27-аяттарда айтылған.

\\.....Музыка.....\\

Осыны қазір Жаратылыстың басталуы кітабының 19-тарауынан оқиық:

“Лут сыртқа алдарына шығып, есікті жауып:

- Бауырларым, зұлымдық жасамандар! - деп өтінді. - ...бұл адамдарға тиіспеңдер, олар менің шаңырағымның астына түскен меймандарым ғой! Бірақ қаланың ер адамдары оған:

- Былай кет! - деп айғай салды. – Мынау, кірме неме, бізге билік айтпақ па? Тоқтай тұр, сенің бізден алар сыбағаң олардікінен бетер! - Сөйтті де, Лутқа тап беріп, есікті бұзуға айналды.

Сонда үй ішінде тұрған хабаршылар есікті сәл ашып, қолдарын созып, Лутты ішіне қарай тартып алды. Есікті қайтадан бекітіп, алдарында тұрған үлкенді-кішілі адамдардың бәрін есікті таба алмастай соқыр етіп тастады. Бұдан кейін олар Лутқа:

- Сенің бұл жерде тағы қандай жақындарың бар? Күйеу балаларың, ұл-қыздарың мен барлық басқа адамдарыңды осы қаладан алып кет! - деп бұйырды. - Біз оны құртпақшымыз. Бұл жер туралы Жаратқан Иеге өте көп шағым түсуде. Сондықтан Ол бізді осы қаланы құрту үшін жіберді.

Сонда Лут сыртқа шығып, қыздарына үйленбек күйеу балаларына барып: “Жиналып, бұл жерден кетіңдер. Жаратқан Ие қаланы құртпақшы!” - деп ескертті. Бірақ күйеу балалары оны қалжыңдап тұр деп ойлады.

\\.....Музыка.....\\

Таң қызарып атып келе жатқанда хабаршылар Лутты асықтырып: “Жинал, күнәға батқан бұл қалада өліп қалмау үшін әйеліңді, қолыңдағы екі қызыңды алып, кетіп қал!” - деді.

Лут әлі де қобалжып тұрғанда, елшілер оны, әйелін, екі қызын қолдарынан ұстап далаға сүйрей жөнеліп, қаланың сыртына шыққанда гана қоя берді. Себебі Жаратқан Иенің оларға рақымы түскен болатын. Төртеуін қаладан алып шыққанда хабаршылардың біреуі:

- Осы жазықтың еш жеріне аялдамастан, арттарыңа қарамай қашыңдар! Өліп қалмау үшін тауға барып, соны паналаңдар! - деп бұйырды...

Сол кезде Жаратқан Ие Содом мен Ғомора үстіне аспаннан от аралас күкірт жаудырып, бұл қалаларды, төңірегіндегі бүкіл жазықты, барлық қала тұрғындарын және далада өсіп тұрғанның бәрін де күл талқан етіп қиратты. Алайда, Луттың әйелі артына қарамақ болып, кері бұрылды. Сонда ол бірден тұз бағанасына айналды.

Ыбырайым таңертең ерте тұрып, кеше өзі Жаратқан Иенің алдында тұрған жерге қайтып барды. Содом мен Ғомораға және төңірегіндегі бүкіл жазыққа көз тастаған кезде сол жерден балқыту пешінен шыққандай будақтаған түтінді көрді. Алайда Құдай Лут тұрып жатқан жазықтағы қалалардың күл-талқанын шығарар кезде Ыбырайымды мейірімділікпен есіне түсіріп, Лутты апаттан аман-есен алып шықты”, Жаратылыстың басталуы 19:6-дан 17-ге, 24-тен 29-ға дейінгі үзінді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сөйтіп, Құдай Содом мен Ғомора қалаларын от аралас күкіртпен қиратып тастады. Қазіргі заманда Содом қаласының қалдықтары Палестина мен Израильдегі Өлі теңіздің астында жатыр. Осыдан сіз күнәның құлдығында жүру – ақымақтық екенін көре аласыз.

Құдай күнәны қатаң жазалайды! Сонымен, сіз Құдайдың Ыбырайым мен Сараға ұл сыйлап, бұрын берген уәдесін орындағанын көресіз. Жаратылыстың басталуы 21 тарау 1-ден 7-дейінгі аяттарда былай жазылған:

“Содан кейін Жаратқан Ие Өзі айтқандай, Сараға рақымын түсіріп, берген уәдесін орындады. Сара жүкті болып, Ыбырайымға қартайған шағында, Құдай алдын ала белгілеген мезгілде ұл туып берді. Ыбырайым Сара тапқан ұлдың атын Ысқақ (“Күледі”) деп қойды. Өзіне Құдай бұйырғандай, оны сегіз күн өткен соң сүндеттеді. Ысқақ дүниеге келгенде Ыбырайым жүзге толған еді. Сара қуанып былай деді: “Құдай маған күлкі сыйлады, мұны естіген әркім менімен бірге күледі. Сара баласын емізетін болады деп Ыбырайымға алдын ала кім айта алар еді? Бірақ екеуіміздің егде тартқанымызға қарамастан, мен оған ұл туып бердім”. Осылай Құдай бұрын Ыбырайым мен Сараға берген уәдесін орындады. Бала туатын уақыттан өтіп кеткен Сара Құдайдың айтқанындай ұл туды. Оған Ысқақ, яғни “Ол күледі” деп ат қойды. Келесі аптада Ыбрайымның өз ұлын құрбандыққа шалмақ болғаны туралы керемет әңгімені тыңдайсыз.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, енді мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *“О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның билік-парасаты! Шешімдеріне адам ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!”*, Римдіктерге арналған хат 11:33 аят.

Осы туралы ойланып, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ыбырайымның сенімінің сыналуы»
Реттік саны: № 24.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

Сіз өткен хабарымыздан сенімді Құдайдың Өз сөзінде тұратынын тағы да байқаған боларсыз. Құдай Өзі алдын ала айтқандай Содом мен Гомораны жазалады. Құдай Өзі айтқандай Ыбырайым мен Сараға қартайған шақтарында ұл сыйлады. Бүгінгі хабарымыз: «Ыбырайымның сенімінің сыналуы» деп аталады. Жаратылыстың басталуы 22 тарау. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдайдың еркіне сай Ажар мен Ысмағұл Ыбрайымның үйінен кетуге мәжбүр болды. Құдайдың жоспарлары ешқашан өзгермейді. Алайда Ысқақтың туылғанына қуанбағандар да болды. Енді Киелі жазбаға қарайық:

\\.....Музыка.....\\

“Ысқақ біраз өскен соң, Сара оны емшектен шығарды. Сол күні Ыбырайым үлкен той жасады. Бірде Сара мысырлық Ажардан туған Ысмағұлдың Ысқақты келекелеп, мазақтап жүргенін байқады. Сонда ол Ыбырайымға: “Мына күңді баласымен бірге қуып жібер, күңнің ұлы менің ұлым Ысқақпен бірдей мұраға ие болмасын!” - деді. Бұл әңгіме өзінің ұлы туралы болғандықтан, Ыбырайымға еш ұнамады. Бірақ Құдай оған: “Бала мен күңге бола қамықпа. Сараның айтқанының бәріне көн, себебі сенің ұрпағың Ысқақтан тарайтын болады. Алайда, күңнің ұлынан да халық таратамын, ол да сенің ұлың зой”, - деді. Келесі күні Ыбырайым таңертең ерте тұрды. Нан және су құйылған месті алып, оларды Ажардың иығына артып берді де, баласын оның қолына тапсырып, шығарып салды. Ажар жолға шыққан соң, Бер-Шеба маңайындағы айдалада адасып кетті”, Жаратылыстың басталуы 21:8-ден 14-ке дейінгі үзінді.

\\.....Музыка.....\\

Ысмағұл кеткенде Ыбырайымның жүрегі ауырды, бірақ жағдай осылай болуға тиісті еді, өйткені Құдай жаңа халық пен Құтқарушы Ысмағұлдың емес Ысқақтың ұрпағынан шығады деп айтқан болатын. Жасы 15-ке келген Ысмағұл Ысқақты мазақтады, өйткені ол Ысқақ арқылы жаңа халық жаратып, әлемді құтқармақ болған Құдайдың жоспарын құрметтемеді.

Ал кейін Ысмағұлға не болды екен? Ол анасымен Мысырдың қасындағы шөл далада тұрды. Ысмағұл мысырлық әйелге үйленді. Құдай Ыбырайымға айтқандай, Ысмағұлдан тараған араб ұлты Ысқақтан шыққан халықтың жауы болды,

Жаратылыстың басталуы 16:12 аятты қараңыз. Қазіргі уақытқа дейін еврейлер мен арабтардың бір-бірімен жауласып келе жатқанын сіз де білесіз. Алайда Құдай арабтарды да, еврейлерді де және басқа халықтардың бәрін де жақсы көреді және бәрінің де Оған тәубеге келгенін қалайды. Таурат кітабын зерттеу барысында біз Құдайдың пайғамбары Ыбрайым туралы бірнеше қызық және маңызды әңгімені оқыдық. Бүгін Ыбырайымның өміріндегі ең мағызды оқиға жайлы, яғни оның өз ұлын құрбандыққа шалмақ болғаны туралы сөйлесеміз. Араб жалқы тойлайтын Ид Әл-Адха мейрамы осы оқиғадан басталған.

\\ ----- Музыка ----- \\

Бір күні Құдай Ыбырайымға оғаш және қиын бұйрық берді. Жаратылыс кітабының 22-тарауынан оқиық: *“Осы оқиғалардан соң Құдай Ыбырайымды сынамақ болып, оны: - Ыбырайым! - деп шақырды. Ол: - Тыңдап тұрмын, - деп жауап берді. Сонда Құдай оған: - Сен өзіңнің жақсы көретін жалғыз ұлың Ысқақты ертіп алып, Мория жеріне бар. Оны сол жерде Мен саған көрсететін тауға апарып, құрбандыққа шалып, өртеп жібер! - деп бұйырды”* 1-2 аяттар.

Ыбырайымның не ойлағанын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Құдай не дейді? Бұл не деген сұмдық! Мен өзімнің жалғыз сүйікті ұлымды тауға ертіп барып, оны өлтіруім керек пе? Жиырма бес жыл бойы күткен ұлымды Құдай құрбандыққа шал деп тұр ма? Осы жағдайда Ыбырайым Құдайға қалай жауап берді? Ол Құдаймен дауласты ма? Киелі жазбаға назар айдарайық:

\\.....Музыка.....\\

“Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп, жастау екі қызметшісін және ұлы Ысқақты өзімен бірге ертіп алды. Ол құрбандық отына жеткілікті етіп отындық ағаш жарып алып, Құдай өзіне айтқан жерге қарай жолға шықты”, Жаратытылыстың басталуы 22:3 аят.

Ыбырайым ұлын ертіп, екі қызметшісімен Құдай айтқан тауға қарай бет алды. Үш күннен кейін тауға жақындаған кезде Ыбырайымның жүрегі қатты ауырды. Өзінің туған ұлын бауыздап, өртейтінен көз алдына елестеткен кезде оның жаны өлердей қайғырды. Біз қазір Құдайдың сол кезде Ыбырайымның сенімін сынап көргісі келгенін білеміз, бірақ Ыбырайым осыны білген жоқ! Құдайдың айтқаны Ыбырайымға жан түршігерлік, қатыгез әрі оғаш сынақ болып көрінді! Киелі жазбаны ары қарай оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Үшінші күн дегенде, Ыбырайым айналасына көз жүгіртіп, сол жерді алыстан көрді. Сонда қызметшілеріне: “Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуміз сол жерге барып, Құдайға гибадат етіп болған соң, сендерге қайтып келеміз”, - деді.

Ыбырайым құрбандық отына арналған ағашты баласы Ысқаққа арқалатып, өзі шоқ салынған ыдыс пен пышақты қолына ұстап, екеуі бірге әрі қарай жүріп кетті. Сонда Ысқақ әкесіне:

- Әке! - деп тіл қатты. Ыбырайым:

- Иә, ұлым, не айтайын деп едің, - деді. Ысқақ: - Бізде шоқ пен ағаш бар, ал құрбандыққа шалынып, өртелетін қой қайда? - деп сұрады. Ыбырайым:

- Ұлым, Құдай құрбандыққа шалынатын қойды Өзі береді, - деді. Осылай екеуі бірге әрі қарай жүре берді.

Олар Құдай белгілеп берген жерге келгенде, Ыбырайым құрбандық өртейтін орын жасап, оның үстіне отындық ағаштарды қаластырды. Мұнан соң Ысқақты байлап, осы ағаштардың үстіне жатқызды. Ыбырайым ұлын бауыздау үшін қолын созып, пышағын алған кезде Жаратқан Иенің періштесі оған көктен дауыстап: - Ыбырайым! Ыбырайым! - деп тіл қатты. Ол: - Тыңдап тұрмын, - деп жауап берді. Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! Енді сенің Өзімді құрмейтейтінің көзім жетті, Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың, - деді оған періште. Ыбырайым төңірегіне көз тастағанда, қалың бұтаның ішінде мүйізінен шырмалып қалған қошқарды көрді. Ол барып, қошқарды әкелді де, ұлының орнына құрбандыққа шалып, өртеп жіберді. Осы жерге Ыбырайым “Жаратқан Ие қажетіңді береді” деген ат қойды. Сондықтан да күні бүгінге дейін жұрт: “Жаратқан Ие қажетіңді өз тауында береді”, - дейді”, Жаратылыстың басталуы 22:4-тен 14-ке дейінгі аяттар.

\\ ----- Музыка ----- \\

Бұл оқиға өте маңызды болғандықтан оның анық түсініп алу керек. Ыбырайым шалған құрбандықтың үш мағынасы бар: тарихи мағынасы, болашақта болатын оқиғалар туралы нышан беретін мағынасы және пайғамбарлық мағынасы. Басқаша айтқанда Ыбырайымның құрбандығын түсіну үшін сіз үш нәрсені ұғып алғаныңыз жөн: Қандай оқиға болды? Құрбандық нені бейнелейді? Осы оқиға туралы Ыбырайым қандай пайғамбарлық сөз айтты.

Тарихи жағынан қарағанда, сіз Құдайдың Ыбырайымды сынағанын және оған ұлының орнына қошқар беріп, ұлын құтқарғанын көресіз. Бұл оқиға бұдан 4000 жылдай бұрын қазіргі Иерусалимнің орнында болған. Бұл қысқаша айтқанда Ыбырайымның құрбандығының тарихи жағы.

Ал: “Оқиға нені бейнелейді?” деген сұраққа келсек, Құдай сөзі біздің бәріміздің Ыбырайымның ұлы сияқты екенімізді айтады. Біз әділ Құдайдың Ыбырайымның ұлы Ысқақты өлім жазасына кескенін көреміз. Біз де бәріміз күнәкар болғандықтан Құдайдың жазасына лайықтымыз. Бірақ Құдай рақымды болғандықтан Ыбырайымның баласын өлімнен құтқарды. Құдай сізге де құтқарылу жолын ашты. Осы қандай жол?

Құдай Ыбырайымның құрбандығы туралы әңгіме арқылы болашақта біз бен сіз үшін берілетін мінсіз Құрбандық арқылы ашылатын құтқарылу жолын меңзейді.

\\.....Музыка.....\\

Бүгінгі оқиғада Құдайдың Ыбырайымның ұлының орнына құрбандыққа шалынатын қойды бергенін көресіз.

Оның мүйізі бұтаға шырмалып қалған, ал терісі бүтін болды. Егер қошқардың тіпті бір дағы болғанда, ол Ыбырайымның ұлының орнына құрбандыққа шалынуға жарамайтын еді. Сондықтан Құдай құрбандыққа дақсыз қошқарды берді. Таураттың бірінші тарауларын оқысаңыз, Құдайдың бекіткен құтқарылу жолы туралы білесіз. Осы қандай жол екені есіңізде ме? Адам ата мен Хауа ана күнәға батқаннан кейін Құдай: “Күнәның жазасы өлім; Қан төгілмей, күнә кешірілмейді” деп жариялады. Сол кезде күнәлары үшін кешірім алғысы келген әркім кінәратсыз малды бауыздап, өртеуге тиіс болған. Демек кінәлі адам үшін кінәсіз жануар өлетін. Құдай Өзінің әділдігіне қайшылық келтірмей адамдардың күнәларын осылай ғана кешіре алатын.

Сіз Киелі жазбада жануарлардың қаны туралы жазылған мына ақиқатты да есіңізде сақтаңыз: *“Таурат заңы Құдайдың адамдарға дайындап қойған жарылқауының өзі емес, оның күңгірт жобасы ғана... Өйткені құрбанға шалынған бұқалар мен қошқарлардың қаны адамның күнәсын өтеп, тазарта алмайды”*, Еврейлерге арналған хат 10:1 аят. Жануарлардың қаны күнәны өтей алмайды, өйткені жануар мен адамның құны бір бірімен тең емес. Ыбырайымның ұлының орнына құрбандыққа шалынған қой болашақта адамзаттың күнәлары үшін берілетін мінсіз әрі ұлы құрбандықтың нышаны ғана болған.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, Ыбырайымның Мория тауындағы айтқан сөздерінің мағынасы туралы ойланыңыз және мына аят жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. *“Құдай құрбандыққа шалынатын қойды Өзі береді... Осы жерге Ыбырайым “Жаратқан Ие қажетіңді береді” деген ат қойды”*, Жаратылыстың басталуы 22:8, 14 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Ыбырайымның құрбандығы».
Реттік саны: № 25.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

«Шындық жолы» бағдарламасын назарыңызға ұсынамыз. Өткен хабарда Ыбырайым ұлының орнына құрбандыққа шалынған қой осы дүниеге келетін, күнәкарлар үшін жанын қиятын Құтқарушыны білдіретін білдіңіз деп үміттенеміз. Құдай осы Құтқарушыға сенгендердің бәрін кешіреді. Бүгінгі хабарымыз: «Ыбырайымның құрбандығы» деп аталады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Киелі жазбадағы Ыбырайымның құрбандыққа шалған тоқтысы жайында түсіндірмемен хабарымызды әрі қарай жалғастырамын.

Осы құрбандық Құдай күнәкарларды құтқару үшін жіберуге уәде еткен Құтқарушы жайында берілген үлгі болып табылады. Оқиғаның пайғамбарлық жағына келсек, Ыбырайымның тауға көтеріліп бара жатқанда ұлына не айтқаны есіңізде ме?

\\ ----- Музыка ----- \\

Ол: *“Құдай құрбандыққа шалынатын қойды Өзі береді”* деді. Ыбырайымның ұлының орнына тоқтыны құрбандыққа шалған жерді *“Жаратқан Ие қажетінді береді”* деп атады. Тауратты жазған Мұса пайғамбар: *“Сондықтан күні бүгінге дейін жұрт: Жаратқан Ие қажетінді Өз тауында береді” дейді* - деп қосады. Осыған не себеп болды? Ыбырайым неліктен сол орынды *“Жаратқан Ие қажетінді береді”* деп атады? Неліктен, *“Құдайға шүкір! Жаратқан Ие қажетінді берді”* деп атамады? Қадірлі ағайын, бұл өте маңызды сұрақ, өйткені оның жауабы Құдай сөзіндегі Ізгі хабармен байланысты. Сіз осы Ізгі хабарды түсініп, оған сенуіңіз керек! Сөйтіп, Ыбырайым неліктен осы орынды *“Жаратқан Ие қажетінді береді”* деп атады? Сіз Ыбырайымның ұлының орнына сол тауда қойдың құрбандыққа шалынғанын жазбадан оқып білдіңіз. Ыбырайым: *“Жаратқан Ие қажетінді береді”* дегенде болашақта сол тауда болатын оқиғаны алдын ала жариялады. Яғни Ыбырайымның сөзінің мағынасы мынадай болған: *“Мен Құдайды мадақтаймын, өйткені Ол ұлымның орнына құрбандыққа тоқтыны берді, алайда бір күні Ол осы тауда тоқтыдан әлдеқайда үлкен басқа құрбандық береді.*

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың сол кезде беретін құрбандығы адамзатты мәңгі өшпейтін тозақ отынан құтқарады. Құдай күнәкарларды құтқару үшін осы әлемге күнәсыз әрі таза Құтқарушыны жібереді. Құтқарушы адамдар үшін жанын қиып, қанын төгеді. Ал осы Құтқарушыға сенген әркім өлмей, аман қалады!”

Сондықтан Ыбырайымның: *“Құдай құрбандыққа шалынатын қойды Өзі береді”* деген сөздері адамзат үшін жариялаған Ізгі хабар болып табылады. Ыбырайымның құрбандығы жайлы бір ақиқатты біліп алғаныңыз жөн. Ыбырайым осы пайғамбарлық сөзін айтқаннан кейін екі мыңдай жыл өткен соң Құдай осы сөзді жүзеге асырды. Егер сіз Інжіл шарифті оқыған болсаңыз, онда адамзаттың Құтқарушысы туралы әңгімені білетін шығарсыз. Құтқарушы, Құдай уәде еткендей, Ыбырайым мен Ысқақтың ұрпағынан, пәк таза қыздан туылды. Күнәкарлар үшін жанын қиған Құтқарушының жерде әкесі болған жоқ. Құтқарушы көктен келгендіктен оның бойында Адам атаның күнәлы болмысы жоқ болды. Адамзаттың күнәлары үшін осындай мінсіз Тұлға ғана жанын қиюға лайықты болған. Болашақта Інжіл шарифті зерттеген кезде осы Құтқарушының есімі Иса екенін білесіз. Иса *“Құдай құтқарады”* дегенді білдіреді.

\\-----Музыка-----\\

Інжіл шарифтен Жақия деген пайғамбар туралы да оқыған боларсыз. Ол Исаға жол дайындады, демек алдын ала Ол туралы адамдарға айтты. Бір күні Жақия оған қарай келе жатқан Исаны көргенде: *“Қараңдар, Мынау Құдайдың құрбандыққа жіберген “Тоқтысы!”* деді (Жохан 1:29). Жақия неліктен Исаны *“Құдайдың Тоқтысы”* деп атады? Өйткені Иса адамзаттың күнәсы үшін қанын төкпек болған. Ыбырайымның ұлының орнына өлген қой сияқты, Құтқарушы бүкіл адамзат үшін өлуге келді. Ыбырайым *“Құдай құрбандыққа шалынатын қойды Өзі береді”* дегенде Иса туралы, яғни Құдайдың мінсіз әрі ең соңғы құрбандығы туралы айтқан болатын. Інжіл шарифті оқыған кезде сіз Исаның Өзін жауларының қолына тапсырғанын көресіз. Жаулары Оны айқышқа шегелеп өлтірді. Ыбырайымның құрбандығы Құдайдың жіберген Құтқарушысы жайлы берілген нышан болған, өйткені Иса құрбандыққа шалынған тоқтыдай қанын төкті. Сондықтан Иса жанын тапсырмастан бұрын: *“Енді түгел орындалды!”* - деп айқайлап жіберді. Құдай Өзінің осы мінсіз құрбандықты қабылдағанын растау үшін үш күннен кейін Исаны қайта тірілтті. Иса кемелді әрі таза құрбандық болды. Ыбырайым өзінің ұлының орнына қойды құрбандыққа шалған тауда Иса күнәкарлар үшін жанын қиды. Сонда осы екі құрбандық қай жерде шалынды? Иерусалим қаласында.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, сіз кім болсаңыз да, қайда тұрсаңыз да, Құдай сізді бұрыс пікірлеріңізден және бекер істеріңізден бас тартып, Ол берген соңғы құрбандыққа барлық үмітіңізді артуға шақырады. Сондықтан Киелі жазбада былай айтылған: *“Біз күнәның құлдығынан құтылып, әділетті өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз тәнінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы (рухани дертімізден) сауықтық”*, Петірдің 1-хаты 2:24 аят.

Бүгін сіз Ыбырайымның ұлының Құдай оның орнына берген құрбандықты қабылдағанын көрдіңіз. Ал сіз Құдайдың өзіңіз үшін дайындаған құрбандығын қабылдадыңыз ба?

\\.....Музыка.....\\

Дегенмен, Ыбырайымның құрбандығы туралы Інжіл шарифте осы оқиға жайлы қызық қорытынды бар:

“Ыбырайым сенімі сыналғанда Құдайға нық сенгендіктен Ысқақты құрбандыққа ұсынды. Ол туралы “Сенің ұрпағың Ысқақтан тарайтын болады” деген уәде алғанымен жалғыз ұлын құрбан етуге дайын болды. Ыбырайым Құдай баламды өлімнен қайта тірілтуге де құдіретті деп есептеді; астарлап айтқанда, ол баласын өлімнен қайтарып алды да” Еврейлерге арналған хат 11:17-19 аяттар.

Біздің соңғы алты хабарымыз Ыбырайымның өмірі туралы болды. Алайда Тауратта Ыбырайым туралы біз талдамаған басқа да көп әңгімелер бар. Олардың бәрін оқуға біздің уақытымыз жете қоймас. Ыбырайым туралы әңгімеден оның ұрпақтары туралы әңгімеге көшпестен бұрын, Құдай Ыбырайымға айтқан бір маңызды нәрсені біліп алайық. Құдай Ыбырайымға оның ұрпақтарымен болатын бір жағдай туралы айтты. Киелі жазбаны оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Тәңір Ие Ыбырамға тіл қатып:

- Біліп ал: сенің ұрпақтарың бөтен елде өмір сүретін болады. Сол жерде олар құл болып төрт жүз жыл бойы қиналады. Бірақ оларды құл қылған халықты Өзім жазалаймын. Мұнан соң сенің ұрпақтарың сол елден мол дүние-мүлікпен көшіп шығатын болады”, Жаратылыстың басталуы 15:13, 14 аят. Демек Құдай Ыбырайымның ұрпақтары Мысыр елінде құл болатынын білдірді. Сонымен бірге Құдай оларды 400 жылдан соң мысырлықтардың билігінен алып шығуға уәде берді. 25-тарауда былай жазылған:

“Ыбырайым жинаған бар дүние-мүлкін Сарадан туған Ысқаққа мұра етіп қалдырды. Ыбырайым барлығы жүз жетпіс бес жыл жасады. Ол мағыналы өмір сүріп, жасы ұлғайған шағында о дүниеге, ата-бабаларының қасына аттанды. Ысқақ пен Ысмағұл әкелерінің мәйітін Мамренің қасында, хеттік Сохар ұлы Ефронның егістігінде орналасқан Махпела үңгіріне апарып, марқұм әйелі Сараның қасына қойды. Бұл егістік пен үңгірді Ыбырайым кезінде хеттіктерден сатып алған болатын”, Жаратылыстың басталуы 25:5, 7-10 аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Біз Ыбырайым туралы хабарларымызды қорытындылау үшін, өзімізге мынадай екі сұрақ қойып, оларға жауап бергеніміз дұрыс болар.

Бірінші сұрақ: Құдай неге Ыбырамға өз елін тастап басқа жерге баруды бұйырды? Жауабы: Өйткені Құдай одан жаңа халық шығарып, сол халық арқылы осы дүниеге Құтқарушыны жібермек болды.

Екінші сұрақ: Құдай неліктен Ыбырайымды ақтап, оған Өзінің қасында мәңгі қалуға рұқсат берді? Жауабы: Өйткені Ыбырайым қандай қиын жағдай болса да Құдайдың айтқанына сенді. Ыбырайым өз істерінің арқасында емес, Құдайдың уәделеріне сенім артқандықтан құтқарылды.

\\-----Музыка-----\\

Ардақты бауырым, сонымен, Киелі жазбада айтылған мына аят туралы ойланыңыз: *“Ыбырайым Құдайға сенді, сондықтан Оның алдында ақталды және ол Құдайдың досы деген атаққа да ие болды”*, Жақыптың хаты 2:23 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Есау мен Жақып».
Реттік саны: № 26.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын қайта ұсынып отырғанымызға қуаныштымыз. Бүгінгі хабарымыз: «Есау мен Жақып» туралы болмақ. Жаратылыстың басталуы 25 тараудан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгінгі хабарды Ысқақ пен оның егіз ұлдары туралы әңгімені оқудан бастайық... Киелі жазбада Жаратылыстың басталуы 25 тарау 19-дан 27-ге дейінгі аяттарда былай жазылған:

\\ ----- Музыка ----- \\

“Ыбырайымның ұлы Ысқақтың үрім-бұтағының тарихы мынау: Ыбырайымнан Ысқақ туды. Ысқақ қырық жасында солтүстік Месопотамияда тұратын арамейлік Бетуелдің қызы, Лабанның қарындасы Рабигаға үйленді.

Әйелі бала көтермегендіктен, Ысқақ ол үшін Жаратқан Иеге жалына сиынды. Оның тілегін Иеміз қабыл алып, күндердің күнінде Рабига жүкті болды. Оның құрсағындағы екі нәресте бір-бірімен тебісетін. Сонда ол: “Менде не үшін бұлай”, - деп ойлап, осыны білмекші болып Жаратқан Иеге жүгінді. Ол: “Сенің ішінде екі тайпа жатыр, құрсағыңнан екі ұлт тарамақ. Біреуі екіншісінен күштірек болып, ағасы інісінің қызметшісі болмақ”, - деді.

Босанатын уақыты келіп, Рабига егіз ұл тапты. Бірінші туған баланың денесін қызыл түк басып кеткендіктен, оған Есау (яғни “Түкті”) деп ат қойды. Одан соң оның сыңары көрінді, ол бір қолымен Есауды өкшесінен ұстап алыпты. Оны Жақып (яғни “Өкшеден ұстаушы, Алдамшы”) деп атады. Егіз ұлды болғанда, Ысқақ алпыста еді.

Балалар ер жетті. Есау дала кезіп жүретін білікті аңшы болса, Жақып отбасынан алыстамай, шатырдың маңайында өмір сүруді ұнатты”.

\\.....Музыка.....\\

Біз Ысқақ пен Рабигадан Есау мен Жақып деген егіз ұлдардың дүниеге келгенін білдік. Олар егіз болғанымен бірдей емес еді. Есау жердегі уақытша нәрселерге ғана қызықты, ал Жақып Құдайдың мәңгілік игіліктерін бағалады. Құдайдың Ыбырайым мен Ысқаққа олар арқылы жаңа халық таратамын деп уәде бергені есімізде ғой. Есау осы уәдеге немқұрайлы қарап қызықпады. Ал Жақып Құдайдың уәдесіне қызықты.

Адамның тұрғысынан қарағанда Есау, бірінші туылғандықтан, Құдайдың оның атасы мен әкесіне берген уәдесі бойынша олардан тарайтын халықтың түп атасы және мұрагері атануға тиісті болған.

Алайда, Құдай егіздер туылмастан бұрын олардың анасы Рабиғаға: “Ағасы інісінің қызметшісі болады” деп айтқан, Жаратылыстың басталуы 25:23 аят. Яғни Құдай жаңа халықтың түп атасы және тұңғыштықтың иесі Есау емес, Жақып болады деп алдын ала айтты. Жақып Құдайдың оған тұңғыштың жолын бергенін шыдамдықпен күтуге тиіс болған. Алайда ол осы жолды ағасынан өз күшімен тартып алмақ болды. Киелі жазбадан Жаратылыстың басталуы 25 тарау, 29-дан 34-ке дейінгі аяттарды оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Бір күні Жақып тамақ пісіріп жатқанда Есау шаршап, қарны ашып даладан келді. Ол Жақыпқа:

- Маған тезірек мына бір қызғылт түсті көжеңнен берші, мен ашпын, - деді. Сондықтан ол кейін Едом (яғни “Қызыл”) деп аталды. Жақып:

- Онда қазір маған өзіңнің тұңғыштық жолыңды сат, - деп қолқа салды. Есау:

- Аштықтан өлейін деп тұрғанымда маған тұңғыш боп туғандығымның керегі қанша? - деді. Жақып:

- Бірінші маған ант бер, - деп талап етті. Есау ант беріп, өзінің тұңғыштық жолын Жақыпқа сатып жіберді. Сонда Жақып оған нан және қызыл жасымықтан пісірген көжені ұсынды. Есау ішіп-жеп болған соң жөніне кетті. Осылайша ол тұңғыштық жолына немқұрайлы қарап, одан бас тартты”.

\\ ----- Музыка ----- \\

Міне, ардақты ағайын, Есаудың не істегенін түсіндіңіз бе? Ол өзінің тұңғыштық жолын бір ішер тамаққа айырбастады! Тағы мына бір мысалды көз алдыңызға елестетіңіз.

Екі ұлы бар бір бай адам болыпты дейік. Ұлдардың үлкені әкесінің үйін, ақша мен байлығын мұра ретінде алуға тиіс. Бір күні ол даладан келсе оның інісі үйде бесбармақ жасап жеп отыр екен. Ағасы інісіне: “Қарным ашып кетті, ет пен сорпадан маған да кішкене берсеңші!” – дейді. Інісі: “Бермеймін, сатсам аласың ба?” – дейді. Ағасы: “Бағасы қанша?” – деп сұрайды. Ал інісі: “Бағасы - тұңғыштық жолың”, - деп жауап береді. Сонда ағасы: “Аштан өлейін деп тұрғанда тұңғыштығымның маған керегі не! Сен-ақ алшы соны!” – деп, інісіне ант беріп, ішіп-жеп, кетіп қалады.

Сөйтіп үй мен жерді, байлық пен билікті бір ішер тамаққа айырбастаған тұңғыш ұл туралы сіз не дей аласыз? Әрине, қандай ақымақ десеңші!-дейсіз, солай ма?

\\.....Музыка.....\\

Иә, солай, Есау да Құдайдың ақ батасы мен мәңгілік байлығына немқұрайлы қарағандықтан олардың бәрінен құр алақан қалды. Есаудың немқұрайлы қараған нәрсесі жердегі байлықтан да бағалы болған, өйткені Ол Құтқарушы шығатын халықтың өкілі болудан бас тартты.

Қадірлі тыңдарман, Құдай Есау мен Жақып туралы әңгіме арқылы сізге не үйреткісі келеді? Құдай сізді мәңгілік байлықты жердегі өткінші ләззатқа алмастырған Есауға ұқсаудан сақтандырады. Бұл туралы Құдай сөзінде былай айтылған:

“Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті өмірінен айрылса, бұдан оған не пайда? Яки адам өз өмірін құтқару үшін қандай құн төлей алады?” Матай жазған ізгі хабар 16:26 аят, *“Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер!.. Яки Есау сияқты қасиетті атаулыға немқұрайлы қарамаңдар! Ол бір ішер тамаққа бола өзінің тұңғыштық жолын сата салды”*, Еврейлерге арналған хат 12:15,16 аят. Есау Құдайдың игіліктерін бағаламағандықтан Құдайдың рақымынан құр алақан қалды. Құдай: *“Есау сияқты болып жүрмеңдер! Мен сендерге беретін жарылқауларға немқұрайлы қарамаңдар!”* – деп, сіздің есіңізге салады.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, ал сіз ше? Сіз Құдайдың өзіңізге рақымын төккенін қалайсыз ба? Құдай сізді сүйеді, сондықтан сізді молымен жарылқағысы келеді. Алайда сіз Оны өміріңізде бірінші орынға қоюыңыз керек. Демек сіз Құдайдың сөзін тамақ пен ақшадан жоғары бағалауыңыз керек. Сонда сіз Киелі жазбадағы мына керемет сөздердің мағынасын түсінетін боласыз: *“Көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған болатын”* Қорынттықтарға арналған 1-хат 2:9 аят. Құдай сізді молымен жарылқағысы келеді. Ол сіздің күнеларыңызды кешіріп, жүрегіңізді зұлымдықтан тазартып, жаныңызды сүйіспеншілік пен қуанышқа толтырғысы келеді. Осы жарылқаулар Құдай әр адамға беретін мұраның тек бір бөлігі ғана. Сіз Құдайдың мәңгілік баталарына барлық жүрегіңізбен ұмтылмасаңыз оларды ешқашан ала алмайсыз. Бір халық мақалында айтылғандай: *“Бал жеуді жақсы көретіндер арадан қорықпау керек”*.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сонымен, сіз Құдайдың баталарына ие болғыңыз келе ме? Ондай болса Оның сөзіндегі уәделерді барлық ынтамен түсінуге ұмтылыңыз. Құдайдың уәделерінің керемет болғаны соншалық олар пенденің ақылына сыймайды. Сіз осы уәделерді бағалайсыз ба? Әлде осы әлемдегі өткінші нәрселерді қуалап жүрсіз бе? Құдай Сөзі бізге осы әлемде жердегі нәрселерді бағалайтын және мәңгілік игіліктерді бағалайтын екі түрлі адамдарды көрсетеді. Сіз осы екеуінің қайсысына жатасыз?

Енді Дәуіт пайғамбардың Забур жырынан 1-тарауында не айтылғанын тыңдап көріңіз:

\\.....Музыка.....\\

*“Құдайсыздар кеңесіне бармайтын, күнәкарлар жолымен жүрмейтін, Мазактаушылармен бірге отырмайтын, қайта, Тәңір заңына қуанатын, Күні-түні сол туралы ойланатын әрбір адам қандай бақытты!
Ол мерзімінде жемісін беретін, жапырақтары еш кеуіп сембейтін,
Су жағасындағы ағашқа ұқсайды: не істесе де, табыссыз қалмайды.
Ал құдайсыздарда бұлай болмайды: олар жел ұшырған қабыққа ұқсайды,
Құдай сотында ақтала алмайды, әділдер қауымында орны болмайды.
Әділдің қамын Жаратқан ойлайды, ал құдайсыздың ізі де қалмайды. Аумин”*
Қадірлі ағайын, сіз қай жолдасыз? Құдайдың уәделерін бағалайтындардың жолындасыз ба?

Әлде Құдайдың батасын осы әлемнің өткінші нәрселеріне айырбастай салған Есауға ұқсайсыз ба? Бұл жайында ойыңызды білдіріп, бізге хат жазуды ұмытпаңыз!

\\----- Музыка-----\\

Қадірлі қандастарымыз, Киелі жазбадағы мына есткерту туралы ойланыңыз. *“Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр алақан қалып жүрмеңдер!.. Яки Есау сияқты қасиетті атаулыға немқұрайды қарамаңдар! Ол бір ішер тамаққа бола өзінің тұңғыштық жолын сата салды”*, Еврейлерге арналған хат 12:15, 16 аят. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Жақыптың Исраил атануы».
Реттік саны: № 27.

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз. Өткен хабарымызда Ысқақтың Есау мен Жақып деген екі егіз ұлы туралы оқып білдік. Ал бүгінгі хабарда: «Жақыптың Исраил атануы» деген тақырыпта әңгіме қозғалады. Жаратылыстың басталуы 28-ден 32-ге дейінгі тараулардан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдайдың Ыбырайымға берген уәделеріне немқұрайды қараған Есау өзінің тұңғыштық жолын бір ішер тамаққа сатып жіберді. Алайда бұл жағдай Есаудың інісі Жақыптың мінсіз екенін білдірмейді. Жақып деген есімнің мағынасы “Алдамшы” дегенді білдіреді. Алайда біз енді Жақыптың Құдайдың рақымымен өзгеріп, алдамшыдан Құдайдың адамына қалай айналғанын көреміз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Ойлап қарасаңыз, Жақып адамды алдау жағынан шебер болғанын көресіз. Киелі жазба бізге Құдайдың пайғамбарларының кемшіліктерін жасырмай көрсетеді. Сондықтан Құдайдың сөзінде Жақыптың өз ағасы Есауды қалай алдағаны туралы да жазылған. Есау Жақыпқа ашуланып оны өлтірмекші болды. Осыны білген Жақыптың анасы Рабиға ұлын өзінің бауыры Лабанға жібереді. Жақып Лабан тұрған Харан деген жерге қашып барып, сол жерде Есаудың ашуы басылғанша тұрмақшы болды. Жақып әкесінің үйін тастап, ағасы Лабанға бара жатқан кезде жолда бір қызық оқиға болды. Жаратылыстың басталуы 28:10-нан 19-ға дейінгі аяттарды оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Жақып Бер-Шебадан шығып, Харанға қарай жол тартты. Күн батып кеткендіктен жеткен жерінде түнеп қалды. Ол сол жерден бір тасты алып, басына жастанды да, ұйқыға кетті. Ұйықтап жатып, түс көрді. Түсінде оған жерден көкке дейін жетіп тұрған баспалдақ көрінді. Құдайдың періштелері оның үстімен бір шығып, бір түсіп жүр екен. Соның басында Тәңір Ие тұрып: “Мен Жаратқан Иемін, атаң Ыбырайым мен әкең Ысқақтың сиынатын Құдайымын.

Сен ұйықтап жатқан жерді саған және ұрпағыңа беремін. Сенің үрім-бұтағың жер бетіндегі құм түйіршіктеріндей сансыз көп болады. Батыс пен шығысқа, солтүстік пен оңтүстікке тарайсың. Өзің және ұрпағың арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарға батам қонады. Біліп ал, Мен саған жар болып, қайда барсаң да қорғаймын, кейін осы жерге қайта алып келемін.

Сені жалғыз қалдырмаймын, саған қандай уәде берсем, соның бәрін орындаймын”, - деп аян берді. Жақып оянып: “Шынында Жаратқан Ие осы жерде! Ал мен мұны білмедім, - деп, қорқып тұрып: - Мына жер неткен киелі еді! Бұл - Құдайдың үйі, мұнда көкке апаратын қақпа тұр!” - деді.

Ертеңіне Жақып ерте тұрып, басына жастанған тасты ескерткіш тас ретінде тұрғызып, үстіне май құйып оны Құдайға бағыштады. Осы орынға Бетел (яғни “Құдай үйі”) деген ат қойды; бұрын ол Лұз деп аталған еді”.

\\.....Музыка.....\\

Сөйтіп Құдай Жақыптың түсіне кірді. Атасы Ыбырайым мен әкесі Ысқаққа берген уәдені Құдай Жақыпқа да берді, яғни Құдай Жақыптан да жаңа халық шығаратынын айтты. Біз Жақыптың ағасынан ұрлаған тұңғыштық жолының ақыры Құдайдан берілгенін көреміз. Жақып Құтқарушы шығатын халықтың әкесі болуға лайық емес болған. Дегенмен рақымды Құдай Оның рақымына лайық еместерге де жақсылық жасайды. Жақып: *“Түсінде оған жерден көкке дейін жетіп тұрған баспалдақ көрінді. Періштелер бірі түсіп бірі шығып жатыр екен”* деп жазылған. Жақып түсінде баспалдақ көрді. Бұл баспалдақ жерден көкке Құдайдың тұратын үйіне дейін жетіп тұрған екен! Бұл арқылы Құдай Жақыпқа онымен жақын қарым-қатынаста болғысы келетінін көрсетті. Сонымен бірге осы нышан арқылы Құдай дүниеге келетін Құтқарушының жер мен көктің арасындағы баспалдақ сияқты, Құдай мен адам арасындағы дәнекер болатынын көрсетті.

\\ ----- Музыка ----- \\

Қазіргі кезде де адамдардың көбісі осы уақытқа дейін: *“Пейішке өз күшімізбен кіре аламыз”* деп ойлайды. Алайда Құдай Сөзі адам мен Құдайдың арасында бір ғана баспалдақ бар және бұл баспалдақ адамнан Құдайға емес, Құдайдан адамға келеді дейді. Біз Адам атаның ұрпақтары болғандықтан өз күшімізбен пейішке кіре алмаймыз. Оның себебі - біздің күнәмыз. Біз қанша тырыссақ та, өз күшімізбен киелі Құдайды риза қылдыра алмаймыз. Бірақ жүрегі рақым мен сүйіспеншілікке толы Құдай Адамның ұрпақтарына құтқарылу жолын ашты. Сондықтан Жақыптың түсіндегі баспалдақ Құдайдың уәдесі бойынша азамзатты күнәдан құтқару үшін осы дүниеге келетін Дәнекерді білдіреді. Осы Арашашы әрі дәнекер Жақып түсінде көрген баспалдақ іспетті Құдайға апаратын жол болады. Сондықтан Киелі жазбада былай айтылған: *“Құдай - біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол - адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх. Бәрін күнәның құлдығынан босату үшін Мәсіх жанын қиып, соның төлемін өтеді...*

Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады” Тімотеге арналған 1-хат 2:5,6 және Жохан жазған ізгі хабар 5:16. Сіз көкке Құдайдың Өзі жіберген Келістірушісі арқылы ғана бара аласыз. Басқа ешқандай жол жоқ екені Киелі жазбада анық айтылған. Жақыптың нағашы ағасының үйіне келгеннен кейін не болды?

\\.....Музыка.....\\

Ғалаттықтарға арналған хаттың 6-тарауының 7-аятында “Адам не ексе, соны орады” деп жазылған. Сіз Жақыптың өз ағасын қалай алдағанын білесіз, енді Жақыпты оның нағашысы ағасы алдайды. Нағашы ағасының аты Лабан еді. Ол қу адам болған. Енді 29-тарауды оқиық: “Сонда Лабан: “Сен қандас бауырымсың”, - деп, оған құшағын жайды. Жақып нағашысының қасында бір ай болғаннан кейін, Лабан одан:

- Сен туысым болғандықтан маған тегін қызмет етуге тиіссің бе? Айтшы, қызметің үшін менен не қалайсың? - деп сұрады. Лабанның екі қызы бар болатын, үлкенінің аты Лия, кішісінің аты Рахила еді. Лия көзінде от жоқ, тартымсыз, ал Рахила сұлу, дене бітімі әдемі болатын. Жақып Рахиланы ұнатып қалып, Лабанға: - Мен сізге кіші қызыңыз Рахила үшін жеті жыл қызмет істеуге әзірмін, - деп жауап қайтарды. Лабан: - Оны бөтен біреуге ұзатқанша саған бергенім артық. Менің қасымда қал, - деп келісті. Осылай Жақып Рахила үшін жеті жыл қызмет етті. Ол Рахиланы өте жақсы көргендіктен бұл жылдар бірнеше күндей зымырап өте шықты. Уақыт жеткенде Жақып Лабаннан: “Келісілген мерзім аяқталды. Маған қалыңдығымды беріңіз, үйленгім келеді”, - деп рұқсат сұрады. Сонда Лабан ауыл адамдарын түгел шақырып, үлкен той жасады. Ал кеш түсе Лабан Жақыпқа үлкен қызы Лияны жетектеп апарып берді. Жақып түнімен сонымен бірге болып шықты. Лабан күні Зилпаны Лияға жеке қызметшісі етіп берді. Таң атанда, міне гажап, қалыңдық Лия болып шықты! Жақып Лабанға: - Бұл не істегеніңіз? Сізге Рахиланы алу үшін қызмет еттім емес пе? Мені неге алдадыңыз? - деп ашуланды. Лабан оған:

- Бізде үлкені тұрғанда кіші қызын ұзатпайды. Бір жұма бойы үйлену тойын осы қалыңдығыңмен өткіз, сондан кейін мен саған кішісін де беремін. Ол үшін тағы да жеті жыл қызмет етесің, - деген шешімін айтты. Жақып бұған келісіп, бір апта бойы тойды Лиямен өткізді. Мұнан соң Лабан оған кіші қызы Рахиланы да қосты. Рахилаға жеке қызметшісі етіп күні Балханы берді. Жақып Рахиламен де бірге болып, оны Лиядан гөрі артық ұнатты. Бұдан кейін ол Лабанның қол астында тағы да жеті жыл қызмет етті” ., 29:14-тен 30-ға дейінгі аяттар.

\\ ----- Музыка ----- \\

Осылайша, Лабан жиені Жақыпты алдағанын көресіз. Мұның жаман екенін білеміз, алайда Құдай бұл оқиғаны Жақыптың игілігі үшін қолданбақшы болды. Жақып 12 баланың әкесі болып, нағашысының үйінде 20 жыл тұрды. Осы 20 жыл ішінде Құдай Жақыптың көптеген қиыншылықтарды көруіне жол берді, алайда осы арқылы Құдай оны тәрбиелеп, сенімін нығайтты. Бір күні Құдай Жақыпқа: “Ата-бабаңның еліне, өз жақындарыңа қайт! Мен саған жар боламын”, - деп бұйырды, Жаратылыстың басталуы 31:3 аят. Жақып заттарын жиып, бүкіл от басымен көшуге дайындалды. Оның бүкіл әулеті Құдайдың Ыбырайымға, Ысқаққа және Жақыптың өзіне және оның ұрпақтарына беруге уәде еткен Қанахан жеріне қарай бет алды.

Жақып Қанаханға көшіп бара жатқан кезде Құдай оған ерекше аян беріп, оның есімін өзгертті. Енді Жаратылыстың басталуы 32-тарауын оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Сол түні Жақып орнынан тұрып, екі әйелін, екі күңін және он бір ұлын ертіп алып, Ябок өзенінің тайыз жеріне әкелді. Оларды судан өткізіп алған соң, барлық мал-мүлкін де арғы жаққа өткізіп, өзі бергі жақта жалғыз қалды. Сонда оған бір кісі жолығып, онымен таң атқанша күресті. Ол Жақыпты жеңе алмайтынына көзі жеткенде, оны жамбасынан ұрып, жамбас сүйегі шығып кетті. Әлгі кісі:

- Мені қоя бер, таң атып қалды, - деді. Ал Жақып:

- Маған батаңды бермейінше сені жібермеймін, - деп жауап берді. Сонда ана кісі Жақыптан: - Есімің кім? - деп сұрады. Ол: - Жақып, - деді (яғни “Алдамшы”). Әлгі: - Енді сен Жақып емес, Исраил деп аталатын боласың! Себебі Құдаймен күресіп келдің, енді адамдарға үстем боласың, - деді. Жақып: - Өз есіміңді айта көр, - деп өтінді. Ол: - Неге есіміңді сұрайсың? - деп жауап қайтарып, содан кейін Жақыпқа батасын берді.

Жақып осы жерді “Пенуел” (“Құдайдың бет-жүзі”) деп атап, “Мен Құдаймен бетпе-бет кездестім, сонда да тірі қалдым”, - деді”, 22-ден 30-ға дейінгі аяттар. Құдай Өзінің мәңгілік мақсатын жүзеге асыру үшін өтірікші Жақыптың жүрегін өзгертіп, оны Құдайдың адамы Исраилге айналдырды.

\\----- Музыка-----\\

Қадірлі қандастарымыз, мына аят жайында ойыңызды білдіріп, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! *“Құдай сендерге рақымын көрсеткісі келеді; Ол сендерге жанашырлық танытпақ. Өйткені Ол - әділдік Құдайы. Оған үмітін артқандар бақытты”,* Ишая пайғамбардың жазбасы 30:18 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Хабардың тақырыбы: «Жүсіптің қорлануы».
Реттік саны: № 28. 15\10\1265

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман! Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынып отырғанымызға қуаныштымыз. Өткен хабарымызда Құдай Өзінің мәңгілік мақсатын жүзеге асыру үшін өтірікші Жақыптың жүрегін өзгертіп, оны Құдайдың адамы Исраилге айналдырғанын айтқанбыз. Ал бүгін: «Жүсіптің қорлануы» атты тақырып қарастырылады. Жаратылыстың басталуы 37-інші тараудан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Жақып тәрізді өз күшіңізбен Құдайды риза қылдыра алмайтыныңызды мойындайсыз ба? Құдайдың сөзінде осы жайлы не айтылғанын көрейік: *“Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты. Құдайдың Патшалығы сондайларға арналған”,* Матай жазған ізгі хабар 5:3 аят. Яғни өз күшімен Құдайды риза қылдыра алмайтынын мойындаған адамдарға Оның батасы қонады. *“Құдай тәкаппарларға қарсы тұрады, ал кіші пейілділерге рақымын шашады”* делінген зой. Сонымен Құдайдың құдіретті қолының астына бой ұсыныңдар; Өзі белгілеген уақыты жеткенде сендерді жоғарылатпақ”-деп жазылған Петірдің 1-хаты 5:5,6 аятта.

\\----- Музыка ----- \\

Сонымен, таңқаларлық Жақып туралы оқиғадан сіз талай маңызды сабақтар үйрендіңіз деп ойлаймын. Құдай Жақыпқа адам бейнесінде келіп, онымен күресті. Құдай Жақыптың Жаратушының алдында әлсіз екенін және шынайы күш пен даналықтың Құдайдан берілетінін мойындағанын қалады. Құдайдың сол кезде Жақыпқа арналған керемет жоспары болған. Құдай Өзінің баталарын өз күшімен Құдайды риза қылдыра алмайтынын мойындағандарға ғана береді. Жақып өзінің Құдайдың алдында әлсіз екенін түсіне бастаған болатын. Құдай Жақыпқа Исраил деген жаңа есім берді. Жақып “алдамшы”, ал Исраил “Құдаймен күресуші” дегенді білдіреді. Құдайдың уәдесі бойынша Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптан шығатын жаңа халық Исраил деп аталатын болды. Исраил халқы Жақыптың 12 ұлынан тараған.

Исраил халқынан дүниеге Құтқарушы келді. Кейбіреулер: “Құдай неліктен алдамшы Жақыпты Құтқарушы шығатын халықтың әкесі етіп тағайындады?” - деп сұрауы мүмкін. Бұның жауабын Киелі жазбадан табамыз:

\\.....Музыка.....\\

“Бірақ та осы дүние кімдерді “ақымақ” деп санаса, Құдай “данышпан-ақылгөй” делінгендерді ұялту үшін соларды таңдап алды.

Және осы дүние “күшсіз” деп тапқандарды Құдай “күштілерді” ұялту үшін Өзіне таңдады. Осы дүние маңызды деп есептейтіндерді жою үшін соның менсінбей, қорлап, түкке тұрғысыз деп санағандарын Құдай таңдап алды. Осылайша Оның алдында ешкімнің де мақтануына болмайды” Қорынттықтарға арналған 1-хат 1:27-29 аяттар. Жақып өтірікші болған. Ол қанша тырысса да, өз әрекеттерімен Құдайды риза етпеді. Құдайдың сөзіне деген сенімінен басқа оның бойында ешқандай жақсы нәрсе болған жоқ. Құдайдың батасынан басқа Жақып осы әлемде ештеңені қажет етпеді. Сондықтан Құдай Жақыпқа Өзін танытып, оны жарылқады. Енді хабарымызды Жақыптың кенже ұлының бірі Жүсіп жайында әңгімемен одан әрі жалғастырамыз.

*\\ ----- Музыка ----- *

Радио тыңдаушы ағайын, Жақыптың он екі ұлының есімдерін білесіз бе? Олар: Рубен, Шимон, Леуі, Яһуда, Исашар, Зебулон, Дан, Гад, Ашир, Нафталим, Жүсіп және Бунямин. Олардың ішіндегі он бірінші ұлы Жүсіп туралы әңгіме ең қызық. Сол әңгімені тыңдайық.

Таураттағы Жараталыстың басталуы кітабының 37-тарауын оқиық:

“Жақыптың үрім-бұтағының тарихы мынау: он жеті жасар Жүсіп әкесінің әйелдері Балха мен Зилпадан туған ағаларымен бірге оның ұсақ малдарын бағысып жүрді. Бозбала бауырларының жаман іс-әрекеттері туралы жұрттың айтқандарын әкесіне жеткізетін.

Исраил өзінің барлық басқа ұлдарынан гөрі Жүсіпті жақсы көрді, себебі ол оның қартайған шағында дүниеге келген еді. Әкесі оған әдемілеп өрнектелген, түрлі-түсті ұзын шапан тіккізіп берді. Әкелерінің оны өздерінен артық көретінін сезген ағалары онымен жылы сөйлесе алмады. Бір күні Жүсіп түс көріп, оны ағаларына айтып берді. Содан кейін олар Жүсіпке одан бетер теріс қарады. Ағаларына айтқаны былай еді:

- Менің көрген түсімді тыңдаңдаршы: Міне, бәріміз далада егін жинап, бау байлап жүр екенбіз. Кенет менің бауым тік тұра қалды. Ал сендердің бауларың менікін қоршап, оған иіліп тағзым етті! Ағалары оған:

- Сен не бізге патшалық құрғың келе ме? Бізді билемекшісің бе? – деп, оны көрген түсі мен айтқан сөзіне бола тіптен ұнатпай кетті. Жүсіп екінші рет түс көріп, оны да ағаларына айтып:

- Тыңдаңдаршы, мен тағы да түс көрдім. Міне гажап, бұл жолы маған күн мен ай, аспандағы он бір жұлдыз иіліп тағзым етті! - деді. Ол бұл түсін әкесі мен ағаларына айтқанда, әкесі оған:

- Сенің көргенің қандай түс? Біз, ата-анаң, ағаларың алдыңа келіп, тағзым етпекпіз бе? - деп зекіп тастады. Ағалары Жүсіпке қызғанышпен қарады, бірақ әкесі оның айтқанын көңіліне түйіп алды.

\\-----Музыка-----

Бірде ағайындар әкелерінің ұсақ малдарын жаюға Сихемнің төңірегіне кеткен болатын. Сонда Исраил Жүсіпке:

- Ағаларыңның малды Сихемнің маңында бағып жүргенін білесің ғой. Бар, мен сені соларға жіберейін, - деді. Жүсіп оған:

- Жарайды, мен дайынмын, - деп жауап берді. Әкесі:

- Барып, ағаларының хал-жағдайын, малдын күйін көріп қайт, - деп, баласын Хеброн аңғарынан Сихемге жіберді

Жүсіп дала кезіп жүргенде оны бір адам көріп:

- Не іздеп жүрсің? - деп сұрады. Жүсіп:

- Мен бауырларымды іздеп жүрмін. Олардың қай жерде мал бағып жүргенін білмейсіз бе? - деді. Сол кісі оған:

- Олар бұл жерден кетіп қалды. Дотанға барайық дегенін құлағым шалды, - деп жауап қайтарды.

Бауырларының артынан жүріп отырып, Жүсіп оларға Дотанның маңында жолықты. Ол ағаларына жақындамай жатып-ақ, Жүсіпті алыстан көрген бетте олар оны өлтірмекіші болып, бір-біріне: “Қараңдар, түс көргіш келе жатыр! Жүріңдер, оны өлтіріп, құдыққа лақтыра салайық. Оны жыртқышқа жем болыпты дерміз. Сонда оның түстерінің не болып шыққанын көрерміз”, - десті.

Рубен осыны естігенде Жүсіпті бауырларынан құтқармақшы болып: “Оны өлтірмейік! Қан төкпеңдер! Оны айдаладағы құдыққа тастаңдар, бірақ қол жұмсамаңдар!” - деді. Осылай Рубен оны бауырларынан құтқарып, әкесіне қайтармақшы болды.

||.....Музыка.....||

Жүсіп ағаларының қасына келгенде олар оның киіп жүрген ұзын, әдемі шапанын шешіп алып, өзін құдыққа лақтырып жіберді. Құдық бос, суы жоқ болатын. Содан ағалары тамақтану үшін жерге жайғасты. Сол кезде төңіректеріне көз тастап, Ғалақад маңынан келе жатқан ысмағұлдық саудагерлер керуенін көрді. Мысырға бет алып бара жатқан олардың түйелеріне иісмай жасайтын құнды шайыр, бальзам және хош иісті мұр деген заттар тиелген еді.

Сонда Яхуда аға-інілеріне: “Бауырымыздың қанын төгіп, оның өлгенін жасырғаннан бізге не түседі? Жүріңдер, ана саудагерлерге сатып жіберейік. Қандас бауырымыз зой, оған қол жұмсамай-ақ қояйық!” - деп ұсыныс жасады. Аға-інілері бұған келісті.

Мадияндық саудагерлер қастарынан өте бергенде ағалары Жүсіпті құдықтан шығарып алып, жиырма мысқал күміске сатып жіберді. Олар Жүсіпті Мысырға алып кетті.

(Сол жерде олармен бірге болмаған) Рубен құдыққа қайта оралғанда Жүсіп ішінде болмай шықты. Қатты күйзелген Рубен көйлегінің өңірін айыра жыртып, бауырларына қайтып келді де: “Бала жоқ, енді мен қайда кетсем екен?!” - деп налыды.

Ал ағайындар Жүсіптің шапанын алып, бір текені сойды да, шапанды соның қанына бояды. Ал шапанды әкесіне жіберіп:

- Біз мұны даладан тауып алдық. Анықтап қараңыз: Бұл ұлыңыздың шапаны емес пе екен? - деді. Әкесі шапанды танып тұрып:

- Бұл ұлымның шапаны! Ол жыртқышқа жем болыпты-ақ! Иә, шынымен-ақ Жүсіпті жыртқыш аң жарып тастапты! - деп еңіреп жіберді. Жақып көйлегінің өңірін айыра жыртып, азалы киім киіп алды. Содан ұзақ уақыт бойы ұлын жоқтап аза тұтты.

Қасына ұл-қыздары келіп, әкелерін жұбатпақшы болды. Бірақ ол: “Мен о дүниеге ұлымның қасына аттанғанша қайғырып өтемін”, - деп жұбанбады. Әкесі ұлын осылайша зар жылап жоқтай берді, Жаратылыстың басталуы 37:2-ден 35-ке дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Құдай сіздің жүрегіңізді Өзінің құдіретімен жаңартты ма? Сіздің жүрегіңізді күнәдан тазартатын Құтқарушы жайындағы Ізгі хабарға сенесіз бе? Немесе әлі күнәның құлдығында өмір сүріп жатырсыз ба? Киелі кітапта былай айтылған: *“Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Екі ойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!.. Жаратқан Иенің алдында бой ұсыныңдар, сонда Ол сендерді жоғарылатпақ”,* Жақыптың хаты 4:8,10 аят.

\\----- Музыка-----\\

Қадірлі қандастарымыз, мына аят жайында ойыңызды білдіріп, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! *“Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау: Құдай - Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ. Егер біз Құдаймен байланыстамыз дей тұра, түнекте жүрсек, өтірікші боламыз да, өміріміз шындыққа сай болмай қалады”,* Жоханның 1-хаты 1:5,6 аяты. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз!

Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз.

Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 24 мамыр, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 12 ақпан, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Жүсіптің өмірі».
Реттік саны: № 29. 36/48/1297сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін: «Адал қызметкердің түрмеге түсуі» жайында хабар тыңдайсыз. Жаратылыстың басталуы кітабынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын! Өткен хабарымызда Жүсіптің ағалары оны құлдыққа сатып жібергенін айттық. Бүгін, Жүсіптің түрмеге түсуі жайында әңгімемен хабарымызды одан әрі жалғастырамыз. Жаратылыстың басталуы 39 тарау 1-ден 23-ке дейінгі аяттарды оқимын. Тыңдаңыз!

\\ ----- Музыка ----- \\

«Ысмағұлдық саудагерлер Жүсіпті Мысырға әкелгеннен кейін оны Потифар есімді мысырлық уәзір олардан сатып алды. Ол перғауынның бас қорғаушысы болатын.

Жаратқан Ие жар болғандықтан Жүсіптің қай нәрседен де жолы бола кететін. Осылай ол мысырлық қожайынының сарайында тұрып қалды. Қожайыны Жаратқан Иенің Жүсіпке жар болып, оның қолы тиген заттың бәрінің орайын келтіріп отырғанына көз жеткізіп, оған мейірімін түсірді. Жүсіпті жеке қызметшісі қылып, сарайын басқартып, өзіндегі барлық дүние-мүлікті де оның жауапкершілігіне берді. Қожайыны Жүсіпке сарайын, барлық дүние-мүлкін сеніп тапсырғаннан бері Жаратқан Ие оның өзін де, үйіндегі және даладағы барлық иелігін де Жүсіпке бола жарылқап, батасын қондырды. Сол себептен Потифар өзіндегінің бәрін де Жүсіпке тапсырып, тек күнделікті жейтін тамағының ғана қамын ойлады.

Ал Жүсіп дене бітімі келісті келбетті жігіт еді. Күндердің күнінде қожайынның әйелінің көзі Жүсіпке түсіп:

- Жүр, бірге болайық, - деп еліктірді. Бірақ Жүсіп одан бас тартып:

- Қараңыз, қожайыным өз сарайындағы барлық істі менің міндетіме артып, ештемемен айналыспайды.

Бұл үйде ешкім менен артық күшті емес. Қожайыным өзіңізден басқа ештеңені де билігімнен айырған жоқ. Ал сіз оның жұбайысыз ғой! Сонда мен қалайша сондай ауыр қылмыс жасап, Құдайдың көз алдында күнәға батпақпын?!

Әйел күн сайын қайта-қайта мазалап, сөз салса да, Жүсіп ешқашан айтқанына көніп, не жақындасқан не бірге болған емес.

Алайда бір күні Жүсіп жұмысын атқарып жүріп, үйге кірсе, басқа ешкім жоқ екен. Сонда әлгі әйел оның шапанының етегінен ұстай алып: “Жүр бірге болайық”, - деп қоймайды. Бірақ Жүсіп шапанын тастай сала, сыртқа қаша жөнеледі. Жүсіптің шапанын тастай, үйден тұра қашқанын көргенде, қожайынының әйелі үй қызметшілерін шақырып: - “Қараңдаршы, мына көшпендіні бізді мазақтасын деп алып келіпті! Ол үйге кіріп, мені зорламақшы болды. Бірақ мен қатты айқайлады. Ол айқайымды естісімен шапанын қасыма тастай сала, қаша жөнелді”, - деп байбалам салады.

Күйеуі үйге келгенше, әйел шапанды қасына қояды. Күйеуіне де сол әңгімені айтып беріп: “Сенің бізге алып келген көшпенді құлың мені мазақ етпекші болды! Бірақ мен шу көтеріп, айқайлағанда шапанын қасыма тастай сала, тұра қашты”, - дейді.

Қожайыны әйелінің “Сенің құлың маған осыны істеді” деген сөзін естігенде, қатты ашуланып, Жүсіпті ұстап алып, патшаның тұтқындары қамалған түрмеге жауып тастайды.

Ал Жаратқан Ие Жүсіпке жар болып, оған шапағатын төгіп, түрме бастығының мейіріміне кезіктірді. Осылай түрме бастығы онда отырған барлық тұтқындарды Жүсіптің қарамағына тапсырып, бүкіл жұмыс оның басқаруымен атқарылатын болды. Жүсіпке тапсырған істің ешқайсысына да бастық көңіл бөлмеді, себебі Жаратқан Ие Жүсіпке жар болып, оның істеген әрбір ісін оңынан келтіріп отырды”

*\\ ----- Музыка ----- *

Міне, ардақты бауырым, Жақыптың ұлы Жүсіп туралы әңгіме осылай басталады. Сіз Жүсіптің әділдікті сүйіп, әділетсіздікті жек көргенін байқайсыз. Ол күнәға батқаннан гөрі түрмеге түскенді жөн көрді. Сондықтан, қожайынының әйелі оны бірге болуға шақырғанда, Жүсіп: “Мен қалайша сондай ауыр қылмыс жасап, Құдайдың көз алдында күнәға батпақпын?” -деп жауап берді.

Жүсіп Құдайға қызмет ету мен күнәға батудың бір-біріне қайшы келетінін білді. Ол жүрегін Құдайға арнады. Ол әділдікті сүйіп, әділетсіздікті жек көрді. Ол Ыбырайым сияқты Құдайдың Құтқарушы туралы уәдесіне сенді. Жүсіп осы Құтқарушының болашақта осы әлемге келіп адамзаттың күнәлары үшін өлетініне сенді. Жүсіп Құдайдың сөзіне сенгендіктен Құдай оны ақтады. Жүсіптің сеніміне бола Құдай оның күнәларын кешіріп, оған күнәға қарсы тұруға және осы зұлымдыққа толы дүниеде әділ өмір сүруге ынта мен күш берді. Құдай Жүсіппен бірге болды, өйткені Жүсіп Құдаймен бірге болуға талпынды.

Жүсіптің жүрегі Құдайға арналғандықтан ол күнәны жек көрді. Құдайға сеніп, Оған шын жүректен табынатын адам Құдай сүйгенді сүйіп, Құдай жек көргенді жек көретін болады. Киелі жазбада айтылғандай: “Ешкім де екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды. Олай еткен күнде біреуін екіншісінен артық көріп, соған бағышталады, ал екіншісіне немкетті қарайды.

Сол сияқты, сендер де Құдайға және байлыққа бірдей бағышталып қызмет ете алмайсыңдар!”, Матай жазған ізгі хабар 6:24 аят, “*Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау: Құдай - Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ. Егер біз Құдаймен байланыстамыз дей тұра, түнекте жүрсек, өтірікші боламыз да, өміріміз шындыққа сай болмай қалады*”, Жоханның 1-хаты 1:5, 6 аят.

Құдаймен шынайы байланыста жүрген адамдар Оның сөзіне сеніп, Оған бағынады. Ал Құдайға сенбейтіндер күнәның құлдығында жүреді. Олар сырттай діншіл болып көрінгенімен, олардың ой-ниеттерін, сөздерін және істерін күнә билеп алған. Олар күнәдан арылғысы келсе де, бұл қолдарынан келмейді, өйткені күнә олардан күшті. Олардың жүрегінде Киелі Рух жоқ, себебі Құдай Киелі Рухты Оның сөзіне сеніп, Оның бекіткен құтқарылу жолын қабылдағандарға ғана сыйлайды. Енді Жаратылыстың басталуы кітабынан 40-42 тарауларды қарап шығайық. Мұнда «Жүсіптің жоғарлауы» туралы сөз болады. Бұдан Жүсіп көрген түстің Құдайдың қалауымен орындалғанын және оның ағаларының шынымен тізе бүгіп, оған тағзым еткенін көресіз.

Жүсіптің ағалары інілерін көрген түстеріне бола одан бетер жек көріп, одан кек алмақшы болады. Олардың қызғанып ашуланғаны соншалық олар Жүсіпті Ысмағұлдың ұрпағына құлдыққа сатып жібереді. Ал Ысмағұлдықтар Жүсіпті Мысырға апарып, сол елдің патшасы перғауынға сатады. Жүсіп Құдаймен жақын қарым-қатынаста болғандықтан адал әрі еңбекқор қызметші болған. Ал бүгінгі әңгімеден Жүсіп уақытша ләззат алып, күнәға батқаннан гөрі түрмеге түсуді жөн көргенін білдік. Жүсіп Құдайды өмірінде бірінші орынға қойған. Ол екі жыл түрмеде отырды, алайда Құдай оны ұмытқан жоқ. Енді Таураттан Құдайдың Жүсіптің өміріндегі жаман оқиғаларды қалай игілікке айналдырғанын көрейік. Жаратылыстың басталуы кітабының 41-тарауын оқимыз:

\\-----Музыка-----\\

“Арада екі жыл өткенде перғауын түс көреді. Түсінде ол Ніл жағалауында тұр екен. Судан жеті семіз, күйлі сиыр шықты да, қамыс ішінде жайылып жүрді. Мұнан кейін олардан басқа, сұрықсыз, арық тағы жеті сиыр шығып, жағада тұрған сиырлардың қасына келді. Сұрықсыз, арық сиырлар жеті семіз, күйлі сиырды жеп қойды. Сол кезде перғауын оянып кетеді. Перғауын тағы да ұйықтап кетіп, қайтадан түс көреді. Түсінде бір сабақтан жеті бас, әдемі, толық масақ өсіп тұр екен. Ал олардың артында жеті сидиган арық масақ та өсіп тұрды.

Оларды шығыстан соғып жатқан жел күйдіріп жіберген болатын. Жеті сидиган арық масақ жеті толық масақты жұтып қойды. Ал перғауын ұйқысынан оянып кетіп, бұның түс екенін біледі.

Ертеңінде ол жанын қоярға жер таппай, Мысырдың барлық сәуегейлері мен білімпаздарын алдыртып, көрген түстерін айтып берді. Алайда олардың ешқайсысы да патшаның түстерін жорып бере алмады.

Сонда бас шарапшы тұрып, перғауынға былай деді:

- Бүгін мен өзім жасаған кінәні есіме түсіріп тұрмын. Бірде перғауын өзінің құлдары - бас наубайшы мен маған ашуланып, бізді бас қорғаушының қарамағындағы түрмеге қаматты. Бірде екеуіміз түнде түс көріп шықтық, әр түстің өзіндік жоруы бар екен. Бізбен бірге бас қорғаушының қызметшісі - бір жас көшпенді жігіт отырды. Оған түсімізді айтып, ол әрқайсымызға жорып берді. Кейін оқиға дәл ол жорығандай болды: мен қайтадан орныма тұрып, екінші адам дарға асылды.

Сонда перғауын кісі жіберіп, Жүсіпті тез арада түрмеден босатып алғызды. Жүсіп шашын алдыртып, киімдерін ауыстырған соң, перғауынның алдына келді. Перғауын Жүсіпке:

- Мен түс көрдім, бірақ оны ешкім де жори алмай отыр. Сен туралы түс жори аласың деп естідім, - деді. Жүсіп перғауынға:

- Тақсыр, түс жори алатын мен емес. Перғауынның игілігі үшін жоруын Құдай бермек, - деді, 41 тарау, 1-ден 16-ға дейінгі аяттар.

\\----- Музыка-----\\

Ардақты ағайын, келесі аят жайында ойыңызды білдіріп, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! “Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау: Құдай - Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ. Егер біз Құдаймен байланыстамыз дей тұра, түнекте жүрсек, өтірікші боламыз да, өміріміз шындыққа сай болмай қалады”, Жоханның 1-хаты 1:5-6-шы аяттар. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше, сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 1қыркүйек, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 19 ақпан, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Жүсіптің бас уәзірлікке тағайындалуы».
Реттік саны: № 30. 37/48/1298

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін: «Жүсіптің бас уәзірлікке тағайындалуы» деген тақырыпта хабар тыңдайсыз. Жаратылыстың басталуы 41-42-ші тараулардан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен хабарымызда Перғауынның көрген түстері жайында атқанбыз. Бүгін, Перғауынның түсін Жүсіптің жорып беруімен хабарымызды жалғастырамыз. Жаратылыстың басталуы 41 тарау 24-тен 57-ге дейінгі аяттарды оқимын. Тыңдаңыз!

\\ ----- Музыка ----- \\

Сол кезде патша Жүсіпке түсін айтып берді. Кейін ол::

Мен көрген түстерімді сәуегейлерге айтып беріп едім, бірақ олардың ешқайсысы да дұрыстап жорып бере алмады, - деді. Жүсіп перғауынға былай деп жауап қатты:

- Перғауынның екі түсінің де мағынасы біреу. Құдай перғауынға не болатынын көрсетті. Жеті әдемі сиыр мен жеті әдемі масақ жеті жылды білдіреді. Бұл екеуі де бір түс. Олардың артынан келген жеті арық, ұсқынсыз сиыр және шығыстан соққан желден кеуіп қалған жеті масақ жеті жылдық ашаршылыққа меңзейді.

Мен жаңа айтқандай, Құдай осы түстер арқылы келешекте не болатынын перғауынға білдіріп тұр: бүкіл Мысырда жеті жыл бойы молшылық болады. Содан соң молшылықты ұмыттыратын жеті жылдық жұт келіп, елді титықтатып жібереді. Сонда бұл жерде болған молшылық ешкімнің есінде қалмай, өте ауыр ашаршылық жайламақ. Перғауынның түсті екі рет көруі Құдайдың Өзі шешіп қойған бұл істі еш бөгелместен жүзеге асыратынын білдіреді.

Енді перғауын бір арқылы, данышпан адамды таңдап алып, Мысыр елін басқаруды оның қолына тапсырып, сонымен қатар арнайы салықшылар тағайындап, егіннің бестен бір бөлігін жинап алдыртсын. Осы қызметкерлер болашақтағы молшылықтың астығын жинап, қалаларда перғауынның қарамағындағы қоймаларда азық қоры ретінде сақтаудың қамын жасаулары керек. Бұл астық Мысыр елін жайлайтын жеті жылғы жұт кезінде халықты аштан өлуден сақтайтын қор болады. Бұл ұсыныс перғауынға да, оның барлық уәзірлеріне де ұнап қалды.

Перғауын оларға: “Біз Құдай Рухына кенелген тап осы адамдай біреуді таба аламыз ба?” - деп, Жүсіпке қарап: “Мұның бәрін саған Құдай білдіріп тұр екен! Өзің сияқты ақылгөй, дана ешкім де жоқ. Бұдан былай менің сарайымды қарамағыңа аласың, бүкіл халқым сенің айтқаныңмен жүруге тиіс. Мен патшалық тағыма байланысты ғана сенен жоғары боламын. Міне мен сені бүкіл Мысыр елінің әміршісі етіп тағайындаймын, - деп шешімін айтты. Қолынан өзінің мөрі бекітілген сақинасын шешіп алып, Жүсіптің саусағына кигізді. Оған ақ бәтестен киімдер кигізіп, мойнына алтын алқа салып, оны өзінің екінші пәуескесіне отырғызды. Жүсіп жақындаған кезде атқосшылары жұртқа: “Жол беріңдер! Иіліңдер!” - деп айқайлайтын болды. Осылайша перғауын Жүсіпті бүкіл Мысыр елін басқаратын бас уәзірі етіп тағайындап, оған: “Ел патшасы перғауын менмін. Ал сенің келісіміңсіз бүкіл Мысырда ешкім де іс-әрекет жасамайтын болады”, - деп міндетін табыс етті. Жүсіпке Сафнат-Панеах деген ат қойып, оған әйелдікке Он қаласындағы діни қызметкер Потифердің қызы Асенетті алып берді.

\\-----Музыка----- \\

Жүсіп Мысырдың әміршісі болып патшаға қызметке тұрғанда 30 жаста еді. Ол перғауынның қасынан кетіп, бүкіл Мысыр елін аралауға кірісті. Жеті жылғы молшылық кезінде елде өнім ағыл-тегіл мол болды. Жүсіп сол жылдары Мысырда өсіп-өніп шыққан барлық дәнді дақылдарды қалаларға жіберді. Әр қалада сол маңнан жиналған өнімді сақтап сойды. Осылай Жүсіп астықтан құм түйіршіктердей мол етіп азық қорын жасап алды. Мұның көптігі сонша, санаса сан жетпейтін болды. Сол кезде, елді ашаршылық әлі де жайламай тұрғанда, әйелі Асенет Жүсіпке екі ұл туып берді. Жүсіп тұңғышына Манаса (“Ұмыту”) деген ат қойды. Себебі ол: “Құдай Менің барлық уайымымды, әке-шешемнің үйінен алыстап кеткенімді ұмыттырды”, - деді. Екінші ұлын Ефрем (“Өнімді”) деп атап, “Құдай мені бұрын жапа шеккен елде өнімді қылды”, - деді.

Сонымен Мысыр еліне молшылық әкелген жеті жыл аяқталды. Содан кейін, Жүсіп алдын ала айтқандай, жеті жылдық жұт та жетті. Барлық елдерге ашаршылық жайылды, бірақ бүкіл Мысыр жерінде азық қоры сақтаулы болатын. Мысырлықтар аштық көре бастағанда перғауынға нан беруін сұрап жалбарынды. Перғауын оларға: “Жүсіпке барыңдар! Ол не айтса, соны істеңдер!” - деп әмір етті.

Жұт бүкіл елді жайлап, ашаршылық үдей түскенде Жүсіп қоймаларды ашып, мысырлықтарға астық сата бастады.

Барлық басқа мемлекеттерден де адамдар азық сатып алу үшін Жүсіпке келді, өйткені бүкіл өлкеде ғаламат ашаршылық болды”.

Ардақты ағайын, енді Жаратылыстың басталуы 42 тарау, 1-ден 9-ға дейінгі үзіндіні оқып берейін.

\\..... Музыка..... \\

Мұнда Жүсіптің ағаларының Мысыр еліне алғашқы сапары жайында айтылған: “Сол кезде Жүсіптің әкесі Жақып Мысырда астық барын естіп, ұлдарына: “Неге бір-біріңе қарап отырсыңдар? Мысырда нан бар деп естідім. Аштан өліп қалмауымыз үшін сол жаққа барып астық сатып алыңдар!” - деп тапсырды.

Осылай Жүсіптің он ағасы азық алып келуге Мысырға қарай бет алады. Ал Жақып Жүсіптің бірге туған інісі Бунямин жолда бір пәлеге ұшырап қалар деп қауіптеніп, оны бірге жібермей қойды. Сонымен Жақыптың он ұлы Мысырға жетті. Олармен бірге азық сатып алу үшін басқа адамдар да келген еді. Өйткені аштық Қанахан елін де қамтыды. Жүсіп Мысырдық әміршісі болып, бүкіл халыққа астық сатуды басқарушы да өзі еді. Сондықтан ағалары оның алдына келіп, жерге дейін иіліп тағзым етті. Жүсіп оларды көрісімен-ақ танығанмен бөтен адамның сыңайын танытып, олармен қатал сөйлесті:

- Сендер қайдан келдіңдер?

- Біз астық сатып алу үшін Қанахан елінен келдік.

Жүсіп ағаларын таныса да, олар оны таныған жоқ. Баяғыда олар туралы көрген түстері есіне түскен Жүсіп: - Сендер тыңшысындар! Біздің шекараның әлсіз жерлерін іздеп табу үшін келдіңдер! - деп дүрсе қоя берді”. Міне, қандай жағдай болғанын түсінген боларсыз. Жүсіп көп жылдар бұрын түсінде көргендей оның ағалары алдына келіп тағзым етіп тұрды. Олар Жүсіпті сол кезде жек көріп, менсінбей, ақыр соңында құлдыққа сатып жіберген болатын. Енді оған келіп жалынып тұр. Жүсіп ағаларын бірден таныды, ал ағалары оны танымады, өйткені оны көрмегелі 20 жылдан көп уақыт өтіп кетті!

Ал сіз бүгінгі айтылғандар жайлы не ойлайсыз? Құдай Жүсіп пен оның ағалары туралы әңгіме арқылы не үйреткісі келеді?

Иә, Жүсіп пен оның бауырларының арасында болған жағдай Құтқарушы мен Адам ұрпағының арасындағы жағдайға меңзейді.

\\-----Музыка-----\\

Бүгінгі хабардан есте сақтап қалатын ең маңызды ақиқат мынау: Жүсіп - Құдайдың осы дүниеге жіберемін деп уәде еткен Құтқарушысын білдіреді. Жүсіптің әңгімесін талдаған кезде біз 800 жылдан кейін осы әлемге келген Құтқарушының өміріне ұқсас жүзден астам оқиғалар мен жағдайларды көре аламыз. Оның бәрін талдап жатуға біздің уақытымыз жетпейді, дегенмен үшеуін қарастырайық. Бірінші ұқсастық: Ағалары Жүсіпті менсінбей, оның түсінде көргенін жоққа шығарды. Олар оны жек көрді, сондықтан қорлап, тіпті құлдыққа сатып жіберді. Құдай осы әлемге жіберген Құтқарушымен де дәл солай болды, адамдар Оның Өзін де, Оның хабарын да жоққа шығарып, Оны қудалап, қорлап, сатып, ақыр соңында айқышқа шегелеп өлдірді.

Екінші ұқсастық: Адамдар басында Жүсіпті жек көріп, оны менсінбей мазақтап, түрмеге отырғызды. Алайда Құдай белгілеген уақытта Мысырдың перғауыны оны әмірші етіп тағайындады.

Перғауын тіпті ашыққандарға: “Жүсіпке барындар, ол өмірлеріңді сақтайды” дейтін болған.

Құдай да Өзі жіберген Құтқарушысы туралы дәл осылай айтты: “*Мен тағайындаған Құтқарушыға барындар, Ол өмір бұлағы, өмірлеріңді Сақтаушы. Өмірлеріңді Оған тапсырсаңдар ешқашан ашықпайсыңдар және жандарың мәңгі тірі болады*”.

Үшінші ұқсастық: Жүсіппен Құтқарушының арасындағы осы ұқсастық тіпті маңызды. Жүсіптің ағалары ақыр соңында Жүсіпке мойынсұнды. Бұрын өздері менсінбеген інілерінің алдына келіп тағзым етуден басқа оларда басқа амал қалмады! Дәл осылай осы уақытқа дейін көптеген адамдар Құдай тағайындаған Құтқарушыны менсінбей, оны қабылдаудан бас тартып жүр, алайда осы Құтқарушы бір күні жерге қайтып келіп, бүкіл адамзатты әділдікпен соттайтын болады. Сол күні әлемдегі адамдардың барлығы Оған бас иіп, тағзым етіп, Оның Құдай жіберген Құтқарушы және Сотшы екенін мойындайды.

Қадірлі ағайын, сіз ше? Сізді мәңгілік жазадан сақтайтын Құтқарушыны қабылдадыңыз ба? Әлде Оны менсінбей жүрсіз бе? Ондай болса Қиямет соты күні сіз Оған зорлықпен тағзым ететін боласыз.

\\----- Музыка-----\\

Қадірлі қандастарымыз, келесі аят жайында ойыңызды білдіріп, бізге хат жазуды ұмытпаңыз! “*Біздерде пайғамбарлардың жазып қалдырған нық сенімді сөздері бар ғой. Бұларға көңіл бөлсеңдер, жақсы болады. Сол сөздер қараңғылықта “сәулесін шашып тұрған шамға” ұқсайды*”, Петірдің 2-хаты 1:19 аяты.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше, сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 1 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 26 ақпан, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Жүсіп туралы әңгіменің соңы».
Реттік саны: № 31, 29/48/1303

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сіздің назарыңызға: «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін: «Жүсіп туралы әңгіменің жалғасын» тыңдайсыз. Жаратылыстың басталуы кітабынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші: Арыстан бауырымыз.

\\ -----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Біз соңғы екі хабарымызда Жақыптың ұлы Жүсіп туралы әңгімені оқыдық. Енді соны әрі қарай жалғастырайық...

\\ ----- Музыка ----- \\

Біз Ыбырайымның немересі Жақыптың он екі баласы болғанын, ал Жүсіп Жақыптың он бірінші ұлы екенін білдік. Олардың барлығы Құдайдың Ыбырайымға, Ысқаққа және Жақыпқа уәде еткен Қанахан елінде тұрып жатқан. Жүсіп түсінде ағаларының оған бас иіп тағзым еткенін көреді. Ағалары Жүсіпті жек көріп, оның түсін жоққа шығарып, Мысырға құлдыққа сатып жібереді. Алайда Құдай Жүсіпті барлық бәледен құтқарып, оған Мысырдың патшасы перғауынның түсін жоруға даналық береді. Құдайдың көмегімен Жүсіп жеті жылдық ашаршылықтың келе жатқанын болжайды. Сондықтан перғауын Жүсіпті бүкіл Мысыр елінің әміршісі етіп қояды. Жүсіптің болжағанындай молшылық әкелген жеті жылдан кейін Мысыр мен Қанаханды жұт жайлайды. Алайда Құдайдың Жүсіпке берген даналығы арқасында Мысыр елінде молымен жиналған азық қоры бар болатын.

Жақып Мысырда астық барын естігенде өзінің он ұлын, яғни Жүсіптің он ағасын сол елге жібереді. Ал кіші ұлы Буняминді, яғни Жүсіптің інісін жолда бір бөлеге ұшырап қалмасын деп өзімен бірге қалдырады. Сөйтіп он ағайынды Мысырға жетіп, Жүсіптің алдына келіп, жерге дейін иіліп тағзым етеді. Жүсіптің түсіндегідей. Жақып ағаларын дереу таниды, бірақ ағалары оны танымайды, өйткені жиырма жылдан астам уақыт өткендіктен олар Жүсіпті өлі деп ойлады. Бірақ ол ағаларына бірден өзін танытқан жоқ, өйткені олардың жүректерінің өтірік пен зұлымдықтан тазарғанын, тазармағанын сынап көргісі келді. Киелі жазбада былай айтылған: *“Жүсіп оларды көргеннен-ақ танығанмен бөтен адамның сыңайын танытып, олармен қатал сөйлесті:*

- Сендер қайдан келдіңдер?

- Біз астық сатып алу үшін Қанахан елінен келдік”, Жаратылыстың басталуы кітабы 42:7-ші аятта.

\\.....Музыка.....\\

Жүсіп ағаларына көп сұрақтар қойып, оларды тыңшы деп айыптап, түрмеге қамап қойды. Жүсіп оларды Құдай алдында өз өмірлері туралы ойландырғысы келді. Үш күнен соң Жүсіп бауырларының біреуін кепілдік ретінде алып қалып, қалғандарын інісі Буняминді алып келсін деп еліне қайтарды. Бірнеше айдан соң ағалары Мысырға бидай сатып алуға оралғанда інілері Буняминді ала келді. Олар Жүсіпке тағы жолықса да, оны танымады. Жүсіп оларды өзінің үйіне ертіп апарды, ағалары одан бетер шошыды. Оларға бола үлкен той жасап, әрқайсысын дастарханға жасына қарай отырғызып, оларды қошеметтеді. Буняминге басқаларға қарағанда бес есе көп тамақ берді. Бәлкім Жүсіп өзін көре алмағандай Буняминді де көре алмай, қызғанышпен қарай ма, деп ағаларын сынаған болар. Алайда ағаларының ешқайсысы Буняминді қызғанған жоқ. Тойдан кейін Жүсіп қызметшісіне ағаларының қаптарының бәрін бидайға толтыртқызады. Жүсіптің бұйрығы бойынша оның қызметшісі Буняминнің қабына Жүсіптің күміс табақшасын білдіртпей салып қойды. Ағалары кеткен соң Жүсіп оларды ұры деп айыптау үшін өзінің адамдарын соңынан жіберді. Жүсіптің үй басқарушысы оның ағаларын қуып жетіп, оларға былай деді: *“Неге сендер жақсылыққа жамандықпен жауап қайтарып, күміс тостағанды ұрлап кеттіңдер? Бұдан қожайыным ішеді зой”*. Жүсіптің ағалары сасқалақтап: *“Мырзамыз мұндай сөздерді неге айтады? Күміс тостаған қайсымыздан табылса, сол өлім құшсын, ал бәріміз қожайынымыздың құлына айналайық”*, - деп жауап берді. Үй басқарушы оларға былай деді: *“Жарайды, айтқандарың болсын! Тостаған кімнен табылса, сол менің құлым болады! Ал қалғандарың бос боласыңдар”*.

Үй басқарушысы барлық қаптарды тексеріп шығып, Буняминнің қабынан күміс тостағанды алып шықты. Осыны көрген Жүсіптің ағалары қапаланып, киімдерін айыра жыртып, қалаға қайтты. Жүсіптің алдына келіп оның аяғына жығылды. Жүсіп оларға: *“Сендер не істедіңдер? Мен сияқты адамның осындай жайттарды сөз жоқ болжай алатынын білмеп пе едіңдер?”* – деді. Сонда Жақыптың төртінші ұлы Яһуда Жүсіпке: *“Тақсыр иеге біз не айта аламыз? Өзіміздің кінәсыз екенімізді қалайша дәлелдейміз? Құдай кінәмызды әшкереледі. Біз де, тостаған алған адам да енді сіздің құлдарыңызбыз”*, - деп жауап берді.

Ал Жүсіп: *“Мен олай істеуден аулақпын! Тостаған кімнен табылса, сол гана менің құлым болады. Ал қалғандарың тыныштықпен әкелеріңе жүре беріңдер!”* – деп шешті. Сол кезде Яһуда Жүсіпке жақындап, әкелерінің Буняминді өздеріне қосып Мысырға жіберген кезде қатты қиналғанын айтты. Кейін Яһуда Буняминнің орнына құл болып қалмақ болып, Жүсіптен Буняминді әкесіне қайтаруын өтінді. Ағаларының өз әкесі мен інісіне жаны аштынын көрген Жүсіп олардың тәубеге келіп, өзгергенін білді. Ол ағаларына өзінің кім екенін айтатын уақыттың келгенін түсінді. Енді Жаратылыстың басталуы кітабы 45:1-ден 15-ке дейінгі аяттарды оқып көрейік.

\\.....Музыка.....\\

“Сонда Жүсіп айналасында тұрған қызметшілерінің алдында өзін ұстай алмай, оларға: “Бәрің де кетіңдер қасымнан!” - деп айқайлап жіберді. Жүсіп бауырларына өзінің кім екенін айтқанда қасында бөтен ешкім де қалмады. Оның дауыстап жылағаны соншалықты, соны сырттағы мысырлықтар да естіп, бұл туралы хабар перғауынның сарайына да жетті. Жүсіп бауырларына қарап:

- Мен Жүсіптің зой! Әкем шынында да әлі күнге дейін тірі ме? - деп сұрады. Бірақ олар оның алдында қатты абыржып қалғандықтан жауап бере алмады. Оларға:

- Маған жақындаңдар! - деп, олар қасына келгенде мынаны айтты: - Мен сендер Мысырға сатып жіберген Жүсіптің! Ал енді ештеңені уайымдамаңдар, мені осында сатып жібердік деп өздеріңді кінәламаңдар! Өйткені Құдайдың Өзі мені осы жерге өмірлеріңді сақтап қалу үшін сендерден бұрын жіберді. Елді аштық жайлағалы екі жыл өтті, енді келесі бес жыл бойы да жер өңделіп, астық егілмейді. Ұрпақтарыңның жер бетіндегі өмірін жалғастыру үшін сендерді ұлы іспен құтқарып, аман-есен қалдыру үшін Құдай мені сендерден бұрын жіберді.

Осылайша сендер емес, Құдай мені бұл жерге жіберді. Ол мені перғауынға бас уәзір қылып тағайындап, сарайына қожайын, бүкіл Мысыр еліне билеуші етті. Енді сендер тезірек әкеме жетіп, оған мына сөздерді жеткізіңдер: “Ұлыңыз Жүсіп сізге былай деп сәлем жолдайды: Құдай мені бүкіл Мысыр елінің әміршісі етіп қойды. Көп кешікпей көшіп келіп, Гөшен аймағында қоныстаныңыз. Сонда балаларыңыз, немерелеріңіз, ұсақты-ірілі малдарыңыз және бар дүние-мүлкіңізбен бірге менің қасымда тұрыңыз. Сізге сол жерде қарайласпақпын, өйткені аштық әлі де бес жылға созылады. Егер олай етпесеңіз өзіңіз, үй ішіңіз және барлық адамдарыңыз жоқшылыққа ұшырайсыздар”.

Міне, өздерің де, інім Бунямин де өз көздеріңмен көріп тұрсыңдар: сендермен сөйлесіп тұрған мен Жүсіптің! Әкеме мені мұнда қалай қадірлейтіні және өздерің көріп, білген басқа нәрселер туралы да айтып беріңдер! Тезірек барып, әкемді осында жеткізіңдер! - деді де, бірге туған інісі Буняминді мойнынан құшақтап егіле жылады, ол да құшақтап жылай берді. Жүсіп барлық ағаларының да беттерінен сүйіп, құша жылады. Бұдан кейін ағалары онымен сөйлесе бастады”.

\\.....Музыка.....\\

Осыдан соң Жүсіптің ағалары әкесінің үйіне қайтуға жиналды. Перғауынның бұйрығы бойынша Жүсіп оларға тамақ пен күймелер берді. Ал Жаратылыстың басталуы 45:25-28 аяттарда былай делінген: “Олар Мысырдан шығып, Қанахан еліне әкелері Жақыпқа келгенде, оған: “Жүсіп тірі екен! Ол бүкіл Мысырдың әміршісі!” - деген хабарды жеткізді. Ал ұлдарының айтқандарына сенетіндей Жақыптың жүрегі бүлк етпеді. Олардан Жүсіптің сөздерінің бәрін естіп, жіберген күймелерін көргеннен кейін ғана Жақып (Исраил) өз-өзіне келіп, есін жинай бастады да:

“Көзім жетті: ұлым Жүсіп әлі тірі екен. Мен содан барып, оны өлмей тұрғанымда көріп қалайын!” - деп шешті”

Киелі жазбадан Жақыптың отбасымен Қанахан жерінен Мысырға көшкенін оқимыз. Жақып жолда Құдайға құрбандық шалған кезде Құдай оған:- *Мен Құдаймын, әкең мойынсұнған Тәңірмін. Мысырға көшіп баруға қорықпа, сені сол жерде үлкен халыққа айналдырамын. Мен саған Мысырда да жар болып, сені қайтадан Қанахан еліне Өзім алып келемін. Қайтыс болғанда көзіңді жұмғызатын Жүсіп болады,-деді* Жаратылыстың басталуы 46:3,4 аяттар.

Жақып пен оның отбасы ұзақ жол жүріп, Мысырға келді. Жақып талай жылдар бойы көрмеген өзінің сүйікті ұлы Жүсіпті көргенде қатты қуанды! Осылайша Израил деп аталған Жақып пен оның отбасы Мысырдың Гөшен деген жеріне қоныстанды. Ол жерде олар көбейіп, үлкен ел болды. Жақып жүз қырық жеті жыл өмір сүрді, өмірінің он жеті жылын Мысырда өткізді. Израил елінің әкесі Жақып дүниеден өткеннен кейін Құдайдың қасына барды. Жүсіп пен ағалары және Мысырдың бүкіл халқы Жақыпты жоқтап, жетпіс күн бойы аза тұтты. Жақыптың ұлдары оны атасы Ыбырайымның қабіріне жерледі.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, мына аят туралы ойланып, бізге хат жазып жіберіңіз. *“Күнә қанишалықты көбейсе, Құдайдың рақымдылығы одан да асып түседі”* Римдіктерге арналған хат 5:20-сыншы аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 1 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 4 наурыз, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Жаратылыстың басталуын қорытындылау».
№28-дің соңы,
Реттік саны: № 32. 38/48/1254

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін: «Жаратылыстың басталуы кітабына қорытынды» жасалады.

Сондай ақ, Жаратылыстың басталуы 50-шы тараудан үзінділер оқылып, осы кітапқа жалпы шолу жасалады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз әр апта сайын «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдап жүрген болсаңыз, онда Таураттың бірінші кітабы, Жаратылыстың басталуы кітабын оқуды бүгін аяқтайтынымызды айтқымыз келеді.

Бүгінгі әңгімені Жақыптың ұлы Жүсіптің соңғы өмірі жайында жазылған Жаратылыстың басталуы кітабының 50-ші тарауының 15-ші аятынан бастап, 26-шы аятына дейін оқумен бастаймыз:

\\ ----- Музыка ----- \\

«Әкелері өлген соң Жүсіптің ағалары бір-біріне: “Егер Жүсіп өзіне істеген жаман қылықтарымыз үшін бізден кек алатын болса қайтамыз?” - десті... Ал {осыны естіген} Жүсіп оларға:

- Қорықпаңдар! Мен Құдайдың орнында емеспін зой. Сендер маған жамандық ойладыңдар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп, осы арқылы көп адамдарды аштан өлудан аман сақтап қалуға ниет етті. Ол солай болды да. Сондықтан қорықпаңдар, мен сендерге де, балаларыңа да қамқор боламын, - деді. Осылай жылы сөйлесіп, ағаларының көңілдерін орнықтырды.

Жүсіп Мысырда әкесінің үй ішімен бірге тұрып, жүз он жасқа келді. Ол Ефремнің үшінші ұрпағынан шөпшек ұлдарын да көріп, Манасадан туған Махирдың ұлдарын бауырына басты.

Жүсіп бауырларына: “Мен жуырда дүниеден қайтамын. Алайда Құдай рақымшылық жасап, сендерді осы жерден сөзсіз алып шығып, Өзі Ыбыраймға, Ысқаққа және Жақыпқа ант беріп, уәде еткен еліне бастап апаратын болады”, - деді.

Сол себепті Жүсіп Исраилдің ұрпақтарынан ант алып: “Құдай рақымын түсіріп, сендерді ешбір шүбәсіз осы жерден алып шығатын болады. Сол кезде менің сүйегімді де өздеріңмен бірге осы жерден ала кетіңдер!” - деп өсиеттеді.

Жүсіп жүз онға жетіп, қайтыс болды. Оның бальзамдалған денесі табытқа салынып, Мысыр елінде сақталып қойылды».

\\.....Музыка.....\\

Міне, Жаратылыстың басталуы кітабы осылай аяқталады. Жүсіп Мысырда қайтыс болған соң, денесі табытқа салынды. Бұл кітап Құдайдың өмірді қалай жаратқаны туралы сипаттаумен басталып, адамның өлімі туралы айтумен бітеді. Неліктен? Өйткені Адам атаның күнәсының кесірінен барлық адамдар өлетін болды. Сізге ұнаса да, ұнамаса да шындық мынандай: *“Күнәнің беретіні - (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы - Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір”*. (Рим. хат 6:23) Тіпті Өмір сақтаушы деп атанған Жүсіп сияқты жақсы адамның өзі де қайтыс болды, себебі ол Адамның ұрпағы болғандықтан, күнә оның жүрегінен де тамыр алған болатын. Жүсіп Құдайдың көмегімен отбасын және мысырлықтарды аштан өлуден сақтап қалғанымен, оларды негізгі өлімнен сақтап қала алмады. Алайда енді біз Құдайды қуанышпен мадақтай аламыз, өйткені Жаратылыстың басталуы кітабынан Оның өлімді жеңетін Құтқарушы туралы керемет уәдесі туралы оқимыз. Күнәның зардабы – мәңгілік өлім. Құдай уәде еткен Құтқарушы күнәны тамырымен жойып, Адамның ұрпағын күнәның жазасынан құтқарады. Күнәның негізі - шайтан және адамның зұлым жүрегі. Күнә үшін берілетін жаза – мәңгілік өлім мен тозақ. Құдай жіберген Құтқарушы оларды жеңіп, Оған сенгендерді құтқарады.

Ардақты ағайын! Шайтан мен күнәны, өлім мен тозақты жеңген Құтқарушы бар екенін білесіз бе? Оның қасиетті есімін атап, Оған сенгендерге Ол мәңгілік өмір береді. Інжіл шарифте осы Құтқарушы туралы былай айтылған:

“Израилдің сиынатын Құдайы мадақтала берсін: Жаратқан Иесі! Ол таңдап алған халқына келеді, Оны құтқарып ап азат етеді! Құлы Дәуіттің әулетінен бізге мықты Құтқарушыны шығарады. Киелі пайғамбарларына Ол ежелде осылай алдын ала айтқызды”, Лұқа жазған ізгі хабар 1:68-70 аяттар. Енді Таураттың 1-кітабы Жаратылыстың басталуына қысқаша қорытынды жасап көрейік.

\\.....Музыка.....\\

Біз бұрын айтқандай Таурат-Пайғамбарлар жазбаларының бірінші кітабы және бес бөлімнен немесе кітаптан тұрады. Бірінші бөлім Жаратылыстың басталуы деп аталады. Сіз Жаратылыстың басталуы кітабын жақсы білуге тиіссіз, өйткені Құдай бекіткен осы негіз арқылы келесі Пайғамбарлар кітаптарында жазылғанның бәрін түсініп, оған сенетін боласыз.

Жаратылыстың басталуы кітабының бірінші аяты есіңізде ме? *“Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты”*. *“Әуел баста Құдай...”* деген маңызды сөздерге ерекше назар аударайық! Сол уақытқа дейін жалғыз Жаратушыдан басқа ештеңе жоқ, Құдай ғана болған!

Ары қарай Құдайдың Өзінің мәңгі Сөзі мен Киелі Рухы арқылы миллиондаған киелі періштелерді жаратқанын көресіз.

Осы періштелер Құдайға қызмет етіп, Оны мадақтау үшін жаратылды.

Періштелердің арасындағы біреуі басқаларға қарағанда ерекше дана және сұлу болған. Ол періштелердің басшысы Люцифер еді.

Сіз Киелі жазбадан бір күні Люцифердің тәкәппарланып, Құдайды менсінбей кеткенін көресіз. Люцифер және басқа періштелер Құдайға қарсы шығып, Оны тақтан түсіру жайында жоспар құра бастады. Бірақ күдіретті Құдайды ешкім де жеңе алмайды. Құдай Өзіне қарсы шыққандарға төзе алмайды. Сондықтан Құдай Люцифер мен зұлым періштелерді қасынан қуып жіберіп, Люцифердің есімін шайтан, яғни “дұшпан” деп өзгертті. Шайтан мен Оның періштелерін қуып жібергеннен кейін Құдай, оларға арнап, мәңгі от жанып тұратын, тозақ деп аталатын орынды жаратты. Киелі жазбада ақыр заманда, Қиямет сот күні Жалғыз Әділ Құдай шайтанды ізбасарларымен бірге тозаққа тастайтыны айтылған.

Ары қарай Құдайдың Өзінің қалауын іске асырып, адамдарды жаратқанын көресіз. Адам Құдай жаратылысының ең маңыздысы болып табылады, себебі адам Құдайға ұқсас болып жаратылған. Құдай адаммен терең және керемет қатынаста болғысы келді. Сондықтан Ол адамның жанына Құдайды танитын парасатты орналастырды, өзінің Жаратушысын сүйіп, Оған сеніп, бағынсын деп адамға жүрек берді.

Сосын Құдайдың Өзі жаратқан ер адам мен әйелдің алдына таңдау қойғанын көресіз. Құдай Адам атаға былай ескертті: *“Сен әр ағаштың жемісінен жей аласың, бірақ жақсылық пен зұлымдықты ажырататын ағаштан жеме, жеген күні-өлесің!”* Құдайдың бұл сөзі *“сен Менен мәңгіге ажыратыласың дегенді білдірген!”*

\\.....Музыка.....\\

Алайда сіз ата-бабамыз Адам мен Хауаның шайтанды тыңдап, Құдай тыйым салған ағаштың жемісін жегенін оқисыз. Осы оқиға жайлы Құдайдың сөзінде былай айтылған: *“Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады”*, Римдіктерге арналған хат 5:12 аят.

“Індет ауру адамнан басқаларға тарамай қоймайды” дегендей, Адам атаның күнәсының кесірінен бәріміз де күнәкар, яғни өлім мен Құдайдың жазасына лайықты болдық.

Ары қарай сіз Адам мен Хауаның күнәларына бола жұмақтағы бақтан қуылғанын білдіңіз. Бірақ қумастан бұрын Құдай оларға адамзатты шайтанның билігінен және күнәнің жазасынан құтқару үшін Адам атаның ұрпағынан әлемге Өтеушіні жіберетінін хабарлады. Құдай Өзінің керемет жоспары бойынша адамдардың күнәларының құнын төлеп, оларды құтқарып алғысы келді.

Құдай әлемге Адам атаның күнәсымен ластанбаған, ерекше бір Кісіні жібермекші болды. Бұл әділ Кісі, Адам атаның ұрпақтарының күнәларының құнын төлеу үшін Өз еркімен қанын төгеді.

Осылай Құдай Өз әділдігіне кір келтірмей, адамдардың күнәларын кешіре алатын еді. Расында, Құдайдың Өтеуші туралы уәдесі керемет болатын! Сосын, Құдайдың бір-екі жануарды құрбандыққа шалып, Адам

мен Хауаға олардың терісінен киім жасап, Өзінің керемет уәдесін бекітеді. Құдай Адам мен Хауаға “Күнәның жазасы - өлім және қан төгілмей, күнә кешірілмейді” деген ақиқатты үйретті.

Содан кейін сіз Адамның алғашқы екі ұлы Қабыл мен Әбіл туралы білдіңіз. Әлемге келетін және күнәкарлар үшін өлетін Өтеушіге сенген Әбілдің Құдайға ешбір ақаусыз лақты әкеліп құрбандыққа шалғанын көрдіңіз. Ал Қабыл болса, өзі өсірген жемістерінің кейбірін Құдайға құрбандыққа әкеліп, Оған өзінше жақындауға тырысты. Киелі жазбада былай айтылған: *“Тәңір Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның ұсынған тартуына риза болмады”*. Құдай Қабылдың құрбандығына неліктен риза болмады? Себебі Құдайдың заңында: “күнәның құны – игі істер!”- деп айтылмаған. Киелі жазбада: *“Күнәның құны - өлім және қан төгілмей күнә кешірілмейді!”* – делінген. Құдай Қабылды тәубеге келуге шақырып, Өзінің бекіткен әділдік жолын қабылдауды ұсынды, алайда Қабыл ашуланып, өзінің кіші інісі Әбілді өлтіріп тастады.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, сіз, Киелі жазбадан Адам атаның ұрпақтарының көбісінің Қабылдың ізімен кеткендерін байқаған боларсыз?. Неліктен бұлай болғанын ойланып, өз пікіріңізді айтып бізге хат жазып жіберіңіз. Құдай қаласа, біз келесі хабарда Жаратылыстың басталуы кітабынан кейінгі кітап Таураттағы Мысырдан көшіп шығу деп аталатын екінші кітапты оқуды бастаймыз.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 2 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 11 наурыз, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Жаратылыстың басталуын қорытындылау»,
«Мысырдан көшіп шығу» №28-дің соңы, №29.
Реттік саны: № 33, 42/48/1218

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін Таураттың екінші кітабы Мысырдан көшіп шығу кітабын оқуды бастаймыз... Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Жаратылыстың басталуы кітабынан Нұх пайғамбардың заманында *“Тәңір жер бетінде адамдар жасаған зұлымдықтардың тым зор екенін көрді: жүрек қалаулары бойынша істегендерінің бәрі де жауыздыққа толы еді”* деген сөзді оқыған шығарсыз. Бұның себебі не? Хабарды осы сұраққа жауаптан бастайық...

\\ ----- Музыка ----- \\

Құдай адамдардың жүректерінің зұлымдыққа толғанын көріп, күнәкарларды жою үшін жерге топан су жіберді. Сол азғындаған заманда жалғыз Нұх Құдайға сенген. Құдай Нұхқа, ішіне кіргендердің барлығын құтқаратын үлкен кеме салуды тапсырды. Нұх жүз жыл бойы кеме салған кезде Құдай адамдардың күнәларына шыдап жүрді. Алайда Нұх пен оның отбасынан басқа ешкім Құдайға бет бұрып, кемеге кірмеді. Нұхтың Шам, Хам, Япші атты үш ұлы болған. Ыбырайым пайғамбар Шамның ұрпағынан шықты.

Сіз Киелі жазбаны оқығанда, Құдайдың Ыбырайымға әкесінің үйін тастап, Қанахан жеріне (қазіргі Палестинаға) аттануды бұйырғанын көрдіңіз. Құдай Ыбырайымнан пайғамбарлар мен Құтқарушы шығатын жаңа халық өрбітуді жоспарлады. Сондықтан Құдай Ыбырайымға былай деді: *«Мен сен арқылы ұлы халық жасаймын, сені жарылқаймын да атыңды шығарамын. Менің ақ батам сен арқылы басқаларға да жсететін болады. Саған ақ батасын бергендерге Мен де ақ батамды беретін боламын, ал кім сені қарғаса, соны Мен де қарғаймын. Сен арқылы Мен жер бетіндегі барлық халықтарды жарылқаймын»*, Жаратылыстың басталуы 12:2,3 аят. Осылай, Ыбырайым Құдай уәде еткеніндей, қартайған шағында Ысқақтың әкесі болды. Ысқақ Жақыптың әкесі болды, ал Құдай Исраил деп атаған, Жақып он екі ұлдың әкесі болды. Жақыптың он екі ұлынан, Құдай оған уәде еткеніндей Исраил деген жаңа халық шықты.

\\.....Музыка.....\\

Біз соңғы үш сабағымызда Жақыптың ұлдары туралы және олардың ішіндегі он бірінші ұлы Жүсіп туралы керемет әңгімені естідік.

Ағалары Жүсіпті жек көрген, бірақ Құдай оны жарылқап, оны бөтен Мысыр елінің басшысы етіп тағайындады. Содан кейін Мысыр мен Қанахан елінде үлкен ашаршылық басталды. Жақып ұлдарымен тамақсыз қалды. Мысыр елінде астық барын естіп, Жақып өз ұлдарын сол жаққа жіберді. Біз Жүсіптің өз ағаларына қалай ашылып, оларды кешіргенін және әке мен өзінің бүкіл әулетін Мысырға шақырып, көшіргені туралы оқыдық. Біз Жаратылыстың басталуы кітабының соңында Исраил әулетінің Құдай Ыбырайымға уәде еткен Қанахан жерінде емес, Мысырда тұрып жатқанын көреміз. Алайда Құдай жағдайдың осылай болатынын Ыбырайымға көп уақыт бұрын айтқан болатын. Киелі жазбаға қарайық:

“Сенің ұрпақтарың бөтен елде өмір сүретін болады. Сол жерде олар құл болып, 400 жыл бойы қиналады. Бірақ оларды құл қылған халықты Өзім жазалаймын. Мұнан соң сенің ұрпақтарың сол елден мол дүние- мүлікпен көшіп шығатын болады”, Жаратылыстың басталуы 15:13,14 аяттар. Исраил халқымен болған жағдайлардың бәріне Құдайдың Өзі жол берген болатын. Құдай неліктен Ыбырайымның шөберелеріне Қанахан елін уәде ете тұра, олардың Мысырда қоныстауына жол берді? Өйткені Құдай Мысырда исраилдіктермен болған барлық оқиғалар арқылы Өзінің даңқы мен құдіретін көрсеткісі келді. Құдай Өзінің патшалардың Патшасы, тәңірлердің Тәңірі екенін әркімге білдіру үшін Исраил әулетін Өзінің ұлы билігімен құлдықтан азат етуді жоспарлады!

Енді Таураттың Мысырдан көшіп шығу деп аталатын екінші бөлімін бастаймыз. Бұл кітапта Құдайдың Исраил халқын Мысырдағы құлдықтан азат еткені жайлы керемет әңгіме жазылған. Енді Мысырдан көшіп шығу кітабының бірінші тарауын оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Исраил деп те аталған Жақып Мысыр жеріне ұлдарын өз үй іштерімен қоса көшіріп әкелген еді. Олар мыналар: Рубен, Шимон, Леуі, Яһуда, Исашар, Забулон, Бунямін, Дан, Нафталим, Гад, Ашир. Жақыптан тараған ұрпақтардың саны сол кезде жетпіс болатын. Ал ұлдарының бірі Жүсіп Мысыр еліне бұрынырақ келген еді.

Уақыт жетіп, Жүсіп пен бауырлары және олардың тұсында өмір сүргендердің барлығы да бұ дүниеден атанды. Ал Исраилдің үрім-бұтағы өсіп-өніп, сансыз көбейіп, күшейіп алғандары соншалық, жер солармен толып кетті. Сол кезде Мысырда жаңа бір патша таққа ие болды. Ол (осы ел үшін зор жақсылық жасаған) Жүсіп туралы ештеңе білмейтін. Патша өз халқына:

- Қараңдаршы, Исраилдің үрім-бұтағы тым көбейіп, күшейіп кетті. Ендеше ақылды шара ойластырып, олардың бұдан әрі көбеюлеріне жол бермейік.

Әйтпесе соғыс бола қалған күнде дұшпандарымызға қосылып, тіпті өз елімізде бізге қарсы көтеріліп, бізбен соғысып жүрер, - деп ойындағысын айтты.

Сонда олар Исраил халқын ауыр жұмыспен діңкелетіп, қысым көрсету үшін үстерінен бақылаушылар тағайындады.

Исраилдіктер Мысыр патшасы перғауын үшін қоймалар ретінде Питом, Рамсес қалаларын салды. Бірақ Исраил халқы неғұрлым көп қысым көрген сайын, соғұрлым өніп-өсіп, жайылды. Мысырлықтар олардан қатты қауіптеніп, халықты аяусыз құлдыққа салды. Оларды саз-балшықтан илеп кірпіш құйып, үй салудың және егіндіктің кез келген ауыр жұмыстарына жекті де, қаталдықпен әр түрлі қара жұмыстарға мәжбүр етіп, өмірлерін аса қиындатты.

Бұларға қоса Мысыр патшасы әйелдер босандыратын исраилдік Шипыра мен Пуаны шақырып алып, оларға:

- Исраилдік әйелдерді босандырған кезде нәрестенің жынысына назар аударыңдар: дүниеге ұл келсе, өлтіріңдер, ал қыз туса, тірі қалдырыңдар! - деп бұйырды. Бірақ әйел босандырушылар Құдайды қастерлегендіктен Мысыр патшасының айтқанын орындамай, туған ер балаларды тірі қалдыра берді. Мысыр патшасы оларды шақырып алып:

- Сендер неге бұлай істеп жүрсіңдер? Неге ер балаларды өлтірмейсіңдер? - деп ұрысты. Олар:

- Мысырлық әйелдерге қарағанда исраилдіктер күштірек: босандырушы келмей тұрып-ақ босанып алады, - деген жауап қайтарды. Босандырушылар Құдайды қастерлеп, осылай істегендері үшін, Құдай соларға мейірімін төгіп, үйлерін молынан жарылқады. Сонда перғауын өзінің бүкіл халқына: “Исраилдіктердің дүниеге келген әрбір баласын Ніл өзеніне лақтырып, ал қыздарын тірі қалдырыңдар!” - деген жарлық берді. Мысырдан көшіп шығу 1:1-ші аяттан 22-ке дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Одан әрі Құдайдың Исраил әулетін Мысырдың зұлым патшасы перғауынның қолынан азат ететін адамды қалай таңдап, дайындағаны туралы керемет әңгімені естисіз. Ол адамның кім екенін білесіз бе? Дұрыс, ол Құдайдың пайғамбары – Мұса.

Таураттағы бірінші кітап аяқталған жерден екінші кітап басталады. Сондықтан, Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың ұрпақтарының, яғни исраилдіктердің Құдай оларға беруге уәде еткен Қанахан жерінен алыс бір елде қоныстанды. Жүсіптің өлімінен кейін үш жүзден аса жыл өтті. Мысырды енді басқа перғауын басқарып тұрды. Бұл перғауын исраилдіктерді құлдарға айналдырып, оларға қатты қысымшылық көрсетті. Ол оларға көп ауыр жұмыс істетті. Бәлкім осындай жағдайда исраилдіктер Ыбырайымға: “Сендер мықты халық боласыңдар!” деп уәде берген Құдай оларды ұмытып кетті деп ойлады. Бірақ сол кезде Құдай ештеңені ұмытқан жоқ. Негізінде Құдай сол кезде Өзінің ертеде берген уәдесін орындаған еді. Құдай шынымен сенімді! Тіпті адамға кеш болып көрінсе де, Ол айтқанын орындайды! Құдай кейін Исраил халқынан пайғамбарлар мен Құтқарушы шығатын жаңа халықты жаратуды жоспарлап қойған және Оның жоспарының жүзеге асуына ештеңе де кедергі бола алмады.

Жаңа халық жарату туралы жоспарын Құдай ең алғашқыда егде ерлі-зайыптыларға, яғни Ыбырайым мен Сараға білдірді. Осы есіңізде ғой? Ыбырайым жүзге келгенде одан Ысқақ туды; Ысқақтан Жақып туды; ал Жақыптан он екі ұл туды, кейін олардан Исраилдің он екі руы тарады. Олар Мысырға көшкен кезде олардың саны жетпіс болатын. Бірақ шамамен үш жүз өткеннен кейін олар көбейіп, сандары миллион адамнан асты. Құдай көп жылдар бұрын берген уәдесін орындады. Жаратушы Ие Ыбырайымнан жаңа, саны көп халықты шығарды ма? Әрине, шығарды! Ол сөзінде тұрды! Құдай сенімді және Өз сөзінен таймайды. Ол мәңгілік мадаққа лайық!

Ардақты ағайын, келесі аятты есіңізде сақтап, бұл туралы ойланып, редакциямызға хат жазыңыз:

\\.....Музыка.....\\

“Киелі жазбалардағылардың бәрі бізге тәлім болсын деп баяғыда жазылып қалдырылды. Керемет болашағымыздан үмітімізді үзбеуіміз үшін олар арқылы табандылық пен жігерлілікке үйренеміз, Римдіктерге арналған хат 15:4 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 2 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 18 наурыз, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мұсаның дүниеге келуі» №29.
Реттік саны: № 34. 38/48/1281сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!.

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін Киелі кітаптан «Мұсаның өмірге келуі» жайында әңгімені тыңдайтын боласыз. «Мысырдан көшіп шығу» кітабынан 2-ші тараудан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардықты ағайын!

Біз соңғы бағдарламамызда: “Мысырдан көшіп шығу” деп аталатын екінші кітапты оқи бастадық. Сіз бен бізге арналған терең әрі бағалы нұсқауларға толы осы кітапты оқығанда, Құдай санамыз бен жүрегімізді оятсын дей отырып, Мұса пайғамбар туралы тереңірек білуге тырысайық...

\\ ----- Музыка ----- \\

Перғауын Исраил халқын құлдарға айналдырып, оларға қысымшылық көрсетті. Ол исраилдіктерге неғұрлым үстемдік етіп, оларды құртуға тырысса, Құдай соғұрлым исраилдіктерді өркендетіп, олардың санын көбейте берді. Перғауын қатты ашуланып, исраилдіктер жайында: “Исраилдіктердің дүниеге келген әрбір ер баласын өзенге лақтырыңдар!” - деген жарлық шығарды, Мысырдан көшіп шығу 1:22аят. Сіз бұл туралы не ойлайсыз? Осындай сұмдық жоспарды перғауынның ойына кім салды? Әрине, шайтан салды! Шайтан неліктен Исраил халқын қинап құртқысы келді. Себебі ол Құдайдың адамзатты күнә мен тозақтан азат ететін Құтқарушыны жібермек болғанын білген. Шайтан осы Құтқарушының Исраил халқынан шығатынын да білді! Сондықтан шайтан перғауынды исраилдіктерге айдап салды және барлық жаңа туылған ұлдарды өзенде тұншықтыру арқылы тіпті оларды құртып жібергісі келді.

Бірақ шайтаннан құдіретті Құдай таңдаулы халқын перғауынның қол астынан құтқарату үшін Исраил руларының арасынан бір адамды таңдамақ болды. Бұл батырдың есімін сіз білесіз, ол - есімі әйгілі Құдайдың пайғамбары Мұса.

Мұсаның Ымрам мен Йохебет деген ата-анасын да батыр деп атауға болады, өйткені “олар патшаның жарлығынан қаймықпады” (Еврей. хат 11:23), (Мысыр. шығу 6:20).

“Мысырдан көшіп шығу” кітабының екінші тарауынан Мұсаның жас кезі туралы оқи аламыз. Киелі жазбада былай жазылған:

\\.....Музыка.....\\

“Сол кезде Леуі руынан шыққан бір адам өз руынан әйел алды. Күндерін күнінде сол әйел ұл туды. Баланың ерекше әдемі екенін көрген шешесі оны үш ай бойы жасырып бағады. Алайда бұдан әрі жасыра алмағандықтан қамыстан себет тоқып, оны қара шайырмен бітеп, нәрестені ішіне жатқызады. Сонан соң себетті Ніл өзенінің жағасында өсіп тұрған құрақтың арасына апарып, суға қоя береді. Баланың әпкесі жақсы жерге тығылып қалып, онымен не болар екен деп аңдып тұрады. Сол мезгілде перғауынның қызы шомылу үшін өзенге келеді. Күтуші қыздары су жағасында әрі-бері жүрумен болады. Қамыс арасынан себетті байқап қалған ханша оны әкелуге күтуші қызын жібереді. Себетті ашып ішінде жатқан баланы көреді. Нәресте жылап жатыр екен. Ханша оны аяп кетті: -Бұл исаилдық бала ғой, - дейді. Сонда сәбидің әпкесі тығылып отырған жерінен шығып: мен барып баланы емізу үшін сізге бір исаилдық әйелді алып келейін бе?-деп сұрайды. Ханша: -Ия, бара ғой,-дейді. Қыз барып нәрестенің шешесін шақырып келеді. Ханша оған: - Сәбиді алып, маған емізіп бер. Саған сол үшін ақы төлеймін, - деп бұйырады. әйел нәрестені емізіп асырау үшін үйіне алып кетеді. Сәби біраз өскеннен кейін шешесі оны перғауынның қызына апарып береді. Ханша баланы бауырына басып, “Оны судан шығарып алдым ғой”, деп, оған Мұса (“Шығарылып алған”) деген ат қояды”

Мысырдан көшіп шығу 2:1-ден 10-ға дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Мұсаның туылу тарихы осындай. Ойлаңызшы! Мысырлықтар басқа ер балаларды өлтіріп жатқан кезде нәресте Мұса зұлым перғауынның сарайында өз анасының сүтімен қоректенді. Құдай Мұсаның өміріндегі барлық оқиғаларға араласты. Ол Мұсаны Исаилдің ұрпағын құлдықтан құтқару үшін қолдануды жоспарлады. Құдайдың даналығы қаншалықты терең, шайтанның немесе адамның даналығынан қаншалықты астам десеңізші. Мұса емшектен шығарылғаннан кейін қай жерде өскені есіңізде ме? Исаил халқын қанаған перғауынның сарайында. Құдай исаилдіктерді перғауынның билігінен босату үшін Мұсаны қолданбақшы болды. Құдай өзінің жоспарында Мұсаны қорғау үшін зұлым патшаның қызын таңдады. Құдай патшаның сарайының Мұса үшін ең қауіпсіз, тиімді орын болатынын білді. Исаил ұрпағын артынан жетелей алатындай дәрежеге сәйкес болу үшін Мұсаға көп нәрселерді үйреніп, түсіну керек екенін Құдай білді. Киелі жазбада: *”Мұса мысырлықтардың бүкіл даналығын оқып-үйреніп сөзі мен ісінің арқасында ықпалды адам болды”,* - деп айтылған Елшілердің істері кітабы 7:22. Бірақ Мұсаға әлі де көп нәрсені үйрену керек еді.

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбада былай жазылған: *”Арада бірнеше жыл өтіп, Мұса ер жеткен соң бір күні өз халқының арасына барып, олардың қандай ауыр жұмыс істеп жүргендерін көрді. Сол кезде израилдік ұлттастарының біреуін бір мысырлықтың сабап жатқанын байқап қалды.*

Жан-жазына қарап, ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен Мұса мысырлықты ұрып өлтіріп, құмға көміп тастады. Келесі күні де далаға шығып, бір-бірімен төбелесіп жатқан екі израилдікті көрді. Жәбір көрсеткенге: - Сен неге бауырласыңды ұрасың? - деді. Ол адам: - Кім сені бізге басшы әрі төреші етіп тағайындады? Сен немене, мені де мысырлықты өлтіргендей өлтірмексің бе? – деп жауап қайтарады. Мұса: ”Менің істегенім туралы жұрт біліп қойған екен ғой”, - деп ойлап, үрейі ұшты. Болған жағдайды перғауын да естіп, Мұсаны өлтіртпек болды. Бірақ ол перғауыннан қашып кетіп, Мадиян еліне барып тоқтады, Мысырдан көшіп шығу 2:11-ден 15-ке дейінгі аяттар. Бұл жерде Мұсаның алғашында Ираил ұрпағын өз күшімен құтқарғысы келгенін көресіз. Алайда Құдайдың қалауы мұндай емес болған. Құдай Мұсаны Ираил ұрпағын құтқару жайындағы жоспарында құрал ретінде қолдануды қалады. Ираилді құтқаратын Мұса емес, Құдай болған. Мұса әншейін адам болғандықтан оның қолында Ираил ұрпағын перғауынның қолынан босату билігі әлі болған жоқ, өйткені Құдай оған осы билікті әлі бермеген болатын.

Киелі жазбада Мұса Мадиян жерінің шөлінде қырық жыл тұрды деп айтылған. Сол құрғақ әрі ыстық шөл далада Құдай Мұсаға талай маңызды сабақтар үйретті. Құдай сөзіндегі бір аятта былай делінген: *“Кішкене істе сенімді болған үлкен істе де сенімді, ал кішкене істе сенімсіз болған үлкен істе де сенімсіз”,* Лұқа жазған ізгі хабар 16:10 аят. Бүкіл Ираил халқын жетелеп, Құдай жүктеген үлкен тапсырмаларды орындар алдында Мұса өзінің сенімдігін кішірек тапсырмаларда көрсетуге тиіс болды. Мысырдан алыс жерде Мұса бақташы болды. Сол жерде ол үйленіп, оның екі баласы дүниеге келді. Мұса қырық жыл бойы бақташы болып адал еңбек етті. Мұса қайын атасының отарын шөлді жерде бағып жүрген кезде Құдай оны бүкіл Ираил халқының бақташысы болатын күнге дайындады. Құдайдың Мұсаға және өз халқы Ираилге арналған ұлы жоспары болған.

\\.....Музыка.....\\

Ары қарай Киелі жазба былай айтылған: *“Ұзақ уақыттан кейін Мысырдың патшасы дүниеден қайтты. Ал израилдіктер әлі де құлдықтан бейнет шегіп, күңірене күрсініп зарлап жатты. Олардың көмек сұрап жалбарынуы Құдайдың құлағына жетті. Зарлаған дауыстарын естігенде Құдай Өзінің Ыбырайым, Ысқақ, Жақыппен жасаған келісімін рақыммен есіне алды да, Ираил халқының мүшкіл халіне назар аударып, қамдарын ойлайды”,* Мысырдан көшіп шығу 2:23-25 аят.

Исраилдың ұрпағы өте ұзақ уақыт құлдықта қала берді. Мысырлықтар оларды аямай қанады! Бірақ Құдай исраилдіктерді ұмытқан жоқ, Ол Өз халқын құлдықтан босатпақшы болды. Құдай неліктен оларды перғауынның құлдығынан босатпақшы болды? Олар басқа ұлттардан гөрі артық па еді? Әрине, жоқ!

Исраилдіктер де мысырлықтар және барлық басқа халықтар сияқты күнәкарлар болған. Онда неліктен Құдайдың Исраилдің ұрпағына қатысты ерекше жоспары болды?

Өйткені Құдай адал және рақымды. Соңғы аятты тағы бір оқиық: *“Олардың көмек сұрап жалбарынуы Құдайдың құлағына жетті. Зарлаған дауыстарын естігінде Құдай өзінің Ыбырайым, Ысқақ, Жақыппен жасаған келісін рақыммен есіне алды да, (Құдайдың адалдығы және сөзінде тұратыны), Исраил халқының мүшкіл халіне назар аударып, қамдарын ойлайды”* (Құдайдың рақымдылығы).

Иә, Құдай адал және рақымды болғандықтан Ыбырайыммен бекіткен мына келісін есінде сақтады: *“Мен сен арқылы ұлы халық жасаймын, сені жарылқаймын да атыңды шығарамын... сен арқылы Мен жер бетіндегі барлық ұлттарды жарылқаймын”* (Жаратылыс. баст. 12:2-3). *“Сенің ұрпақтарың бөтен елде өмір сүретін болады. Сол жерде олар құл болып төрт жүз жыл бойы қиналады. Бірақ оларды құл қылған халықты Өзім жазалаймын. Мұнан соң сенің ұрпақтарың сол елден мол дүние-мүлікпен көшіп шығатын болады”* (Жаратылыс. баст 15:13-14).

Ал Забур жырынан келесі аяттармен хабарымызды аяқтаймын.

\\.....Музыка.....\\
“Тәңірді мадақтаңдар, есімін атап Оны шақырыңдар, халықтарға Оның істерін жариялаңдар. Ол Өзінің келісін, мыңдаған ұрпаққа өсиет еткен Сөзін, Ыбырайымға берген келісін, және Ысқаққа берген анттын мәңгі есінде сақтайды”, Забур жыры 104:1,8,9 аяттар.

Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 2 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 25 наурыз, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мұсаның Құдайды кездестеруі»
Мысырдан көшіп шығу 3, №30.
Реттік саны: № 35. 41/48/1284сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!
Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Біз соңғы хабардан Мысырдың патшасы перғауынның Ыбырайымның ұрпағы ираилдіктерді құлдарға айналдырып, оларды ауыр жұмысқа салғанын көрдік. Бүгін «Мысырдан көшіп шығу» кітабының 3-ші тарауынан, Мұсаның Құдайды кездестіруі жайында білетін боласыз. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

“Бірақ Исраил халқы негұрлым көп қысым көрген сайын, соғұрлым өніп-өсіп, көбейгенін және олардан мысырлықтардың қатты қауіптегенін” де білдік. Ақыр соңында перғауын ираилдіктердің жаңа туылған ұлдарының барлығы өзенге тасталсын деген жарлық шығарды. Алайда шайтаннан әлдеқайда күдіретті Құдайда перғауынның жасаған зұлымдығын жоққа шығаратын бір жоспар болған еді. Перғауынның қызы өзеннен себетке салынған ираилдік нәрестені тауып алады. Нәрестеге жаны ашып оған Мұса деп ат қойып, оны асырап алады. Осылай Мұса Исраилдің барлық ұл балаларын құртпақшы болған перғауынның үйінде өсті. Даналығы шексіз Құдай ираилдіктерді зұлым патшаның қолынан құтқару үшін Мұсаны қолданбақшы болды. Мұса қырық жасында өзін өлтірмекші болған перғауыннан қашып кетті. Мұса тағы қырық жыл айдалада өмір сүрді, сол жерде үйленіп, қайын атасының малын бақты.

Енді Исраил халқын Мысырдан шығару мақсатымен Мұсаны перғауынға жібермекші болып, Құдайдың Мұсаға қалай кезіккенін көресіз. Таураттағы “Мысырдан көшіп шығу” деген кітаптың үшінші тарауынан мынаны оқимыз:

\\.....Музыка.....\\

“Мұса қайын атасы, мадияндық діни қызметкер, Етордың ұсақ малдарын бағып жүрді. Бір күні ол отарын айдаланың алыс түкпіріне, Құдай тауы деп аталатын Хориб тауына айдап барды.

Сол жерде оған Жаратқан Иенің періштесі бір тікенді бұтаның ортасынан жалындап жанған от ішінен аян берді.

Мұса бұтаның от боп жалындап тұрғанымен өртеніп кетпегенін байқаған еді. Сонда ол іштей: “Мынау қызық көрініс екен, сол жерге жақынырақ барып, бұтаның неліктен өртеніп кетпей жатқанын

қарайын”, - деп ойлады. Оның қарау үшін жақындап келгенін көрген Жаратқан Ие бұта арасынан оған: - Мұса! Мұса! – деп дауыстады. – Тыңдап тұрмын, - деп жауап берді ол. Құдай: - Мұнда жақындама, аяқ киіміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі, - деп бұйырып, - Мен әкеңнің Құдайымын, әрі Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайымын, - деді. Мұса оған қарауға дәті бармай бетін жауып алды. Жаратқан Ие: - Мен халқымның Мысырдағы мүшкіл халіне назар аударып, олардың айдаушыларынан жәбір көріп, қинала айқайлағандарына құлақ салып, шеккен азаптарын түгел білемін. Енді Мен халқымды мысырлықтардың қолынан азат ету үшін көктен түстім. Оларды сол елден алып шығып, қанахандықтар, хеттіктер, аморлықтар, прездіктер, хевтіктер мен ебустіктер мекендеген, жері шұрайлы, кең-байтақ, ағы мен балы ағыл-тегіл елге бастап алып барамын. Мынаны біліп ал: ираилдіктердің қинала айқайлаған дауыстары құлағыма жетіп, мысырлықтардың оларды аяусыз қанағандарын көріп тұрмын. Сондықтан сені перғауынға жіберемін. Барып, халқым Исраилді Мысырдан бастап алып шық! – деп бұйырды. Ал Мұса Құдайға: - Перғауынға барып, ираилдіктерді Мысырдан алып шығатындай соншама мен кіммін? – деп жауап қайырды. Құдай: - Мен саған жар боламын. Сен халықты Мысырдан алып шыққан соң, сендер маған осы тауда гиадат ететін боласыңдар. Сені Өзім жібергендігімнің дәлелі осы болмақ, - деді. Мұса: - Енді мен ираилдіктерге барып, “Ата-бабаларыңның Құдайы мені сендерге жіберді” десем, олар менен “Оның есімі кім?” – деп сұрайды ғой. Сонда не деп жауап беруім керек? – деді. Құдай былай деп жауап қатты: - Мен (Мәңгі) Бар Болушымын. Исраилдіктерге: “ (Мәңгі) Бар Болушымын деген мені сендерге жіберді” деп айт. –Сөзін жалғап былай деді: - Исраилдіктерге мынаны да айт: “Ата-бабаларыңның Құдайы, Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың сиынған Құдайы – Жаратқан Ие мені сендерге жіберіп отыр. Мәңгі–бақи Менің атым осылай болмақ. Күллі келер ұрпақтар да Мені осы есіміммен естеріне сақтасын”, Мысырдан көшіп шығу 3:1-ден 15-ке дейінгі аяттар.

Жаратушы Иенің Синай тауындағы жанып тұрған бұтадан Мұсаға айтқандарынан Құдайдың мінез-құлқының кем дегенде төрт қасиетін біле аласыз.

\\.....Музыка.....\\

Сонымен, бірінші қасиеті: Құдайдың киелі екені! Мұса бұтаның жанып тұрғанына таңғалып, оған жақындаған кезде оны шақырған Құдайдың даусын естіді. Мұса қорқып Құдайға қарай алмады.

Ол неліктен қорықты? Өйткені ол Киелі Құдайдың қасында тұрған. Құдай Мұсаға: “Мұнда жақындама, аяқ киіміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі” дегенде Өзінің киелілігін жариялады.

Мұсаға от болып көрінген Құдай шынымен киелі. Құдай әркімнің Оның киелі екенін мойындағанын қалады.

Құдайдың қасында тұратын періштелер жайлы Киелі жазбада былай айтылған: “Олар күні-түні тоқтамастан: Бүкіл әлемнің Иесі - әрдайым болып келген, мәңгі бар және болашақта келетін Құдай қасиетті, қастерлі, киелі!” – деп сиынумен болды”, Аян кітабы 4:8 аят. Періштелер Құдайдың киелі екенін мойындайды.

Қадірлі тыңдарман, ал сіз Оның киелі екенін мойындайсыз ба?

Ендеше, Құдайдың осы қасиеті жайында ойланып көріңіз. Құдай киелі болғандықтан күнәға батқан Адам ата мен Хауа ананы пейіш бағынан қуып жіберді. Құдай киелі болғандықтан Қабылдың құрбандығынан бас тартты. Құдай киелі болғандықтан Нұхтың заманындағы адамдарды топан сумен жер бетінен қырып тастады. Біраз уақыттан соң Құдай өзіне қарсы шыққысы келген Бабыл елінің адамдарының тілдерін шатастырып, оларды дүниенің әр түрлі жақтарына бытыратып жіберді. Құдай киелі болғандықтан Ыбырайымның заманында азғындыққа батқан Содом қаласының тұрғындарын аспаннан от жаудырып құртты. Өкінішке орай көптеген адамдар қазір де Құдайдың киелілігін қастерлемейді. Олар Құдайдың кім екенін түсінбейді. Олар Құдайдың мінсіздігін мойындамайды. Біз осыны адамдардың күнә жасап, әр түрлі құмарлықтарға берілетінінен көреміз. Адамдар өздері шығарып алған діндерін жамылғыдай жамылып, Құдайдың киелілігіне немқұрайлы қарайды. Олар Киелі жазбаны зерттеп Құдайдың ақиқатын түсінуге тырыспайды. Көптеген адамдар мағынасыз тақыптар жайлы әңгімелескен кезде Құдайдың атын орынсыз қолдануды әдетке айналдырып алған. Олар Құдайдың есімін орынсыз еске алып, “Би исм алла” немесе “Иншалла” – дейді, бірақ негізінде Құдайдың еркі бойынша өмір сүру не екенін мүлдем білмейді. Олар өздерінің ойларынан шығарып алған ережелері бойынша Құдайдың алдында әділетті-сымақ болып, Құдай ұсынған шынайы киелі жолдан бас тартады. Кейбіреулер ұзақ ораза ұстап, бір дұғаны қайта-қайта айтып немесе жуынып, дәрет алып, осы арқылы Құдайдың алдында тазара аламыз деп ойлайды. Бірақ біз Пайғамбарлардың Киелі жазбаларынан айқын көргендей, адамның ішкі дүниесінің таза болуын талап ететін киелі Құдайды бұндай сыртқы әрекеттермен риза қылдыру мүмкін емес.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, Құдай киелі! Сондықтан Құдай Мұсаға: “Мұнда жақындама, аяқ киіміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі” – деді.

Екінші қасиет: Құдайдың жанып жатқан бұтадан Мұсаға айтқан сөздерінен біз Құдайдың тек киелі ғана емес, сонымен бірге әділ және сөзіне берік екенін де көреміз. Құдайдың Мұсаға бірінші не айтқанын естіңіздер ме? Ол: “Мен әкеңнің Құдайымын әрі Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайымын”, - деді. (Мысыр. шығу 3:6).

Осы сөздер Құдайға жақындағысы келетін және Онымен тығыз қатынаста болғысы келетін әркімнің жүрегіне қуаныш әкелу керек. Киелі Құдай Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен келісім жазаған. Құдай адал және сөзіне берік.

Ол өзінің достарын ешқашан тастап немесе сатып кетпейді.

Жүздеген жылдар өтсе де, Құдай Ыбырайым, Ысқақ және Жақыпқа және олардың ұрпағына берген уәдесін ұмытпады.

Ал сіз қалай ойлайсыз? Құдайдың адалдығына ризасыз ба? Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен сөйлескен Құдаймен жақын қатынаста болғаныңызға қуанасыз ба? Бұл осы өмірде және болашақтағы өмірде нағыз бақытты болғысы келетін әркім үшін ең маңызды сұрақ. Біз: “Сіздің дініңіз бар ма?” – деп сұрап тұрған жоқпыз, өйткені діни ережелерді орындау арқылы ешкім Құдайдың алдында ақталып, әділ бола алмайды. Біздің сұрап тұрғанымыз мынау: “Сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз дұрыс па? Сіз Құдай ашып берген құтқару жолы туралы хабарға сенесіз бе? Діни парыздарын орындау мен Құдаймен қарым-қатынаста болудың екі түрлі нәрсе екенін түсінесіз бе?”

Қазіргі заманда әлемде мыңдаған діндер бар. Мысалы, зерттеушілердің айтуы бойынша тек Бразилия елінің өзінде төрт мыңнан астам ағымдар мен секталар бар екен. Төрт мың дін! Қандай сұмдық! Сонда бұл не - төрт мың Құдай бар дегенді білдіреді ме? Немесе Құдайға апаратын төрт мың жол бар дегені ме? Жоқ! Киелі жазбада: “Құдай – біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын келістіруші де Біреу”, - деп айтылған, Тимотеге арналған 1-хат 2:5 аятта.

Ал Құдайдың Мұсаға айтқан мына сөздері жайлы ойланыңыз:

\\.....Музыка.....\\

“Мен Мәңгі Бар Болушымын... мәңгі-бақи Менің атым осылай болмақ!.. Мен Жаратқан Иемін”, Мысырдан көшіп шығу 3:14-15; 6:2.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 2 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 1 сәуір, 2012 жыл,
Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,
Хабардың тақырыбы: «Мысырдан көшіп шығу 4» №30-дың жалғасы №31.
Реттік саны: № 36. 46/48/1177сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Эфирде «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Сіз бүгінгі хабардан Құдайдың қасиеті және Мұсаны перғауынға жібергендігін дәлелдейтін кереметтер жайында білетін боласыз. Сондай ақ, «Мысырдан көшіп шығу» кітабының 4-ші тарауынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Қазіргі заманда осы дүниеде діндер мен секталар неліктен сонша көп? Өйткені Адам атаның ұрпақтарының көбісі Құдайдың Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен бекіткен ақиқаттарының негіздерін елемейді. Құдай Ыбырайым мен оның ұрпақтарына адамзатты жазадан және күнәның билігінен азат ететін Келістірушіні жіберемін деп уәде берді. Ал көптеген адамдар Құдайдың осы уәдесі мен Оның ешқашан өзгермейтін сөзі туралы ештеңе білмейді.

Өткен хабарда Жаратушы Иенің Синай тауындағы жанып тұрған бұтадан Мұсаға айтқандарынан Құдайдың мінез-құлқының екі қасиетін атаған едік. Бірінші қасиеті: Құдай киелі, екінші қасиеті: Құдай әділ және берік. Ал Құдай жанған бұтадан Мұсаға аян берген кезде, Өзінің тағы бір қасиетін көрсетті.

\\ ----- Музыка ----- \\

Бұл үшінші қасиеті: Құдайдың рақымдылығы. Құдай киелі және адал ғана емес, Ол сонымен бірге рақымды. Сондықтан Құдай Мұсаға Исраил халқы жайында былай деді:

“Мен халқымның Мысырдағы мүшкіл халіне назар аударып, олардың айдаушыларынан жәбір көріп, қинала айқайлағандарына құлақ салып, шеккен азаптарын түгел білемін. Енді мен халқымды мысырлықтардың қолынан азат ету үшін көктен түстім. Оларды сол елден алып шығып... жері шұрайлы, кең-байтақ, ағы мен балы ағыл-тегіл елге бастап алып барамын”, Мысырдан көшіп шығу 3:7,8 аят.

Ал мына сұрақтар төңірегінде ойланып көрейік. Құдай неліктен Исраил елін азат етіп, оларды жақсы жерге апармақшы болды? Исраилдіктер Құдайдың рақымына лайықты болды ма? Олар басқа халықтардан артық па еді? Жоқ, олай емес. Онда Құдай неліктен оларды азат етіп жарылқағысы келді?

Құдай осыны адал және рақымды болғандықтан істеді. Киелі жазбада былай айтылған: *“Зарлаған дауыстарын естігенде Құдай өзінің Ыбырайым, Ысқақ, Жақыппен жасаған келісімін рақымымен есіне алды да, Израил халқының мүшкіл халіне назар аударып, қамдарын ойлады”*, Мысырдан көшіп шығу 2:24,25. Иә, Құдай шынымен рақымды!

Енді төртінші қасиет туралы айтар болсақ, жанған тікенді бұта туралы әңгімеде біз Құдайдың тағы бір қасиетін байқаймыз. Біз Мұсаның Құдайдан Оның есімін сұрағанын естідік. Мәңгі бар Құдайдың болмысын бір есім арқылы сипаттауға болады ма? Құдай ұлы да киелі, адал да рақымды; Ол барлық нәрсені жаратқан, бәрін көретін, бәрін білетін және бәрін істеуге құдіретті, көзге көрінбейтін Құдай. Оның есімі кім? Кейбіреулер Құдайдың есімі жай Құдай (немесе “Алла”) деп ойлайды. Құдайдың Құдай екені ақиқат. Бірақ Құдай оның есімі ғана емес. Құдай - Оның болмысы. Мен адаммын, бірақ менің есімім адам емес. Әрқайсымыз өзіміздің есімімізбен белгіліміз. Ал Құдайдың есімі кім? Құдайдың Мұсаға қалай жауап бергенін тағы бір оқиық.

\\.....Музыка.....\\

“Мен Мәңгі Бар Болушымын. Израилдіктерге: “ (Мәңгі) Бар Болушымын деген мені сендерге жіберді”, - деп айт. - Сөзін жалғап былай деді: - Израилдіктерге мынаны да айт: “Ата-бабаларыңның Құдайы, Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың сиынған Құдайы - Жаратқан Ие мені сендерге жіберіп отыр. Мәңгі-бақи Менің атым осылай болмақ. Күллі келер ұрпақтар да Мені осы есіміммен естеріне сақтасын”, Мысырдан көшіп шығу 3:14-15аят.

Құдайдың мәңгілік болмысын көрсететін Оның есімі қандай екенін естідіңіз бе? Мәңгі Бар Болушы Тәңір Жаратқан Ие! Киелі жазбада пайғамбарлар Құдайға жүздеген есімдер мен атақтарды берді, бірақ Жаратқан Ие деген есім басқа есімдердер гөрі көбірек қолданылады. Құдай - Тәңір, “Мәңгі Бар Болушы Жаратқан Ие” бұрын бар болған, қазір де бар және мәңгі бар болатын Құдай! Ол ешқашан басталған емес және аяқталмайды да. Оның құдіреті шексіз және Оған теңдес ешкім жоқ. Ол - өзінің билігімен өмір сүретін Құдай! Ол кеше болған және бүгін де бар. Ол әрқашан болады. Ол ешқашан өзгермейді. Оның есімі – Мәңгі Бар Болушы Жаратқан Ие.

Қадірлі ағайын, сіз Жаратушы Иенің киелілігін мойындайсыз ба? Оның адалдығына қуанып, рақымын қабылдадыңыз ба? Сіз Құдайдың Сөзіне сенесіз бе?

Жанып тұрған тікенді бұтадан Мұсаға сөйлеген Тәңірді танысыз ба?

Олай болса, Мұса туралы әңгімені жалғастыра отырып, Құдайдың Мұсаны Мысырдың зұлым патшасы перғауынға жібергендігін дәлелдейтін кереметтері жайында оқып көрейік.

\\.....Музыка.....\\

“Мысырдан көшіп шығу” кітабының төртінші тарауында былай айтылған:
Мұса сонда Тәңірге:

- Ал егер израилдіктер маған сенбей, тәлімді алмастан “Жаратқан Ие саған аян берген емес” десе, қайтемін? – деп жауап қайырды. Жаратқан Ие оған:

- Қолыңдағы не? – деді.

- Таяғым.

- Оны жерге лақтыршы!

Мұса таяқты жерге лақтырып жібергенде ол жыланға айналды. Мұса қаша жөнелді. Ал Жаратқан Ие Мұсаға:

- Қолыңды созып, оны құйрығынан ұстап ал! – деп бұйырды. Мұса жыланды ұстап алғанда, ол қолында қайтадан таяққа айналды. Тәңір Ие:

- Халқыңның ата-бабалары Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың сиынған Құдайы – Жаратқан Ие Өзім болып, мұнда саған аян бергендігіме осы құдіретті іс израилдіктердің көздерін жеткізбек, - деді...

Бірақ Мұса:

- Уа, Жаратқан Ие! Мен бұрыннан бері де, Сен құлыңмен тілдесіп тұрған қазір де сөзге шешен адам емеспін: аузым шабан, тілім жүйрік емес, - деді. Ал Тәңір:

- Адамға тілді бітірген кім? Мылқау не саңырау, көретін не зағип ете алатын кім? Жаратқан Ие, Өзім, емеспін бе? Енді бар! Мен саған жар болып, айтатын сөздеріңді үйретемін, - деп бұйырды.

- Уа, Ием! Кез-келген басқа біреуді жібере көрші, - деп жалынды Мұса. Сонда Тәңір оған қатты ашуланып:

- Сенің леуілік Гарон атты ағаң бар емес пе? Оның сөзге шешен екенін білемін. Ол сені қарсы алуға келе де жатыр, өзіңді көргеніне шын жүректен қуанбақ. Онымен сөйлесіп, айтатын сөздерін аузына салуың керек. Мен саған да, оған да жар болып, сөздерімді айтқызып, не істеулерің керек екенін өзім үйретемін... Мына таяқ қолыңда жүрсін, сонымен құдіретті істер көрсетпексің, - деп сөзін тамамдады.

Мұса қайын атасы Еторға қайта оралып:

- Мысырдағы туысқандарыма барып, амандығын білейін деп едім, - деді. Етор:- Барып қайт, жолың болсын, - деп келісті. Жаратқан Ие Мұсаға Мадиян елінде: “Мысырға қайта орал, көзіңді құртпақ болғандардың бәрі өліп қалды”, - деп айтқан еді. Сонда Мұса әйелі мен ұлдарын есекке отырғызып, Мысыр еліне қарай сапарға шықты. Өзі Құдай бұйырған таяқты қолына ала жүрді.

Жаратқан Ие Мұсаға мына тапсырманы да берді:

- Мысырға қайтып барғаныңда Мен өзіңе бұйырған кереметтердің бәрін перғауынның алдында көрсететін бол... Бұлардан кейін перғауынға былай де: “Жаратқан Иенің жіберген хабары мынау:

Израил менің ұлым – тұңғышым іспетті. Саған айтқан болатынмын: Ұлымды жібер, Өзіме қызмет етсін!..”

Жаратқан Ие Гаронға: “Айдалаға барып, Мұсаны қарсы ал” – деген болатын. Гарон жолға шығып, Мұсамен Құдай тауының етегінде кездесіп, құшақтап бетінен сүйді.

Мұса өзін жіберген Жаратқан Иенің күллі сөздерін де, Оның көрсетуге бұйырған бүкіл құдіретті істері туралы да Харонға айтып берді.

Мұса мен Харон Мысыр еліне барып, Израилдің барлық рубасыларын жинап алды. Харон Жаратқан Иенің Мұсаға айтқан сөздерін түгел баяндап, тапсырған құдіретті істерін халыққа көрсетті. Сонда Мұсаны Құдайдың жібергендігіне халықтың көзі жетті. Олар Жаратқан Иенің өздерін назарында ұстап келіп, азапты өмірлерін көріп тұрғанын естігенде оған бас иіп тағзым етті»,

Ардақты ағайын, Мысырдан көшіп шығу кітабының 4-ші тарауы, 1-ден 31-ге дейінгі аяттарды үйде оқыңыз. Осында айтылған кереметтер туралы сіздің де ойыңызды білгіміз келеді? Сіз үшін Құдай қандай? Бізге хат жазыңыз.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 3 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 8 сәуір, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Тәңір деген кім?» Мысырдан көшіп шығу 5, №31.
Реттік саны: № 37. 42/48/1200

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Есіңізде болса, Таураттың екінші кітабында Құдайдың пайғамбары Мұса және Исраил халқы жайлы айтылады. Сіз Мысырдың патшасы перғауынның исраилдіктерді құл етіп қудалағанын көрдіңіз. Жаратушы Құдай деген кім? Бүгін осы жайында, Мысырдан көшіп шығу кітабының 5-інші, 6-ыншы, 7-інші тараулардан үзінділер оқылады.

Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдай перғауынның зұлым әрекеттерін тоқтатпақ болды. Құдай Исраил халқын перғауынның қолынан азат ету үшін исраилдік Мұсаны қолданбақшы болды. Мұсаның Мысырдың барлық білімін меңгерді. Ол қырық жасында халқын өз күшімен азат етуге тырысып көрді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Бірақ Мұсаның талпыныстары тек жағдайды одан сайын нашарлатып жіберді. Ол перғауыннан қашып құтылып, елсіз далада жасырынуға мәжбүр болды. Мұса өзінің тек жай пенде екенін және Құдай бермейінше Исраил халқын азат ететін биліктің өзінде жоқтығын түсінуі керек еді. Осылай Мұса айдалада қырық жыл өмір сүріп, сол жерде қайын атасының отарын бақты. Ол сексен жаста болған кезде Құдай бір күні Синай тауында жанып жатқан тікенді бұтадан оған аян берді. Бұта жалындап тұрғанымен, өртенбеді. Осыны көрген Мұса қатты таңғалды. Ол осы жағдайды анықтамақ болып, бұтаға жақындаған кезде: *“Мен әкеңнің Құдайымын, Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайымын”* деген Жаратушының даусын естіді. Мұса қорқып, алдыға қарай алмай қалды. Сонда Құдай оған былай деді: *“Мұнда жақындама, аяқ киіміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі... Мен халқымның Мысырдағы мүшкіл халіне назар аударып, олардың айдаушыларынан жәбір көріп, қинала айқайлағандарына құлақ салып, шеккен азаптарын түгел білемін. Енді мен халқымды мысырлықтардың қол астынан азат ету үшін көктен түстім... Сондықтан сені перғауынға жіберемін. Барып, халқым Исраилді Мысырдан бастап алып шық!”*

Үшінші тарауда сіз Құдайдың Мұсаға онымен бірге болуға, оған даналық дарытып, оны перғауын мен Мысыр елінің алдында беделді етуге уәде бергенін көрдіңіз.

Ал төртінші тараудан Мұсаның баруға қорыққанын көресіз. Енді “Мысырдан көшіп шығу” кітабының бесінші тарауын оқып көрейік:

\\.....Музыка.....\\

Бұдан кейін Мұса мен Харон перғауынға барып:

- Исраилдің сиынған Құдайы Жаратқан Иенің хабары мынау: “Менің халқымды жібер! Олар айдалаға барып, Маған арнап мейрам өткізсін!” - деді. Алайда перғауын:

- Мен айтқанын тыңдап, исраилдіктерді жіберетіндей “Жаратқан Ие” кім? Мен “Жаратқан Иені” білмеймін де, Исраил халқын жібермеймін де, - деді, Мысырдан көшіп шығу 5:1-2 аят.

Сіз Құдайдың Мұса мен Харон арқылы перғауынға не айтқанын естідіңіз. Перғауын Құдайдың сөзіне сенді ме? Жоқ, сенген жоқ! Оның Мұса мен Харонға қалай жауап бергенін естідіңіздер ме? Ол: *“Мен айтқанын тыңдап, исраилдіктерді жіберетіндей “Жаратқан Ие” кім? Мен “Жаратқан Иені” білмеймін де, Исраил халқын жібермеймін де” - деді.*

Перғауын Тәңірді білмеген. Перғауын мен бүкіл Мысыр халқының діні бар болғанымен олар Құдайды білмеді. Олар ата-бабаларының діни салттарын орындауға ғана тырысып жүрген. Олар тірі, шынайы Құдайды, Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайын тануға талпынбады. Перғауын мен мысырлықтар өздерінің салт-дәстүрлеріне, жалған тәңірлері мен пұттарына, бойтұмарларына, діни көсемдеріне сенді, бірақ Құдайға және Оның мәңгі сөзіне сенбеді. Алтыншы тараудан мынаны оқимыз:

Жаратқан Ие Мұсаға былай деп білдірді:

- Енді сен Менің Перғауынға не істейтінімді көретін боласың. Ол халықты құдіретті қолымның әрекетіне бола босатады. Құдіретті қолымның әрекетіне бола тіпті өзі елінен қуып шығатын болады! - Құдай Мұсаға тағы да мынаны айтты: - Мен Жаратқан Иемін. Ыбырайым, Ысқақ, Жақыпқа “Құдіреті күшті Құдай” болып аян бергенімде оларға Өзімнің “Жаратқан Ие” деген есімімді білдерген жоқпын. Өздері жат жұрттық болып тұрып жатқан Қанахан елін беруге олармен келісім жасаған едім. Енді мысырлықтар құлдықта ұстап жатқан исраилдіктердің күңіренген күрсінісі құлағымға жетіп, сол келісімімді еске алдым.

Сондықтан исраилдіктерге барып, мына сөздерімді жеткіз: “Мен Жаратқан Иемін, сендерді мысырлықтардың езгісінен азат етпекпін, қолымды созып, құдіретті істеріммен мысырлықтарды соттап, жазалау арқылы өздеріңді құтқарып алмақпын. Мен сендерді өз халқым деп қабылдап, Құдайларың боламын. Сонда Менің өздеріңді Мысырдың езгісінен босатып алып шыққан Жаратқан Ие – сендердің Құдайларың екенімді ұғатын боласыңдар.

Ыбырайым, Ысқақ, Жақыпқа беруге қолымды көтеріп тұрып ант еткен елге, сендерді бастап алып барамын.

Сол жерді меншіктеріңе сыйлаймын: Мен Жаратқан Иемін!”, Мысырдан көшіп шығу 6:1-ден 8-ге дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

“Мысырдан көшіп шығу” кітабының жетінші тарауында былай жазылған:
“Жаратқан Ие Мұсаға былай деді: - Біліп ал... перғауын сендерді тыңдамайтын болады. Сонда Мысырға қолымның құдіретін төндіріп, қатаң жазаларды тартқызу арқылы өз жасағым - халқым Исраилді алып шығамын. Осылайша Мысырға қолымды созып, ел ішінен Исраил халқын алып кеткенімде, мысырлықтар Менің Жаратқан Ие екенімді ұғынатын болады.

Мұса мен Һарон Жаратқан Иенің бұйырғандарын бұлжытпай орындады. Перғауынға Тәңірдің хабарын жеткізгенде Мұса сексен, Һарон сексен үш жаста еді”, Мысырдан көшіп шығу 7:1, 4-7 аяттар.

Осылай Құдайдың перғауын мен Мысырды әділ соттың құдіретті шараларымен қалай жазаламақшы болғанын көрдік.

Құдай әділ болғандықтан исраилдіктерді жүздеген жылдар бойы қанаған мысырлықтарға енді есесін қайтармақ болды. Сонымен бірге Жаратқан Ие Мұса арқылы жасамақ құдіретті істерімен Өзінің даңқын және билігін көрсеткісі келді. Осылай Ол мысырлықтар мен бүкіл әлемге, Ыбырайым, Ысқақ, Жақыппен және Мұсамен сөйлескен Тәңір Иенің - тірі және шынайы Құдай екенін көрсетпекші болды. Біздің білетініміздей Құдай рақымды болғандықтан ешкімнің құрып кеткенін қаламайды, қайта Ол әркімнің тәубеге келіп, ақиқатты танып, қабылдағанын қалайды. Сондықтан Ол Мұса арқылы айтқан сөздерін бекіту үшін құдіретті істерін көрсетпекші болды. Мұса арқылы сөйлеген Жаратқан Ие әрбір адамның Оның жалғыз шынайы Құдай екеніне еш күмәнданбауын қалады.

Мысырлықтардың құдай деп санаған жүздеген жалған тәңірлері бар болғанын есіңізге түсіріңізші. Алайда Жаратқан Ие олардың тек жалғыз Құдай бар екенін білгенін қалады. Жаратушы Ие Өзінің Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен келісім бекіткенін және олар арқылы әлемге пайғамбарларды, Киелі жазбаны және Құтқарушыны жіберуді уәде еткенін мысырлықтарға көрсеткісі келді. Бірақ перғауын жалғыз шынайы Құдайды танығысы келмеді. Сондықтан Құдай Өзінің пайғамбарлары Мұса мен Һарон арқылы перғауынға сөйлегенде перғауын былай деп жауап берді: “Мен айтқанын тыңдап, исраилдіктерді жіберетіндей “Жаратқан Ие” кім? Мен “Жаратқан Иені” білмеймін де, Исраил халқын жібермеймін де”, Мысырдан көшіп шығу 5:2 аят.

\\.....Музыка.....\\

Перғауын “Жаратқан Иені білмеймін” дегенде негізінде шынын айтты. Ол Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен мәңгі келісім бекіткен Құдайды шынымен білмеген. Перғауынның діні болса да оның Құдаймен байланысы жоқ болған.

Шынайы Құдайдан келген ақиқатқа перғауынның жүрегі жабық болды, сондықтан ол Құдайдың Мұса мен Һарон арқылы жіберген хабарларын елемеді. Осы күнге дейін әлемдегі адамдардың көбісі перғауынның жолымен келеді.

Олар Құдай туралы көп сөйлегендерімен Құдайдың сөзіне назар аудармайды. Сондықтан олар Құдайды білмейді. Олар Құдай туралы кейбір нәрселерді білгенімен Құдайдың Өзін білмейді. Олар ата-бабаларынан қалған діндеріне жармасады. Мұсаға көрінген тірі Құдаймен олардың шынайы байланысы жоқ.

Ал сіз ше? Сіз Тәңірді білесіз бе? Оны бүкіл жаныңызбен сүйесіз бе? Оған бағынғыңыз келе ме? Әлде перғауын сияқты тек ата-бабаларыңыздың дініне жүгінесіз бе? Құдайдың пайғамбарларының Жазбаларын сіз шын мән беріп зерттеп көрдіңіз бе?

Қадірлі ағайын, ешқайсымыз перғауын сияқты мәңгі Құдайдың сөзін тыңдаудан және Оған сенуден бас тартып жүрмейік! Құдайдың сөзіндегі мына ескертуге құлақ салыңыздар: *“Бауырластар сақ болыңдар: ешқайсың жүректеріңді қасарыстырып сенбей, мәңгі тірі Құдайдан безіп кетіп жүрмеңдер!”* (Еврей. хат 3:12). Егер бүгін Оның даусын естіген болсаңыз, “Мен айтқанын тыңдайтындай, “Жаратқан Ие” кім?” – деген перғауын сияқты жүрегіңізді қасарыстырмаңыз.

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбадағы мына маңызды ескерту жайында ойланған кезде Құдай сізге батасын берсін: *“Бүгін Тәңірдің даусын естісеңдер жүректеріңді қасарыстырмаңдар!”* Еврейлерге арналған хат 3:15 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 3 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 15 сәуір, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мысырдағы апаттар» Мысырдан көшіп шығу 7, 8,
№32.
Реттік саны: № 38, 41/48/1236сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін «Мысырдағы апаттар» жайында хабар тыңдайсыз.

Сондай ақ, Мысырдан көшіп шығу кітабының 7-інші 8-інші тарауларынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Халықтардың бірінде “Жұмыртқа жартаспен күресе алмайды” деген мақал бар. Бүгін біздің Киелі жазбадан үйренетінімізді осы мақалмен қорытындылауға болады. Жұмыртқа мен тас бір-біріне соғылғанда не болады? Жұмыртқа жарылады, ал тасқа ештеңе болмайды. Құдайға қарсы шыққан Мысырдың патшасы перғауынға не болды?. Өткен хабарда Құдайдың Исраил ұрпағын Мысырдағы құлдықтан азат ету үшін Мұса мен Һаронды перғауынға жібергенін оқыдық.

\\ ----- Музыка ----- \\

Мұсаның Құдай туралы айтқан мына сөзіне назар аударыңыз: “*Ол жартастай берік негіз; Оның істері кемелді және Оның барлық жолдары әділ*”. Ал Мысырдан көшіп шығу 5:2 аятта былай делінген: “*Исраилдің Құдайы Тәңір былай деді: Менің халқымды жібер, ол айдалаға барып, Маған арнап мейрам өткізсін. Бірақ перғауын былай жауап берді: Мен Оны тыңдап, Исраилді жіберетіндей “Жаратушы Ие” кім? Мен “Жаратқан Иені” білмеймін және Исраилді де жібермеймін - деді*”.

Демек Құдай Исраил халқын құлдықтан азат етпекші болды, ал перғауын оларды құлдықта ұстай бергісі келді. Бірақ жұмыртқа жартаспен күресе алмайды ғой! Енді перғауынның Құдаймен қалай күрескісі келгенін көру үшін Таураттың екінші бөліміне, Мысырдан көшіп шығу кітабының жетінші тарауына оралайық. Киелі жазбада былай айтылған:

“*Мұса мен Һарон перғауынға барып, Тәңірдің бұйырғанындай істеді. Һарон таяғын перғауын мен оның нөкерлерінің алдына қарай жерге лақтырып жібергенде, ол жыланға айналды.*

Бірақ перғауын көреген адамдары мен сиқыршыларын алдыртты.

Сонда Мысырдың бақсы-балгерлері де сиқырлы өнерлерімен дәл солай істеді. Әрқайсысы таяғын жерге лақтырып, жыланға айналдырды.

Бірақ Харонның жыланға айналған таяғы олардың жылан таяқтарын жұтып қойды!”, Мысырдан көшіп шығу 7:10-12 аяттар.

Перғауын мен Құдайдың арасындағы күрестің қалай басталғанына назар аударыңыз. Бір жақта көреген адамдары және сиқыршыларымен бірге перғауын, екінші жақта Мұса мен Харон. Харонның таяғы жыланға айналғаннан кейін перғауынның сиқыршылары да таяқтарын жыландарға айналдырды. *“Әрқайсысы таяқтарын жерге лақтырып жыландарға айналдырды. Бірақ Харонның жыланға айналған таяғы олардың жылан таяқтарын жұтып қойды”*. Мұса мен Харонның осы кереметті Құдайдың құдіретімен істегенін білесіз. Бірақ перғауынның сиқыршылары да кереметтер көрсете алды. Олар күшті кімнен алды? Құдайдан ба? Әрине, жоқ! Құдай Өзіне қарсы күреспейді. Ондай болса олар осыны қалай істеді? Перғауынның сиқыршылары алдау өнеріне шебер болған және кереметтерін шайтанның күшіне жүгініп істеді.

Киелі кітаптан сіз шайтанның өте қу екенін және адамдарды алдағанды ұнататынын көресіз. Оның да кереметтер жасай алатындай құдіреті бар. Бірақ Құдайдың шайтаннан да құдіретті екені еш күмәнсіз. Сондықтан Харонның таяғы перғауынның сиқыршыларының таяқтарын жұтып қойды. Алайда перғауын мұны көрсе де, тәубеге келмеді және Құдайдың сөздерін тыңдамады. Киелі жазбада не айтылғанын тыңдайық:

\\.....Музыка.....\\

“Сол кезде Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды:

- Перғауынның жүрегі қайтпастан қасарып, халықты жіберуден бас тартып тұр. Ертеңгісін перғауын Нілге қарай беттеген кезде өзен жағасында жолын тосып тұр! Қолыңа жыланға айналған таяғыңды ұста. Перғауынға былай де: “Израилдіктердің Құдайы Жаратқан Ие сізге мынаны айтуды тапсырды: Айдалада Маған гибадат ету үшін халқымды жібер! Сен осы уақытқа дейін Мені тыңдамай келдің. Сол үшін де Жаратқан Ие былай дейді: Менің Жаратқан Ие екенімді қазір жасайтынымнан білетін боласың! Қараңыз, мен қолымдағы таяқпен Нілдің суын сабағанда, ол қанға айналады. Балықтар қырылып, суы сасиды, мысырлықтарға Нілдің суын ішу жиренішті болады”..

Мұса мен Харон Жаратқан Иенің бұйырғанындай істеді. Харон перғауын мен оның нөкерлерінің көз алдында таяғын жоғары көтеріп, сонымен Нілдегі суды салып қалды. Сонда өзендегі бүкіл су қанға айналды да, балықтар қырылып, су сасып кетті. Мысырлықтар өзеннен су іше алмайтын болды. Бүкіл Мысыр жерін қан жайлап кетті.

Бірақ Мысырдың бақсы-балгерлері де өз сиқырлық өнерлерімен дәл солай істеді. Сонда Жаратқан Ие алдын ала айтқандай, перғауынның жүрегі қасарысып, Мұса мен Харонның айтқандарына мойынұсынбай қойды. Кері бұрылып, сарайына кетіп қалды. Бұл апат та оның жүрегін жібітпеген еді.

Бүкіл мысырлықтар Нілдің жағалауынан ішетін су табу үшін құдық қаза бастады, өйткені өзен суы ішуге жарамсыз болып қалған еді.

Тәңір Иенің Нілдің суын арамдағанынан кейін жеті күн өтті. Сол кезде Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды:

- Перғауынға барып сөзімді жеткіз: “Жаратқан Ие былай дейді: Маған зибадат ету үшін халқымді жібер! Егер одан бас тартсаң, бақалар қаптатып, бүкіл өлкеңе залал келтіремін. Нілде бақалар құжынап, олар судан шығып, сарайыңа, ұйықтайтын бөлмеңе, тіпті төсегіңе дейін кіріп кетпек. Олар уәзірлеріңнің сарайлары мен бүкіл халқыңның үйлерінде, пештерің мен қамыр ашытатын күбілеріңді де жайлайды, Мысырдан көшіп шығу 7:14-тен 25-ке дейінгі және 8:1-3 аяттар. Бірақ перғауын Мұсаның ескертулеріне құлақ аспады. 8-тарауын әрі қарай оқиық:

||.....Музыка.....||

Бұдан кейін Жаратқан Ие Мұсаға тағы да былай деп бұйырды:

- Харонға айт: “Қолыңа таяғыңды ұстап, өзендерге, арықтар мен тоғандарға қарай көтеріп тұр да, бақаларды шығарып, Мысыр елін бақаға қаптат”.

Харон қолын Мысырдың суларына қарай көтергенде олардан бақалар шығып, елді жайлап алды. Бақсы-балгерлер де сиқырлықтарымен солай істеп, Мысыр жеріне бақалар шығарды. Ал перғауын Мұса мен Харонды шықырып алып, мынаны айтты:

- Жаратқан Иеге менен және халқымнан бақаларды алып кете көрсін деп сиыныңдар. Сонда мен халықты Оған зибадат ету үшін жіберемін...

Мұса мен Харон перғауыннан шыққаннан кейін Мұса Тәңір Иеге елді перғауынға бола құжынатып алып келген бақаларынан құтқарсын деп сиынды... бақалар құрып кетті... Жұрт оларды жинастырып, төбе-төбе етіп үйіп қойды. Сонда сасық иіс бүкіл елді алып кетті. Алайда перғауын апаттан құтылғанын көргенде жүрегін қайтадан қасарыстырып, Мұса мен Харонның айтқандарына мойынсұнбай қойды. Осылай болатынын Тәңір Ие алдын ала айтқан еді.

Сол кезде Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды:

- Харонға айт: “Таяғыңды сілтеп, жердің шаңын шығара саба, сонда бүкіл Мысырдағы шаң-тозың масаларға айналады”. Олар солай істеді де. Харон қолындағы таяғын сілтеп, жердің шаңын сабағанда, адамдар мен малдардың үстіне масалар жабыла қонды. Бүкіл Мысырдағы бар шаң-тозаң дерлік масаларға айналды. Бақсы-балгерлер де сиқырлық өнерлерімен масалар келтіргілері келіп еді, бірақ қолдарынан келмеді. Ал масалар адамдарға да, малдарға да жаппай қонды. Сонда бақсы-балгерлер перғауынға: - Бұл Құдайдың құдіретті ісі! – деді. Алайда перғауынның жүрегі қайтпастан қасарысып, Мұса мен Харонның айтқандарына мойынсұнбай қойды. Осылай болатынын Тәңір Ие алдын ала айтқан еді, 8:5-тен 19-ға дейінгі аяттар.

Перғауынның сиқыршыларымен не болғанын сіз көрдіңіз бе? Харон жерді таяғымен ұрып шаңды масаларға айналдырды, ал сиқыршылар осы кереметті қайталай алмады. Сонда олар перғауынға: “Бұл Құдайдың құдіретті ісі!” – деп, өздерінің әлсіздігін мойындады.

Сикыршылардың күші шектеулі екені анық көрінді. Әрине, шайтанда күш бар, ол адамға да арнайы күш бере алады, бірақ осы күш Құдай бекіткен шектеуден шыға алмайды. Ең құдіретті Тұлға жалғыз Құдай ғана. Ол ғана бәрін жасай алады! Оның құдіреті ғана шексіз! Перғауынның сикыршылары Құдайдың шексіз ұлылығын түсіне бастады, бірақ перғауын Құдайға бағынудан бас тартты. Перғауын жүрегін қасарыстырып, Израилдің Құдайымен әлі де күресіп, Оны жеңе аламын деп ойлады! Мәңгі Құдайдың сөзі - мызғымас жартас, ал өзінің өмірін осы жартасқа тұрғызған адам оны берік негізге қалағаны. Алайда сіз өзіңіздің өміріңізді осы жартасқа салудан бас тартсаңыз, Құдай сөзінің жартасы бір күні сіздің үстіңізге құлап, жаншып тастайды. Қорытындылай келе, тақырыбымызды “Перғауынның Жаратқан Иемен күреспек болуы” деп атасақ болады.

Жұмыртқа жартаспен күресіп, оны жеңе алмайды. Сол сияқты адам да Құдайдың Мәңгі Сөзімен күресе алмайды және жазадан құтыла алмайды. Таурааттағы мына сөздері жайлы ойланыңыз:

\\.....Музыка.....\\

“Жаратқан Ие - берік негіз; Оның істері кемелді, және Оның барлық жолдары адал. Сөзіне берік Құдай барлығын дұрыс істейді. Ол – пәк әрі адал”, Заңды қайталау кітабы 32:4 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 3 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын айы - жылы: 22 сәуір, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мысырдағы апаттардың жалғасы, құрбандық асына арналған тоқты» Мысырдан көшіп шығу 11, 12 тарау, №32 жалғасы, №33.
Реттік саны: № 39. 49/48/1249сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірлі тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбада Құдайдың перғауынға және Мысыр жеріне Мұса мен Харон арқылы он түрлі апатты әкелгені туралы айтылады. Бүгінгі хабарда Мысыр елінде болған апаттарды оқуды жалғастыра отырып, «Құрбандық асына арналған тоқты» жайында да айтылатын болады және Мысырдан көшіп шығу кітабының 11-інші 12-інші тарауларынан үзінділер оқылады.

Хабарды жүргізуші - Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Біздің хабарларымызды апта сайын тыңдап жүрген болсаңыз, біз қазір Таураттың екінші кітабы: «Мысырдан көшіп шығу» жазбасынан үзінділер оқудамыз. Иә, Киелі жазбадан оқып білгеніміздей, Құдай перғауынға Мұса мен Харон арқылы он апатты жіберген. Өткен хабарда бірінші апат: судың қанға айналуы, екінші апат: құжынаған бақалардың қаптауы болса, үшінші апат: шаң-тозаңның масаларға айналуы болды. Өкінішке орай, әрбір апат жайында жеке айтуға біздің уақытымыз жетпейді. Біз оларды атап қана өте аламыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Сонымен, төртінші апат: бүкіл Мысыр жеріне шыбын-шіркейлер бұлттай қаптады. Бесінші апат: малдар сұмдық індетке ұшырап, жаппай қырылды. Бірақ Исраил халқының ешбір малы қырылмады. Перғауын әлі де жүрегін қасарыстырып, Исраил халқын жіберуден бас тартты. Келесі апат: барлық адамдар мен малдарда ірінді шиқандар пайда болды. Киелі Жазба былай дейді: *«Бақсы-балгерлер Мұсаға қарсы тұра алмады. Барлық мысырлықтар сияқты олардың тәндеріне де шиқандар шыққан болатын»*, Мысырдан көшіп шығу 9:11 аят. Ал жетінші апат: Мысырда бұрын ешкім көрмеген үлкен бұршақ жауып, барлық егінді құртты. Бұршақтан қалғанның барлығын жалмауыз шегірткелер келіп жалмап қойды. Бұл сегізінші апат еді. Тоғызыншы апатты жібергенде Құдай Мұсаға былай деді: *«Қолыңды аспанға қарай көтер, сонда Мысырды көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық басады»*, Мысырдан көшіп шығу 10:21 аят.

Міне, осылай, үш тәулік бойы ешкім ештеңе көре алмады. Бірақ, Исраил халқы тұрған жерде жарық болды. Алайда бұл апаттардың ешқайсысы да перғауынды тәубеге келтіріп, Исраил халқын жіберуіне көндіре алмады. Мысырдан көшіп шығу 10:28 аятта былай айтылған:

Перғауын *исраилдіктерді жібергісі келмей, Мұсаға: - Қасымнан кет! Енді қайтып менің алдыма келуші болма. Көзіме түскен күні-ақ өлетін боласың, - деді.*

Ал жаңа келісімде былай делінген: *”Солардың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды”* Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:11 аят. Бұнда Құдай бізге ескерту жасағысы келеді. Сондықтан Оның қалауы бойынша өзімізді анықтап зерттеп, Оның ескертулеріне назар аударғанымыз жөн.

Бізді тындап отырған ағайын, сізге қояр бірнеше сұрағым бар: сіз Құдай сөзіне назар аударасыз ба? Сіз Құдай сөзіне бағынып, Оған мойынсұнасыз ба? Әлде сіз перғауын секілді Құдаймен күресіп жүрсіз бе? Сіз Тәңір Иенің сөзін кішіпейілділікпен қабылдадыңыз ба? Осы сұрақтарға шын көңіліңізбен жауап беріңіз де, бізге жазып жіберіңіз.

Бұл ата-бабаларыңыздың салт-дәстүрлері мен діндеріне бағыну дегенді білдірмейді. Адам нәзік жұмыртқа тәрізді, ал Құдайдың сөзі берік жартаc іспетті. Киелі жазбада былай айтылған: *”Күллі пенде атаулы шөп секілді, бар салтанаты да дала гүлдері іспетті: шөп сарғайып құрап, гүлдер солады. Ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады!”*, Петірдің 1-хаты 1:24,25 аят.

Сонымен, перғауынның Құдайға қарсы күресуге тырысқанын көрдіңіз. Жаратушы Ие Исраил халқын мысырлықтардың құлдығынан құтқармақ болды, бірақ Мысырдың патшасы оларды жібергісі келмеді. Алайда *“жұмыртқа жартасты жеңе алмайды!”* Құдай осылай Мұса мен Харон арқылы Мысырға тоғыз сұмдық апат жіберді. Бірақ Құдай істеген осы кереметтер мен күдіретті істердің ешқайсысы перғауынды Құдайдың сөзіне бағынып исраилдіктерді жіберуге мәжбүр ете алмады.

Осы әңгімені әрі қарай жалғастырсақ, Құдайдың перғауынға соңғы оныншы апатты қалай жібергенін көресіз. Перғауын осы апаттан кейін ғана исраилдіктерге Мысырдан кетуге рұқсат берді.

Ендеше, Құдайдың перғауынға Мұсаның аузымен қалай жауап бергенін Мысырдан көшіп шығу кітабы 11-тараудан оқып білейік.

\\Музыка..... \\

Мұнда «Құрбандық асына арналған тоқты» туралы жазылған. Мысырдан көшіп шығу кітабы 11:4-тен 8-ге дейінгі аяттарда былай делінген:

«Ал перғауынның қасынан кетпей тұрып, Мұса оған былай деген болатын: Жаратқан Ие былай дейді: “Түн ортасында Мен Мысырды аралап өтемін. Сонда Мысыр жеріндегі әрбір тұңғыш бала, тақта отырған перғауынның тұңғышынан бастап, қол диірменді айналдырып отырған күннің тұңғышына дейін, сондай-ақ мал атаулының алғашқы төлдері де өлетін болады. Бүкіл Мысыр елі бұған дейін болмаған, енді қайтып болмайтын да зар еңіреген жоқтауға толады. Ал исраилдіктерге келсек, олардың адамдары түгел, малдарына қарсы иттер де үрмейтін болады.

Сонда Исраил мен Мысыр халықтарын Жаратқан Иенің қалай ажыратқанын ұғынатын боласыңдар”.

Сол кезде мына тұрған нөкерлеріңіздің бәрі алдыма келіп, бастарын иіп былай деп жалынбақ: “Өзіңіз және басқарып жүрген халқыңыз елімізден шыға көріңіздер!” Мен содан кейін шығамын да.

Ашуланған Мұса осыны айтып, перғауынның қасынан шығып кеткен болатын».

Байқаған боларсыз, Құдайдың Мысырға алдыңғы апаттардан да сұмдық апатты жіберуді шешкенін көріп тұрсыз. Құдай Мысырдағы әрбір тұңғыш ұлдың өлетінін хабарлады. Не деген сұмдық апат десеңші! Ал Исраилдің тұңғыштарына не болмақ? Олар да мысырлықтар сияқты өледі ме? Олар мысырлықтар сияқты күнәкар болғандықтан Құдайдың сотынан құтылуға лайықсыз болған. Бірақ Құдай адал да рақымды болғандықтан исраилдіктерді апаттан сақтап қалмақ болды.

Мұса Құдайдан исраилдіктердің тұңғыштарын өлімнен қалай сақтап қалу жайлы нұсқауларды алып, оларды халқына жеткізді. Мысырдан көшіп шығу кітабының 12-тарауын оқиық:

”Жаратқан Ие Мұса мен Харонға Мысыр жерінде мынаны бұйырды...

- Исраилдің барлық қауымына айтыңдар: әрбір отағасы осы айдың оны күні жанұясы үшін бір тоқтыдан арнап бөлек қойсын... Таңдап алған малдарың қойдың не ешкінің, еш кінәраты жоқ бір жылдық еркек төлі болсын. Осы малды айдың он төртіне дейін бағып күтіп, қастарыңда ұстаңдар. Сол күні кешке қарай Исраил халқының бүкіл қауымы тоқтыларын құрбандыққа шалсын. Олар тоқтының қанынан біраз алып, құрбандық асын ішейін деп отырған үйлерінің есік жақтаулары мен маңдайшаларына жақсын. Сол түні олар тоқтының етін отқа қақтап, ашытқысыз пісірілген нан мен ащы шөптерге қосып жеулері керек. Оны не шикілей, не суға пісіріп жеуші болмаңдар, тұтастай бас-аяқтарымен, ішкі ағзаларымен қоса қақтаңдар... Құрбандық сол шалынған үйде желініп, еті ешқайда шығарылмасын, оның ешбір сүйегі де сындырылмасын... Сендер тамақтанып жатқанда белдерің буулы, аяқ-киімдерің киюлі, таяқтарың қолдарыңда болсын, тамақты тездетіп жеңдер! Бұл Жаратқан Иеге арналған Құтқарылу асы. Мен дәл сол түні Мысыр елін аралап, ондағы адамның да, малдың да тұңғыштарын құртып, Мысырдың барлық тәңірлерін әшкерелеп соттаймын. Мен Жаратқан Иемін. Есікке жағылған қан сендердің отырған үйлеріңді көрсететін белгі болады, сонда қанды көріп, соқпай өте шығамын. Мен Мысыр елін қырғынға ұшыратып жатқан кезде сендер бұл күйретіп жатқан соққыдан түгелдей аман қаласыңдар”, 12:1, 3, 5-тен 9-ға, 11-ден 13-ке дейінгі және 46 аяттар.

\\.....Музыка.....

Міне, Исраилдің тұңғыш ұлдарын өлімнен құтқару үшін және Исраил халқын Мысырдағы құлдықтан босату үшін Құдайдың не істегелі жатқанын көрдіңіз бе? Бұл керемет жоспар еді, бірақ адамның тұрғысынан күлкілі болған. Құдай оларды тоқтының қанымен құтқармақшы болды. Исраилдіктер еш кінәраты жоқ тоқтының қанын есіктерінің жақтауларына жағуға тиіс болған. Олардың тұңғыштары тоқтының қаны арқылы құтқарылмақ еді.

Құдай Мұса және Харонмен сөйлескеннен кейін, Исраилдің барлық рубасыларын жинап, оларға Құдайдың құрбандыққа тоқты шалу жайлы айтқанын жеткізді. Құдайдың олардың тұңғыштарын өлімнен құтқаратынын естігенде, рубасылары Құдай алдында тізерлеп тағзым етті. Содан кейін Исраилдің рубасылары мен халқы Құдайдың Мұса арқылы бұйырғанын бұлжытпай орындады. Киелі жазба былай деді:

“Түн ортасында Жаратқан Ие Мысырдағы барлық тұңғыштарды - тақта отырған перғауынның тұңғышынан бастап, түрмеде жатқан тұтқынның тұңғыш ұлына дейін және мал атаулының тұңғыш төлдерін де өлтірді. Сол түні перғауын, оның күллі нөкерлері мен барлық мысырлықтар да ұйқыларынан тұрды. Бүкіл Мысыр зарлы жоқтау жамылды, себебі өлім шықпаған бірде-бір үй болмады”, Мысырдан көшіп шығу 12:29-30 аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың Өз Исраил халқына айтқан мына сөздері жайлы сіз не ойлайсыз? Құдай: *“Қанды көріп, қастарыңнан өте шығамын”,*-деді. Бұның мағынасын сіз қалай түсінесіз?. Мысырдан көшіп шығу кітабы 12:13-інші аят. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 22 сәуір, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын айы - жылы: 29 сәуір, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Құрбандық асына арналған тоқты» Мысырдан
көшіп шығу 12 тараулар, №33.
Реттік саны: № 40. 41/48/1130

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірлі тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгінгі хабарда «Құрбандық асына арналған тоқты» жайында әңгіме болады. Киелі жазбадан Мысырдан көшіп шығу кітабының 12-ші тарауларынан үзінділер оқылады. Хабарды жүргізуші-Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткенде, көне келісім заманында болған өте қорқынышты түн туралы айтқанбыз. Сіз сол қорқынышты түні не болғанын білесіз бе? Құдай Өзі айтқандай Мысыр жерін жазалады. Түн ортасында қырып жоюшы періште Мысыр жерімен жүріп өтіп, перғауынның тұңғышынан бастап түрмедегі тұтқынның тұңғышына дейін өлтіріп шықты. Сол түні Мысыр елі кеуде жарар күрсіністер мен жоқтауларға толып кетті, өйткені елде баласы өлмеген бір үй де қалмады. Ал исаилдіктердің үйлері ше? Қалай ойлайсыз, Құдай олардың тұңғыштарын өлімнен құтқарды ма? Құдай оларға: “Қанды көрген кезде, қастарыңнан өтіп кетемін”, - деп уәде берген еді ғой!

\\ ----- Музыка ----- \\

Иә, исаилдіктер, Құдай бұйырғандай, үйлерінің есіктерін тоқтының қанымен белгілеген еді. Сондықтан олардың үйінде ешкім өлмеді, бірақ мысырлықтардың әр үйінде тұңғышы өлді, өйткені тоқтының қаны арқылы берілетін құтқару жолы олар үшін жоқ болған.

Киелі жазбада былай айтылған:

“Перғауын сол түні Мұса мен Һаронды шықырып алып:

- Жолға жиналыңдар! Исаилдің үрім-бұтағын ертіп алып, халқымның арасынан аулақ кетіңдер! Барып, өз сөздеріңе сай Жаратқан Иеге гибадат етіңдер! ... Ал маған баталарыңды бере көріңдер, - деп өтінді. Мысыр халқы да исаилдіктерге:

- Осы елден тезірек кете көріңдер, әйтпесе бәріміз де өліп қалармыз! – деп жалынып асықтырды”, Мысырдан көшіп шығу 12:31-33 аяттар.

Ақыр соңында, перғауынның көніп, исаилдіктерді босатудан басқа амал қалмады. Сіз перғауынның Мұса мен Һаронға: - *Мен айтқанын тыңдап, исаилдіктерді жіберетіндей “Жаратқан Ие” кім?*

Мен “Жаратқан Иені” білмеймін де, Израил халқын жібермеймін де” дегенін естігенсіз. Бірақ, перғауын мен мысырлықтардың барлығы Ыбрайым, Ысқақ, Жақыптың Құдайының - ең күшті Құдай екенін, олардың кез келген жалған тәңірлерінен, бойтұмарларынан және сиқыршыларынан да құдіреті зор екенін мойындауға мәжбүр болды. Жұмыртқаның жартасты жеңе алмайтыны рас болып шықты. Ешкім Құдаймен күресіп, Оны жеңе алмайды!

Сол түні израилдіктер мысырлықтардың оларға берген байлықтарын алып Мысырдан көшіп кетті. Киелі жазбада былай айтылған:

“Олар жолға шықпас бұрын Мұса мен Харонның айтқандары бойынша мысырлықтардан күміс, алтын бұйымдар мен әсем киімдерді сұрап алған болатын. Жаратқан Ие мысырлықтарды Өзінің халқына мейіріммен қаратқандықтан, олар израилдіктердің сұрағанын түгел берді. Осылайша бұлар Мысырдың байлығын олжалады... Израил әулетінің Мысырда тұрған уақыты төрт жүз отыз жыл”, Мысырдан көшіп шығу кітабы 12:35-тен 40-қа дейінгі аяттар. Осыдан Құдайдың Ыбырайымға бірнеше жүз жыл бұрын берген Жаратылыстың басталуы кітабы 15:13-14 аяттарда айтылған мына уәдесінің жүзеге асқанын көресіз:

”Сенің ұрпақтарың бөтен елде өмір сүретін болады. Сол жерде олар құл болып төрт жүз жыл бойы қиналады. Бірақ оларды құл қылған халықты Өзім жазалаймын. Мұнан соң сенің ұрпақтарың сол елден мол дүние-мүлікпен көшіп шығатын болады”.

\\Музыка.....\\

Бұл оқиға Құтқарылу мейрамы деп аталады. Әңгіменің мазмұнын терең әрі кең мұхитпен теңестіруге болады, өйткені ол көптеген құнды сабақтарға толы. Құтқарылу мейрамы туралы көп сөйлесуге болар еді. Алайда осы әңгімедегі ақиқаттардың барлығын талқылауға біздің уақытымыз жетпейді. Бірақ, сіз, өте бір маңызды жайтты есіңізде сақтаңыз. Бұл: “Қанды көріп, есіктеріңнің қасынан өте шығамын” деген Құдайдың израилдіктерге берген уәдесі.

Израилдіктердің тұңғыштары неліктен мысырлықтардікімен бірге өліп қалған жоқ? Өйткені Құдай тоқтының қаны арқылы оларға құтқарылу жолын ашып берді. Құдайдың бұйрығы бойынша есігіне тоқтының қаны жағылған әр үйдің тұңғышы аман қалды, ал есігіне тоқтының қаны жағылмаған әр үйдің тұңғышы өлді!

Сол кезде кейбір балалар әкесінен: “Кінәсыз тоқты не үшін өлу керек?” деп сұрағанда, әкесі былай жауап беретін еді: “Балам, Құдай осы елдегі тұңғыш ұлдардың бәрін өлім жазасына кесті. Біз күнәкар болғандықтан Құдай бәрімізді жазалау керек. Алайда Жаратқан Ие рақымды болғандықтан бізге кінәратсыз тоқтыны құрбандыққа шалып, оның қанын есіктерімізге жағуды бұйырды. Осылай істесек біз осы апаттан аман қаламыз.

Күнәның құны-өлім болғандықтан тоқты құрбандыққа шалынып өлу керек.

Құдай адал, сондықтан біздің күнәларымызға төзіп, оларды жазасыз қалдыра алмайды. Осы тоқты сенің орныңа өледі. Ыбырайым өзінің ұлы үшін тоқтыны құрбандыққа шалғандай біз де осы тоқтыны сен үшін шаламыз. Құдай адал, Ол күнәны жек көреді. Оның сөзі ақиқат. Ол бізді жазаламай қасымыздан өтіп кету үшін есігімізде тоқтының қаны болу керек”.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, сіз де, Адам атаның барлық ұрпақтарының Құдайдың алдында мысырлықтар мен ираилдіктердің тұнғыштарына ұқсайтынын түсінуіңіз керек. Құдайдың киелі заңы бойынша әрқайсымыз өліп, Құдайдың әділ сотында жазалануымыз керек. Киелі жазбада айтылғандай: *”...бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ: бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды”*, Римдіктерге арналған хат 3:22,23 аятта.

Күнәның құны – мәңгілік жаза: *“Сол адамдар мәңгі-бақи Иеміздің алдын көрмей, Оның салтанатты ұлы құдіретінен алыстатылып, шексіз қасірет шегетін болады”* деп жазылған, Салониқалықтарға арналған 2-хат 1:9 аятта.

Ал сіз құтқарылу үшін не істеуіңіз керек? Құдай Өзінің әділдігіне қайшы келмей күнәкарларды тиісті жазадан қалай құтқара алады? Біз бүгін бұл тақырыпты ұзақ талқылай алмаймыз, бірақ сіз мынаны білуге тиістісіз: ираилдіктерді өлім жазасынан құтқару үшін құрбандыққа шалынған тоқты – Адам атаның барлық ұрпақтарын күнәның жазасынан құтқару үшін осы әлемге келіп қанын төгетін Өтеушіні бейнелейді. Осы Өтеуші туралы Киелі жазбада былай айтылған: *“Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола өмірін қиды”*. *“...Құтқарылу мейрамына құрбандыққа шалынған тоқтылар іспетті, Мәсіх біздер үшін өмірін қиды”*, Петірдің 1-хаты 3:18 аят; Қорынттықтарға арналған 1-хат 5:7 аят.

Мысырлықтар оларды бірнеше жүз жылдар бойы қинап, ауыр жұмыспен қанағандары соншалық, ираилдіктер қайғырып, бақытты әрі азат өмір сүруден үміт үзді. Бірақ қазір... қазір олар азат болды! Құтқарылу мейрамының сол түнінде Жаратқан Ие оларды азат етті! Құлдықтың шынжырлары үзілді! Құдай енді оларды шөлдаламен жетелеп, Қанахан еліне апарамын деп уәде берді. Өзіңіз білетіндей Құдай сол елді бұрын Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың ұрпақтарына беруге ант еткен болатын. Жақып пен оның ұлдары Мысыр еліне Жүсіптің қасына көшер алдында сол Қанахан елінде тұрған. Қазіргі заманда Қанахан елі болған жерде Палестина мен Израиль деген мемлекеттер орналасқан.

Сонымен ираилдіктердің өз тұнғыштарын өлімнен құтқару үшін есіктеріне тоқтының қанын жаққаны болашақта келетін Құтқарушы жайындағы берілген нышан болған.

Айқышта қанын төккен Құтқарушыға сенген әркімнің Құдайдың мәңгілік жазасынан құтылатыны осы жағдай арқылы мысал ретінде көрсетілді.

Ал сіздің жағдайыңыз қандай? Сіз пайғамбарлардың Құтқарушының қаны туралы не жазғанын білесіз бе? Құдай Өзінің әділдігіне қайшы келмей сіздің күнәларыңызды кешіру үшін Құтқарушыға қанын төккізді. Киелі жазбада Құтқарушының қаны сізді тозақтағы жазадан құтқарып, Құдайдың қасында мәңгі өмір сүретініңізге кепілдік болады деп жазылған. Сіз бұған сенесіз бе? Және сіз мына сұрақтар туралы ойланып көріңіз...

\\.....Музыка.....\\

Құдай қиямет соты күні әлемді жазалағанда сіз аман қаласыз ба? Немесе Құдайдың қаһары мысырлықтарға төнгендей, сізге де төнеді ме? Бұл туралы ойланып көріп пе едіңіз? Бізге өз ойыңызды білдіріп, хат жазыңыз!.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Тәңір Иеміз сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 5 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын айы - жылы: 6 мамыр, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Теңіз ортасындағы құрғақ жол» Мысырдан көшіп шығу 13,14,15 тараулар, №34.
Реттік саны: № 41. 40/48/1187сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгінгі тақырып: «Теңіз ортасындағы құрғақ жол» деп аталады. Киелі кітаптан Мысырдан көшіп шығу кітабының 12,13,14,15-ші тарауларынан үзінділер оқылады. Хабарды жүргізуші - Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгін, Құдайдың исаилдіктерді перғауынның әскерінен қалай құтқарғаны туралы таңқаларлық әңгіме тыңдайсыз. Осы әңгіменің негізгі бөлігі «Мысырдан көшіп шығу» кітабының он төртінші тарауында.

\\ ----- Музыка ----- \\

Енді Мұса пайғамбардың Таурат кітабындағы жазған әңгімесін тыңдаңыз: *«Сонымен Исаилдің үрім-бұтағы Рамсес маңынан Соқотқа қарай беттеді. Әйелдері мен балаларын есептемегенде шамамен алты жүз мың еркек жаяу жолға шықты. Көптеген бөтен ұлттықтар да, сондай-ақ қора-қора ірілі-ұсақты малдары да бірге жүрді...*

Ал Мұса Жүсіп пайғамбардың сүйегін де бірге ала шықты. Жүсіп өлер алдында Исаил ұрпақтарынан ант алып: “Құдай рақымын түсіріп, сендерді осы жерден алып шығатын болады. Сол кезде менің сүйегімді де өздеріңмен бірге ала кетіңдер!” - деп өсиеттеген болатын...

Жаратқан Ие исаилдіктерге жол көрсетіп, күндіз бағана тәрізді бұлт ішінде, ал түнде жолдарына жарық түсіріп, жалындаған от бағанасының ішінде алдарында жүріп отырды. Осылайша олар күні-түні жол жүре алды. Күндіз бағана тәрізді бұлт, түнде жалындаған от бағанасы халықтың көз алдынан ажырамай, әрдайым бірге жүріп отырды. Бұдан кейін Жаратқан Ие Мұсаға былай деп тіл қатты:

- Исаилдің үрім-бұтағына мынаны айт: олар кері бұрылып, Мигдол мен теңіздің аралығындағы Пи-Нахироттың қасына қоңыстанып, Багал-Сефонға қарама-қарсы, теңіз жағалауына орналассын. Сонда перғауын Исаил халқы ел кезіп адасып кетті, айдаланың қоршауында қалды деп ойламақ. Ал Мен арттарыңнан қуып шықсын деп перғауынның жүрегің қасарыстырып қоямын.

Сөйтіп перғауынға және оның бүкіл әскеріне Өзімнің ұлылығымды көрсетемін, соған қарап мысырлықтар Менің Жаратқан Ие екенімді мойындайтын болады. Исаилдіктер солай істеді де.

Мысыр патшасына "Исраилдіктер қашып кетті" деген хабар жеткенде өзі де, нөкерлері де олар туралы көзқарастарын өзгертіп: "Біздің бұл не істегеніміз? Неліктен Исраилді босатып жіберіп, олардың біз үшін істейтін қызметтерінен ада қалдық?!" - деді. Перғауын өзінің соғыс күйместін жеккізіп, қарулы күштерін де бірге ала шықты. Сондай-ақ өзіне қарасты алты жүз таңдаулы соғыс күймесін және Мысырдың басқа да бүкіл соғыс күймелерін ертіп алды. Бұл күймелердің бәрінің де өз басшылары болды...

Мысырлықтар - күллі атты жасақтары, соғыс күймелері мен бүкіл жаяу әскер исраилдіктердің артынан өшкелей отырып оларды тынығуға жайғасқан теңіз жағасындағы Багал-Сefonға қарама-қарсы, Пи-Нахироттың маңында қуып жетті.

Перғауын жақындаған кезде исраилдіктер кері бұрылып қараса, соңдарынан қуған мысырлықтар келіп те қалыпты! Зәрелері ұшқан исраилдіктер айқайлап Жаратқан Иені шақырды. Мұсаны сөгіп:

- Не үшін бізді шөл далада өлуге алып келдің? Мысырдан бізге мола табылмайтын ба еді?! Мысырдан алып шығып, бізге не қылғаның? Саған Мысырда: "Бізге жұмысың болмасын! Мысырлықтарға қызмет ете берейік" - деп айтпап па едік? Бізге айдалада өлгеннен гөрі мысырлықтарға құл болғанымыз жақсы еді ғой!-деді, Мысырдан көшіп шығу 12:37-38, 13:19, 21-22, 14:1-ден 12-ге дейінгі аяттар.

Исраилдіктер Мұсаға не деді? Олар неліктен Құдайға сенбеді? Оларды құлдықтан құтқарған Құдай перғауынның әскерінен қайта құтқара алмайтын ба еді? Әрине, құтқара алатын еді. Алайда исраилдіктер қатты шошығандықтан сол кезде осы туралы ойламады. Алдарында теңіз, оң және сол жақтарында таулар, арттарында оларды қырмақшы болып жақындап келе жатқан перғауынның әскерлері. Оларға не істеу керек? Қалай құтқарыла алатын еді? Олай болса, Мұсаның не айтқанын және Құдайдың не істегенін оқиық:

\\.....Музыка.....\\

Мұса халыққа жауап беріп: - Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер: бүгін көрген мысырлықтарыңды енді қайтып мәңгі-бақи көрмейтін боласыңдар! Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек тыныш тұрсаңдар болғаны, - деді. Сонда Тәңір Мұсаға былай деп тіл қатты:

- Неге айқайлап Мені шақырып тұрсың? Исраилдің үрім-бұтағына алға қарай жылжи берсін де! Өзің таяғыңды ұстап, қолыңды теңіздің үстіне қарай соз. Сонда теңіз қақ айырылып, халық теңіз ортасынан құрғақ жермен өте шығады. Мен мысырлықтардың жүрегін қасарыстырамын, олар арттарыңнан қуатын болады.

Сонда Мен перғауынға, оның әскеріне, барлық соғыс күймелері мен атты жауынгерлеріне Өзімнің ұлылығымды көрсетемін. Соған қарап мысырлықтар менің Жаратқан Ие екенімді ұғынып мойындайтын болады.

Исраил көшінің алдында жүріп келе жатқан Құдайдың періштесі сол сәтте олардың соңына барды. Бағына тәрізді бұлт та көштің алдыңғы жағынан артына қарай ығысып, Мысырдың әскері мен Исраил көшінің ортасына барып тұрды. Бұлт мысырлықтар жағына қараңғылық орнатып, исраилдік жақта түнді жарық қылып тұрды. Осылай Мысыр әскері исраилдіктерге түні бойы жақындай алмады.

Мұса қолын теңіздің үстіне қарай созғанда Тәңір Ие шығыстан қатты жел жіберді. Ол түні бойы соғып, теңіз суын ары итеріп, түбін құрғатты. Су қақ айырылған кезде Исраил халқы құрғақ жермен теңіз ортасынан өте шықты. Су оларды оң мен солынан қабырға іспетті қоршап тұрған болатын.

Ал арттарынан қуған мысырлықтар: перғауынның барлық аттары, соғыс күймелері мен атты жауынгерлері исраилдіктердің ізімен теңіздің ортасына дейін кірді. Таңғы күзет кезінде Жаратқан Ие от пен бұлт тәрізді бағанадан мысырлық әскеріне карап, оларды састырып берекелерін кетірді. Күймелерінің дөңгелектерін шығарып тастап, олар әрең дегенде қозғалды. Сонда мысырлықтар айқай салып:

- Исраилдіктерден қашып құтылайық, олар үшін Жаратқан Ие Мысырмен шайқасып жатыр! - деді.

Сол кезде Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды:

- Қолыңды теңізге қарай соз! Сонда су қайтадан орнына келіп, мысырлықтардың күймелері мен атты жауынгерлерін бассын.

Мұса қолын теңізге қарай созып, таң ата су орнына келді. Қашып бара жатқан мысырлықтар оған қарсы жүгіріп, Жаратқан Ие оларды теңіз ішінде суга батырды. Арнасына қайтқан су Исраил халқының соңына түсіп, теңіздің ішіне дейін қуып келген перғауынның бүкіл әскерін, күймелері мен атты жауынгерлерін көміп тастады. Олардың бірде-бірдеуі тірі қалмады.

Ал исраилдіктер теңіздің ортасынан құрғақ жермен өте шығып, су оларды оң мен солынан қорған іспетті қоршап тұрған еді. Осылай Жаратқан Ие сол күні Исраил халқын мысырлықтардың қолынан құтқарып алды. Кейін олардың теңіз жағасында жатқан сүйектерін көргенде, исраилдіктер Жаратқан Иенің мысырлықтарға қарсы галамат құдіретін қолданғанына көздері жетіп, Тәңір Иеден қорқып, қастерлеп, Оның Өзіне және қызметшісі Мұсаға сенді, Мысырдан көшіп шығу 14:13-тен 31-ге дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....

Осыдан кейін Мұса мен исраилдіктер Жаратқан Иеге арнап мадақтау жырын айтты: Жаратқан Иені дәріптеймін жырменен, себебі Ол жәнімпаз, мерейі үстем бәрінен!. Жаратқан Ие - қайнар көзі күш-қуатымның, мадақтау жырларымды Оған арнай берейін. Тәңір мені құтқарып, алып қалды аман-есен, Мысырдан көшіп шығу 15:1,2 аят.

Сөйтіп Исраил халқы Жаратқан Иеге оларды ұлы құдіретімен құтқарғаны үшін алғыс айтып, Оны жырменен дәріптеді.

Һарон мен Мұсаның қарындасы Мәриям пайғамбар даңғырасын қолына алғанда басқа әйелдер де даңғыраларын соғып, оған еріп, ән салып, билей бастады.

Міне, Құдайдың Исраил халқына теңіздің ортасынан жол ашып бергені туралы ақиқат әрі керемет әңгіме осы. Бүгінгі хабарымызды мынадай қарапайым сұрақтармен аяқтағым келеді.

Исраилдіктерді перғауынның әскерінен кім құтқара алар еді? Исраилдіктердің өздері ме? Олар теңізді кептіре алар ма еді? Немесе таулардың арасын ашып, оларды жылжыта алар ма еді? Перғауынның әскерімен шайқаса алар ма еді? Жоқ, осылардың ешқайсысына олардың шамалары жетпейтін еді. Сонда оларды кім құтқара алатын еді? Кім? Тек Құдай ғана. Оларды азат ету Жаратушы Иенің ғана қолынан келді. Мұсаның исраилдіктерге айтқан мына сөздері туралы ойланыңыз...

\\.....Музыка.....\\

“Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер”. Мысырдан көшіп шығу кітабы 14:13 аят. Бізге хат жазыңыз. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 5 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 13 мамыр, 2012 жыл,
Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21: 15,
Хабардың тақырыбы: «Шөл даладағы тамақ» Мысырдан көшіп шығу 16
тарау, №34-тің жалғасы, №35.
Реттік саны: № 42. 40/48/1135

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Эфирде «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Исраилдіктер Қызыл теңіздің жағасына жеткенде олардың перғауынның әскерінен құтылып кетуі мүмкін емес еді. Өйткені Исраилдіктерді Жаратқан Ие құтқарды. Бүгін Киелі кітаптан Мысырдан көшіп шығу кітабының 16-ші тарауынан үзінділер оқылады.

Студияда хабарды жүргізуші - Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Адам атаның барлық ұрпақтарының, яғни бүгінгі замандағы біздің де, жағдайымыз Исраилдің ұрпақтарының жағдайына ұқсайды. Құдай әркімнің осыны түсінгенін қалайды. Құдай исраилдіктерді құтқарғандай біз бен сізді құтқармаса, жақын арада келетін апат кезінде бізде ешқандай үміт болмайды. Бүгінгі тақырып: «Шөл даладағы тамақ» деп аталады.

\\.....Музыка.....\\

Алдыңызда теңіз болмағанымен сізді енді өлім мен тозақ күтіп тұр. Екі жағыңызда таулар болмағанымен енді сізді Құдайдың киелілігі қоршап тұр. Оның киелі заңы бойынша сіз де, менде жазалануға тиістіміз. Артымыздан қуып келе жатқан перғауынның әскері жоқ, алайда шайтан мен біздің күнәларымыз артымыздан қыспақтап, бізді мәңгіге құртпақ болып әкіреңдеп тұр. Құдайдың әділ сотынан Адам атаның ұрпақтарын кім құтқара алады? Күнәкарды тозақтың мәңгі сөнбес отынан кім құтқара алады? Адамды шайтанның билігінен кім азат ете алады? Осының бәрінен құтылуға сізге кім көмектесе алады? Кім сізді күнә теңізінің арғы жағына өткізіп, жұмаққа апара алады?.

Иә, Құдай ғана сізді құтқара алады. Адамда өзін немесе басқа береуді құтқаратындай қабілет жоқ. Киелі жазбада былай айтылған: *“Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл - өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын”,*

Ефестіктерге арналған хат 2:8,9 аят. Рақымы зор Құдай мені мен сізді шайтанның, күнәның және тозақтың билігінен азат ету үшін Адам атаның ұрпақтарына құтқарылу жолын ашып берді.

Құдай сізді күнәкарларға арналған тозақ отынан сақтап қалғысы келеді, сондықтан сіз аман қалуыңыз үшін Құдайдың ашып берген жолымен жүруіңіз керек. Сізді шайтанның құлдығынан, күнәның зардабынан және тозақтың жазасынан құтқаратын осы жол туралы білесіз бе? Құдайдың жарылқауына ие болып, Оның қасында мәңгі жүру үшін осы әділдік жолына түстіңіз бе?

\\ -----Музыка----- \\

Құдай осы құтқарылу жолын Адам атаның ұрпақтарына олардың игі істер жасап, діни парыздарын орындағандары үшін ашқан жоқ. Құдай Киелі жазбада: *“Игі істерімнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын”* – деп айтқан. Құдайдың сіз үшін ашып бекіткен құтқарылу жолы қандай? Құдай жіберген Құтқарушы көктен жерге түсіп, сіздің күнәларыңыз үшін жанын қиып, қайта тірілді. Өлімнен қорқып, күнәның құлдығында жүрген әркім осы Құтқарушыға сенім арту арқылы азат болады. Осы құдіретті Азат етуші Құтқарушы туралы Киелі жазбада: *“Аспан астында бізді құтқаратын басқа біреудің есімі адамдарға бұйырмаған”* деп айтылған, Елшілердің істері кітабы 4:12 аят. Иә, Құдай сіз үшін “күнә теңізін” қақ жарып, күнәның жазасынан қашып құтылуыңызға жол ашып берді. Сіз теңіздің арғы жағына, яғни Құдай мекендейтін қауіпсіз киелі жерге өтіп кетуіңіз керек. Осы құтқарылу жолы туралы Өтеушінің Өзі былай деген:

“Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды... Сендерге өте маңызды мындықты айтайын: кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті”, Инжіл Жохан жазған ізгі хабар 14:6; 5:24 аят.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, сіз *рухани өлімнен шынайы өмірге өттіңіз бе?* Олай болса, Жаратушы Иенің теңізді ортасынан бөліп, түбін құрғатып, исаилдіктерге жол ашып бергенін көргендей, енді оларды шөл далада Құдайдың қалай тамақтандырып асырағанын көретін боласыз. “Мысырдан көшіп шығу” кітабының келесі тарауында Исаилдіктердің Мысыр мен Қанахан жерінің арасындағы шөл далада жүргені туралы баяндалады. Құдай Қанахан деген жерді олардың ата-бабасы Ыбырайым мен оның ұрпақтарына беруге уәде еткен болатын. Киелі жазба Құдайдың олардың алдында күндіз үлкен бұлт, ал түнде от болып жүргенін көрсетеді. Құдайдың Өзі оларды жетелеп, қамқарлығына алмағанда олар сол шөл далада қырылып қалар еді. Енді исаилдіктердің сол кезде қандай жағдайда болғанын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Олардың саны өте көп болған. Алматыда тұратын адамнан да асқан, яғни екі миллионнан да көп. Олар тап-тақыр, құрғақ шөл далада тамақсыз жүр. Өзіңіз ойланып көріңізші! Тікенді бұталар мен құмнан басқа ештеңе жоқ шөл даламен бір үлкен тобыр келе жатыр. Исаил халқының рулары қалай аман қала алады?

Шөлдеп, аштан өлмеу үшін олар не істеу керек? Осы адамдар мен олардың малдары шөл далада қалай тірі қалмақшы? Өздері тамақ тауып жей алады ма? Жоқ! Оларды кім тамақтандыра алады? Осыған тек бір ғана жауап бар. Оларды Құдай ғана тамақтандыра алатын еді!

Исраилдіктер Құдайға сенді ме? Әлде не ішіп-жейміз деп мазасызданды ма? Әрине, исраилдіктер Жаратқан Иеге сену керек еді. Құдай олар үшін талай керемет істер жасады; Мысырға он апат жіберіп, оларды құлдықтан алып шықты. Тоқтының қаны арқылы олардың тұнғыштарын өлімнен сақтап қалды. Теңізді екіге бөліп ортасынан жол ашып берді. Енді Жаратқан Ие бұлтқа айналып, оларды Қанахан жеріне жетелеп бара жатқан. Көп жылдар бұрын Құдай осы жерді олардың ата-бабасы Ыбырайымға беруге уәде еткен болатын. Сіз қалай ойлайсыз, Исраил халқы Өзінің Құдайына сенім артып жүр ме еді? Құдайдың Өзінің берген уәдесін орындайтынына олар сенді ме? Осының жауабын табу үшін Киелі кітаптан Мысырдан көшіп шығу кітабының 16-тарауы, 1-ден 3-ке дейінгі аяттардан мынаны оқимыз:

«Исраил әулетінің бүкіл қауымы Елимнен шығып, сол жер мен Синай тауының арасындағы Син айдаласына барды. Бұл Мысырдан көшіп шыққаннан кейінгі екінші айдың он бесі күні болатын. Сол айдалада күллі қауым Мұса мен Харонға қарсы наразылық білдіріп:

- Мысыр елінде Жаратқан Иенің қолынан өлгеніміз жақсы болған болар еді! Ол жерде етке толы қазанды айнала отырып, нанды тойынганымызша жеп жүрдік. Ал сендер бізді бүкіл қауымды аштан қатыру үшін осы шөл далаға бастап алып келдіңдер».

\\.....Музыка.....\\

Исраил халқы Құдайға сенім артты ма? Жоқ, олар Құдайға сенбеді! Олар Құдайға және Мұса пайғамбарға қарсы наразылық білдіре бастады. Құдайдың оларға қалай жауап бергенін тыңдаңыз:

“Ол (Құдай) Мұсаға тіл қатып:

- Мен исраилдіктердің наразы күңкілін естідім. Оларға былай де: кешке ет жеп, ертеңіне азанда нанға тоятын боласыңдар. Сонда Менің өздеріңнің Құдайларың Жаратқан Ие екенімді ұғынып білесіңдер, - деді. Сол кеште-ақ бөденелер ұшып келіп, халықтың қоныстанған жеріне қаптап қонды. Ал ертеңгісін азанда айналаны шық басып жатты. Шық кепкен кезде оның орнында айдалада қырау тәрізді ақ, нәзік қабыршықтар қалды. Исраилдіктер мұны көргенде оның не екенін білмей, бір-бірінен: ‘Ман һу?’ яғни ‘Бұл не?’ – деп сұрасты. Мұса оларға түсіндіріп: - Бұл Жаратқан Иенің сендерге жеуге берген наны... – деді... Исраилдіктер сон нанды манна деп атады. Оның түсі кориандр шөбінің дәндері сияқты ақ, ал дәмі бал қосқан күлшедей болды”, Мысырдан көшіп шығу 16:11-ден 15-ке дейінгі және 31 аят.

Құдай Исраил халқын Қанахан жеріне ертіп әкелгенше оларды шөл далада осылай тамақтандырды.

\\.....Музыка.....\\

“Шынайы өмір сыйлайтын “нан” Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпай, сенгендер ешқашан шөлдемейтін болады”, Інжіл, Жохан жазған ізгі хабар 6:35 аят.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, 5 қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 20 мамыр, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Шөл даладағы тамақ» Мысырдан көшіп шығу 17
тарау, №35.
Реттік саны: № 43. 42/48/1106сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірлі тыңдарман!

Әр жексенбі сайын берілетін «Шындық жолы» бағдарламасын назарыңызға ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Өткен хабарымызда шөл далада исаил халқына Құдай аспаннан нан мен ет жаудырғанын білдік. Бұдан кейін де халықтың наразылығы арта түсіп, айдаладан ішетін су іздеп шарқ ұрды. Құдай олардың шөлін қандыратын су тауып берді. Бүгінгі хабарда Мысырдан көшіп шығу кітабының 17-ші тарауынан Жаратқан Иенің жартастан қалай суды ағызғанын білетін боласыз. Студияда хабарды жүргізуші - Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Тамақтың қайдан келгенін көрдіңіз бе? Тамақ аспаннан, яғни Құдайдан түсті. Исаилдіктер Құдайдың жіберген тамағына лайықты ма еді? Жоқ! Олар Құдайға сенбеді және Оның мейірімділігін бағаламады. Сондықтан олар Құдайдың жазасынан басқа ешқандай нәрсеге лайықты болған жоқ. Құдай оларға рақымдылық танытпағанда, олар сол шөл далада аштан қырылып қалатын еді. Құдайдың мына сөзі туралы ойланып, көріңізші. Бүгінгі хабарымызды «Шөл даладағы су» деген тақырыппен жалғастырамыз. Ен далада шұбырып жүрген исаилдіктердің сулары таусылған кезде олардың не істегенін білесіз бе?. Ендеше, Таураттан, “Мысырдан көшіп шығу” кітабының 17-тарауынан оқиық.

\\.....Музыка.....\\

Онда былай жазылған:

“Осыдан кейін бүкіл Исаил қауымы Син айдаласынан шығып, Жаратқан Иенің бұйрығымен көштерін әрі қарай жалғастырды. Олар Рефідимге жайғасқанда ол жерде ауыз суы болмады. Халық Мұсаға ұрсып:

- Бізге су тауып беріңдер! – деп талап етті. Мұса оларға:

- Сендер неге маған ұрсасыңдар? Жаратқан Иеге сенбеушілік танытып, Оны еркінсіп сынамақсыңдар ма? - деп жауап берді. Алайда халық шөлдегендіктен Мұсаға қарсы наразылық білдіруін қоймай:

- Бізді Мысырдан неге алып шықтың? Өзімізді, балаларымызды, мал-жандарымызды шөлден қатыру үшін бе? – десті.

Мұса Тәңір Иеге қатты дауыспен сиынып:

- Мына халықты не істесем екен? Олар мені таспен ұрып өлтіруден аз-ақ алдында тұр, - деді.

Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып: - Өзіңе Исраил халқының бірқатар басшыларын ертіп алып, жұртты бастап, Нілдің суын сабаған таяғыңды қолыңа ұстай жүр. Мен Хориб тауындағы анау жартастың басында сенің қасыңда тұрамын.

Жартасты таяғыңмен сабалағанда ішінен халық ішетін су шықпақ, - деді. Мұса Исраил халқының рубасыларының көзінше солай істегенде су аға жөнелді”, Мысырдан көшіп шығу 17:1-ден 6-ға дейінгі аяттар.

Сонымен жартастан тасқындап шыққан су шөл даламен аға жөнелді. Адамдардың барлығы шөлдері қанғанынша ішіп, малдарын да суарды.

Құдай исраилдіктерге осы игіліктердің барлығын жасағаннан кейін олар Оған сенді ме? Қалай ойлайсыз, жүректері ризашылыққа толып, Құдайды мадақтады ма? Жоқ, әрине. Олар Құдайға сенудің орнына шағымдана берді. Талай қауіп-қатерлі жағдайлардан құтқарған Құдайға қарсы наразылық білдіре берді.

Сонда Құдай не істеді? Құдай шыдамды да рақымды болғандықтан оларға шөл далада тамақ пен су берді. Исраил халқы Құдайдың игіліктеріне лайықты ма еді? Жоқ. Олар Құдайдың жазалауына ғана лайықты болған. Құдай неліктен оларға мейірімділік танытты? Өйткені Құдай адал және рақымды. Рақымды Құдай Өз сөзінде тұрады. Исраилдіктер мейірімсіз, басқаларға жақсылық жасамаған күнәкарлары болса да, Құдай рақымды болғандықтан оларға тамақ пен су берді! Егер адамдар аштықтан өлуден игі істер арқылы құтыла алатын болғанда, Құдай оларды сол шөл далада өлуге тастап кететін еді.

Осы жағдай арқылы сіз Құдайдың рақымды ғана емес, сондай-ақ сөзінде тұратын Құдай болғандықтан исраилдіктерді қорғағанын түсінуіңіз керек. Құдай берген уәделерінің барлығын орындайды. Ал Исраил халқына қатысты Жаратқан Ие бір өте маңызды уәде берген. Сіз осыдан бұрын білгендей, Құдай Исраил халқы арқылы әлемнің барлық халықтарын жарылқаймын деп уәде берген болатын, өйткені пайғамбарлар, Киелі жазба, Құтқарушы осы әлемге Исраилдің ұрпақтары арқылы келмек болған. Иә, Құдай шынымен рақымдыққа толы, сөзіне берік Құдай.

\\.....Музыка.....\\

Құдай - шындық және сүйспеншілік. Әрине, исраил халқы Құдайдың сүйспеншілігіне лайық емес еді. Алайда олар Құдайға мойынсұнбай Оған қарсы шыққан кезде де Құдай оларға адалдығын және сүйспеншілігін көрсетіп, оларға аспаннан тамақ жіберді.

Бәлкім, “Исраилдіктер туралы әңгіменің бүгін бізге қандай қатысы бар?” деп сұрайтын адамдар да бар шығар. Құдай сөзінде: “Солардың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды” деп жазылған, Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:11 аятта.

Құдай Исраил халқын шөл даладан құтқарғандай Адам атаның ұрпақтарының әрқайсысын күнәдан құтқарғысы келеді.

Сіз мынандай сұрақтар төңірегінде ойланып көрдіңіз бе: Шөл далада қырылып қалмау үшін исаилдіктер не істеу керек еді? Олар тек Құдайдың аспаннан жаудырған тамағын теріп жеу керек еді. Оларға құтқарылу қайдан келді? Олардың өз күшімен еңбектенуінен бе? Жоқ. Олардың құтқарылуы Құдайдан келді. Олардың өздерін аштықтан және өлімнен құтқаратын билігі болмады. Олардың қолынан Құдайдың аспаннан жіберген тамағын жинап жеуден басқа ештеңе келмеді.

Иә, Киелі жазба мені мен сіздің де, тіпті бәріміздің Исраил халқы сияқты күнәкар екенімізді көрсетеді. Сіз өзіңізді күнәның билігінен де, Құдайдың әділ сотынан да құтқара алмайсыз.

Сіз исаилдіктер сияқты шөл далада жүрмесеңіз де, өлімнің көлеңкесі олардың үстіне төнгендей сіздің үстіңізге де төніп тұр. Құдайдың сөзінде анық айтылған: Құдай ұсынған құтқарылу жолынан бас тартқан әркім күнәкар боп өліп, тозақтың мәңгі сөнбес отына лақтырылады. Күнәкар болып өлу! Сотқа тартылу! Тозаққа түсу! Мұндай ойлар аса жағымды емес. Бұл сұмдық қасірет. Дегенмен жақсы жаңалық жоқ емес, бар. Ешкімнің де күнәкар болып өлуінің қажеті жоқ, өйткені Құдай исаилдіктерге шөл далада аштан өлмеулері үшін тамақ бергендей, сізге де осы өміріңіз бен болашақ мәңгілік өміріңізде рухани тамақ беріп, сізді жарылқамақшы!

Мәңгілік өмір беретін тамақ қандай? Сіз мәңгі өмір сүруге күш беретін тамақты базардан сатып ала аласыз ба? Жоқ. Ондай тамақ базарда атымен жоқ! Солай болса оны қайдан алуға болады?

Ардақты ағайын, исаилдіктер шөл далада манна жегеннен кейін бір жарым мындай жыл өткен соң, Құдай осы дүниеге Құтқарушыны жіберді. Құдай осы Өтеуші Құтқарушыны әлемге адамдарды күнәдан, өлімнен, соттан және тозақтан құтқаратын тамақ ретінде берді. Өтеуші-Құтқарушы жерде болған кезінде не айтқанын тыңдап, осы туралы мұқият ойланып көрейік. Ол былай деді:

«Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім Маған сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Шынайы өмір сыйлайтын “нан” Менмін. Ата-бабаларың айдалада манна нанын жесе де, ақырында өлді. Бірақ қазіргі көктен түскен “нан” мынадай: одан “жеген” адам рухани өлімге душар болмайды. Көктен түскен «тірі нан» Менмін. Одан «жеген» әркім мәңгілік өмірге ие болады. Бұл «нан» — Менің тәнім, оны адамзат шынайы өмірге ие болсын деп құрбан етемін». Інжіл, Жохан жазған ізгі хабар 6:47-ден 51-ге дейінгі аяттар.

Құрметті радио тыңдаушы бауырым, енді мына төмендегі Құдайдың сөзіне назар аударып, бұл жайында бізгі хат жазып, ой-пікіріңізді білдіріңіз.

\\.....Музыка.....\\

«Көктен түскен “тірі нан” Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпай, сенгендер ешқашан шөлдемейтін болады”, Інжіл, Жохан жазған ізгі хабар 6:35-ші аят.

Құдай қаласа, келесі хабарымызда Жаратқан Иенің Исраилге он өсиет бергені туралы әңгімемен танысамыз.

Бүгінгі хабарымызға байланысты сұрақтарыңыз болса, хабарласыңыз. Құдай сізге Исаның айтқан сөздерін ұғынуға көмектессін деген ниетпен, хабарымызды аяқтаймын. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Келесі жексенбіде әуе толқынында жүздескенше, аман-есен болыңыз!
Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 27 мамыр, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Отты Синай тауы» Мысырдан көшіп шығу
19, 20 тарау, №36.
Реттік саны: № 44. 43/48/1192

Диктор: Сәлеметсіз бе, қадірлі тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз өткен аптадағы хабардан әділетсіз және сенімдері әлсіз ираилдіктер өздерінің әрекеттерімен Құдайды ренжіте бергенін білдік. Сондай ақ, Құдайдың шөл далада ираилдіктерге олар аштан өлмеулері үшін аспаннан тағам жіберіп асырағанын көрдік. Бүгін Мысырдан көшіп шығу кітабынан 19, 20 тараулардан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгін «Отты Синай тауы» деген тақырыпты әңгімелейтін боламыз.

Осы хабардан Құдайдың шөл даладағы ираилдіктерге Өзінің киелі заңын қалай бергенін оқып білеміз. Таураттағы Мысырдан көшіп шығу кітабының 19-тарауын оқиық.

\\.....Музыка..... \\

Ол былай басталады: *“Ираилдің үрім-бұтағы Рефідимді тастап, Мысырдан көшіп шыққаннан кейінгі үшінші айдың бірінші күні Синайдың шөл даласына жетті”*, Мысырдан көшіп шығу 19:1 аят. Мұса мен ираилдіктер шөл даламен жүріп енді қай жерге келді? Олар Синай тауына келді. Құдай Мұсаны жанған бірақ өртенбеген бұтадан шақырып, онымен сөйлескенде Мұсаның қайда болғаны есіңізде ме? Ол осы Синай тауында болған. Сол оқиғадан сіз Құдайдың Синай тауында Мұсаға былай айтқанын естісіз:

“Мен халқымның Мысырдағы мүшкіл халіне назар аударып... халқымды азат ету үшін көктен түстім... Сондықтан сені перғауынға жіберемін... Мен саған жар боламын. Сен халықты Мысырдан алып шыққан соң, сендер Маған осы тауда гибадат ететін боласыңдар. Сені Өзім жібергенімнің дәлелі осы болмақ”, Мысырдан көшіп шығу 3:7,8,10,12 аяттар. Құдай Мұсаға берген уәдесін орындады! Біз Мұса мен бүкіл Ираил халқын Құдайдың 40 жыл бұрын жанған бұтадан айтқанындай Синай тауының етегінен көреміз.

Құдай: *“Сен халықты Мысырдан алып шыққан соң, сендер Маған осы тауда гибадат ететін боласыңдар”* – деген болатын.

Құдайдың Мұсаға қайта аян беріп, Исраил халқымен Синай тауында сөйлескенін көру үшін Киелі жазбаны ары қарай оқиық: Мысырдан көшіп шығу 19:3-тен 8-ге дейінгі аяттарда былай жазылған:

\\.....Музыка.....\\

“Сонда Мұса Құдаймен кездесу үшін тауға көтерілді. Тәңір оған тау басынан былай деп тіл қатты:

- Жақыптың әулеті – Исраил халқына мынаны жеткіз: “Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер. Сондықтан, егер айтқандарыма құлақ асып, Менің келісімді ұстанып жүрсеңдер, барлық халықтардың ішінде сендер Менің ерекше меншігім боласыңдар. Бүкіл жер- Менің иелігім, ал өздерің Маған бағышталған қасиетті халқым болып, басқалардың игілігі үшін діни қызметкерлер мен патша секілді рухани билік жүргізетін боласыңдар.” Исраилдің үрім-бұтағына айтуға тиіс сөздерің осы. Таудан түскен Мұса халықтың рубасыларын шақырып алып, өзіне Жаратқан Иенің тапсырған осы сөздерін жариялады. Сонда бүкіл халық бірауыздан: Жаратқан Иенің айтқандарының бәрін де орындаймыз! - деді.

Исраилдіктердің Құдайға қалай жауап бергенін естідіңіз бе? Олар: *Жаратқан Иенің айтқандарының бәрін де орындаймыз, - деді.* Олардың айтқандары шындық па? Олар Құдайдың өсиеттерінің бәрін сақтап, орындай алатын ба еді? Құдай исраилдіктердің Оның айтқандарының бәрін орындай алмайтынын жақсы білген. Исраилдіктер өз күшімен Құдайға ешқашан ұнай алмас еді, олар өздерінің Құдай алдында күнәлы екенін түсініп, Құдайдың Құтқарушы жайлы Ізгі хабарына сенуге тиіс болған. Құдай негізінде олардан осыны қалаған. Исраил халқының ата-бабалары Ыбырайым, Ысқақ және Жақып Құдайдың уәделеріне сенген. Сондықтан Құдай оларды сенімдеріне бола ғана кешірді. Құдай Исраил халқын да сенім арқылы құтқарғысы келді. Сенім - Құдайдың құтқарылу жолының негізі, яғни құтқарылу үшін біз Құдайға және Оның жоспарына сенім артуымыз керек. Киелі жазбада: *”Ендеше, заңды орындаған ешкімнің Құдай алдында ақтала алмайтыны анық, өйткені тек ‘сенімі арқылы ақталған адам шынайы өмірге ие болады” делінген, Ғалаттықтарға арналған хат 3:11 аят.*

Бірақ Исраил халқы өз әрекеттері арқылы Құдайдың алдында ақталып, әділдікке жетпекші болды. Осыдан біз олардың қандай ақымақ болғанын көреміз. Олар өздерінің Құдайды қанша рет ренжіткендерін ұмытып кетті! Құдай алдында қаншалықты күнәкар болғанын түсінбеді. Олар күнәны үлкен мәселе деп санамады, алайда әлемнің Төрешісі Құдай олардың күнәлерін үлкен зұлымдық деп есептеді. Құдай киелі әрі мінсіз Тұлға. Ол мінсіз нәрселердің ешқайсысын қабылдамайды!

Алайда исраилдіктер бұны әлі де түсінбеген болатын. Сондықтан олар өздеріне сенгендіктен: Құдайдың айтқандарының бәрін орындаймыз, - деп айтып жүрген. Бірақ Құдай олардың Оның айтқандарының бәрін орындай алмайтынын оларға көрсетпек болды. Құдайдың Өзінің салтанатымен және киелілігімен Синай тауына түсіп, исраилдіктерге он өсиетін бергенін көру үшін Киелі жазбадан, Мысырдан көшіп шығу кітабы 19:10-шы аяттан бастап оқиық:

\\.....Музыка..... \\

“(Жаратқан Ие) Мұсаға мынаны бұйырды:

- Халыққа бар да, оларды бүгін-ертең Маған бағыштап, пәк таза болуға шақыр. Бәрі киім-кешектерін жуып тазартып, бүрсігүнге дайын болсын! Сол күні Мен – Жаратқан Ие бүкіл халықтың көз алдында Синай тауына түсемін. Халыққа арнап тауды айналдыра шекара белгілеп қой да, оларға былай де: “Тауға көтерілуден не болмаса оның беткейіне аяқ-қолдарыңды тигізуден сақ болыңдар! Тауға аяқ-қолын тигізген әркім өлтірілуге тиіс! Сондайларға қол ұшы да тигізілмей, олар таспен немесе садақпен атқылансын. Олар мал болсын не адам болсын тірі қалдырылмасын”... Үшінші күні таң ата күн күркіреп, найзағай ойнап, тау басын қалың бұлт басып, ғаламат қатты керней даусы естілді. Халықтың бәрі де қорыққаннан дірілдеп қоя берді. Мұса оларды Құдаймен кездестіру үшін қоныстарынан алып шығып, олар тау беткейіне барып тұрды. Тәңір Ие тау басына от жалынына оранып түскендіктен, Синай тауын түгел түтін жапты. Таудан балқыту пешінен шыққандай түтін шығып, бүкіл тау қатты шайқалып тұрды. Керней дауысы күшейген үстіне күшейе түсті... Тәңір Синай тауының басына түсіп, Мұсаны сол жерге шақырды...

Сол кезде Құдай халыққа арнап мына сөздердің бәрін айтты:

- “Мен сені Мысыр елінен, құлдықтан алып шыққан Құдайың - Жаратқан Иемін.

- 1) Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!*
- 2) Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама!... Мен - сенің Құдай Иеңмін.*
- 3) Құдай Иеңнің атын орынсыз аузыңа алма! Өз атын орынсыз қолданғандарды Жаратқан Ие жазасыз қалдырмайды.*
- 4) Демалыс күнін Тәңірге бағыштауды ұмытпа!*
- 5) Ата-анаңды сыйла!*
- 6) Кісі өлтірме!*
- 7) Неке адалдығын бұзба!*
- 8) Ұрлық жасама!*
- 9) Ешкімді бекерге айыптама!*
- 10) Басқаның үйіне ие болуға сұқтанба! Оның әйеліне, құл-күңіне, өгіз-есегіне, не басқа да ешқандай нәрсесіне сұқтанба!*

Бүкіл халық найзағайдың жарқылдап түтіннің тауды қаптағанын көріп, күннің күркіреп, кернейдің қатты дауыстағанын естігенде зәрулері ұша дірілдеп кетті. Олар алыста тұрып, Мұсадан:

- Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, біз тыңдайтын боламыз. Өліп қалмауымыз үшін Құдайдың Өзі бізбен тілдесе көрмесін! – деп өтінді. Мұса халыққа: - Қорықпаңдар! Құдай сендерді үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны шын жүректен қастерлеулерің сендерді күнә жасаудан сақтайтын болсын, - деді.

Халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді, Мысырдан көшіп шығу 19:10-13, 16-20, 20:1-5, 7-8, 12-21 аяттар.

Бүгін Киелі жазбаны оқуымызды осы жерден тоқтатайық. Құдай бұйыртса келесі бағдарламамызда Құдайдың Синай тауында берген он өсиетінің әрқайсысын жеке қарастырамыз. Бірақ бүгін қоштасар алдында оқығанымыз арқылы Құдайдың бізге не үйреткісі келетінін түсініп алайық. Құдай – киелі, сондықтан біз Оған өз күшімізбен ешқашан жақындай алмаймыз. Киелі жазба бізге былай үйретеді: *”Пенде атаулы шөп сияқты”*, Петірдің 1-хаты 1:24 аят. Ал біздің сиынатын *“Құдайымыз жалмап қоятын от сияқты!”*, Еврейлерге арналған хат 12:29 аят. Отқа түскен шөппен не болатынын білесіз ғой! Олай болса, Киелі жазбадағы Нақыл сөздер кітабы 1:7 аяттағы ақиқат жайлы ойланыңыз.

\\.....Музыка.....\\

Онда: *“Білімнің бастауы - Тәңір Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну”* делінген. Сіз бұл туралы не дейсіз?

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 3 маусым, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Он киелі өсиет» Мысырдан көшіп шығу
20 тарау, №36-ның жалғасы, №37.
Реттік саны: № 45. 45/48/1194сөз,

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін Құдайдың исаил халқына берген «Он киелі өсиеті» туралы жеке-жеке қарастырамыз. Мысырдан көшіп шығу кітабынан 20-шы тараудан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен хабарымызда исаилдіктердің Мұсаға: *“Құдайдың айтқандарының бәрін орындаймыз”*-дегенін естідіңіз. Олар Құдайдың киелілігін толық түсінбегендіктен осылай айтты. Олар Құдайға өздерінің күштері және әрекеттері арқылы, яғни өздерінің жолымен ұнамақшы болды. Бірақ Құдай Синай тауына түсіп, оларға көрінген кезде олардың ой-пікірі өте тез өзгерді!

\\.....Музыка.....\\

Исаилдіктер күннің күркіреп, найзағайдың жарқылдағанын және түтіннің тауды қаптағанын көріп, өздеріне он киелі өсиетті жеткізген Тәңірдің даусын естіген кезде зәрелері ұша дірілдеп кетті. Киелі жазбада айтылғандай: *Олар алыстан тұрып, Мұсадан: “Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, біз тыңдайтын боламыз. Өліп қалмауымыз үшін Құдайдың Өзі бізбен тілдесе көрмесін!” – деп өтінді.*

Осылай Исаил халқы Құдайдың мінсіз киелілігін және өздерінің Оған жақындай алмайтынын түсіне бастады. Синай тауының етегінде олар Киелі жазбадағы: *“Пенде атаулы шөп секілді, ал Құдай бәрін жалмап қоятын от сияқты”, - деген ақиқатты түсінді. Киелі әрі ұлы салтанатымен келген Құдайды көрген кезде исаилдіктер: “Қиын ештенесі жоқ, Тәңірдің айтқандарының бәрін де орындаймыз”, - деп енді сеніммен айта алды ма? Жоқ, айта алмады. Исаилдіктер өздерінің мәселесін түсінді. Олар Құдайдың киелілігін және Оның өсиеттерінің қаншалықты қатаң екенін сезді. Сонымен бірге олар өздерінің Құдайдың киелі заңы бойынша өмір сүре алмайтынын да түсінді. Олар өздерін отқа түспек шөптей сезді. Ал сіз не ойлайсыз? Сіз Құдайдың киелілігін мойындайсыз ба? Құдай Иені және Оның заңын адал және мінсіз деп санайсыз ба?*

\\.....Музыка.....\\

Сіз өзіңіздің жүрегіңіз бен істеріңіздің Құдай алдында әділетсіз және кемелсіз екенін мойындайсыз ба?

Әлде исаилдіктер сияқты: “Қиын ештеңесі жоқ, Құдайдың барлық талаптарын орындаймыз, Оған игі істеріміз арқылы жақындаймыз”, - деп ойлайсыз ба? Мұндай ойлар Құдайдың ойларына қайшы келеді. Күнәмен ластанған пенде таза әрі киелі Құдайдың қасында тұра алады ма? Жоқ. Бір бөлігі жақсы, ал басқа бөлігі зұлым пендені Құдай өзіне жақындата алады ма? Жоқ. Құдай киелі болғандықтан күнәмен ласталғандарға төзе алмайды. Құдай кемелділікті талап етеді. Осыны түсінесіз бе? Әлде қиямет күні болатын сотта игі істеріңіздің арқасында зұлым істеріңіздің жазасынан құтылуға үміттенесіз бе? Егер олай болса, онда Құдайдың әділ төреші болмағаны. Осы туралы бір мысал келтірейік. Сотшы болып істейтін адам кісі өлтірушіге былай дейді: “Сен кісі өлтіріп, өлім жазасына кесілуге тиістісің. Бірақ бұрын жасаған игі істеріңе бола сені жазаламаймын. Аман-есен қайта бер”. Сіз осы сотшы туралы не айтар едіңіз? Оны әділетсіз төреші деп айыптар едіңіз, солай ма?. Құдай - әділ төреші. Ол күнәға көзін жұма алмайды. Бүкіл әлемді соттайтын Жаратқан Ие әділ істер ғана жасай алады. Әділ Құдай күнәның жазалануын талап етеді. Ал күнәның жазасы - өлім және Құдайдан мәңгі ажырау! Біз игі істеріміз арқылы күнәларымыздың құнын өтей алмаймыз. Біздің игі істеріміз жайлы Киелі жазбада былай айтылған: *“Бәріміз де күнәға батып, рухани ластанып кеттік! Құллі әділ істеріміздің өзі лас киімдей жиіркенішті!”*, Ишая пайғамбардың жазбасы 64:6 аят. Құдай бәрін жалмап қоятын от сияқты болғандықтан Адам атаның ұрпақтарының игі істері құрғақ шөп сияқты. Өз бетіңізбен әділ болуға тырыссаңыз, сіз киелі соттың отына төзіп тұра алмайсыз. Синай тауында исаилдіктердің Құдайдың отына жақындауға батылы барды ма? Олар Құдай тұрған тауға көтерілуге тырысты ма? Күн күркіреп, найзағай жарқыраған кезде, түтіні будақтаған тауға жақындауға олардың батылдығы жетті ме? Жоқ! Олар алыста тұрып, қорқыныштан дірілдеп кетті! Құдайдың киелілігі мен құдіретін сезіп үрейленген олардың ешқайсысы тауға жақындай алмады. Құдай киелі, Оған өз күшіңізбен жақындай алмайсыз! Сондықтан адамдарды Өзінің киелі талаптары бойынша жазалайды. Құдай күнәны елеусіз қалдыра алмайды.

\\.....Музыка.....\\

Енді он өсиеттің әрқайсысын мұқият талдап көрейік. Киелі Құдайдың алдында өзіңіздің кім екеніңізді түсіну үшін сіз өз өміріңізді осы өсиеттермен салыстырыңыз. Таураттағы Мысырдан көшіп шығу кітабының 20-тарауын оқиық. Құдай от пен түтінге оранып Синай тауына түскеннен кейін былай деді: *“Мен сені Мысыр елінен, құлдықтан алып шыққан Құдайың – Жаратқан Иемін”*, делінген, Мысырдан көшіп шығу 20:1-2 аяттар.

1. *Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!*, 20:3 аят.

Бұл 1-ші өсиет.

Жаратқан Ие: *“Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын”* – деді. Демек жалғыз Ол ғана сіздің Құдайыңыз болу керек.

Ол Өзінің даңқын басқа ешкіммен бөліспейді. Құдай – Жаратушы, сіз жалғыз Оған ғана табынуға тиіссіз. Бірақ біз елімізде және бүкіл әлемде басқа нәрсені байқаймыз. Мадаққа лайық жалғыз Құдайдың орнына адамдар бір-біріне табынады. Есімі қастерлі Құдай ғана қастерленуге лайықты. Біз Оған ғана өмірімізді арнап, сенім артуымыз керек. Өкінішке орай адамдар қиыншылықтарға душар болған кезде бәрін жаратқан және бәрінен күдіретті Құдайға біріншіден жалбарынуды ойламайды. Оның орнына олар өздері сияқты пенделерге жүгінеді, яғни адамдарды Құдайдың орнына қояды. Осылай ету - жалған құдайларға табыну болып табылады. Ал басқа құдайларға табыну – күнә.

2. Құдайдың екінші өсиеті: *“Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама! Сондайларға бас иіп табынып, құлшылық етпе! Мен – сенің Құдай Иеңмін, Өзімнен басқа тәңірлердің болуына төзбеймін”*, 20:4,5 аят. Бұл өсиетте Құдай сізге жалған тәңірлерден, яғни пұттардан сақтануды бұйырады. Жалған тәңірлер деген үйдегі арнайы орындарда тұратын және табынуға арналған мүсіндерді ғана білдірмейді. Құдай мен сіздің араңызда кедергі болатын барлық нәрселер де жалған тәңірлерге жатады. Кейбір адамдардың жалған тәңірі футбол, өйткені олар футболды Құдайдан артық көреді. Басқалар үшін осындай жалған тәңір теледидар болады. Олар Құдайдың сөзіне қарап, оны түсінуге ұмтылмайды, өйткені барлық уақыттары теледидар қараумен өтеді. Немесе Құдайдың күдіретін жеткіліксіз деп есептеп, тұмар тағатын адамдардың барын да білесіз. Тағы басқалар байлықты Құдайдан артық көреді. Олардың өміріндегі бірінші орында Құдай емес ақша тұрады. Олар көбірек ақша табу үшін тіпті Құдайға ұнамсыз істерді жасайды. Олардың құдайы – ақша. Демек Құдайдың орнын алған барлық нәрселер жалған тәңірлер болып табылады.

\\.....Музыка.....\\

3. Құдайдың үшінші өсиеті: *“Құдай Иеңнің атын орынсыз аузыңа алма! Өз атын орынсыз қолданғандарды Жаратқан Ие жазасыз қалдырмайды”*, 20:7 аят. Құдай шынымен Оның киелі атын орынсыз қолданғаныңызды қаламайды. Алайда сіз күнде адамдардың өз көршілеріне: “Иншалла, мен мынаны не ананы істеймін, мен анда барамын“, деп уәде беріп жатқанын естисіз. “Иншалла“, ”Құдай бұйыртса” дегенді білдіреді. Осындай адамдар айтқандарын істемейді. Өз уәделерін орындау және тіпті Құдайдың бұйырғанын іске асыру олардың ойларында да жоқ. Яғни олар Құдайдың атын орынсыз қолданып, көршілеріне өтірік айтады. Бұл – күнә. Басқалар жаман іс істесе де, оны істемедім деп Алланың атымен ант береді! Осындай күнә туралы Құдайдың сөзінде былай айтылған: *“Қайта, сендердің “иә” дегендерің шынымен “иә”, “жоқ” дегендерің шынымен “жоқ” болсын! Бұған қоса айтқандарыңның бәрі жамандықтарыңнан келеді”*, Інжіл Матай жазған ізгі хабар 5:37 аят.

4. Құдайдың Исраилдің үрім-бұтағына берген төртінші өсиеті:

“Демалыс күнін Тәңірге бағыштауды ұмытпа! Алты күн еңбектеніп, барлық жұмыстарыңды істей бер, ал жетінші күн – Құдай Иеңе бағышталған демалыс күні... Себебі алты күн ішінде Жаратқан Ие аспан, жер, теңізді және олардағы күллі нәрселерді жаратып, жетінші күні демалды”, 20:8-ден 11-ге дейінгі аяттар. Яғни Құдай ираилдіктердің жетінші күні демалып, Оны қастерлеуін қалады.

Ардақты ағайын, Құдай сізге Киелі жазбадағы Жақыптың хаты 2:10 аяттағы мына ақиқатты ұғындырып, батасын берсін.

\\.....Музыка.....\\

“Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты”. Бұл туралы сіздің пікіріңіз қандай?

Осымен хабарымызды тамамдаймыз, Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 10 маусым, 2012 жыл,
Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21:15,
Хабардың тақырыбы: «Он киелі өсиет» Мысырдан көшіп шығу 20 тарау, №37.
Реттік саны: № 46. 48/48/2012сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін Құдайдың «Он киелі өсиеті» туралы хабарымыздың жалғасын назарыңызға ұсынамыз. Сондай ақ, Мысырдан көшіп шығу кітабынан 20-шы тараудан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен жексенбідегі хабарымызда Мұса пайғамбарға Жаратқан Иенің Синай тауының басында берген он өсиетіннің төртеуін қарастырғанбыз.

Оларды есіңізге түсіре кетсек, Құдайдың бірінші өсиеті:

“Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!”.

Екінші өсиеті: *“Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама!”*

Үшінші өсиеті: *“Құдай Иенің атын орынсыз аузыңа алма!”*

Төртінші өсиеті: *“Демалыс күнін Тәңірге бағыштауды ұмытпа!”*

Ал енді келесі өсиетті қарастырайық.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың бесінші өсиеті: *“Ата-анаңды сыйла! Жаратқан Ие беретін елде ұзақ өмір сүруің үшін осылай істе”*, Мысырдан көшіп шығу кітабы 20:12 аят. Сіз бұл жерде ата-анаңыздың ерекше қадірленіп бағалануға лайықты екенін көресіз. Бірақ қазіргі ұрпақтан осыны көріп жүрген жоқпыз. Бүгінгі балалар ата-аналарын қадірлемейді, қайта оларды ренжітеді, сөз қайтарады, оларды тындамай өз беттерімен жүреді. Құдайдың бесінші өсиеті балалардың ата-аналарын сүйіп құрметтегенін және Жаратушының еркіне сай әрі ұнамды барлық жағдайларда оларға бағынғанын қалайды.

Құдайдың алтыншы өсиеті: *Кісі өлтірме!*, Мысырдан көшіп шығу 20:13 аят. Құдай осы өсиеті арқылы мынаны білдіреді: “Кісі өлтірген әркім – күнәкар, өйткені адамға өмір мен жанды жалғыз Құдай ғана береді. Құдайдың сөзі бойынша кісі өлтіру дегеннің мағынасы кәдімгі өлтіруді ғана қамтымайды.

Киелі жазбада: *“Бауырласын жек көрген әркім –кісі өлтіруші!”* – деп айтылған, Жоханның 1-хаты 3:15 аятта.

Құдайдың адамды оның істегені үшін ғана емес, оның ой мен ниеттері үшін де жазалайтынын адамдардың көбісі елегісі келмейді! Құдай адамның жүрегіндегі барлық нәрселерді анық көреді, сондықтан жек көру мен кісі өлтіру Оның тұрғысынан бірдей күнә болып саналады.

Құдайдың жетінші өсиеті: *Неке адалдығын бұзба!* Мысырдан көшіп шығу 20:14 аят. Неке – Жаратқан Иенің адамдарға берген керемет сыйы. Құдай қандай нәрсенің сіз үшін игі екенін жақсы біледі. Сондықтан Құдай ер адамға әйелді сыйлап, оның бір әйелмен ғана тұрғанын қалайды. Енді ер адам басқа әйелдерге құмарлана қарап, күнәға батудан бас тартуға тиіс. Құдай сөзінде былай айтылған: *“Жұбайларын өз тәніндей жақсы көру – күйеулердің міндеті”*, Ефестіктерге арналған хат 5:28 аят; *“Кім жеңіл жүріске түспеген әйелінен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады”*. Матай жазған ізгі хабар 19:9 аят. Адамдар Құдайдың заңына бағынбай, тыйым салынған істерді жасаған кезде осының зардабы олардың тәндерінде көрінеді. Сондықтан Құдай бекіткен некеден тыс жыныстық қатынас жасағандардың арасында өлімге апаратын дерттерге тап болғандар көп болады. Сіз тағы бір нәрсені білуге тиіссіз: кәдімгі жыныстық қатынастар ғана емес, осы туралы лас ойлар да неке адалдығын бұзуға жатады. Осы жайлы Киелі жазбада былай айтылған: *“Кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны”*, Матай жазған ізгі хабар 5:28 аят.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың сегізінші өсиеті: *Ұрлық жасама!* Мысырдан көшіп шығу 20:15 аят. Бұл өсиет анық әрі түсінікті. Алайда сіз мынаны білуіңіз керек: Құдайдың тұрғысынан ұрлық тек басқа біреудің ақшасын немесе затын ұрлауды ғана білдірмейді. Сіз егер тіпті басқа біреудің затын алмасаңыз да, негізінде оны иемденгіңіз келсе, жүрегіңізде ұры болғаныңыз! Құдай адамның жүрегінде не барын біледі. Ұрлықтың көп түрлері болады. Мысалы бастығыңыз сізге бір жұмыс тапсырып, ақысын төлейді, ол сізді жұмыс істеп жүр деп ойлайды. Бірақ сіз жұмыс істемей уақытты босқа кетірсеңіз, онда ұрлық жасағаныңыз. Яғни сіз бастығыңызды тонап, оған зиян шеккізіп жүрсіз. Ал ұрлықтың және басқа күнәлардың жазасы қандай болмақ? Өлімнен кейін мәңгі сөнбейтін тозақтың отына тасталу.

Құдайдың тоғызыншы өсиеті: *Ешкімді бекерге айыптама, Маңыңдағы адамға қарсы жалған куәлік берме!* Мысырдан көшіп шығу 20:16 аят. Бұл өсиет те анық әрі түсінікті.

Жаратқан Ие - шындықтың Құдайы, Оның ішінде ешқандай жалғандық жоқ! Адамдар мәселелерден сақтанып, басқалармен тату болу үшін аз ғана жалған айтуға болады деп ойлайды. Бірақ шындықтың Құдайы осындай кішкене өтіріктерге төзбейді. Яғни өтірік айтатын әркім осыны шайтанға еріп істейді, *“себебі ол - өтірікші, өтіріктің бастауы”*, інжіл Жохан жазған ізгі хабар 8:44 аят.

Шайтан ата-бабаларымыз Адам ата мен Хауа анаға да жалған айтқан және осы уақытқа дейін адамдарды алдап келеді. Сондықтан өтірік айтқан әркім шайтан істегенін істейді.

Құдайдың оныншы өсиеті: *Басқаның үйіне ие болуға сұқтанба! Оның әйеліне, құл-күңіне, өгіз-есегіне, не басқа да ешқандай нәрсесіне сұқтанба!* Мысырдан көшіп шығу 20:17 аят. Бұл өсиет нені білдіреді? Құдай адамның жүрегінің қаншалықты зұлым екенін біледі. Адамның ұрпақтарының жүректері қызғаныш пен ашкөздікке толы. Өзіміздің зұлым болмысымызға бола біз басқа біреудің әйеліне құмарта қараймыз немесе өзімізде жоқ бір нәрсенің басқа біреуде бар екенін көрген кезде осыған қызғанамыз. Осының бәрі күнә, өйткені Құдай Өз сөзінде былай айтады: *“Бұ дүниеге ештеңе де әкелген жоқпыз, ештеңе алып кетпейтіміз де айдан анық. Сондықтан ішер ас пен киер киім болса, соған қанағат етейік”*, Тимотеге арналған 1-хат 6:7,8 аят.

\\.....Музыка..... \\

Құдайдың Мұса мен Исраилдің үрім-бұтағына берген он өсиеті осы. Енді бүгінгі хабарымызды “Мен он өсиеттің бәрін де орындап жүрмін бе?” деген сұрақпен қорытындыласақ. Киелі Құдай Иеміз әлемге келген кезде осы он өсиетті екі сөйлеммен тұжырымдады. Сіз осыны білесіз бе?

1. *“Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл – ойыңмен сүй!”*

2. *“Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!” Бүкіл Таурат заңы мен Пайғамбарлар жазбалары осы екі өсиетке негізделген”,* Інжіл, Матай жазған ізгі хабар 22: 37, 39, 40 аят.

Егер сіз өзіңізді тексеріп, Құдайдың Мұсаға берген он өсиетін орындап жүргеніңізді білгіңіз келсе өзіңізге мынандай екі сұрақ қойыңыз:

Бірінші сұрақ: Менің Құдаймен қарым-қатынасым қандай? Мен Құдайды шын жүректен, бүкіл жан дүниеммен сүйемін бе?

Екінші сұрақ: Менің адамдармен қарым-қатынасым қандай? Оларды өзімді сүйгендей сүйемін бе?

Сөйтіп сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз қандай? Осы сұраққа шын жүректен жауап беріңіз. Сіз Құдайды бүкіл жан дүниеңізбен және ақыл–ойыңызбен сүйесіз бе? Құдай мен Оның сөзін өміріңізде бірінші орынға қоясыз ба?

Ал адамдармен қарым-қатынасыңыз қандай? Маңайыңыздағы адамдарды өзіңіздей сүйесіз бе? Басқаларды барлық жағдайда өзіңізден артық көресіз бе?

Өзіңіздің қамыңызды ойлағандай, достарыңыздың да қамын ойлайсыз ба? Басқалардың өзіңізге қалай істесін дегеніңізді оларға істейсіз бе?

Егер сіз осы сұрақтардың бәріне “иә” деп жауап бере алмасаңыз, онда өзіңіздің Құдай алдында айыпты екеніңізді біліңіз.

Егер сіз өз күшіңіз бен әрекеттеріңізге ғана жүгінсеңіз, онда сізде Құдайдың әділ сотының қарғысынан басқа ешқандай үміт жоқ.

Киелі жазбада айтылғандай: “Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер мен бүкіл өтірікшілердің үлесі күкірт жанып тұрған отты көл болмақ”, Аян кітабы 21:8 аят.

Құдай киелі және қасиетсіз еш нәрсеге төзе алмайды. Ол Өзі мінсіз болғандықтан мінсіз емес нәрсені қасына жолатпайды. Сондықтан Киелі жазбада былай айтылған: “Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты”, Жақыптың хаты 2:10 аят. Он өсиетті орындауға тырысу арқылы бірде-бір адам Құдайдың алдында ақтала алмайды, керісінше, сол заң адамның күнәлы екенін әшкерелейді... бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды” (Рим. хат 3:20,23).

Иә, қадірлі ағайын, Құдайдың сөзінде: “Адамдардың бәрі күнәкар” деп анық айтылған:! Келесі хабарымызда “Осы он өсиетті ешкім орындай алмаса, Құдай оларды не үшін берді?” – деген өте маңызды сұраққа Жаратқан Иенің Өзі қалай жауап беретінін естисіз.

\\.....Музыка.....\\
Құдай сізге Киелі жазбадағы Ғалаттықтарға арналған хат 3:10 аяттағы мына ақиқатты түсіндіріп, батасын берсін. “Өздерінің Таурат заңын ұстанғандарына сүйенушілердің бәріне қарғыс тиеді!”.
Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 17 маусым, 2012 жыл,
Эфирге шығатын уақыты: 21:00 – 21:15,
Хабардың тақырыбы: «Он өсиеттің мақсаты», №38.
Реттік саны: № 47. 44/48/1058сөз,

Диктор: Амансыз ба, қадірлі тыңдарман!
Эфирде «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Біз соңғы хабарымызда Құдайдың отқа оранып, күнді күркіретіп, найзағай ойнатып, Синай тауына түсіп, Исраил халқына он өсиетін бергенін әңгімеледік. Бүгін сол «Он өсиеттің мақсаты» туралы хабар тыңдайсыз. Студияда Арыстан бауырымыз.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдайдың исраил халқына берген он өсиетін білесіз бе? Есіңізге салайын, Бірінші өсиет мынадай болды:

”Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!”

Екінші өсиет: *“Басқа нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама!”*

Үшінші өсиет: *“Тәңір Иеңнің атын орынсыз аузыңа алма!”*

Төртінші өсиет: *“Демалыс күнін Тәңірге бағыштауды ұмытпа!”*

Бесінші өсиет: *“Ата –анаңды сыйла!”*

Алтыншы өсиет: *“Кісі өлтірме!”*

Жетінші өсиет: *“Неке адалдығын бұзба!”*

Сегізінші өсиет: *“Ұрлық жасама!”*

Тоғызыншы өсиет: *“Ешкімді бекерге айыптама!”*

Оныншы өсиет: *“Басқаның үйіне ие болуға сұқтанба!”*

\\.....Музыка.....\\

Міне, бұл Құдайдың Мұса мен исраилдіктерге жіберген он өсиеті. Яғни Құдай: “Осы он өсиеттің бәрін бұлжытпай орындаған адам ғана Менің қасымда мәңгі өмір сүруге лайықты болады”, - деп, исраилдіктердің мойындарына ауыр жүк артты. Сонымен бірге Құдай: “Бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты болып, Меннен мәңгі ажыратылатын болады” – деп ескертті! Құдайдың Синай тауында Исраил халқына көрсеткен киелілік жолы осы еді. Құдай оларға барлық жағынан Оған бағынуды бұйырды. Барлық жағынан! Ал күнәкарлар Құдайдың барлық өсиеттерін орындай алады ма? Жоқ, орындай алмайды. Алайда киелі Құдай осыны талап етеді! Сондықтан бүгін біз үшін бір маңызды сұрақ туындайды: *“Исраилдіктердің осы он өсиетті орындай алмайтынын біле тұра, Құдай оларды не үшін берді?”*

Құдай неліктен Адам атаның ұрпағына осындай ауыр жүк артты?
Біз исаилдіктердің: “Тәңірдің айтқандарының бәрін орындаймыз” дегенін көрдік. Бірақ Құдай олардың Оның талаптарын орындай алмайтынын жақсы білген. Исаилдіктер Құдайдың еркін толық орындауға қажет күштің өздерінде жоқ екенін білген жоқ. Олар өздерінің Құдайдан және Оның ұлы салтанатынан қаншалықты алыс екенін түсінбеді. Сондықтан Құдайдың исаилдіктерге он киелі өсиетті бергені мынаны білдірген: “Егер шамаларың келсе, осы өсиеттерді ұстанып көріңдер. Бірақ кімде-кім солардың тіпті біреуін бұзған болса, ол Менен мәңгіге ажыратылады”!

Құдай осы ауыр өсиеттер арқылы исаилдіктерге олардың өз күшімен Оны риза қылдыра алмайтынын білдіргісі келді. Құдай исаилдіктердің Оның барлық өсиеттерін орындай алмайтынын білгенімен исаилдіктердің өздері осыны әлі түсінбеген еді. Исаилдіктер біздің заманымыздағы қателесіп жүрген діндар сымақ адамдар сияқты болған. Мұндай адамдар игі істер істеу арқылы Құдайдың алдында ақталмақшы. Олардың ойынша қиямет күні болатын сотта олардың игі істері мен жаман істері таразыға салынып, игі істерінің салмағы көбірек болса, олар Құдайдың қасына барады. Алайда осылай ойлайтындар қатты қателеседі және Киелі жазба мен Құдайдың киелілігі жайлы білмейді. Құдай мінсіз, сондықтан күнәға төзе алмайды.

\\.....Музыка.....\\

Арғы атамыз Адаммен болған жағдайды мысал ретінде алайық. Құдай оны жұмақтағы бақтан қумастан бұрын Адам ата қанша күнә жасады? Он күнә жасады ма? Жүз бе? Әлде мың ба? Жоқ! Ол бір-ақ қана күнә жасағаннан кейін жұмақтан қуылды.

Бір ғана күнә жасап Адам ата Құдайдың қасында тұруға лайықты болмай қалды.

Бір ғана күнә жасап ол рухани өлімге ұшырады.

Бір ғана күнә жасап ол өзіне тозақтың отын тілеп алды.

Иә, киелі Құдай күнәға төзбейді. Сондықтан Ол исаилдіктерге: “*Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам, оны түгел бұзғандай айыпты*” - деді (Жақып. хаты 2:10).

Құдай киелілігі осындай болса, біз мына сұрақтың жауабын білгіміз келеді: “Исаилдіктердің осы он өсиетті орындай алмайтынын біле тұра, Құдай оларды не үшін берді?” Құдайдың жауабын тыңдайық: “*Себебі Құдайдың заңын орындау арқылы бірде-бір адам Оның алдында ақтала алмайды, керісінше, сол заң адамның күнәлы екенін әшкерелейді*”, Римдіктерге арналға хат 3:20 аят.

Сонымен он өсиеттің мақсаты қандай болған? Адамды күнәдан тазарту ма? Жоқ! Өсиеттердің мақсаты - адамның күнәкар екенін көрсету!

Түсінесіз бе? Құдай Мұсаға және исаилдіктерге он өсиетті не үшін берді? Оларды осы өсиеттер арқылы жұмаққа кіргізу үшін бе?

Әрине, жоқ. Құдай: “Егер өсиеттерімді түгел орындамасандар, айыпталасындар” деген.

Адам атаның ұрпақтырының Құдайдың барлық өсиеттерін мүлтіксіз орындауы мүмкін емес? Ластанған судан таза су алуға болады ма? Болмайды!

Сонымен, он өсиеттің мақсаты қандай? Киелі жазбада он өсиет “адамның күнәлы екенін әшкерелейді” делінген. Құдай осы өсиеттерді сізді Өзінің сотынан құтқару үшін берген жоқ. Құдай оларды сізге өзіңіздің күнәлы екеніңізді және Құтқарушыға мұқтаж екеніңізді көрсету үшін берді. Осыны түсіндіңіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Мәселен, он өсиетті ауруханадағы рентген құралына ұқсатуға болады. Мен өзімнің қандай аурумен ауырғанымды білмеген жағдайда дәрігер мені рентгенге түсіруі мүмкін. Ал рентгеннен шыққан фотосурет не үшін керек? Менің бойымдағы сырқатты табу үшін. Құдайдың Мұсаға тапсырған киелі өсиеттерін де осы рентген құралына ұқсатуға болады.

Өсиеттердің мақсаты – біздің жан-жүрегіміздегі кемшілікті, яғни күнәны көрсету. Құдайдың он өсиеті менің бойымдағы күнәны қалай әшкерелеп көрсетеді? Мен өзімнің жүріс-тұрысымды Құдайдың киелі заңымен салыстырған кезде өзімнің ойларымның, сөздерімнің, істерімнің Құдайдан қаншалықты алыс екенін көре аламын. Мен Жаратушының заңына және өзіме қараған кезде Құдайға, адамдарға қарсы күнә жасағанымды түсініп, өзімнің таза әрі мінсіз Құдайға жақындай алмайтынымға көз жеткіземін!

Рентген құралы адамның тәніндегі сырқатты көрсеткендей он өсиет те адамның жүрегіндегі кемшіліктерді көрсетеді. Рентген құралы ауру адамды сауықтыра алмайтындай, он өсиет те менің күнәға толы жүрегімді сауықтыра алмайды. Сауығу үшін мен ұлы Дәрігерге, яғни Құдайға оралуым керек. Бойымдағы күнәның зардабынан, яғни мені күтіп тұрған өлім мен жазадан құтқаратын жоспар Құдайда ғана бар.

\\.....Музыка.....\\

Бәлкім арамыздағы кейбіреулер былай дейтін шығар: “Тоқтай тұр! Мен жақсы адаммын ғой! Басқалар сияқты ұрлық жасамаймын, адамдарды алдамаймын, неке адалдығын бұзбаймын!” Егер сіз осылай ойлайтын болсаңыз, онда Құдайдың киелі болмысын әлі түсінбегеніңіз! Сіз мынаны білуіңіз керек: қиямет соты күні Құдай сізді күнәкар көршіңізбен салыстырмайды. Құдай сізді Өзінің киелі әрі мінсіз заңына жүгініп соттайтын болады. Киелі жазбада айтылғандай: “*Tinmi бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам, оны түгел бұзғандай айыпты*” (Жақып. хаты 2:10). “Неке адалдығын бұзба!” – деген Құдай, “*Ешкімді бекерге айыптама! Жалған куәлік берме!*” – деп те айтады.

Сонымен егер сіз неке адалдығын бұзбасаңыз да, бір ғана өтірік айтсаңыз, онда заңды түгел бұзғандай айыпты болып, жұмаққа, яғни Құдайдың қасына бара алмайтын боласыз.

Ардақты ағайын, Құдайдың сізге жар болып, бүгін айтылғанның бәрін түсінуге көмектессін. Римдіктерге арналған хат 3:20 аяттағы Құдайдың сөзімен хабарымызды аяқтаймын...

\\.....Музыка.....\\

“Себебі Құдайдың заңын орындау арқылы бірде-бір адам Оның алдында ақтала алмайды, керісінше, сол заң адамның күнәлі екенін ашкерелейді”. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 24 маусым, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Он өсиеттің мақсаты» Мысырдан көшіп шығу
20 тарау, №38.
Реттік саны: № 48. 30/48/1143сөз,

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\
Әділдік жолын түсінген әрбір жанға шынайы Құдайдың атынан
амандық пен тыныштық тілейміз. Бүгін Құдайдың исаилдіктерге
берген «Он өсиетінің мақсатын» тереңірек ашып, түсінетін боламыз.
Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.
\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Егер сізді соттамақшы болған Құдайдың алдында жағдайыңыз сондай
мүшкіл болса, онда Оның жазасынан қалай құтыла аласыз?

Күнәдан құтқарылу үшін сіз не істеуіңіз керек? Сізде үміт жоқ па? Егер
өз күшіңізге жүгінетін болсаңыз, онда сізде ешқандай үміт жоқ. Алайда
адамзатты күнәнің жазасынан құтқару үшін арнайы жоспар дайындаған
Құдайға алғыс айтайық. Себебі біз сізге осы екі ойды қалдырғымыз
келеді. Ол: Он өсиетті орындау арқылы ешкім де құтқарыла алмайды!
Күнәкарларды құтқару жайындағы жоспар жалғыз Құдайда ғана бар!

Киелі жазбада былай айтылған: *“Арамдардың, жексұрын қылықтар
жасап, жалған айтатындардың ешқайсысы да жұмақ қаласына
кірмейді”*, Аян кітабы 21:27 аят. Сіз өз күшіңізбен Құдайға ешқашан
ұнай алмассыз! Бұл пікірге сіз қалай қарайсыз?.

\\.....Музыка.....\\

Ал ендеше, Құдайдың сөзінде құлақ түріңіз:

*“Бәріміз де күнәға батып рухани ластанып кеттік! Күллі әділ
істеріміздің өзі лас шүберектей жиіркенішті!”*, Ишая пайғамбардың
жазбасы 64:6 аят. *“Осылай бүкіл адамзат та Құдай алдында күнәлы
болып, сотталатын болады... Бірде-бір әділ кісі жоқ... Бәрі тура
жолдан тайып, бірге азғындыққа салынды. Жақсылық жасаушы
ешкім жоқ, тіпті бір жан да жоқ... Бұл жерде ешқандай
айырмашылық жоқ: бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген
ұлылығынан құр алақан қалды”*, Римдіктерге арналған хат
3:10,12,22,23,19 аяттар.

Алайда Тауратты оқуды одан әрі жалғастырар болсақ, Мысырдан
көшіп шығу кітабының 20-тарауынан сіз Құдайдың исаилдіктерді
киелі заңның қарғысынан азат ететін жолды дайындағанын көресіз.

Құдай он өсиетін бергеннен кейін не болғанын Киелі жазбадан оқып, көрейік: Мысырдан көшіп шығу кітабы 20:18-ден 24-ке дейінгі аяттарды оқиық.

\\.....Музыка.....\\

“Бүкіл халық найзағайдың жарқылдап түтіннің тауды қаптағанын көріп, күннің күркіреп, кернейдің қатты дауыстағанын естігенде зәрулері ұша дірілдеп кетті.... Халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді. Сонда Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды: Исраил үрім-бұтағына былай де: “Көктен сендерге тіл қатқанымды өздерің көріп естідіңдер... Маған арнап топырақтан құрбандық орнын салыңдар. Қой-ешкі, ірі қараларыңнан құрбандық шалып, соның үстіне кейбіреулерін тұтасымен өртеп жіберіңдер... Мен өз атымды атап, дәріптеулеріңе рұқсат еткен әрбір орында қастарыңа келіп, өздеріңді жарылқаймын”.

Мұса Құдайдың барлық нұсқауларын кітапқа жазды. Мұса таңертең ерте тұрып, Құдай бұйырғандай, Синай тауының етегінде құрбандық орнын салды. Оны салып біткен соң, Мұса жас жігіттерге бұқаларды құрбандыққа шалып, олардың қанын бір тостағанға құйып, ал малдың етін құрбандық орнында өртеуді бұйырды. Осыдан кейін Мұса бұқалардың қанын құрбандық орнына, он өсиет жазылған кітапқа және жиналған халыққа бүркіп шашып былай деді: *“Бұл - Жаратқан Иенің осы айтылған сөздер бойынша өздеріңмен жасаған келісімін бекітетін қан”*, Мысырдан көшіп шығу 24:4-7.

Сөйтіп сіз Мұсаның Құдайдың бұйрығы бойынша құрбандық орнын жасап, малдарды құрбандыққа шалып, малдың қанын бүкіл Исраил халқына бүркіп шашқанын көрдік. Мұса осыны не үшін істеді деп ойлайсыз? Құдай Адам атаға, Әбілге, Нұхқа, Ыбырайымға, Ысқаққа және Жақыпқа үйреткен ақиқатты, яғни қан төгілмей, күнәның кешірілмейтінін исраилдіктерге де ескерткісі келді (Евр. хат 9:22). Құдайға жақындағысы келген әркім Оған мінсіз құрбандық әкелуге тиісті болған.

\\.....Музыка.....\\

Құдай неліктен адамдарға малдарды құрбандыққа шалғызды? Себебі Құдай әділ және Оның киелі заңы бойынша тіпті ең “кішкене” деген күнәның өзі өліммен және мәңгі сотталумен жазаланады. Исраилдің үрім-бұтағы Құдайдың он өсиетін толық орындай алмағандықтан құрбандық шалуға мәжбүр болды, яғни кінәлының орнына кінәсыз өлуге тиіс болған. Алайда біздің енді білетініміздей, малдарды құрбандыққа шалу күнәны жоя алмаған, олар адамның күнәсын уақытша ғана, яғни Құдай әлемге Құтқарушыны жібергенге дейін жауып қоятын. Ал Құтқарушы жанын соңғы әрі мінсіз құрбандық ретінде өз еркімен адамзаттың күнәсы үшін қимақшы болған.

Сондықтан бүгін біз Құтқарушының осы әлемге келіп, біздің күнәларымыздың құнын бір жолата төлеп кеткеніне шексіз ризамыз. Осы Құтқарушының есімін білесіз бе? Дұрыс, Оның есімі - Иса.

Иса – “Тәңір құтқарады” дегенді білдіреді. Исаның жер бетінде әкесі болмаған, Ол көктен келген Тұлға болған. Оның бойында Адам атаның барлық ұрпақтарына тән күнәкар болмыс жоқ болған. Иса он өсиет пен Құдайдың барлық талаптарын мүлтіксіз орындады.

Иса ешбір күнәсыз болғандықтан өмірін құрбан етіп, Оған сенгендерді күнәдан тазартуға лайықты болды.

Осы Өтеушінің кемелді құрбандығына бола Құдай сізді және мені ақтап, әділ деп жариялай алады, өйткені ешбір күнәсы жоқ Құтқарушы біздің күнәларымыздың жазасын тартты.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, сіздің бүгін білгеніңіз жайлы екі маңызды ойды есіңізде сақтағаныңыз жөн:

Бірінші: Он өсиетті орындау арқылы ешкім өзін құтқара алмайды! Киелі жазбада осы туралы не айтылғанын тағы да тыңдайық: *“Өздерінің Таурат заңын ұстанғандарына сүйенушілердің бәріне қарғыс тиеді! Тауратта жазылған барлық ережелерді бұлжытпай орындамайтын әркімді қарғыс атады!”* (Ғалат. хат 3:10) *“Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты”* (Жақып. хаты 2:10). Он өсиетті орындауға тырысқан ешкім де құтқарыла алмайды, өйткені осы өсиеттердің мақсаты – адамның күнәсын көрсету.

Біздің есімізге сақтайтын екінші ой мындай: күнәкарларды құтқару жайындағы жоспар жалғыз Құдайда ғана бар. Киелі жазбадағы мына сөздерді тыңдайық: *“Құдай біреу – ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де біреу, Ол – адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх. Бәрін күнәның құлдығынан босату үшін Мәсіх жанын қиып, соның төлемін өтеді”*, Тимотеге арналған 1-ші хат 2:5,6 аят. Шынымен де, күнәкарларды құтқару жайындағы жоспар Құдайда ғана бар.

Құдай неліктен адамдарға малдарды құрбандыққа шалуды бұйырды? Өйткені Құдай адал және Оның киелі заңында айтылған Яғни Құдайдың заңын бұзған әркім күнәкар, ал күнәнің құны - өлім. Исраилдіктер Құдайдың барлық өсиеттерін орындай алмағандықтан Құдайға кінәратсыз малды құрбандыққа шалуға тиісті болды, яғни кінәлы адамның орнына кінәсыз жануардың өмірі алынатын. Осылайша Құдай адамдардың талпыныстарына бола олардың күнәларын кешірмейтінін көрсетіп, Өзінің әділдігін дәлелдеді. Құдай адамның күнәсын мінсіз құрбандықтың қаны арқылы ғана кешіре алады. Енді Мысырдан көшіп шығу кітабының 24-ші тарауын оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Жаратқан Ие Мұсаға былай деп бұйырды: “Тау басына көтеріліп, осы жерде бол. Мен саған халыққа үйрету үшін Өзім ережелерім мен өсиеттерімді жазған тас тақташаларымды беремін”. Мұса көмекшісі Ешуаны ертіп Құдай тауына көтерілді. Ал таудың басына Мұсаның өзі ғана шықты. Ол рубасыларына:

- Біз қайтып келгенше осы жерде қалыңдар. Харон мен Гұр сендермен бірге болады. Мәселелері барлар соларға жүгінсін, - деген болатын. Мұса көтеріліп бара жатқанда тауды бұлт басып, Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты Синай тауына орнады. Бұлт тауды алты күн бойы жауып тұрды. Жетінші күні Тәңір бұлт арасынан Мұсаға тіл қатты. Исраил ұрпақтарының көздеріне Жаратқан Иенің салтанаты бәрін жалмап қоятын от іспетті көрінді. Мұса бұлт ортасына кіріп, тау басына көтерілді. Қырық күн, қырық түн бойы ол сонда болды, Мысырдан көшіп шығу кітабы 24:12-ден 18-ге дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Ал біз келесі жексенбіде “Өсиеттердің орындалмай бұзылуы” деген тақырыпты қарастыратын боламыз. Онда Мұса пайғамбар мен Исраил халқы әлі де шөл далада Синай тауының қасында қоныстанғаны жайлы айтылады.

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын айы - жылы: 1 шілде, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Өсиеттердің орындалмай бұзылуы» Мысырдан
көшіп шығу 24 тарау, №39.
Реттік саны: № 49. 42/48/1156сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Құдай Исраил халқына он өсиетті бергеннен кейін не болғанын білесіз бе? Исраилдіктер таудың етегінде Мұсаны шыдамдылықпен күте алмады. Бүгінгі күнде біз де, Құдайдың сөзін тез ұмытып, өз бетімізбен кететін кездеріміз көп қой. Ал сіздің назарыңызға «Өсиеттердің орындалмай бұзылуы» деген хабарды ұсынамыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Исраилдіктер туралы қазір оқиын деп отырғанымыз сіз үшін де өте маңызды сабақ болады деп ойлаймын. Құдай осы таң қалдыратын оқиға арқылы сізге ескерту жасағысы келеді. Мысырдан көшіп шығу кітабы 32-тарау 1-ден 4-ке дейінгі аяттан мынаны оқимыз:

\\.....Музыка.....\\

“Ал Мұсаның тау басынан ұзақ уақыт бойы төмен түспегенін көрген халық Харонның қасына жиналып:-Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсінін жасап беріңіз! Бізді Мысыр жерінен бастап шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз, - деп талап етті. Харон оларға:-Ендеше әйелдерің мен ұл-қыздарыңның құлақтарындағы алтын сырғаларын шешіп алып, маған әкеліп беріңдер, - деп жауап қайырды. Сонда бүкіл жұрт құлақтарынан алтын сырғаларын шешіп алып, Харонға әкеліп берді. Харон соларды қолдарынан қабыл алып, балқытып, одан жас бұқа мүсінін құйды. Сонда халық : - Әй, Исраил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің - осы! – десті”.

Міне, исраилдіктердің не істегендерін көрдіңіз бе? Бірнеше-ақ күн бұрын олар: *Тәңірдің айтқандарының бәрін орындаймыз, -* деген болатын. Ал қазір олардың Құдайдың Синай тауында берген бірінші және екінші өсиетін бұзғандарын көріп тұрсыз. Құдай берген осы екі өсиет мынандай болған: *“Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын”* және *“Өзіңе тәңір бейнелерін жасама!”* Ал исраилдіктер не істеді? Олар Құдайды елемей, Мысырда көрген жалған тәңірлерге ұқсатып, өздеріне алтын бұқа жасап алды. Сіз қалай ойлайсыз, исраилдіктер неліктен Құдай мен Оның Сөзінен соншалықты тез бас тартты? Өйткені олар көзге көрінетін және ұстауға болатын Құдайды қалады.

Олар біздің заманымыздағы кейбір адамдар сияқты Құдай Сөзін елемей, адамдар мен өздерінің салт-дәстүрлеріне мән берді. Көзге көрінбейтін Құдайдың соңынан еруден гөрі көзге көрінетін пенденің соңынан еру әлдеқайда оңайырақ емес пе? Сондықтан Адам атаның ұрпақтарының көбісі Құдайдың сөзін пенденің берік негізі жоқ көзқарастарымен алмастырады. Енді исаилдіктер өздеріне алтын бұқа жасап алған соң не болғанын қараңыз.

\\.....Музыка.....\\

Мысырдан көшіп шығу кітабы 32-ші тарау, 5-ші, 6-шы аятта былай делінген: *“Мұны көрген Харон мүсіннің қарсы алдынан құрбандық үстелін салып, қатты дауыстап: - Ертең Жаратқан Иеге арналған мейрам болады! – деп жариялады. Олар келесі күні ерте тұрып, құрбандық шалып, өртеп жіберді. Содан соң басқа да мал алып келіп, ризашылық құрбандығы ретінде шалды. Халық жайғасып отырып, құрбандықтан ішіп-жеседі; біраздан кейін азғын ойындар ойнау үшін орындарынан тұрды”*.

Ардақты ағайын, Харонның не істегенін естідіңіз бе? Киелі жазбада: *“Харон мүсіннің қарсы алдынан құрбандық үстелін салып, қатты дауыстап: - Ертең Жаратқан Иеге арналған мейрам болады! – деп жариялады”*–делінген. Исаилдіктер шынымен Жаратқан Иеге арнап мейрам жасамақ болды ма? Олар Құдайға осылай табынушы ма еді? Жоқ! Бұл мүлдем бұлай емес! Бұл мейрамға Құдайдың ешқандай қатысы жоқ болған! Олар бірінші және екінші өсиетті ғана емес, сонымен бірге: *“Құдай Иенің атын орынсыз аузыңа алма! - деген үшінші өсиетті де бұзды. Исаилдіктер: Құдай – біздің Иеміз, Жаратушымыз! – деп, Оның есімін орынсыз ауыздарына алғанымен, олардың жүректері Құдайдан алыс болған еді.*

Олардың Жаратқан Иеге табынуында да, ешқандай мағына болмады. Халықтың бас иіп, мінажат еткендері Құдайдың қаһарын лаулатты! Енді осы әңгімені оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Сонда Жаратқан Ие Мұсаға былай деп бұйырды:

- Тезірек төмен түс, Мысырдан сен бастап алып шыққан халқың азғындыққа салынды! Олар Мен өздеріне өсиет еткен жолдан лезде тайып шығып, алтыннан құйылған жас бұқа мүсінін жасап алды. Соған иіліп құлшылық етіп, құрбандық шалып, “Әй, Исаил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің осы!” – десті. Жаратқан Ие Мұсаға тағы да:- Мен бұл халықты назарымда ұстап келемін, оның тоң мойын қыңыр екеніне көзім жетті. Енді мені тоқтатуға тырыспа! Қаһарым лаулап, оларды құртып жібермекпін. Содан кейін өзіңнен үлкен халықты жаратамын, - деді. Бірақ Мұса Құдай Иесінен райынан қайтуын жалбарына сұрап: - Уа, Жаратқан Ие! Өзің Мысырдан ұлы күшпен, құдіретті қолыңмен бастап алып шыққан халқыңа қарсы неге қаһарың лаулайды? - деді. - Егер солай істесең, онда мысырлықтар:

“Тәңір оларды елімізден арам ниетпен, тауда қырып-жойып, жер бетінен жоқ қылу үшін алып шығыпты,” - деп жүрер.

Қаһарыңды басып, халқыңа апат жіберемін деген райыңнан қайтып, қызметшілерің БЫрайым, Ысқақ пен Исраилді есіңе түсіре гөр. Оларға: “Сендердің ұрпақтарыңды аспандағы жұлдыздардай сансыз көбейтіп, Өзім беруге уәде еткен осы жерді сыйлаймын, олар соны мәңгі иемденетін болады,” – деп өз атыңмен ант берген едің зой.

Сонда Жаратқан Ие халқына апат жіберемін деген ниетінен бас тартты.

Мұса екі тас тақташаны қолына ұстап, кері бұрылып, таудан төмен түсіп кетті. Тақташалардың екі бетінде де: алдыңғы, артқы жақтарында да келісім ережелері жазылған еді. Тас тақташаларды жасап, беттеріндегі сөздерді ойып жазу Құдайдың ісі болатын.

Мұсаны жарты жолда қарсы алған Ешуа халықтың қатты дауыстаған у-шуын естіп: “Бұл соғыс кезінде шығатын айқай зой!” – деді. Ал Мұса: “Бұл жеңістің қуанышты үні емес, жеңілістің зарлайтын үні де емес. Мен бейберекет айтылған өлеңдерді естіп тұрмын”, - деп жауап қайырды.

Мұса ел қонысына таяп, жас бұқа мүсіні мен билеген халықты көргенде қаһары лаулап, тау етегінде тұрып, қолындағы тас тақташаларды жерге лақтырып жіберіп, быт-шытын шығарды. Бұдан кейін халықтың жасап алған жас бұқа мүсінін алып, отқа салып құртты. Одан қалғанын ұнтақтап үгіп, суға араластырды да, соны исраилдіктерге ішкізді. Харонға қарап: - Осыншама зор күнәға батыратындай мына халық саған не істеді? - деген сұрақ қойды. Харон:

- Қаһарыңызды лаулата көрмеңіз, мырзам. Бұл халықтың жамандыққа бейім екенін өзіңіз білесіз зой. Олар былай деп бұйырды: “Бізге алдымызда жүріп отыратын Тәңір мүсінін жасап беріңіз!

Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз”. Мен оларға: “Кімнің алтын әшекейі болса, соларын шешіп алсын”, - дедім. Олар маған алтындарын беріп, мен оны отқа салдым. Сонда одан әлгі жас бұқа шыға келді, - деп жауап берді.

Мұса халықтың жүгенсіз кетіп, Харонның да олардың шектен шығуларына жол беріп, жауларына таба болғандарына көзі жетті. Сондықтан ол ауылдың кіре беріс қақпасы алдына шығып алып:

- “Кім Жаратқан Иенің жағында болса, сол қасыма келсін!” – деп шақырды. Сонда оның қасына бүкіл Леуі руы жиналды. Мұса оларға:

- Исраилдің Құдайы Жаратқан Ие былай деп бұйырды: әрқайсың семсерлеріңді белдеріңе байлап алып, ауылды бір қақпасынан екінші қақпасына дейін жүріп, (күнәға батқан) бауырларың, дос-жарандарың мен көршілеріңнің көзін құртыңдар! – деді. Леуіліктер оның айтқандарын орындап, сол күні халықтың үш мыңдайы өлім құшты... Кейінірек Жаратқан Ие халықты Харон жасаған жас бұқа мүсініне табынғандарына бола індет жіберіп жазалады», Мысырдан көшіп шығу кітабынан 32 тарау, 7-ден 28-ге дейінгі аяттар және 35 аят.

\\-----Музыка-----\\

Сонымен, қадірлі жамағат, Жаратқан Иеміздің: *”Жалған тәңірлерден сақ болыңдар!”* деген ескертуін есіңізде сақтап жүргейсіз, Жоханның 1-ші хаты 5:21 аят.

Бүгінгі хабарымызға байланысты сұрақтарыңыз болса хат жазыңыз. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\-----Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 8 шілде, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №39 жалғасы, №40 басы «Киелі шатыр». Мысырдан
көшіп шығу 25 тарау,
Реттік саны: № 50. 43/48/1129

Диктор: Сәлеметсізбе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Біз хабарларымыз арқылы Киелі кітапқа басынан бастап шолу жасап келеміз. Мұса пайғамбар Синай тауында Құдайдың сөзін тыңдап тұрған кезде ираилдіктер өздеріне алтыннан бұқаның мүсінін жасап алып, оған табынған еді. Ираилдіктер үлкен күнә жасады! Олар Құдайдың киелі заңын бұзды. Сөйтіп, адамның жүрегіндегі зұлымдық тағы да көрінді. Бүгінгі хабарда осы туралы және “Киелі шатыр” жайында айтылатын болады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен хабарда ираил халқы Құдайдың оларға жасаған барлық жақсылықтарына қарамай, Құдайдың бекіткен әділдік жолынан тез тайып кеткендігі туралы айтқанбыз. Алайда Жаратқан Ие Мұса пайғамбарға екі тас тақташаға Ираилдің ұрпақтары орындамай бұзған өсиеттерді қайта жаздырған еді. Бірақ олар өз беттерімен кетіп, өздеріне дін жасап алды, яғни өз қолдарымен жасаған нәрселерге табынуды таңдады. Сөйтіп Құдайдың жолын менсінбей, өздері шығарып алған діндеріне қуанды. Олар Құдайды ауыздарымен дәріптегенімен жүректері Одан алыс болған еді! Сондықтан алтыннан жас бұқаның мүсінін жасап, өз қолдарымен жасаған нәрсеге табынып, тірі әрі шынайы Құдайдан бас тартты.

Осы сұмдық оқиға арқылы Құдай бізге не үйреткісі келеді? Құдай біздің Онымен қарым-қатынасымыз жайлы ойланғанымызды қалайды. Кейбіреулер: “Мен осы ираилдіктер сияқты емеспін. Мен ешқашан Құдайдан бас тартып, жалған тәңірлерге табынған жоқпын”, - деп ойлайтын шығар. Сіз де осылай ойласаңыз, жалған тәңірлерге табынбағаныңызға шынымен сенімдісіз бе? Жалған тәңір деген кәдімгі жасалған мүсінді ғана білдірмейді. Өміріңізде Құдайдан артық көрген барлық нәрселеріңіз жалған тәңірлерге жатады. Мысалы: ақша, әдемі киім, жыныстық қатынас, футбол, теледидар, өзіңіз немесе басқа бір адам, ата-бабаларыңыздың дәстүрлері, осының барлығы жалған тәңірлер бола алады. Кейбір адамдар тұмарларға табынады. Басқалар діни міндеттерін жалған тәңірлерге айналдырады, өйткені Құдайдың сөзін тыңдаудан гөрі мінажат пен оразаға көбірек көңіл бөледі!

Құдайдың және Оның ақиқатының орнында тұрған барлық нәрсе жалған тәңір болып табылады.

Ал сіздің Құдайыңыз кім? Сіз шын мәнінде кімге табынасыз? Жаратқан Иеге ме әлде жалған тәңірлерге ме? Құдайдың есімін аузыңызбен ғана дәріптейсіз бе, әлде Оның есімі шынымен сіздің жүрегіңізден орын алған ба?

\\.....Музыка.....\\

Дегенмен, Құдайға табынушыларды жалған тәңірлерге табынушылардан ажырататын бір нәрсе бар. Бұл - Құдай сөзі. Сіздің Құдай сөзіне, яғни Оның шындығына деген ниетіңіз қандай? Сіз Құдайдың сөзін білесіз бе? Оған сенесіз бе? Сіз Құдайдың сөзін шын жүрегіңізбен сүйесіз бе? Әлде сіз ираилдіктер сияқтысыз ба? Құдай олар туралы былай деген: *“Бұл халық Мені тек ауызымен сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құр босқа құрметтегенсиді!”*, Інжілде, Матай жазған ізгі хабар 15:8,9 аят.

Ал сіздің жағдайыңыз қалай? Мұсаға Өзінің әділ заңын берген Құдайға шын жүректен сиынасыз ба? Оның Сөзіне сенесіз бе? Әлде өзіңіздің діни істеріңіз арқылы ақталамын деп үміттенесіз бе? Қандай жағдай болса да Киелі кітапта былай айтылған: *“Солардың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды... Сондықтан, сүйікті бауырластарым, жалған тәңірлерге құлшылық етуден аулақ жүріңдер! Енді айтатынымды парасаттылар ретінде пайымдап, ақылға салыңдар* (Қорынт. 1-хат 10:11,14,15).

“Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер мен бүкіл өтірікшілердің үлесі күкірт жанып тұрған отты көл болмақ” (Аян 21:8). *“Адамдардың куәлігін қабылдап жүрміз. Ал Құдайдың куәлігі адамдікінен гөрі салмақтырақ; сондықтан Құдайдың Өзінің Ұлы жайында берген куәлігіне сенуге тиіспіз. Құдайдың Ұлының келгенін де білеміз; біздің шынайы Құдаймен танысуымыз үшін Ол көзімізді ашты... Балаларым менің жалған тәңірлерден сақ болыңдар!* (Жохан. 1-хат 5:9,20,21)

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, енді, мағынасы өте терең әрі жағымдырақ әңгімені тыңдаңыз. Құдай адамдарға Өзіне қалай жақындауды және Оны қалай мадақтауды үйрету үшін Мұса пайғамбар мен ираилдіктерге бір ерекше шатырды салуды тапсырды. Таураттағы “Мысырдан көшір шығу” кітабының 25-ші тарауы, 1-ден 9-ға дейінгі аяттарын оқиық:

\\ ----- Музыка ----- \\

“Сонда Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды: - Ираил әулетіне Маған сый-тартулар ұсынсын де. Шын жүрегімен ниеттенген әрбір адамнан Маған арнаған тарту-таралғысын қабылдаңдар. Олардан

қабылдайтындырың мыналар болсын: алтын, күміс, қола, иірілген қою күлгін, күрең қызыл, ал қызыл жүн жіптер және жіңішке иірілген зығыр жіптер, ешкінің түбіті, қызарта боялған қошқар терілері, борсық терілері, ақ қараған ағашы, май шамға қажетті зәйтүн майы, май жағу рәсімінде қолданылатын немесе түтетілуге арналған хош иісті заттар, сондай-ақ бас діни қызметкердің жеңсіз сырт киіміне және төс қалтасына тағылатын оникс пен тағы да басқа асыл тастар. Исраилдіктер Маған арнап киелі шатыр дайындап, жасасын, Мен халық арасында сол жерде тұратын боламын. Бәрін де Мен саған көрсететін киелі шатыр мен ондағы бұйымдардың үлгісіне дәлме-дәл сай етіп жасаңдар!”.

Міне, сөйтіп, Құдайдың Мұсаға не айтқанын естідіңіз бе? Ол оған керемет әрі таң қаларлық бір нәрсе айтты! Құдай Оған қарсы қайта-қайта күнә жасаған исраилдіктердің арасында мекендемек болды. Неліктен киелі әрі ұлы Құдай осындай күнәкарлармен бірге тұрғысы келді? Неліктен Құдай, ештеңені қажет етпейтін рухани Тұлға, Өзінен бас тартқан адамдармен әлі де сөйлескісі келді? Біздің білетініміздей, Құдай адаммен қарым-қатынаста болу үшін оны Өзіне ұқсас етіп жаратты. Адам күнәға батқаннан кейін осы қарым-қатынас бұзылды. Алайда Құдай адамды Өзіне қайтару үшін әділдік жолын бекітті. Құдай Өзінің мәңгілік мақсаттарын іске асыру үшін және күнәкарларға деген жанашырлығына бола исраилдіктердің арасында мекендемек болды. Киелі шатыр мен ерекше ережелер арқылы Құдай адамдарға күнәкарлардың Оған қалай жақындай алатынын үйретпекші еді. Құдай киелі болғандықтан, күнәкарлар Онымен кез келген жолмен байланыста бола алмайды. Сондықтан Құдай Өзінің киелілігі мен даңқына сай жолмен исраилдіктердің арасында болу үшін оларға ерекше шатыр салып, оны үлгі ретінде пайдаланып, Құдайға болашақ ұрпақтарға Өзі жайлы және осы әлемге жібергісі келген Құтқарушысы туралы көптеген маңызды сабақтарды үйретпекші болды.

\\.....Музыка.....\\

Осылай, Құдай Мұса мен исраилдіктерге Өзіне арнап киелі шатыр салуды бұйырды. Дегенмен біз: “Құдайдың тұратын жері болмағандықтан Ол Өзіне үй салғызыпты екен ғой!” – деп, осы жайтты қате түсініп қалмайық! Мүлдем олай емес! Бүкіл әлемді және ондағының барлығын жаратқан ұлы Құдай адам салған үйде тұрмайды!

Пайғамбарлар жазбаларында Жаратқан Иенің Өзі былай деп жариялайды: “Аспан - Менің тағым, ал жер - табан тіренішім секілді. Сонда сендер Маған арнап қандай үй сала алар едіңдер? Тынығып демалатын орным қай жер болмақ?! Осы әлем түгелдей Менің қолымнан шығып, пайда болды емес пе?! - дейді Жаратқан Ие, (Ишая 66:1,2; Елшілер. істері 7:48,49). Құдай Өзінің Рухы мен даңқы мекендейтін осы киелі шатырды исраилдіктерге не үшін салғызды?

Алдында айтып кеткеніміздей, Құдай Адамның ұрпақтарына Өзінің олармен қарым-қатынаста болуды қаншалықты аңсайтынын көрсеткісі келді. Құдай адамдарға күнәкарлардың қалай кешіріліп, Онымен бірге жұмақта мәңгі өмір сүре алатынын білдірмек болды! Құдай ираилдіктердің арасында тұрмақшы болып, оларға киелі шатыр жасатты.

\\.....Музыка.....\\

Киелі шатыр кәдімгі шатырлардан өзгеше болуға тиісті еді. Осы шатырды жасау жайындағы нұсқаулар Киелі жазбада елу тарауда сипатталған! Бұл елу тараудың әрқайсысын талдауға біздің уақытымыз жетпес, сондықтан біз келесі аптада ең маңызды жайттарды және киелі шатырды қалай жасағанын қарастырамыз. Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 15 шілде, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Киелі шатыр» №40 жалғасы. Мысырдан көшіп
шығу 24-40 тарау, Леуіліктер 17 тарау,
Реттік саны: № 51. 45/48\1127

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Бүгінгі хабардың тақырыбы: “Киелі шатыр” деп аталады. Таураттағы,
Мысырдан көшіп шығу кітабынан 25-шіден 40-шы тарауға дейін және
Леуіліктер кітабынан 17 тараудан үзінділер оқылады.

Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Өткен хабарымызда Жаратқан Ие өзі таңдаған халықпен бірге Киелі шатырды жасауды бастағанын айттық. Оған қажетті заттарды да атап өткенбіз. Біріншіден, Құдай Мұсаға осы шатырда екі бөлме болу керек екенін айтты. Яғни шатырдың ішін бір үлкен шымылдық екіге бөліп тұрды. Бірінші бөлме Киелі орын деп аталды. Осы бөлмеге діни қызметкерлерден басқа ешкім кіре алмайтын еді. Ал осындай діни қызметкерлерді Құдай Харонның ұрпағынан таңдайтын. Олар адамдардың күнәлары үшін малдарды құрбандыққа шалатын. Киелі орын деп аталатын бөлмеде үш нәрсе болды: хош иісті заттарды түтетуге арналған алтын үстел, май шам және Құдайға табынған кезде нан тартулары қойылатын үстел. Екінші бөлме Аса киелі орын деп аталды. Оның осылай аталуының себебі: Киелі шатыр салынып біткеннен кейін Құдай көктен түсіп, осы бөлмені Өзінің ұлы салтанатымен толтырмақ болған. Аса киелі орын жұмақтың үлгісі болғандықтан, осы бөлмеде Құдай ғана мекендей алатын! Сондықтан Құдай: “Бұл орынға кіргісі келген әркім өледі! – деп Мұсаға ескертіп қойды. Аса киелі орынға жылына бір рет қана кіретін бас діни қызметкерден басқа ешкім де кіре алмайтын. Сонымен бірге, бас діни қызметкер, Құдайдың бекіткен заңы бойынша, өзінің және басқа адамдардың күнәлары үшін төгілген малдың қанын алып кіруге тиісті болған.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың бұйрығы бойынша Мұса аса киелі орын деп аталған бөлмеге ақ қараған ағашынан жасалған және сырты алтынмен қапталған сандықты қойды. Осы сандық “Келісім сандығы” деп аталды. Он өсиет жазылған екі тақташа осы сандықта сақталуға тиісті болды. Олар сандықтың үстіне алтыннан жасалған қақпақ орнатты. Құдай исраилдіктердің күнәларын кешіре алуы үшін бас діни қызметкер жылына бір рет сандық қақпағына құрбандық қанын бүркіп шашуға тиісті болған.

Сондықтан Құдай бұл қақпақты “рақым құралы” деп атады. Содан кейін Құдай Мұсаға киелі шатырды сыртынан биік пердемен қоршатқызды. Ал ауланың дуалы ақ пердеден жасалды. Киелі шатырды қоршаған пердеге бір есік жасалды. Яғни Киелі шатырдың ауласына кіретін жалғыз есік болған. Ауланың ішінде, есіктің алдына Құдай Мұса мен ираилдіктерге шалынған құрбандықты өртейтін қола үстелді қоюды бұйырды. Есіктен кірген әркім осы құрбандық үстелінің жанынан өтуге тиісті болған.

Құдай осы арқылы ираилдіктерге және жалпы барлық адамдарға Оған қалай жақындау керек екенін үйреткісі келді. Ираилдіктер Құдайға құрбандық қаны арқылы жақындауға тиісті болды.

“Құдай мекендейтін орынның” ауласына кірмек болған әркім күнәсының құны ретінде құрбандыққа мал шалып кіретін. Құдай ираилдіктерге құрбандықтың қаны төгілмей Оған ешкімнің ешқашан жақындай алмайтынын үйретті. Сондықтан, Леуіліктер кітабында 17:11 аятта Құдай Мұсаға былай деді: *“Себебі тірі мақұлықтың жаны оның қанында. Мен сендерге жандарыңды арамданған күйлерінен тазарту үшін құрбандық үстелінде ұсынылған қанды бұйырдым. Өйткені төгілген қан арқылы жанның құны өтеліп, оны арамданған күйінен тазартады”*.

Құдайға сиынғысы келген әркім әуелі күнәларының кешірілуі үшін құрбандыққа мал шалуға тиісті болған. Жаратушыға құлшылық етпек болған адам киелі шатырдың ауласына бұқа, қозы немесе құсты құрбандыққа әкелетін. Адам құрбандық үстелінің алдында тұрып, құрбандық малының басына қолын қойып, өзінің күнәлары үшін өлімге лайық екенін Құдайға мойындауға тиісті болған. Осыдан кейін ол малды құрбандыққа шалатын. Бұдан соң бас діни қызметкер құрбандық қанын құрбандық үстеліне және оның айналасына бүркіп шашып, құрбандықты өртеп жіберетін. Осылайша Құдай адамның күнәларын жазықсыз малдың өлгеніне бола кешіретін болған.

\\.....Музыка.....\\

Міне, осылай ираилдіктер жыл сайын қайталап құрбандыққа мал шалып тұратын. Алайда мал құрбандықтары Құдайдың киелі талаптарын мәңгіге қанағаттандыра алмайтын еді. Құдай Өзінің әділдігіне қайшы келмей Адамның ұрпақтарын қалай мәңгіге кешіре алатынын көрсету үшін осы мал құрбандықтарды болашақта әлемге келетін Құтқарушы жайындағы уақытша мысал ретінде пайдаланды.

Осы күнәсыз Құтқарушы барлық күнәкарлардың орнына жазаланып өліп, Адамның ұрпақтарының күнәсының құнын төлемекші болған.

Құтқарушының күнәкарлар үшін не істейтінін мысал ретінде көрсетуге Құдай бас діни қызметкердің жылына бір рет екінші “Аса киелі орын” деген бөлмеге кіре алатын бір күнді бекітті. Бұл күн “Ақталу күні” деп аталатын. Бас діни қызметкер сол күні ғана Аса киелі орынға кіріп, келісім сандығының қақпағына қанды бүркіп шаштын. Өзінің және басқа адамдардың күнәсын ақтайтын құрбандық қаны болмаса, діни қызметкер ешқашан Аса киелі орынға кіре алмайтын.

Құтқарушының әлемге келіп, күнәкарлардың кешірілуі үшін Өзінің қанын төгіп, олар үшін жұмаққа жол ашатынын Құдай осылай көрсетті!

\\.....Музыка.....\\

Енді киелі шатыр туралы тағы бір өте маңызды нәрсе айтар болсақ, Мысырдан көшіп шығу кітабының соңғы тарауларынан 39:42,43 аяттар, және 40:34,35 аяттарды оқиық:

“Израилдіктер бұл жұмыстардың бәрін де Жаратқан Ие Мұсаға бұйырғандай етіп орындаған еді. Мұса барлығын тексеріп қарағанда израилдіктердің оны дәл Жаратқан Иенің тапсырғанындай етіп жасағандарына көзін жеткізіп, оларға батасын берді... Сонда кездесу шатырын бұлт басып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына кенелді. Мұса шатырға кіре алмады, себебі оны бұлт жауып, Жаратқан Иенің тұрағы Оның нұрлы салтанатына бөленді”.

Міне, не болғанын көрдіңіз бе? Шатыр дайын болғаннан кейін Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты Аса киелі орынды толтырып, Оның даңқы күннің жарығынан да асып кетті. Осы айтылған сөздерге байланысты біз нені есімізге сақтауымыз керек? Құдай әлемнің Құтқарушысы бір күні көктен түсіп, Адамның ұрпақтарының арасында өмір сүре бастағанда біздің де қаншалықты жарылқанатынымызды көрсеткісі келді. Сол кезде Құтқарушының Өзі Киелі шатыр болғандықтан, сіз де, Ол арқылы Құдаймен мәңгілік қуанышқа толы жақын қарым-қатынаста бола аласыз! Інжіл шарифте жазылғандай:

“Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді... Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді. Сонда біз Әкенің жалғыз Ұлының асқан ұлылығын көрдік... Мынау Құдайдың құрбандыққа жіберген “Тоқтысы!” Ол адамзаттың күнәсын өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды”, (Жохан 1:1,14,29).

Құтқарушы Киелі шатыр мен құрбандық шалу арқылы көрсетілген барлық нышандарды түгел іске асырды. Құтқарушы адамдардың арасында өмір сүріп, тіпті Өзінің киелі қанын мінсіз құрбандық ретінде күнәкарлар үшін төкті. Оның киелі қаны арқылы біз Құдаймен мәңгі қарым-қатынаста бола аламыз!

Ардақты бауырлас, Құдайдың сөзін кейде түсіну қиын болса да, біз оның әрдайым ақиқат болып қала беретінін есімізден шығармайық! Жаратушының Өзі айтқан мына сөздерін ешқашан ұмытпайық: *“Менің ойым сендердің пікірлеріңнен өзге, Менің жолым сендердікінен басқа... Аспанның жерден қаниама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары, Менің ойым да пікірлеріңнен тым биік”,* Ишая пайғамбардың жазбасы 55:8,9 аят.

\\.....Музыка.....\\

Бүгін Киелі жазбадағы мына сөздермен хабарды аяқтап, сізбен қоштасамыз: *О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты! Шешімдеріне адам ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес! “Кім Тәңірдің ақыл-парасатын ұққан, кеңесшісі боп бағыт берді Оған?”.*

“Есесін қайтарып алам деп Құдайдан, кім алдымен бір нәрсесін берген Оған?” Себебі әлемнің бәрі Құдайдан, Ол арқылы, Ол үшін пайда болған. Лайым Құдай мәңгілік мадақталсын! Аумин! (Рим. хат 11:33-36).

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы - жылы: 22 шілде, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Исраилдіктердің сенімсіздігі» №41, Руларды санау 13, 14,
Реттік саны: № 52. 39/48/1206

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Таурат - Пайғамбарлар жазбаларының бірінші бөлігі және бес кітаптан тұрады. Жаратылыстың басталуы деп аталатын бірінші кітап, ал Мысырдан көшіп шығу деген екінші кітап. Үшінші кітап Леуіліктер деп аталады. Бүгін қарастырылатын тақырып: “*Исраилдіктердің сенімсіздігі*”. Руларды санау кітабынан 13-ші, және 14-шы тараудан үзінділерді Арыстан бауырымыз оқып береді.

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Біз Мұса мен исраилдіктерге Құдай Өзіне арнап әдемі әрі Киелі шатыр салуды бұйырғанын оқыдық, өйткені Құдай Исраил халқының арасында мекендемек болды. Ал киелі шатыр жасалып біткеннен кейін, оны “*бұлт басып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына кенелді*”. Құдай исраилдіктерге Өзінің олармен жақын қарым-қатынаста болғысы келгенін білдірді, алайда Оған ешкім құрбандықтың қанын төкпей жақындай алмайтын. Осы Киелі шатыр мен құрбандыққа шалынған малдар болашақта көкпен келіп, жерде өмір сүріп, күнәкарлар үшін жанын төгетін Құтқарушыға меңзейтін мысал болған. Құдай Мұсаға исраилдіктердің Оған қалай құрбандық шалуға тиісті екені жайлы заңдарды мұқият жазып алуды бұйырды. Сондықтан осы кітапта құрбандық шалу тәртібі өте анық сипатталған. “Киелі” және “қан” деген екі сөздің екі жүз рет қайталанғанын байқайсыз. Осы екі сөз бұл кітапта неліктен сонша көп қайталады? Өйткені адам Құдайдың киелі екенін және қан төгілмей, күнәны кешірмейтінін түсіну керек. Таураттың үшінші кітабының мақсаты: күнәмен ластанған исраилдіктерге олардың киелі Құдайға қалай жақындай алатынын түсіндіру. Құдай қан төгілмей, ешкімнің Оған келе алмайтынын анық көрсетті. Құрбандыққа шалынған мал осы әлемге келіп, күнәкарлар үшін өмірін қиятын Құтқарушы жайында берілген нышан болған.

\\.....Музыка.....\\

Енді Таураттағы Руларды санау деген төртінші кітапты оқу арқылы исраилдіктердің Синай тауының етегінде бір жылдай тұрғанын көреміз. Сол бір жылдың ішінде Құдай оларға көптеген нәрселер үйретті. Таураттың басым бөлігін Мұса пайғамбар жазған болатын.

Алайда Құдай исаилдіктердің сол шөл далада үнемі тұра бергенін қаламады. Сондықтан Ол бір күні оларды тұрғызып, Қанахан жеріне бет алуды бұйырды. Олар Синай тауынан кеткен кезде Киелі шатырды қоршап тұрған Құдайдың ұлы салтанаты биікке көтеріліп, олардың алдына тұрды. Сөйтіп Жаратқан Ие күндіз бағана тәрізді бұлт, ал түнде от бағанасы болып Өз халқын алға жетеледі. Исаил халқы күндіз бұлттың, ал түнде оттың соңынан еріп, Қанахан елінің шекарасына жақындады. Құдай осы елді бұрын Ыбырайым мен оның ұрпақтарына беруге уәде еткен болатын. Құдай Өзінің берген уәдесін ұмытпады. Құдіретті де сенімді Құдай Өзінің айтқанын орындайды, сондықтан исаилдіктер Қанахан елінің шекарасына келіп тұрған. Қазіргі заманда осы елдің орнында Палестина мен Исаил деген екі мемлекет орналасқан.

Дегенмен Қанахан елінде сол кезде адамдар тұрып жатты. Олар саны көп мықты халық болған. Ондай болса исаилдіктер оны қалай иемденбек? Құдай оларға алып берсе ғана. Құдай үшін қиын нәрсе жоқ емес пе? Құдай Ыбырайымға: *“Қанахан елін сенің ұрпақтарыңа беремін”* – деп уәде берген еді. Құдай Қанаханның тұрғындарын құртып, осы елді Ыбырайымның ұрпақтары исаилдіктерге сыйламақшы болды. Біз Қанаханда тұрып жатқан халықтың күнәларының өте ауыр болғанын білгеніміз жөн. Олар әр түрлі үлкен азғындыққа ұшырап, тіпті балаларын жалған тәңірлерге құрбандыққа шалатын. Құдай оларға үлкен шыдамдық танытып келді, алайда олар күнәлы әрекеттерін жалғастыра берген. Сондықтан Құдай осы елді исаилдіктерге бермекші болды. Исаилдіктер Қанахан елінің шекарасына келген кезде не болғанын көру үшін Руларды санау, он үшінші тарау 2-ден 4-ке дейін, және 22-ші аятты, 26-дан 34-ке дейінгі аяттарды оқимын.

\\.....Музыка.....\\

“Жаратқан Ие Мұсаға былай деп тапсырды: “Мен Исаилдің үрім-бұтағына беріп отырған Қанахан елін барлап келу үшін сол жерге адамдар жібер. Ата-бабаларынан тараған әр рудан бір-бір басшыдан жібер”. Сонымен Мұса оларды Жаратқан Иенің нұсқауы бойынша Паран атты иен даладан жұмсап жіберді... Жіберілгендер елге өрлеп барып, оны... шарлап, барлап шықты... Жіберілгендер қырық күн бойы елді барлап болғаннан кейін қоныстарына қайтып оралды. Олар Паран даласындағы Қадеште жиналып тұрған Мұса мен Харонның және бүкіл исаилдік жамағаттың алдында өздерінің көріп-біліп келгендерін айтып беріп, алып келген жемістерін де көрсетті. Барлаушылар Мұсаға баяндап былай деді:- Біз сіз жіберген елге барып келдік. Онда шынында да ағы мен балы молынан ағып жатыр екен. Міне, мыналар сол елде өсетін жемістер. Алайда онда тұратын халық сондай мықты екен! Ондағы қалалар да бекіністі әрі өте үлкен. Біз одан, тіпті, Анақтың алып ұрпақтарын да көрдік...Халеп Мұсаның алдында халықты жігерлендіріп, былай деп қосты:

- Уа, халайық, біз елге өрлеп барып, оны иемденіп алайық. Соны, сөзсіз істей аламыз, - деді. Бірақ онымен бірге барып келген басқалар: - Жоқ, біз сол халыққа қарсы шыға алмаймыз. Олар бізден соншама күшті! - деп онымен келіспеді. Сол он барлаушы израилдіктердің арасында өздері барлап келген ел туралы жағымсыз хабар таратты: “Біз аралап, барлап келген сол ел өз тұрғындарын жалмайтын жер екен! Онда тұрып жатқан халықтың адамдары денелі. Сол жерде алыптың тұқымынан тараған Анақтың ұрпақтары тұрады! Біз олардың жанында өзімізді шегіртке іспетті кішкентай сезіндік! Олар да бізге солай қарады” .

||.....Музыка.....||

Руларды санау кітабының 14-ші тарауы 1-ден 11-ге дейінгі аяттарда былай деп жазылған. «Сонда бүкіл қауым дауыс көтеріп, түні бойы азан-қазан жылаумен болды. Барлық израилдіктер Мұса мен Харонға наразы болып: “Бізге баяғыда-ақ Мысыр елінде өлгеніміз жақсы болған болар еді! Немесе осы елсіз далада өлген болсақ қой!” - деп күңкілдеді. – “Жаратқан Ие бізді бұл елге неге алып келе жатыр екен? Сол жерде біз семсерден қырылып, әйел, бала-шағамыз жауға олжа болмақ. Одан да Мысырға қайта оралғанымыз жақсы емес пе!” - Олар бір-біріне: “Кәне, басшы таңдап алып, Мысырға қайта оралайық!” - десті. Ал Мұса мен Харон жиналған израилдіктердің бүкіл жамағатының алдында жерге етпетінен жығыла кетті де, Жаратқан Иеге сиынды. Елді барлап келгендердің екеуі — Нұн ұлы Ешуа және Ефунне ұлы Халеп қатты қайғырып, киімдерінің өңірін айыра жыртып да, бүкіл халыққа: “Біз барлап келген ел өте керемет екен!

Егер Жаратқан Ие бізге риза болса, Ол бізді ағы мен балы ағыл-тегіл сол елге алып барып, оны бізге табыстайды. Тек Жаратқан Иеге қарсы бас көтермеңдер әрі елдің халқынан қорықпаңдар! Олар бізге жем болады: олар қорғаныштарынан ада қалған, ал арамыздағы Жаратқан Ие бізге жар. Олардан еш қорықпай-ақ қойыңдар!” - деді.

Бірақ бүкіл жамағат олардың екеуін таспен атқылап өлтіру туралы айта бастады. Сонда кездесу шатырынан Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы бүкіл израилдіктерге көрінді. Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып былай деді: - Мына халық Мені қашанға дейін менсінбей жүре береді? Мен олардың көз алдында құдіретімді дәлелдейтін қаншама кереметтер жасаған болсам да, олар қашанға дейін Маған сенбей жүре бермек?».

Бұл үзіндеден израилдіктердің Құдайға сенбей, Оны кінәлағанын көрдіңіз бе? Сол күні израилдіктер үлкен күнә жасады, өйткені олар Құдайдың “Қанахан елін сендерге беремін” деген уәдесіне сенбеді. Яғни олар Құдайдың Ыбырайымға, Ысқаққа, Жақыпқа, Жүсіпке және Мұсаға берген уәдесіне сенбеді. Дәл солай қазіргі заманда да көп адамдар “Біз Құдайға және Оның пайғамбарларына сенеміз” – дейді, алайда олар шын мәнінде

Құдайға да, пайғамдарларға да және Жаратушының Киелі жазбадағы уәделеріне де сенбейді!

Ал сенбеушілік Құдайдың алдында үлкен күнә болып табылады. Құдай истраилдіктерді перғауынның құлдығынан азат етіп, Қанахан еліне ертіп алып келсе де, олар Оған сенуден бас тартты. Ал Құдай оларға сенбегені үшін не істеді? Өлсін деп шөл далада тастап кетті ме? Истраилдіктер неліктен Қанахан еліне кіре алмады? Өйткен олар Құдайдың сөзіне сенген жоқ!

\\.....Музыка.....\\

Мынадай есткерту жайлы ойланыңыз. *«Бауырластар, сақ болыңдар: ешқайсың жүректеріңді қасарыстырып сенбей, мәңгі тірі Құдайдан безіп кетіп жүрмеңдер!», (Еврей. хат 3:12)*

Осымен хабарымызды аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, қыркүйек, 2011 жыл, Алматы.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі, 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №41 жалғасы №42 басы, «Мыс жылан»
Руларды санау 14, 20,
Реттік саны: № 053 26/48/1189сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.
\\.....Музыка.....\\

Құдай Қанахан елін бұрын Ыбрайым, Ысқақ, Жақып және олардың ұрпақтарына беруге уәде еткен болатын. Жаратқан Ие Қанаханда тұрып жатқан зұлым алыптарды сол жерден қуып, барлық елді исаилдіктерге бермек болған. Ал исаилдіктер сол алыптардан қорқып, Құдайдың Қанахан жерін сендерге беремін деген уәдесіне сенбеді. Біз бүгін: “Руларды санау” кітабын зерттеуді әрі қарай жалғастырамыз. 14-ші және 20-шы тараулардан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!
Неге кейбір адамдар Құдайдың сөзін менсінбейді?
Меніңше, олар Құдайға немқұрайды қарайды және Оны өтірікші деп санайды!. Ондайларға Құдайдың мәңгілік Патшалығында орын жоқ! Құдайдың сөзіне сенбеудің зардабы үрейлі болмақ. Құдай Оның сөзіне сенуден бас тартқанның бәрін жазалайтын болады! Алайда Құдай адамдардың сенбеуші күйінде құрып кеткенін қаламайды. Жаратқан Ие барлық адамдардың Оның бекіткен құтқарылу жолы жайлы Ізгі хабарға сенгендерін қалайды. Бірақ әркім осы шешімді өз еркімен қабылдау керек. Киелі Рухтың пайғамбарлар арқылы берген ескертуін тыңдаңызшы: *«Ал бүгін Тәңірдің даусын естісеңдер, ежелде айдалада сыналған кезде Оған қарсы бас көтерген ата-бабаларың секілді қасарыстырмаңдар жүректеріңді!.. Бауырластар, сақ болыңдар: ешқайсың жүректеріңді қасарыстырып сенбей, мәңгі тірі Құдайдан безіп кетіп жүрмеңдер!»*, (Еврей. хат 3:7,8,12; Забур жыр. 94:7-11). Енді Руларды санау кітабының 14-ші тарауы 26-ші аяттан 31-ші аятқа дейін және 35-тен 38-ге дейінгі аяттарды оқиық...

\\.....Музыка.....\\

“Содан соң Жаратқан Ие Мұса мен Харонға былай деді: “Мына зұлым жамағат қашанға дейін Маған қарсы күңкілдеп шағымдана бермек? Осы исаилдіктердің Маған қарсы күңкілдеп шағымдануы құлағымна шалынды. Оларға мынаны жеткіз: ‘Мәңгі тірі Жаратқан Ие былай деп ант етеді: құлағымна шалынған сендердің айтқандарыңды Мен өз бастарыңа айнытпай-ақ келтіремін! Санақтан өткен жасы жиырмадағы не одан асқан еркек кіндіктілерің - Маған қарсы күңкілдеп наразылық білдірген барлығыңның сүйектерің осы иен далада шашылып қалады... Мен - Жаратқан Ие осылай деймін.

Және осы айтқандарымды Маған қарсы шыққан мына зұлым жамағаттың бәріне міндетті түрде жүзеге асырамын: олар бірде-біреуі тірі қалмай, осы елсіз далада құритын болады!”

Ал Мұсаның елді барлауға жіберген және сол ел туралы халыққа жаман хабар таратып, бүкіл жамағаттың Жаратқан Иеге наразы болуына түрткі салған адамдары сол кезде Жаратқан Иенің алдында індеттен көз жұмды. Елді барлап келген он екі адамнан тек Нұн ұлы Ешуа мен Ефунне ұлы Халеп екеуі ғана тірі қалды”.

Құдайдың исаилдіктерді олардың сенімсіздігі үшін қалай жазалағанын көрейік. Құдай оларға былай деді: “*Мен өздеріңді қоныстандыруға ант еткен сол елге... Халеп пен... Ешуа екеуінен басқа сендердің ешқайсыларың кірмейсіңдер! Сендер бала-шағамыз жауға олжа болады деген едіңдер. Алайда осы балаларыңды өздерің менсінбей қойған сол елге Мен Өзім бастап алып барамын. Елдің игілігін солар көретін болады! Ал сендердің сүйектерің осы иен далада қалмақ”, Руларды санау 14:30-32 аяттар. Біз бұл оқиғадан мынаны түсінеміз: Құдай исаилдіктерді молымен жарылқағысы келген болатын, алайда олардың сенімсіздігінің кесірінен Жаратқан Ие осыны істей алмады. Құдайдың уәдесіне сенбегендері үшін исаилдіктер шөл даланы қырық жыл бойы кезіп жүруге жазаланды. Сол уақыттың ішінде жиырма жастан асқан барлық адамдар, яғни Құдайға сенбегендер өліп қалды. Алайда қырық жылдан кейін не болғанын көру үшін Руларды санау кітабынан 20-шы тарауды қарайық: «*Бірінші айда исаилдіктердің бүкіл қауымы Син даласына жетіп, сондағы Қадеш атты жерде тұрақтады*». Исаилдіктер бұрын осы орында Құдайға сенбей, Уәделі жерге кірмей қойған болатын. Мұсаның әпкесі «*...Мәриям сол жерде қайтыс болып, сүйегі қабірге қойылды. Ал қауымның ішетін сулары болмай, олар жиналып, Мұса мен Харонға қарсы бас көтерді. Олар Мұсаға қатты наразы болып былай деді: “Ағайындарымыз Жаратқан Иенің алдында өлген кезде біздің де өліп қалғанымыз игі болар еді! Бізді - Жаратқан Иенің қауымын неге осы елсіз далаға бастап алып келдіңдер? Өзіміз бен малымыздың қырылуы үшін бе?! Бізді Мысыр елінен шығарып, мына қу медиенге неге алып келдіңдер? Мұнда астық шықпайды, інжір, жүзім, анар дегендерің өспейді! Тіпті ішетін су да жоқ!»*», Руларды санау 20:1-ден 5-ке дейінгі аяттар.*

\\.....Музыка.....\\

Мінекей, исаилдіктердің не айтқанын естідіңіз бе? Құдайдың оларға және ата-бабаларына Мысыр мен шөл далада істеген игіліктері үшін олардың жүректері ризашылық пен сенімге толы болды ма? Жоқ! Олар дәл ата-бабалары сияқты наразылық білдіріп, күңкілдей берді!

Олардың шөл даланы кезуден қаншалықты шаршағандарын түсінеміз, бірақ осы жағдайды олар өздерінің сенімсіздігімен тілеп алған болатын.

Олар Қанахан еліне өздерінің сенімсіздігінің кесірінен кіре алмады емес пе! Оларда ішерге су болған жоқ! Ондай болса олар неге Құдайға жалбарынбады?

Исраилдіктерді шөл далада қырық жыл бойы асыраған Құдай оларға су бере алмайтын ба еді? Әрине бере алатын еді! Құдай оларға қажеттінің бәрін бергісі келген! Бірақ исраилдіктер әлі де Оған сенбеді. Енді, жиырмасыншы тарауды әрі қарай оқиық: *“Осы сөздерді естігенде Мұса мен Харон жиналған халықтан бөлініп шығып, кездесу шатырының кіре берісіне барып, сол жерде етпеттерінен жата кетті. Сонда оларға Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы көрінді. Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып былай деді: “Әлгі таяқты қолыңа алып, ағаң Харон екеуің бүкіл қауымды жинаңдар. Олардың көз алдында мына жартасқа бұйыра сөйлеңдер! Сонда ол сендерге ішінен суын ағызады. Осылайша сен жартастан су ағызып шығарып, халықтың да, малының да шөлін қандыратын боласың”.* Мұса Жаратқан Иенің нұсқауы бойынша Оның алдында сақтаулы тұрған таяқты қолына алды. Харон екеуі бүкіл жамағатты жартастың алдына жинады. Мұса оларға: *“Уа, бағынбайтын қыңырлар, құлақ салыңдар! Сендерге осы жартастан су ағызайық па?”*-деп дауыстады. Содан кейін Мұса қолын көтеріп, жартасты екі рет таяғымен соғып қалды. Сонда одан су молынан аға жөнелді. Бүкіл жамағат та, малдары да ішіп, шөлдерін қандырды. Ал Жаратқан Ие Мұса мен Харонға тіл қатып былай деді: *“Маған жете сенбей, исраилдіктердің алдында Менің киелі екенімді көрсетпедіңдер. Сондықтан екеуің исраилдіктерді Өзім оларға беріп отырған елге алып бармайсыңдар!”*, Руларды санау 20:6-дан 12-ге дейінгі аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Мінекей, ардақты ағайын, сіз, не болғанын түсіндіңіз бе? Құдай исраилдіктерге ішетін су бермек болып, Мұсаға не істеуді бұйырған еді? Ол Мұсаға: *“Жартасқа бұйыра сөйле!”*-деді. Мұса Құдайға мойынсұнып, жартасқа сөйледі ме? Жоқ! Мұса ыза болып жартасты екі рет ұрып жіберді. Құдай Мұсаның осы қылығына ренжісе де, жартастан су ағызды. Алайда Мұсаны жазаламақ болып, оған былай деді: *“Маған жете сенбей, исраилдіктердің алдында Менің киелі екенімді көрсетпедіңдер. Сондықтан екеуің исраилдіктерді Өзім оларға беріп отырған елге алып бармайсыңдар!”*. Құдайдың Мұсаға шығарған жазасы бізге тым қатаң болып көрінуі мүмкін. Алайда біз Құдайдың Оған сенетіндерді және Оның сөзіне мойынсұнатындарды жақсы көретінін білеміз. Құдай адамдардың, тіпті Мұса сияқты пайғамбарлардың Оның сөзіне қарсы шыққанына төзе алмайды! Құдай адамдардың барлығына бірдей қарайды. Мұса ұлы пайғамбар болғанымен біз сияқты пенде болған. Ол да Адам атаның барлық ұрпақтары сияқты күнәкар еді. Мұса Құдайдың пайғамбары болса өзінің игі істерінің арқасында құтқарыла алмайтын еді.

Мұса Адам атаның ұрпағы болғандықтан оның да кемшіліктері болды. Ол Құдайға барлық исраилдіктер сияқты Жаратушының бекіткен құтқарылу жолымен, яғни құрбандықтың қаны арқылы жақындауға тиіс болған. Құдай Мұсаның күнәсы арқылы бізге бәріміздің күнә жасап, Құдайдың ұлылығынан құр алақан қалғанымызды ескерткісі келді.

Исраилдіктер туралы осы әңгімені 20-шы тараудың соңында оқысаңыз, Мұсаның үлкен ағасы Һаронның Ор деген тауда қайтыс болғанын, Исраил халқының оны сол жерде отыз күн бойы жоқтағанын көресіз...

\\.....Музыка.....\\

Иә, біз бәріміз Құдай алдында кінәлымыз! Адамдардың барлығы күнәкар. Бірде-бір әділ адам жоқ! Мына сөзді есіңізде сақтаңыз: Күнәкарларды құтқару үшін аспаннан келген мінсіз Құтқарушыдан басқаның барлығы Құдай жолынан тайып кеткен!

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, Алматы қаласы, индексі: 050000, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

\\ -----ӘН-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мыс жылан» №42 соңы, Руларды санау 21,
Реттік саны: №054. 25/1095сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.
\\.....Музыка.....\\

Өткен хабарда Жаратқан Ие Мұса мен Харонға: *«Маған жете сенбей, израилдіктердің алдында Менің киелі екенімді көрсетпедіңдер. Сондықтан екеуің израилдіктерді Өзім оларға беріп отырған елге алып бармайсыңдар!»* дегені айтылған еді. Ал бүгін жоғары көтеріліп қойылған “Мыс жылан” туралы білетін боласыз. Таураттың Руларды санау кітабынан 21-шы тарауынан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз «Мыс жылан» туралы оқиғада не айтылғанын білесіз бе?

Шынын айтқанда біз бәріміз Құдай алдында күнәкармыз. Солай емес пе? Мұса Құдайдың айтқанын істемегендіктен, жасаған күнәсы арқылы бәріміз де күнә жасап, Құдайдың ұлылығынан құр алақан қалдық. Олай болса, бүгін біз, «Мыс жылан» жайында біліп алайық. “Руларды санау” кітабы 21-шы тарау, 4-шіден 9-ға дейінгі аяттарда былай делінген:

“Гор тауынан израилдіктер Едом елін сырт айналып өтпек болып, Қамысты теңізге қарай бет алды. Жолшыбай халықтың шыдамы таусылып, Құдайға және Мұсаға қарсы сөйлеп: “Бізді не үшін Мысырдан алып шықтыңдар? Мына елсіз далада қырылуымыз үшін бе? Жейтін нан, ішетін суымыз жоқ! Әлгі жеп жүрген жиренішті тамағымыздан әбден мезі болдық!”-деді. Сонда Жаратқан Ие халық арасына отқа ұқсаған улы жыландар жіберіп, солар Израил халқының арасынан көптеген адамды шағып өлтірді. Халық Мұсаның алдына келіп: “Біз Жаратқан Иеге және өзіңізге қарсы сөйлеп күнә жасадық. Мына жыландарды бізден аластата көрсін деп Жаратқан Иеге біз үшін өтініш жасап сиыныңызшы!”-деп жалынды. Осылайша Мұса халық үшін өтініп сиынды. Сонда Жаратқан Ие Мұсаға былай деп бұйырды: “Отқа ұқсаған улы жыланның мүсінін жасап ал да, оны белгі беретін бағананың басына бекітіп жоғары көтеріп қой! Жылан шаққан әркім соған қараса, тірі қалады”. Сонымен Мұса мыс жылан жасап, оны бағанаға бекітіп, жоғары көтеріп қойды. Жылан шағып алған әркім мыс жыланға қарағанда, тірі қалып отырды”. Міне, осы таңғаларлық оқиға туралы ойланып көріңіз!

\\.....Музыка.....\\

Құдай неліктен исаилдіктерге улы жыландарды жіберді? Өйткені олар күнә жасады. Біз олардың Құдай мен Мұсаға қарсы сөйлегенін және Құдайдың көктен жіберген тағамын менсінбегенін көрдік. Сондықтан Құдай оларды жыландарға шаққызды. Содан көп адамдар өлді. Алайда, сол кезде исаилдіктерге өлімнен аман қалу үшін не істеу керек еді? Олар өздерін жыландардан құтқара алатын ба еді? Жыланның уынан сауыға алатын ба еді? Олар зар еңіреп, Құдайға жалбарынды! Біз исаилдіктердің өз күнәларын мойындап, Мұсаға: *”Біз күнә істептіз! Біз саған және Құдайға қарсы шығыптыз! Жаратқан Иеге сиыншы, Ол бізге рақымын көрсетіп, жыландардың көзін құртсын!”*—деп жалынды.

Құдайдың жыландарды құртуға шамасы келер ме еді? Әрине, келеді, бірақ, Ол бұдан да жақсы бір нәрсе істеді! Құдай Мұсаға мыс темірден жылан жасап, оны биікке көтеріп қоюды бұйырды. Сонда *“жылан шаққан адам мыс жыланға қарап, аман қалатын еді”*. Құдайдың берген көмегі осы болған. Біреуді жылан шаққан бетте сол адам биікте ілініп тұрған жыланның мүсініне бір қарағанда сауығып шыға келетін! Сондықтан Құдайдың ұсынған амалы: Қара да, аман қал! дегендей болды. Құдай Мұса биікке көтерген мыс жыланға қараған әркім сауықтырылады деп уәде берді. Ал мыс жыланға қараудан бас тартқандарға не болды? Олар қиналып өліп жатса, Құдайға сеніп, мыс жыланға қарағандар тірі қалды, өйткені Құдай: *“Жылан шаққан әркім мыс жыланға қарап, тірі қалады”* деп уәде берген болатын.

\\.....Музыка.....\\

Иә, бұл шынымен де ғажайып оқиға. Ол бізге ескерту ретінде жазылған. Құдай бізге бәріміздің исаилдіктерге ұқсайтынымызды көрсеткісі келеді. Біз күнәкар болғандықтан Құдайға және адамдарға қарсы күңкілдейміз, сонымен бірге Құдайды ойларымызбен, сөздерімізбен және істерімізбен ренжітеміз. Ал шайтан исаилдіктерді шаққан улы жыландарға ұқсайды. Күнә исаилдіктерді өлтірген улы білдіреді. Шайтан Адам атаның барлық ұрпақтарын “шаққандықтан”, біз күнәмен уланып, мәңгі өлімге дұшар болдық. Құдай бізге осы уға қарсы “дәрі” бермегенде, біз бәріміз құрып кететін едік! Күнәның құны – тозақтың мәңгі отында азап шегу, біз өз күшімізбен осы жазадан қашып құтыла алмаймыз! Дегенмен, Құдайға шүкір, Жаратушы Иеміз исаилдіктерді жыланның уынан құтқарғандай, Адам атаның ұрпақтарын күнәның уынан құтқармақшы болып, арнайы жоспар ойлап тапты!

Бізді тыңдап тұрған ағайын, Құдайдың сізді күнәның қарғысынан құтқару үшін не істегенін білдіңіз бе? Мұса мыс жыланды шөл далада көтергеннен кейін мың жарым жылдай уақыт өткен соң киелі Құтқарушының осы туралы не айтқанын Інжілден Жохан жазған ізгі хабар 3:14,16 аяттардан оқып берейін: *”Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғары көтеріп қойған.*

Дәл солай көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиіс... Сонда Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады”.

Біз Киелі кітаптың осы аятынан Мұса айдалада көтерген мыс жыланның болашақта келетін Құтқарушыға меңзейтінін көреміз. Өйткені Еврейлерге арналған хат 2:14-15-ші аятта: *“Тәңірдің рухани балалары ет пен сүйектен жаралғандықтан, Иса да ет пен сүйектен тұратын тәнді қабылдады. Осылайша Ол Өзінің құрбандық өлімі арқылы өлімнің әміршісін, яғни шайтанды, жеңіп шығып, өмір бойы өлімнен қорқып, шайтанның құлы болып жүрген адамдарды азат етті”*-деп жазылған. Сөйтіп, Құтқарушы осы әлемге келіп, айқышта өліп, сол арқылы өлім мен шайтанды жеңді.

\\.....Музыка.....\\

Біздің келесі хабарларымызда Құтқарушының өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдайдың адамзатқа құтқарылу мен амандықтың және мәңгі қуаныштың есігін ашқанын айтатын боламыз!

Ардақты ағайын, сонымен өзімізді-өзіміз құтқара алмайтынымызды Құдайдың алдында мойындайық, өйткені Жаратқан Иеміз осыны қалайды. Құтқарушының сіз бен біздің орнымызға айқышта өліп, Өзінің қаны арқылы күнәларымыздың құнын төлегеніне шын жүректен сенейік. Құдай: *“Құтқарушыға қарасаң, мәңгі өмір сүресің!”*-дейді. Сіз Құтқарушыға сенсеңіз, Құдай сізді күнәның уынан сауықтырып, көктегі мәңгілік Патшалығынан сізге орын дайындап қояды!

Қариялар мен жастардың, ерлер мен әйелдердің, байлар мен кедейлердің әрқайсысына, Құдай: *“Құтқарушыға қара да, тірі қал!”*-дейді. Сондықтан Құдай жіберген құдіретті Құтқарушыға қарап, өлімнен аман қалыңыз! Алайда сонымен бірге Құдай, Жохан жазған ізгі хабардың 8:24 аятында: *“Сондықтан да сендерге «күнәларыңды арқалап өлесіңдер» дедім. Өйткені егер Менің Сол екеніме сенбесеңдер, күнәларыңды арқалап өлетін боласыңдар”*-дейді.

Құдайдың әділ заңы бойынша Оның ұсынған “дәрісінен”, яғни құтқарылу жолынан бас тартқан әркім өлетін болады. Адамдарды күнәның уынан құтқаратын бұдан басқа ешқандай ем жоқ.

Барлық пайғамбарлар өз жазбаларында жазған Құтқарушыға сіз қарай аласыз ба? Егер сіз жалғыз Құтқарушыға барлық сеніміңізді артсаңыз болғаны, Ол сізді тазартып, мәңгілік өмір береді. Киелі жазбадағы мына сөздерді тағы да тындаңызшы: *“Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғары көтеріп қойған. Дәл солай көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиіс... Сонда Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады”*, Жохан жазған ізгі хабар 3:14,16 аят.

\\.....Музыка.....\\

Бізді тыңдап отырған бауырлас, Құдай қаласа, келесі хабарымызда Мұса пайғамбардың соңғы жазған сөздерін қарап шығамыз және Таурат кітабын талдауды аяқтаймыз.

Ал келесі аптаға дейін, Құдайдың уәдесі жайлы Ишая пайғамбардың жазбасы 45:22 аяттағы сөздер жайлы ойланыңыз: *”Ей, жердің түпкір-түпкіріндегілер, Маған бет бұрып, құтқарылыңдар!”*.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңыз үшін көп рахмет! Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Біздің электрондық поштамыз: mostik7@inbox.ru қайталаймын.

Және мына нөмірге смс жіберулеріңізге болады +77073858393, сондай-ақ біздің ғаламтордағы сайтымыздан өзіңізді қызықтырған тақырыптардағы материалдарды тыңдауға және көшіріп алуға мүмкіндігіңіз бар, www.twr.kz Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: «Мұсаның соңғы хаты» №43, Заңды қайталау,
Реттік саны: №055. 25/1195сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.
\\.....Музыка.....\\

Біз Киелі кітаптан Тауратты бір жыл бойы талдап шықтық. Бұл арқылы сіз Құдайдың Мұса пайғамбарды осы кітапты жазуға жігерлендіргенін білдіңіз. Құдайдың сөзінде: *«Барлық адам әділдік жолына түсініп, Құдайға бағынып, әрі Онымен мәңгі татулықта болса, тыныштық алады»* деп айтылған. Ал бүгін, «Мұсаның соңғы хаты» жайында айтылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Киелі жазбаның Таурат бөлімінде не жазылғаны есіңізде ме?

Мұса пайғамбар Тауратты жазғаннан бері 3500 жылдай уақыт өтсе де, бұл кітап осы заманға дейін аса құнды болып келеді. Таурат-Құдай бекіткен рухани негіз, біз осы негізге жүгініп естігендеріміздің бәрін Құдайдан ба, жоқ па?,-деп қайдан келгенін саралай аламыз. Таураттағы ілім-Құдайдан келген таза ақиқат. Осы ақиқатқа қарама-қайшы келетін әрбір ілім жалған. Құдайдың барлық ақиқаттары Тауратта жазылғанмен мінсіз үйлеседі. Құдіреті шексіз Құдай бір нәрсені ғана істей алмайды. Оның не екенін білесіз бе? Құдай ешқашан Өз-Өзіне қарама-қайшы келмейді! Мұса Тауратта: *“Құдай өтірік айтатын пенде емес, ойын өзгерте беретін адам да емес. Ол айтса, сонысын іске асырмай ма, әлде сөз беріп, онысын орындамай ма?”*,-делінген, Руларды санау кітабы 23:19 аятта.

Тауратты оқыған кезімізде Құдай бізге көптеген маңызды құпияларды ашты. Олай болса, бүгінге дейін білгенімізді қорытындылайық.

\\.....Музыка.....\\

Жаратылыстың басталуы кітабынан Құдайдың Өзіне рухани жағынан ұқсас етіп алғашқы адамды жаратқанын көрдік. Құдай Өзі жаратқан адаммен қуанышқа толы әрі мағыналы қарым-қатынаста болғысы келді. Сондықтан адам Оны танып білсін деп, Құдай адамға сана берді. Адам Оны сүйсін деп, Құдай адамға жүрек берді. Адам Оған мойынсұну немесе мойынсұнбауды өзі шешсін деп, Құдай адамға таңдау жасауға еркіндік берді. Алғашқы адамның бұрыс таңдау жасап, шайтанды тыңдап, Құдай тыйым салған ағаштың жемісін жегенін оқыдық.

Жаңа Келісімде осы жайлы Римдіктерге арналған хат 5:12 аятта былай: *“Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады”*-деп айтылған. Бұдан біз күнәнің құны-өлім және Құдайдан мәңгіге ажырау екенін білдік. Құдай

Адам ата мен Хауа ананы олардың күнәларына бола пейіш бағынан қуып жіберді.

Бірақ оларды қумастан бұрын Құдай әлемге Құтқарушыны жіберуге уәде берді. Осы Құтқарушы Адам атаның ұрпақтарына құтқарылу есігін ашып, оларды шайтанның билігінен, күнәның жазасынан азат ететін болды.

Бұдан соң, Құдайдың Ыбырайымды шақырып, одан пайғамбарлар мен Құтқарушы шығатын ерекше халықты өрбітемін деп уәде бергенін білдік. Сөйтіп Ыбырайымнан Ысқақ, Ысқақтан Жақып, Жақыптан он екі ұл туылды. Кейін Құдай Жақыптың есімін Исраил деп өзгертті. Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі бойынша Исраилдің он екі ұлынан жаңа халық тарады. Жақыптың он үлкен ұлы өздерінің кіші інілері Жүсіпті Мысырға кетіп бара жатқан саудагерлерге құлдыққа сатып жіберді. Алайда Киелі жазбада *“Адам не ексе соны орады”* деп айтылғандай, исраилдің барлық ұрпақтары Мысыр елінің құлдарына айналады.

Құдай Ыбырайым мен оның ұрпақтарына берген уәдесін ұмытпады. *“Мысырдан көшіп шығу”* кітабынан Құдайдың исраилдіктерді құлдықтан алып шығу үшін Мұсаны шақырғанын білдіңіз. Ал Мұсаның әңгімесінен Құдайдың Исраил халқын перғауынның және мысырлықтардың билігінен қандай ғажайып жолмен азат еткені туралы оқып, Құдайдың оларды шөл далада қорғап, бұрын Ыбырайымға уәде етілген Қанахан еліне ертіп әкелгенін де көрдік. Алайда исраилдіктердің көбісі Қанаханның алып тұрғындарынан қорқып, Құдайдың берген уәдесіне күмәнданды. Сондықтан олар сол кезде өздеріне уәде етілген Қанахан еліне кірмеді. Құдайға сенімсіздік танытқандары үшін исраилдіктер қырық жыл бойы, яғни Құдайдың уәдесіне сенбегендердің бәрі өлгенше шөл даланы кезіп жүрді. Құдай оларды сенімсіздіктері үшін осылай жазалады.

Заңды қайталау кітабы 32:4-ші аятында: *“Құдай сенімді, жоқ ешқандай жалғандығы, лайым Ол әділетті де шынайы”*-деп жазылған. Құдай исраилдіктерді тәрбиелемек болып, оларға шөл даланы кездіргенін ұмытпайық. Құдайдың Қанахан елі жайлы уәдесіне сенбеген жиырма жастан асқан исраилдіктердің бәрі сол уақыттың ішінде өліп қалды. Олардың ешқайсысы да тірі қалмады. Кейін олардың балалары Қанахан елінің шекарасына келді. Шөл даланы қырық жыл бойы кезген исраилдіктер өздерінің ата-аналарына бұйырмаған жерге тезірек қоныстанбақ болып, құлшынып тұрды...

Енді Таураттың бесінші кітабы, *“Заңды қайталау”* деген кітабынан біраз үзінділерді оқиық.

\\.....Музыка.....\\

Бұл кітапта Мұса Исраилдің руларына Құдайдың киелі заңын қайта үйретеді. Мұса Исраил халқын Құдайдың уәде еткен жеріне кіргізбестен бұрын оларға Құдайдың маңызды хабарын жеткізбек болған. Мұса пайғамбардың осы уағызын толық оқуға біздің уақытымыз жетпейді, бірақ оның мазмұнын: *“Айтқанымды ұмытпаңдар!”*-деген екі сөзбен қорытындылап, Мұсаның исраилдіктерге айтқанын қысқаша былай тұжырымдауға болады:

“Абай болыңдар, Мысырда құл болғандарыңды ұмытпаңдар! Өздеріңді Мысырдан шығарып осы елге әкелгенше Құдайдың сендерге істеген игіліктерінің ешқайсысын ұмытушы болмаңдар!

Құдай Иеге қарсы жасаған күнәларыңды ұмытпаңдар! Құдайдың ата-аналарыңды сенімсіздіктері үшін жазалағанын және олардың сүйектерінің айдалада қалғандарын ұмытпаңдар. Құдайдың ата-аналарыңа қайырымды болғанын, бірақ олардың қырсығып, Құдайға сенуден бас тартқанын ұмытпаңдар!”. Исраил халқына Құдай: *“айдаладағы ата-аналарың сияқты жүректеріңді қасарыстырмаңдар”* деген болатын.

Ал сіз Құдайға сенуден бас тартқан ата-бабаларыңыз сияқты боласыз ба, әлде Құдайға сенім артасыз ба? Егер ата-бабаларыңыз сияқты Құдайдың сөзіне сенбесеңіз, онда Құдай оларды жазалағандай сізді де жазалайды. Осыны ұмытпамаңыз! Құдай исраилдіктердің ата-бабаларына берген уәдесі бойынша сүт пен балға мол елге жетелеп кіргізді.

Мұса өзінің уағызын аяқтағаннан кейін, Жаратқан Иенің оған не дегенін білу үшін Заңды қайталау кітабы 32-ші тарау, 49-дан 52-ге дейінгі аяттарды оқиық. Онда: *«Моаб еліндегі Абарим қыратына, Иерихонның қарсысындағы Небо тауына көтеріл де, Мен исраилдіктерге меншікке бергелі тұрған Қанахан еліне көз жіберіп қара. Сол шыққан тауыңның үстінде, Хор тауында қайтыс болған ағаң Харон іспетті, сен де көз жұмып, ата-бабаларыңның қасына аттанасың. Бұның себебі-Син даласындағы Қадештің маңында, Мерібада ағып шыққан судың қасында жиналып тұрғанда, екеуің исраилдіктердің көзінше Маган сенім артпай, киелі атымды қастерлемедіңдер. Сондықтан Мен Исраил халқына бергелі тұрған елді көзіңмен көресің, бірақ өзің оған аяқ баспайсың»*-деп жазылған.

Ал енді Заңды қайталау кітабы 34-ші тарау, 1-ден 12-ге дейінгі аяттарды оқиық; *«Бұдан кейін Мұса Моаб алқаптарынан Иерихонның қарсысындағы Небо тауының... басына шықты. Сол жерде Жаратқан Ие оған бүкіл елді... Яхуданың барлық жерін батыстағы Жерорта теңізіне дейін... көрсетті. Сонда Жаратқан Ие оған былай деді: “Мынау-Мен ұрпақтарыңа сыйлаймын деп Ыбырайым, Ысқақ, Жақыпқа антпен уәде еткен ел. Оны көзіңмен көруге саған мүмкіндік бердім, ал өзің сол жаққа өтіп, елге кірмейсің”*. Бұдан соң Жаратқан Иенің айтқан сөзіне сәйкес Оның қызметшісі Мұса сол жерде дүние салды. Оның сүйегі Моаб елінде... қабірге қойылды. Күні бүгінге дейін оның қабірінің қайда екенін ешбір адам білмейді. Мұса жүз жиырмаға келіп қайтыс болса да, көзінің нұры таймаған, әлі тың, қайратты кісі болатын. Исраилдіктер Моаб алқаптарында Мұсаны аза тұту уақыты біткенше, отыз күн бойы қатты қайғырып жылап жоқтады.

Ал Нұн ұлы Ешуа Құдайдың даналық пен дарындар сыйлайтын Рухына кенелген еді. Себебі Мұса оған қолын қойып, батасын берген болатын. Сондықтан исраилдіктер Жаратқан Иенің Мұса арқылы берген нұсқауына сай, Ешуаның айтқанын тыңдайтын болды. Бұдан былай Исраилде Мұса сияқты ұлы пайғамбар болған емес. Жаратқан Ие Мұса пайғамбармен бетпе-бет қарым-қатынас жасайтын.

Ол Мұсаны Мысыр еліне жібергенде оған перғауынды, оның барлық нөкерлері мен елін жазалау үшін әр түрлі кереметтер мен гажайып істерін орындатты. Осылайша Мұса бүкіл Исраил халқының көз алдында Жаратқан Иенің зор құдіретін көрсетіп, қорқынышты кереметтерді жасады».

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Тауратта айтылғанның барлығы Құдайдың құтқарылу жолын сіздің де білуіңіз үшін жазылған. Мұса пайғамбар арқылы Жаратушының айтқан мынадай сөздерін есіңізге сақтаңыз: “Құдай сенімді, жоқ ешқандай жалғандығы, лайым Ол әділетті де шынайы”, Аумин!

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын айы жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №43-жал, №44, «Нұн ұлы Ешуа және Қанахан елі»,
Реттік саны: №056. 28/1192сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!.

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Бұл бағдарлама арқылы Мұса пайғамбардың бес кітабына шолу жасалды. Мұса ұлы пайғамбар, ол керемет әрі дана сөздер жазды. Мұса Құдайдың жүзін көрген, әрі Құдайдың құдіретіне жүгініп көптеген кереметтер жасады. Құдай Мұсаны пайдаланып исаилдіктерді перғауынның құлдығынан азат етті.

Бүгінгі хабарымызда: «Нұн ұлы Ешуа және Қанахан елі» жайында айтылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\ ----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Тауратты кім жазғанын білесіз бе?

Иә, бұны әр адам білуге тиіс, Тауратты Мұса пайғамбар жазды. Тауратты білмеген әркім өмірінде көп қате жасап, Құдайдың әділ заңы бойынша құритын болады. Құдайдың Өзі салған негізі Тауратта жазылған. Заңды қайталау кітабының 18-тарауында Мұса ең маңызды ақиқатты жазды. Осы тарауда Мұса исаилдіктерге Құдайдың осы дүниеге басқа, ең ұлы және Жаратушының атынан тура сөйлейтін Пайғамбарды жіберетінін хабарлайды. Олай болса, бүгін Мұсаның исаилдіктерге не айтқанын тыңдап көрейік. Заңды қайталау кітабы 18-ші тарау 15-тен 19-ға дейінгі үзіндіні оқиық:

\\.....Музыка.....\\

«Құдай Иелерің сендерге бауырластарыңның арасынан мен сияқты бір пайғамбарды шығарады. Оны тыңдаңдар! Себебі сендер Хориб тауының етегінде жиналған кезде: “Құдай Иеміздің даусын әрі қарай естімейік, осы жалындаған зор отты тағы да көрмейік, әйтпесе өліп қалармыз!” деген кезде Құдай Иелеріңнен осыны өтінген едіңдер. Сонда Жаратқан Ие маған былай деді: “Олардың айтқандары дұрыс. Мен бауырластарыңның арасынан сен сияқты пайғамбарды шығарып, сөздерімді соның аузына салып отырамын. Ол Менің өзіне бұйырғандарымның бәрін соларға жеткізетін болады. Кім осы пайғамбар Менің атымнан айтқан сөздерді тыңдамаса, сол адамнан Өзім жауап алатын боламын». Құдай осы Пайғамбардың келетінін Мұса арқылы жариялап, Оның еврей халқынан шығатынын (15,18-аяттар), Құдайдың сөзін таза жеткізетінін (18,19) және Құдай мен адамдар арасында татуластырушы болатынын айтты,(16,17). Пайғамбарлардың қайсысы Мұсадан да артық билікпен сөйлеп еді? Әрі қайсысы Мұсадан да артық кереметтер жасаған еді?

Мұса жариялаған Пайғамбар еврейдің пәк қызынан туылған әділ Құтқарушы, Иса. Ол жайлы ираилдіктерге Мұса мынандай ескерту жасады: *“Оны тыңдаңдар! Кім осы пайғамбар Менің атымнан айтқан сөздерді тыңдамаса, сол адамнан Өзім жауап алатын боламын”*.

Біз Таураттағы жазбаларды зерттеуімізді қорытындылай келе, осы керемет кітапқа жасаған саяхатымызды Мұсаның қайтыс болар күні ираилдіктердің алдында айтқан сөздерімен аяқтаймыз. Занды қайталау кітабы 32-тарау 1,3-4 аяттарда былай делінген: *“Аспан құлақ сал, Мен сөйлеймін: тыңда жер, Менің аузымнан шыққан Сөздерімді. Тәңірдің есімін дәріптеймін; Тәңір Иемізге шүкірлік етіңдер. Ол берік негіз. Оның істері кемелді, Оның барлық жолдары әділ. Құдай адал және Онда жалғандық жоқ. Ол әділ және ақиқат”*. Міне, осымен Таураттың 5 кітабына шолуымызды тамамдаймыз, ал Тауратпен байланысты келесі қасиетті кітапты оқуды бастаймыз. Олай болса, Құдайдың ираилдіктерді Өзі уәде еткен сүт пен балға мол елге қалай кіргізгенін білейік...

\\.....Музыка.....\\

Әлемге Құтқарушыны жіберу жайлы жоспарын іске асыру үшін Құдай Ыбырайымға әкесінің жерін тастауды бұйырып, оны алыстағы Қанахан еліне жіберді. Құдай Ыбырайымнан адамзатты құтқаратын Құтқарушы шығатын жаңа халықты таратпақшы болды. Ыбырайым Қанахан жеріне көшіп келгенде Құдай оған тағы да мынандай уәде берді: *“Сен кірме ретінде тұрып жатқан осы жерді Мен сенің ұрпақтарыңа мәңгіге беремін!”* Бұдан Құдайдың көп жылдар бұрын Ыбырайымға берген уәдесін орындап, Қанахан елін Ыбырайымның ұрпақтары ираилдіктерге алып бергенін көреміз. Қанахан елі қазіргі заманда Ираил деп аталады.

Таураттың соңғы тарауынан Мұсаның таудан Қанахан еліне қарай келгенін, содан кейін сол тауда қайтыс болғанын білдік. Одан кейін Мұсаның көмекшісі Нұн ұлы Ешуа ираилдіктердің жаңа жетекшісі болды. Мұсаның орнына Ешуаны Құдайдың Өзі тағайындады. Біз Ешуа туралы бұрын да бірнеше рет айтқанбыз. Оның ерекше қасиеті болатын: ираилдіктердің көбі Құдайдың уәделеріне сенбеген кезде, Ешуа сенген еді. Ираилдіктер Қанаханның шекарасына жеткен кезде Ешуа Құдайға сенген екі барлаушылардың біреуі болған. Ол ираилдіктерді Құдайға сеніп, Қанаханға баруға жігерлендірген кезде ираилдіктер оны таспен ұрып өлтірмек болды. Енді біз Құдайдың ираилдіктер қырық жыл бұрын менсінбеген сол Ешуаны халықты Қанаханға басқарып апаратын жетекші етіп қалай тағайындағанын көреміз!

Бүгінгі оқитын Ешуа жазған кітап Киелі жазбада Таурат пен Забур кітаптарының арасында орналасқан. Осы кітап Құдайдың көп жылдар бұрын Ыбырайымға берген уәдесін қалай орындағанын баяндайды.

Құдай сол кезде Ыбырайымға: *“Қазір өзің жат жерлік кірме ретінде тұрып жатқан бүкіл Қанахан елін саған және келер ұрпақтарыңа мәңгі иеленуге беремін”*-деген болатын, Жаратылыстың басталуы 17:8 аятта. Ираилдіктердің сол кезде әлі өз елі болмаған еді.

Олар шөл даланы кезіп жүрді, оған қоса олар қоныстанбақ болған Қанахан жерінде мықты алып жауынгерлер тұрып жатқан. Алайда күдіреті күшті Құдай Қанаханның тұрғындарын олардың жексұрын күнәларына бола құртып, осы құнарлы жерді ираилдіктерге алып бермек болған. Енді Ешуа мен ираилдіктердің осы елді қалай басып алғанын көрейік.

\\.....Музыка.....\\

Ешуаның жазбасы 1-ші тарау 1-ден 6-ға дейін және 9-дан 11-ге дейінгі үзіндіде былай айтылған: *“Жаратқан Иенің қызметшісі Мұса қайтыс болған еді. Содан кейін Жаратқан Ие Мұсаның көмекшісі Нұн ұлы Ешуаға сөзін арнап былай деді: -“Қызметшім Мұса қайтыс болды. Енді жинал да, өзің және осы халықтың бәрі Иордан өзенінен өтіп, Мен сендерге, яғни Израилдің үрім-бұтағына сыйлағалы, бергелі отырған елге кіріңдер! Мен Мұсаға уәде еткенімдей, аяқтарың басқан жердің бәрін сендерге табыстаймын: (оңтүстіктегі) иен даладан Ливанға дейін, (шығыстағы) үлкен Евфрат өзенінен бүкіл хеттіктер аймағына және батыстағы ұлы теңізге дейінгі аралық сендердің елдеріңнің шегі болмақ. Тірі кезінде ешкім саған қарсы тұра алмайтын болады. Мен Мұсамен бірге жүріп, оған қалай жар болған болсам, саған да солай жар боламын: Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын.*

Қайратты да батыл бол! Мен (ежелде) ата-бабаларына уәде еткен елді халыққа мұралы меншікке үлестіретін сен боласың... Енді, Мен саған мынаны бұйырамын: Қайратты да батыл бол! Еш нәрседен абыржып, қорқушы болма! Қайда барсаң да, Құдай Иең сенімен бірге жүріп жар болады”. Бұдан кейін Ешуа халықтың басқарушыларына былай деп бұйырды: “Ел қонысын аралап шығып, халыққа мына нұсқауды беріңдер: Өздеріңе азық-түлік дайындап алыңдар! Үш күннен кейін мына Иордан өзенінен өтіп, Құдай Иелерің сендерге иемдену үшін сыйлап отырған елге кіресіңдер” . Осыдан кейін Ешуа Қанаханға екі барлаушыны жіберіп, оларға: “Сол жерді және әсіресе Иерихонды көріп келіңдер”,-деп бұйрық береді. Екі барлаушы Иерихон қаласын зерттеп, оның айналысындағы қабырғалардың мықты және биік екенін көреді. Түнде олар қалада қалып, Рақаб есімді жезөкшенің үйінде түнеді. Алайда Иерихонның кейбір тұрғындары олардың Рақабтың үйіне кіргенін көріп, Иерихон патшасына: “Қаламызда ираилдіктердің барлаушылары жүр”-деп хабар береді.

Сонда патша барлаушыларды ұстап алу үшін Рақабтың үйіне әскерлерді жібереді. Бірақ Рақаб барлаушыларды үйінің төбесіне жасырып қояды. Әскерлер кеткеннен кейін Рақаб екі жігітті шақырып, оларға былай деді: *”Мен сендер табынатын Құдайдың шынайы Құдай екенін білемін. Құдайдың осы қаланы және бүкіл Қанахан елін сендерге алып берейін деп жатқанын да әбден білемін. Осы елдің тұрғындарының барлығы сендерден қатты қорқады, өйткені олар Жаратқан Иенің сендерге Қызыл теңіздің ортасын ашып беріп, жауларыңның бәрін құртқанын естіген. Мен сендер табынатын Құдайдың шынайы Құдай екенін білемін!*

Сондықтан осы қаланы басып алғаннан кейін мені және отбасымды қамқорлыққа аламыз деп маған ант беріңдер!

Бізді өлімнен құтқарыңдар!” Екі барлаушы Рақабқа: “Құдай осы қаланы бізге алып бергеннен кейін біз сені және үй ішіндегі барлығын қамқорлыққа аламыз”–деп жауап берді”.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Еврейлерге арналған хат 6:12–ші аятындағы Құдайдың мына кеңесі жайлы ойланыңыз:“*Жігерсіз болуларыңды қаламаймыз, керісінше, сенім мен шыдамдылық көрсетіп, уәде етілген игіліктерді иемденгендерден үлгі алыңдар!”*,

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ... Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №44, «Нұн ұлы Ешуа және Қанахан елі»,
Реттік саны: №057. 27/1091сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біздің бағдарлама арқылы Киелі кітапты сіз де бізбен бірге оқып жүрген болсаңыз, Ешуаның жазбасының үшінші тарауында исаилдіктердің Қанахан еліне кіру үшін Иордан өзенінен өтуге мәжбүр болғанын байқаған шығарсыз. Ал бүгін «Нұн ұлы Ешуа және Қанахан елі» деген тақырыптағы хабарымызды одан әрі жалғастырамыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді! Біздің толқында, бізбен бірге болыңыз!

\\ -----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Кең әрі терең Иордан өзеннен екі-үш миллион халық қалай өте алды? Бұл сұраққа жауап беру өте оңай, өйткені кезінде Қызыл теңізді қақ айырып, исаилдіктерге жол ашқан Жаратқан Ие еш өзгерген жоқ!

Өткен хабарда Ешуаның жіберген екі барлаушысын Иерихонның патшасы ұстап әкелуге бұйырғанда, сол елдің тұрғындарының бірі Рахаб деген әйел екі барлаушыны жасырып, аман алып қалғанын айттық. Олар Иериханға бару үшін Иордан өзенінен өтуі керек еді. Сонда Құдай исаилдіктерге Иордан өзенін екіге бөліп, жол ашып берді. Олар судың арасымен, құрғақ жермен арғы бетке өтіп, Иерихон деген ұлы қалаға жақындады. Иерихонның тұрғындары қаланың қақпаларын жауып алған болатын. Қалаға ешкім де кіре алмайтын және одан ешкім де шыға алмады.

Ешуаның жазбасы бесінші тарауда былай айтылған: *Ешуа Иерихонға жақындап, басын көтерген кезде өзінің алдында қолына семсер ұстаған бір адамның тұрғанын көрді. Ешуа одан: “Сен бізге доссың ба, әлде жаусың ба?”-деп сұрағанда, сол адам: “Мен Жаратқан Ие жіберген әскердің басқарушысымын!”-деп жауап берді. Ешуа оның аяғына жығылып, тағзым етті. Содан Жаратқан Ие жіберген әскердің басқарушысы Ешуаға: “Аяқ киіміңді шеш, басып тұрған жерің киелі”, -деді. Ешуа оның айтқанындай істеді.* Міне, сіз Ешуаның кіммен сөйлескенін білдіңіз бе? Бұл Ешуаға қысқа уақытқа көрініп кеткен Құдайдың Өзі болатын! Біз Құдайдың адам бейнесінде Ыбырайымға көрінгенін, онымен сөйлескенін және жанып жатқан бұтадан Мұсаға аян бергенін Таураттан оқып білдік. Енді біз Құдайдың семсер ұстаған жауынгер бейнесінде Ешуаға аян бергенін көріп тұрмыз!

Нұн ұлы Ешуаның жазбасын оқуды одан әрі жалғастырайық...

\\.....Музыка.....\\

Сонымен Ешуаның жазбасы 6 тарау 1-ден 4-ке дейінгі аятта, Жаратқан Ие Ешуаға былай деді: *”Біліп қой, Мен Иерихонды патшасымен, мықты жауынгерлерімен бірге сенің қолыңа тапсырып отырмын. Барлық жасақшыларың күніне бір рет қаланы айналып шықсын. Осылай алты күн бойы істеңдер. Келісім сандығының алдында бір-бір керней ұстаған жеті діни қызметкер жүретін болсын. Ал жетінші күні қаланы жеті рет айналып шығыңдар және діни қызметкерлер кернейлерін тартып жүрсін. Діни қызметкерлер кернейлерді бір рет ұзақ тартқанда күллі халық ұрандап қатты айқай салсын. Сол кезде қаланың сыртқы қабырғасы іргесіне дейін құлап түседі. Сонда халықтың әрбір адамы қалаға тура лап берсін”*.

Байқадыңыз ба, Құдай Өзі Ешуамен сөйлесті де, содан кейін кетіп қалды. Ешуа дереу ираилдіктерге барып, Құдайдың бұйырғанының бәрін оларға айтып берді. Осыдан кейін Ешуа оларға келісім сандығын алып, қаланы бір айналып шығыңдар деді. Алайда оларға: *“Мен сендерге айқайлауға бұйрық бермейінше үндеріңді шығармаңдар. Кейін айқай салыңдар”*,-деп бұйырды. Сөйтіп ираилдіктер қаланы бір айналып болған соң, шатырларына қайтып, сонда түнеді. Екінші күні де қаланы тағы бір айналып шығып, шатырларына оралды. Олар алты күн бойы осылай істеді. Бірақ жетінші күні олар таң атпастан тұрып, қаланы 7-ші рет айналып шықты. Жетінші реттен кейін діни қызметкерлер кернейлерін үрледі. Бұдан кейін Ешуа халыққа: *”Енді айқайлаңдар! Жаратқан Ие сендерге қаланы тапсырып отыр”*-деп бұйырды, 6:15 аят. Ираилдіктер кернейлердің даусын естіп, қуанышпен айқай салған кезде қаланың қабырғалары опырыла құлады! Ираилдіктер қалаға кіріп барды. Міне, осылай Ешуа мен ираилдіктердің Қанахан еліндегі бірінші қаланы қалай басып алғанын көріп тұрсыз. Сол күні екі барлаушыға көмектескен Рақаб пен оның отбасынан басқа Иерихонның барлық тұрғындары түгел өлтірілді. Рақабтың үйі де аман қалды, өйткені ол жалған тәңірлерден бас тартып, Ираил халқының Құдайына сенім артқан болатын!

\\.....Музыка.....\\

Қалайша Ешуа мен ираилдіктер соншалықты бекітілген қаланы басып алып, Қанахан еліне кірді,-деп ойлайтын шығарсыз. Өйткені ираилдіктер Жаратқан Иенің сөзіне сенді. Құдай Оның сөзіне сенгендерді қолдайды. Иерихон қаласы жойылған кезде Рақаб қалайша қаланың басқа тұрғындарымен құрып кетпеді? Себебі ол Құдайдың құдіретіне таңғалып қана қойған жоқ, ол сонымен бірге Құдайға барлық сенімін артып, Құдайдың халқына іс жүзінде қолдау көрсетті. Киелі жазбада осы туралы былай делінген: *“Ираилдіктер Тәңірге сеніп Иерихон қаласын жеті күн бойы айналып жүргеннен кейін оны қоршаған қамалдары құлап түсті. Бұрын жеңіл жүрісті болған Рахаб Құдайға сенім артқандықтан ираилдік барлаушыларды үйіне түсіріп, аман-есен сақтап қалды.*

Сол себепті ол Құдайға мойынсұнбаған жерлестерімен бірге өлтірілген жоқ”, Еврейлерге арналған хат 11 тарау 30,31 аяттар.

Біз сізге осы хабарда Ешуаның кітабынан көбірек әңгіме айтып берер едік, алайда уақытымыз шектеулі. Осы кітапта Құдайдың Ешуамен және исаилдіктермен бірге болып, Өзінің уәдесі бойынша, Қанахан елінің әр қаласын бір-бірден оларға алып бергені туралы айтылады. Ешуаның жазбасы 21 тарау 43-44 аяттарда былай айтылған: *”Осылайша Жаратқан Ие исаилдіктерге олардың ата-бабаларына антпен уәде еткен елінің барлығын сыйлады. Олар елді иемденіп, оған қоныстанып алды. Жаратқан Ие ата-бабаларына антпен уәде еткендей, исаилдіктерге барлық жағынан тыныштық сыйлады. Оларға бірде-бір жау қарсы тұра алмады, өйткені Жаратқан Ие барша жауларын исаилдіктердің қолына тапсырып отырды”.*

Сонымен, Құдай бұрын Ыбырайымға және оның ұрпақтарына берген уәдесін орындады. Құдай Өзі айтқанындай Қанаханды исаилдіктерге берді ме? Әрине, берді! Құдай Өз сөзінде тұрады! Адамға кешігіп жатқандай көрінсе де, Құдай барлық уәделерін орындайды. Жаратқан Ие Исаил халқына рақымын көрсетіп, оларға құнарлы Қанахан жерін сыйлағысы келгенімен, олардың сенімдерінің нығайғанын күтті. Исаилдіктер Құдайдың уәделеріне толық сенбегендіктен көп жылдарды босқа өткізіп алды. Олардың ата-аналары Құдайдың уәделеріне сенбегендіктен Қанахан еліне ие бола алмады.

Ардақты ағайын, сіздің жағдайыңыз қалай? Дәл қазір мынадай сұрақтар төңірегінде ойланып көріңізші! Сіз Құдайға сенесіз бе? Мен сізден: “Құдайдың бар екеніне немесе Оның жалғыз екеніне сенесіз бе?”-сұрап тұрған жоқпын. Сіз шынайы Құдайға сенесіз бе? Оны сүйесіз бе? Құдайдың Сөзіне бүкіл жан-дүниеніңізбен, бар ақыл-ойыңызбен сенесіз бе? Құдайдың Өзіне сенгендерге не дайындап қойғанын білетін шығарсыз. Сіз бүгін Құдайдың Ізгі хабарына сенетін әркімге берілетін мәңгілік өмір мен Киелі Рухты қабылдайсыз ба? Осындай сұрақтар төңірегінде ойланып көріңіз!

Иә, Құдайдың бар екенін және Оның жалғыз екенін тіпті шайтан да біледі! Құдайдың бар екеніне адамдардың көбісі сенеді. Бірақ, өкінішке орай, шынайы Құдайдың керемет әрі таңқаларлық уәделерін білетін және оларға сенетіндер әлемде өте аз.

\\.....Музыка.....\\

Біздің бағдарламаны тыңдап жүрген бауырластарға айтарым, Құдай сіздерді сүйеді және молынан жарылқағысы келеді! Бірақ, Оның сөзіне сеніп, оны қабылдасаңыз болғаны!

Сонымен Киелі жазбада айтылған мына келесі сөзді есіңізде сақтаңыз: *“Алайда алдын ала жазылғандай, “көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған болатын”, Қорынттықтарға арналған 1-ші хат 2:9 аят; Хабарымызды осымен аяқтаймын. Назар қойып тыңдағаныңыз үшін сізге рахмет! Жаратқан Ие сізге жар болсын!*

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №45, «Рұт пен Билер кітабы»,
Реттік саны: №058. 22/1159сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.
\\.....Музыка.....\\

Мұсаның қызметкері Ешуа исаилдіктерді Қанахан еліне бастап кіргізді. Құдай Өзінің уәдесі бойынша Мұса мен исаилдіктердің алдында жүріп, олардың жауларын құртып, Қанахан жеріне ертіп әкелді. Ал бүгін екі қасиетті кітап: Билер және Рұт кітабы талқыланатын болады. Бұл екі кітаптан Ешуа мен Дәуіт пайғамбардың дәуірлерінің арасындағы уақытта не болғаны айтылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Киелі кітаптағы «Билер» кітабында не жазылғанын білесіз бе?

Бұл кітапты зерттеуді бастамастан бұрын, мен сізге Ешуаның қайтыс болар алдында исаилдіктерге айтқан сөздерін оқып бергім келеді. Ешуаның кітабының соңғы тарауында, пайғамбар Исаил халқының жетекшілеріне еркертү жасайды. Ешуа олардың бәрін Исаил халқын Мысырдан алып шығып, оларға әдемі жерді алып берген Жаратқан Иені сүйуге және Оған мойынсұнуға жігерлендірді. Өзінің соңғы жолдамасында Ешуа былай деді: *«Ал егер Жаратқан Иеге қызмет етуді қаламасаңдар, онда ата-бабаларың Евфрат өзенінің арғы жағында табынған жалған тәңірлерге ме, немесе өздерің елдерінде тұрып жатқан аморлықтардың тәңірлеріне ме, кімге қызмет ететіндеріңді таңдап алыңдар. Ал менің өзім және отбасым-біз Жаратқан Иеге қызмет ететін боламыз... Сонда халық былай деп жауап берді: -Жаратқан Иеден бас тартып, басқа тәңірлерге табынып кетуден аулақ жүрейік! Ол-біздің Құдайымыз, сондықтан біз де Жаратқан Иеге қызмет етеміз»*, Ешуаның жазбасы 24 тарау 15-16;18 аяттар. Ал бұдан кейін не болғанын білгіңіз келе ме?

\\.....Музыка.....\\

Олай болса, Билер кітабының 2-ші тарауы 7-ден 13-ке дейінгі үзіндіні оқып көрейік... *“Ешуаның көзі тірісінде және Жаратқан Иенің Исаил халқы үшін істеген ұлы істерінің барлығын көздерімен көріп, Ешудан кейін де ұзақ жасаған ақсақалдардың бүкіл кездерінде халық Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оған гибадат ете берді.*

Жаратқан Иенің қызметшісі Нұн ұлы Ешуа жүз он жасқа толып, қайтыс болды. Оның сүйегі Ешуаның өз үлесіне тиген жерінде... қабірге қойылды. Сол буынның күллі адамдары дүние салып, ата-бабаларының қасына жөнелгеннен кейін, Жаратқан Иені танымайтын және Оның Исраил үшін істеген ұлы істерін ескермейтін жаңа ұрпақ дүниеге келді. Олар Жаратқан Иенің көз алдында сұмдық іс жасап жалған тәңір Бағалдың мүсіндеріне табына бастады. Жаңа ұрпақ ата-бабалары сиынған, оларды Мысыр елінен алып шыққан Құдайлары-Жаратқан Иеден бас тартты да, айналаларында тұрып жатқан ұлттардың жалған тәңірлерінің жолдарына түсіп, соларға иіліп құлшылық етті. Халық бұларымен Жаратқан Иенің қаһарын тугызды. Исраилдіктер осылайша Жаратқан Иеден бас тартып, Бағал мен Астартаның мүсіндеріне табынатын болды”.

Осылайша Исраил халқы өзінің Құдайын ұмытып, Одан бас тартып, айналасында тұрып жатқан халықтардың діндерін ұстана бастады. Алайда бұл халықтар шынайы Құдайды да, Оның сөзін де білмеген. Олар Балағамға арнап пұттар жасап, соларға табынатын. Балағам Қанаханның тұрғындарының жалған тәңірі болған. Балағамға табынған халықтар шынайы Құдайға сиынып жүрміз деп ойлаған. Ал негізінде олар өз қиялдары мен шайтанға табынып жүрген. Олар осыны білмеген, өйткені шайтан оларды алдаған еді. Шайтан исраилдіктерді де алдап, теріс жолға түсірді. Исраилдіктердің көбісі Құдайдан бас тартып, айналасындағы халықтар сияқты Бағаламға табына бастады.

Сондай ақ, көптеген исраилдіктер Құдайдың Мұса арқылы берген заңдары мен малдың қанына негізделген әділдік жолынан тайып, күнәға батты. Құдайдың дұрыс жолымен жүрудің орнына олар Балағам дінінің жалған жолымен кетті. Құдайдың Синай тауында Мұса арқылы берген бірінші өсиеті мынандай болған: *«Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын! Сондайларға бас иіп табынып, құлшылық етпе! Мен сенің Құдай Иеңмін! Өзімнен басқа тәңірлеріңнің болуына төзбеймін. Мені менсінбейтіндерді немерелері мен шөберелеріне дейін жазалаймын. Ал Өзімді сүйіп, өсиеттерімді ұстанғандарға мыңыншы ұрпағына дейін рақымымды төгемін”*, (Мыс.20:3,5,6). Исраилдіктердің көбі Жаратқан Иені қастерлемегендіктен Құдай оларды жазалады. Енді, Билер кітабының 2-ші тарау 11,14-15 аяттарды оқиық:

\\.....Музыка.....\\

“Олар Жаратқан Иенің көз алдында сұмдық іс жасап жалған тәңір Бағалдың мүсіндеріне табына бастады... Сонда Жаратқан Иенің қаһары Исраилге қарсы лаулап, Ол халықты тонаушылардың қолына бере салды. Солар исраилдіктердің мал-мүліктерін зорлап тартып алып отырды. Жаратқан Ие халықты айналасында тұрып жатқан жауларының қолына түсіріп, соларға қарсы тұруға Исраилдің қауқары жетпейтін болды. Олар қайда аттанса да, Жаратқан Ие Өзі ант етіп алдын ала айтқандай, оларға қарсы соғысып, жеңіліске ұшыратты. Содан халық қатты қиналды”.

Бұдан исаилдіктердің өз жүректерін қасарыстырып, қайта-қайта Құдайдан бас тартқанын көре аласыз. Сондықтан Құдай оларды жазалау үшін кейде жауларының қолдарына түсіріп отырды. Құдай олар қателіктерін түсініп, Оған тәубеге келсін деп осылай істеді. Исаилдіктер шын жүректен тәубеге келген кезде Құдай олардың арасынан билерді тағайындап, оларды жауларынан құтқаратын. Олардың арасында Гедеон деген батыр болған, ол үш жүз-ақ жауынгерімен үлкен әрі мықты әскерді жеңген. Ал тағы бір батыры бір қолымен мың әскерді жеңген. Бұл батырдың аты Самсон еді. Осындай керемет батырлар туралы сізге көбірек айтып беретін едік, бірақ, өкінішке орай, уақытымыз шектеулі. Алайда осы ғажайып әңгімелерді Билер кітабынан өзіңіз оқи аласыз.

Жалпы, Билер кітабында исаилдіктердің Құдайдан және Оның Сөзінен алшақтаған кезде әрдайым жазаланғандары туралы айтылады. Құдай оларды күнәдан бас тартқызып, Өзіне қайтару үшін осылай істеді. Исаилдіктер күнәларын мойындап, тәубеге келген сайын Құдай олардың арасынан бір биді тағайындап, оларды жауларынан құтқарып отырды. Міне, Билер кітабының қысқаша мазмұны осындай.

Исаилдіктер қайта-қайта Құдайды ренжіте берді. Бірақ олардың сенімсіздіктеріне қарамастан Құдай әлі де сенімді болып қала берді. Құдайдың күнә жасаған әркімді жазалағаны рас. Бірақ Ол жалпы Исаил халқын сақтап жүрді, өйткені көп жылдар бұрын Ыбырайымға берген уәдесін ұмытпаған еді. Құдай Ыбырайымға: *“Жердегі барлық халықтар сенің ұрпағың арқылы жарылқанатын болады”*,—деген. Құдай Ыбырайымның ұрпақтарынан дүниеге адамзаттың Құтқарушысын жібермек болған. Исаилдіктердің күнәлары, перғауын, мысырлықтар мен қанахандықтар, Бағал сияқты жалған тәңір, тіпті шайтанның өзі... Осының ешқайсысы Құдайдың осы керемет жоспарының орындалуына бөгет бола алмады! Енді Билер кітабынан кейінгі Рұт туралы жазылған жазбаны қысқаша айта кетейік.

\\.....Музыка.....\\

Рұт туралы жазылған әңгіме өте керемет. Оның басты кейіпкерін қоқыстың арасында өскен әдемі гүлге ұқсатуға болады. Өйткені бұл кітапта әділетсіз, азғын халықтың арасында өскен Рұт есімді әдемі әйел туралы айтылады. Осы әйел зұлым адамдардың арасында өмір сүрсе де, Құдайды қатты сүйетін. Осы әңгімені толық оқи алмаймыз, алайда қысқаша мазмұнын айтар болсақ, біріншіден мынаны білуге тиіссіз: Рұт исаилдік емес еді. Ол Исаилдің солтүстік жағында орналасқан Моаб елінің тұрғыны. Моабтықтар жалған тәңірлерге табынатын. Олар исаилдіктердің Құдайын да, өздерін де жақтырмайтын. Рұт моабтық болса да, Исаил халқының Құдайын сүйетін. Ол Исаилдің Құдайына бүкіл жан-дүниесімен сеніп, оны қабылдады. Рұт Құдайдың Исаил халқын Мысырдан таңғаларлық кереметтерді жасап алып шыққанын, Құдайдың Мұса арқылы Тауратта жазған құтқару жолын да естіген.

Рұттың жалған тәңірлерге табынушылардың арасында тұрып жатқанына назар аударыңыз. Оның ата-аналары да жалған тәңірлерге табынатын. Бірақ Рұт өз әкесінің дініне сенбейтін. Ол Исраилдің Құдайына ғана сенетін. Рұттың жасаған таңдауы оңай емес еді! Оның өз үйінде қалып, әкесінің дініне сәйкес өмір сүріп, Исраилдің Құдайын танымайтын адамға тұрмысқа шығуы керек пе еді? Әлде әкесінің үйі мен дінінен бас тартып, Исраилге көшу керек пе еді? Рұтқа осындай қиын таңдауды жасауға тура келді! Келесі жолы оның қандай таңдау жасағанын және Бетлехем қаласында туылған Дәуіт патша туралы сөйлесеміз.

\\.....Музыка.....\\

Ал біз хабарымыздың соңында, Ешуаның жазбасы 24:15-ші аятты есіңізде сақтауыңызды өтінеміз: *“Кімге қызмет ететіндеріңді таңдап алыңдар. Ал менің өзім және отбасым-біз Жаратқан Иеге қызмет ететін боламыз”*.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №45-жалғ, «Рұт», №46 «Самуил, Саул және Дәуіт», Патшалықтардың 1-жазба 8-10 тарау.
Реттік саны: №059. 28/1182сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.
\\.....Музыка.....\\

Өткен хабарда Ешуа Нәбіннің кітабынан кейінгі екі қасиетті кітап: Билер мен Рұттың кітабы туралы айтылды. Ал бүгін Киелі Кітаптағы ғашықтар туралы әсерлі әңгімемен танысасыз. Сондай-ақ, Самуил пайғамбар мен исаил халқының бірінші патшасы Саул жайында да хабардар боласыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!
\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!
Сіз Киелі кітаптан Рұт туралы әңгімені оқыған ба, едіңіз? Сол заманда Рұттың елінің адамдары бұтқа табынатын. Ал ол исаилдіктердің Құдайына сиынатын, себебі, оның қайтыс болған күйеуі де, бірге тұрған енесі Нағима да Құдайға сенді. Сөйтіп, Рұтқа таңдау жасау керек еді. Алдымен, Рұттың қандай таңдау жасағанын білместен бұрын оның Орфа атты абысыны болғанын білгеніңіз жөн. Орфа да Рұт сияқты Исаилдің Құдайы туралы білген. Сондықтан оған да әкесінің діні мен Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайының арасында таңдау жасау керек болды. Ал екі абысын қандай таңдау жасады екен? Сіз де бұл жайында ойланып көріңіз! Моаб халқының қызы Рұттың өмірімен таныс болыңыз.
\\-----Музыка-----\\

Орфа оңай жолды таңдап, үйінде қалып, өз әкесінің дінін ұстанатын адамға тұрмысқа шықты. Бірақ Рұт қиын жолды таңдады, демек әкесінің үйін тастап, Исаил еліне көшті. Ол ешкімнің екі Құдайға табына алмайтынын білді. Ешкім Исаилдің Құдайы мен Моабтың жалған тәңірлеріне бір мезгілде табына алмайды. Сондықтан Рұт әкесінің дінінен бас тартты. Ол адамды тыңдағаннан гөрі Құдайды тыңдаған дұрыс деп шешті. Рұт шынайы әрі тірі Құдайға бола ата-аналары мен достарының алдында оғаш болып көрінгеннен сескенбеді. Бір халықта: *“Балды жеуді жақсы көретін аралардан қорықпау керек”* деген мақал бар. Сол сияқты Рұт әкесінің үйін тастап, Исаил еліндегі Бетлехем деген кішкене қалаға көшті. Онда Боғоз деген бір адам тұратын. Боғоз Иерихон қаласы басып алынғанда тірі қалған Рахаб деген әйелдің ұлы болған.

Боғоз Құдайдың сөзін қастерлейтін, егіндік жері көп, ауқатты әрі әділ адам еді. Алайда ол әлі үйленбеген болатын. Бетлехем қаласында тұрған Рұт, әдетте әр күні таңертең ерте тұрып, орақшылар ормаған арпаның қалдықтарын жинау үшін егіндікке баратын. Рұт кедей еді. Құдайдың Мұса арқылы исаилдіктерге берген заңы бойынша кедейлерге аш қалмау үшін осылай күн көруге рұқсат етілген. Киелі жазба бізге Құдайдың Рұтты Рахабтың ұлы Боғоздың егістігіне апарғанын айтады. Боғоз егістігінде арпаның қалдықтарын теріп жүрген Рұтты көріп, онымен сөйлесті. Сөйтіп, Боғоз Рұттың мінезінің сұлулығын сезді. Ол әділ адам болғандықтан Рұттың ізгі әрі пәк әйел екенін көрді.

Иә, сөйтіп, Боғоз бен Рұт біріне-бірі ғашық болып, кейін үйленді. Рұт Құдайды және Оның сөзін өз өмірінде бірінші орынға қойды. Құдай оны молынан жарылқады. Киелі жазбадан Боғоз бен Рұттың ұлды болып, ұлының атын Өбід деп қойғанын білеміз. Өбідтен Есей туылды. Есейден кейін Исаил халқының ұлы патшасы болған және көптеген Забур жырларын жазған Дәуіт пайғамбар дүниеге келді. Ал соңында, Дәуіттің үрім-бұтағынан барлық пайғамбарлар айтқан Құтқарушы шықты.

Міне, Құдайдың исаилдік емес Рұттың өмірінде не істегенін көріп отырсыз. Исаилдіктер Құдайдан бас тартып, айналасындағы халықтардың діндеріне кетіп жатқан кезде Рұт өз ата-бабаларының дінінен бас тартып, Исаил халқының шынайы әрі тірі Құдайына ұмтылды! Құдай Рұтты Бетлехемге жетелеп апарып, оны Боғазға қосты. Сөйтіп Рұт Исаилдің патшасы Дәуіттің арғы анасы болды. Осы оқиғалардың бәрінен сіз Құдайдың Өзінің осы әлемге Құтқарушыны жіберу жайлы жоспарын алға жылжытқанын көре аласыз, өйткені әлемнің Құтқарушысы Бетлехем қаласындағы Дәуіттің ұрпақтарынан туылмақ еді. Ол-Боғоз бен Рұттың ұрпағы болған.

Ал “Сіз кімге көбірек ұқсайсыз?”. Рұттың жеңіл жолды таңдаған абысыны Орфаға ұқсайсыз ба, әлде әкесінің дінінен бас тартып, шынайы Құдайға мойынсұнған Рұтқа ұқсайсыз ба?

\\.....Музыка.....\\

Ешуа пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Исаил халқының азғындық жолына түскенін бұрын айтқан едік. Бірақ, Құдай тіпті сол қараңғы дәуірде сенімді болды. Құдай Өзінің Ыбырайымға және оның ұрпақтарына Исаил халқынан шығатын Құтқарушы туралы берген уәдесін ұмытпады. Құдайдың Адам атаның ұрпақтарын күнәларынан азат ету жоспары алға жылжыды, өйткені бұл әлемге келетін Құтқарушы Дәуіттің ұрпағынан шығуға тиіс еді. Құтқарушы Дәуіттің туған қаласы Бетлехемде дүниеге келмек болған. Құдайдың пайғамбарларының осы оқиғалардың барлығын болжағанын көре аласыз. Құтқарушы олардың барлығын бірнеше жүз жылдан кейін орындады. Осының бәрін Құдай ғана істей алған!

Әйгілі Дәуіт пайғамбардың есімі Киелі жазбада мыңнан астам рет айтылады. Ал сіз Дәуіт туралы білесіз бе?

Дәуіт жас жігіт кезінде Голиат деген алыпты бір таспен өлтірген. Егер Дәуіттің ұлы патша болғанын біліп, оның осындай дәрежеге не арқылы жеткенін және сол тәрізді Дәуіттің Киелі жазбадағы Забур жырларын жазғанын біліп, сол жырларда не жазылғанын білмесеңіз, онда білгеніңізден не пайда? Қадірлі ағайын, егер Дәуіт пайғамбар туралы көбірек біліп, оның Забур жырларындағы керемет әрі құдіретті сөздерін естігіңіз келсе, біз Патшалықтар туралы 1-ші жазбаны оқи отырып, келесі хабарларымызда патшалар туралы айтатынымызды есіңізге саламыз...

\\.....Музыка.....\\

Дәуіттің алдындағы Құдайдың пайғамбарының есімі есіңізде ме? Әрине, ол Самуил пайғамбар. Құдай Өзінен алыстап кеткен Исраил халқын Өзіне қайтару үшін Самуил пайғамбарды таңдады. Ендігі оқитын қасиетті кітаптар Пайғамбарлар жазбаларының ішіндегі маңыздысы, онда, Самуил пайғамбар мен Исраилдің алғашқы үш патшасы: Саул, Дәуіт және Сүлеймен туралы әңгімелер бар. Біздің көргеніміздей, Құдай Мұса, Ешуа және Самуил сияқты жетекшілерді Исраил халқына төреші ретінде тағайындап берді. Алайда Исраилдің шынайы Патшасы оларды Мысырдағы құлдықтан азат еткен Жаратушы Құдайдың Өзі болған. Өзінің нұрлы салтанатымен халқының арасында мекендемек болып, оларға арнайы Киелі шатыр жасатқан Құдай олардың негізгі Басқарушысы болғысы келген. Исраил халқы Оған ғана мойынсұнуға тиіс еді. Алайда исраилдіктердің көбі Құдайдың Өзі ғана жалғыз патша болғанына қанағат етпеді. Олар әлемнің барлық халықтары сияқты өздеріне пенделердің арасынан шыққан патшаның билік айтқанын қалады! Енді Патшалықтар туралы 1-жазба 8 тарау 4-тен 9-ға дейінгі үзіндіні оқиық. *“Сонда исраилдіктердің рубасылары жиналып, Рамақ қаласына Самуилге барып, одан: “Өзіңіз білесіз, жасыңыз ұлғайды. Ал ұлдарыңыз сіздің жолыңызбен жүрмей келеді. Сондықтан басқа халықтардағыдай бізге де билік айтатын патшамызды тағайындап беріңіз”,-деп өтінді. “Бізге билік айтатын патшамызды тағайындап беріңіз”–деген сөздер Самуилге мүлдем ұнамады. Ол Жаратқан Иеге сиынып, мынандай жауап алды: “Халықтың айтқандарының бәріне көн. Олар сенен емес, Менен бас тартып, өздеріне патшалық етуіме қарсы болып тұр. Мен оларды Мысырдан алып шыққаннан бері Маған адал болмай, бөтен тәңірлерге құлшылық етіп келгендері сияқты, енді саған да солай істеп отыр. Сонымен, айтқандарына құлақ ас. Бірақ үстерінен билік құратын патшаның еркін оларға мықтап білдірт!”*

Міне, осылайша, Құдай Самуилге халықтың қалауынша патша тағайындауды бұйырды. Құдай исраилдіктерде Өзінен басқа патшаның болғанын қаламады. Алайда олар Құдайдан бас тартып тұрғандықтан Құдай оларға зорлықпен билік жүргізгісі келмеді. Келесі хабарымызда Самуил пайғамбардың исраилдіктерге Саул есімді патшаны қалай тағайындап бергенін айтатын боламыз.

Киелі Жазба былай айтылған: *«Самуил майға толы құтысын алып, одан Саулдың басына құйды. Оның бетінен сүйіп, былай деді: “Тәңір сені Өзінің меншігінің басшысы етіп тағайындады!»*, Патшалықтар туралы 1-жазба 10:1 аят. Исраилдіктер біреуді тағайындаған кезде осылай істейтін. Демек, олар пайғамбардың, діни қызметкердің немесе патшаның басына май құйып, осы арқылы олардың ерекшелігін көрсететін.

\\.....Музыка.....\\

Құдай исраилдіктердің бірінші патшасын тағайындады. Ал келесі аптаға дейін, Патшалықтар туралы 1-ші жазба 10:24-ші аятты оқыңыз. Онда былай жазылған: *«Саулдың басына май құйғаннан кейін Самуил халыққа: -Жаратқан Иенің таңдағанын көріп тұрсыңдар ма? Халық арасында оған сай келетін ешкім жоқ,-деді. Сонда күллі халық: -Патшамыз жасасын!-деп ұрандап айқай салды»*.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №46 «Самуил, Саул және Дәуіт», Патшалықтардың
1-жазба 15-16 тарау, Забур жыры 8,23.
Реттік саны: № 060, 30/1183сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\-----Музыка-----\\

Бүгінгі хабарымызда исаилдің патшалары туралы сөз болады. Исаилдіктер біреуді тағайындаған кезде пайғамбардың, діни қызметкердің немесе патшаның басына май құйып, осы арқылы олардың ерекшелігін көрсететін. Олардың ең бірінші патшасы Саул болды. Осы хабардан исаилдің патшалары жайында біраз мағлұмат аласыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді!

\\----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Исаилдіктердің алғашқы үш патшаларын атай аласыз ба?

Иә, олар: Саул, Дәуіт, Сүлеймен. Ең басында исаилдіктер өздерінің патшасы Саулға бола қатты қуанды. Ол мықты, батыл, жас, сымбатты жігіт еді. Исаилдіктердің арасында ең бойы биік сол болатын. Сыртынан қарағанда Саул тамаша патша болып көрінетін. Бірақ Құдай адамдарды сырт келбетіне қарамайды. Адам сырт пішініне қараса, Құдай жүрекке қарайды. Саул патша билік айтуын жақсы бастағанымен кейін өркөкірек, қызғаншақ және өзімшіл болып кетті. Саул Құдайды аузымен ғана құрметтеді, бірақ оның жүрегі Құдайдан алыс болды. Саул Құдай сөзін құрметтемеді, Оған мойынсұнбады. Ол Құдайдың қалауын орындаудың орнына, өзінің қалағанын істеді. Саулдың патшалыққа тағайындалғанынан кейін бірнеше жыл өткен соң, не болғанын Киелі жазбадан оқып көрейік:

\\.....Музыка.....\\

*«Сонда Жаратқан Ие Самуилге сөзін арнап: “Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады”,-деді. Ал Самуил қатты ренжіп, түні бойы Жаратқан Иеге жалбарына сиынып шықты. Ертеңіне ол ерте тұрып, Саулмен кездесу үшін жолға шыққанда “Саул Кармил қаласына барып, сонда өзінің құрметіне ескерткіш орнатып, ары қарай Ғылғылға кетті”,-дегенді естіді. Самуил Саулға жолыққанда, ол амандасып:
-Сізді Жаратқан Ие жарылқай берсін! Оның бұйрығын орындап шықтым,-деді... Бірақ Самуилдің жауабы мынау болды: -Жаратқан Иеге шын ұнайтын-құрбандық пен басқа сый-тарту ма, әлде Оған мойынсұнып, тілін алу ма?! Мойынсұну Оған артық сый-тарту атаулыдан, еркіне бағыну қошқар майынан ұнамды Оған!*

Құдайға бағынбау–ауыр күнә, сиқыршылық секілді, қасарысу–сұмдық іс, жалған тәңірге табыну іспетті!», Патшалықтардың 1-ші жазбасы 15 тарау, 10-нан 13-ке дейінгі және 22,23 аяттар. Осылай Самуил Саулға патшалықтың одан алынып, басқаға берілетінін білдірді.

Ал Патшалықтардың 1-ші жазбасы 16-шы тарау 1-ден 13-ке дейінгі аяттарда былай айтылған: «Жаратқан Ие Самуилге:-Сен Саул үшін қашанғы қайғыра бермексің? Мен оның Исраил патшасы болуынан бас тарттым. Бір құтыны хош иісті майға толтырып алып, бетлехемдік Есейге бар. Оның ұлдарының ішінен біреуін патша етуге таңдап алдым,-деп бұйырды. -Қалай барсам екен? Саул естісе, мені өлтіреді ғой!-деп сұрады Самуил. Жаратқан Иенің жауабы мынау болды: - Табыныңнан бір қашарды алып барып, “Тәңір Иеге арнап құрбандық шалуға келдім” дерсің. Құрбандық асқа Есейді шақыр. Не істеуің керек екенін саған білдіремін. Өзім айтқан адамға май жағу рәсімін жасайсың. Самуил Жаратқан Иенің бұйрығын орындап, Бетлехемге барды. Қатты абыржыған қала ақсақалдары оның алдынан шығып: - Тыныштық па?-деп амандасты. Ол:-Тыныштық. Мен Жаратқан Иеге арнап құрбандық шалу үшін келдім. Сендер Тәңірге бағышталып, тазарып, менімен бірге құрбандық асына жүріңдер,-деп жауап берді. Самуил Есей мен оның ұлдарын да тазару рәсімінен өткізіп, құрбандыққа шақырды. Бұлар келгенде Самуилдің көзі (Есейдің тұңғышы) Елияққа түсіп, “Сірә, Жаратқан Ие тағайындайтын патша осы шығар”,-деп ойлады. Бірақ Тәңір оған былай деді: -Сен оның бет-жүзіне, бойшаңдығына қарамай-ақ қой. Оны мақұл көрмеймін. Мен пенденің көзімен қарамаймын ғой. Пенде адамның тек бет-әлпетіне қараса, Жаратқан Ие жан-дүниесіне қарайды. Сонда Есей екінші баласы Әбінадапты шақырып, Самуилдің алдына алып келді. Бірақ Самуил: “Мұны да Жаратқан Ие таңдаған жоқ”, деді. Есей Шамманы алға шығарғанда, Самуил “Жаратқан Ие мұны да таңдап алған жоқ”, -деп қайталады. Осылай Есей өзінің жеті ұлын да Самуилдің алдынан өткізді, бірақ ол: “Жаратқан Ие бұлардың ешқайсысын таңдаған жоқ”, -дей берді. Ақырында Есейден:

-Барлық ұлдарың осылар ма?-деп сұрады.

-Тағы да кенже ұлым бар. Ол қой бағып жүр.

-Кісі жіберіп, оны алдырт! Сол келмейінше құрбандық асына отырмаймыз,-деп тапсырды Самуил. Есей кісі жіберіп, ұлын алдыртты. Ол қара торы, көздері жайнап тұрған, келбетті жігіт екен. Тәңір Самуилге: “Тұр, бұл сол, оған май жағу рәсімін жаса”,-деп бұйырды. Самуил алып келген құтысын қолға алып, Дәуітке ағаларының көзінше май жағу рәсімін орындады. Сол күннен бастап Жаратқан Иенің Рухы Дәуітке қонды. Мұнан кейін Самуил Рамаққа қайтып кетті».

Сонымен, Құдайдың Саулдан кейін Исраилдің патшасы етіп Дәуітті тағайындағанын көріп отырсыз.

\\.....Музыка.....\\

Бірақ сіз Дәуіттің дәл сол күні патша болып тағайындалмағанын түсінуіңіз керек. Дәуіт әлі өте жас және Құдайдың оны Исраилге патшалық етуге белгілеген уақыты келмеген еді. Исраил тағына отыру үшін Дәуіт кем дегенде 10 жыл күту керек болды. Сондықтан Дәуіт әкесінің қойларын бағу үшін Бетлехем егістігіндегі далаға оралды. Дәуіт жақсы әрі адал бақташы болған. Құдайға сенім артқандықтан ол ештеңеден қорықпайтын. Бір күні Дәуіт әкесінің қойларын бағып жүрген кезінде арыстан келіп, бір қойға тап береді. Бұл туралы *«...Оны қуып жетіп, соғып, малды аранынан тартып алатынмын. Егер өзіме бас салса, оның сабалақ жүнінен шап беріп, ұстап алып, ұрып өлтіретінмін»* дейді Дәуіт, Патшалықтар туралы 1-жазба 17:35 аятта.

Дәуіт керемет бақташы ғана емес, сонымен қатар арфа тартып, ән айтатын. Құдайдың Рухы берген шабытпен көптеген жырлар шығарып, оларды Забур кітабына жазды. Дәуіт Құдай мен Оның сөзін өте қатты сүйген! Бүгінгі хабарымызды Дәуіт жазған Забурдағы бірнеше аятпен аяқтағым келеді. Дәуіттің Жаратқан Иенің Рухының шабытымен жасыл жайлауда, қойлардың арасында арфаны тартып, Құдайға алғыс пен мадақ айтып отырғанын көз алдыңызға елестетіп көріңізші.

Енді Забур жыры 8-ші тараудан үзіндіні тыңдаңыз:

«Уа, Жаратқан Тәңір, Иеміз біздің, бүкіл дүниеде есімің Сенің бәрінен де даңқты, неткен айбынды! Көктен биік мерейіңді өсірдің... Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа, Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға назар аударған әрбір уақытымда мынадай сұрақтар туады ойымда: Өзің ескеретіндей адам сонша кім, Сен қамқорлайтындай адам баласы кім? Оны көктегілерден сәл төмен қойдың, даңқ пен құрметті оған тәждей сыладың... Уа, Жаратқан Тәңір, Иеміз біздің, бүкіл дүниеде есімің Сенің бәрінен де даңқты, неткен айбынды!»

Ал 118-ші тарау, 105 және 11 аяттарда былай жазылған: *«Сенің сөздерің қадамдарымды жарқыратады, өмір жолыма шырақтай нұрын шашады... Күнә жасамау үшін Саған қарсы, жүрегіме сақтадым айтқандарыңды!»*

Келесі Забур жырының 18-ші тарауында:

«Кемелді-Тәңірдің тағылымдары, жан дүниені олар жаңартады.

Иенің ережелері шынайы, олар наданды да дана қылады.

Әрі әділ-Тәңірдің бұйрықтары, олар жүрекке қуаныш құяды.

Тәңір өсиеттері сондай нұрлы, көзді ашады да жарқыратады.

Алтыннан, саф алтыннан да олар құнды, тіл үйірген таза балдан да тәтті. Бұлардан пендең ескерту алады, бәрін ұстанғанды зор сый тосады», (8,9,11,12 аяттар).

\\.....Музыка.....\\

22-ші Забур жырында Дәуіт былай жырлайды:

«Жаратқан Ие – менің Бағушыым, мен еш нәрседен тарықпаймын.

Ол мені жасыл жайлауға жаяды, тұнық суға жетелеп апарады.

Тәңірім жанымға күш дарытады.

*Есімі “Қасиетті” болғандықтан, мен сенімімді артамын да Оған:
Ол мені тура жолмен жетелейді.*

*Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
себебі Өзің менің қасымдасың, жігер береді таяғың мен сойылың.*

*Сен маған дастарқан жаясың көз алдында дұшпандарымның,
мені құрметпен қарсы алып, тостағанды толтыра құясың.*

Жақсылық пен мейірімділік үлесім болады өмірлік,

Жаратқан Иенің үйінде мен қала беремін мәңгілік. Аумин! (Забур 22)

Ардақты ағайын, келесі аптада Дәуіт туралы әңгімені жалғастырамыз. Дәуіттің Голият деген алыппен шайқасқан кезде Құдайдың оны қалай қолдағанын көресіз.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың Самуилге айтқан мына сөздері жайлы ойланыңыз: “*Мен пенденің көзімен қарамаймын зой. Пенде адамның тек бет-әлпетіне қараса, Жаратқан Ие жан-дүниесіне қарайды*”, Патшалықтар туралы 1-ші жазба 16:7 аят.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №47 «Дәуіт пен Голият», Патшалықтар туралы
1-ші жазба 17 тарау.
Реттік саны: №061, 27/1190сөз

Диктор: Сілеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Құдай Дәуіт туралы: *“Мен көңілімнен шыққан адамды таптым, ол–Есей ұлы Дәуіт; сол менің қалағанымның бәрін орындайды”*–деген. Бірінші патша Саул Құдайдың сөзіне мойынсұнбады. Ал Құдай Дәуітті Израилге екінші патша етіп тағайындады. Дегенмен Құдай оны таққа отырғызатын уақыт әлі келмеген болатын.

Бүгінгі хабарда: «Дәуіттің алып Голиятты қалай жеңгені» туралы айтылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Израил халқына патша қалай тағайындалды? Дәуіт патша болып тағайындалғанда басына май құйылды. Бірақ Дәуіт сол кезде тым жас еді, ол Бетлехем қаласының қасындағы өрісте әкесінің қойын бағып жүрді. Дәуіт Құдаймен жақын қарым-қатынаста болғандықтан, Құдайдың оны қолдағаны туралы керемет әңгіме бар. Енді соны оқып көрейік...

\\.....Музыка.....\\

Патшалықтар туралы 1-ші жазба 17-ші тарау 1-ден 11-ге дейінгі үзінді былай айтылған: *“Біраз уақыттан кейін філістірлер әскерлерін соғысқа жинады... Сонда Саул мен Израилдің ер адамдары Емен аңғарында жиналып, сап түзеп, шайқасқа дайындалды. Філістірлер бір төбенің, израилдіктер екінші төбенің беткейінде тұрып, араларында аңғар жатты. Сонда філістірлер жағынан жекпе-жсек шайқасқа бір жауынгер шықты. Ол Гат қаласынан келген, есімі–Голият, бойы алты шынтақтан асатын біреу еді. Басына қоладан жасалған дулыға, үстіне қабыршақ тәрізді жасалған қола сауыт киіп алған екен. Сауыттың салмағы үш жарым пұт шамасында болатын. Аяқтарына қола тізеқап, ал арқасына қола найза таңыпты. Сүңгінің ағаш сабы тоқымашының өрмегін керіп тұратын ағаштың жуандығындай еді. Сүңгінің темір ұшының салмағы жарты пұттай болатын. Алыптың алдынан үлкен қалқанын көтерген нөкері жүріп отырды. Голият тұрып, Израилдің сапта тұрған жасақшыларына дауыстап айқайлап: -Сендер неге сапқа шығып тұрсыңдар? Мен філістірмін, ал сендер Саулдың қызметшілері емессіңдер ме? Ендеше араларыңнан біреуді таңдап алыңдар, ол қасыма келсін. Егер ол менімен шайқасып, көзімді құртса, онда біз сендердің құлдарыңа айналамыз.*

Ал егер мен оны жеңіп, өлтірсем, онда сендер бізге құл болып, қызмет етесіңдер!—деп жекпе-жекке шақырды. Сол філістір тағы да: -Мен бүгін бүкіл Исраил жасағының саптарын масқара қылдым! Менімен сайысқа түсетін бір адамды жіберіңдер! -деп қосты. Осыны естіген Саул мен Исраилдің күллі жасақшылары абыржып, қатты қорықты.

Ғолият исраилдіктерді мазақтап, қорқытып тұрған кезде Дәуіт далада әкесінің қойын бағып, Құдай сөзі жайында ойланып-толғанып, арфасын тартып, Жаратушыны мадақтап жүрген болатын. Алайда Дәуіттің үш ағасы Исраил әскерінде жауынгер болған. Бір күні Дәуіттің әкесі оған келіп: "Соғыс алаңындағы ағаларыңа барып, олардың жағдайларын біліп қайт",—деді. Дәуіт отарды басқа бақташыға тастады да, таңертең ерте тұрып ұрыс алаңына аттанды. Дәуіт өзінің үлкен ағаларымен амандасып, сөйлесіп тұрғанда філістірлердің алыбы Ғолият саптың алдына шығып, исраилдіктерге қарап тұрып, соңғы қырық күнде істегеніндей, оларды қорқыта берді. Исраилдіктер оны көргенде зәрелері ұшып қаша жөнелді. Сол кезде біреу Дәуітке: "Ана адамды көріп тұрсың ба? Ол бізді мазақтап тұр. Кімде-кім оны өлтірсе, Саул патша соған үлкен байлық пен өзінің қызын бермекші. Оның үстіне жеңімпаздың әкесінің отбасы салық төлеуден босатылады",—деді. Сонда Дәуіт: "Бұл сүндеттелмеген філістірлік тірі Құдайдың жасағына тіл тигізетіндей кім өзі?"—деп қапаланды. Бұны естіген оның үлкен ағаларының біреуі ашуланып, оған былай деді: "Сен мұнда неге келдің? Әкеміздің аз ғана қойларын айдалада кімге қалдырдың? Мен сенің мұнда не үшін келгеніңді білемін. Әншейін мына шайқасты көрмексің ғой!". Сол арада исраилдік жауынгерлердің біреуі Дәуіттің алып жайлы батыл сөйлегенін естіп қалып, осыны дереу Саул патшаға жеткізді. Сонда Саул Дәуітті алдыртып, оны тергеді".

Ал енді Патшалықтар туралы 1-ші жазба 17-ші тарау 32-ден 52-ге дейінгі үзіндіні оқимын:

\\.....Музыка.....\\

Дәуіт:-Тақсыр, ешкім сол філістірден қорықпай-ақ қойсын. Алдыңыздағы қызметшіңіз барып, онымен шайқасуға дайын,—деді. Бірақ Саул:-Сен бұл філістірге қарсы жекпе-жекке шыға алмайсың! Әлі жассың, ал ол бала кезінен-ақ соғысқа машықтанған нағыз жауынгер! -деп ескертті. Ал Дәуіт: -Тақсыр, алдыңыздағы қызметшіңіз әкесінің қойларын бағып келеді. Кейде арыстан не аю қойға шауып, малдың біреуін ала қашатын кездері болады. Сонда оны қуып жетіп, соғып, малды аранынан тартып алатынмын. Егер өзіме бас салса, оны сабалақ жүнінен шап беріп, ұстап алып, ұрып өлтіретінмін. Қызметшіңіз арыстан мен аюдың көзін құртып келді, енді мына құдайсыз філістір де солардың кебінін киетін болады, себебі ол мәңгі тірі Құдайдың әскерін қорлап тұр!—деді.

Бұған ол:-Мені арыстан мен аюдың шеңгелінен құтқарып алған Жаратқан Ие мына філістірден де қорғайтын болады,-деп қосты. Саул мақұлдап: -Онда бар, Жаратқан Ие саған жар болсын!-деді.

Дәуітке өзінің сырт киімін, басына қола дулығасын, үстіне сауытын кигізді. Дәуіт патшаның семсерін де тағып алып, қару-жарағымен олай-бұлай жүріп көруге тырысқан еді, бірақ үйренбегендіктен Саулға: "Мыналарды киіп жүре алмаймын. Бұған үйренген емеспін",-деп шешіп тастады. Ол таяғын қолына алып, жылғаның түбінен бес жұмыр кесек тас теріп, дорбасының сырт қалтасына салып алды. Қолына сақпанын ұстап, філістірге қарай бет алды. Філістір де Дәуітке қарай жақындап келе жатты, алдында нөкері үлкен қалқанын көтеріп жүрді. Філістір Дәуітке қарап, оның қара торы, сымбатты жас жігіт екенін көрді. Оны менсінбей:-Маған таяқпен шығатындай ит пе едім, сонша?! -деп айқайлап, табынатын тәңірлерінің аттарымен қарғап-сілеп: -Жақында маған, етіңді жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып берейін!-деп шақырды. Дәуіт оған былай деп жауап қайырды: - Сен маған қарсы семсер, сүңгі, найзамен келесің. Ал мен саған Әлем Иесінің атымен-иә, өзің масқара етіп отырған Исраил әскерінің Құдайының атымен келе жатырмын! Оның Өзі сені бүгін қолыма түсіреді. Мен сені өлтіріп, басыңды шауып тастаймын, філістір әскерінің өліктерін жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып беремін. Сонда бүкіл әлем Исраилдің Құдайының бар екенін білетін болады! Мына жиналған әскер де Жаратқан Иенің құтқару үшін семсер мен сүңгіні керек қылмайтынына көз жеткізетін болады! Себебі бұл соғысты Жаратқан Иенің Өзі жүргізіп сендерді біздің қолымызға тапсырады! Сонда філістір алға жүріп, Дәуітке таман жақындап келді. Дәуіт оған қарсы, філістір сапына қарай жүгіріп барды да, дорбасынан бір тасты суырып алып, сақпанына салып, атып жіберді. Тас філістірдің маңдайына дәл тиіп, оны тесіп, кіріп кетті. Осылай Дәуіт філістірді тек сақпан және кесек таспен ғана жеңіп шықты. Қолында тіпті семсер де болмағанмен оны ұрып өлтірді. Дәуіт құлап жатқан Ғолияттың қасына келіп, оның семсерін қынабынан суырып алып, басын шауып тастады. Сонда філістір жауынгерлері өздерінің батырының өлгенін көріп, қаша жөнелді. Исраил мен Яһуданың адамдары тұра көтеріліп, атойлап, оларды аңғардың кірер жағына және Ақаронның қақпаларына дейін қуып тастады".

\\.....Музыка.....

Бұл үзіндіден жас жігіттің өз халқын сақпанмен, бір таспен, тірі Құдайға деген берік сеніммен құтқарғанын көрдіңіз. Дәуіт пен Ғолият туралы осы керемет әңгімеден көп маңызды сабақ алуға болады. Саул мен Исраил әскерінің Ғолияттан қалай қатты қорыққанын байқаған боларсыз. Олардың біреуінің де алыппен жекпе-жек шайқасуға батылы жетпеді, бірақ Дәуіт алыптан қорықпай, оны ұрып өлтірді. Саул мен оның жауынгерлері неліктен Ғолияттан қорықты?

Ал Дәуіт неліктен қорыққан жоқ? Дәуіт пен Исраил жауынгерлерінің арасында қандай айырмашылық болды? Дәуіттің алыптан қорықпаған себебі, ол Құдай Иеге сенім артты. Саул мен әскерлерінің Құдайға деген сенімі әлсіз болғандықтан олар алыптан қорықты. Саул және оның жауынгерлерінің көзіне алыптан басқа ештеңе көрінбеді. Дәуіт Құдіреті күшті Құдайды көріп тұрды! Дәуіт Жаратқан Иемен шынайы қарым-қатынаста болды, Құдайды біліп, Оған мойынсұнды, Оның уәделеріне сенгенді. Сондықтан Дәуіт Голияттан қорыққан жоқ.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын сіз, неден қорқасыз және кімге сенесіз?

Келесі аптаға дейін Забур жыры 33-ші тарау 9-шы аятты есте сақтаңыз:

“Жаратқанның ізгілігіне көз жеткізіңдер,

Қандай бақытты Оған сенімін жүктегендер!”.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №47 жалғ, Забур жыры 17, 26 тарау, №48 басы,
"Дәуіт патша және Құдайдың уәдесі". Патшалықтар 1-жазба 18,24 тарау.
Реттік саны: №062. 35/1159сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Дәуіт філістір елінің алып батыры Голиятты жеңді. Сол кездегі истраилдің патшасы Саулдың және әскерлерінің табынатын өз діндері болды. Арнайы бір дінге жату Құдайға мойынсұнуды білдірмейді!. Сондықтан олар шынайы Құдаймен қарым-қатынасы болмады. Ал Дәуіт әрқашан Құдаймен қарым-қатынаста болды. Бүгінгі хабарда истраилдің патшалар: Дәуіт пен Саул жайында айтылады...

Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Дәуіт пен Саулдың өмірі туралы Киелі жазбадан оқыдыңыз ба?

Саул мен оның әскерлері Құдайдың бар екенін, Оның жалғыз екенін, Оның ұлы, құдіретті екенін өте жақсы білген. Алайда бұл білім оларды алып Голияттан қорғай алмады. Ал Дәуіт құдіреті күшті, тірі Құдаймен шынайы қарым-қатынаста жүрді. Ол Құдайды біліп, Оған мойынсұнып, Оның уәделеріне сенді. Сондықтан Дәуіт Голияттан қорыққан жоқ.

Ал сіз Құдайдың сөзін жүрегіңізді қуанышқа толтыратындай дәрежеде жетік білесіз бе, әлде діни дәстүріңізді орындауға ғана тырысып жүрсіз бе? Құдаймен тығыз қарым-қатынастасыз ба, әлде пайдасыз діннің жолымен жүрсіз бе? Дәуіттің Құдаймен қарым-қатынасы туралы жырларының бірі 26-шы тарау 1-ден 4-ке дейін және 7-8 аяттарды оқып берейін...

\\-----Музыка-----\\

Жаратқан -нұрым менің, Құтқарушым да,

Кімнен мен қорқамын солай болғанда?..

Жаратқан -өмірімнің берік қорғаны да,

Қорықпаймын әскер қоршап алса да,

Үмітім үзілмес маған лап қойса да.

Иемнен бір-ақ нәрсені сұрадым,

Тек мынау ғана менің аңсағаным:

Өмір бойы Оның үйінде болсам,

Жаратқан Иенің көркіне қарасам,

Ғибадатханасында толғанып-ойлансам...

Өзіңе сиынған даусыма құлақ түрші, уа, Ием,

Рақыммен жауап бере көрші.

Сен “Алдыма келіп, сиыныңдар” дедің,

Саған шын жүректен жауап беремін:

“Уа, Ием, сиынып алдыңа келемін”.

\\.....Музыка.....\\

Ал сіз Құдаймен жақын қарым-қатынастасыз ба? Сіз Оны өзіңіздің Бақташыңыздай жақсы білесіз бе? Оның көктегі үйінде мәңгілік болатыныңызға сенімдісіз бе? Дәуіт осыған сенімді болды, өйткені ол Құдайдың керемет әрі асыл уәделерін білген. Ол бұларды әншейін біліп қана жүрмеген, ол Құдайдың сөзіне бүкіл жан-дүниесімен сенген.

Дәуіттің сенімі шынайы болған. Ол пенденің тұрақсыз сөзіне сенбеген. Ол барлық сенімін Өзінің балаларын еш уақытта тастамайтын Құдайдың шынайы сөзіне артқан! Ал Забур жыры 17:2,3,30,31 аяттарда былай айтылған:

«Уа, Жаратқан Ие, Сені сүйемін, Сен күш-қуатымның қайнар көзісің. Жаратқан-жартастай берік қорғаным,

мені қауіп-қатерден құтқарушым,

Құдайым, сенім артқан шың құзым,

қалқандай қорғаушым, мықты құтқарушым,

айым биік таудағыдай баспанам!..

Сенің күшіңмен жау тобын жеңе аламын,

Құдайыммен қамал үстіне шығамын.

Сөз жоқ, Құдайдың жолы кінәратсыз,

Жаратқанның сөзі де еш мүлтіксіз,

Өзіне сенім артқан барлық жанға қалқандай қорған Ол, берік баспана».

Ал Көне келісімнен Патшалықтар туралы 1-ші жазбаны оқысаңыз, Құдайдың жас Дәуітті Исраилдің екінші патшасы етіп тағайындағанын білесіз. Дәуіт бірден патша болмады, ол таққа Құдай белгілеген уақытта отырды. Саул Құдайдың еркіне сай жүрмегендіктен Құдай одан бас тартты. Ал Дәуіт туралы Құдай мынандай куәлік берді: *“Мен көңілімнен шыққан адамды таптым, ол Есей ұлы-Дәуіт; сол Менің қалағанымның бәрін орындайды”,* (Елш.13:22 аят). Патшалықтар туралы 1-жазба 18 тарау, 6-дан 9-ға дейінгі аятта былай айтылған: *“Дәуіт філістірдің көзін құрттып, бүкіл әскер елге қайтып келе жатқанда Саул патшаны қарсы алу үшін Исраилдің барлық қалаларынан әйелдер ән айтып, би билеп, даңғыраларда ойнап, қуана әндетіп, үш ішекті аспаптарды шерте алдарынан шықты. Олар би билеп: “Саул мыңдаған жауын жеңіп шықты, ал Дәуіттің жеңгені он мың болды!”-деп дауыстап ән салды. Саул қатты ашуланып, бұл сөздерді тіпті жақтырмай: “Олар Дәуітке он мыңдаған, ал маған не бары мыңдаған жеңілген жау үшін мақтау айтты! Енді оған жетпей тұрғаны патшалық билік қана! - деп налыды. Сол күннен бастап Саул Дәуітке қызғанышпен қарайтын болды”.*

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбадан исраилдіктердің Дәуітті жақсы көргенін көреміз. Бірақ олар оны қаншалықты жақсы көрсе, Саул оны соншалықты жек көретін. Саулдың жүрегінің қызғанышқа толғаны соншалық, ол Дәуітті өлтіруден басқа еш нәрсе туралы ойлай алмайтын болды.

Дәуіт пен оның қасындағы төрт жүз исаилдіктерге шөл далада қашып, жасырынуға тұра келді. Саул әскерімен Дәуітті, оның адамдарын сол шөл даладан іздей бастады. Саул шамасы келгенше Дәуітті ұстап, өлтіргісі келді. Алайда Құдай Дәуітті қолдап жүргендіктен Саул осыны істей алмады. Саулға бола Дәуіттің өмірі қиындап кетті. Дәуіт пен оның достары ыза болған қызғаншақ Саулдан сегіз жыл бойы қашып жүруге мәжбүр болды.

Саул Дәуітті қызғанып, оны жек көріп, өлтіргісі келді. Ал Дәуіт оны жек көрмеді. Неліктен? Өйткені Дәуіт Құдаймен жақын қарым-қатынаста болған, ал Құдай әділдерге де, әділетсіздерге де рақымды. Киелі жазбада былай айтылған: *“Сүйетін адам-Құдайдың баласы, ол Құдайды біледі. Сүймейтін кісі Құдайды білмейді, өйткені Құдай-сүйіспеншілік... Біз сүйеміз, себебі Ол бізді алдымен сүйді. Біреу: “Құдайды сүйемін”, -дей тұра, бауырласын жек көрсе, оның өтірікші болғаны. Себебі көз алдындағы бауырласын сүймейтін кісі көзге көрінбейтін Құдайды қалай сүйе алады?”*, Жоханның 1-ші хаты 4 тарау, 7,8,19,20-шы аяттар.

Өкінішке орай Саул мен Дәуіттің арасында болған барлық жағдай туралы оқуға біздің уақытымыз жоқ. Дегенмен Дәуіттің сүйіспеншілігі мен кішіпейілділігін көрсететін бір әңгімені оқиық.

\\.....Музыка.....\\

Патшалықтар туралы 1-ші жазба 24-ші тарау 1-ден 14-ке дейінгі үзіндіде: *“Дәуіт сол аймақты тастап, Ен-Геди маңындағы елсіз қыраттың қауіпсіз жерлеріне орналасты. Саул філістірлерді қуып тастап, қайта оралғаннан кейін “Дәуіт Ен-Гедидің елсіз қыраттында жүр” деген хабар алды. Ол бүкіл Исаилден үш мың таңдаулы жауынгерді жинап, Дәуіт пен оның адамдарын “Жабайы Ешкілер” жартастарының маңынан іздеуге шықты. Жол жиегіндегі қой қораларының қасында бір үңгір бар екен. Саул түзге отыру үшін соған кірді. Дәл сол үңгірдің түкпірінде Дәуіт пен жігіттері жасырынып отырған еді. Жігіттері Дәуітке сыбырлап былай деді: -Жаратқан Иенің сізге: “Мен қас жауыңды қолыңа тапсырамын, оған қалағаныңды істе” дегені, міне, бүгін іске асып тұр! Сонда Дәуіт орнынан тұрып, Саулға жақындап барып, білдірмей шапанының бір шетін кесіп қана алды. Бұдан кейін мұнысына да ар-ұжданының алдында ұят сезінді. Серіктеріне қайта оралып: -Жаратқан Ие тағайындаған тақсыр иеме қарсы көтеріліп, оған қол жұмсаудан Құдай сақтасын! Бұл Жаратқан Ие дайындаған патша зой!-деп тыйым салып, олардың Саулға бас салуларына жол бермеді. Саул орнынан тұрып, үңгірден шыққаннан кейін Дәуіт те үңгірден шығып, Саулдың соңынан: “Уа, патша ием!”-деп айқайлады. Саул артына қараған кезде Дәуіт басын жерге дейін иіп тағзым етіп, Саулға: -Біреулердің “Дәуіт сізге қастық ойлап жүр” дегендеріне неге сенесіз?”-деп дауыстады. -Үңгірде болғаныңызда Жаратқан Ие сізді қолыма тапсырып-ақ еді, соған енді көз жеткізе аласыз. Маған “Көзін құртыңыз!”-деді, бірақ мен: “Тақсыр иеме қол жұмсамаймын, ол Жаратқан Иенің тағайындаған патшасы зой!”-деп, сізге жаным ашыды.*

Қараңызшы, әке, шапаныңыздың бір шеті, міне, менің қолымда! Оны жаңа ғана шапаныңыздан кесіп алдым, бірақ өзіңізді өлтірмедім. Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз. Сізге істеген ешбір жамандығым жоқ, ал өзіңіз қалайда жанымды алу үшін артымнан қалмай жүрсіз. Екеуміздің арамызда Жаратқан Ие төрелік етсін, сізге кеткен есемді Тәңірдің Өзі қайтарсын. Бірақ өзім сізге қолымның ұшын да тигізбеймін. Ата-бабаларымыз: "Зұлымдықты зұлымдар жасайды",-деп айтып кеткен емес пе? Сондықтан мен сізге қолымның ұшын да тигізбеймін!"-делінген.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Саул мен Дәуіттің арасында болған бұл оқиға жайында сіз не ойлайсыз? Бізге айтар сөзіңіз болса, бізбен хабарласыңыз!

Бізге берілген уақыт та өз мәресіне жетті. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №48 жалғ, "Дәуіт патша және Құдайдың уәдесі".
Патшалықтар 1-жазба 18,24 тарау.
Реттік саны: №063. 28/1184сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Әуе толқынында «Шындық жолы» бағдарламасы.

\\.....Музыка.....\\

Саул патша қызғыныштан Дәуітті өлтіргісі келді.

Ал бүгін, Киелі жазбадан Патшалықтар туралы 1-ші жазба 24-ші, 31-ші тарауларды және Патшалықтар туралы 2-ші жазба 7-ші тараудан үзінділер оқылады.

Ендеше, "Дәуіт патша және Құдайдың уәдесі" деген тақырыппен хабарымызды жалғастырамыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сізді өлтіргісі келетін адамды жақсы көрер ме едіңіз?

Ал Дәуіт өзін өлтіргісі келден Саул патшаны жек көрмеді. Себебі Дәуіт Құдайға сенгендіктен Саулды өлтіруге мүмкіндігі болса да, оған қастандық жасаған жоқ. Бұны келесі мәтіннен көруге болады. Патшалықтар туралы 1-ші жазба 24-ші тарау 15-тен 21-ге дейінгі аяттарды оқиық...

\\----- Музыка ----- \\

Дәуіт Сауылға былай деген еді: *"Израил елінің патшасы кімге қарсы аттанды? Сіз кімді қуып жүрсіз? Бір өлген итті не титтей бүргені емес пе? Жаратқан Ие Төреміз болып арамыздағы дауды шешіп берсін! Оның Өзі ісімді қарап, қорғап, мені қолыңызға түсірмей, ақтап шығара көрсін!"*-деді. Дәуіт осы сөздерді айтып болғанда Саул: *-Дәуіт, баламау, бұл сен бе едің?-деп дауыс көтере сұрап, егіле жылады. Содан кейін: -Сен менен әлдеқайда әділсің! Өзіңе істеген зұлымдықтарыма жақсылықпен жауап қайтардың. Сен бүгін де маған жақсылық жасап, соныңды ісіңмен дәлелдедің. Жаратқан Ие қолыңа беріп тұрғанның өзінде сен мені өлтірмедің! Қас жауы қолына түскен қандай адам оны аман-есен жібере салады? Маған бүгін істегенің үшін Жаратқан Ие сені молынан жарылқасын! Сенің шүбәсіз патшалық құрып, Израил патшалығының билігі қолыңда берік болатынын енді білдім".*

Бұдан кейін Саул үйіне оралды. Бірақ көп ұзамай оның жүрегі қайтадан қызғанышқа толып, ол Дәуітті ұстап өлтіру үшін айдалаға қайта барды. Саул көңіліндегі қызғанышқа бола Дәуітті сегіз жыл бойы аңдып жүрді! Алайда Құдай Дәуітті Саулдан әрдайым құтқарып отырды.

“Адам не ексе, соны орады” дегендей, ақыр соңында Саул жасаған зұлымдығының зардабын шекті. Енді 31-ші тарауда не жазылғанын тыңдаңыз:

“Осы екі арада філістірлер исраилдіктерге қарсы соғысып, исраилдіктер олардан қашып, көбі Гелбуе тауында қаза тапты. Філістірлер Саул мен оның ұлдарының соңына түсіп, ақыры ұлдары Жонатан, Әминадаб пен Мәлхисуаны өлтірді. Саулдың айналасындағы айқас күшейе түсті. Садақшылар оны жебемен атып, ауыр жаралады. Саул өзінің қару-жарақ тасушы нөкеріне: “Семсеріңді суырып, маған сұғып ал! Мына құдайсыздар келіп, маған білгендерін істеп масқара қылмасын!”-деді. Бірақ нөкері қатты қорқып, бұны істеуден бас тартты. Сонда Саул өз семсерін суырып алып, оны өзіне қарай қаратты да, үстіне құлап түсті”, (1-4 аят). Сол күні Саулдың өзі және үш ұлы да қаза тапты. Яғни Құдай айтқандай, Саулдың ұрпағы толық жойылды.

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбаның келесі тарауларында Құдайдың Исраилдің патшалығын Дәуітке тапсырғаны туралы айтылады. Дәуіт әділдікті сүйетін және әділетсіздікті жек көретін патша болды. Дәуіт Жаратқан Иені бүкіл жүрегімен сүйді. Ол Құдайдың сөзі мен даңқын өмірінде бірінші орынға қойды. Сондықтан Дәуіт билік жүргізе бастаған кезде біріншіден Киелі шатыр мен Келісім сандығын Иерусалимге көшірді. Иерусалим Исраилдің астанасына айналғандықтан Дәуіт сиыну мен құрбандық шалудың осы қалада істелгенін қалады. Ол Киелі шатырды Иерусалимге көшіргеннен кейін Құдайға арнап ғибадатхана салмақ болды. Сөйтіп, келісім сандығын сол ғибадатханаға қойғысы келді. Күнәкарлар күнәлары үшін құрбандықты осы орында шалуға тиісті болған. Алайда Құдай Дәуітке осы ғибадатхананы салатын ол емес екенін білдірді. Қайта Құдай Дәуітке мәңгілік үй салып бермекші екенін жеткізді! Енді Құдайдың Дәуітпен бекіткен келісімін тыңдаңыз:

“Күндерің таусылып, ата-бабаларыңа аттанғаныңда, Мен артыңнан бір ұлыңды тағайындап, патша етіп нығайтамын. Маған үй салып беретін сол болады. Оның патшалық тағын мәңгілікке орнатамын. Мен оған әке боламын, ал Ол Менің рухани ұлым болады. Егер ол жамандық істесе, оны басқа адамдар арқылы, олардың таяқтары арқылы жазалаймын. Мен сенен бұрынғы Саулға деген рақымымды одан алып қойсам да, сенің ұлыңнан рақымымды ешқашан алмаймын. Сенің үйің мен патшалығың Менің көз алдымда мәңгілікке нығаяды, ұрпақтарыңның патшалық тағы мәңгі тұратын боладың”, Патшалықтар туралы 2-ші жазба, 7 тарау 12-ден 16-ға дейінгі аяттар.

Сіз Құдайдың Дәуіт патшамен жасаған келісімін түсіндіңіз бе? Бұл адамның ақылына сыймайтындай ұлы уәде болған. Құдай Дәуітке: *”Сенің үйің мен патшалығың Менің көз алдымда мәңгілікке нығаяды, ұрпақтарыңның патшалық тағы мәңгі тұратын болады”,*-деп уәде берді. Бұл қалай? Дәуіттің тағы қалай мәңгі сақталмақ?

Дәуіт сияқты кәдімгі адам қалай мәңгілік тұратын патшалық орнатпақ? Бұның жауабы мынандай: Құдай Дәуітке оның ұрпағының біреуі мәңгілік патшалық орнатады деген уәде берді.

Яғни Дәуіт патшаның үрім-бұтағынан шыққан бір Кісіге көкте де, жерде де мәңгілік билік етуге құқық берілетін болады. Ол патшалардың Патшасы, тәңірлердің Тәңірі, Тыныштық пен амандықты сыйлатын Әмірші деп аталады. Дәуіт билік еткен кезден кейін бірнеше жүз жыл өткен соң және патшалардың Патшасы туылғаннан 700 жыл бұрын Ишая пайғамбар былай деп жазған: *“Себебі Сәби дүниеге келді, біз үшін осы Ұл сыйға берілді! Билік болады Оның қолында мәңгі: Оны “керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке, тыныштық пен амандықты сыйлайтын Әмірші” деп те атайтын болады. Оның құрған билігі арта түсіп, орнатқан тыныштығы шексіз болады, Өзі Дәуіттің тағына отырып, мәңгі патшалығын сол кезден бастайды, әділдікпен нығайтып, жалғастырып, ақиқатты да ұстанатын болады. Барлық қайрат-жігерімен бұларды әлемнің Иесі іске асырады!”*, Ишая пайғамбардың жазбасы 9 тарау 6,7 аят.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, мәңгі Патшалықты орнату билігі Дәуіттің ұрпағының қайсысына берілді? Осыны білесіз бе? Ақыр заманда Кім адамзатты соттап, кейін мәңгі билік жүргізеді? Құдайдың жіберген Құтқарушысы, Көктен келген Патша. Ол Дәуіттің үрім-бұтағынан шыққан пәк қыздан туылды. Осы Патша туралы Киелі жазбада былай айтылған: *“Құдай Оны көкке көтеріп, мәртебесін бәрінен де биіктетіп, Оған бүкіл есімдерден жоғары атақты сыйлады”*, (Філіп. 2:9).

Құдайдың Дәуіттің тегінен әлемге Құтқарушыны жібермек болғанын білген кезде ол тізерлеп, Құдайды мадақтап, былай деді:

“Уа, Тәңірім, Жаратқан Ие, мені осылай дәріптейтініндей менің өзім, шыққан әулетім соншама кімбіз? Бірақ бұл сен үшін әлі аз болып көрінді, о Жаратқан Ием. Сен алдыңдағы пендеңнің келешек ұрпақтары туралы да айтып бердің. Әлде Сен әдетте адам баласына осылай әрекет етесің бе?.. Сен қандай ұлысың, уа, Құдай Ием! Құлақтарымызбен естіген барлық хабарымыз бойынша Саған тең келетін ешкім де жоқ, Сенен басқа Құдай да жоқ... Уа, Тәңірім, Жаратқан Ие, Сен Құдайсың, Сенің сөздерің ақиқат, алдыңдағы қызметшіңе осы игіліктерді уәде еттің. Ал енді, Сенің алдыңда мәңгілікке үзілмесін деп пендеңнің әулетін жарылқай гөр, Тәңірім. Осыны Өзің айттың, сол себептен Сенің ақ батаңмен пендеңнің ұрпақтары мәңгілікке жарылқанатын болады”, Патшалықтар туралы 2-жазба 7 тарау 18,19,22,28,29 аяттар. Осылай Дәуіт өзінің тегінен шығатын Патша туралы уәделері үшін Жаратқан Иені мадақтады. Араларыңызда Киелі жазбаны білетіндер бар болса, олар Құдайдың осы кезде Өз уәдесінің бір бөлігін орындағанын біледі.

Біз Інжіл шариғті оқығанда Дәуіттің билігінен кейін бір мың жыл өткен соң Бетлехемнің тауларында Дәуіт сияқты қой бағып жүрген бірнеше бақташыға Құдай періштесін жібергенін көреміз. Жаратқан Иенің періштесі сол кезде бақташыларға былай деді: *“Мен сендерге үлкен қуаныш жариялаймын, ол қуаныш барлық халыққа да ортақ: бүгін Дәуіттің қаласында сендердің Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол-Иеміз Мәсіх!”*, Лұқа жазған ізгі хабар 2:10,11 аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Бізге берілген уақыт та өз мәресіне жетті. Сіз Киелі жазбадағы Римдіктерге арналған хат 11-ші тарау 33,36 аятты есіңізде сақтаңыз:

“О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты!.. Әлемнің бәрі Құдайдан, Ол арқылы, Ол үшін пайда болған. Лайым Құдай мәңгілік мадақталсын! Аумин”.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №49, «Дәуіт пен Барсабия», Патшалықтар туралы
2-жазба 11,12 тараулар.
Реттік саны: №064. 28/1175сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....

Жаратқан Ие Құтқарушыны Дәуіттің әулетінен шығады деп уәде еткен. Қазір Ол көкте. Ол бүкіл әлемді әділ сотпен жазалайтын күнін күтуде. Біреулер үшін осы күн үлкен қуанышқа толы болса, басқалар үшін ұлы үрейге толы болады. Сол күні Құдайдың Дәуітке мәңгі патшалық туралы берген уәдесінің ақиқат екеніне әркімнің көзі жетеді. Ал сіз бүгін: «Дәуіт және Барсабия» туралы хабар тыңдайсыз. Киелі кітаптан Патшалықтар туралы 2-ші жазба 11-ші және 12-ші тарауларды оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Киелі жазбаның Аян кітабында былай делінген: “Әлемді басқару билігі Тәңірдікі және Оның тағайындаған Патшасы Мәсіхтікі! Ол мәңгілік билік жүргізетін болады!”,(11:15 аят). Ал біз соңғы хабарымызда Дәуіттің Исраил патшасы болып тағайындалғанын, Ол Құдайдың Сөзін қастерлеген, әділ әрі жүрегі жанашырлыққа толы патша болғанын көрдік. Дегенмен, Дәуіт патша Құдайдың алдында өте сүйкімсіз іс жасады. Ол басқа біреудің әйеліне құмартып, онымен жақындасып, неке адалдығын бұзды. Осы күнәсын жасырмақ болып, оның үстіне тағы күнә қосты.

Бізді тыңдап отырған тыңдарман, мүмкін сіз: “Осындай сұмдық оқиға Киелі кітапқа не үшін жазылған?”-деп сұрайтын шығарсыз. Киелі жазба бұған былай жауап береді: “Киелі жазбалардағылардың бәрі бізге тәлім болсын деп баяғыда жазылып қалдырылды”, (Рим. хат 15:4) “Солардың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды... Сенімінде берікпін деп санайтын әркім, күнәға батудан сақ болсын!” (Қорынт. 1-хат 10:11,12). Құдай Киелі жазбада пайғамбарлардың күнәларын жасырмай көрсетеді, өйткені бізге пайдалы тәлім бергісі келді. Енді Самуил пайғамбар жазған Патшалықтар туралы жазбаның 2-ші кітабына оралып, Дәуіт патша туралы жағымсыз әңгімені 11-ші тарау 1-ден 5-ке дейінгі аяттардан оқиық...

\\.....Музыка.....\\

Онда былай делінген: “Келесі жылғы көктемде, патшалар жорыққа шығатын уақытта, Дәуіт Жоғабты, өзінің нөкерлері мен бүкіл Исраил әскерін жауға қарсы аттандырды. Олар аммондықтарды жаппай қырып, астаналары Раббаны қоршап алды. Бірақ Дәуіттің өзі Иерусалимде қалып қойды.

Бір күні кешке Дәуіт төсегінен тұрып, сарайының төбесінде әрлі-берлі жүрді. Төмен қараған ол шомылып жатқан бір әйелді көрді. Әйел өте сұлу екен. Дәуіт ол туралы сұрастыру үшін біреуді жіберіп, оның Елиям қызы, хеттік Ұрияның әйелі Барсабия екенін біліп алды. Сонда Дәуіт хабаршыларын жіберіп, оны өзіне алдыртты. Әйел келіп, Дәуіт онымен бірге болды. Кейін әйел үйіне қайтып кетті. Бұдан бірнеше күн бұрын ғана ол айлық етеккірінен тазарған болатын. Әйел жүкті болып, Дәуітке: “Аяғым ауыр”, -деп хабар жіберді”, (Патша. 2-жазба).

Бұдан әрі Киелі жазбада Дәуіттің өз күнәсін қалай жасырғысы келгені туралы айтылады. Дәуіт Барсабияның жүкті болғанын естігенде өз әскер басшысы Жоғабқа Барсабияның күйеуі Ұрияны өзіне жіберуді бұйырды. Ұрия Исраил әскерінің мықты жауынгері болатын. Жоғаб Ұрияны Дәуітке жіберді.

\\.....Музыка.....\\

Енді Киелі жазбадан, Патшалықтар туралы 2-ші жазба 11-ші тарау, 7-шіден 17-ге дейінгі үзіндіні оқиық: “Ұрия оның алдына келгенде, Дәуіт одан Жоғаб пен әскердің жағдайы туралы және соғыстың қалай өтіп жатқандығы жайлы сұрастырды. Дәуіт соңынан Ұрияға: “Үйіңе барып, жуынып-шайынып демал!”-деді. Ол сарайдан шығып кеткенде, патша оның артынан сыйлық жіберді. Бірақ Ұрия үйіне бармай, патшаның басқа да нөкерлерімен бірге сарайдың кіре берісінде түнеп шықты. “Ұрия үйіне барған жоқ!”-дегенді естіген кезде, Дәуіт оны қасына шақырып алып:-Алыс жолдан келдің ғой, неге үйіңе барып, демалмайсың?-деп сұрады. Ал Ұрия:-Келісім сандығы және Исраил мен Яхуда әскерлері шатырларда тұрып, Жоғаб төрем және сіздің нөкерлеріңіз ашық далада түнеп жүргенде, мен үйіме барып, ішіп-жеп, әйеліммен бірге бола алам ба? Сіздің алдыңызда ант етемін: мен бұндай нәрсені істемеймін!-деп жауап қайтарды. Сонда Дәуіт:-Олай болса, бүгін де осында қал, ал ертең сені қайтарып жіберемін,-деді. Сонымен Ұрия сол күні Иерусалимде қалып қойды. Келесі күні... Ұрия тағы да өз үйіне бармай, патшаның нөкерлерімен бірге түнеді. Сондықтан Дәуіт Жоғабқа хат жазып, оны Ұриядан беріп жіберді. Хатында ол былай деді: “Ұрияны ең қатты шайқас болып жатқан майданның алдыңғы шебіне қойып, оны өлімге қалдырып, өздерің кері шегініп кетіңдер!”. Сонда Жоғаб қоршалған қаланың ең мықты жауынгерлері орналасқан жеріне Ұрияны қойды. Қаланың адамдары шығып, Жоғабқа шабуыл жасады. Сонда Дәуіттің бірнеше жауынгері қаза тауып, ішінде хеттік Ұрия да болды”.

Ал осы Патшалықтар туралы 2-ші жазбаның 11-ші тарауының 26-27-ші аяттарында былай делінген: “*Ұрияның әйелі күйеуінің өлгенін естіп, оны жоқтап, аза тұтты. Жоқтау мерзімі біткенде Дәуіт біреуді жіберіп, әйелді өз үйіне алдыртты. Ол Дәуітке әйел болып, бір ұл туып берді. Бірақ Жаратқан Иенің көз алдында Дәуіттің істеген бұл қылығы сұмдық болды*”.

\\.....Музыка.....\\

Енді бұдан әрі не болғанын білу үшін, Патшалықтар туралы екінші жазбаның он екінші тарауын оқиық: “*Содан Жаратқан Ие Дәуітке Натан пайғамбарды жіберді. Ол патшаға келіп, былай деді: -Бір қалада екі адам болды. Біреуі бай, біреуі кедей екен. Байдың малы көп болса, кедейдің сатып алған бір кішкентай қозысынан басқа түгі де болмады. Кедей оны бағып-қағып, қозы көз алдында балаларымен бірге өсті. Ол қожайынының барлы-жоқты тамағын бөлісіп жеп, оның тостағанынан су ішіп, кеудесінде ұйықтап, оған өз қызы іспетті болды. Бір күні байға бір жолаушы қонақ келе қалды. Бірақ бай оған арнап союға өз малын аяп, кедейдің әлгі тоқтысын тартып алып, содан қонағына тамақ пісіріп берді! Дәуіт сол байға қатты ашуланып, Натан пайғамбарға: -Мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында ант етемін: мұны істеген адам өлімге лайық! Кедейге мейірімсіз болып, осыны істегені үшін ол тоқтының орнын төрт есе етіп толтыруға да міндетті! - деп шешті. Сонда пайғамбар Дәуітке: -Сол адам өзіңсің! - деді. -Исраилдің Құдай Иесі былай дейді: Мен сені Исраилдің үстінен патша етіп тағайындап, Саулдың қолынан құтқарып келдім. Саған патша иеңнің сарайы мен әйелдерін табыстап, Исраил мен Яһуда елдерін де тапсырдым. Мұның бәрі аз болса, оның үстіне тағы соншама қосып берер едім. Неге Жаратқан Иеңнің өсиетін аяқ асты етіп, Оның көз алдында осындай жамандық істедің?! Хеттік Ұрияны семсермен өлтіртіп, оның әйелін тартып алып, өзіңе әйел қылдың! Сен Ұрияны аммондықтардың семсерімен өлтірттің! Ендеше, Мені елемей, сөзімді жерге тастап, хеттік Ұрияның әйелін өзіңе әйел қылып алғаның үшін семсердің жүзі бұдан былай әрдайым әулетіңе қауіп төндіріп тұратын болады. Жаратқан Ие тағы да мынаны айтады: өз үйіңнің ішінен саған қарсы пәле шығарамын! Көзіңнің алдында әйелдеріңді алып, басқа біреуге беремін, ол тапа-тал түсте сенің әйелдеріңмен бірге болмақ. Сен жасырын әрекет жасадың, ал Мен осыны бүкіл Исраилдің көз алдында ашықтан-ашық істеймін! Сонда Дәуіт Натанға былай деді: -Мен Тәңірге қарсы күнә жасадым, соны мойындаймын! Натан пайғамбар оған: -Онда Тәңір күнәңді кешірді. Сен өлімнен құтылдың. Бірақ осы қылығыңмен Жаратқан Иені дұшпандарының көзінше қорлағаның үшін дүниеге келген ұлың шетінейтін болады, - деп жауап берді. Осыны айтып, Натан пайғамбар үйіне қайтып кетті”, (Патша. 2-жазба 12:1-15).*

Киелі жазбаның келесі тарауларын оқығанда Дәуіттің күнәсының отбасына көп пәле мен қайғы әкелгенін көре аласыз. Алайда Құдайдың сөзінде: *“Күнә қанишалықты көбейсе, Құдайдың рақымы одан да асып түсті”* деген сөз бар. Сондықтан Құдай Дәуітке рақымды болып, оның барлық күнәларын кешірді. Келесі хабарымызда, Құдай неліктен Дәуіттің күнәларын кешірді?-деген сұраққа жауап іздейміз.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, сіз Киелі жазбадағы Римдіктерге арналған хат, бесінші тарау жиырмасыншы аятты оқып, ойланыңыз. Онда былай делінген: *“Ал Таурат заңы болса, күнә туралы түсінігіміздің көбейе түсуі үшін берілді. Бірақ күнә қанишалықты көбейсе, Құдайдың рақымы одан да асып түсті”*.

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №49, «Құдай неліктен Дәуіттің күнәларын кешірді».
Реттік саны: № 065, 27/1108сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!
Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Дәуіт патшаның жасаған күнәсін Құдай әшкереледі. Ал бүгінгі хабарда: «Құдай неліктен Дәуіттің күнәларын кешірді» деген тақырып қарастырылады.

Киелі кітаптан 51-ші және 31-ші Забур жырларынан үзінділер оқылады. Хабарды әдеттегідей Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\----- Музыка ----- \\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Дәуіт патшаның күнәсін әшкерелеген пайғамбардың кім екені есіңізде ме? Иә, Натан пайғамбар. Ол өз заманының патшасы болған Дәуіттің Құдайдың алдында да, халықтың алдында да, үлкен күнә жасағанын айтып, түсіндіру үшін кішкентай қозы туралы мысал әңгімені қолданды. Дәуіттің күнәсі соғыста жүрген әскердің әйелімен бірге болғаны, соңында ол сол әскерді өлтіртеді. Кейін осындай үлкен күнә жасағанын түсініп, қатты өкінген Дәуіт патша тәубесіне келеді. Сонымен, Құдай неліктен Дәуіттің күнәларын кешірді? Бұл туралы бүгінгі хабардан білетін боласыз!

\\----- Музыка ----- \\

Натан пайғамбар әңгімені айтып болған соң: *“Сол адам өзіңсің”*, -деген кезде Дәуіттің қалай жауап бергені есіңізде ме?. Құдайдың пайғамбары Натанның Исраилдің ұлы патшасын осылай әшкерелеуі үлкен батылдық болған. Ал енді мынадай сұрақтарға жауап іздеп көрейік:

Дәуіт Натанға қалай жауап берді? Натанды түрмеге қаматты ма, әлде әдеттегі патшалар сияқты оның басын шапты ма? Немесе “Құдайдың қалағаны осы болған!”, “Құдай рақымды болғандықтан, менің игі істеріме бола осы күнәмды кешіре салатын шығар!” деп ақталуға тырысты ма? Дәуіт Натанға осылай жауап берді ме? Жоқ, әрине. Дәуіт: *“Мен Тәңір алдында күнә жасадым”*, -деп қылмысын мойындады. Дәуіттің Құдай алдында өз күнәсін қалай мойындағанын жақсы түсіну үшін Дәуіттің өзі жазған елуінші жырды оқиық. Дәуіт осы жырды Натан оны Барсабиямен істеген күнәсі үшін әшкерелегеннен кейін жазған болатын:

«Шексіз сүйіспеншілігіңе бола, О, Құдайым маған рақым ете гөр, мейіріміңнің молдығына бола қылмыстарымды өшіріп тастай гөр!»

*Мені әділетсіздігімнен арылтып, күнәларымнан түгел тазарта гөр!
Қылмыстарымды жақсы білемін де, күнәларым әрдайым тұр есімде.
Сенің Өзіңе қарсы күнә жасап, көз алдыңда зұлымдық істедім де.
Осылайша әділ -Сенің айтқандарың, мүлтіксіз де –шығарған үкімдерің.
Мен күнәкар боп дүниеге келдім, құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім.
Сен жүректің таза болуын қалайсың, жан дүниеме даналық та құясың.
Маған құрбандық қанын себелей гөр, сонда көз алдыңда таза боламын,
сен мені күнәмнен жуып-шая гөр, сонда қардан да аппақ тазарамын...
Уа, Құдайым, жүрегімді тазартып, рухымды берік қылып жаңарта гөр...
Ал Құдайға ұнамды сый, құрбандық – күнәсына шынымен өкінген рух,
шын өкініп, бағынған жүрекке Сен теріс қармайсың, уа, Құдай Ием»,
Забур жыры 50:3-9,12,19 аяттар.*

\\.....Музыка.....\\

Міне, Дәуіт патша күнәсын осылай мойындады. Ол өз күнәсына бола шынымен қайғырды. Дәуіт дінді ұстанған, бірақ күнделікті күнәларын жалғастыра беретін екіжүзділер сияқты болмады. Дәуіт күнәға батса да, күнәның құлдығында өмір сүре алмады, өйткені ол Құдайды сүйетін. Дәуіт: *”Құдай – Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ”* деген ақиқатты білген, (Жохан. 1-хаты 1:5). Ол күнәсын мойындаған кезде Құдай оған Натан пайғамбар арқылы: *”Барып игі істер жаса, сонда Мен сенің күнәларыңды өшіремін”*,-деді ме? Жоқ, Ол бұлай айтқан жоқ. Құдай Дәуітке Натан арқылы жай ғана: *”Онда Тәңір күнәңді кешірді. Сен өлімнен құтылды”*-деді. Осыдан кейін Дәуіт Забур кітабына Құдайдан кешірім алған адамның қаншалықты бақытты екені туралы жазды. Ол былай деді: *”Әділетсіз істері кешірілген, барлық күнәларынан ақталған әркім қандай бақытты! Иеміз мойнына күнә артпайтын, жан дүниесінде жалғандық болмайтын әрбір кісі бақытты!”*, Забур жыры 31 тарау, 1-ші 2-ші аят.(Рим.хат 4:7,8). Иә, Құдай Дәуітті кешіріп, оны ақтады. Алайда бұл жағдай Құдай Дәуіттің күнәсының зардабын өшіріп тастады дегенді білдірмейді. Дәуіт әлі де қылмысының қайғылы зардабын шекті. Онда мұның мағынасы қандай? Мағынасы мынандай: Қиямет соты күні Құдай Дәуіттің күнәсын есіне алмайды. Құдай Дәуіттің күнәсын Өз кітабынан өшіріп тастады! Құдай қалайша Дәуіттің барлық күнәларын кешіріп, әділ Төреші болып қала берді? Құдай Дәуіттің жасаған зұлымдығын жай ұмыта алар ма еді? Жоқ! Құдай-әділ Төреші болғандықтан Адамның ұрпағының күнәларына көздерін жұма алмайды. Онда Ол қалайша Өзінің әділдігіне қайшы келтірмей, Дәуітті кешіре алды?

Дәуіттің өз күнәсын мойындағаннан кейін Құдайға қалай жалбарынғаны есіңізде ме? Ол былай мінажат етті: *”Мені әділетсіздігімнен арылтып, күнәларымнан түгел тазарта гөр! Маған құрбандық қанын себелей гөр, сонда көз алдыңда таза боламын, Сен мені күнәмнен жуып-шая гөр, сонда қардан да аппақ тазарамын”*, Забур жыры 50:4,9 аяттар. Құдайдың бұйрығы бойынша исаилдіктер құрбандық қанын исоп шөбінің бұтағымен бүркітін.

Осы бүркілген қан Өз еркімен жанын қиып, қанын адамзаттың күнәсының құны ретінде төгетін Құтқарушы Иса Мәсіхке меңзеген.

\\.....Музыка.....\\

Құдай Дәуіттің күнәларын неліктен кешіре алды? Өйткені Дәуіт күнәсын мойындады және Құтқарушының Құдайдың құдіретімен оны тазарта алатынына сенді. Дәуіттің мінажатының мағынасы мынандай болды:

*“Уа, Құдай, мен істеген күнәма өкініп, оны мойындап,
Сенің мені кешіруіңді өтінемін!
Менің күнәларымды кешіре алатыныңды білемін, себебі
Сен бір күні ешбір күнәсыз Құтқарушыны жібересің және
Ол менің барлық күнәларым үшін жазаланып, құнын төлейді.
Сондықтан мен сияқты күнәкарға рақымды бола гөр!
Мені Киелі Өтеушінің қанымен жуып, тазарта гөр!”*

Рақымды Құдай Дәуіттің күнәларын кешірді ме, оның жүрегін тазартып, оны ақтады ма? Иә, Ол солай істеді! Құдай неге осылай істеді? Меніңше, Құдайдың Дәуітті кешірген себебі: Дәуіт Құдайдың алдында өзінің күнәлы екенін мойындап, Құдайдың болашақта әлемге келіп, күнә үшін азап шегетін Құтқарушы туралы уәдесіне сенді. Сондықтан Дәуіт патша Құдайдың уәделеріне қуанып, 31-ші Забур жырын былай деп жазды:

*Әділетсіз істері кешірілген,
Барлық күнәларынан ақталған
Қандай бақытты әрбір жан!
Иеміз мойнына кінә артпайтын,
Жан дүниесінде жалғандық болмайтын
Қандай бақытты әрбір жан!
«Күнәмді айтқым келмеп еді,
Сонда аяқ-қолым сырқырай берді,
Ыңқылдап жүрдім күні бойы.
Себебі күні-түні Сенің қолың
Зілдей боп үстімде жатты менің.
Сол кезде жаздың аптабы семдірген
Көк шөпке ұқсап солып қалдым мен.
Сонда алдыңда күнәмді мойындадым,
Әділетсіздігімді енді жасырмадым.
Жаратқанға кінәмді ашық айтам дедім,
Сен сонда барлық күнәмді кешірдің.
Сондықтан Өзіңе адал жүрген жан
Пәлеге тап болғанда, сиынсын Саған.
Тіпті топан судай апат келгенмен,
Ажалдан құтылады ол аман-есен.
Сен баспанамсың пәледен сақтайтын,
Құтқарылғанымға қуана ән шырқаймын».
«Мен саған ақыл-кеңес беремін,
Жүретін жолыңды көрсетемін.*

*Сені таса қылмай көзімнен,
Әрдайым жетелеп жүремін Мен.
Ақылсыз ат пен есектей қасарма,
Ауыздық, жүген саласың оларға,
Әйтпесе бағынбай жүрер олар да».
«Құдайсыз жан көп қасірет шегеді,
Ал Жаратқанға сенімін артқан пендені
Оның берік рақымы қоршай береді», (Забур жыр 31-ші тарау).
\\.....Музыка.....*

Қадірлі ағайын, келесі аптада Дәуіт патшаның Құдай жіберетін Құтқарушы туралы қалай куәлік келтіргенін білетін боласыз. Осы Құтқарушы сіз бен біздің жазамызды Өз мойнына алғандықтан, Құдай біздің барлық күнәларымызды мәңгілікке кешірді. Дәуіт патша өзі жазған Забур жырларында Құдайдың адамзатқа арнаған ең ұлы баталары туралы жазған. Жаңа ғана оқыған 31-ші Забур жырындағы мына келесі сөздер жайында сіздің пікіріңізді білгіміз келеді...

*“Әділетсіз істері кешірілген,
Барлық күнәларынан ақталған
Қандай бақытты әрбір жан!
Иеміз мойнына кінә артпайтын,
Жан дүниесінде жалғандық болмайтын
Қандай бақытты әрбір жан! “
Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!
\\.....Музыка.....*

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №50, «Дәуіт патша және Мәсіх», Забур жыры 1,2.
Реттік саны: № 066, 28\1169сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!.

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Дәуіт пайғамбар жайында “Патшалықтар туралы жазбада” жазылған әңгімелерді талқыладық. Дәуіттің бақташы, арфада ойнаушы, мадақтау жырларын жазушы, Жаратқан Иенің сөзінің ғұламасы, батыр жауынгер, Исраилдің патшасы және Құдайдың пайғамбары болғанын білдік.

Ал бүгін: «Дәуіт патша және Мәсіх» деген хабар тыңдайсыз. Дәуіт пайғамбардың 1-ші және 2-ші Забур жырларынан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз жасаған күнәлеріңіз үшін өкініп, Құдайдан кешірім сұрайсыз ба?

Біз соңғы хабарымызда Дәуіт патшаның да күнәкар болғанын көрдік, өйткені ол опасыздық жасап, Құдайды қатты ренжітті. Алайда Құдай Дәуітті кешірді, өйткені ол күнәларын шын жүректен мойындады. Ол осы дүниеге келетін, адамзаттың күнәлары үшін жазаланатын Құтқарушы туралы Құдайдың уәдесіне сенген болатын.

Ал біз бүгіннен бастап, Киелі жазбаның ортасындағы тамаша кітапты зерттемекпіз. Осы кітаптың қалай аталатынын білесіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Ол-Забур жырлары деп аталады. Забур кітабы 150 жырдан тұрады. Құдай Забур жырларын жазу үшін бірнеше жүз жылдан астам уақытта Мұса, Сүлеймен, Асаф, Қорах ұлдары сияқты түрлі пайғамбарларды қолданды. Алайда осы жырлардың көбісін Дәуіт пайғамбар жазды. Бүгін біз Забур кітабынан басындағы екі жырды талдамақпыз. Бірінші жыр бізге әлемде адамдардың екі түрі бар екенін көрсетеді: әділдік жолымен жүретіндер және әділетсіз жолды таңдағандар. Жырда былай делінген:

*Құдайсыздар кеңесіне бармайтын, күнәкарлар жолыменен жүрмейтін,
Мазақтаушылармен бірге отырмайтын, қайта, Тәңір заңына қуанатын,
Күні-түні сол туралы ойланатын әрбір адам қандай бақытты!*

Ол мерзімінде жемісін беретін, жапырақтары еш кеуіп сембейтін,

Су жағасындағы ағашқа ұқсайды: не істесе де, табыссыз қалмайды.

Ал құдайсыздарда бұлай болмайды: олар жел ұшырған қабыққа ұқсайды,

Құдай сотында ақтала алмайды, әділдер қауымында орны болмайды.

Әділдің қамын Жаратқан ойлайды, ал құдайсыздың ізі де қалмайды.

Аумин. (Забур жыр. 1)

Біз бұл жырдан бақытты жандар мен құрып кететін жандардың жолын көреміз. Әркім Құдайдың батасына ие болғысы келеді. Ешкімнің де құрып кеткісі келмейді. Құдай әркімге батасын бергісі келеді. Бірақ Құдайдан бата алу үшін Құдайдың бекіткен жолымен жүру керек. Құдайдың батасын беретін жол қандай? Забурдағы бірінші жыр бізге екі негізгі ой береді. *Бірінші ой*: Құдайдың сөзін менсінбейтіндерге, оны мазақ ететіндерге ерменіз. *Екінші ой*: Құдайдың бекіткен құтқарылу жолына сеніп, оны қабылдау үшін Құдайдың сөзі жайында ойланып-толғанып, оны түсінуге ұмтылыңыз. Егер Құдайдың әділдік жолына сеніп, онымен жүрсеңіз, Киелі жазба сіз туралы: *”су жағасына еккен ағашқа ұқсайсыз”*- дейді; сіздің өміріңіз Құдайдың Өзімен байланыста болады, сүйіспеншілік, қуаныш және тыныштық сияқты *”жемістерді дер кезінде береді”*. Алайда Құдайдың бекіткен әділдік жолымен жүрмесеңіз, сіз жел ұшырған қаңбаққа ұқсайтын құдайсыз пенде боласыз.

Ал Забурдағы екінші жырда Құдай Дәуітті осы әлемге келетін Құтқарушы туралы жазуға шабыттандырды. Дәуіт пайғамбардың қаламы арқылы бізге жеткен Құдайдың хабарын мұқият тыңдайық. Ол Киелі жазбада былай айтылған:

\\.....Музыка.....\\

*Неге халықтар жатыр бас көтеріп,
ұлттар іске аспайтын жоспар құрып?
Тәңір мен Оның қойған патшасына
(Мәсікке) әлемнің патшалары қарсы тұрып,
әкімдер кеңесіп жатыр былай деп:
“Бізге салған шынжырларын сындырып,
бұғауларынан құтылайық лақтырып!”
Көкте тағында отырған Тәңір күледі,
ойларын Жаратқан жай келекелейді.
Содан ашулана зекіп, тіл қатады,
қаһар шашып, зәрулерін ұшырады:
“Өзім киелі тауым Сионда
тағайындағанмын осы патшамды!”
Жар салайын Жаратқанның жарлығын:
“Рухани Ұлымсың,-деді Ол Маған.
-Өзіңді патшалыққа тағайындап мен
бүгінгі күні Әке болдым саған.
Менен сұра, иелігіңе сенің
халықтарды мәңгілікке беремін.
Шартарапты қол астыңа өткіземін.
Сен оларға қатаң билік жүргізесің,
Құмыраны лақтырып сындырғандай,
қиқарлықтарын тас-талқан етесің”.
Енді, патшалар, ақылға келіңдер,
әлемнің билері, шындықты ұғыңдар!
Тәңір Иені терең қастерлеңдер,*

қуана қызмет етіп бой ұрыңдар,
Ғәм қалтырап, күнәдан шошыныңдар!
Ұлының аяғын сүйіп бағыныңдар!
Әйтпесе Ол кәрленіп, көздеріңді құртпақ,
ашуы лезде жалындай лауламақ,
ал Оған сенгендер бақытты болмақ! Аумин! (Забур жыр. 2:1-12).
\\.....Музыка.....\\

Қадірлі тыңдарман, сіз Забур кітабының екінші тарауында Құдайдың не жариялағанын түсіндіңіз бе? Бұл өте маңызды! Осы жырда Құдай құтқарылу әкелетін Құтқарушының үш керемет есімін атады. Сіз осы үш есімді бұрын естідіңіз бе? Ол: Мәсіх, Патша және Ұл. Осы үш есім туралы айта кететін бір нәрсе: *Бірінші есім*: Құдайдың Құтқарушыны “Мәсіх” деп атағанын көреміз. Мәсіх еврей тілінен аударғанда: “*Құдайдың май жағу рәсімін жасап тағайындаған кісісі*” дегенді білдіреді. Құдай Мәсіх деген есім арқылы адамдарға дүниеге келетін Өтеушіні қабылдап, Оған сенуді бұйырады, өйткені Оны әлемнің Құтқарушысы мен Соттаушысы деп Құдайдың Өзі тағайындады. Алайда осы жырдың бірінші үш аятында Құдай адамдардың көбі Иса Мәсіхті қабылдамайтынын ескертеді. Осы аяттарды қайтадан оқиық: *Неге халықтар жатыр бас көтеріп, ұлттар іске аспайтын жоспар құрып? Тәңір мен Оның қойған патшасына әлемнің патшалары қарсы тұрып, Әкімдер кеңесіп жатыр былай деп: “Бізге салған шынжырларын сындырып, Бұғауларынан құтылайық лақтырып!”*(Забур жыр. 2:1-3). Неліктен осы әлемдегі адамдар Құдай жіберген Мәсіхті қабылдаудан бас тартады? Олардың Мәсіхті қабылдамайтын себебі: Ол-киелі, ешбір күнәсыз Тұлға. Киелі жазбада былай айтылған: “*Жамандық істеген әркім Нұрды жек көріп, жасаған істері әшкереленбес үшін Нұрға жоламайды*”, (Жохан 3:20).

Құдай осы аяттар арқылы мынаны алдын ала ескерткен: еврейлер мен әлемнің басқа ұлттары өзара келісіп, Құдай әлемнің Құтқарушысы және Соттаушысы етіп таңдаған киелі Кісіні құртуға тырысады. Бірақ Құдай зұлым адамдардың жүзеге асырмақшы болған іс-әрекеттерінің бәрін білді. Адамдардың зұлым жоспарларын Құдай күнәкарларды құтқару жайлы Өз жоспарын іске асыру үшін қолданбақ болды. Сондықтан Киелі жазбада: “*Көкте тағында отырған Тәңір күледі, ойларын Жаратқан жай келекелейді*” деп айтылған, (Забур 2:4). Сөйтіп Құдай осы жырда Құтқарушыға яғни Өтеушіге берген бірінші есім–Мәсіх. Еврей тіліндегі “*Мәсіх*” деген сөз “*Құдай тағайындаған* “ дегенді білдіреді.

Екінші есім-“Патша”. Яғни Құтқарушы Мәсіх және Патша. Құтқарушыға осы есімді беру арқылы Құдай әркімге Мәсіхтің ақыр соңында бүкіл әлемнің Сотшысы және Билеушісі болатынын білдіреді. Адамдардың көбісі Мәсіхтен бас тартса да, Ол әлі де Патша болады. Қиямет соты күні әр адам Оның алдында тізерлеп тұратын болады, өйткені Құдай Оны патшалардың Патшасы және иелердің Иесі деп тағайындады.

Сондықтан Иса Мәсіх сіздің Құтқарушыңыз не Соттаушыңыз болады. Адамдарға ұнаса да, ұнамаса да, Иса Мәсіх мәңгі билік жүргізетін Патша болмақ!

Осы 2-ші Забур жырында Құдайдың Исаға берген үшінші есімін естисіз. *Бұл Ұл деген есім.* Оның мағынасын түсіндірместен бұрын сіз мына екі нәрсені есіңізге түсіріңіз: Дәуіт Забурдағы жазғанының бәрін Құдай оған дарытқан даналықпен жазды, Пайғамбарлар жазбаларында кейде түсінуге қиын жерлер кездеседі, алайда осыдан бұл жазбалар шынайылығын жоғалтпайды! Құдай Өз сөзінде былай ескертеді: *”Киелі жазбаларда бірқатар түсінуге қиын жерлер бар. Шынайы рухани тәлім алмаған, тұрақсыз адамдар Киелі жазбалардың басқа жерлерін бұрмалағандары сияқты, Оның қиын жерлерін де бұрмалап, қате түсіндіреді. Сол арқылы олар тозаққа түсулеріне өздері себепші болады,* Петірдің 2-хаты 3 тарау, 16-шы аят. Надандық–қауіпті әрі сұмдық нәрсе. Ал адамдарды мәңгі өлімнен құтқаратын Құдай таңдаған Иса Мәсіх жайлы надан болу тіпті сұмдық! Бір халықта: *”Надандық білдіртпей құртады”* деген мақал бар. Құдайдың Өзі Иса Мәсіхке берген үшінші есім-Ұл екенін есіңізде сақтаңыз.

\\.....Музыка.....\\

Ал Дәуіт пайғамбардың екінші жырындағы мына сөздері туралы ойланған кезіңізде Құдай сізге батасын берсін:

Енді... ақылға келіңдер... шындықты ұғыңдар!..

Тәңір Иені терең қастерлеңдер, қуана қызмет етіп бой ұрыңдар, һәм қалтырап, күнадан шошыныңдар! Ұлының аяғын сүйіп бағыныңдар! Әйтпесе Ол кәрленіп, көздеріңді құртпақ, ашуы лезде жалындай лауламақ, ал Оған сенгендер бақытты болмақ! Аумин (Забур 2:10-12).

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Ие сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №50-дің жалғасы, «Дәуіт патша және Мәсіх»,
Забур жыры 2-ші және 21-ші жырлар, №51.
Реттік саны: №067, 30/1180сөз

Диктор: Сәлеметіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Забур кітабының 2-ші тарауында Дәуіт пайғамбар Құдай құтқарылу әкелетін Құтқарушының үш керемет есімін атайды. Олар: «Мәсіх, Патша және Ұл». Ал бүгінгі хабарда: «*Дәуіт патша және Мәсіх*» деген тақырып қарастырылады. Сондай-ақ, 2-ші және 21-ші Забур жырлары талқыланады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Дәуіт патшаның 2-ші Забур жырында не жазғаны есіңізде ме?

Сол жырда Құдайдың Өзі Иса Мәсіхке берген Ұл деген есім туралы айтады. Енді осыны тағы да бір сәт еске түсірейік... Забурдағы екінші жырдың жетінші аятында былай дейді:

”Жар салайын Жаратқанның жарлығын:

“Рухани Ұлымсың,-деді Ол Маған.

Өзіңді патшалыққа тағайындап,

Мен бүгінгі күні Әке болдым Саған”.

Құдайдың Иса Мәсіхке не дегенін естідіңіз бе? Жаратушы Құдай былай деді: *“Сен Менің Ұлымсың... Мен бүгінгі күні Әке болдым Саған”.* Құдайдың Иса Мәсіхті неліктен Ұлым дегенін білесіз бе? Бұл есім нені білдіреді? Сіз, Құдай әйел алып, оған бала туғызған деп ойлайсыз ба? Жоқ! Ешқашан олай болған емес! Бұл Құдайды балағаттап, Оған тіл тигізу! Құдай-Рух және Ол адам сияқты бала тумайды! Онда Құдай неліктен Иса Мәсіхке: *”Сен Менің Ұлымсың”,*-деді?. Бұл сұрақты ұзақ талқылауға уақытымыз жеткіліксіз, бірақ біз Пайғамбарлар жазбаларынан Құдайдың Иса Мәсіхті *“Ұлым”* деп атағанының үш себебін айтқымыз келеді.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың бізге берген бұл жауабы үшін Оған алғыс шексіз.

Біріншіден, сіз Мәсіх көктен келгендіктен Құдайдың оны Ұлым деп атағанын білуіңіз керек. Пайғамбарлар жазбаларына сенетін әркім Иса Мәсіхтің адамнан емес, Құдайдан келгенін біледі. Иса Мәсіхтің жерде әкесі болмағанын сіз білесіз. Оның жердегі тегі жайлы біз мынаны білеміз: Иса Мәсіх Дәуіттің ұрпағынан, яғни Дәуіт патшаға туыс болған пәк қыздан туылды. Бірақ әкелік жағынан Ол Киелі Рухтан туылды. Сондықтан Құдай Оған: *“Рухани Ұлымсың... Мен бүгінгі күні Әке болдым Саған”*-деді.

Екіншіден, біз Киелі жазбадан Иса Мәсіхтің мінезі мен болмысының Құдайдікіндей киелі болғанын көреміз. Яғни Ұл Әкесіндей киелі болған. Уәде етілген Құтқарушы дәл Құдай сияқты таза және киелі болды.

Біз болашақта Жаңа Келісімді талдаған кезде Иса Мәсіхтің адамдар сияқты күнәмен ластанбағанын білетін боламыз! Көне келісімді оқиғанда тіпті ұлы пайғамбарлардың өздері күнә жасағандарын білдік. Алайда Иса Мәсіх ешқандай күнә жасаған жоқ. Ол әрдайым Әкесінің еркін орындап жүрді. Әлемдегі күнәкарларды күнәларынан еш күнәсы жоқ Иса Мәсіх қана құтқара алатын еді! Күнәкар біреу басқа күнәкарды құтқара алады ма? Әрине, құтқара алмайды! Ал Иса Мәсіх еш күнәсыз болған. Киелі жазбада Ол туралы былай айтылған: *“Бізге дәл сондай: қасиетті де кінәратсыз, кіршіксіз, күнәкарлардан аластатылып, аспаннан да жоғары, Құдайдың қасына көтерілген Бас діни қызметкер қажет!”*, (Еврей. хат 7:26). Құдай жіберген Құтқарушы Иса Мәсіх Құдайдың Өзіндей киелі болған! Сондықтан Құдай Оны “Ұлым” деп атады.

Үшіншіден, Құдай Иса Мәсіхті басқа пайғамбарлардан ажырату үшін Оны “Өз Ұлым” деп атады. Біз Ыбырайымның “Құдайдың досы” деп аталғанын көрдік. Ал Мұса пайғамбар “Құдайдың адамы” деп аталды. Дәуіт туралы Құдай: *“Мен жүрегімнің қалауына сәйкес адамды таптым”*,-деді. Бірақ Құдай пайғамбарлардың ешқайсысына: *“Сен Менің Ұлымсың, Саған Әкең болдым”*,-деп айтқан емес? Бұл сөзді Құдай Иса Мәсіхке ғана айтты, өйткені жалғыз Иса Мәсіх қана жоғарыдан келіп, пәк қыздан туылған және мүлтіксіз таза, ешбір күнәсыз болған.

Ардақты ағайын, сіз Құдай Өз Ұлым деп атаған Иса туралы не білесіз? Құдай әркімнің Оны танып, қабылдағанын, Оған мойынсұнып, сенгенін қалайды. Сондықтан Дәуіт пайғамбар 2-ші жырын мына аяттармен аяқтады:

*Енді, патшалар, ақылға келіңдер, әлемнің билері, шындықты ұғыңдар!
Тәңір Иені терең қастерлеңдер, қуана қызмет етіп, бой ұрыңдар,
Ғәм қалтырап, күнәдән шошыныңдар! Ұлының аяғын сүйіп бағыныңдар!
Әйтпесе Ол кәрленіп, көздеріңді құртпақ, Ашуы лезде жалындай
лауламақ, ал Оған сенгендер бақытты болмақ! Аумин (Забур 2:10-12).*

\\.....Музыка.....\\

Дәуіттің жазған тағы бір тамаша жыры, жиырма бірінші жыр. Забур жырларының әрқайсысын нақты қарастырсақ тамаша болар еді. Бірақ Забур кітабында жүз елу жыр болғандықтан, бұған уақытымыз жетпейді. Дегенмен, Забур кітабы туралы сөзімізді аяқтамастан бұрын Дәуіттің Құдайдың дарытуымен жазған 21-ші жыры, өте маңызды жыр.

Өйткені онда *Мәсіхтің бүкіл адамзаттың күнәлары үшін азап шегіп, өлетіні* жайлы жазылған. Бұл жырда Дәуіт Иса Мәсіхтің мың жылдан кейін келетінін жариялап, Оның өлетін күні 30 оқиға болатыны туралы алдын-ала айтады. Егер біз Иса Мәсіх туралы айтатын Інжіл шарифті

оқисақ, бәрінің дәл Құдайдың пайғамбары Дәуіт айтқандай орындалғанын көреміз.

Сондықтан осы жырдың адам ақылынан емес, Құдайдан келгеніне толық сенімді бола аламыз. Болашақта болатын оқиғаларды осындай нақты дәлдікпен Құдай ғана айта алады.

Бұл жырда Дәуіт пайғамбар Иса Мәсіхтің адамзаттың күнәсының құнын төлеген кезде қалай сезінгенін және не ойлағанын сипаттайды. Енді осы 21-жырды оқиық:

\\.....Музыка.....\\
*О, Құдайым, Құдайым! Сен Мені неге жалғыз қалдырдың,
Қиналған даусыма құлақ та салмай, құтқарудан неге тым алыссың?..
Ал Өзің киелісің, Исраил халқың Сені мақтайтын тағыңда отырасың..
Ал Мен адам емес, құрт іспетті әлсізбін,
жұрт ұрсып, елемейді Мені халқым..
Күшім судай төгіліп, таусылды құрғап,
сүйектерім буынынан қалды босап.
Кеудемде жүрегім балауыздай әбден балқып, елжіреп кетті босап.
Қыш құмыраның сынығына ұқсап күшімнен айырылып қалдым құрап,
Тілім қалды таңдайыма жабысып, өлім топырағына бердің Мені қиып!
Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады сол жауыздар,
лек-легімен қоршап алып, аяқ-қолымды түйреп жаралады!*

\\.....Музыка.....\\
Дәуіт пайғамбардың Иса Мәсіх туралы не жазғанын ұқтыңыз ба? Иса Мәсіх әлемге келместен бір мың жыл бұрын Дәуіт былай жазған:
“Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады сол жауыздар,
лек-легімен қоршап алып, аяқ-қолымды түйреп жаралады”.

Дәуіт осы сөздер арқылы адамдардың Иса Мәсіхті қинап, Оның аяқ-қолын айқышқа шегелейтінін білдірді. Ол неліктен Забурға зұлым адамдардың Иса Мәсіхтің аяқ-қолын шегелейтінін жазды?

Мәсіх неліктен осындай сұмдық өліммен өлуге мәжбүр болды? Неліктен Құдай адамдарға Өзі жіберген Киелі Құтқарушыны өлтіруге жол берді? Осы сұрақтарға Құдайдың сөзі жауап береді. Исаға біздің орнымызға Құдайдың жазасын қабылдауға тура келді. Ол біздің орнымызға азап шегіп, сұмдық әрі қатыгез өліммен өлді. Күнәның жазасы-өлім және тозақта мәңгі азап шегу. Құдай рақымды болғандықтан бізге арналған жазаны еш күнәсы болмаған Мәсіхке тартқызды. Мәсіх Өз еркімен біз үшін азап шекті, (Еврей. хат 2:9). Осылай Құдай Өз әділдігіне қайшы келмей, Адам атаның ұрпақтарының күнәларының кешіріп, мәңгілік өмірге есік аша алды! Біздің күнәларымыздың құнын Иса Мәсіх төледі. Әділ Мәсіхтің өлімі арқылы әділ Құдай Оған сенген әркімді әділ деп ақтайды. Дәуіт пайғамбардың Иса Мәсіхтің өлімі туралы жазғаны таңқаларлық әрі керемет ақиқат. Ойлаңызшы! Иса Мәсіх туылардан мың жыл бұрын Дәуіт Исаның айқышта шегеленіп, қиналатынын нақты суреттеп жазды. Сондықтан мынаны түсініп, есте сақтауымыз керек:

адамды айқышқа шегелеп өлтіру деген сұмдық жазаны римдіктер ойлап тапқан болатын.

Дәуіт осы жазаны Забурдағы жырында сипаттаған кезде римдіктер деген ұлт әлі жоқ болған және қылмыскердерді айқышқа шегелеп өлтіру деген жаза туралы ешкім де білмеген. Алайда Құдай Исаның айқышта өлетінін Дәуіттің ойына салып, осыны Забурға жазғызды. Иса Мәсіхтің өлімі Құдайдың бізді күнәның жазасынан құтқару жайлы жоспары болған. Ал Құдайдың құтқару жолын менсінбейтіндер құрып кетеді! Құдайдың сөзінде былай айтылған: *“Егер біз сондай Құдай ұсынған керемет құтқарылуды елемесек, онда жазадан қалайша құтылмақпыз?”*, (Еврей. хат 2:3).

\\.....Музыка.....\\

Келесі аптаға дейін Қорынттықтарға арналған 1-ші хат 1:18 аяттағы сөздер жайында ойланыңыз: Онда былай деп жазылған:

“Мәсіхтің айқыштағы құрбандығы туралы Ізгі хабарды тозаққа кететіндер ақымақтық деп есептейді, ал құтқарылатын біздер үшін осы хабарда Құдайдың құдіреті жатыр” .

Хабарымызды осымен аяқтаймын. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №51, 21-ші жыры.
Реттік саны: №068, 20/1175сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!.

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Забур жырларын зеттеуді бастағанбыз... Ондағы айтылғандардың бәрі-мүлтіксіз ақиқат, алайда көптеген адамдар Құдайдың бұл хабарын қабылдағысы келмейді. Кейбіреулер Дәуіт пайғамбардың Мәсіхтің айқыштағы өлімі туралы жазғанына осы күнге дейін қарсы шығады. Олар: “Құдай қалай Мәсіхтің осындай ұятты және азапты өліммен өлуіне жол берді? Бұл мүмкін емес!”–дейді. Бірақ осылай айтатындар Пайғамбарлар жазбалары мен Құдайдың күнәкарларды құтқару жоспары туралы ештеңе білмейді. Бүгін: 21-ші Забур жырын талқыланады... Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Забур жырларын кім жазғанын білесіз бе? Әрине, Дәуіт пайғамбар. Ол Иса Мәсіхтің айқышта азап шегіп, жан тапсырар алдында қалай сезінетінін өз жырында жазып кеткен. Дәуіт Исаның қандай жағдайда болатынын 21-ші жырда сипаттайды. Ал Дәуіттің осы жырын жазғаннан соң, мың жыл өткеннен кейін Иса Мәсіхтің айқыш ағашта керіліп тұрғанда не айтқанын тағы бір рет оқып берейін:

\\.....Музыка.....\\

О, Құдайым, Құдайым! Сен Мені неге жалғыз қалдырдың?..

Көргендердің бәрі келекелейді, басын шайқап, балағаттай береді:

Ол Жаратқанға сенім артқан екен, сол Оны аман қалдырсын пәледен!

Егер Жаратқан разы болса оған, құтқарып алсын оны қиыншылықтан!..

Күшім судай төгіліп, таусылды құрғап,

Сүйектерім буынынан қалды босап,

Кеудемде жүрегім балауыздай әбден балқып, елжіреп кетті босап.

Қыш құмыраның сынығына ұқсап күшімнен айырылып қалдым құрап,

Тілім қалды таңдайыма жабысып, өлім топырағына бердің мені қиып!

Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады сол жауыздар,

лек-легімен қоршап алып, аяқ-қолымды түйреп жаралады!

Сүйектерімді шыға алам санап, ал халық тұр Маған қадала қарап. Жау

жамылғымды бөлісіп алады, киімім үшін жеребе салады, (Забур жыр. 21:2,8,9,15-19).

\\.....Музыка.....\\

Міне, осылай Дәуіт адамдардың Иса Мәсіхті айқышқа шегелеп, Оны балағаттап, мазақ қылып, кейін Оның киімдерін бөлісетіні туралы алдын ала жариялады. Бір мың жыл өткеннен кейін осының бәрі дәл орындалды. Інжіл шарифте Исаның өлімі туралы не жазылғанын тыңдаңызшы... Матай жазған ізгі хабар 27:35-36, 39-43 аяттарда: *«Жасақшылар Исаны айқыш ағашқа керіп шегелеп, тік көтеріп қойғаннан кейін Оның киімдерін жеребе тастап бөлісті. Мұнан соң сол жерде отырып, Оны күзетті... Қасынан өтіп бара жатқандар бастарын шайқап: “Әй... Егерде Құдайдың рухани Ұлы болсаң, айқыштан түс!”-деп Оны келеке етті. Сол секілді басты діни қызметкерлер де дін мұғалімдері және рубасыларымен бірге Оны былай деп мазақтады: “Мынау басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін құтқара алмайды екен! Егер Ол Исраилдің Патшасы болса, Өзінің құдіретімен қазір-ақ айқыштан түссін, сонда Оған сенеміз. Ол Құдайға үмітін артыпты, ендеше Құдай Оны ұнатса, қазір босатып алсын! Өйткені Ол Өзін Құдайдың рухани Ұлымын деді ғой”-деп жазылған. Бұдан Дәуіттің алдын ала жариялаған сөздерінің қалай орындалғанын көреміз. Жаңа біз Дәуіт пайғамбардың Иса Мәсіхтің шөлдеп, Оның жаны мен тәнінің қалай азап шеккені туралы алдын ала не жазғанын да оқыдық. Осы 21-жырдың бірінші аятында Иса: “О, Құдайым, Құдайым! Сен Мені неге жалғыз қалдырдың?”-деп айқайлады. Інжіл шарифті талдаған кезде Дәуіттің жырында жазылған пайғамбарлық сөздердің дәлме-дәл орындалғанына көз жеткіземіз. Иса Мәсіх айқышқа шегеленіп тұрған кезде неліктен: “О, Құдайым, Құдайым! Сен Мені неге жалғыз қалдырдың?” –деп айқайлады? Өйткені Құдай – киелі және күнәға төзе алмайды. Құдайдың Өзі Исадан жүзін бұрып, Оны Өзінен аластатты, өйткені сол кезде Құдай біздің барлық күнәларымыздың жазасын Оған артты. Сондықтан Киелі жазбада: “Құдай біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Тәңір алдында ақталдық”-деп жазылған, Қорынттықтарға арналған 2-ші хат 5:21 аятта.*

Ал Дәуіт пайғамбар Забур жырларында бір өте жақсы хабарды да жариялады! Ол 15-ші жырында Иса Мәсіх туралы былай жазды: *«О дүниеге қимайсың жанымды, Қасиеттіңнің тәнін де шірітпейсің. Шын өмір жолын маған көрсетесің, көз алдыңда қуанышқа бөлейсің, Оң жағыңда мәңгі игілік бересің», Аумин! (Забур 15: 10,11).*

\\.....Музыка.....\\

Осылай Дәуіт пайғамбар Құдайдың Иса Мәсіхті қабірден тірілткеніндей Оған сенген әркімді тірілтіп, қасында мәңгілік өмір сүруге құқықты ететінін білдірді! Сондықтан Інжіл шарифте былай жариялаған: *“Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын қиды. Осы жазбалардың тағы алдын ала айтып кеткеніндей, Мәсіх қабірге қойылып, үшінші күні қайта тірілді” (Қорынт. 1-хат 15:3,4).*

Дәуіт пайғамбарлық сөзі арқылы тағы мынаны алдын ала жариялаған: Иса тірілгеннен кейін Құдай Оны аспанға алып кетіп, Оны Өзінің тағының оң жағына отырғызады. Иса Мәсіх әлемді соттау үшін екінші рет жерге оралғанға дейін сол жерде болмақ.

Дәуіт осы туралы Забурдағы 109-шы жырда былай деп жазды: *“Жаратқан Ие менің иеме былай деді: «Мен сенің жауларыңды табаныңның астына салып бергенімше өзің отыр оң жағымда!”* (1аят)

Ал 21-ші жырдың соңында Дәуіт пайғамбар былай деп жазды:

*«Жер шетіндегілер мұны ескереді,
Олар да Тәңір Иеге бет бұрып,
Бар басқа ұлт әулеттері бас иеді.
Келер ұрпақ та Оған қызмет етпек,
Барлығы Тәңір туралы естімек,
Содан Оның әділдігін дәріптеп,
Жаңа туған халыққа да паш етпек.
Себебі мұның бәрін Құдай жасаған! Аумин».*

Бұл жыр “Мұның бәрін Құдай жасаған!”-деп аяқталады. Құдай Иса арқылы Өз жоспарын орындады. Иса Мәсіх не істеді? Ол барлық күнәкарлардың орнына жанын қиды! Құдай Адам ата мен Хауа анаға, әлемге Құтқарушыны жіберіп, олардың ұрпақтарын күнәның жазасынан құтқаратынын уәде еткен еді. Иса Мәсіх Құдайдың уәде еткенін түгел орындады. Иса Мәсіх ең соңғы құрбандық ретінде жанын қиды. Ол Өзінің айқыштағы өлімі арқылы күнәкарлардан бұрын талап етілген мал құрбандығының нышаны болды және сол мал құрбандығының күшін жойды. Ыбырайымның ұлының орнына құрбандыққа шалынған тоқты сияқты, Құтқарушы барлық күнәкарлар үшін мәңгіге шалынған соңғы, мүлтіксіз Құрбандық болды! Құдайдың бүкіл адамзатқа жариялайтын Ізгі хабары осы: Иса Мәсіх сіздің де орныңызға жазаланып өлді! Оған сенсең, Құдайдың сотынан құтыласың! Құтқарылу жолы осы хабарға сенген әркімге ашық. Сондықтан Иса Мәсіх жанын тапсырар алдында дауыстап: *“Енді түгел орындалды!”*—деді (Жохан 19:30). Сондықтан Забур кітабында *“Мұның бәрін Құдай жасаған!”*-делінген, (Забур 21:32). Құдай Иса Мәсіхті үшінші күні өлімнен қайта тірілтіп, осы арқылы Оның киелі құрбандығын қабылдағанын дәлелдеп бекітті! Біз осының бәрін Інжіл шарифті оқыған кезде нақтырақ қарастыратын боламыз.

\\.....Музыка.....\\

Алайда мынаны есіңізде сақтаңыз: Иса Мәсіх туылмастан екі мың жыл бұрын Дәуіт пайғамбар күнәкарлардың Исаның қол-аяқтарын айқышқа шегелейтінін алдын ала айтты! Иса Мәсіхтің қандай себеппен сондай сұмдық өліммен өлгенін де ұмытпайық. Ол сіз бен мен үшін және барлық күнәкарлар үшін жанын қиды! Енді Оған сенген әркім өлмей, мәңгі өмір сүретін болады! Иса Мәсіх сізді және мені қатты сүйгендіктен Құдайдың еркіне мойынсұнып, күнәкар адамдарға Оның қолдары мен аяқтарын айқышқа шегелеуіне жол берді!

Иса Мәсіхтің Інжілде не айтқанын тыңдаңыз: *«Мен жанымды қиямын, сөйтіп оны қайтадан аламын. Жанымды ешкім Менен тартып алмайды, оны өз еркіммен қиямын. Қиятын да, қайтып алатын да билігім бар. Бұл – Маған Әкем тапсырған міндет, (Жохан 10:18).*

Ал елші Пауыл: *“Иеміз Исаны Тәңір күнәмыздың құнын төлеу үшін құрбандыққа қиды және ақталғандығымызды дәлелдеу үшін қайта тірілтті”*-деп жазды, (Рим.хат 4:25).

Жохан жазған ізгі хабарда өте әдемі сөз бар: *“Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады”, (Жохан 3:16).*

\\.....Музыка.....\\

Біз келесі хабарымызда Пайғамбарлар жазбаларын оқуды жалғастырып, Дәуіт патшаның ұлы Сүлеймен туралы сөйлесеміз. Ал Забур жыры 21:17-ші аят жайлы ойланған кезіңізде Құдай сізге батасын берсін:

*“Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады сол жауыздар,
Лек-легімен қоршап алып, аяқ -қолымды түйреп жаралады!”.*

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: сенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №52, Сүлеймен пайғамбар, Патша. 3-жазба.
Реттік саны: №069, 25/1143сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Құдай адамзатты күнәларынан құтқару үшін әлемге Иса Мәсіхті жіберді. Жаратқан Иеге осы үшін алғыс айтамыз! Ал егер Құдай сізге түс не аян арқылы: “Қалағаныңды сұра, соны саған беремін”-десе, тандайтыныңыз не болар еді? Ұзақ өмір ме? Байлық па? Атақ па? Немесе басқа нәрсе ме? Бүгінгі хабардан Сүлеймен пайғамбар Құдайдан не сұрағаны туралы білетін боласыз. Киелі жазбадан Патшалықтар туралы 3-жазба 2-ші, 3-ші, 4-ші тараулардан үзінділер оқылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз исаилдің үшінші патшасы кім болғанын білесіз бе?

Иә, Сүлеймен патша. Біз бір апта бұрынғы хабарымызда Дәуіт пайғамбар туралы айттық. Оның Забур кітабында жазылған кейбір жырларын оқыдық. Дәуіт пайғамбардың Адам атаның ұрпақтарының Иса Мәсіхті айқышқа шегелеп өлтіретінін алдын ала айтқанын да біліп алдық. Сонымен бірге Дәуіт пайғамбар Құдайдың Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілтетінін де алдын ала жариялады. Жаңа келісімде Петір елші былай деп жазды: “Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек... Біз күнәның құлдығынан құтылып, әділетті өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын Өз тәнінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы рухани дертімізден сауықтық”, (Петір.1-хаты2:21,24); Құдайдың аты мадақталсын! Барлық халықтарға Иса арқылы сауығу келсін!

Ал бүгін Дәуіттің ұлы Сүлеймен туралы айтамыз... Құдай бір күні Сүлейменнің түсіне кіріп, оған: “Не қаласаң соны сұра, соны беремін”,- деді. Сүлейменнің нені таңдағанын, Құдайға қалай жауап бергенін білесіз бе? Оны білу үшін, Патшалықтар туралы 3-ші жазбаның 2-ші тарауынан 1-ден 4-ке дейін және 10-нан 12-ге дейінгі аяттарды оқимын...

\\.....Музыка.....\\

«Дәуіт өзінің көз жұмар кезі жақындағанда, ұлы Сүлейменге мынадай өсиет айтты: “Адам атаулы іспетті мен де бұ дүниеден өтпекшімін. Ал сен күшті де батыл ер азамат бол!”

Қайда барсаң да, не істесең де, табысты болуың үшін Құдай Иеңнің өзіңе тапсырған міндетін орындап, Оның Мұса арқылы берген Таурат заңында жазылған барлық әмірлері мен өсиеттерін, шешімдері мен ережелерін бұлжытпай орындап, Оның ізгі жолымен жүретін бол!»

Сонымен Дәуіт көз жұмып, ата-бабаларының қасына аттанды. Оның сүйегі Иерусалимдегі Дәуіттің шаһарында қабірге қойылды. Дәуіт Израил елінде қырық жыл... патшалық құрды. Ал Сүлеймен әкесі Дәуіттің тағына отырып, оның патшалығы берік орнықты...».

Енді келесі үзінділерді: Патшалықтар туралы 3-ші жазба, 3-ші тараудың 3-ші, 5-ші, 7-ші және 9-шыдан 28-шіге дейін оқимын:

«Сүлеймен Жаратқан Иені шын жүрегімен сүйіп, Дәуіт әкесінің қалдырған өсиеттеріне бағынғанмен ол да, биіктеу жерлердегі табыну орындарында құрбандық шалып, хош иісті заттарды түтететін...».

«...Гибеонда Жаратқан Ие Сүлейменге түнде түсінде аян беріп: -Өзіңе не сыйлағанымды қаласаң, соны сұра!-деді. Сонда Сүлеймен былай деп жауап берді: «-...Уа, Құдай Ием, әкем Дәуіттің орнын бастырып алдыңдағы пендеңді патша етіп қойдың. Ал мен әлі жаспын, өз міндеттерімді қалай атқаруды білмеймін... «...Сенің халқыңның істеріне әділ шешімдерді жасап, дұрыс пен бұрысты ажырата алуым үшін көпті түсінетін ақыл-парасат сыйлай гөр! Онсыз Сенің осыншама көп халқыңа билік жүргізу ешкімнің қолынан келмейтін іс. Жаратқан Ие Сүлейменнің дәл осы нәрсені сұрағанына риза болды. Сондықтан Құдай оған былай деді:-Менен ұзақ гұмыр, зор байлық немесе жауларыңның жеңіліп, құруы емес, дұрыс пен бұрысты ажырата алатындай даналық сұрағаның үшін, Мен өтінішіңді орындап, саған даналық сыйлап отырмын. Мұндай даналық сенен бұрын ешкімде болмаған, өзіңнен кейін де ешкімде болмайды. Менен сұрамағандарыңды-байлық пен атақ-даңқты да саған сыйлаймын. Сендегі болатындай асқан байлық пен атақ-даңқ сенің тірі кезіңде патшалардың арасында ешкімде болмайды. Егер әкең Дәуіт сияқты өзің де Менің ізгі жолдарыммен жүріп, әмірлерім мен өсиеттерімді орындайтын болсаң, гұмыр жасыңды ұзақ қыламын!

Сүлеймен оянып, мұның түсі екенін ұқты. Ол Иерусалимге қайта оралып, Жаратқан Иенің келісім сандығының алдына барды. Сол жерде ол Жаратқан Иеге арнап түгелдей өртелетін және Онымен қарым-қатынасына ризашылық білдіретін құрбандықтар ұсынды. Мұнан кейін өзінің барлық нөкерлері үшін үлкен той жасады».

\\.....Музыка.....\\

Дәуіт патшаның қиын дауды даналықпен шешкені туралы келесі әңгімені Патшалықтар туралы 3-ші жазба 3:9-дан 28-ге дейін мәтіннен тыңдап көріңіз...

Бір күні екі жезөкше әйел бір даумен патшаның алдына келіп жүгінді. Олардың біреуі былай деді: -Уа, тақсыр! Мына әйел екеуіміз бір үйде тұрамыз. Ол үйде болған кезде мен бір бала босандым.

Үш күн өткеннен кейін мына әйел де бала туды. Сол кезде екеуімізден басқа үйде ешкім болмады. Ал мына әйел түнде нәрестесін қасына алып жатып, тұншықтырып өлтіріп алды. Сонда ол тұрып, мендей қызметшіңіз ұйықтап жатқан кезде менің баламды алып, өзінің өлген баласын қойныма салып қойды. Таң сәріде баламды емізейін деп тұрсам, ол өліп жатыр! Бірақ күн шыға балаға зер сала қарағанымда оның өзім туған балам емес екенін көрдім. Екінші әйел қарсы шығып: -Жоқ, тірі бала менікі, ал өлі бала сенікі!-деді, ал бірінші әйел: -Жо-жоқ, өлі бала сенікі, тірі бала менікі!-деп қоймады. Осылай екі әйел патшаның алдында айтысып тұрып алды. Сонда патша былай деді: -Бірің “тірі бала менікі, өлі бала сенікі” дейсің, екіншің де дәл соны айтасың. Ендеше маған бір семсер алып келіңдер!-Семсер келтірілгенде патша: -Тірі баланы шауып, екіге қақ бөліңдер де, жартысын біреуіне, өзге жартысын екіншісіне беріңдер!-деп бұйырды.

Сонда тірі баланың шешесі нәрестесіне жаны ашып, патшаға: -Тақсыр ием, баланы өлтіре көрмеңіз! Одан да оны мына әйелге бере салыңызшы! -деп жалынды. Ал екінші әйел болса: -Маған да, саған да болмасын! Оны қақ бөліңіз!-деді. Сонда патша былай деп шешті: -Баланы өлтірмеңдер! Оны мына бірінші әйелге беріңдер! Оның туған шешесі-сол! Бүкіл Исраил халқы патшаның шығарған әділ шешімін естігенде оны қатты қастерлейтін болды. Себебі олар әділдікті жүзеге асыратын Құдайдың даналығы патшада бар екендігіне көздерін жеткізді,

\\.....Музыка.....

Ал Патшалықтар туралы 3-ші жазба 4-ші тарау, 29-32, 34 аяттарды былай делінген: «Құдай Сүлейменге орасан зор даналық пен түсінік дарытып, теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай мол білік сыйлады. Сүлейменнің даналығы шығыс елдері мен Мысыр елінің кемеңгерлерінің ақыл-парасатынан да асып түсті. Ол барлық адамдардан өткен дана болды...». «...Осылайша Сүлейменнің атақ-даңқы айналадағы барлық елдердің халықтарына тарады. Сүлеймен үш мың нақыл сөз айтып, бір мың бес ән-жыр құрастырды...». «...Бүкіл дүниенің патшалары Сүлеймен патшаның даналығы туралы естіп біліп, оның даналығын тыңдап, үйренуге күллі ұлттардың өкілдері келіп отырды». (4:29-32,34).

Бұдан әрі Киелі жазбада сол кезде Сүлейменнің таңқаларлық даналығы мен ұлы байлығы туралы естіген Саба патшайымы жайлы айтылады. Патшайым Сүлеймен туралы естігенінің шын екеніне көз жеткізу үшін Иерусалимге сапар шекті. Бұл патшайым Иерусалимнан өте алыс, яғни қазіргі Сауд Арабиясының

оңтүстігінде орналасқан Иемен елі жатқан жерде тұратын. Иерусалим мен бұл елдің арасындағы қашықтық екі мың шақырымдай болған. Алайда Саба патшайымы осы қашықтыққа қарамастан Сүлейменге қонаққа барды. Бүгінше осы жерден тоқтайық, ал Саба патшайымның Сүлейменге қонаққа келуі жайында Патшалықтар туралы 3-ші жазбадан келесі аптада оқитын боламыз. Және Інжілде Исаның не айтқанын да келесі хабарымызда әңгімелейміз.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдан даналық сұраған Сүлеймен пайғамбардың мына сөзін есіңізде сақтаңыз...

«...Сенің халқыңның істеріне әділ шешімдерді жасап, дұрыс пен бұрысты ажырата алуым үшін көпті түсінетін ақыл-парасат сыйлай гөр!». Патшалықтар туралы 3-ші жазба, 3-ші тарау 9-шы аят.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №52және53-басы, Сүлеймен пайғамбар және Саба патшайымы.
Реттік саны: №070, 27/1195сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Киелі кітапта Сәба патшайымы Сүлейменнің даналығы мен ұлылығына қызыға қарағаны айтылады. Осыны сараптау үшін, өзінің естігенінің шындық екеніне көз жеткізу үшін ол төрт мың шақырым жол жүріп келді. Бүгін Инжілден Исаның Саба патшайымы туралы айтқан сөздері және 71-ші Забур жырынан үзінділер оқылады. Хабарымызды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Киелі жазбада Сүлеймен пайғамбар мен Сәба патшайымы туралы не айтылған?. Бірнеше жүз жылдан соң, Инжілде Иса Мәсіх Сәба патшайым мен Сүлеймен патша туралы былай деген: *«Сүлейменнің ұлылығын сараптаған Сәба патшайымы Иса Мәсіхтің ұлылығын сараптаудан бас тартатындардың бәрін айыптайды»*. Бүгінгі хабарымызды Сүлеймен пайғамбардың даналығын өз көзімен көруге келген Сәба патшайымы жайында үзіндіден бастайын деп тұрмын. Патшалықтар туралы 3-ші жазбадан 10-ші тараудың 1-ші ден 9-ға дейінгі үзіндіні оқимын...

\\.....Музыка.....\\

«Сүлейменнің асқан даңқы және оның Жаратқан Иенің құрметіне салған киелі үйі туралы Сәба елінің патшайымы да естіген еді. Содан патшайым қиын сауалдар қойып Сүлейменнің даналығын сынамақшы болып, сапарға шығып, ұлан-ғайыр байлықпен Иерусалимге келді. Түйелеріне хош иісті заттар, көп мөлшерде алтын мен асыл тастар артылған болатын. Сүлеймен қонақты қарсы алып, сарайына кіргізді. Патшайым ойындағы бар мәселелер жайлы онымен сөйлесті. Сүлеймен солардың бәріне жауап берді. Патша білмей, түсіндіре алмаған бірде-бір сауал болған жоқ. Сәбаның патшайымы Сүлейменнің асқан даналығын және салғызған сарайын көріп, қайран қалды. Ол патшаның дастарқанындағы тамақтарын, уәзірлерінің мәжілістерін, сәнді киінген нөкерлері мен шарапшыларының келісті қызметтерін және Сүлейменнің Жаратқан Иенің киелі үйіне көтеріліп барып, құрбандықтар шалғызып өртеткенін көрген кезде патшайымның таң қалғаны сонша, демін ала алмай үнсіз қалды.

Содан ол патшаға былай деді: “Сіздің іс-әрекеттеріңіз бен даналығыңыз туралы елімде жүріп естігендерімнің бәрі де шындық екен. Алайда келіп, өз көзіммен көргенге дейін сол сөздерге сенбеген едім. Расында оның тіпті жартысы туралы да естімеген екенмін. Сіздің даналығыңыз бен дәулетіңіз менің естігенімнен де зор болып шықты. Мына адамдарыңыз қандай бақытты! Әрқашан қасыңызда жүріп, даналығыңызды тыңдай алатын нөкерлеріңіз қандай бақытты! Сізге риза болып, уәкілі ретінде Исраилдің патшалық тағына отырғызған Құдай Иеңіз мадақталсын! Құдайыңыз Исраилді мәңгілікке сүйеді. Сол себепті сізді қара қылды қақ жарып, әділдік пен адалдықты ұстанатын патша етіп қойды”.

\\.....Музыка.....

Алайда көктен келген Иса Мәсіхтің ұлылығы, даналығы, білімі және күдіреті Сүлеймендікінен әлдеқайда артық болған, алайда Адамның ұрпағының көбі Одан бас тартады! Олар тіпті Оның ұлылығын сараптағысы да келмейді! Сондықтан Иса Мәсіх Матай жазған ізгі хабар 12:42 аятта былай деген: “Ежелгі Оңтүстік Арабияның патшайымы да қиямет күні осы ұрпақпен бірге сот алдында тұрып, оның қиқарлығын ашкерелейді. Себебі әйел патша Сүлейменнің даналық сөздерін тыңдау үшін жердің қиыр шетінен келді. Ал мұнда Сүлеймен патшадан да мәртебесі зор Біреу бар! (Алайда сендер Оған құлақ аспайсыңдар!)”.

Ардақты ағайын, сіз Құдай жіберген Иса Мәсіхтің ұлылығын мойындайсыз ба, әлде Оны басқа пайғамбарлармен бір дәрежеге қоясыз ба? Мәсіх деген сөздің мағынасы есіңізде ме? Ол “Құдай тағайындаған”-дегенді білдіреді. Яғни Мәсіх-Құдай әлемнің Құтқарушысы және Соттаушысы етіп тағайындаған Тұлға. Ондай болса да өкінішке орай осы уақытқа дейін көптеген адамдар Исаны менсінбей келеді. Олар Оның кім екенін білмейді, өйткені олар Пайғамбарлар жазбаларын ешқашан зерттеген емес. Сүлеймен патша Киелі жазбадағы үш керемет және дана кітапты жазды. Бұлар: Нақыл Сөздер, Уағыздаушы және Таңдаулы әндер. Әкесі Дәуіт сияқты Сүлеймен де Забур кітабындағы жырлардың бірнешеуін жазды. Бүгін мен Сүлейменнің жазған 71-ші жырды оқып бергім келеді. Бұл жырында Сүлеймен Иса Мәсіхтің бір күні осы әлемге оралып, адамзатты әділдікпен соттайтынын алдын ала жариялайды. Даналығы мен ұлылығы өзінен асқан осы киелі Патша туралы Сүлейменнің не жазғанын көрейік:

\\.....Музыка.....

«Ол халқыңа әділетпен билік құрсын, жарлыларыңа әділ үкім шығарсын... Ол билік құрады теңізден теңізге дейін, Евфрат өзенінен жердің шетіне дейін... Құла түз тұрғындары оған бас ұрады, жаулары топырақты жалайтын болады... әрі Себа мен Сәба патшалары сый-тартулар әкеліп отырады. Күллі патшалар оған бас иеді, күллі ұлттар оған қызмет етеді... Ғұмыры патшаның ұзақ болсын...»

Патша есімі мәңгілікке ұлассын, күннің сәулесіндей ұзаққа созылсын, Ол арқылы барлық ұлттар жарылқансын, есімі оның үздіксіз мадақталсын!

Мадақталсын Израил сиынатын Құдай, тек Жаратқан керемет жасайтын Құдай! Оның даңқты есімі мәңгі дәріптелсін, күллі жер Оның салтанатына кенелсін. Аумин, аумин». Осылайша Сүлеймен патша әлемдегі барлық халықтардың бір күні Иса Мәсіхке, яғни патшалардың Патшасына және әлемнің Соттаушысына бағынатынын алдын ала жариялады!

\\.....Музыка.....\\

Міне, сіз бүгінге дейін Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлейменге Құдайдың ерекше даналық бергенін білдіңіз. Сүлеймен патша билік жүргізген уақытта Иерусалим әлемдегі ең сұлу қалалардың бірі болды. Бірақ Сүлеймен Иерусалимде тұрғызған құрылыстардың ешқайсысы сұлулығы жағынан Құдайға арнап салынған ғибадатханамен теңесе алмайтын еді. Сүлеймен патша осы ғибадатхананы Мұса мен израилдіктер шөл далада сиыну үшін салған ерекше шатырдың орнына тұрғызды. Сүлеймен осы керемет сиыну орнын салу үшін жеті жылға екі жүз мың құрылысшы жалдады. Бүгінгі күні де адамдар Иерусалимде Сүлеймен салған осы ғибадатхананың алып іргетастарын көре алады. Ғибадатхана салынып біткеннен кейін діни қызметкерлер бірнеше мың қой мен ірі қараны құрбандыққа шалды. Осы арқылы олар әлемге келетін, аса құнды қанын күнәкарлар үшін төгетін Құтқарушы жайында нышан көрсетті. Осылайша олар ғибадатхананы Құдайға бағыштады. Олар малды құрбандыққа шалып, қоладан жасалған құрбандық үстелінде өртегеннен кейін діни қызметкерлер келісім сандығын шатырдан алып, жаңа ғибадатхананың Аса киелі бөлмесіне қойды. Діни қызметкерлер Аса киелі бөлмеден шыққаннан кейін бөлме дереу Құдайдың ұлы салтанатына толып кетті. Құдайдың ұлы салтанаты Мұса мен израилдіктер шөл далада салған шатырдағы Аса киелі орынды толтырғандай, Сүлеймен патша Иерусалимде салған ғибадатханадағы Аса киелі орынды да толтырды.

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбаны ары қарай оқығанда сіз Сүлеймен патшаның өмірінің соңғы жылдарында бұрынғыдай емес, басқаша билік еткенін байқайсыз. Патшалықтар туралы 3-ші жазбаның 11-ші тарауы 1-ші және 4-ші аяттарда жазылғанды оқысаңыз, сіз Құдайдың сөзінен пайғамбарлардың күнәларын жасырмайтынын қайтадан көресіз. Онда: *“Алайда Сүлеймен көптеген шетелдік әйелдерге гашық болды... қартайған шағында әйелдері Сүлейменнің жүрегін өздерінің жалған тәңірлеріне бұрып әкетті. Осылайша оның жүрегі әкесі Дәуіт марқұм сияқты өзінің Құдайы Жаратқан Иеге толықтай бағышталған жоқ”*-деп жазылған.

Кейін Сүлеймен Иерусалимнің шығыс жағындағы төбеде өзінің барлық шетелдік әйелдеріне арнап хош иісті майлар түтететін және олардың құдайларына құрбандық шалатын биік орындар салып берді.

Құдай Сүлейменнің осы қылығына қатты қаһарланды, өйткені Сүлеймен тірі әрі шынайы Құдайдың сөзінен бет бұрып кеткен еді. Сонда Құдай Сүлейменге былай деді: *“Осылай істеп сен Менің келісімді, өзіңе орындауға тапсырған ережелерімді ұстанбадың. Сол себептен Мен міндетті түрде патшалық билікті сенен жұлып алып, қызметшілеріңнің біреуіне тапсырамын. Дегенмен әкең Дәуітке бола бұны сенің көзіңнің тірісінде істемей, патшалықты ұлыңның қолынан жұлып алатын боламын. Әйтсе де қызметшім Дәуіт үшін және Өзім таңдап алған Иерусалим үшін ұлыңнан бүкіл патшалықты тартып алмай, оның билігіне бір руды қалдырамын”*, Патшалықтар туралы 3-жазба 11:11-13 аяттар.

Ардақты ағайын, сіз Құдайға мойынсұнасыз ба? Сіз Құдай бұрын жіберген және болашақта тағы келетін Иса Мәсіхтің ұлылығы мен билігін мойындап, Оған бағынасыз ба, әлде Оны барлық пайғамбарлармен тең дәрежеге қоясыз ба? Егер Киелі жазбаны зерттесеңіз, онда Исаның әлемнің Құтқарушысы мен Соттаушысы екеніне көз жеткізесіз. Себебі барлық пайғамбарлар Ол туралы куәлік еткен.

\\.....Музыка.....\\

Сонымен Киелі жазбада былай айтылған: *“Барлық пайғамбарлар Иса туралы: “Оған сенген әркімнің күнәләрі Оның арқасында кешіріледі” дегенге алдын-ала куәлік келтірген...”*, Елшілердің істері кітабы 10:43; 26:27 аяттар. Осы сөздер туралы ойланыңыз...!

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №53. Ахаб патша мен Ілияс пайғамбар,
Патшалықтар туралы 3-ші жазба 18 тарау,
Реттік саны: №071, 26/1188сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Құдай әркімнің Өзіне мойынсұнғанын қалайды! Киелі жазба Сүлеймен патшаның өлімінен кейін Исраил халқының арасында соғыс және билікке таласу басталғанын айтады. Құдай Сүлейменге айтқандай, Жақыптан тараған Исраилдің он екі руы екіге бөлініп кетті. Бүгінгі хабарда: «Ахаб патша мен Ілияс пайғамбар» туралы айтылады.

Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Исраил халқының зұлым патшасы болған кім еді, есіңізде ме?

Сүлеймен патша қайтыс болған соң, халық Исраил мен Яхуда болып екі елге бөлінді. Исраилдің солтүстігіндегі он ру Исраил патшалығын құрды. Яхуда руы Бунамин руына қосылып, Яхуданың оңтүстік патшалығын құрды. Яхуда руы Дәуіт патшадан тараған, Құдай Иса Мәсіхті осы рудың ұрпақтарынан шығарғысы келді. Киелі жазбада осы екі халықтарда көп патша болғанын айтады. Исраил мен Яхуданың патшаларының көбі зұлым әміршілер болған. Олар Жаратқан Иеден бас тартып, көршілес халықтардың діндерін ұстанды. Исраилдің барлық патшаларының ішіндегі біреуі өте зұлым болды, ол Ахаб патша. Ахаб Сүлейменнен кейінгі сегізінші патша еді. Ахаб туралы Киелі жазбада былай айтылған: “*Омри ұлы Ахабтың Жаратқан Иенің көз алдында жасаған сұмдық істері өзінен бұрын өткен патшалардың қай-қайсысынан да жаман болды*”, (Патша.3-ші жазба 16:30). Ол Құдайдың сөзінен бас тартқан зұлым әйел Иезабелге үйленді. Сонымен қоса Ахаб көрші халықтар табынған Бағал деген жалған тәңірге арнап Исраил елінде ғибадатхана салды. Осылайша Ахаб исраилдіктерді бос дінге табындырып, жалған, өтірікші пайғамбарға сенгізіп Құдайды қатты ашуландырды.

\\.....Музыка.....\\

Ал аспаннан от жаудырған пайғамбардың кім екенін білесіз бе? Оның есімі Ілияс еді. Бір күні Құдай Ілиясты Ахаб патшаға жіберді. *Ілияс Ахабқа барып, былай деді: “Өзім сиынып қызмет ететін мәңгі тірі Жаратқан Ие-Исраилдің Құдайының атынан шын сөзім: келесі бірнеше жыл бойы*

мен: “Жаңбыр жаусын!” деп айтпайынша, елде не жаңбыр да жаумайтын, не шық та түспейтін болады!”

Патшалықтар туралы 3-ші жазба 17:1 аят. Осылайша Израил елінде үш жарым жыл бойы жаңбыр болмады. Бүкіл елді аштық жайлады.

Патшалықтар туралы 3-ші жазба 18-ші тарауын оқиын: «Елді қуаңшылық жайлаған үшінші жылы Жаратқан Ие Илиясқа сөзін арнап былай деді: “Бар, Ахаб патшаның алдына барып көрін, өйткені Мен елге жауын жіберемін!” Сонда Илияс Ахабтың алдына көріну үшін кетті... Ахаб Илиясті көре салысымен, оған: -Израилдің басына пәле түсірген адам сен бе едің?!-деді. Илияс оған жауап беріп былай деді: -Израилдің басына пәле түсірген мен емеспін, керісінше, сіздің өзіңіз бен әулетіңіз! Себебі сіздер Жаратқан Иенің бұйырған өсиеттерінен бас тартып, Бағалдың тас мүсіндеріне құлшылық етіп табынып кеттіңіздер! Ал енді, менімен жүздесу үшін Қармил тауына бүкіл Израил халқын, Езабелдің дастарқанынан тамақтанатын Бағалдың төрт жүз елу пайғамбарын және Ашераның төрт жүз пайғамбарын жинап беріңіз!-деді. Сонда Ахаб бүкіл Солтүстік Израил бойынша жаршыларын жіберіп, халықты және күллі пайғамбарларды Қармил тауына жинады. Илияс пайғамбар халықтың алдына шығып, оларға тіл қатып былай деді: -Қашанға дейін екі ойлы болып толқып жүре бермексіңдер? Егер Жаратқан Ие Құдай болса, онда Оның жолымен жүріңдер! Ал егер Бағал Құдай болса, соның жолымен жүріңдер! Бірақ халық пайғамбарға жауап беріп, бір сөз де айтқан жоқ. Сонда Илияс халыққа былай деді: -Жаратқан Иенің пайғамбарларынан қалған жалғыз өзім ғана, ал Бағалдың пайғамбарлары-төрт жүз елу! Бізге екі бұқаны алып келіңдер! Бағалдың пайғамбарлары біреуін таңдап алып, шалып, бөлшектесін. Оның етін отынның үстіне қойсын, бірақ от тұтатпасын. Мен екінші бұқаны шалып, бөлшектен, оның етін отынның үстіне қояйын. Мен де от тұтатпаймын. Содан соң өздеріңнің тәңірлеріңе дауыстап сиыныңдар, ал мен Жаратқан Иеге дауыстап сиынайын. Сонда от жіберіп жауап берген Құдай-шынайы Құдай! Бүкіл халық бұған:-Осы дұрыс!-деп жауап берді. Илияс Бағалдың пайғамбарларына бұрылып: -Алдымен сендер бұқалардың біреуін таңдап алып, дайындаңдар, көпсіңдер ғой! Тәңірлеріңе сиынып оны шақырыңдар! Бірақ от тұтатпаңдар!-деп тапсырды. Сонда олар бір бұқаны таңдап алып, шалып, дайындады. Содан олар таңертеңнен түске дейін Бағалға сиынып: “Уа, Бағал, бізге жауап бере ғөр!”-деп айқайлаумен болды. Бірақ ешбір дауыс та шықпады, ешкім жауап та қатпады. Бағалдың пайғамбарлары өздері тұрғызған құрбандық орнының айналасында секіріп билей берді. Түс мезгілінде Илияс оларды келекелеп: “Ол шынымен құдай емес пе! Мүмкін, ол терең бір ойға шомып не түзге шығып, не жол жүріп кеткен шығар. Яки ұйықтап жатса керек, ояту қажет шығар!”-деп мазақтады.

Бағалдың пайғамбарлары өршелене айқайлап, дәстүрлері бойынша денелерінен қан шыққанша өздерін найза-семсермен тілгілей берді. Түстен кейін де олар кешкі құрбандықтың уақытына дейін еліріп,

тәңірлерін шақырумен болды. Бірақ еш дауыс та болмады, ешкім жауап та қатпады не көңіл де бөлмеді.

||.....Музыка.....||

«Сонда Ілияс бүкіл халыққа: “Маған жақындап келіңдер!”-деді. Күллі халық оған жақындап келгенде ол Жаратқан Иенің қирап қалған құрбандық ұсыну орнын қайта тұрғыза бастады. Ілияс он екі тасты алды: Жақыптың он екі ұлынан тараған әрбір ру үшін бір тастан. Ежелде Жаратқан Ие Жақыпқа сөзін арнап, оның есімін Исраил деп өзгерткен болатын. Сол он екі тастан пайғамбар Жаратқан Иенің атына арнап құрбандық ұсыну орнын салды. Содан соң оны айналдыра екі пұт астық дәні сиятындай арық қазды. Құрбандық орнының үстіне отындық ағаштарды қаластырып, бұқаны шалып, бөлішектен, отынның үстіне қойды. Содан соң ол жұртқа: “Төрт үлкен құмыраға су құйып, оны құрбандықтың және отынның үстіне құйыңдар!”-деді. Бұдан соң ол: “Тағы да құйыңдар!”-деді. Жұрт екінші рет құйғанда ол: “Үшінші рет құйыңдар!”-деп бұйырды. Олар үшінші рет те құйды. Құйылған су құрбандық орнының үстінен төменге ағып, тіпті оның айналасындағы арықты да толтырды.

Кешкі құрбандық уақытында Ілияс пайғамбар құрбандық орнына жақындап келіп, былай деп сиынды: “Уа, Жаратқан Ие, Ыбырайымның, Ысқақтың, Жақыптың Құдайы! Исраилдің Құдайы екеніңді, менің Сенің қызметшің екенімді және осының барлығын Сенің бұйрығыңа сай істеп отырғанымды бүгін анық білдіре көрші! Уа, Жаратқан Ие, жауап берші! Мына халық Сенің Құдай екеніңді және олардың жүректерін қайтадан Өзіңе бұрып жатқаныңды біле алулары үшін маған жауап бере көрші!” Сонда Жаратқан Иенің (найзағай іспетті) оты түсіп, ол құрбандықты, отынды, тастар мен топырақты жалмап өртеп, арықтағы суды да құрғатып жіберді. Тұрған халық мұны көргенде етпеттерінен жығыла кетіп: “Жаратқан Ие — Құдай, Жаратқан Ие — Құдай!”-деп айқайлай берді. Сонда Ілияс оларға: -Бағалдың пайғамбарларын ұстаңдар! Ешқайсысының қашып құтылуына жол бермеңдер!-деп бұйырды. Халық оларды ұстап алғанда, Ілияс бәрін Қишон сайына ылдилап бастап алып барды. Сол жерде олардың барлығының көзін құртты.

Ілияс Ахабқа: “Ал енді, өрлеп барып, тамақ ішіп-жеңіз! Жақындап келе жатқан нөсердің даусын естіп тұрмын”,-деді. Ахаб тамақтануға кетті. Ал Ілияс Қармил тауының төбесіне қарай көтерілді де, жерге дейін иіліп, басын екі тізесінің арасына қойып отырып (Жаратқан Иеге мінажат етіп сиынды). Ол қызметші жігітіне: “Жоғары қарай көтеріліп, теңіз жаққа қарашы!”-деген болатын. Қызметшісі көтеріліп барып қарап, ештеңенің жоқ екенін айтты. Ілияс бұдан кейін қызметшісін: “Қарап кел!”-деп жеті рет жіберді.

Жетінші ретте ғана қызметшісі барып келіп:-Қараңыз, теңіз жақтан алақандай ғана бір бұлт көтеріліп келе жатыр!-деді. Сонда Ілияс:-Бар да, Ахабқа былай де: “Күймеңізді жегіп алып, жаңбыр астында қалып қоймау үшін үйіңізге қайтыңыз!”-деп тапсырды.

Осы аралықта аспан жөңкіп келіп қалған бұлттардан қап-қара болып қарайып, қатты жел соғып, жаңбыр құйып кетті».

Бұл керемет оқиғадан Құдайдың ұлылығы мен құдіретін анық көреміз.

\\.....Музыка.....\\

Жаратқан Иенің жолы мен мағынасыз діни дәстүрлерді бірдей ұстануға болмайды. Мына сөздер жайлы ойланыңыз! *“Қашанға дейін екі ойлы болып толқып жүре бермексіңдер? Егер Жаратқан Ие Құдай болса, онда Оның жолымен жүріңдер!”*. Патшалықтар туралы 3-ші жазба 18-ші тарау 21-ші аят.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2012 жыл,
Хабардың тақырыбы: №54. Ілияс пен Жүніс пайғамбар,
Реттік саны: №072. 22/1174сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Құдайдың сөздерін оқып, пайғамбарлар жазбаларды зерттеп жүрміз. Құдайдың пайғамбары *Ілияс* ұлы пайғамбар, өйткені оның бойында Құдайдың Рухы болды. Ол Құдайға жаңбыр болмасын деп жалбарынғаннан кейін Исраил елінде үш жарым жыл бойы жаңбыр жаумады. Бүгін «Ілияс пен Жүніс пайғамбар» туралы айтылады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\-----Музыка-----\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Ілияс пайғамбардың Исраил халқына не айтқанын есіңізде ме?. Құдайдың пайғамбары Ілияс бір күннің ішінде Бағалдың жалған пайғамбарларын бүкіл халықтың алдында әшкерелеп жоққа шығарды да, исраилдіктердің жүректерін Жаратқан Иеге бұрды.

Осылайша Құдай Ілияс пайғамбарды көптеген исраилдіктердің жүрегін Өзіне қайтару үшін қолданды. Құдай неліктен Ілиястың мінажатына жауап берді? Себебі Ілияс Құдайды сүйетін және Оның сөзіне сенетін. Құдай неліктен Бағал пайғамбарларын елемеді? Өйткені олар Өзін Ыбырайымға, Ысқаққа және Исраил халқына ашқан тірі Құдайға жалбарынбады.

\\.....Музыка.....\\

Бағалдың пайғамбарлары Құдай сөзін елемей, өз діни дәстүрлерін ұстанды. Олар осы дәстүрлерді қанша қатты ұстанса да, тірі әрі шанайы Құдайға құрмет етпегендіктен олардың барлық діни ілімдері жарамсыз болды. Ілияс пайғамбардың кезінде адамдар мынадай болған: он адам терең шұңқыр қазып, он адам оны толтырды, бірақ шаң көп болғанымен, шұңқыр болмады! Осы сияқты Бағал пайғамбарлары әр түрлі жолмен сыйынатын: олар өз дұғаларымен және табынуларымен көп шу жасады, бірақ Тірі Құдайдың сөзіне негізделмегендіктен осының бәрі жарамсыз болған. Шаң көп, бірақ шұңқыр жоқ!

Осылайша сол маңызды күні Ілияс пайғамбар исраилдіктерге екінің бірін таңдауды бұйырды: *Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың Жаратқан Иесін не Бағалдың мағынасыз дінін; шындықты не өтірікті, әділдік жолын не әділетсіздік жолын, Құдайдың сенімді Сөзін не адам шығарған діннің сенімсіз сөздерін.* Сіз Ілиястың: “*Сендер қашанға дейін тұрақсызданып, екі ойда боласыңдар?*”-деген сұрағына қалай жауап бересіз?

Шынайы Құдайдың сөзін таңдайсыз ба, әлде адамдар ойлап тапқан мағынасыз діни дәстүрлерді ұстанасыз ба? Киелі жазбада былай айтылған: *“Ешкім екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды. Олай еткен күнде біреуін екіншісінен артық көріп, соған бағышталарды, ал екіншісіне немкетті қарайды. Сол сияқты, сендер де Құдайға және байлыққа бірдей бағышталып қызмет ете алмайсыңдар!”* (Мат. 6:24).

Ал Ілияс пайғамбардан кейін келген Жүніс есімді бір исаилдікті Құдай исаилдіктердің жауы болған *шетелдіктерге барып, оларға уағыз айтуды* бұйырғанын сіз білесіз бе?

Олай болса, Киелі жазбадағы Жүніс пайғамбардың кітабының 1-ші тарауын оқиық.

\\.....Музыка.....\\

Онда былай айтылған: *“Аматтай ұлы Жүніске Жаратқан Иенің: “Сапарға жиналып, ұлы қала Ниневиге бар да, оны соттамақ екенімді жарияла! Олардың зұлым қылықтары Менің көз алдымда” деген бұйрығы жетті”*, Жүніс пайғамбардың жазбасы 1:1-2 аят.

Ардақты бауырым, сіз Құдайдың Жүніске не бұйырғанын естідіңіз бе? Құдай оған исаилдіктерді құртқысы келген, жауыз Ассирия халқының астанасы Ниневиге барып, оның тұрғандарына өз күнәларын мойындауларын ескертуді тапсырды!

Құдай неліктен Жүністі исаилдіктерді жек көретін шетелдіктерге жібергісі келді? Құдай Исаилдің жауларының да қамын ойлады ма?

Иә, ойлады! Ниневидің тұрғындарының күнәлары көкке жеткендіктен, Құдай оларды жазаламақшы болды. Алайда Құдай күнәкарларды жоюды ұнатпайды. Құдай әркімнің өз күнәларына өкініп, Құдайдың сөзіне сеніп, құтқарылғанын қалайды. Сондықтан Құдай Жүніске Ниневеи халқына барып, олардың өз күнәларына өкініп, Құдайға бет бұрып, құтқарылулары үшін оларға ескерту жасауды тапсырды.

Бірақ Жүніс өзінің жауларына барып, оларды ескерткісі келмеді! Жүніс Ниневеи қаласына жіберілген пайғамбар болғысы келмеді! Құдай Ниневеи халқын тәубеге келтіріп, кешіргісі келсе, Жүніс Құдайдың оларды жазалағанын қалады! Сондықтан Жүніс осы тапсырмадан бас тартып, Құдайдан қашпақшы болды. Алайда пенденің Құдайдан қашып құтылуы мүмкін бе?

Жүністің не істегенін көру үшін Киелі жазбаны одан әрі қарап көрейік. Жүніс пайғамбардың жазбасы бірінші тарау, үшінші аяттан бастап, он алтыншы аятқа дейін оқимыз...

\\.....Музыка.....\\

«Сонда Жүніс жолға жиналды, алайда ол Жаратқан Иенің назарынан алысқа, Тарсис қаласына қашып кетуге бел буды. Ол Яффа қаласына барып, сол жерден Тарсиске аттанғалы тұрған кемені іздеп тапты. Жол ақысын төлеп, кемеге отырып, Жаратқан Иеден қашып кету үшін Тарсиске жүзіп кетті.

Бірақ Жаратқан Ие теңізге қатты жел жіберіп, сұрапыл дауыл тұрғызды. Кемеге қирау қауіпі төнді. Теңізшілер үрейленіп, әрқайсысы өзі табынатын тәңіріне жалбарына сиынды. Олар кемең салмағын жеңілдетіп, қауіпті азайту үшін жүктерді суға лақтыра бастады.

Бұл кезде Жүніс кемең төменгі қабатына түсіп, қатты ұйқыға кеткен болатын. Кеме бастығы оған келіп: “Әй, сен неғып ұйықтап жатырсың?! Тұрып, Тәңіріңе жалбарын! Мүмкін, Ол бізді ойына алып, ажалдан сақтап қалар”, -деп бұйырды.

Теңізшілер өзара: “Жеребе тастап, біздің осы пәлеге душар болғанымызға кімнің кінәлы екенін біліп алайық”, -десті. Олар солай істегенде жеребе Жүніске түсті. Теңізшілер оған: -Бізге айтып берші: осы апаттың басымызға түскеніне кім айыпты? Кәсібің не? Қайдан келдің? Туған елің қайда? Қай ұлтсың?-деген сұрақтар жаудырды. Жүніс: -Мен израилдікпін. Көктегі Құдайды, яғни теңіз бен құрлықты жаратқан Тәңір Иені қастерлеймін, -деп жауап қайырып, оларға өзінің Жаратқан Иеден қашып жүргенін ашық айтып берді. Сонда теңізшілердің зәшелері ұшып сасқалақтап, Жүністен: “Неге бұлай істедің?!” -деп сұрады. Осы екі арада теңіз толқындары күшейген үстіне күшейе түсті. Сондықтан теңізшілер Жүніске: -Теңіздің тыншуы үшін саған не істеуіміз керек? -деген сауал қойды. -Мені теңізге лақтырсаңдар, ол басылады. Өйткені осы сұрапыл дауылға ұшырап отырғандарың менің кесірімнен екенін білемін, -деп жауап берді Жүніс. Алайда сол жігіттер бар күштерімен есе беріп, кемең жазаға жеткізуге тырысты. Бірақ дауыл долданып, күшейе түсіп, еңбектері сая кетті. Сондықтан олар Жаратқан Иеге жалбарына сиынып: -Уа, Жаратқан Ие, мына адамның жанын алу үшін бізді де ажалға бұйыра көрме! Ал егер ол кінәсіз болса, қанын біздің мойнымызға жүктей көрме! Себебі Сен, Жаратқан Ие, осыны өз қалауыңа сай істедің, -деді. Теңізшілер Жүністі көтеріп алып, теңізге лақтырып жіберді. Сонда буырқанып тұрған теңіз тыныштала қалды. Бұдан сол адамдардың зәшелері ұшып, Жаратқан Иеден қатты қорықты. Оған арнап құрбандық шалып, бұдан былай Жаратқан Иені қастерлеуге ант берді. Жаратқан Иенің бұйрығымен бір үлкен балық Жүністі жұтып қойып, ол соның ішінде үш күн, үш түн бойы жатты, (Жүніс 1:3-16, 2:1).

\\.....Музыка.....\\
Ардақты бауырлас, сіз, Құдайдың Одан қашып бара жатқан пайғамбардың артынан қуғанын көріп тұрсыз! Жүніс қашса да Құдайдың қолынан құтыла алмады. Құдай неліктен Жүністің артынан қуды? Құдай Жүністі сүйгендіктен, оның Өзінің еркін орындағанын қалағандықтан осылай етті. Сондықтан оны өлтіргісі келмей балыққа жұтқызды. Бейшара Жүніс! Ол өзінің алып балықтың ішіне қалай түскенін білмей қалды? Өзін құтқару үшін ол не істей алар еді? Ештеңе! Оған Жаратқан Иеге жалбарынудан басқа ештеңе қалмады. Оны Құдай ғана құтқара алатын еді.

Ал осы жазбаның 2-ші тарауын оқысаңыз балықтың ішінде Жүністің Жаратқанға жалбарынып, өзінің Оны тыңдамай, күнә жасағанын мойындағанын көресіз. Құдай Жүністі үш күн бойы теңіз мақұлығының ішінде аман сақтады. Жүніс осыдан өте маңызды сабақ алды! Үшінші күні Жүніс: “Құтқарылу келеді тек Жаратқаннан!”-деп айқайлады, (Жүніс 2:10). Киелі жазбада Жүніс: “Құтқарылу келеді тек Жаратқаннан!–дегеннен кейін: “Жаратқан Иенің бұйрығы бойынша балық Жүністі жағалауға құсып тастады”-деп жазылған Жүніс пайғамбардың жазбасы 2:11 аятта.

\\.....Музыка.....\\
Бастығыңыздың айтқанын істемегендіктен өз жұмысыңызға жауапкершіліксіз қарағандықтан сізді үш күн бойы түрмеге жауып тастаса не істер едіңіз?. Осылай Жүніс пайғамбар сияқты Құдайға жалбарынар ма едіңіз? Иә, өз күнәңізді мойындап, Жаратқан Иеге сиынып, былай мінажат етіңіз: *«Құдіреті күшті Құдай, мен айналамдағы жақын адамдарды тыңдамай, ұрлық жасадым, адамдарды тонап, ұрып соқтым. Енді мен Сенің сөздеріңді оқып, бұлардың бәрі күнә екенін ұқтым. Барлық жасаған күнәларды мойындаймын. Мені Өзіңнің балаң ретінді қабылдауыңды өтінемін. Исаның атымен, аумин!»*.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!
\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, ақпан, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №54-тің соңы, Жүніс пайғамбар,
Реттік саны: №073, 22/1147сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, қымбатты тыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Егер сіз біздің бағдарламаны апта сайын тыңдап жүрсеңіз, онда Киелі кітаптан пайғамбарлар жазбаларын бізбен бірге оқып, зерттеп жүрсіз деген үміттеміз. Ал бүгін өткен хабардың жалғасы: «Жүніс пайғамбар» туралы әңгіменің тыңдайсыз. Студияда хабарымызды жүргізуші: Арыстан бауырымыз. Біздің толқында, бізбен бірге болыңыз, қадірлі тыңдарман!

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Құдайдың сөзін біліп тұрып, оны істемеген кездеріңіз болды ма?

Біз соңғы хабарымызда Құдайдың айтқанын орындағысы келмеген Жүніс пайғамбар туралы айтқанбыз. Ол Жаратқан Иеден қашып, кемемен кетіп бара жатқанда теңізшілер бұны біліп, Жүністі суға лақтырып жіберген еді. Сөйтіп, теңізде Жүністі үлкен балық жұтып қояды да, үш күннен кейін оны аузынан шығарып тастайды.

Енді бұдан әрі не болғанын білу үшін Жүніс пайғамбардың жазбасынан үшінші тарауды оқудан бастайық...

\\.....Музыка.....\\

«Бұдан кейін екінші рет Жүніске Жаратқан Иенің: “Сапарға жиналып, ұлы қала Ниневиге бар да, Менің өзіңе айтқан хабарымды халыққа жарияла!” деген бұйрығы жетті.

Осы жолы Жүніс Тәңір Иенің айтқанын екі етпей, жолға шығып, Ниневиге барды. Бұл аралап шығуға үш күн уақыт кететін өте үлкен қала еді. Жүніс қаланы аралай бастады. Күн ұзағына халыққа уағыз айтып: “Қырық күннен кейін Ниневи күйреп, тас-талқан болады!” – деп жариялап жүрді.

Қала халқы Құдайдың хабарына сенді. Олар (күнәларына өкініп) ораза жариялап, үлкен-кіші барлық адамдар азалы киім киді. Ниневидің патшасы бұл туралы естигенде, ол да (күнәсына онық жеп) тағынан түсіп, патшалық шапанын шешіп тастады да, азалы киім жамылып, күлге отырды. Ниневи халқына мына әмірін жариялатты:

“Бұл – патша мен оның уәзірлерінің бұйрығы:

Күллі халық ораза тұтсын! Барлық адамдар мен жануарлар, ірілі-ұсақты малдар азық пен сусыннан ауыз тимесін!

Адам және жануар атаулы азалы киім мен жабу жамылсын! Әркім Құдайға жалынып-жалбарынып сиынсын!

Бәрі де жаман мінез-құлықтары мен сұрапыл іс-әрекеттерінен бас тартсын! Мүмкін, сонда Құдай райынан қайтып, қаһарын басып, біз пәледен аман қалармыз!”

Құдай олардың істегендерін көріп, жаман жолдарынан қайтқандарына көз жеткізді. Оларға мейірімділік танытып, бәрін құртамын деген райынан қайтты», (Жүніс 3).

\\.....Музыка.....\\

Міне, осылай Құдай Ниневи қаласының тұрғындарына мейірімділік танытты, өйткені олар Оның жіберген сөзіне сенді. Олар өз күнәларына өкініп, кішіпейілділікпен Құдайға бет бұрды. Алайда Жүніске Құдайдың Ниневи халқына мейірімділік танытқаны ұнамады. Жүніс пайғамбардың кітабының соңғы 4-ші тарауында не жазылғанын тыңдап көріңіз... «Алайда Жүніс бұған қатты кейіп, ашуланды. Ол Жаратқан Иеге сиынып былай деді: -*Уа, Тәңірім, мен осылай болатынын елімде жүргенде-ақ айтпап па едім? Сондықтан да тездетіп Тарсиске қарай қапштым. Сенің рақымды да мейірбанды Құдай екеніңді білдім: Сен тез қаһарлана қоймайтын төзімдісің, сүйіспеншілігің шексіз зор. Пәле жіберемін деген райыңнан қайтуға да дайынсың. Уа, Тәңірім, енді жанымды ала гөр. Маған тірі жүргенше, өлген артық.*

– Жаратқан Ие оған: – Сенің ренжіп, ашуланатындай қандай қақың бар?—деп сұрақ қойды.

Ал Жүніс қаладан шығып, оның шығыс жағындағы бір жерге барып отырды. Өзіне қарапайым күрке жасап, соның көлеңкесінде қаланың не боларын көрмек болып күтті. Сонда Құдай Жүніске саясы түсіп, оған әлдеқайда қолайлы болу үшін бір бұтаны өсіріп шығарды. Бұта Жүніске керемет ұнады.

*Бірақ Құдай келесі күні таң сәріде бұтаны кеміретін құрт жіберіп, содан ол солып қалды. Күн көтерілгеннен кейін Құдай шығыстан аңызақ жел соққызды. Басын күйдірген күннің аптабынан Жүніс әлсіреп қалды. Ол өлім тілеп: “Маған тірі жүргенше өлген артық!”—деп налыды. Құдай оған: -*Бұтаға бола ренжіп, ашуланатындай қандай хақың бар?—деп сұрақ қойды. Жүніс: -*Менің тіпті өлгенше ашулануға хақым бар, -*дегенде, Жаратқан Ие оған былай деп жауап берді: -*Сен осы бұтаны ешқандай өңдеп, өсірмедің, ол бір түнде өсіп шығып, келесі түні жоқ болды. Солай болса да, бұтаға сенің жаның ашиды. Ал Ниневиде жақсы мен жаманды айыра алмайтын жүз жиырма мыңнан астам халық, сондай-ақ көптеген мал бар. Ендеше осы үлкен қалаға қалайша Менің жаным ашымасын?!», (4тар).*

\\.....Музыка.....\\

Бізді тыңдап тұрған ағайын, Жүніс пайғамбар туралы осы әңгімеден сіз адам мен Құдайдың мінез-болмыстары туралы көп нәрсе біле аласыз. Сіз Құдайдың барлық адамдарға бірдей қарайтынын байқадыңыз ба?. Жүніс адами көзқараспен біреуді басқадан артық санауға бейім болса, Құдай ондай емес болды. *Құдайдың жүрегі Жүністікінен өте өзгеше болған.*

Жүніс пайғамбар кейбір адамдарды ғана аяса, Құдай барлық адамдарға бірдей жанашырлық танытты. Жүніс өз халқын ғана сүйіп, жауларын жек көрді. Ал Құдай Израил халқын да, Ниневи халқын да сүйді. Жүніс Израилдің жауы болған Ниневи халқының жойылғанын қалады, ал Құдай олардың өз күнәларын мойындап, Оның сөзін қабылдап, құтқарылғандарын қалады. Құдайда біреуді басқа біреуден артық көру деген жоқ. Сіз кім болсаңыз да, қандай болсаңыз да, Құдай сізді сүйеді. Ол сіздің күнәларыңызды, жаман ойыңыз бен ісіңізді және Оған қарсы шыққаныңызды жақтырмайды, алайда өзіңізді сүйеді. Құдай әр халықтағы әр адамды жақсы көреді, сондай-ақ әркімнің Оның алдында күнәсын мойындап, Ақиқатты естіп, қабылдағанын, Өзіне сеніп, құтқарылғанын қалайды. Кейбір адамдар: *“Құдайдың жердегі әрбір адам үшін қам жеуі мүмкін емес, Ол Өз еркімен біреулерді тозаққа өртеп, ал басқаларды жұмақта рақаттандырады”*, -деп ойлайды. Көптеген адамдардың күнәкар күйінде өліп, Құдайдың әділ жазасына тартылатыны рас. Дегенмен Құдайды білмей құрып бара жатқандарға Құдайдың жаны ашымайды деген ой дұрыс емес, Киелі жазбада былай айтылған: *“Құдай барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды”*, Тимотеге арналған 1-ші хаты 2:4 аят.

Ал Петірдің 2-ші хаты 3:9 аятында: *“Ол (Құдай) бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды!”*, -делінген. Алайда тәубеге келуден бас тартатындарды Құдай жазалайтын болады, бұл туралы Салоникалықтарға жазған Пауылдың 2-ші хаты 2:10,12 аяттарда былай айтылған: *“себебі олар өздерін құтқаратын шындықты жақсы көрмей, жүрегіне жолатпады... Сонымен шындыққа сенбей, әділетсіздікке құмартқандардың бәрі сотталатын болады”*.

\\.....Музыка.....\\

Иә, сонымен, Құдай сөзінде жарияланған хабар осы. Рақымды әрі мейірімді Құдай әрбір адам үшін құтқарылу жолын ашып қойды. Алайда сонымен бірге Құдай киелі және әділ болғандықтан Оның ашқан құтқарылу жолын қабылдамаған әркімді жазалайтын болады.

Қадірлі ағайын, сізді ешкім адастырмасын. Құдай бәрімізді бірдей жақсы көреді. Ол күнәкарлардың барлығын жазалап құртқанға қуанбайды.

Құдай жердегі әр адамның ақиқатты біліп, оған сеніп, құтқарылғанын қалайды!

Сондықтан жер бетінде өмір сүріп жатқан біздің де, Оның дайындаған құтқарылу жолын қабылдап, өлімнен аман қалсын деп Құдай пайғамбарларына Өзінің сөзін жазғызды! Құдайдың құтқарылу жолын қабылдаған әркім көкке барады! Ал осы жолдан бас тартқан әркім құритын болады. Киелі жазбада былай жазылған: *“Құдай барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды... Егер теріс жолдарыңнан қайтпасаңдар, бәрің де осылай құрисиыңдар!”*, Тімотеге арналған 1-ші хат 2:4 аят және Лұқа жазған ізгі хабар 13:3 аятты оқыңыз. Құдай қаласа келесі хабарда күнәкарларды құтқару үшін әлемге келетін Құтқарушы туралы көптеген болжамдар айтқан пайғамбар туралы сөйлесеміз. Бұл Иса Мәсіх дүниеге келместен 700 жыл бұрын өмір сүрген Ишая пайғамбар.

\\.....Музыка.....\\

Ал ардақты ағайын, келесі аптаға дейін, Құдайдың Өзінің тұрақсыз пайғамбары Жүніске үйреткен мына екі сабақты сіз де есіңізге сақтаңыз. Бірінші сабақ: *“Құтқарылу келеді тек Жаратқаннан!”*, Жүніс пайғамбардың жазбасы 2:10 аят.

Екінші сабақ: *“Құдай ешкімнің бет-жүзіне қарамайды!”*, Елшілердің істері кітабынан 10:34 аят.

Осымен маған берілген уақыт та өз мәресіне жетті. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индекс: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №55, Ишая пайғамбар
Реттік саны: №074. 21\48\1188сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шықырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Киелі кітапта есімі әйгілі бір пайғамбар бар. Ол Жүніс пайғамбардан кейін келген, және Иса Мәсіх туылмастан жеті жүз жыл бұрын өмір сүрген-*Ишая пайғамбар*. Бүгінгі хабардан Ишая пайғамбар бір күні Құдайдың үйінде құрбандық шалып тұрған кезде онымен не болғанын білетін боласыз. Студияда хабарды жүргізуші: Арыстан бауырымыз.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдайдан қашып кеткісі келген пайғамбар жайлы есіңізде ме?

Иә, ол-*Жүніс* пайғамбар еді. Құдай әрдайым Жүністің қасында тіпті үлкен балықтың ішінде де бірге болды! Ал “*Құдайдан қашу-өз көлеңкеңізден қашқанмен тең*”-дей отырып, бүгін Ишая пайғамбар жайында айтамыз. Ол Сүлеймен патша Иерусалимде салған ғибадатханада қызмет еткен діни қызметкер. Ишая мен басқа діни қызметкерлер әр күні малды құрбандыққа шалатын. Бұл құрбандықтар Өз қанын адамзаттың күнәсы үшін төгетін Иса Мәсіхке меңзеген еді. Енді хабарымызды Ишая пайғамбардың жазбасынан 6-шы тарау 1-ден 8-ге дейінгі мәтінді оқумен әрі қарай жалғастырайық...

\\.....Музыка.....\\

«Ұзиях патша қайтыс болған жылы аса дәріптелген, заңғар биік тағында отырған Тәңір Иенің аянын көрдім. Салтанатты шапанының етегі киелі үйдің ішін алып жатты. Тәңір Иені айналдыра оттай жалындаған періштелер қызмет етіп тұрды. Әрқайсысында алты қанаттан болды, екеуімен бетін, тағы екеуімен денесін жауып, қалған екеуімен ұшатын. Олар бір-біріне дауыстап: “Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген!” - десіп тұрды. Олардың бұл айқайынан киелі үйдің есік жақтаулары мен табалдырықтары шайқалды. Үй іші түтінге толып кетті. Сонда мен: -Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам. Және сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен Патшаны, Әлемнің Иесін, өз көзіммен көрдім! – дедім.

Осы кезде жалындаған періштелердің бірі құрбандық үстелінен жанып тұрған көмір шогынан көсеумен алып, маған ұшып келді.

Шоқты аузыма тигізіп:-Міне, бұл еріндеріңе тиді. Енді сен әділетсіз істеріңнен арылып, күнәңнің құны төленіп, кешірілдің,-деді.

Бұдан кейін Жаратқан Иенің:-Мен кімді жіберейін? Біздің хабаршымыз кім болады?-деген даусын естідім.-Мен бармын, Ием. Мені жібере гөр,-деп жауап бердім», (6:1-8).

\\.....Музыка.....\\

Міне, осылайша Жаратқан Ие Өзінің салтанаты мен киелілігін Ишая пайғамбарға ашып, оған Өз Сөзін исаилдіктерге, яғни еврейлерге хабарлап, оны болашақ ұрпақтар үшін кітапқа жазуға шақырды. Ишаяның кітабы үлкен болғандықтан біздің оны толық қарастыруға уақытымыз жеткіліксіз. Бірақ біз Ишая пайғамбардың хабарынан екі маңызды оймен тұжырымдай аламыз.

Біріншісі: Ишая еврейлерге олардың күнәкар екенін және күнәларына бола жазалануға лайықты екенін айтты.

Екіншісі: Ишая әлемге Иса Мәсіх келіп, олардың күнәсының жазасын тартатын айтты. Сондықтан қысқаша айтқанда Ишая пайғамбардың хабары мынандай: *Біріншісі: күнә және оның жазасы туралы жаман хабар, Екіншісі: күнәкарлардың күнәсының құнын төлейтін Құтқарушы туралы Ізгі хабар.* Құдай жаман хабарды еврейлер және құлағы бар әркім естісін деп айтты. Ишая пайғамбар былай деп жазды: *«Көк пен жер, ден қойып тыңдаңдар, Жаратқан Ие сөйлеп тұр. Ол былай дейді: "Мен балалар асырап алып, өсірдім. Алайда олар Маған қарсы шығып, бас көтерді. Әр өгіз өз қожайынын таниды, есек те иесінің жем салатын астауын біледі. Бірақ Исаил Мені танымайды: меншікті халқым Менің кім екенімді ұқпайды! О, күнәкар ұлт, мойнында ауыр кінәсы бар халық, зұлымдардың тұқымы, азғындыққа салынған ұрпақ! Мен Жаратқан Ие, Исаил сыйынған Киелі Құдай болсам да, олар Мені менсінбей, бас тартып, сырт айналып кетті. Пайдасыз сый-тартуларыңды Маған бұдан былай ұсынбаңдар! Хош иісті зат түтетулеріңді де ұнатпаймын. Демалыс күндері мен Жаңа туған ай мерекелерін атап, діни жиындарда бас қосасыңдар. Сонымен қатар зұлымдық та жасай бересіңдер! Осыларыңа бұдан былай төзе алмаймын. Сол себептен Жаңа туған ай мен өзге де мерекелеріңді жаным жек көреді. Олар Мен үшін ауыртпалыққа айналды, бос рәсімдеріңе төзуден мезі болдым! Сендер қолдарыңды жайып, Маған сыйынғанда назар аудармаймын. Қаншама көп мінажат етсеңдер де, Мен құлақ салмаймын. Себебі қолдарың қанға малынған»,1:2-4, 13-15 аяттар.*

\\.....Музыка.....\\

Көрдiңiз бе, Ишая пайғамбар еврейлердi екiжүздiлiктерi үшiн осылай айыптады. Олардың күнәлары туралы мынандай қорытынды шығарды: *"Бұл халық Менi тек аузымен сыйлайды, ал жүректерi Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелердi үйретiп, Менi құр босқа құрметтегенсидi!"* (Матай 15:8,9; Ишая 29:13).

Ишая еврейлерді қырсықтығы мен күнәлары үшін әшкерелегеннен кейін оларға жүректі тазартатын құдіреті бар *Ізгі хабарды* айта бастады. Енді Ишаяның Иса Мәсіх туралы әлемге келіп, күнәкарларды құтқаратын керемет сөздерін тыңдаңыз. Ол: 40-шы тарау, 1-ден 5-ке дейін және 9-10 аяттарында былай жазды: *«Жаратқан Ие былай деп шақырады: “Келіңдер, мәселелеріңді талқылап, шындығына жетейік! Күнәларың ал қызыл болса да, рақым етіп, сендерді қар сияқты аппақ қылмақпын. Қылмыстарың қан қызыл болса да, сендерді кешіріп, аппақ жүндей ағартпақпын. Халқымды Менің жұбатыңдар, көңілін оның орнықтырыңдар!-дейді сендер сыйынған Құдай Ие...*

Жар салған дауыс шығады айдалада: Жаратқан Иеге жол дайындандар! Құдайымызға арнап ен далада тұзу етіп даңғыл жолды салыңдар! Жолдағы сай-салалар толтырылсын, тау-төбелер болса аласартылсын! Бұралаң жерлері де түзетіліп, ой-қырлары түгелдей тегістелсін! Сонда Тәңір Иенің ұлылығы адамзатқа көрінетін болады, Оның Өз халқын құтқарып алғанын барлығы да ап-анық көретін болады. Себебі Тәңір Иенің Өзі осы бұйрықты шығарған болатын”...

Ей, жақсы хабарды Сион халқына жеткізуші, биік тау басына шық, Иерусалимге ізгі хабарды әкелуші, бар даусыңмен айқай салып жарияла! Қорықпай Яһуданың қалаларына: “Міне, Құдайларың!”-деп хабарла!

-Біліп алыңдар, Жаратушы Ие жуырда зор құдіретімен келіп, билікті Өз қолына алады». Ал 7:14 аятында Ишая пайғамбар былай деген: «Ендеше Тәңірдің Өзі сендерге осыны істейтіндігін дәлелдейтін керемет жасайды. Біліп ал, пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил, яғни «Құдай бізбен бірге» деген ат қояды, (Матай.1:23).

\\.....Музыка.....\\

Құдай Ишая пайғамбар арқылы ұлы құпияны ашты! Құдай Өз Рухын ешқашан еркекпен жақындаспаған пәк қыздың құрсағына жібермек болды! Иса дүниеге осылай келді. Өзіңіз білетіндей Иса Мәсіхтің жерде әкесі болмады. Туылмастан бұрын Ол Құдаймен бірге көкте болған, яғни әуел баста, Ол Құдайдың Сөзі болған. Ишаяның пайғамбарлық сөзі бойынша Иса Мәсіх адамның тәніне еніп келген Құдайдың Өзі еді. Қандай керемет ақиқат! Құдай – Рух. Ол Өзінің Рухы мен Сөзін пәк қыздың құрсағына енгізіп, сәби болып туылды! Сондықтан Ишая: *”Пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил, яғни “Құдай бізбен бірге” деген ат қояды”-деп жазды. Ал 9:2,6 аяттарда былай делінген: «Ғұмыр кешкен бұл халық қараңғыда енді бір ғаламат Нұрды көреді, түнек басқан елде тұратындарға таңның шапағы сәулесін төгеді!.. Себебі Сәби дүниеге келді, біз үшін осы Ұл сыйға берілді! Билік болады Оның қолында мәңгі: Оны “керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, мәңгілік Әке, тыныштық пен амандықты сыйлайтын Әмірші” деп те атайтын болады».*

Енді 35:5,6 аятты тыңдап көріңіз. *«Сонда зағиптың көзі ашылып, көре алатын болады, саңыраудың құлағы ашылып, ести алатын болады.*

Ақсақ адам енді бұғыдай секіріп, еш сөйлей алмаған сақау қуана айғайлайтын болады». Ишая осы аяттарда Иса Мәсіхтің әлемге Құдайдың киелілігі мен рақымдылығын әкелетіні туралы пайғамбарлық сөз айтады. Иса Мәсіх Өзінің Құдайдан келгенін әркімге білдіру үшін бұрын ешкім жасамаған керемет істерді жасайды! Сондықтан Ишая Оны: “Керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, мәңгілік Әке, тыныштық пен амандықты сыйлайтын Әмірші!”-деп атады. Ишаяның Иса Мәсіхті басқа пайғамбарлармен бір деңгейге қойғаны көптеген адамдарға ұнамаса да, ол Құдайдан келген Құтқарушының ұлылығын мойындаған еді.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, Құдайдың берген мына хабары туралы ойланған кезіңізде Құдай сізге батасын берсін: *«Жаратқан Ие былай деп шақырады: “Келіңдер, мәселелеріңді талқылап, шындығына жетейік! Күнәларың ал қызыл болса да, рақым етіп, сендерді қар сияқты аппақ қылмақпын. Қылмыстарың қан қызыл болса да, сендерді кешіріп, аппақ жүндей ағартпақпын»,* Ишая пайғамбардың жазбасы 1:18 аят.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №55-тің соңы және №56 «Еремия пайғамбар».
Реттік саны: № 075. 24/48/1160сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Ишая пайғамбардың жазбасын қарастыруды бастағанбыз. Оның ең тамаша тарауы: 53-тарау. Өйткені онда Ишая Иса Мәсіхтің адамзаттың күнәсының жазасын төлеу үшін құрбандық тоқтысы ретінде қанын төгетіні туралы пайғамбарлық сөз айтады. Бүгінгі хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгін сізді Ишая пайғамбарға берген Құдайдың Ізгі хабарын тыңдауға шақырамыз. Бұны Ишая Иса Мәсіх дүниеге келместен 700 жыл бұрын жазды. Хабарымызды Ишая пайғамбардың жазбасы 53-ші тарауды оқудан бастаймыз:

\\.....Музыка.....\\

«Біздің хабарымызға аз ғана кісілер сенді. Жаратқан Иенің құдіретті істері кімге ашық көрсетіледі? Қызметшісі Құдай алдында жас көшеттей, құрғақ жерден шыққан жас өскіндей өсіп шықты. Оның біз таңырқап қарайтындай ажары мен келбеті немесе бізге ұнайтындай түрі жоқ еді. Оны адамдар менсінбей, жалғыз қалдырды. Ол ауыр азап көріп, көп қасірет шегіп, жұрт бетін бұрып әкететіндей жиренішті болды. Оны біз де бағалаған жоқпыз. Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. Оның ұрылып, азап шегуін Құдай бұйырған жаза деп ойладық! Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге тыныштық пен амандық әкелді. Оның жараларының арқасында біз сауықтық. Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты. Ол зорлық-зомбылық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады. Оны жәбірлеп, әділетсіз үкіммен өлімге кесіп, алып кетті. Оның замандастарынан кім мынаны ойлады: Құдайдың Қызметшісі халқымның әділетсіз істеріне бола азапталып, бұ дүниеден аластатылды. Оның моласы қылмыскерлер қорымында белгіленгенмен, мәйіті бай адамның қабіріне қойылды.

Өйткені Құдайдың Қызметшісі ешқандай қылмыс жасамаған болатын, аузынан бірде-бір өтірік те шықпаған еді.

Алайда Жаратқан Иенің Қызметшісі Оның еркімен азап шегіп құртылды. Ол жанын күнәның құнын өтейтін құрбан еткен соң өз үрім-бұтағын көріп, ғұмыры ұзақ болады. Қызметшісінің арқасында Жаратқан Иенің еркі жүзеге асады. “Жан азабының нәтижесіне қарап, әділ Қызметшім қанағаттанатын болады. Оны көп адамдар танып мойындап, ақталады. Ол солардың күнәларын Өз мойнына алады. Оған сол себептен көптеген адамдарды табыс етемін. Оның олжасы билік иелері де болады. Себебі Қызметшім жанын өлімге қиып, қылмыскерлердің қатарында санаады. Бірақ Ол көптеген күнәкарлардың кешірілуі үшін өтініш жасап, олардың күнәларын Өз мойнына алды», (Ишая 53:1-12).

\\.....Музыка.....\\

Ишая пайғамбардың Иса Мәсіхтің біздің күнәларымыздың құнын төлеу үшін тартатын азаптары туралы жазғаны осы. Құдайдың Өз әділдігіне кір келтірмей бізді кешіру үшін Құтқарушының барлық күнәкарлар үшін азап шегіп, Өз қанын төгуіне тура келді. Сондықтан Ишая былай деп жазды: “Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды... Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты”, (53:5,6). Осы керемет аяттар Ишаяның кітабындағы жолдаманы былай тұжырымдайды:

Бірінші: Жаман хабар мынандай: біз бәріміз күнәкармыз және өзімізді құтқара алмаймыз! Сондықтан Ишая: “Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік!”-деп жазды.

Екінші: Жақсы хабар мынандай: Құдай күнәкарларды құтқару үшін керемет жоспар ойлап тапты. Ол осы жоспарды Мәсіхтің өлімі мен қайта тірілуі арқылы жүзеге асырды. Сондықтан Ишая: “Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды... Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты”,-деп жазды.

Ардақты ағайын, сіз өзіңіздің күнәңыздың Киелі Құдайдың алдында қаншалықты үлкен екенін мойындайсыз ба? Сіз пәк қыздан туылған Иса Мәсіхтің “бізбен бірге болған Құдай” екеніне сенесіз бе? Исаның Өз қанын құрбандық тоқтысы ретінде не үшін төккенін білесіз бе?

Олай болса, Ишая пайғамбардың өмір беретін осы мағыналы сөздері туралы ойланыңыз. Енді хабарымызды Еремия пайғамбар туралы әңгімемен одан әрі жалғастырамын.

\\.....Музыка.....\\

Еремия пайғамбар да еврей болатын. Ол Иерусалимнен бес шақырым қашықтықта орналасқан кішкене қалада дүниеге келді. Еремияның әкесі Иерусалимде Құдай үйінде діни қызметкер болды.

Сол заманда Иерусалимдегі еврейлердің көпшілігі өз ата-бабаларының дәстүрлерін орындайтын өте діндар адамдар болғанымен, Құдай Сөзі бойынша өмір сүрмейтін. Алайда Еремия Құдай Сөзін қастерлеп, Оған мойынсұнған адам болатын. Ол Құдайдың Иса Мәсіхті әлемге жіберетін күнін күтті. Құдайдың Еремияны пайғамбар болуға қалай шақырғанын, Еремия кітабының 1-ші тарауынан 4-тен 10-ға дейінгі аяттардан оқимыз:

Пайғамбар былай дейді: *«Жаратқан Ие маған сөзін арнап былай деді:*

-Мен сені шешеңнің құрсағында жаратпастан бұрын-ақ білген болатынмын. Сен құрсақтан шықпай тұрып-ақ Мен сені өз қызметіме бағыштаған едім. Сені халықтарға пайғамбар болуға тағайындап белгіледім. Сонда мен:-Уа, Жаратушы Тәңір Ие! Мен әлі тым жаспын, жұрт алдында сөйлей алмаймын ғой,-дедім. Бірақ Жаратқан Ие маған былай деді:-Әлі тым жаспын деме! Мен сені кімге жіберсем, солардың бәріне барып, не айт десем соның бәрін айтатын боласың! Адамдардан қорықпа. Мен саған жар болып, өзіңді аман сақтаймын. Мұны айтқан Мен-Жаратқан Иеңмін. Содан соң Жаратқан Ие қолын созып, аузыма тигізді де: “Міне, сенің аузыңа сөздерімді салып беріп отырмын. Бүгін сені ұлттар мен патшалықтарға үстемдік жүргізуге тағайындап отырмын. Сен оларды түп-тамырымен жұлып ойсыратып, құлатып жоясың әрі қайтадан тұрғызып, егіп отырғызатын боласың”-деді. Құдай Еремияны Өзінің пайғамбары болуға осылай шақырды. Жаратқан Ие оған өз қандастары еврейлерге барып, егер олар өз күнәларына өкініп, Құдайға және Оның киелі Сөзіне бет бұрмаса, Құдайдың оларды соттайтынын хабарлауды тапсырды. Еремияның алған тапсырмасы қиын және ауыр болатын, себебі еврейлер ешкімнің өздеріне діни істерінің Құдайға ұнамайтынын айтқанын қаламайтын. Бірақ Еремия адамдарға жағуға тырыспады. Сондықтан ол Иерусалим мен бүкіл Яһудеяда жиырма төрт жыл бойы уағыз айтты. Ол: “Құдай маған сендерге мынаны ескертуді айтуға бұйырды: Егер сендер күнәларыңнан бас тартып, Құдайдың Сөзіне мойынсұнбасаңдар, Құдай Бабыл халқының әскеріне Иерусалимге кіріп, қаланы және Құдай үйін қиратып өртеуге жол береді! Жау сендерді тұтқындап, алыс елге алып кетеді!”-деп жариялады.

Еремияның өз қандастарына ескерткені туралы 7-ші тарауда 1-ден 10-ға дейінгі үзіндіде жазылған. Енді сол мәтінді оқиық...

\\.....Музыка.....\\

Жаратқан Ие Еремияға тағы да сөзін арнап былай деді:-Жаратқан Иенің киелі үйінің кіре беріс қақпасына барып, сол жерде тұр да, мына хабарды жарияла: “Уа, халайық, Жаратқан Иеге иіліп гибадат етуге осы қақпа арқылы енетін яһудилер! Жаратқан Иенің сөзін тыңдаңдар! Исраилдің Құдайы, Әлемнің Әміршісі Жаратқан Ие, мынаны айтады: Теріс жолдарыңнан қайтып, іс-әрекеттеріңді түзетіңдер! Сонда Мен сендерге осы елде әрі қарай тұра берулеріңе жағдай жасаймын. “Міне, Жаратқан Иенің киелі үйі, иә, бізде Жаратқан Иенің киелі үйі бар ғой! Жаратқан Иенің киелі үйі осы жерде тұрғанда басымызға ешбір пәле түспейді!”

деген өтірік сөздерге сеніп, алданып қалып жүрмеңдер! Қайта, шынымен теріс жолдарыңнан қайтып, сұмдық іс-әрекеттеріңді доғарыңдар және бір-біріңе әділ болыңдар! Жат жұрттыққа, жетім-жесірге жамандық істемей, жазықсыз қан төгулеріңді, жалған тәңірлерге табынуларыңды қойыңдар, өйткені осылар өздеріңнің құрып кетулеріңе себеп болады. Солай етсеңдер ғана Мен ата-бабаларыңа уәде етіп мәңгілікке тапсырған осы елде сендерді ұдайы мекендетемін! Бірақ қазір сендер түкке тұрғысыз өтірікке сеніп жүрсіңдер: Ұрлық жасайсыңдар, кісі өлтіресіңдер, неке адалдығын бұзасыңдар, өтірік ант бересіңдер, Бағалға арнап хош иісті заттар түтетіп, құрбандық шалып, өртеп ұсынасыңдар. Өздерің бұрын танымаған бөгде тәңірлерге табынасыңдар. Ал содан кейін Менің есіміммен аталған киелі үйге барып, алдыма келіп: “Біз қауіптен аманбыз!” деп сенесіңдер. Сөйте тұра, осы жексұрын қылықтарыңды қайтадан істеп жүре бермексіңдер ме?”

Еремия пайғамбар туралы келесіде жалғастырамыз. Бүгінгі хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №56, Еремия пайғамбар.
Реттік саны: № 076. 21/1171сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Көне заманда Ишая пайғамбар мынадай пайғамбарлық сөз айтқан: “*Бір күні Иса Өзін құрбан етіп, өлімді жеңіп, қайта тіріліп, қабірден шығады, сол арқылы Өзіне сенген адамдардың барлығына мәңгілік өмірді сыйлайды*”.

Ал бүгінгі хабарымызда Құдайдың келесі ұлы пайғамбары Еремия туралы айтылатын болады. Студияда хабарды жүргізуші: Арыстан бауырымыз.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Құдайдың Еремия пайғамбар арқылы не айтқаны сізді қызықтыра ма? Ишая пайғамбар адамзаттың күнәларының құнын өтейтін Иса Мәсіх құрбандық тоқтысы секілді Өз қанын төгетінін алдын ала жариялады. Құдай Иса Мәсіхтен 700 жыл бұрын өмір сүрген Ишаяға күнәкарлардың Құтқарушысының қалай көктен келіп, пәк қыздан туылып, киелі өмір сүріп, ешкім жасамаған кереметтер жасайтынын ашып берді. Ал Еремия пайғамбар Ишая пайғамбардан кейін 100 жылдан соң өмір сүрді. Өзіңіз білетіндей, Израил халқы енді біртұтас емес, ол екіге: Израил мен Яһудеяға бөлінген кез еді. Солтүстікте орналасқан Израил патшалығы Еремияның заманында талқандалды. Пайғамбарлардың жазбаларына сенбей өз күнәларына өкінбегендіктен, Құдай Израил халқын жауларының қолына тапсырған болатын. Сөйтіп еврей халқынан яһудилер ғана қалды. Яһудилер оңтүстікке қоныстанған, олардың астанасы Сүлеймен салған Құдай үйі орналасқан Иерусалим қаласы еді. Құдай Иса Мәсіхті Яһуда руынан шығаруға уәде берді. Еремия Құдайды білеміз деген, бірақ өз іс-әрекеттерімен Оны жоққа шығарған еврейлерді әшкереледі. Еремия жазбасының 17-ші тарауда былай дейді...

\\.....Музыка.....\\

«Жаратқан Ие мынаны айтады: Адамға сенім артып, өмірі өткінші пендені қорған санайтын әрі жүрегін Жаратқан Иесі-Менен алашақтап әкеткен әркімді қарғыс атсын!...Адамның жүрегі бәрінен бетер алдамшы әрі жазылмайтындай бүлінген. Оны танып біле алатын кім бар?

Мен-Жаратқан Ие адамның жүрегіндегісін зерттеймін, оның жан дүниесін анық тексеремін. Содан әркімге жасаған қылығына, істеген істеріне қарай есесін қайтарамын, 17:5,9,10.

Еремия Яһудея халқына: *“Егер сендер өз күнәларыңа өкініп, Құдайға бет бұрмасаңдар, Бабыл әскері Иерусалим қаласын және Құдай үйін қиратып, өздеріңді құлға айналдырады!”*-деп ескертті.

Ардақты ағайын, сіз Яһудеяның халқы Құдайдың Еремия арқылы айтқан сөздерін қастерлеп, мұқият орындады деп ойлайсыз ба? Жоқ, олардың көпшілігі осы ескертуді елемеді! Тіпті діни қызметкерлердің өздері Еремияның сөздеріне сенбеді. Діни қызметкерлер оның айтқанын естігенде оны тұтқындап, оған дүре соғып, бір күнге оның аяқтарын тұсаулап тастады. Олар бабылдықтардың Иерусалимді басып алып, Сүлеймен салған қала мен ғибадатхана үйін қиратуларына Құдайдың жол беретініне сенбеді! Діни қызметкерлердің түсініктері бойынша бұлай болуы мүмкін емес нәрсе еді! Олар Еремияның Иерусалимнің қирайтынын алдын ала жариялағанына, осы сөздерді кітапқа жазғанына қатты ашуланды. Құдайдың Еремия арқылы айтқан сөздерін жай адамдар мен діни қызметкерлер ғана жоққа шығарған жоқ, Яһудеяның патшасы да осы сөздерден бас тартты. Еремияның жазған кітабын оқығанынан кейін патша тіпті кітапты пышақпен тіліп, оны түгел құрту үшін ауладағы отқа тастады! Патша күнәсын мойындамады да, Құдай Сөзін қабылдамады. Алайда патша Еремияның кітабын өртегенімен Құдайдың бұйрығын еш өзгерте алмады. Құдай Еремияға Өз Сөздерін басқа кітапқа жазғызды.

Егер Еремияның кітабын оқысаңыз, патшаның, діни қызметкерлердің, Яһудея халқының Еремияны қудалап, оны жиі түрмеге отырғызғандарын білесіз. Бірде олар Еремияны терең әрі лас шұңқырға отырғызды. Алайда Құдай оны құтқару үшін оған қара нәсілді бір адамды жіберіп, оны шұңқырдан шығартып алды. Бұл жерде айтатын бір маңызды нәрсе: еврейлердің көпшілігінің Еремия пайғамбарды тыңдаудан бас тарқаны олар жалпы ешкімді тыңдамады дегенді білдірмейді! Олар өздерін пайғамбармын деп атаған адамдарды тыңдады. Бірақ осы адамдар жалған пайғамбарлар болатын! Киелі жазба бізге өздерін пайғамбармыз деп атаған көптеген адамдар туралы әңгімелейді. Олар шын мәнінде екі жүзді алдамшылар болатын, өйткені олардың хабарлары Құдайдан емес еді. Сондықтан Еремия Яһудея халқына Иерусалимнің қирайтыны туралы шын ескертуді жеткізіп жүргенде жалған пайғамбарлар оларға: *”Жоқ! Жоқ! Бейшара Еремияның айтқаны ешқашан орындалмайды! Бабыл Иерусалимді қирата алмайды! Құдай үйін де ешкім қирата алмайды!*

Сендер ешқандай апатты көрмейсіңдер! Сендерде тек тыныштық болады! Тыныштықтан басқа ештеңе болмайды!”-деп айтатын. Ал Еремия яһудилердің барлығына былай дейтін: *«Әлемнің Әміршісі Жаратқан Ие халыққа мынаны айтады: “Сол (жалған) пайғамбарлар сендерге хабарларын жеткізгенде оларға құлақ аспаңдар! Олар сендерді алдап босқа үміттендіріп жүр. Сендерге айтып жүрген сөздері-Жаратқан Иенің айтқандары емес, өз қиялдарынан шыққан сөздер...”*

Мен бұл пайғамбарларды жіберген жоқпын, әйтсе де олар хабарларын жеткізуге асығады. Мен оларға сөйлеген де жоқпын, ал олар бәрібір пайғамбарлық сөздер айтқансыды. Олар шынымен Менің кеңесімде

тұрған болса, онда олар халқыма Менің сөздерімді жеткізіп, оларды теріс жолдарынан, істеп жатқан сұмдық іс-әрекеттерінен қайтарған болар еді”, 23:16,21,22 аяттар.

\\.....Музыка.....\\

Еремия пайғамбар еврейлерге жалғандықты уағыздайтындардың сөздерінен сақ болуды ескертті. Алайда өкінішке орай Яһудея халқының көпшілігі оның ескертуін тыңдамады. Оның орнына олар жалған пайғамбарларға сенді. Ақыр соңында патша да, халық та, жалған пайғамбарлар да Құдайдың ақиқат Сөзін жариялаған кім екенін білді! Сол кезде тым кеш болды. Еремияның Иерусалимнің қирайтыны туралы айтқандарының бәрі орындалған кезде ғана олар оның Құдайдың пайғамбары екеніне көз жеткізді. Құдай Сөзі әрқашан да орындалады. Киелі жазбада не айтылғанын тыңдаңызшы: *«Седекияхтың патшалық құрған тоғызыншы жылының оныншы айының оныншы күні Бабыл патшасы Набуходоносор бүкіл әскерімен Иерусалимге қарсы аттанды. Олар қаланы қоршауға алып, оның қамалынан өрлеп өту үшін жан-жақтан тас-топырақтан үймектер жасады.... Сол жылғы төртінші айдың тоғызыншы күні азық-түлік атаулы бітіп, қаланы аштық қатты жайлап тұрған еді. Осы кезде жау қала қабырғасының бір жерін бұзып құлатты.... Седекиях халдейлердің қолына түсіп, Хамат аймағындағы Рибла қаласына Бабыл патшасының алдына апарылды. Ол Седекияхқа үкім шығарды. Бабыл патшасы Риблада Седекияхтың ұлдарын оның көз алдында семсермен түйреп өлтірді...Мұнан кейін Седекияхтың екі көзін ойып алып, қол-аяғына қола шынжыр салып, Бабылға айдап әкетті. Өлген күніне дейін Седекияхты сондағы зынданға жапқызды. Набуходоносор Бабылға патшалық құрған он тоғызыншы жылдың бесінші айының оныншы күні оның бір нөкері-патша ұлдарының әміршісі Набузар-Адан Иерусалимге келіп жетті. Әмірші Жаратқан Иенің киелі үйіне, патша сарайына және Иерусалимдегі күллі үйлерге от қойып, тіпті үлкен ғимараттардың бәрін де өртеп жіберді. Әміршіге еріп келген бүкіл халдейлер жасағы Иерусалимді қоршаған қабырғаларды түгелімен қиратып тастады. Ұландар әміршісі Набузар-Адан халықтың ең кедейлерінің көбін, қалада қалып қойған басқаларды, қолөнершілердің қалғандарын және Бабыл патшасының жағына өтіп кеткендерді тұтқындап, айдап әкетті. Әмірші тек кедей тұрғындардың біразын ғана жүзімдіктер мен егіндіктерді күту үшін елде қалдырып кетті... Осылайша Яһуда халқы өз елінен басқа жаққа жер аударылып кетті», (Еремия 52:4-7,9-16,27).*

\\.....Музыка.....\\

Міне, сіз, Еремия пайғамбар арқылы Құдайдың алдын ала айтқанының бәрін орындағанын көрдіңіз. Еремияның сөздерінің шын екеніне еврейлердің көзі жетті. Себебі, олар Бабыл әскерінің қолындағы тұтқындар болды!

Қиямет сот күні Адам атаның ұрпақтарының әрқайсысы ненің шын, ал ненің жалған екенін білетін болады. Ардақты ағайын, бірақ, Құдай сіздің шын пен жалғанды бүгін ажыратып алғаныңызды қалайды, себебі Қиямет сот күні бұны білгеніңіз пайдасыз. Сол кезде Құдайдан кешірім сұрауға кеш болады, өйткені сіз осы дүниеден күнәкар күйіңізде кетіп қалған боласыз! Яғни Құдайдан мәңгі ажырап, күнәларыңызға бола тозақта мәңгі азап шегесіз! Сондықтан Құдай Сөзінде: *”Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!”* (Қорынт. 2-хат 6:2).

“Сүйікті бауырластарым, кез келген рухтарға сене бермеңдер, олар Құдайдан келген бе, жоқ па-алдымен соны анықтаңдар! Өйткені көптеген жалған пайғамбарлар жер жүзіне тарады!”-деп, айтылған Жоханның 1-ші хаты 4:1 аят.

\\.....Музыка.....\\

Құдайдың Еремия пайғамбар арқылы берген мына уәдесі туралы ойлаған кезіңізде Құдай сізге батасын берсін. Жаратқан Ие былай дейді: *“Егерде Маган шын жүректен бет бұрып, мінажат етіп Мені іздесеңдер, табасыңдар”*, Еремия пайғамбардың жазбасы 29:13 аят.

Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка----- \\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №57, Даниял пайғамбар.
Реттік саны: № 077. 22/1156сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сіздің назарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз өткен жолы Киелі кітаптан Еремия пайғамбардың кітабын зерттеп, талдадық. Ал бүгін Бабылда тұтқында болған жас еврей жігіт туралы әңгімеленеді. Ол жас жігіт те Құдайдың пайғамбары болды. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Егер сіз Еремия пайғамбардың орнында болсаңыз не істер едіңіз?

Есіңізде болса, Еремия пайғамбардың еврейлерге: *«егер күнәларын мойындап, Құдайға бет бұрмаса, Бабыл әскері Иерусалим қаласын қиратып, оларды тұтқынға алып кететіні»* жайында есткертү жасағанын өткен хабардан естідіңіз. Еремия пайғамбар Иса Мәсіх келерден алты жүз жыл бұрын өмір сүрді. Еврейлердің көпшілігі жалған пайғамбарларды тыңдап, Еремия пайғамбардың хабарын елемеді. Сондықтан Бабыл әскері келіп, Иерусалимді қиратып, еврейлерді алыс Бабыл еліне тұтқынға алып кетті. Құдай Өзінің пайғамбары Еремия арқылы алдын-ала айтқандарының бәрін, міне, осылай орындады.

Алайда Исраилдің жойылуы Құдай ертеде таңдаған еврей халқын тастап кетті дегенді білдірмейді. Құдай Ыбырайым, Ысқақ және Жақыппен жасаған келісімін, яғни: *“Сендер арқылы әлемдегі адамдардың бәрін жарылқаймын”*, -деп, әлемге Құтқарушы жіберу жайлы Өзінің уәдесін ұмытпаған еді. Құдайдың Бабыл елінде еврейлерге жетпіс жыл бойы қамқорлық жасап, кейін, Өз уәдесіне сай оларды қайта Иерусалимге әкелді. Енді, бүгінгі бағдарламадан Даниял пайғамбар туралы әңгіме тыңдайсыз.

\\.....Музыка.....\\

Даниял деген есім “Құдай менің Төрешім” дегенді білдіреді. Даниялдың өзі туралы берген қысқаша куәлігі осы. Даниял Құдайдан басқа ешкімнен қорықпайтын. Оны адамдардың не айтқаны емес, Құдайдың не дегені ойландыратын. Даниялдың Төрешісі жалғыз Құдай ғана болатын. Даниял Сүлеймен пайғамбардың көп жылдар бұрын жазып кеткен мына сөздеріне сенетін: *“Пендеден қорқу тұзақ құрар, Жаратқанға сенген қауіпсіз болар”*, Нақыл сөздер 29:25 аят.

Құдай Даниялды өте дана кітапты жазуға шабыттандырды. Даниялдың бұл кітабы адам санасы ойлап таба алмайтын көптеген аяндарға, пайғамбарлық сөздерге толы. Болашақта не болатынын Құдай ғана біледі. Даниял әлемдегі көптеген халықтардың тарихын, олар әлі дүниеде пайда болмастан бұрын жазған! Мысалы, Парсы, Грек, Рим патшалықтары қалай пайда болатынын және олардың патшаларының не істейтінін сипаттап жазды. Даниял осы елдер құрылмай тұрғанда, жүздеген жылдар бұрын осыны жариялаған! Басқа көптеген пайғамбарлар сияқты Даниял да Иса Мәсіхтің бірінші және екінші келуі туралы жазды. Даниял былай дейді: *“Иса Мәсіх осы әлемге бірінші келгенде адамзаттың күнәсының құрбандығы ретінде өлтіріледі, бірақ екінші рет келгенде әлемді соттайды”*. Ол бұл сөзді алдын ала пайғамбарлық сөз ретінде айтқан еді. Даниял Иса Мәсіхтің екінші рет келуі туралы аянды көргенде оны былай сипаттады: *«Мен қарап тұра бердім. Соңында тақтар орнатылып, “Мәңгі жасап келе жатқан тірі Тәңір Ие” өз тағына отырды. Оның киімі, шашы қардай аппақ, таза, ал отырған тағы лапылдап жанған оттан, әрі тақтың дөңгелектері лаулаған жалыннан тұратын еді. Тақта Отырғанның алдынан отты өзен ағып жатты. Сан мыңдаған нөкерлер Оған қызмет етіп, он мыңдаған түмендер Оның еркін орындауға дайын тұрды. Бүкіл сот тақтарына отырып, арнайы кітаптар ашылды...*

Сол түні көріп жатқан аяндарымда кенеттен адам баласына ұқсайтын Біреудің аспандағы бұлттармен келе жатқанын байқадым. Ол мәңгі жасап келе жатқан тірі Тәңір Иеге жақындап келіп, Оның алдына әкелінді. Оған құдірет, салтанаттыұлылық және патшалық билік тапсырылды. Барлық халықтар, ұлттар мен тілдердің адамдары Оған бойұсынып құрмет көрсетуге тиіс болды. Ол ешқашан өтпейтін мәңгілік билік құрады, Оның патшалығы ешқашан құламайды!, Даниял пайғамбардың жазбасы 7:9,10,13,14 аяттар.

Біздің уақытымыз шектеулі болғандықтан, Құдайдың Даниялдың кітабына түсірген ойларына терең үңіле алмаймыз, сондықтан Даниял пайғамбардың өзі туралы ғана айтамыз. Даниялдың кітабының 1-ші тарау 3-тен 16-ға дейінгі мәтінді оқиық...

\\.....Музыка.....\\
«...Бабыл патшасы сондай-ақ өзінің сарай қызметкерлерін басқаратын уәзірі Ашпеназға израилдік патша әулетінен және ақсүйек тұқымынан шыққан бірнеше жасөспірім баланы Иерусалимнен алып келуге бұйырды. Бұлар ешбір кемтарлығы жоқ, келбетті, ғылымның бар жағынан да хабардар, парасатты да зерделі әрі патша сарайында қызмет атқаруға қабілетті болуға және халдейлердің тілі мен әдебиетін үйренуге тиісті еді. Патша оларға өз дастарқанындағы тамағы мен шарабынан күнделікті үлес тағайындады.

Сол жасөспірімдер үш жыл бойы тәлім алғаннан кейін патша оларды сарайындағы қызметке кірістірмек болды. Яһуда руынан таңдап алынған жасөспірімдер арасында Даниял, Хананиях, Мишаел, Азариях деген балалар бар еді. Уәзір сол төртеуінің аттарын өзгертіп, Даниялға Балташазар...,-деп жаңадан ат қойды. Алайда Даниял патшаның тамағы мен шарабын ішіп-жеп өзімді арамдамаймын деген берік шешім қабылдаған болатын. Сондықтан ол сарай қызметкерлерін басқаратын жаңағы Ашпеназ уәзірге осы туралы өтініш жасады. Құдай бұл уәзірдің жүрегін жібітіп, оны Даниялға оң көзімен қарайтын етті. Сонымен уәзірдің Даниялға берген жауабы былай болды: «Мен патша иемнен қауіптенемін. Ішіп-жейтін тағамдарыңды тағайындаған оның өзі еді зой. Егер сендердің басқа балаларға қарағанда жүдеп бара жатқандарыңды байқап қалса, сендердің кесірлеріңнен менің басым кетеді! Сонда Даниял төртеуінің үстінен қарауға уәзір бекіткен қызметкерден былай деп өтінді: «Тақсыр, бізге он күн бойы жеуге тек адал тағамдар, ішуге су ғана беріп сынап көрсеңіз екен. Содан кейін біздің түріміз бен патша дастарқанынан ішіп-жеген басқа балалардың түрін салыстырып көріңіз. Әрі қарай бізбен өз көзіңізбен көргеніңізге сай әрекет етерсіз, тақсыр. Қызметкер осыған келісіп, оларды он күн сынайтын болды. Сол он күн өткен соң байқап қараса, бұл балалардың түрлері патша дастарқанынан тамақтанған жастардың бәрінен өңдірек әрі толығырақ болып көрінді. Оларды басқаратын қызметкер содан бастап патшаның берген тамағы мен шарабын былай қойып, оларға тек адал тағамдар беруін жалғастыра берді. Жаңағы төрт жасөспірімге Құдай білім және әдебиет пен даналықтың барлық жағын да үйренуге зеректік сыйлады. Ал Даниял оның үстіне әр түрлі аяндар мен түстердің мағынасын түсінетін ерекше дарынға да ие болды».

\\.....Музыка.....

Міне, біз Бабыл патшасы Набуходоносордың бірнеше жас еврей жігітті үкіметтік жұмысқа таңдап алғанын көресіз. Набуходоносор патша білімнің барлық салаларын меңгеретіндей және Бабылдың қиын тілі мен әліппесін үйрене алатындай қабілеті бар ең ақылды әрі сымбатты жігіттерді таңдады. Даниял осы таңдап алынған жігіттердің біреуі болған. Сөйтіп Даниял Бабыл мектебінде оқи бастады. Бірақ бірінші күннен бастап, Даниял қиын таңдау жасауға мәжбүр болды. Бабылдың ұлы патшасы өз мектебінің қарамағындағы жас жігіттер ең таңдаулы шарап ішіп, таңдаулы тамақ жеу керек деп шешті. Бірақ бұл шарап пен тамақ жалған тәңірлерге ұсынылатын. Даниял жалған тәңірлерге табыну рәсімдеріне қатыса алатын ба еді? Жоқ! Неліктен? Өйткені Даниял Құдайдан қорқатын. Ол Құдайға жағымсыз істер жасағаннан гөрі өлген артық деп санады.

Даниял 1-ші тарау 8-ші аятта былай деді: *“Алайда Даниял патшаның тамағы мен шарабын ішіп-жеп өзімді арамдамаймын деген берік шешім қабылдаған болатын. Сондықтан ол сарай қызметкерлерін басқаратын жаңағы Ашпеназ уәзірге осы туралы өтініш жасады”*.

Даниял осылай жетпіс жылдай әр түрлі патшаларға қызмет еткенде Құдай онымен бірге болды. Даниялдың өмірі туралы оқығанда оның Құдайдан басқа ешкімнен қорықпағанын көрсететін бір әңгіме бар. Сонда сіз, Даниялдың патшаға қызмет еткен басқа қызметкерлерден қалай ерекшеленгенін көре аласыз. Басқа қызметшілердің жүрегінде киелі қорқыныш жоқ болғандықтан олар көп өтірік айтып, пара алатын. Алайда Даниял Жаратушыны қастерлегендіктен әділетсіздік пен жалғандықтан бас тартатын. Ол Құдайға ұнамайтын істер жасағаннан гөрі арыстандардың арасынан тасталғанды артық санады.

\\.....Музыка.....\\
Құдай Даниялды құтқарып, оны жарылқап, оған терең білім мен даналық берді. Келесі аптаға дейін Даниял пайғамбардың жазбасы 1-ші тарау 20-шы аятты есіңізге сақтаңыз: Онда былай жазылған: *“Патша олардан қандай мәселе туралы ақыл-кеңес сұрамасын, өзінің бүкіл патшалығындағы абыздары мен балгерлерінен гөрі олардың он есе білімдірек екендігін анықтады”*.
Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!
\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №57, Даниял пайғамбар.
Реттік саны: №078. 20/1078сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сіздің надарыңызға «Шындық жолы» бағдарламасын ұсынамыз.

\\.....Музыка.....\\

Даниял пайғамбар қартайып, төртінші патшаға адал қызмет етіп жүргенде болған оқиғалар туралы Киелі кітапта өте түсірікті айтылады. Ал бүгін Құдайдың пайғамбары Даниял туралы хабарымызды одан әрі жалғастырамыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Киелі кітаптан Даниял пайғамбардың жазбасын оқыдыңыз ба?

Біз соңғы хабарымызда ол жайында айтқанбыз. Даниял пайғамбардың кезінде Бабыл патшалығы енді Бабыл емес, Парсы патшалығы деп аталатын. Өйткені, Мидия мен Парсы деген екі ұлт Бабылды басып алып, оны екіге бөліп алған еді. Киелі кітаптан Даниял пайғамбардың жазбасы 6-шы тарау, 1-ден 27-шіге дейін аяттарды оқиық:

\\.....Музыка.....\\

«Дарий билік құрған бүкіл патшалығына жүз жиырма аймақ әміршісін тағайындауды жөн көріп, онысын жүзеге асырды да. Бұған қоса патшаның мүддесін көздеп, аймақ әміршілерінің үстінен қарап, есеп алып отыратын үш уәзірді де бекітті. Сол үш уәзірдің біреуі Даниял болды. Даниял (Құдайдың Рухы дарытқан) асқан қабілеттің арқасында өзге екі уәзір мен аймақ әміршілерінен озық шықты. Сондықтан патша оны бүкіл патшалықты басқарушы етіп қоюды ойлады. Сонда басқа уәзірлер әрі аймақ әміршілері Даниялды айыптауға сылтау іздей бастады. Бірақ Даниял сенімді болып, жұмысын ұқыпты атқарғандықтан, олар оны кінәлайтындай бірде-бір қате не заңсыздық таба алмады. Ақырында олар: “Оның сиынатын Құдайы бұйырған Таурат заңына қатысты болмаса, басқа жағынан ешқандай айып таба алмаймыз”, — деп қорытты.

Содан уәзірлер мен аймақ әкімдері бір айла тауып, патшаның алдына жиналып, былай деді: -Уа, Дарий патша, мәңгі жасаңыз! Біз, патшалықтың уәзірлері, қолбасшылары, аймақ әміршілері, кеңесшілері және әкімдері бәріміз ақылдаса келіп, патша ағзам мынадай заңды қабылдап, жарлық шығарса, тиімді болар еді деген қорытындыға келдік: Кімде-кім отыз күндік мерзім ішінде өзіңізге емес, уа, патша иеміз, бір тәңірге не пендеге басұрып, өтініш жасаса, сол адам арыстан шұңқырына тасталсын!

Осылайша, уа, патша ағзам, бұл жарлықты құптап, оны мидиялықтар мен парсылардың заңына сәйкес ешкім өзгерте алмастай етіп жазбаша шығарта көріңіз.

Дарий патша бұл жарлықты жазбаша шығартып, бекітті. Даниял мұны білсе де, бұрынғыдай күніне үш мәрте үйінің жоғарғы бөлмесіне көтеріліп, Иерусалимге қарай ашық тұрған терезенің алдына баратын. Сол жерде ол тізерлеп отырып, сиынатын Құдайына мінажат етіп, Оны мадақтауын жалғастыра берді. Сонда оны көре алмайтындар жиналып, Даниялдың Құдайға сиынып, рақым көрсетуін сұрап тұрғанының үстінен түсті. Олар патшаның алдына барып, оның шығарған жарлығы туралы айта келіп: -Уа, патша! “Кімде-кім отыз күндік мерзім ішінде өзіңізге емес, бір тәңірге не пендеге басұрып, өтініш жасаса, сол адам арыстан шұңқырына тасталсын!” деп жарлық шығармап па едіңіз? — деген сауал қойды. Патша: -Дұрыс, бұл жарлық мидиялықтар мен парсылардың заңына сәйкес бекітілді, оны ешкім де өзгерте алмайды!-деп жауап берді. Сонда әлгілер: -Яһудадан жер аударылып келгендердің бірі-Даниял не сіздің өзіңізге, не шығарған жарлығыңызға пысқырып та қарамайды! Ол әлі де күніне үш мәрте өзінің Құдайына бас ұрып мінажат етіп келеді!-деп шағым айтты.

Мұны естігенде патша өзіне-өзі қатты наразы болды. Ол Даниялды құтқаруға ниеттеніп, күн батқанға дейін оны қалай да аман қалдыруға тырысты. Алайда манағы қызметкерлер қайтадан патшаның алдына жиналып: -Уа, патша, есіңізден шығара көрмеңіз, мидиялықтар мен парсылардың заңына сәйкес, патша шығарған ешқандай жарлық пен ережені өзгертуге болмайды!-деп ескертті.

\\.....Музыка.....

Содан патшаның әмірімен Даниял әкелініп, арыстандар қамалған шұңқырға тасталды. Патша соның алдында Даниялға: “Сен өз Құдайыңа үздіксіз қызмет етіп келдің. Енді Ол сені құтқарсын!”-деген тілегін білдірген еді. Ешкімнің де Даниялды құтқара алмасы үшін, шұңқырдың аузы дәу таспен жабылып, патша тасқа өзінің және әміршілерінің мөрлерін басып, бекітті.

Бұдан соң патша сарайына кетіп, көңіл көтеруге зауқы соқпай, тамақтан да ауыз тимеді, түнімен көз шырымын да алған жоқ. Таң атар-атпастан патша орнынан тұрып, арыстанның апанына қарай тартты. Апанға жақындап қалғанда мұңды дауыспен: -Ей, Даниял, тірі Құдайдың құлы! Өзің үздіксіз қызмет етіп келген Құдайың сені арыстандардан құтқара алды ма? - деп сұрады. Сонда Даниял жауап беріп: -Уа, патша ағзам, мәңгілік жасаңыз! Сиынатын Құдайым өз періштесін жіберіп, арыстандардың аузын жауып тастады. Құдайдың алдында айыбым жоқ деп табылғандықтан, хайуандар мені ешқандай жарақаттаған жоқ. Мен өзіңізге де ешбір зиян келтірген емеспін зой, уа, патшам!-деді.

Патша бұған қатты қуанып, Даниялды арыстан шұңқырынан шығарып алуға бұйырды. Апаннан шыққан Даниялдың денесінен бірде-бір жарақат табылмады. Себебі ол сиынатын Құдайына толық сенім артқан еді. Патшаның әмірімен, Даниялға тісін қайрап, жазықсыз кінә таққан адамдардың өздері, әйелдері, бала-шағаларымен қоса түгелдей арыстан шұңқырына тасталды. Апанның түбіне жетпей жатып-ақ, арыстандар оларға бас салып, денелерінің мылжа-мылжасын шығарды. Содан соң Дарий жер бетіндегі әрбір халық, ұлт пен тілдің адамдарына мынадай хат жаздырды:

“Барлығыңа да амандық пен тыныштық тілеймін! Былай деп жарлық шығарамын: патшалығымның күллі жерлерінде халық Даниялдың сиынатын Құдайынан қалтырап қорқып, Оны терең қастерлейтін болсын! Себебі Ол-тірі Құдай, Ол мәңгілік жасайды, Оның Патшалығын ешкім де жеңе алмайды, Құдайдың билігі мәңгілікке созылады! Құдай құтқарып, аман-есен қалдырады, Көк пен жерде керемет, гажсап істер жасайды. Ол арыстандардың аранынан Даниялды Құтқарып алып, аман-есен сақтап қалды!”

Содан Даниял пайғамбар Дарийдің патшалығы кезінде де, Парсының Кир патшасы билік құрғанда да жаманшылық көрген жоқ. Құдайдың Даниялды арыстаннан құтқарғанын көргеннен кейін жалған тәңірлерге табынушы ұлттың патшасының не дегенін сіз естідіңіз бе?

Ол былай деді: *“Былай деп жарлық шығарамын: патшалығымның күллі жерлерінде халық Даниялдың сиынатын Құдайынан қалтырап қорқып, Оны терең қастерлейтін болсын!”*.

\\.....Музыка.....\\

Бізді тыңдап отырған қадірлі ағайын, сіз Даниял пайғамбардың Құдайынан қорқасыз ба? Сіз: *“Даниялдың Құдайы кім?”*-деп сұрайтын шығарсыз. Даниялдың Құдайы-Ыбырайымның, Ысқақтың және Жақыптың Құдайы. Даниялдың Құдайы -Мұса мен Дәуіттің Құдайы. Даниялдың Құдайы-бізге Киелі жазбаны берген Құдай.

Ол күнәкарларды арыстаннан да күшті шайтанның, күнәның және тозақтың билігінен құтқаратын Иса Мәсіхті жіберуге уәде берген Құдайдың Өзі! Даниялдың Құдайы – жалғыз шынайы Құдай!

Сіз Құдайдан қорқасыз ба? Мен сізден өз досыңыздан немесе олардың ойларынан, өз ата-бабаларыңыздан және салт-дәстүрлерінен қорқасыз ба?-деп сұрап тұрған жоқпыз. *“Сіз Құдайдан қорқасыз ба?”*-деп сұрап тұрмын. Сіз Жаратқан Иені риза қылдыруға және Оның киелі Сөзіне бағынуға тырысасыз ба?

Даниял пайғамбар Құдайдан қорыққандықтан адамдардан қорықпайтын. Ол Құдайды ренжіткеннен гөрі арыстандармен бір орда түнеуді артық санады! Ал сіздің жағдайыңыз қалай? Сіз Құдайдан Даниялдың қорыққанындай қорқасыз ба?

Әділетсіздікті Даниял жек көргендей жек көресіз бе? Құдай Сөзін Даниял пайғамбар қастерлегендей қастерлейсіз бе? Әлде сіз Адам атаның ұрпағының көпшілігі секілді шындықты бұрмалап, ақша мен дүниені жақсы көріп, Киелі жазбаны елемей жүрсіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Міне, осы сұрақтар төңірегінде бізге өз ойыңызды білдіріп хат жазыңыз. Ал мына маңызды шындық туралы ойланған кезіңізде Құдай сізге батасын берсін: Нақыл сөздер 29:25 аят:

*“Пендеден қорқу тұзақ құрар,
Жаратқанға сенген қауіпсіз болар”*

Осымен хабарымызды аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӨН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №58, Ұзайыр пайғамбар,
Реттік саны: № 079. 21/1041сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!.

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Еремия пайғамбар арқылы айтқан Құдайдың Сөзін тыңдап жүрміз. Егер адамдар Жаратқан Иенің сөзіне құлақ аспаса тіпті күнәларына өкінбейтін болса, онда оларға не болатыны жайында айтқанын Киелі жазбадан оқыдық. Бүгінгі бағдарламамыздан «Ұзайыр пайғамбар» жайында білетін боласыз. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Біздің соңғы апталардағы әңгімемізден сіз не білдіңіз?.

Құдай бабылдық әскерлер елге баса көктеп кіріп, қалаларын қиратып және оларды тұтқынға алуларына жол беретінін ескерткен еді. Бірақ еврейлердің көпшілігі Еремияның ескертулеріне құлақ аса қойған жоқ. Нәтижесінде Еремияның айтқанындай-ақ, бабылдық әскерлер шығыстан шабуыл жасап, Иерусалим қаласын, ондағы ғибадатхананы қиратып, еврейлерді тұтқындап, Бабылға құлдыққа алып кетті. Осылайша еврей халқы тұтқынға алынды, өйткені олар Құдайдың Өзі жіберген пайғамбарларының сөздеріне құлақ асудан бас тартқан еді. Бірақ еврейлердің опасыздықтары Құдайдың Өз Сөзіне берік болып қалуына нұсқан келтіре алған жоқ! Ал енді күнәларының кесірінен Бабылдың құлдығына түскен еврейлерге Еремия пайғамбардың не айтқанын көрейік. Еремия пайғамбардың жазбасы 29-шы тарау 4-ші және 10-11-ші аяттарды оқимын...

\\.....Музыка.....\\

Еремия пайғамбар былай деді: *«Израилдің Құдайы-Әлемнің Әміршісі Өзі Иерусалимнен Бабылға жер аудартқандарға мынаны айтады:*

...Сендер Бабылда жетпіс жыл болғаннан кейін Мен сендерді қамқорлауға келіп, өздеріңді осы жерге қайтып әкелемін деген ізгі уәдемді орындаймын. Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар».

Осы сөздер арқылы Еремия пайғамбар еврейлерге олар Құдайды ұмытса да, Құдай оларды ұмытпағанын жеткізді! Арада жетпіс жыл өткеннен кейін, Құдай оларды ата-бабаларының жеріне қайтаруды жоспарлады.

Бабылда тұтқында жүрген еврейлерге Еремия пайғамбардың айтқаны осы еді. Расында да Құдай уәдеге берік! Жер бетінде өмір сүретін бүкіл халықтарды Ыбырайымның, Ысқақ пен Жақыптың ұрпағы арқылы жарылқауға уәде бергенін Құдайдың ұмытпағанын айтқанбыз. Адам атаның бүкіл ұрпағына жеткізуі үшін Өз Сөзін исаилдіктерге тапсыруға ниет еткені Құдайдың есінде. Өткен хабарларымыздан сіз Құдайдың Өз пайғамбарларын еврейлердің арасынан қалай таңдағанын, оларды Өзінің киелі Сөзін жариялауға және мұны келешек ұрпақ үшін жазып қалдыруға қалай жігерлендіргенін көрдіңіз. Құдайдың Мұсаны Тауратты, Дәуітті Забур жырларын жазуға жігерлендіргені секілді Ешуа, Самуил, Сүлеймен, Ишая, Еремия мен Даниял сынды басқа да еврейлерді Құдай Өз Сөзін жазуға жігерлендірді. Құдай пайғамбарларының барлық жазбалары Құдайдың Исаил халқынан Құтқарушыны шығарып, Оны жер бетіне жіберу туралы керемет жоспарын хабарлайды.

Енді біз Құдайдың еврейлерді Яһуди жеріне қалай қайтарғанын көрейік...

\\.....Музыка.....\\

Ал сол кезде Яһудеяда Құтқарушы туылуға тиіс болған. Осылайша Құдай әлемге Құтқарушыны жіберу туралы жоспарының жүзеге асуына жағдай жасады. Сондай-ақ Еремия пайғамбардың алдын ала айтқанындай, еврейлердің Иерусалим қаласына жетпіс жылдық тұтқыннан кейін оралғанын білесіз. Киелі жазбаны оқымастан бұрын, біз Бабыл жері қазір Иран деп аталатынын еске түсірейік, өйткені парсылар Бабылды жаулап алған болатын.

Ұзайыр пайғамбардың кітабының бірінші тарауында 1-ден 7-шіге дейінгі аяттарда былай делінген: *«Парсы патшасы Кир билік құрған алғашқы жылы Жаратқан Ие оның жүрегіне тұрткі салып, бүкіл патшалығы бойынша жарлық шығартып, хат та жазғызып жібертті. Бұл, Жаратқан Иенің Еремия пайғамбар арқылы алдын ала айтқан сөзінің жүзеге асуы үшін болды. Хатта былай деп жазылды:*

“Парсы патшасы Кирдің бұйрығы мынау: Көктегі Құдай-Жаратқан Ие маған жер бетіндегі барлық патшалықтарды тапсырды. Ол мені Яһуда аймағындағы Иерусалим қаласында Өзіне арнап киелі үй салуға да тағайындады. Араларыңдағы Оның халқына жататын әркім Яһудадағы Иерусалимге өрлеп барып, Исаилдің Құдайы Жаратқан Иеге Иерусалимде арнап киелі үй салсын! Құдайы оған жар болсын!”

Сонда Құдай жер аударылудан қайтып келген алғашқы оралмандардың, яғни Яһуда мен Буняминнің бірсыпыра рубасыларының, діни қызметкерлер мен леуіліктердің жүректеріне Иерусалимге өрлеп барып, Жаратқан Иенің киелі үйін қайта тұрғызуға тұрткі салды. Күллі көршілері бұларға алтын-күміс бұйымдар, мал-мүлік және басқа да қымбат бағалы сыйлықтар берді.

Сонымен қатар оларға өз еріктерімен жасаған сый-тартуларын да табыс етті. Бабыл патшасы Набуходоносор негізінде Жаратқан Иенің Иерусалимдегі киелі үйінен алып кетіп, өз тәңірінің ғибадатханасына әкеліп қойған бұйымдарды Кир патша содан шығартып алдыртты”.

\\.....Музыка.....\\

Ардақты ағайын, сіз қалай ойлайсыз, Құдай Еремия арқылы айтқан уәдесін орындады ма? Әрине, орындады! Сонымен Еремия алдын ала айтқандай Құдайдың Бабыл патшасына Иерусалимді және ондағы ғибадатхананы қиратуына жол бергенін көрдік. Ал енді Парсы патшасы Кирдің өз жеріне қайтқысы келген еврейлерге отандарына оралып, ғибадатхана мен Иерусалим қаласын қалпына келтіруге жарлық бергенін көріп отырсыз. Еремия пайғамбардың алдын ала айтқаны дәл осы еді. Расында да Жаратқан Ие-патшалардың Патшасы!

Киелі жазба баяндайтын келесі оқиға: еврейлердің бір тобының Парсы жерін тастап, Яһудеяға яғни Иерусалим қаласына оралуы болды. Оларды бастап жүрген Зоробабел есімді еврей болған. Иерусалим қаласына келген кезде бүкіл қаланың қирап, Сүлейменнің салдырған ғибадатханасы үйіндіге айналғанын көріп олар қатты қапаланып түңілді.

Сонымен Киелі жазба еврейлердің ең алдымен Құдайдың ғибадатханасы болған жерге жиналғандарын баяндайды. Сол жерде олар құрбандық шалатын орынды қайта тұрғызып, бірнеше малды құрбандыққа шалды. Олар өздерін жетпіс жыл бойы Бабыл мен Парсы жерінде қорғап сақтаған және аман-есен отандарына қайтарған Құдайға бірлесіп, ризашылықтарын білдіріп, мадақтау айтты. Осы еврейлер бірнеше жылдар бойы сансыз сынақтардан өтіп, ауыр еңбек еткен кезде Құдай олармен бірге болған. Олар енді Жаратушының көмегімен ғибадатхана мен Иерусалим қаласын оның қоршаған қабырғаларын қалпына келтіруге кірісті. Кейбір адамдар: “Еврейлердің Иерусалим қаласына оралу тарихының бізге не қатысы бар?” деп сұраулары мүмкін. Бізді тыңдап тұрған бауырлас, сізге айтарым мынау: еврейлердің отандарына оралуы өте маңызды оқиға, өйткені Яһудеяда, яғни Палестинаның оңтүстік аймағында Иса Мәсіх дүниеге келуге тиіс екенін алдын ала Көне Келісімде пайғамбарлық сөздер арқылы айтылғанын жазбалардан оқып білдіңіз.

Әлемнің Құтқарушысы дүниеге келуі үшін еврейлердің өз отандарына оралулары қажет болған!

Еврейлер Иерусалим қаласына оралған кезде Құдай оларға Зәкәрия атты пайғамбарды жіберді. Бұл Зәкәрия Жақия пайғамбардың әкесі Зәкәрия емес, басқа Зәкәрия, ол еврейлердің Құдайға және Оның уәделеріне деген сенімдерін нығайту үшін жіберілді.

Зәкәрия пайғамбар еврейлерге өте маңызды хабарды жеткізді. Құдайдың Құтқарушыны жіберуге белгілеген уақыты жақындап келе жатты! Өтеуші яғни Құтқарушы Иса Мәсіхтің әлемге келуіне 500 жыл ғана уақыт қалған еді.

\\.....Музыка.....\\

Жаратқан Иеміз бүгінгі күні уақытқа да билігін жүргізеді. Тәңіріміздің айтқандарының бәрі де орындалады! Сүлеймен патшаның осы жайлы айтқанын есіңізде сақтаңыз. Ол былай деп жазған:

*“Патшаның жүрегі Жаратқанның қолында,
ұқсайды аққан суга өзен салаларында,*

Жаратқан бағыттады оны қалаған жағына“, Нақыл сөздер 21:1 аят.

Біз келесі аптада Зәкәрия пайғамбар туралы толығырақ қарастыратын боламыз. Хабарымызды осымен аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №58, Зәкәрия пайғамбар,
Реттік саны: №080 19/1098сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Құдай Сөзін адамдарға айту үшін Көне келісімде пайғамбарларды қолданды. Біз Киелі кітаптан Еремия, Даниял, Ұзайыр пайғамбарлардан кейін Зәкәрия пайғамбар келгенін оқып білеміз. Енді Құдайдың сөзін Зәкәрия халыққа жеткізді.

Бүгін Киелі кітаптан Зәкәрия пайғамбардың жазбасынан үзінділер оқылады. Студияда хабарды жүргізуші Арыстан бауырымыз.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Сіз Зәкәрия пайғамбар туралы білесіз бе? Бүгін біз Киелі кітаптың Көне Келісім бөлімінен Жаратқан Иенің Зәкәрия пайғамбардың ой-санасына салған сөздерін талдап көрейік. Зәкәрия пайғамбардың жазбасы 1-ші тарау, 1-ден 6-ға дейінгі мәтінде былай жазылған:

\\.....Музыка.....\\

«Жаратқан Ие Барақияхтың ұлы, Иддоның немересі Зәкәрия пайғамбарға сөзін арнап былай деді: -Мен, Жаратқан Ие, сендердің ата-бабаларыңа қатты ашуланған едім... Ата-бабаларың сияқты болмаңдар! Ежелгі пайғамбарлар оларға былай деп дауыстап ескертетін: “Әлемнің Әміршісі Жаратқа Ие мынаны айтады: Зұлым жолдарыңнан қайтып, сұмдық істеріңді тастаңдар!”.

Алайда ата-бабаларың Маған құлақ салып, тыңдаудан бас тартты,- деп сақтандырады Жаратқан Ие. -Сол ата-бабаларың қазір қайда екен? Ежелгі пайғамбарлар да мәңгі өмір сүрген жоқ. Алайда Менің Өзіме қызмет етіп жүрген пайғамбарларым арқылы жеткізген сөздерім мен шешімдерім ата-бабаларыңның бастарына түсті зой!?».

Қадірлі бауырлас, Зәкәрия пайғамбардың еврейлерге айтқан ескертуін естідіңіз бе? Ол оларға былай деді: *“Мен, Жаратқан Ие, сендердің ата-бабаларыңа қатты ашуланған едім... Ата-бабаларың сияқты болмаңдар!”.* Құдай еврей халқының ата-бабаларына неге қаһарланды?

Өйткені олар Құдайдың жіберген пайғамбарларының сөздеріне құлақ аспады. Сондықтан олар Бабыл еліне тұтқынға түсті. Олардың ата-бабалары діншіл болса да, Құдай оларға риза болмады, себебі олар пайғамбарлардың сөздерін қабылдаған жоқ. Сол кездегі еврейлер қазіргі замандағы: *“Біз барлық пайғамбарларға сенеміз!”* дейтін екі жүзділерге ұқсайды. Олар Құдайдың жіберген пайғамбарларына сенбеген еді, өйткені пайғамбарлардың Киелі жазбада жазғандарын елемеді.

Олардың діндері бар болса да, Құдаймен байланыстары жоқ болды. Еврейлердің ата-бабаларының көпшілігі осындай еді.

Олар пайғамбарлардың сөздерін бағаламады. Олар Құдайды ауыздарымен құрметтегенімен Оның Сөзін жүректеріне қабылдаған жоқ. Сондықтан Құдай оларға ата-бабаларындай болмауларын ескерту үшін Өзінің пайғамбары Зәкәрияны жіберді. Зәкәрия еврейлерге ескерту жасағаннан кейін жуықта келуі тиіс Құтқарушы туралы айта бастады. Зәкәрияның Құтқарушы туралы жазғандарының бәрін қарастыруға біздің уақыттымыз жетпейді, сондықтан, кейбір үзінділерді ғана оқимыз.

Құдайдың жетелеуімен жазған кітабының 9-шы тарауында Зәкәрия пайғамбар Құтқарушының Иерусалим қаласына есекке мініп кіретінін алдын ала жариялады: *“Уа, Сион халқы, қатты қуан! Уа, Иерусалим халқы, шаттана ән шырқа! Қара, өз Патшаң саған келе жатыр! Ол-әділ Құтқарушы, кішіпейілділікпен есекке мініп алып, тайқардың, жас есектің, үстінде отыр”*, Зәкәрия пайғамбардың жазбасы 9-шы тарау, 9-шы аят.

\\.....Музыка.....\\

Ал 11-шы тарауда Зәкәрия өте маңызды әрі керемет пайғамбарлық сөздер айтты. Олардың бірі: Құтқарушы Иса Мәсіхтің 30 күміс теңгеге сатылатыны. Зәкәрия пайғамбар былай деп жазды: *“Содан соң мен: “Егер құп көрсеңдер, менің ақымды беріңдер, құп көрмесеңдер, мейлі, төлемей-ақ қойыңдар!”-дедім. Олар маған отыз мысқал күмісті таразыға тартып өлішеп берді. ...мен отыз мысқал күмісті Жаратқан Иенің киелі үйінде құмырашыға қарай лақтырып тастадым”*, Зәкәрия пайғамбардың жазбасы 11-ші тарау, 12-13-ші аят. Енді 12-ші тарауды оқиық... *«Мынау Жаратқан Иенің Исраил елі жсайлы айтқан ауыр хабары: Аспанды жайып жіберіп, жердің негізін қалаған, адамның денесінде рухын қалыптастырған Жаратқан Ие мынаны айтады: «Біліп қойыңдар, Мен Иерусалимді айналасындағы елдерді теңселдіретін ішімдікке толы тостаған іспетті қыламын. Жаулар Иерусалиммен бірге Яһуда елін де қоршауға алмақ. Сол күні Мен Иерусалимді барлық халықтар үшін зіл қара тас іспеттіқыламын: оны көтеріміндегендердің бәрі де өздерін зорықтырып алатын болады. Сол кезде жер бетінің күллі халықтары оған қарсы жиналып келетін болады. Сол күні Мен әрбір атты қатты үрейлендіріп, оған мінгенді есінен адастырамын,-деп нық айтады Жаратқан Ие.— Мен Яһуда елін қырағы күзетіп, оған қарсы келген халықтардың соғыс аттарын соқыр қылып тастаймын. Сонда Яһуданың рубасылары іштей былай дейтін болады: «Иерусалимнің тұрғындары-біздің қуатымыз, өйткені Әлемнің Иесі— олардың Құдайы!»*. Сол күні Мен Яһуданың рубасыларын отынның арасындағы шоқ салғыштай, яки астық бауларының арасында жанып жатқан алаудай етемін. Олар айналадағы барлық халықтарды өртейтіндей жалмайды. Бірақ Иерусалимнің халқы қайтадан аман-есен өз мекенінде тұратын болады.

Сонда Дәуіттің әулеті мен Иерусалимнің тұрғындарының атақ-даңқы Яһуда елінің атақ-даңқынан асып кетпесін деп Жаратқан Ие алдымен Яһуданың елді мекендерін құтқарады. Сол күні Жаратқан Иенің Өзі Иерусалимде тұратындарды қорғайды. Сол себепті олардың арасындағы ең әлсіз дегені Дәуіттей мықты болады. Ал Дәуіттің әулеті оларды Құдайдың Өзіндей, Жаратқан Иенің періштесіндей бастап алып жүреді. Сол күні Мен Иерусалимге тап беретін барлық халықтарды құртуға кірісемін». Зәкәрия еврейлердің Құтқарушыны сатып қана қоймай, тіпті Оны өлтіретіндерін де алдын ала айтады! Зәкәрия Құдайдың мына сөздерін 12-ші тарау 10-шы аятында және 13-ші тарау, 6-шы аятында былай деп жазды: «Мен Дәуіттің әулеті мен Иерусалимнің халқына мейірім мен мінажат ету рухын дарытамын. Олар өздері түйреген Кісісі-Мені көріп, жалғыз ұлын жоқтағандай, жоқтау айтатын болады. Олар тұңғышы қайтыс болғандай, Ол туралы қатты күйініп, қайғыратын болады...Егер біреу одан: «Мына көкірегіңдегі не қылған жарақаттар?-деп сұраса, ол:- Бұл жарақаттар маған өз достарымның үйінде салынды,-деп жауап береді». Осы сөздер арқылы Зәкәрия Құтқарушының қолдарында жаралар болатынын алдын ала айтты. Оның қолдарындағы осы жаралар қайдан пайда болған еді? Өйткені еврейлер римдіктерді Оны айқышқа шегелеп өлтіруге көндіреді. Римдіктер Иса Мәсіхті айқышқа шегелеп, Оның бүйірін найзамен түйреді. Бәрі де Зәкәрияның алдын ала айтқанындай болды. Зәкәрияның пайғамбарлық сөздері одан жүздеген жылдар бұрын өмір сүрген Дәуіттің Забур жырындағы 21-ші тарау, 17-ші аятта: “Аяқ-қолымды түйреп жаралады“, деген сөздерімен керемет үйлеседі.

\\.....Музыка.....\\

Қадірлі ағайын, Құдай сіздің мына шындықты жақсы білгеніңізді қалайды: Құтқарушының айқыштағы өлімі Құдайдың өте ертеден құрған жоспарының маңызды бөлігі. Құдай осы жоспар арқылы Адам атаның ұрпағын күнәның жазасынан құтқарғысы келеді. Әділ, бейкүнә Құтқарушы әділетсіздіктер үшін азап шегіп, жанын қиды! Құдайдың барлық пайғамбарларының сізге айтқаны осы. Құтқарушы Иса Мәсіх туылмастан бес жүз жыл бұрын өмір сүрген Зәкәрияның пайғамбарлық сөздерін түсінесіз бе? Құдайдың пайғамбарларының басты жолдамасы мынандай: Құтқарушы Иса азап шегіп, өліп, өлімнен қайта тірілген Алғашқы Тұлға болды; енді Ол Оған сенген әркімнің күнәларының кешірілгенін және Оған сенген әркімнің жұмаққа баратынын жариялайды. Сіз осы хабарға сенесіз бе? Әлде Құдайдың пайғамбарларын ауыздарымен ғана жариялаған, бірақ олардың хабарына сенбеген еврейлер секілдісіз бе? Киелі жазбадағы мына ескертулерге құлақ асыңыз:

Жаңа келісімде, Салониқалықтарға арналған 1-ші хат 5:20 аятта: «Оның пайғамбарлық нұсқауларын құрметтеңдер!», деп жазылған.

Ал Петірдің 2-ші хаты 1-ші тарау, 19-шы аятта: «Сонымен қатар, біздерде пайғамбарлардың жазып қалдырған нық сенімді сөздері бар зой. Бұларға көңіл бөлсеңдер, жақсы болады. Сол сөздер қараңғылықта “сәулесін шашып тұрған шамға” ұқсайды. Таң атып, шолпан жұлдызының пайда болатынындай, ақырында Мәсіх қайтып келіп, жүректеріңе толық түсінік құятын болады».

\\.....Музыка.....\\

Киелі жазбадағы Елшілердің істері кітабы 26-шы тарау, 27-ші аятында: «Сіз пайғамбарлардың айтқандарына сенесіз бе?-дейді. Бұл сіздің өміріңіздегі маңызды сұраққа дұрыс жауап беруге көмектессін!-деген тілекпен бүгінгі хабарымызды аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...
Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.

Радиобағдарлама: «Шындық жолы»
Эфирге шығатын күні: жексенбі,
Шығатын жылы: 2013 жыл,
Хабардың тақырыбы: №59, Пайғамбарлар жазбаларына қысқаша шолу,
Реттік саны: №081 . 21/1123сөз

Диктор: Сәлеметсіз бе, радиотыңдарман!

Сізді «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдауға шақырамыз.

\\.....Музыка.....\\

Біз Киелі кітаптың бірінші бөлімін бір жарым жылдан астам уақыт бойы зерттедік. Бұл Көне келісім деп аталатын-Таураттан, Забур жырларынан және Пайғамбарлардың жазбаларынан тұрады. Осы «Шындық жолы» бағдарламасы арқылы Көне Келісімді жазу үшін Құдай бір жарым мың жыл ішінде отыздан астам пайғамбарды пайдаланғанын білдіңіз. Бүгін Киелі кітаптың бірінші бөліміне яғни Пайғамбарлар жазбаларына қысқаша шолу жасалады. Хабарды Арыстан бауырымыз жүргізеді.

\\.....Музыка.....\\

Арыстан: Армысыз, ардақты ағайын!

Бүгін біз Киелі кітаптағы Көне Келісім деп аталатын бөлімде айтылғандарға тоқталып кетейік. Алдымен Киелі жазбаны зерттеу барысында бүгінге дейін білгендерімізді қысқаша қорытындылайық.

Барлық пайғамбарлардың жолдамасын мынадай үш негізгі оймен тұжырымдауға болады:

Бірінші: Құдай – *киелі* және әрбір күнәны жазалауға тиіс.

Екінші: Атам атаның барлық ұрпақтары *күнәкар* болып туылады және олар Құдайдың әділ сотына тартылуға тиіс.

Үшінші: Құдай әлемге адамзаттың күнәсын өз мойнына алатын *Киелі Құтқарушыны* жіберу жайлы жоспар жасады.

Барлық пайғамбарлардың алдын ала айтқан пайғамбарлық сөздерін осы үш шындық көрсетеді. Сонымен оларды қайталап шығайық:

Бірінші: Құдай-*киелі*, сондықтан күнәға төзбейді.

Екінші: Адам–бүлінген *күнәкар*; ол өзін күнәның жазасынан құтқара алмайды.

Үшінші: Құдайда күнәкарларды құтқару жайлы *жоспар* бар.

Қадірлі бауырлас, сіз осы үш шындықты түсіндіңіз бе? Құдайдың қаншалықты *киелі* екенін түсінесіз бе?

Ал бүкіл әлемді соттайтын құдіретті Жаратушының алдында өзіңіздің күнәларыңыздың қаншалықты үлкен әрі сұмдық екенін байқадыңыз ба? Құдайдың сізді күнәңыздан тазартпақ болып, тамаша жоспар ойлап тапқанын білесіз бе?

\\.....Музыка.....\\

Расында да Құдай-киелі, ал адам күнәкар. Киелі жазбаны зерттеу барысында сіз осы екі шындыққа көз жеткіздіңіз деп ойлаймын.

Құдай киелі болғандықтан шайтан мен оның соңынан ергендерге арнап тозақ отын жаратты және тиым салынған ағаштың жемісін жеген Адам ата мен Хауа ананы пейіш бағынан қуып жіберді. Құдай киелі болғандықтан Адам атаның ұрпақтарына күнәларының кешірілуі үшін малды құрбандыққа шалуды бұйырды және Қабылдың тартуын қабылдамады. Құдай киелі болғандықтан, Нұхтың кезінде күнәкарлардың топан сумен қырып тастады, ал Ыбырайымның кезінде Содом мен Гомора қалаларының тұрғындарын көктен от түсіріп, өртеп жіберді. Құдай киелі болғандықтан, бүкіл адамзатты әділдікпен соттайтын күнді белгілеп қойды.

Енді Құдайдың киелілігі мен адамның күнәкарлығы туралы пайғамбарлардың не дегенін тыңдап көріңіз... Аббақұқ пайғамбардың жазбасы 1-ші тарау 12-13 аятта: *«Уа, Жаратқан Ие, Сен мәңгі тірі, киелі Құдайым емессің бе?. Сенің көзің зұлымдыққа қарауға тым пәк, зорлыққа қарап тұра алмайсың»*-дейді. Ал Ишая пайғамбардың жазбасы 64-ші тарау, 6-шы аятта: *«Бәріміз де күнәға батып рухани ластанып кеттік! Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиіркенішті!»*. Егер Құдай киелі, ал адам сондай күнәкар болса, онда кім құтқарыла алады? Біз тозақ отынан қалай құтыла аламыз? Адамның ұрпақтары таза да киелі Құдайдың қасында қалай мәңгі бірге болады? Осы сұрақтың жауабын Пайғамбарлар жазбалары туралы жасаған үшінші қорытындымызда айтқанбыз. Пайғамбарлар Құдайдың киелі, ал адамның күнәкар екенін айтты. Олар Құдайдың адам баласын күнәдан арылту жайлы жоспарын да хабарлады. Көне Келісімдегі ең маңызды хабар мынандай: Құдай Адам атаның әділетсіз ұрпағының орнына жанын қиятын Құтқарушыны осы әлемге жіберуге уәде берді. Бұл Құтқарушы күнәкарлардың орнына өліп, сол арқылы Оған сенгендердің бәрін құтқаратын болады. Құдайдың күнәкарларды құтқару жайлы жоспары осындай болған. Құдай Өзі жіберген Құтқарушының төгілген қанына бола адамдардың күнәларын кешіріп, оларды Өзімен татуластыра алады. Құдай Өз жоспарын жүзеге асыру үшін Ыбырайымды таңдап алды, өйткені ол арқылы пайғамбарлар мен Құтқарушы шығатын ұлы халық жасамақ болды.

Ол Ыбырайымға: *“Сені жарылқаймын, Менің ақ батам сен арқылы басқаларға да жететін болады”*-деді. Ыбырайым қартайған шағында Сара екеуінен Ысқақ туылды, Ысқақтан Жақып, ал Жақыптан он екі ұл туылды. Осы он екі ұлдан Исраил халқының он екі руы тарады. Сөйтіп, Құдай Ыбырайымды таңдаған кезде Өзінің Құтқарушыны жер бетіне жіберу туралы жоспарын жүзеге асыруды жалғастырды, өйткені Құтқарушы Ыбырайымның ұрпағы болып, Исраил халқының арасынан шығуы тиіс еді.

\\.....Музыка.....\\

Бұдан кейін сіз, бізбен бірге исраилдіктердің Қанахан жерінен Мысырға көшіп барып, сол жерде мысырлықтардың құлдарына айналғанын көрдіңіз.

Алайда Жаратқан Ие Ыбырайымның ұрпағын, демек, исаилдіктерді ұмытқан жоқ. Оларды құлдықтан құтқарып, Ыбырайымға уәде етілген жерді беру үшін Құдай Мұсаны таңдады. Сондай-ақ Құдай Мұсаға Таурат кітабын жазғызды. Таурат кітабы Құдайдың сол кезден бастап айтқандарының барлығының негізі болып табылады.

Сіз біздің хабарларымызды үнемі тындап жүрген болсаңыз, Жаратқан Ие исаилдіктерге Мұсадан кейін көптеген пайғамбарларды жібергенін, алайда, Исаил халқының көпшілігі пайғамбарлардың сөздерін қабылдамағанын білдіңіз. Ал Құдай исаилдіктердің бұл қылығына қарамастан, Өз сөзіне адал болып қала берді және жер бетіне Құтқарушыны жіберу жайлы жоспарын өзгерткен жоқ. Осылайша біз Құдайдың Дәуітті Исаилдің патшасы әрі пайғамбары етіп таңдағанын оқып білдік. Дәуіт Забур жырларында адамдардың Құтқарушыны қудалайтыны жайлы және тіпті Оның қол-аяқтарын найзамен түйрейтіні туралы көп жазды. Сондай-ақ Дәуіт пайғамбар Құтқарушының адамзаттың күнәсы үшін қанын төгіп, кейін өлімді жеңіп, қайта тірілетінін де алдын ала айтты. Алайда Құтқарушының келетінін Мұса мен Дәуіт қана емес, барлық пайғамбарлар жариялады. Мысалы, Ишая пайғамбар: *“Біліп ал, пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил яғни “Құдай бізбен бірге” деген ат қояды*”,-деп Оның қалай дүниеге келетінін Иса туылардан 700 жыл бұрын алдын ала жариялаған болатын.

\\.....Музыка.....\\

Ишая пайғамбармен қатар өмір сүрген тағы бір пайғамбар болған. Оның есімі Миха. Құдай оған Құтқарушының қай қалада дүниеге келетінін аян арқылы білдірді. Миха пайғамбардың жазбасының 5-ші тарауы 2-ші аятында былай айтылған: *“Ал сен, Ефрата аймағындағы Бетлехем, Яхуданың әулеттерінің арасындағы маңызсызы болсаң да, сенен Менің халқым Исаилді билейтін Көсем шығады. Оның шыққан тегі ежелгі заманнан, мәңгіліктен”*. Сөйтіп, Миха пайғамбар Құтқарушының Дәуіт патшаның туған қаласы Бетлехемде дүниеге келетінін жариялады!

Біздің келесі хабарларымызда пайғамбарлық сөздердің орындалғанын, яғни Құтқарушының Бетлехем қаласында туылғанын естисіз.

Шындығында да Құдай Құтқарушының жер бетіне келуін мұқият әзірледі! Киелі жазбада Құдайдың пайғамбарлары *Оның келетінін бірнеше жүз рет жариялайды*. Сіз: «Иса Мәсіх келмей тұрып, Құдай неліктен пайғамбарлардың саналарына Ол жайлы ойларды салды?»-деп сұрайтын боларсыз. Құдай осыны өте маңызды себеппен істеді. Иса Мәсіх келмей тұрып, Құдай пайғамбарларға Ол туралы көп мәлімет жазуға түрткі салды. Бұл неліктен? Пайғамбарлардың Ол туралы айтқандарының бәрі орындалған кезде, Оның Құдай жіберген Құтқарушы екеніне ешкімнің күмәнданбауы үшін Иса осы дүниеге келді. Құдай сіздің өтірікке сеніп адасқаныңызды қаламайды! Ол Құтқарушы Иса Мәсіхтің кім екенін білгеніңізді және Оған сенгеніңізді, Оның соңынан еріп, күнәларыңыздан құтқарылғаныңызды қалайды.

Сіз бен біздің шындықты жалғандықтан ажырата алуымыз үшін Құдай бізге Көне келісім деп аталатын осы кітапты берді. Сіз де осы кітапты оқып, Құдайдың пайғамбарларға жазғызған Сөздерін біліп жүргейсіз, ардақты ағайын!

\\.....Музыка.....\\

Құдай сізді жарылқап, мына естертуді түсінуге көмектессін.... Петірдің 2-ші хаты 1 тарау, 19 аят: *«Сонымен қатар, біздерде пайғамбарлардың жазып қалдырған нық сенімді сөздері бар зой. Бұларға көңіл бөлсеңдер, жақсы болады. Сол сөздер қараңғылықта «сәулесін шашып тұрған шамға» ұқсайды. Таң атып, шолпан жұлдызының пайда болатынындай, ақырында Мәсіх қайтып келіп, жүректеріңе толық түсінік құятын болады»* .

Бүгінгі хабарымызды осымен аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағаныңызға рақмет!. Жаратқан Иеміз сізге жар болсын!

\\.....Музыка.....\\

Диктор: Қымбатты тыңдарман, сіз «Шындық жолы» бағдарламасын тыңдадыңыз. Осы хабар жайында өз ой-пікіріңізді білдіріп, хат жазыңыз, ал біз сізге Інжіл кітаптарын салып жібереміз! Толық мекен-жайыңызды, аты-жөніңізді, жазуды ұмытпаңыз. Біздің мекен жайымыз: Қазақстан, индексі: 050000, Алматы қаласы, пошта жәшігі 366, «Шындық жолы» бағдарламасына. Қайталаймын: ...

Эфирде кездескенше сау болыңыз!

\\ ----- Музыка -----ӘН----- Музыка-----\\

Хабарды дайындаған редактор: Рахия, наурыз, 2012 жыл, Алматы қ.